

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында
әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы,
профессор А.М.Мұсаевтың 70 жылдығына орай өткізілген
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ДӘСТҮР ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ»
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

9 қараша 2018 жыл

Ақтөбе қаласы

ӘОЖ 821.512.122.0
ҚБЖ 83.3 (5Қаз)
Қ 17

Редакция алқасының төрағасы:

Б.А. Ердәмбеков, Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ ректоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

Бекназаров Р.А. – Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; *Иісбек Б.* – ғылыми-инновациялық бағдарламалар департаментінің директоры, педагогика магистрі; *Садирова К.Қ.* – филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор; *Балтымова М.Р.* – қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; *Ұлықпанова Ә.Ж.* – аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, *Умирбаев А.С.* (жауапты хатшы) – оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

Қ17 Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, проф. А.М.Мұсаевтың 70 жылдығына орай өткізілген респ. ғыл.-тәжіриб. конф. мат-ры. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2018. – 350 бет

ISBN 978-601-7959-50-4

Бұл жинаққа «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» тақырыбында өткізілген республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында талқыланған қазіргі қазақ әдебиетіндегі проза, поэзия, драматургия бағдары, аймақтық әдебиеттану және мәдени мұра, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа бағыттары мен әдістемелік негіздерін модернизациялау, фольклор және лингвистика, дискурс, лингвопоэтика, сонымен қатар профессор Алпысбай Мұсаев зерттеулеріндегі қазақ сатирасы мен юморының мәселелерін зерделеген баяндамалар енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы, тілші ғалымдарға, оқытушыларға, мұғалімдерге, докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0
ҚБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7959-50-4

©Ұжымдық еңбек, 2018

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС



САТИРА КӨРКЕМДІГІ ЖӘНЕ ӘЗІЛ МЕН ҚАЛЖЫҢ САЛМАҒЫ

Зинок-Ғабден Бисенғали
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Бір қарағанда құрмалас сөйлемдер құрап тұрған жеке сөйлемдердің бастауыштары ауысып кеткен тәрізді де көрінеді. «Сатира салмағы және әзіл мен қалжың көркемдігі» десе қатып кететіндей көрінуі де ғажап емес. Сатирадан алыс ағайындар оны тиген жерін тіліп түсетін өткір, жаққан жерін ойып кететіндей ащы, у тәрізді ұғады. Бірақ, менің мақсатым мен кейіпкерімнің шығармашылық өмірбаяны сәл өзгелеу. Айқындасақ - қазақ прозасындағы әзіл мен қалжыңның эстетикалық табиғатын көрсету.

Бұл қиын тақырып емес. Бірақ оңай деп та айта алмайсың. Бір қарағанда материал мол тәрізді. Алайда, әлем әдебиетінде де мәселелері аз емес. Осы қиын тақырыпқа Мұсаев Алпысбайды оқытып, тәрбиелеп, баптап, алып келген екі ұстаз бар.

Алдымен, М.М. Тілеужановты ауызға аламыз. Оқу іздеп келген жасқа шу дегенде дәріс оқыған, тәжірибе сабақтарын өткізген, оның бойындағы әзіл мен қалжыңға әуестікті көре алған сол адам. Ұстазының жетекшілімен 1990 жылы «Қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері» атты тақырыптағы кандидаттық диссертация қорғайды.

Екінші ұстазы – Академик Зейнолла Қабдолов «Мықшеге» атап шығармашылық өмірбаянын жазған Темірбек Қожакеев. Мықшеге деген басқа материалдарды былай қойғанда темірбетон қабырғаларға дейін кіретін шегенің түрі. «Қазақшасы»– дюбель. Демек, ағашқа қақсаңда майысып жататын көп шегенің бірі емес. А.Мұсаев мықшеге бола алмады, әрине, көп шеге де болған жоқ. Өзінің құдай берген табиғатын сақтап 1999 жылы «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960-1990 жылдар)» деген тақырыпта Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде доктордық диссертация қорғады. Ғылыми кеңесші Т.Қожакеев.

А.Мұсаевтың осы жұмысына тікелей басшылық жасамаса да көп көмегі тиген, әсіресе әдіснамалық кеңес берген, оның шығармашылығы туралы пікір айтқан З.Қабдолов болатын.

Мұсаев Алпысбайдың қоғам мен жеке адам «кеселдері» жайлы көркем шығармасы жоқ емес. Бірақ, қазақ сатирасы туралы ғылыми мақаладан бастап ірі монографияға дейін жазғандары – қазақ сатирасының көркемдігі туралы. Оны шөла қараудың өзіне уақыт керек. Бұл тақырыпта докторлық диссертация қорғаған ғалымдар арасында санаулылар қатарында. Өйткені сатира, туралы ғылыми зерттеу түгіл осы жанрда жазатындар қатары да бүгінде селдір. Себептері көп-ақ оны оқырман көпшілік біледі.

Алпысбай Мұсаев - қазақ әдебиеттануына абайлап еніп тиісті орнын алған көрнекті ғалым. Бұған ешкімнің таласы жоқ шығар деген ойдамын. Өйткені 1996 жылы Қазақстан Республикасы Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті болып сайланған ғалымның маңызды еңбектерін үш томдық таңдамалы шығармаларынан оп - оңай тауып оқуға болады. («Білім» баспасы, Алматы, 2009 жыл). Соңғы жылдары профессор Алпысбай Мұсаев шет елдердің ғылыми ортасына таныла бастады. ЮНЕСКО орталығында тағылымдамалардан өтіп, Франция, Австрия, Италия университеттерінде дәріс оқып, еңбектері шет ел баспаларында жарияланды.

Ендеше, мұны тізбелеп «анада - анау, мынада – мынау» жазылған деп мазмұндауды уақыт жоғалту деп есептедік те біз білетін Алпысбайды жеңістеріне бастаған өмірбаяндық деректер мен жақын болған ұстаздарның айтқандарына, жақын жандарының көмектеріне көшейік.

Алтымен, А. Мұсаевтың – сатириктер арасында ерекшелігі де аз емес. Бастысы - сатирлық фельетон болмаса мақала жазып, елді дүрліктірді, биліктілерді (өзіне) шүйліктірді, орынбасарларды үркітті дегенді естіген емен.

Менің білетінім, Алпекең сатирасының сүйегі юморда. Бұл туралы былай айтуға болатын шығар: «өмірдегі күлкілі құбылыстарды зілсіз әжуалайтын, тұспалы бар сатира.»

Бірақ, біреулар істеп жатқан «ірі» істерді әжулауда А. Мұсаев әккі. Басқасын қайдам, дастархан басындағы әңгімелерде көзі шалған қолапайсыз қимылдар мен оқыс әрекеттерді, жүйесіз айтылған орынсыз сөздерді немесе бір кездерде болған күлкілі жайларды күлкіге айналдыруда шебер-ақ.. Ондайда күлкіге қарық боласың. Әсіресе, шабытты сәттердегі бас қосуларды Алпекең табан астында мерекеге айналдыра алады. Бірақ...

Академик З.Қабдолов А.Мұсаевтың осындай әжуа желілі эзілдерін байқаған ба бірде ол туралы бізге қызық бір пікір айтты: Бұл жігітте үйренетін әлде не бар. Әңгіме айтуы қызық, өзіне тән

машығы, дауыс ырғағы бар., бет әлпеті де соған сай өзгеріп тұрады, сонда бәрі араласа келгенде қалай болғанда да айтып отырған әңгімесін, пікірін қаласа күлкіге апара алады-ау деймін. Күлкісінің қырлары баршылық көрінеді, бұларды байқатпай абайлап әңгімесіне қосып та отырады., бұл да үлкен өнер ғой. әсіресе, ауызекі әңгімеде. Бірақ, көп сөйлеуді ұнатпайтын тәрізді. Алайда тыңдап отыруының өзінде де мән жоқ емес, іштей күліп отыра ма болмаса күлетін әлде не іздеп отыра ма.. Бойында талант бар,-дейтін.

Бұл сөздерді Ұлы Ұстазымыз туралы жазбаларымның арасынан кездестірдім. Алпекең туралы осы материалдарды дайындау барысында. бұрын жазған аз-км жазғандарымды қарап отырып тауып алдым. «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор» атты докторлық диссертациясын жазу, қорғау кезінен есте қалған, жазылған әңгімелердің жалпы сұлбасы ғой. .

Оралдан докторлық диссертация қорғауға келген бір күндерінде Алпекең Зейнолла Қабдоловты қонаққа шақырады. Жатақханаға шақырыпты. Жамбыл, Байтұрсынұлы көшелерінің қиылысына жақын жердегі ҚазҰУ, философия факультеті жанындағы докторанттар мен аспиранттар жатақханасына. Біз сәл таңданып қалдық., жатақханаға., қалай болар екен деп. Елден алып келген ерекше бір дәм бар соны өзім дайындаймын, - деді. Зекеңе өзім айттым, келісті .., бірақ, сендер кешіктей Зекеңді алып келіндер., маған көметесіндер, - деп қайта-қайта ескертті, бізге.

Бардық. Есік алдыннан күтіп алды., бірақ, әлде неге абыржулы. көрінді. Күлген болады, бірақ қабағы өзге бір ішкі беймаза күйді айтып тұрғандай. Кейін білдік қой, дастархан жаюға келісіп қойған аспирант шәкірттері, қыздар аяқ асынан бір шаруамен ауылдарына кетіп қалған көрінеді. Сонымен тәуекел етіп, бәріні өзі дайындапты.

Бәрі ойдағыдай болған сияқты.

- Мынау бір тамаша еркек қос болды ғой. - деді ұстазымыз көңілденіп. Алпысбайдың абыржып жүргенін байқаған соң, сірә, қолайсыздықты жою үшін. айтқан шығар деп ойладық

- Темкең, қайда? Келеді деп едің ғой., - деді, Зейнаған сәл үзілістен кейін, Алпекеңнің ғылыми кеңесшісі проф. Темірбек Қожекеевті іздегендей..

- Қолым тимейді, жұмысым көп дейді.-деді ол күмілжіп..

- Им, солай де, біз жұмысымыз жоқ болған соң. келіп қалдық-ау шамасы, - дей түсті де Зейнаған Алпысбайдың қысылған түрін көріп оның жұмысы жайына ауысты. Темкең туралы да сұралды. Бірте-бірте Алпекең шешілейін деді, әңгімелер айта бастады.

Зейнағаң сатира мен юмор туралы біраз әңгімелер қозғады. Заманас қаламгер туралы айтқан әңгімелері қаншама.., бастан кешкен күлкілі жайлар туралы хикаялар. Көңілді кездеріне айтылатын әзілдер қосылған әңгімелер. Көзімізден жас аққанша күлдік.

- Мына дастарханның бәрін өзім дайындадым.-деді сондай бір сәттерде.

- Дастархан көріп жүрміз ғой, - деді Ұстазымыз. Бет әлпеті нұрланып, езуіне жұмсақ күлкі үйіріле бастаған үй иесіне ойлана қарап. Сені ыңғайсыз жағдайға қалдырған қыздармен кейін өзің сөйлесерсің, шырағым, бірақ, бәрі дұрыс болды..

Жақсы іс басынан байқалады дегендей, бәрі мынау асқа дейін жөнді болды, Зейнағаң алдымыздағы табакты нұсқап, шынында мынаның дәмі де өзге екен, өзің айтқандай бәрі табиғи дәмдер ғой деймін, елдің исі бұрқырап тұр ғой. Мұндай отырыстар сирек болады... , сирек қолға түседі. Көңіл дегенің сұмдық ащы сатираны да оп-оңай юморға айналдыра алады, және керісінше, артында зілі жоқ кездейсоқ уақиғаны да ащы сатираға апарарды...Бәрі көңілде..» көңіл деген көк дөнен» дап неге айтты дейсің.

Мұндай да өнерің бар екен. Бір қарағанда көптің бірі сияқтысың, бірақ, жөнің бөлек-ау деймін. Бұл әзілді қайдан алды деп жүрсем.., Бұл да таланттың бір қыры шығар...

Ұстаз нені меңзеп айтқанын, дәл сол кезде түсінген тәрізді едік. Кейін ұмытып қалдық па, есіме түсіре алмай біраз әуре болдым. Сондағы айтылған қарапайым сөздерде ғажап бір күрделі ойлар тұрғандай көрінген.. мәні неде болды екен деп ойланмын қазір..

Алпысбай Мұсаев докторлық диссертациясының кеңесшісі проф. Темірбек Қожакеевтің мұндай зерттеулерге талабы қатал болатын. Соның ішінде өз шәкірттеріне. Дайын жұмыстарын асықпай қарап, апталап, айлап оқитын. Келіспейтін ой, мысалдар болса көрсететін, түзеттіретін. Былай түзеу керек деген тәрізділерді де айтып бағыттайтын кездері аз болмайтын. Ең бастысы, орындадың ба, жоқ па тексеретін

Алпысбайға осы тұстар қиындау соқты ау деймін. Ең бастысы - қазақ сатирасын зерттеуші екі оқымыстының өзара келіспейтін тұстарын ретін тауып үндестікке келтіру.Әсіресе дайын тәрізді жұмысты қайта қарау, жаңа қаламгерлер шығармаларын қосу. Бұл Алпекеңнің қатты қинаған жерлері. Абыржып жиі-жиі маған келді. Ол кездерде мен Д.14.А.01.02. диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы едім.

- Енді не істемек екен дейді? - өңі қашып-тіпті сасқалақтағандай кейіпте. Әншейінде әзіл қалжыңға дайын тұратын жайдары түрі ғайып болған...

- Түзе, деймін ғой, - ойланып. Темкең, әйтпесе, сені қорғауға жібермейді. Қалайда түзе, онда тұрған не бар, екі ұстазына ортақ желілерді, ойларды тап.

- Онда тұрған не бар дейсің?., дейді ол менің сөздеріме кейігендей. Онда диссертация ойларының көбі Т.Қожақеевтің айтқанындай болып кетпей ме? М.Тілеужановпен ретін тауып тіл табысуға болады.. Бірақ, Темкең.. басқа ғой.. Менің ойларым мен таңдаған қаламгерлерім, талдаған шығармаларым қайда қалады... Бәрі өзгермей ме? Бірақ ойланып отырып ,

- Зекеңе айтып көрсем қайтеді? - дейді.

- Зейнағаның одан да басқа шаруалары толып жатыр ғой,, мені тыңдасаң олай етпе? Әрі Темкеңді қатты сыйлайды, сірә, бұл араға кіріспейді.

Алпысбай Мұсаев қорғау қарсаңында дағдарысқа ұшырағандай біраз қиналып жүрді. Ақыры бір келісімін тапты-аудеймін деймін...

Жаңа, ХХІ ғасырды А. Мұсаев ғылым докторы болып бастады.

Басты зерттеуінде ХХ ғасырдың соңғы 40 жылында жазылған прозалық туындылардағы сатира мен юмор поэтикасына талдау жасады. Бұл жүйелі тексеру мен түптей талдауды былай қойғанда түгендеп шығуға да оңайға түспейтін іс. Қоғамның алға басуына кесел болып тұрған «көненің» бәрін болмағанмен бастыларын суреттеуде қаламгерлер қолданған әдіс-тәсілдер де ала-құла. Бірі ащы сатираға көшіп әшкерелей жазса, екіншілері әдемі юмор арқалы күлкіге көшіреді.

Заманға сай даму бағыттарына бейім қаламгерлер басты кейіпкерлерін поэтикалық өрнектерге бөлейді. Екіншілері қоғам дамуына кереғар өзгерістердің адам бойындағы сан түрлі кейіптерін лиро-аналетикалық, эпико-психологиялық стильдерде сатиралық қалыпта бейнеледі.. Ғасыр соңына таман дамуын тездеткен көркем прозаның алуан түрлі жанрлары күн санап көрініс таба бастаған дара құбылыстарды бейнелеуде жаңа тәсілдерді қолданды. Мінез-құлықтағы емеуірін мен әрекеттегі сатира, юморлық бейнелер, фабула мен сюжеттерде ала-құла көрініс таба бастады. Өзгерістер көбейді.. Бұлардың сан түрлі күйге көшу, жаңа шығармаларда юморлы сатирамен бейнелену үдеді..

Бұл бағыттар мен ізденістер А.Мұсаев еңбектерінде балалар шығарма-ларындағы сатира мен юмор арқылы да қарастырлады. Балалар күлкісінің маңызы, ерекшелігі туралы ойларында

қаламгерлерге ой салар үлгі, өнеге боларлық салмақты пікірлер жеткілікті.

Бұл маңызды мәселелердің барлығы қазақ әдебиетіндегі шығармаларды ғана талдау арқылы сөз болмайды, орыс және шетел әдебиетіндегі ізденістер мен классика әлеміне көз тігу, жемісті шығармаларды салыстырулар арқалы байымдалады. Ғалымның шетелдік басылымдардағы мақала, зерттеулерінің, біразында объект ретінде сатир мен юмор поэтикасы айтылады. Әсіресе, біз үшін маңыздысы, қазақ әдебиетіндегі табыстар мен ізденістердің әлемдік әдебиет арналарынан тыс қалмағанын тіпті қатар, синхронды сипатта өтуін көрсетуінде.

Қазақ әдебиеттануында сатира мен юмор поэтикасының айрықша маңызын мақалары мен зерттеулерінде атап көсеткен А.Байтұрсынұлы, Х.Досмағанбетов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмаилов, З.Қабдолов, З.Ахметов, т.б.

Сатира поэтикасы туралы пікірлер: В.Белинский, Н.Доболубов, Н.Чернышевский, А.Веселовский, Л.Гросман, А.Скафтымов, Я.Эльсберг, Л.Тимофеев, М.Бахтин, В.Виноградов, М.Храпченко, Д.Лихачев, Ю.Манн, А.Чудаков, Г.Фридлендер, Ю.Лотман т.б. теориялық еңбектерінде аз емес. Зерттеуші классиктер еңбектеріне арналған сатира-юморлық ойларын қазақ әдебиетінен алынған мысалдарды талдаулармен ұштастырады.

Қазақ әдебиетіндегі сатира поэтикасының кейбір мәселесі, басым бағыт-тардың бірі ретінде атала бастаса оның бастауларында М.Тілеужанов, Т.Кожеевтер тұрды. Бүгінгі таңда осыны, юмор мен сатира поэтикасын арнайы зерттеген А.Мұсаев «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы» атты еңбегінде жан жақты қарастырады. Күрделі мәселені көтеруде, зерттеуде ғалымның қосқан үлесі де аз емес.

Зерттеуші қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасының бастауларын фольклорлық дәстүрден алады. Шағын пароза - әңгіме жанрындағы сатира туралы талдауларда халық ауыз әдебиетіндегі күлкінің эстетикалық ролінің маңызын атап көрсетеді. Сатира мен юмор адамзат қоғамымен қабаттаса, қатарласа дамып әлеуметтік өмірдегі кемшілік мен әділетсіздікті, қатыгездік пен екіжүзділікті, өтірік пен аялықты, сараңдық пен сатқындықты әжуалау мен күлкіге айналдыра әшкерелеу бағытында қанаттанғаны көрсетеді.

Дәстүр ретінде бүгінгі әдебиетімізге көшкен осы үдерістер сан ғасырларды бастан кешіп қазіргі кәсіби өнеріміздің сән-салтанатына үлес қосуда. Өкініштісі, жас қаламгерлердің көбі осы дәстүрге жеңіл желпі қарайды. Бұл құбылыстар өзегіндегі алтын арқауды ажырата

алмайды. Астар мен емеуірін арқылы бейнеленетін күрделі мәнді мазмұндап түсіндіру қарабайырлыққа апаратынын А.Мұсаев әдеби мысалдар арқылы дәлелдейді.

Кенес үкіметінің кезінде идеология «үстем тап» күлкісі жәбір, бейнет көріп аяусыз қаналған еңбекшілердің адал, ақжарқын күлкісінен мүлде бөлек дегенді уағыздап бақты. Оның сан-алуан себептері аталып, мысалдары келтірілді, дәлелденді, тіпті теориясы жасалды.

«Нағыз күлкі еңбек адамдарында» деген саясатқа батқан солақай қағидалар – адами күлкілер эстетикасының өзін ала-құлалыққа дейін құлдыратты. Осынау соқыр, «солақай» саясатқа сенгендеріміз қаншама болса, ергендеріміз де соншама. Адам күлкісін тап пен текке бөліп оның астарынан саясат іздеу соншама оңай нәрсе де емес. Бірақ, оны жоқ деуге де болмайды. Тамағы тоқ еріккен жандардың күлкісі мен тамақ іздеп жүрген кедейлер күлкісі арасында айырма бар. Және аз да емес.

Алдар Көсе мен Қожанасыр, Тазша балаға қатысты шығармалардан қатысты саяси мағына іздеп әуре болған кезіміз кеше емес пе еді? Міне заман өзгерді, заң да басқа. Енді біз де күлкі пәлсапасына өзеше тереңдей бастадық. Жоғарда айтылған «теорияларды» талдаулар кезінде А.Мұсаевтың ғылыми стиліне де юмор мен сатира араласып оқырман қабылдауында солақай теориясымактарды күлкіге айналдыра да талдайды.

Алайда ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткен адами күлкінің астарында біздің осы бейшара тірліктеріміздің әзіл мен юморға бөленген, әжуаға, айналған бейнелері де бар ғой. Адам бойында сараңдық пен тоғышарлықтың, суайттық пен сұрқиялықтың, жауыздық пен сатқындықтың т.б, кесел, кесір мінездердің небір түрлері жойылды деп кім айтар. Ендеше күлкіге айналған осы құбылыстарды барша адам баласынан еш қиналмай-ақ оңай табуға болады. Бірақ, күкіге апаратын өнер жолы оңай емес. А.Мұсаев зерттеулерінде қиындығы мен қызығы аралас өмір, тіршілік шындықтарын бейнелеуде шебелік танытқан қаламгерлердің шығармалары жан-жақты талданады. Қазақ халық әдебиеті мен кәсіби әдебиет арасындағы осындай жанды, табиғи байланыстарды С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсрепов т.б. қазақ қаламгерлері кеңес үкіметінің қаһарлы заңдарына қарамастан ретін тауып қолданды.

Осы заңдылықтардың табиғи қуат-күшін А.Мұсаев «Жанды жүйе» («Білім», 2001) аталатын оқу құралында атап өтеді. Мұнда әдеби дамудың басты заңдылықтарын классик қаламгерлерден алынған

мысалдар арқыла талдап мәңгі үзілмеген байланыстар тінінің дәстүрлі заңдылықтарын көрсетеді. Біздің классик қаламгерлеріміз өмірдің өзі дәлелдеген қарапайым қағидаларды ұлттық рухты шыңдауда сәттілікпен қалай қолданғанын атап өтеді. Мәселен, орыстарда: Н.Гоголь, А.Чехов, Ю.Трифонов, В.Шукшин, В.Крупин, В.Орлов, А.Вампилов, украиндарда: К.Крапива, г.Трепольский, А.Ковинки, азербайжанда Ш.Гусейнов, ағайынды Ибрагимовтер, Анар, Элчин, өзбектерде Г.Пулатов А. Якубов дағыстанда Р.Гамзатов,, А.Латип, А.Абу-Бакир т.б сатиралық образдардың ұлттық үлгілерін көрсетті.

Сатиралық шығармаларға жатпайтын туындылардағы, бүгінде қалың елге ерекше танымал болған мәселен, Ә.Нұрпейісовтің Сары Шая, Көткеншек Көшен, Судыр Ахмет бейнелерінің эстетикалық әсерінің қуатылығы халықтық эстетикада екендігін тарихи-әдеби талдаулар негізінде атайды.

Әрине мұндай ойлар сөз арасында баяғыдан айтылып келеді, ал сатира мен юморға арналған А.Мұсаев еңбектерінде зерттеуші классик жазушылар шығармаларынан көптеген мысалдар алып, жүйелі түрде жан-жақты терең талдап, заңдылықтарын көрсетеді.

А.Мұсаев әдебиет пен юмор, әзіл тарихының жарқын жолдарын сәтті жалғастырушы Т.Әлімқұлов, Ә.Тарази, Д.Исабеков, М.Мағауин, Е.Домбаев, Т.Нұрмағанбетов,М.Қаназов,М.Байғұтов т.б.қаламгерлер шығармаларындағы күлкі табиғатының сан-алуан қырларын талдап көрсетеді.

Қазақ роман, повестеріндегі сатира мен юмор поэтикасы - әлі зерттелуді қажетсінетін маңызды тақырыптардың бірі. Ғалым зерттеулерінде 60-90 жылдардағы шығармаларға арнайы тоқтала келе, қоғамдық дамудағы тоқырау, қайта құру, нарық т.б. қазақ құлағына тосындау естіліп, көңіліне жақпайтын құбылыстарға тап болған қазақтар тіршілігін бейнелеген туындыларға тоқталады..

Мәселен, Ә.Тарази сатирасы туралы пікірлерінде: «Ә.Таразидің сатиралық кейіпкерлері өзімшіл, әрі гротескілі. Жазушының кейбір образдары пародиялық масатта да жасалады. Оның кейіпкерлері - карикатуралық қана емес, әдебиеттік тип...Гротескілік образ жасауда Ә.Таразидің өз тәсілдері бар.

Ол метафораны, дәлме-дәл оқуға немесе метафораны жүзеге асыруға сүйенеді. Мұнда да фантастика элементі қатынасып отырады, нақтылы айтқанда Ә.Таразидің қаламгерлік поэтикасында сатиралық форма оңтайлы. Оның шығармаларындағы кейіпкерлердің басым көпшілігі сатиралық болып келетіні сондықтан шығар, бәлкім.

Ә.Таразидің шығармаларында жағымды кейіпкердің міндетін күлкі атқарады...» т.б.

А.Мұсаев зерттеулерінде О.Әубәкіров пен Ү.Уайдиннің сатира мен юморы аралас шығармаларын зерттеуге айрықша көңіл бөлінеді.

О.Әубәкіров алып келген Бөден, Мимырт, Пәштуан, Көди, Сөди, Салпан, Таутан образдарының ел ішінде танымал болуы, қаламгер көркемдік таны-мының көпшілікке жеткені қаламгер үшін аса қымбат ойлардың халық көңіліндегі күлкіні қозғағандығы. Бұл - қалың елдің күлкі мәніндегі қалжың тәрізді бейнеленген салмақты ірі ойлар астарын, емеурінін қабылдауы. Бұл кейіпкерлердің әрқайсы өзіндік іс-әрекетімен, айтқан сөз - «пәлсапаларымен» өз портреттерін де жасайды. Өздерінің кім екендерін бірден-ақ оқырман алдына жайып салады.

Сонымен, қорыта келгенде А.Мұсаевтың қазақ сатирсы мен юморының поэтикасы туралы зерттеуі қазақ әдебиеттануында ғана емес, көптеген елдер әдебиетіде де аз зерттелеген тақырыптарды қозғады. Бұрынғы КСРО елдерінің белгілі қаламгерлері Н.Думбадзе, Э. Ветемаа, Э.Вэекман, П.Куусберг, А.Сулакаури, В.Шукшин, Р.Кереев т.б. шығармаларынадағы көркемдік мәселелерінің қазақ әдебиетінде де синхрондақ сипатта көрініс тауып, ара-тұра қозғала, талдана бастағанын, көрсетеді.

Сатира мен юмор үндестікте деп айтылғанмен олардың мақсаты мен көркем құрылымы өзге. Көпке түсінікті жайларды жіліктеп жатпайық. Бірде Алпекеңе «Кеше асықпай алпысқа келген Алпысбай. Бүгін жеделдетіп жетпіске жеткен бе?..- деп қалжың, әзіл айтқанмын. Аман болайықшы, - деді ол күліп.

САТИРА САРДАРЫ

Абат Пангереев

Филология ғылымдарының докторы, профессор

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Қазақ сатирасының майталманы, һәм зерттеушісі Темірбек Қожекеевтің бір кітабының аты– «Сатира– күштілер қаруы» аталады. Бұл жерде сатира неге күштілердің қаруы, оның жанр ретінде өзі күшті ме, әлде оны қолданушы адам күшті ме деген сұрақ туындайды. Әрине, латынның бұл Satira деген термин сөзі қазақта сықақ ұғымында қолданылатыны және оның тарихы әріден, әріден болғанда қазақ

ертегілерінен басталатыны әркімге де аян. «Қылкенірдек, шибұт, жарғақбасты» естіп, олардың қылықтарына ішін басып күліп өскен қазақ баласы сықақты ерте кезден, бала кезінен бастап жанына серік еткен. Өйткені сықақ етіп алынатын өмір құбылыстарының, адам мінезінің келеңсіз, көлеңкелі тұстары олардың көз алдында ел ішінде, ауыл-аймақ арасында болып жатады. Академик С.Қасқабасов бұл тұрғыда былай дейді: «Ғибраттық ертегілердегі уақиға хан сарайлары мен қалаларда өтеді. Ал сатиралық ертегілердегі уақиға орны– кәдімгі ауыл, кейіпкерлері– ауылдағы жалшы мен бай, молда. Сықақ ертегілер–әлеуметтік мазмұны жағынан ширыға түскен, кемелденген сананың жемісі. [1.219].

Бұдан сатираның қалайда әлеумет өмірімен, өмірде болып жататын жайттармен тығыз байланыстылығы көрінеді.

Қоғамдағы, өмірдегі және жеке адам бойындағы мінездерді, олқылықтарды сынау, ондай қателіктерден қоғамды арылту, адамды түзеу сатираның өзіне-өзі жүктеп алған басты міндеті десе де болады.

Әлеумет өмірімен осындай тікелей байланысы сатира жанрын өміршең жанр етіп тұрған қасиетінің бірі. Сатираның жанрлық күші, қуаты осында болса керек.

Ал енді бұл сатира дегенді құрал қылып, қолданушығы келсек, біреуге сын айту үшін сол сынды айтатын адам сынды еститін, қабылдайтын адамнан әлдеқайда биік тұруы керек. (Әйтпесе «алдымен өзіне қарап ал», «жыртық тесікке күледі» т.б. контрәждерді естуі кәдік қой). Кейде біреудің бойындағы мінді түзеу мақсатында мысқылды қолданып, тіпті оны тәлкек етуге дейін баратын жағдай туындап жатса ой, білім, эрудиция, парасат биіктігімен қоса тапқырлық, шешендік қасиет те керек болады. Міне, сондықтан да сатира– күштілер қаруы аталады.

Сонымен сонау ауыз әдебиетінен басталған, кейіпкерлері Алдар көсе, Қожанасыр, Тазша болып келетін сықақ поэтикасы жазба әдебиетіне келіп ұласты. Оның көріністері прозада да, поэзияда да айқын танылды.

Жалпы сықақ көбіне өлең түрінде айтылып, өткір мағына беретіндігі рас. «Қазақ әдебиетінде сықақтың озық үлгілері мол. Мысалы, Абайдың «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысын», «Көжекбайға» сияқты өлеңдері адамның мінезін, іс-әрекетін мысқылдап, кекесіндеп бейнелеу жағынан алғанда асқан ақындық шеберлікті таныта алады. [2.309]. Осындай шеберлікті кейінгі қаламгерлерден де көре аламыз. «А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, А.Тоқмағамбетов, Қ.Мұхамеджанов, Ш.Смаханұлы, сондай-ақ сықақшы-жазушы С.Адамбеков және

басқалар шығармашылығынан сықақтың бейнелеу тәсілдері әралуан, тартымды болып келетінін аңғаруға болады»[2.309].

Өмір бар жерде поэзия бар деген сияқты, өмір бар жерде сықақ та бар. Сықақ өмірмен бірге жүретін, «көрінбей»жүретін серігі. «Нағашы жұрт–сыншы» дегендей сықақ өмірдің қағыс басқан қадамы болса соны дер кезінде түзеу үшін сынап, мысқылдап отыратын «нағашысы» іспетті. Сондықтан да сықақ аяғын заманмен бірге алып жүретін өміршең, нағыз «креативті» жанр.

Ал, осы жанрдың зерттелуі қалай дейтін болсақ есімізге алдымен Темірбек Қожекеев түсетіні белгілі. Қазақ филологиясы саласындағы одан кейінгі орын бүгіндері 70-тің жотасына шығып жан-жағына ойлы көзбен қарап тұрған жойқын ғалым Алпысбай Мұсаевқа тиесілі. Оның нақты дәлелі Алпекеңнің сатира бойынша ұзақ жылдар бойғы қажымай, талмай жүргізген ғылыми-зерттеу еңбектері болып табылады.

Алпысбай Мұсаұлы атақты Темірбек Қожекеевтің шинелінен шыққан қазіргі таңдағы Қазақстандағы сатира саласындағы бірден-бір жетекші маман болып саналады. Ол 1999 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы 10.01.02. – қазақ әдебиеті мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңесте «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы» тақырыбында диссертация қорғайды. Ғылыми кеңесшісі – профессор Т.Қожекеев.

Әсіресе осы кезден бастап Алпекеңнің сатира саласының саңлақ ғалымы деген аты алысқа тарайды. Осы кезден бастап деп отырғаным шартты түрде бөле атау деуге болады. Өйткені Алпекең кандидаттық диссертация қорғаған 1992-жылдардың бедерінде де өнімді еңбек жасады, елге танылды. Алайда ғылым кандидаты дегеніміз ғалым болуға үміткер деген сөз. Бұл сөзді бұрынырақта кандидаттық диссертация қорғап келіп, болғандай, толғандай болып жүрген кезімде кәдімгі Құдайберген Жұбановтың ғалым ұлы, филология ғылымдарының докторы Есет Жұбанов айтып еді. «Бұнымен тоқтап қалма, доктор болуың керек» деген абзал ағаның сөзі әлі құлағымда тұр. Сол айтқандай доктордың аты доктор. Алпекеңді ғылыми орта бұрыннан білгенімен докторлық дәреже алғаннан кейін оның қадірі бұрынғыдан да артып, диссертация қорғаушы ізденушілер пікір алу үшін сабылып іздеп келіп жүргендерін көзімізбен көрдік.

Алпысбай Мұсаевтың ғылыми-зерттеу еңбектері тынбай ізденістің нәтижесінде енді Қазақстаннан да тыс елдерге белгілі бола бастады. Оның монографиялық еңбектері Франция, Австрия, Италия сияқты шетел баспаларында жарық көрді.Бұл дегеніңіз қазақ

сатирасын, жалпы қазақтың ұлттық менталитетін алыс шетелдерге таныстыру, ұлт мәдениетінің кеңістігін арттыру деген сөз.

Сөйтіп 1980 жылдары совет, партия ұйымдарынан жоғары мектепке қызметке ауысып келген Алпысбай Мұсаұлының қарапайым оқытушы, ізденушіден басталған ғылыми-шығармашылық жолы осылайша ғылым докторы шеніне барып ұласады.

Міне бұл қазақ әдебиеті кафедрасында бірге қызмет жасайтын әріптес аға достың бір сөзбен айтқандағы ғылыми жолы.

Алпекеңмен алғаш танысқанымыз да осы ғылымға байланысты. Ол кезде біріміз кандидаттық, біріміз докторлық қорғау әрекеті үстінде жүргенбіз. Алматыда академик Зәки Ахметовтың 70 жылдығына байланысты конференция болды. Ол уақытта Алпекең Орал педагогика институтында қызмет жасайды. Конференция барысында Алпекең, Әдебиет Молдаханов үшеуіміздің пікірлеріміз бір жерден шығып отырды. Сөз арасында мен Әдекеңе «мына Алпекең мықты әдебиетші екен, біздің кафедраға қызметке шақырсақ қайтеді» деген әңгімелер айттым. Әдекең ол кезде біздің Жұбанов университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі еді.

Содан алла тілеуімізді беріп 2000 жылы Алпекең біздің университетке ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып қызметке ауысты. Жемісті қызмет етті. Бірнеше мамандықтар бойынша магистратуралар ашты. Ірі-ірі ғылыми конференциялардың өткізілуі, сала бойынша жетекші ғалымдардың дәріс оқуға шақырылуы, жалпы университеттің ғылымының дамуы, ғылыми потенциалының артуы Алпекеңнің есімімен байланысты болды. Осылайша Алпекең ғылымның қайнаған қақ ортасында жүріп, өзі де сүбелі-сүбелі еңбектер жазды.

А.Мұсаевтың негізгі зерттеу еңбектері сатираға байланысты. Қазақ сатирасын Темірбек Қожекеев біраз биікке көтеріп кетсе, сол деңгейді Алпекең одан әрі көтеріп жалғап келеді. Оның «Қазақ әңгімелеріндегі сатира поэтикасы», «Қазіргі қазақ сатирасы», «Поэтика казахской сатиры», «Көркем шығармадағы сатира», «Мәңгі өлмес күлкі» аталатын монографиялар мен оқу құралдары еліміздің жоғары оқу орындары филология факультеттерінің, бәрінде оқу процесіне қолданылып келеді.

Алпекең сатираға байланысты еңбектермен қатар әдебиеттану, қазақ әдебиетінің тарихына арналған бірнеше еңбектер жазған. Оның бірқатары мынадай кітаптар: «Жанды жүйе», «Рух бостандығының жыршысы», «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы», «Көркемдік кестесі», «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені», «Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы», «Тарази тағылымы»,

«Қанатты қаламгер», «Әдебиет иірімдері». Өз кезегінде бұл еңбектер де әдебиеттану бағытында ғылыми ізденісте жүрген зерттеушілер үшін құнды еңбектер болып табылады.

Ал енді сатира саласын бүгінгі күні дәл Алпекеңдей меңгерген адам жоқ десе де болады. Бұл өзі оңай да сала емес. Үлкен логиканы, тер төктіеңбекті қажет ететін ғылым саласы. Сондықтан сатираны зерттеу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ол үшін зерттеуші адам алдымен халық тілін қанық меңгерген, ұлттық тілдің барлық бояуын бойына жинаған өзі де сатирик болуы шарт. Алпекең дәл сондай адам. Қара сөзде ешкімге дес бермейтін шешен де Алпекең, тілдің, ұлттық сөз қолданыстардың нәзік тіндерін дөп баса білетін де Алпекең. Өйткені ол ғалымдығымен бірге төгілген ақын да.

Ақындық туа бітетін қасиет. Ешкім оқып ақын болмайды. Алпекеңнің ақындық туа біткен қасиеті болса, ғалымдығы оқып жеткен биіктігі. Сонда біз білетін Алпекең екі кемеңнің құйрығын бірдей ұстаған қазіргі заманның заңғар тұлғасы болып есептелінеді.

Халық мақалы «Екі кемеңнің құйрығын ұстаған суға кетеді» дейді. Бірақ Алпекең ондай категориядан болып шыққан жоқ, екі кемеңнің құйрығын ұстағанда мықтап ұстады. Ғылыми жетістіктерін жоғарыда айттық. Ақын ретінде де атағы алысқа кеткен. Әр жылдары жазылған өлеңдері мерзімдік баспасөз беттерінде, өлең жинақтарында жарияланып оқырман жүрегіне жол тапқан. Таңдамалы өлеңдері «Телқоңыр», «Жүрегімнің қоңыраулары» атты тақырыпта жеке жыр жинағы түрінде жарық көрген.

Осыны безбендей келе «Екі кемеңнің құйрығын ұстаған суға кетеді» деген мақал Алпекеңнің болмысына келмейді деп айтуға болады.

Алпекеңнің болмысына ұлы Абай айтқан:

«Екі кеме құйрығын,

Ұста жетсе бұйрығын, – деген нақыл сөз дәл келетіндей. Өйткені ол осы екі салаға да бұйрығын жүргізіп отырған әрі ғалым, әрі ақын.

«Сатира – күштілер қаруы» деп Т.Қожекеев бекер айтпаған. Сатираны қолданатын адам басқалардан өресі жағынан болсын, кісілік жағынан болсын, білім мен білік жағынан болсын, жалпы қай жағынан да әлдеқайда биік тұруы керек деп жоғарыда айттық. Әйтпесе орынды айтылған, өткір айтылған сатира шықпайды. Бұл енді әлем бойынша қалыптасқан қағида деуге болады. Өмірдегі келеңсіз құбылыстар мен адамның іс-әрекетіндегі теріс мінездерді уытты тілмен шенеп, кекесінді күлкімен мазақ ету қай елдің болмасын сатириктеріне ортақ тәсіл. Бұл ретте көне гректе Аристофанды, Римде Петрониді, Англияда Свифті, Францияда Мольерді, Ресейде Кантемирді атауға болады.

Қазақта бұл үрдіс халық ауыз әдебиетінен басталып, кейінгі жазба әдебиетте дәстүр жалғастығы ретінде дамыды. Бұл сатиралық сарын барлық жанрларда, қазақ прозасында болсын, поэзиясы мен драматургиясында болсын өзіндік ерекшелігімен көрініс тапты. Оны біз А.Мұсаев зерттеулерінен айқын байқай аламыз.

Жалпы, сатира қоғамның дамуы үшін де, адамның жетілуі үшін де керек рухани –эстетикалық қозғаушы күш. Халықтың «сын түзелмей мін түзелмейді» деуі де осыдан.

Сондықтан сатираны тек күшті адамдар ғана, парасат биігінен қарап өмірге, адамға әділ баға бере алатын адамдар қолдана алады. Қазіргі таңда салиқалы жасқа келіп, сатира сардары аталып отырған Алпысбай Мұсаұлы осындай күштілер қатарынан саналады.

Әдебиеттер

1.Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер.– Астана: Фолиан, 2014.–320б.

2.Ісімақова А.//Әдебиеттану. Терминдер сөздігі.–Алматы: Ана тілі, 1998.– 384 б

ПРОФЕССОР А.МҰСАЕВТЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ СӨЗ ӘЛЕУЕТІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТІ

Жамал Манкеева

филология ғылымдарының докторы, профессор

ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институты, Алматы қ.

Қазіргі тіл білімінің теориялық зерттеу парадигмасының антропоцентристік басты ұстанымы тілдің диалектикалық бірліктегі ең маңызды екі қызметінің, атап айтқанда, танымдық (когнитивтік) және қарым-қатынас (коммуникативтік) қызметін терең ашып, тіл білімін заман талаптарына сай жаңа сапалы деңгейге көтеруге негізделіп отыр. Қазіргі антропоэекті зерттеулерде бұрынғы лингвистикалық зерттеулердің бағытын өзгерте отырып, ұлттық сананың ерекшеліктерін бейнелейтін «тіл – құрал» қызметін айқындайды. Демек, бұрынғы зерттеулерде тіл құрылымы мен жүйесіне, оның қызметіне ерекше мән берілсе, қазіргі кезде зерттеушілер адам әрекетін, болмысын тіл арқылы түсіндіруге басты назар аударуда. Осы бағыттағы нақты зерттеулерді іске асыратын мынадай теориялық-әдіснамалық ғылыми парадигманы көрсетуге болады: Мәтін прагматикасы (көркем мәтін тілі), дискурс, «тілдік тұлға», т.б. теориялары.

Осы бағытта болашаққа ұласатын жұмыстардың қатарында ерекше коммуникативтік қызмет атқаратын сатира тілі – профессор А.Мұсаевтің зерттеулерінің негізгі арқауы. Бұл тектес әдебиеттанымдық зерттеулер тіл біліміндегі антропоэзеттік парадигмамен сабақтасып, уытты сөз ретінде ұлт жадында терең сақталған бұл жүйе дискурстық талдауға түседі.

Оның себебі адам болмысының жан дүниесі мен ой-санасын бейнелейтін сөз құдіретінің мәні қазіргі таңдағы ізгілікке бағытталған адамтанымдық білімдердің арқауына айналып отырғанымен байланысты. Ал, табиғатпен астас өмір кешкен көшпенді мәдениеттің өкілдері ретіндегі ата-бабаларымыздың өмірі мен тұрмысында, қоғамдық-әлеуметтік, тәрбиелік т.б. сөз қызметінің мәні ерекше болғанын рухани құндылықтарымыз бен асыл қазыналарымызда сөзді өнер деп таныған дүниетанымдық пайымдарынан көреміз: *өнер алды қызыл тіл; сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді; сөздің майын тамызды; сөздің тиесіні ағытты; сөз тапқанға қолқа жоқ; сөзі қамшы болды; сөзі мірдің оғындай; сөзі түйеден түскендей, т.б. сөз тіркестері сөз қуатын, сөз ажарын, сөз қызметін айшықтап, соған сәйкес сөздің түрлерін де жіктеп атаған: ақтық сөз, аталы сөз, басалқа сөз, бос сөз, бірауыз сөз, жел сөз, жылы сөз, т.б.*

Демек, қазақ танымында сөзге ерекше мән беріліп, сөз мазмұнының жан-жақты толық сипаты қазақ өмірінде алуан түрлі күрделі істердің күрмеуін шешкенінің айқын мысалы – А.Мұсаев «қазақ күлкісінің жанды жүйесі» деп атаған сатира тілі. Ол, біріншіден, қазақтың сөз құдыретін, сөз әлеуетін қазақ болмысынан тыс қарауға болмайтынын көрсетеді, сондықтан бұл құбылысты тану үшін терең білімді былай қойғанда, зерттеушінің бойында сөздің тылсым күшін, қуатын сезінетін айрықша сөз зердесі, сөз зергерлігі табылуы тиіс.

Бұл – кез-келген ғалымның бойынан табыла бермейтін ерекше қабілет. Біздің ойымызша, қазақ күлкісінің тілін арнайы зерттеген А.Мұсаевтің тілдік тұлғасы, адами болмысы мен зерттеу нысанының үндестік тауып, тұтасуы сатира сөзінің коммуникативтік қызметін, әлеуетін ашуға негіз болған.

Сонымен, бүгінгі күннің қоғамдық-әлеуметтік және рухани-мәдени даму контекстінде тілдің қызметі мен әлеуетін айқындау мәселесі оны жаңа теориялық-танымдық үрдісте зерттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Осымен байланысты қазақ тіл білімінде тіл арқылы адам санасында қалыптасқан танымдық қорды және тіл арқылы бойға сіңген рухани құндылықтар жүйесін, ұлттық мінез-құлық пен бітім-болмысты тіл мен адам факторы арасындағы

байланыста зерттеуге бет бұрған қазіргі тіл білімінің адамтанымдық (антропозектік) кешенді бағытына әдебиеттанушы – ғалым А.Мұсаевтың зерттеуі де өзіндік үлесін қосады деп ойлаймыз.

Себебі сөз – заттың тура таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, адамның иә белгілі бір ұлттық ұжымның дүниені тануы мен күнделікті тұрмыс пен еңбек тәжірибесі барысындағы қолданысының коммуникативтік таңбасы.

Осымен байланысты сөз әлеуетінің коммуникативтік ерекше деңгейі – жеке тұлғаның шығармашылық әлемі, көркем мәтін тілі. Себебі бұл әрекет – объективті шындықтан алынатын әр түрлі ақпаратты өзінің ішкі әлемінде қайта өңдеп жасаған субъективті шындық. Сондықтан психикалық болмыс кеңістігі мазмұнға толы. Жазушының көркемдік әлемі, архетиптік ойлау жүйесі көркем мәтіннің ұлттық мәдени-ерекшелігін ғана бейнелемей, тілдік тұлғаның өзіндік сөз мәдениетін де сипаттайды. Бұл арада жазушының көркемдік әлемін бейнелейтін ерекше тіл әлемін, шығармасын түсіну, дұрыс қабылдау оқырманға таныс ассоциация, бейнелер, ұғымдар арқылы, яғни аялық білімі негізінде іске асады. Осылайша құрылған қаламгердің көркем тілі өзіне тән ерекшелігін, ішкі тәжірибесі мен таным қабілетін, сөз шеберлігін, стилін көрсетеді. Осы арада шындықты авторлық тұлға (тілдік тұлға) тұрғысынан бейнелеуді мақсат еткен қаламгердің шығармашылық тілін тілде қалыптасқан белгілі тілдік құралдармен, сөз мәдениетімен тұтастықта талдаудың мәні зор. Сонда ғана қаламгердің шынайы көркемдік әлемі және соны бейнелейтін өзіндік көркем тілі айқындалмақ.

Осымен байланысты қазіргі тіл білімінде көркем ойлау жүйесінің көрінісі ретіндегі сөз өнерін қаламгер тілінің шығармашылық тетігімен сабақтас зерттеудің ғылыми-методологиялық негіздері жетіліп, кешенді сипатқа ие болу үрдісі қалыптасуда. Нақты айтқанда, филологияда антропологиялық бағыттың өрістеуімен байланысты жеке шығармашылық тұлға тілінің көркем мәтіндегі поэтикалық қызметінің жеке авторлық//тұлғалық көріктеу құралдар жүйесі талданады (А.А.Потебня т.б.).

Қазақ тіл білімінде адам қарым-қатынасының аса маңызды құралы өлшеммен көбірек танылған тілді тіл жүйесі ауқымынан «шығарып», сөз қолданысын адам танымымен, тіл иесінің тұлғалық ерекшелігімен ұштастыра зерттеген – профессор Х.Нұрмұханов.

Жеке тілдік тұлғаның шығармашылығы арқылы ұлт болмысының сипаты іспетті мәдени ақпараттарды қазіргі ұрпақтың қабылдап, игеруі үшін көркем мәтін тілінің коммуникативтік қызметін жан-жақты ашу

барысында, ғалым зерттеу өрісінің мынадай негізгі қазықтарын атайды: *сөз және шеберлік, сөз қуаты, сөз әлеуеті т.б.*

Осымен байланысты, сөз шеберлігінің бұрын сөз болмаған танымдық негіздері, сөз қуатының сиэнергетикалық болмысы ретіндегі эмоционал және экспрессивті сөздер табиғаты, сөз әлеуетіне байланысты креативті қолданыстар мәселесі нақты мәтіндік талдаулар негізінде жан-жақты қарастырылған. Сондықтан ғалым «сөз қуаты дегеніміз оның адам сезіміне әсер етер күші» деп санайды. Ал сөз бен сезім байланысының ғылыми негізін Ч.Дарвин, И.М.Сеченов, И.П.Павлов еңбектерінің тұжырымдарымен дәлелдеп, эмоция және экспрессия ұғымдарын түсіндіреді.

Сонымен, жеке тілдік тұлғаның шығармашылығы арқылы ұлт болмысының сипаты іспетті мәдени ақпараттарды қазіргі ұрпақты қабылдап, игеруі көркем мәтінде бейнеленген мәдени мұраның ұлттық санада танылуының тегігі сөздің коммуникативтік қызметімен тікелей байланысты. Міне, осы арада мәдениет игіліктерін өндіруші мен тұтынушы арасындағы мәдениаралық жалғастырушы қызметті тіл атқарады. Мысалы, нақты айтқанда, мәтін мазмұнында суреттелген тарихи-мәдени феномен шығарманың көркем тілі арқылы оқушы танымынан орын алып, мәдени-тілдік коммуникация іске асады.

Табиғатпен астас өмір сүрген көшпенді мәдениеттің өкілдері ретіндегі сөзді өнер деп түсінген ата-бабамыз қоғамның көп мәселесін шешуде жағдаятқа қарай сөз құдыретінің әлеуетін қалай тиімді қолданғаны А.Мұсаев зерттеуінде халық ауыз әдебиеті және қазіргі жазба әдеби мәтіндер негізінде (Ө.Уайлин, Д.Исабеков, М.Қаназов, М.Байғұтов т.б.) нақты дәйектеледі. Бірақ әр заманның сан қилы тарихи-құрылымдық өзгерістері қоғамдық санаға және қарым-қатынас құралы ретіндегі тілдің де коммуникативтік қызметінің сапасына ықпал ететіні шындық. Нақты айтқанда, қазіргі қоғамдағы әлеуметтік жіктелістерге (бала мен ата-ана, ұстаз бен шәкірт, бастық пен қызметкер, тума-туыстар, дос-жолдас, әріптестер, дәрігер мен сырқат, сатушы мен сатып алушы т.б.) сәйкес сөздің дұрыс құрылуы, сол салаға тиісті, арнайы сөздерді орнымен қолдану, коммуниканттардың тұлғалық сипатын (жасын, жынысын, кәсібін, білім деңгейін т.б.) және психологиялық болмысын ескеру адамдардың арасында қажет қарым-қатынас пен тығыз байланыс орнатуда тиімді болмақ.

Қазіргі таңдағы Қазақстанның жаңғыруының үшінші кезеңіндегі қазақ тілінің өзекті мәселелерінің бірі – ұлттың этномәдени болмысын сақтаған мемлекеттік тілдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеу. Осы тұрғыда алғанда жаһандану кезеңіндегі сөз құдіретінің мәнін танытып, жаңғыру үрдісін түсіндіру тек оның коммуникативтік

қызметі негізінде іске аспақ. Сайып келгенде, жаңғырту үрдісіне сай тілдің тек танымдық-мазмұндық жағы ғана ашылып қоймай, сонымен бірге қазіргі қоғамдық-әлеуметтік кеңістіктегі ұлттық рухты жалғастырушы сөздің коммуникативтік әлеуеті де айқындала түседі. Сондықтан ел өміріндегі саяси-әлеуметтік жаңарулармен қоғамдағы түбегейлі өзгерістер қоғамдық санамен жеке тұлғаның тілдік санасындағы жаңару жаңғыру үрдісімен, яғни қазақ сөзінің төл болмысымен тамырлас қарастырылуы тиіс.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы рухани жаңғыру бағытын іске асырудың негізгі көзі мен тетігі – мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілінің толыққанды қоғамдық-әлеуметтік қызметі. Соған сәйкес қазақ тіл білімінің жаңғыру мен жаһандану заманының ғылыми-рухани үрдісінің жаңа да кешенді деңгейін көтеруге профессор А.Мұсаев сынды әдебиеттанушы ғалымдардың да еңбектері өзіндік үлес қосады.

ПРОФЕССОР А.МҰСАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ҚАЗАҚ САТИРАТАНУЫ КОНТЕКСТІНДЕ

Әділет Қабылов

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Ақтау қ.**

Сатира – адамгершілік һәм эстетикалық идеалдарға сәйкеспейтін құбылыстардың баршасын мансұқтап әшкерелеу болса, юмор – идеалдарға қайшы келмегенмен, сыни көзқарас нысанына лайық, дегенмен өзінің тартымдылығын жоймаған кінәраттарды іштарта отырып терістеу, оны жетілдіруге талпыныс, қоғамдық маңызды мәселелерге назар аударту ыңғайындағы күлкі.

Күлкісіз өмірді елестету қандай қиын болса, көркем әдебиетте де сан құбылған күлкі бояулары болмыстың мың қатпар қиырларына көз жеткізіп, көркемдік өң дарытып отырады. Көркемдіктің бір кілті санатындағы әдебиеттегі күлкі құбылыстарының қатарында сатира, юмор, сарказм, гротеск, шарж секілді толып жатқан реңктер көркемдік шындықтың шырайына өзіндік сипаттар үстейді.

Әрбір әзіл-сықақта шындықтың үлесі бар. Шындықтың бетіне тура қарау қиын болғанмен, оны мойындамасқа шара жоқ. Әдебиеттегі әзіл-сықақ та шындықты тура айтудан гөрі көбінесе астарлы-тұспалды ауанымен, ойнақы әуенімен, құйтырқы құйылыстарымен шындықтың шырағын жағып, оқырманына жол тартып отырады. Сондықтан

әдебиеттегі әзіл-сықақ тек сатириктердің ғана емес, дүйім қаламгер қауымның қамсыз сілтер қаруы, орайымен жүгінер тәсілі, орнымен қолданар құралы болып келеді.

Ұлттық әдебиеттануымызда сатира жанрының зерттелуінің өзіндік тарихы мен даму үрдісі бар. Оған дейін түрлі әдеби-сын мақалаларда сөз орайында көркем шығармадағы күлкі сипаты туралы бірлі-жарым айтылған болса, ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап сатира мен юморға байланысты арнайы мақалалар жарияланып, жеке зерттеулер көріне бастады. М.Тілеужановтың “ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі Абайдың сатиралық дәстүрі” (1957), Ғ.Әбетовтың “Абайдың саяси сатирасының идеялық-көркемдік ерекшеліктері” (1960), Т.Қожакеевтің “Қазақ совет фельетоны” (1961) тақырыптарындағы кандидаттық диссертациялары бұл саладағы ізашар зерттеулер болды. Кейінірек қазақ сатирасын зерттеуші филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Т.Қожакеев, М.Тілеужанов, А.Мұсаев еңбектерінде сатираның даму тарихы, теориясы мен практикалық мәселелері кеңірек сөз болады [1]. Сондай-ақ, Е.Тұрсынов, Р.Алтынбекова, С.Қорабаевтардың диссертацияларында сатиралық жанрлар, сатира тарихы, сатирадағы дәстүр мен идеялық-көркемдік болмыс турасында қызықты пайымдаулар айтылып, ғылыми тұжырымдар түйінделеді [2]. Ұлттық комедияларымыз туралы Ә.Тәжібаев, Н.Ғабдуллин, С.Ордалиев, Р.Нұрғалиев, Р.Рүстембекова, Ж.Әбіл т.б. ғалымдардың зерттеулерінде сөз болды [3]. Қазақ сатирасының даму бағытын пайымдау, көкейтесті мәселелерін талқылауға сатириктеріміздің өздері де атсалысып келеді: О.Әубәкіров, Ғ.Қабышев, М.Рәшев, Ү.Уайдин, О.Иманалиев, К.Әмірбеков т.б. қаламгерлердің мақалалары мен рецензиялары жарияланды.

Өзінің ғылымдағы жолын сатира зерттеуден бастап, күні бүгінге дейін осы саланы індете зерттеп, сатиратануға қомақты үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаев. А.Мұсаев – көптеген монографиялар мен оқу құралдарының, әдістемелік нұсқаулардың авторы. Оның «Қазіргі қазақ сатирасы» (1993), «Рух бостандығының жыршысы» (2007), «Көркемдік кестесі» (2007), «Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы (1960-1970 жж.)», «Тарази тағылымы» (2009), «Қанатты қаламгер» (2010), «Әдебиет иірімдері» (2011), «Мәңгі өлмес күлкі» (2012) монографиялары мен зерттеу еңбектері – қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері мен мәдени мұраларды зерттеуге арналған қомақты дүниелер.

Сондай-ақ «Поэтика казахской сатиры» (1997), «Жанды жүйе», «Көркем шығармадағы сатира» (2007), «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені» (2007) секілді оқу құралдары көп жылдардан бері қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесін, сатира мен юмор поэтикасын жоғары оқу орындарында оқытуда кеңінен пайдаланылып келеді.

Профессор А.Мұсаевтың ғылыми ізденістерінің негізгі бағыты – қазақ сатирасы мен юморының теориялық мәселелері. Өзінің ұстаздары – ұлттық әдебиеттануда сатиратанудың негізін қалап, қазақ сатирасының тарихы мен практикалық мәселелері жөнінде ізашар зерттеулер қалдырған филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Т.Қожакеев пен М.Тілеужановтың ғылымдағы жолын жалғастырып келе жатқан, осы саланы үніле зерттеп, құнды теориялық еңбектер жазған көрнекті оқымысты. Туған әдебиетіміздегі сатира мен юмордың концептуалдық жүйесін, жекелеген қаламгерлер шығармашылығындағы күлкінің көркемдік ерекшеліктерін, әдебиеттегі күлкі поэтикасы мен образдар табиғатын пайымдауда ғалымның «Қазіргі қазақ сатирасы», «Көркемдік кестесі», «Поэтика казахской сатиры», «Жанды жүйе», «Мәңгі өлмес күлкі» еңбектерінің маңызы зор.

Ғалымның «Қазіргі қазақ сатирасы», «Поэтика казахской сатиры» монографиялары отандық әдебиеттаудағы сатира поэтикасын зерделеген тартымды зерттеулер болды. Бұл еңбектердің ерекшелігі – бұған дейін негізінен қазақ сатириктерінің сатиралық шығармалары көбірек зерттелсе, аталмыш еңбектерде бүгінгі әдебиеттегі сатиралық емес шығармалардағы күлкі поэтикасының зерделенуі дер едік. Көрнекті қаламгерлердің байыпты прозаның аясында сатира мен юморды орынды пайдалануы өмір құбылыстары мен адам образдарын бейнелеудегі шеберлік қырлары, поэтикалық өрнегі ретінде қарастырылған.

А.Мұсаевтың «Жанды жүйе» монографиясы – қазақ әдебиеттануындағы сатира мен юмор поэтикасын зерделеуге арналған толымды еңбек. Монография төрт тараудан тұрады. «Әңгімедегі әзіл», «Жанды жүйе», «Күлкі табиғаты», «Уыз күлкі сырлары» деп аталатын тараулардың әрқайсысы өзара сабақтастықпен әдебиетіміздегі күлкінің қыр-сырын жүйелі пайымдайтын байыпты біртұтас зерттеуді құрайды. Алғашқы тарауда автор қазақ әдебиетінде қалыптасқан әзіл-сықақтық прозаның ілкі бастауларын халық ертегілерінен, Алдаркөсе, Қожанасыр, Тазша бала, Жиренше туралы күлдіргі әңгімелер мен аңыздардан тартып, кеңестік дәуірдегі қазақ жазушыларының әңгімелеріндегі әзіл-сықақтық мотивтер мен сюжеттердің табиғатын зерделейді.

Сатиралық емес шығармаларда, байыпты прозаның аясында сатира мен юморды көркемдік құрал һәм суреткерлік пафос ретінде оңтайлы пайдалана білген С.Сейфуллин, С.Мұқанов, І.Жансүгіровтерден бастап, қазақ прозасын дамытуға қомақты үлес қосқан Т.Әлімқұлов, М.Қаназов, Д.Исабеков, М.Байғұтов, М.Мағауин, О.Сәрсенбаев, Т.Нұрмағамбетов, Б.Әлімжанов, Қ.Жойқынбеков, Қ.Жиенбаев секілді көрнекті қаламгерлердің әңгімелеріндегі сатиралық элементтердің көркемдік ерекшеліктерін, олардың образ жасау мен өмір шындығын бейнелеудегі ілкімділік қасиеттерін өз кезеңіндегі отандық және шетелдік өзге де қаламгерлер шығармашылығымен салыстыра отырып байыпты зерделеген. Сатиралық суреттеудегі ирониялық ракурс, тапқырлық қырлары, комизм табиғаты, шарттылық заңдылығы, суреткерлік қиял мен ойдан қосу секілді мәселелерге де назар аударып, оларды нақты мысалдармен талдап көрсетеді. Мысалы, ирониялық бейнелеу ерекшеліктері туралы: «Ирония комикалық жанрдың бір түрі ретінде – кінәлау мен күлкі ету үшін емес, келеңсіздікті табу мен ашуға, қатып қалған қағидаларды және көзқарастардың тарлығын әшкерелеуге міндетті. Иронияның сатирадан айырмашылығы не мүмкін, не мүмкін емес деген сұраққа айқын жауап беруге міндетті емес. Оның міндеті әрбір сұраққа бір мағыналы емес жауап берудің мүмкіндігін көрсету. Соңғы инстанцияда шындықтың бірінші роліне таласпай-ақ ирония адасудан шындыққа қарай алғашқы қадам басады. Иронияны қолдана отырып суреткер өз пікірінің шындығын бекіткісі келмейді, өз пікірінің салыстырмалы түрде ғана шындық екенін түсінетінін көрсеткісі келеді. Көбінесе иронияда комикалық трагедиялықпен түйісіп қалады. Ирониядағы күлкі сөз болған заттағы қарама-қайшылықтарды түсіну үшін түрткі ғана» [4,54] – деген тұжырым жасайды. Мұндай тұжырым автордың өзіндік байқаулары нәтижесінің сонылығымен ерекшеленеді әрі әлемдік әдебиеттанудағы ирония туралы айтылған түрлі ғалымдардың ой-пікірлерімен де сабақтасып жатыр.

«Жанды жүйе» деп аталатын екінші тарау прозаның ауқымды жанрлары – роман мен повестердегі сатира поэтикасын қарастырады. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан бастап Ғ.Мүсіреповтің «Жат қолында», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», «Сең» романдары, Д.Досжанов, М.Сүндетов, С.Сматаев, Т.Нұрмағанбетов, Т.Әлімқұлов, Қ.Ысқақов секілді көрнекті жазушыларымыздың роман, повестеріндегі сатираның сан қырлы көркемдік қасиеттері қазіргі әдебиеттанудағы теориялық-концептуалдық талдау тұрғысынан сөз болады. Сатиралық емес шығармалардағы сатира, юмор, ирония, гротеск, сарказм секілді

сан құбылған күлкілі эпизодтар мен сыншылдық пафос табиғатын саралағанда автор қоғамдағы моральдық проблемалардың сөз өнеріндегі күлкі сүзгісінен өткізіліп бейнеленуінің ерекшеліктеріне ден қойған. Осының бәрі көркем шығармадағы күлкінің орнын, каламгерлеріміздің поэтикалық репертуарындағы сатираның көркемдік қасиеттерін байыпты зерделейді.

Монографияның «Күлкі табиғаты» деп аталатын үшінші тарауында сатиралық, юморлық образ табиғаты пайымдалады. Қазақ каламгерлерінің шығармаларында образдар сомдаудағы сатиралық құралдарды пайдаланудың жолдары, әр образдың ерекшеліктері нақты мысалдармен дәлелденіп, тұжырымдық шешімін тапқан. Сатиралық образ жасаудағы тапқырлық төркіні, гипербола, аллегория, шарж, каламбур, сатирадағы фантастика, шынға ұқсата суреттеу, қайшылықты бейнелеулер, монолог пен диалогтің орны секілді сатираның тиімді тәсілдері нақты шағармалар арқылы дәлелденеді.

Көркем сөз өнерінің бір саласы, балғын бұлдіршіндерді тәрбиелеудегі маңызды құрал балалар әдебиеті болғанымен, бұл саланың әдебиеттану мен әдеби сында ұдайы ескеріле бермейтіні жасырын емес. Ал балалар сатирасы туралы арнайы зерттеудің жоқтығын ескерген автор монографияның «Ұыз күлкі сырлары» деп аталатын төртінші тарауын осы мәселеге арнаған. Балаларға арналған шығармалардағы сатира мен юмордың орнын «әрі ерекше, әрі қызғылықты құбылыс» ретінде пайымдайды. М.Қаназов, Т.Нұрмағанбетов, Қ.Қазиев, Т.Мәндібаев, М.Қабанбаев секілді белгілі балалар жазушыларының шығармаларындағы сюжет жаңалығы, қайшылықты жайлардың ерекше өткірлігі, күлкілеу әдістерінің көпқырлылығы, жазу мәнерінің ерекшеліктері секілді бүгінгі юмор поэтикасының негізгі белгілерін нақты туындыларды талдау арқылы дәйектейді. Олардағы шығарманың ділін құрайтын әшкерелеу күлкісі мен достық рәуішті күлкінің біріге келіп, жас жеткіншектерді адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеудегі ролін байыпты пайымдаған.

Автордың жазушыларымыздың туындыларындағы сатира мен юмор поэтикасын байыппен қарастыра отырып, «тапқырлық пен куақылықты, әзіл-шынын араластыра мысқылдауды, ашығын айтар ашы сарказмды, айтары мен айтылуы басқа иронияны» орын-орнымен сараптап, оларды жазушының поэтикалық репертуарындағы алар орны мен өрісін, жүйеленген жөнін парықтауы тартымды шыққан. Қорытындысында автор: «Жаңа заманға, жаңа жағдайға сәйкес сатира мен юмор поэтикасы да жаңа мазмұнға ие болуда. Сатира мен юмор поэтикасының дәстүрлік сабақтастығы басқа да көркемдік компоненттерімен, жаңа тақырыптық, сюжеттік қатынастарда дамуда.

Қоғамымызға, жалпы адамзатқа жат мерездерді шенеп жазған прозалық шығармалар қоғам мүшелерінің ізгілік, адамгершілік рухта тәрбиелеуде зор роль атқарады» [4,247], – деп тұжырымдайды.

Қазақ жазушыларының шығармашылық өмірбаяны мен қаламгерлік зертханасы, суреткерлік шеберлігі туралы ғалымның «Рух бостандығының жыршысы» (2007) және «Тарази тағылымы» (2008) зерттеулері де өрнегі бөлек, өзіндік ғылыми ой-тұжырымы бағалы еңбектер болып табылады.

«Рух бостандығының жыршысы» еңбегінде қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Жарасқан Әбдірашевтің шығармашылығын жан-жақты талдайды. Кітаптағы жеке тараулар ақынның лирикаларының тақырыптық-идеялық сипатын, көркемдік кестелерін, өлеңдері мен поэмаларындағы буырқанған шындық пен философиялық иірімдерді, балаларға арналған өлең-жырларының ерекшеліктерін, ақын эпиграммаларындағы әзіл-сықақ қырларын әдеби-теориялық тұрғыдан тәпсірлеген. Әсіресе, кітаптың «Әзіл-сықақ қырлары» деп аталатын тарауында Ж.Әбдірашевтың сатириктік талантын, атап айтқанда эпиграмма жазудағы шеберлігін талдауы – лирик ақынның ерекше қырын – туған әдебиетімізде эпиграмма, шарж жанрларын дамытудағы ерекше еңбегін танытады. Эпиграмма жанрын дамытудағы ақынның еңбегін автор былайша бағалайды: «Сатириктік талант – кез келген қаламгердің басында бола бермейтін жағдай. Жарасқан өзінің қаламгерлік жолының соңғы он-он бес жылында әбден пісіп, кемеліне келген кезінен бастап эпиграмма-шарждар жаза бастады. Оның эпиграммалары жұртшылық пен өзінің қалың қаламдастары арасында бірден жылы қабылданды. Баяғыдан-ақ осылай жазылуы керек сияқтанды. Оның бірнеше себептері де бар еді. Біріншіден, автор олардың көбісімен көп жылдардан бері аралас-құралас, қоян-қолтық жүріп, көп сырларына, мінездеріне қанық болса, екіншіден, олар дау айта алмайтындай шындық негізінде жазылуында жатыр еді. Ал үшіншіден, ең негізгісі – бұл дүниелер сатиралық, юморлық сезіммен суарылған, нағыз зергердің қолынан, қаламынан шыққан дүниелер еді. Біраз уақытқа дейін осы қырын қарап, қиястанған кейбір «шыбық тимес шың етерлердің» өздері де амалсыздан мойындауға, түсінуге мәжбүр болды. Бұл да өзінше қаламгерлік ерлік болатын» [5,106-107].

Зерделі зерттеушінің «Тарази тағылымы» еңбегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы-драматург Әкім Таразидің шығармашылығына арналған. Суреткердің шығармашылық өмірбаяны кітаптан кітапқа өткен сайын кемелдене түскен жазушылық шеберлігімен сабақтастықта баяндалып, даралық

стиль қырларынын жүйелі сипатталып, туған әдебиетімізге қосқан қомақты үлесі сарапталған.

Ә.Тарази шығармаларын сараптағанда ғалым әдебиеттің теориялық мәселелерін жазушының нақты суреткерлік тәжірибесіне сүйене дәлелдеп, қызғылықты тұжырымдар түзеді. Автордың: «Ә.Тарази өз романдары мен повестерінде реалистік зерттеулерде аз роль атқармайтын характерлер мен оқиғалардың өзара келісімі мен өзара тәуелділігіне құрылған ортаның бейнесіне әдейі назар аударады. Жазушының характерлер қатарында әрекет етуші адамдар жасау үшін фантазиясы өте толық әрі жан-жақты көрінеді. Оның сатиралық кейіпкерлері өзімшіл әрі гротескілі. Жазушының кейбір образдары пародиялық мақсатта да жасалады. Оның кейіпкерлері – карикатуралық қана емес, әдебиеттік тип. Бірақ та, әдеттен тыс нәрсені қабылдап қана қоймай, таласқа түседі. Жазушы өз кейіпкерлерін жарқын түрде даралап және шытырман психологиялық характерлермен бейнелейді. Гротескілік образ жасауда Ә.Таразидің өз тәсілдері бар. Ол метафораны дәлме-дәл оқуға немесе метафораны жүзеге асыруға сүйенеді. Мұнда да фантастика элементі қатысып отырады, нақты айтқанда образ фантастикалық күйге түседі, бірақ бұл – күнделікті өмір фантастикасы» [6,50], – деген пікірлері сөз өнерінің нәзік иірімдерін дөп басып, білгір сезімталдықпен байқаған нәтижелерін көрсетеді.

Әдеби-ғылыми ортада «сатира жанрының тамыршысы» атанған профессор Алпысбай Мұсаев туралы белгілі ғалымдар мен қаламгерлер жоғары пікірлер айтып келеді. Мысалы, кейіпкеріміздің ғылыми бағытының жаңашылдығы туралы профессор Т.Қожакеев: «Алпысбай Мұсаев қазақ әдебиеттану ғылымындағы сатира туралы еңбектерінде жаңа зерттеу бағытының концепциясын ұсынған» [7,115], – десе, академик З.Қабдолов: «Прозалық еңбектерінде терең де қатпарлы қойнауларына бойлап еніп, жарқырата көрсетуі оның шын мәніндегі әдебиетші екендігін көрсетеді» [7,114], – деп бағалайды. Сондай-ақ көрнекті әдебиеттанушылар – Қ.Ергөбектің: «А.Мұсаевтың зерттеу барысында қол жеткен нәтижелері қазақ әдебиетіндегі сатира поэтикасының ілгерілеушілік роль атқарғандығын айғақтай отырып, әдебиеттану ілімінде өз объектісін зерделеу тұрғысынан едәуір ықпал еткендігін баса көрсетуіміз керек. Зерттеушінің әрбір ғылыми нәтижесі әдебиеттану ғылымының дамуында өз орнын алады деп сенемін» [7,116-117]; профессор Б.Майтановтың: «Сатира табиғатына көз салатын А.Мұсаевтың теориялық әдебиеттану ғылымына өз үлесін қосқанын айту парыз» [7,117], – деп баға беруі осы сөзімізге дәлел бола алады.

Қорыта айтқанда, профессор А.Мұсаевтың сатира зерттеу саласындағы еңбектері – отандық әдебиеттану ғылымына қосылған қомақты үлес болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қожакеев Т. Сатира және дәуір. – Алматы: 1976. – 204 б.; Сатиралық жанрлар. – Алматы: 1983. – 216 б.; Сатира – күштілер қаруы. – Алматы: 1985. – 288 б.; Сатира негіздері. – Алматы: 1996. – 464 б.; Тілеужанов М. Астарлы әзіл. – Алматы: 1976. – 116 б.; Мұсаев А. Қазіргі қазақ сатирасы. – Алматы: 1993. – 106 б.

2. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: 1976. – 200 б.; Алтынбекова Р. Гоголь және қазақ совет сатирасы. – Алматы: 1984. – 44 б.; Қорабаев С. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі сатираның дамуы. Канд. диссерт. авторефераты. – Алматы: 1992. Канд. диссерт. 22 б.

3. Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. – Алматы: 1964. – 276 б.; Рүстембекова Р. Бейімбет Майлиннің драматургиясы. – Алматы: 1969. – 120 б.; Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: 1971. – 416 б.; Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. – Алматы: 1982. – 92 б.; Нұрғалиев Р. Айдын. – Алматы: 1985. – 400 б.; Телағыс. – Алматы: 1986. – 440 б.; Әбіл Ж. Қазақ комедиясы. – Алматы: 2000. – 272 б.

4. Мұсаев А. Мәңгі өлмес күлкі. – Алматы: 2012. – 376 б.

5. Мұсаев А. Рух бостандығының жыршысы. – Ақтөбе: 2007. – 122 б.

6. Мұсаев А. Тарази тағылымы. – Ақтөбе: 2007. – 152 б.

7. Асыл сөзді ардақтаған. – Ақтөбе: 2008. – 164 б.

I. ПРОФЕССОР АЛПЫСБАЙ МҰСАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ САТИРАСЫ МЕН ЮМОРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ



ҒЫЛЫМНЫҢ КЕҢЕЙТІП КӨКЖИЕГІН

Тынысбек Қоңыратбай
Филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.

Париж – ғылым, білім және мәдениет орталығы. Бұл шаһарды атағанда ең алдымен Әміре Қашаубаев есімі еске оралады. Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде Парижге барып, француз халқын өзінің өнерімен тәнті еткен өнерпаздың орны ерекше. Оны елі ешқашан ұпытпайды.

Париж қаласы бізге аты-шулы Мұстафа Шоқайдың мекендеген жері ретінде де белгілі. Бұл өлкені қазақ топырағынан шыққан ірі қоғам қайраткерінің мекендеуі – қазақ тарихының тағы бір жарқын беті.

Париж қаласында орыс ақындарының да ізі бар. Секре Кюр биіктігінде орналасқан Монмартр маңайында өткен ғасырларда С.Есенин бастаған бір топ ақындардың тұрғаны белгілі.

Париж – бүгінгі қазақ ғалымдарының да назарынан бір түспей келе жатқан қала. Еліміз егемендік алғалығылым мен білім салаларында елеулі өзгерістердің болып жатқаны белгілі. Соңғы жылдары Сорбон университетімен байланыс орнатылып, академиялық ұтқырлық жүйесі жолға қойылып отыр.

Осындай өзгерістер қазақ әдебиеттану ғылымының да көкжиегін кеңейтіп, оны сырт жерлерге танымал етіп келеді. Ұлттық әдеби мәселелерді Еуропа елдеріне паш етіп жүрген ғалымдарымыздың қатарында филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаевтың есімін атауға толық негіз бар.

Сыр елінің саңлағы қазақ әдебиетіндегі сатира мәселелерімен шұғылданып, сол тақырыпта кандидаттық және «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960 - 1990 жылдар)» деген күрделі тақырыпта докторлық диссертациялар қорғаған. Сол ізденістердің нәтижесі ретінде «Қазіргі қазақ сатирасы» (1993), «Поэтика казахской сатиры» (1997), басқа да ондаған еңбектері жарық көрген.

Елге танымал ғалым Алпысбай Мұсаев ағамызбен Еуропаның жүрегі – Париж қаласында кездескеніміз бар. Франциядағы Конкорд

академиясының қабырғасында әлемдік гуманитарлық ғылымның соңғы жетістіктерімен танысып, сырласқан едік. Шет елдердің жоғары білім беру жүйесінде қандай жаңалықтар бар, ғылыми танымдары, қолданып жүрген методологиялық таяныштары қай дәрежеде? – деген сауалдардың жетегінде біздер Париж, Ницца, Милан, Женева қалаларындағы университеттердің білім беру жүйесімен терең танысып, профессор-оқытушыларымен пікір алмастық. Алпысбай ағамыздың аудармашысы қасында, тіл жағынан көп қиындық көрген жоқпыз. Оның есесіне Еуропа университеттеріндегі білім беру жүйесіне қойылатын талаптарға мән беріп, жекеленген еңбермен танысып шықтық.

Францияның ірі қаласы - Ницца университетінің ғалымдарымен болған жүздесулердің танымдық әсері өте жоғары болды. Ондағы мамандар Алексеннің баяндамасына қызығушылық танытып, зерттеп жүрген тақырыбы төңірегінде пікір алмасты. Қазақ тілінде жарық көрген монографиясының мазмұнын сұрастырып, қазақ сатирасының авторлық және фольклорлық үлгілеріне қызығушылық танытты. Сол кездесулер үстінде Алпысбай ағамыздың бірер кітабын француз тіліне аудару мәселені де сөз болды. Тіпті ғалымның қазақ сатирасы мен ақын Ж.Әбдірашев шығармашылығына арналған еңбектерін француз тіліне аударуға келісім-шарт жасалғанының куәгері болдық.

Бүгінгі таңда мұндай шығармашылық байланыстың мән-маңызын айтып жатудың өзі артық. Жоғарыда аталған еңбектері француз тіліне аударылып, жарық көрген екен. Демек ендігі жерде профессор А.Мұсаевтың есімі Еуропа оқырмандарына танымал болады.

Әрине, ғалымның қазақ топырағындағы еңбектері де баршылық. Олар көпшілікке жақсы мәлім. Ал шет тілдерінде жарық көрген еңбектерінің орны бөлек. Ертеңгі күні А.Мұсаев зерттеулерінің шекара асып, Еуропаның төрінен танылатынына кәміл сенеміз.

Профессор А.Мұсаев өзінің 70 жылдық мерейтойына осындай ірі дайындықпен келіп отыр. Оның алатын асулары әлі алда. Ғалым ағамызды 70 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, алдағы кезде ғылыми шығармашылығының ұшқынын Еуропа топырағынан көруге жазсын демекпіз.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ӨРКЕНІ

Темірхан Тебегенов

Филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.

XX ғасырдың 60-90-жылдары мен қазіргі XXI ғасырдың басындағы рухани мәдениет саласында абыройлы еңбек етіп келе жатқан замандастарымыз қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа тарихында ұрпақтарға өнеге ықпалын танытып отыр. Олар уақыт пен кеңістіктегі өршіл романтикалық рухты көңіл-күй серпінімен орта мектептегі, жоғары оқу орнындағы білім, ғылым негіздерімен қаруланғаннан кейін еліміздің материалдық және рухани мәдениеті салаларындағы еңбек үдерісіндегі саналуанжетістіктерді игерді. Жаратылыстану – техникалық, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар салалары бойынша табиғи қабілет әлеуетінің нәтижесіндегі еңбектерімен өнегелі өмір өркенін қалыптастырған біздің замандастарымыз – қазақ өркениетінің көпғасырлық тарихындағы ата-бабалық ұлттық болмыстың қуатты серпінін танытты. Бұл орайда, Сырдария өзенінің төменгі ағысы мен Арал теңізі жағалау атырабындағы Қазалы өңірінің түлегі, бұл күндері Отанымыздағы көрнекті зиялыларымыздың қатарындағы танымал ғалым-ұстаздың бірі Алпысбай Мұсалұлы Мұсаевтың өнегелі тұлғасын даралап бағалаймыз.

Ол 1948 жылы қарашаның 3-ші жұлдызында Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы «Дихан» ұжымшарындағы қызметкер отбасында дүниеге келген. Қазақ өркениетінің байырғы мекенінде ата-бабаларымыздың өнегелі мұрагерлері ата-анасының, мектепте оқытқан ұстаздарының ұлағатымен өсіп ержетті. Ол 1966 жылы Қазақстан темір жолының Қазалы станциясындағы №420 қазақ орта мектебін бітіріп, Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетінде (1966-1970ж.ж.) филология мамандығы бойынша жоғары білім алды.

Қазалы қаласындағы №17 Ғани Мұратбаев атындағы қазақ орта мектебіндегі мұғалімдік (1970ж.) қызметімен еңбек жолын бастады. Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышын өтеп оралғаннан кейін мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары,

комсомол, партия органдарының жауапты қызметкері, облыстық «Орал өңірі» газетінде еңбек жолын жалғастырды.

Профессор Алпысбай Мұсаевтың ғылыми-шығармашылық қызметі ХХ ғасырдың 80-жылдардың басынан А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтымен тығыз байланысты болды. Профессор М.М.Тілеужанов жетекшілік ететін қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында оқытушылық қызметін бастап, қазақ сатирасы мен юморының теориялық мәселелерін зерттеулер бойынша ізденістер жасады. «Қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын қорғап (1990 ж.), аталған институтта оқытушы, аға оқытушы, доцент (1992 ж.), қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (1992-1996 жж) қызметтері бойынша абыройлы еңбек етті.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырып, Әбу Нәсір Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің мерзімді баспасөз кафедрасында профессор Т.Қожакеевтің жетекшілігімен докторантуралық дайындықтан өтіп, қазіргі қазақ сатирасының өзекті теориялық мәселелерін кешенді камтып қарастырды. Көрнекті ғалым-ұстаз Темірбек Қожакеевтің ғылыми жетекшілігімен «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960-1990 жылдар)» деген тақырыпта Қазақтың Әбу Нәсір Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің мамандандырылған кеңсінде докторлық диссертациясын қорғады (1999 ж.). Одан кейін Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры академиялық атағын алып (1999 ж.), Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (2000-2003 жж.) болды.

Ғылыми-педагогикалық қызмет барысында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарды. Ал, қазіргі кезде Гуманитарлық зерттеулер институтының директоры қызметі бойынша еңбек етіп жүр. Бұл институт ғылымды, білімді интеграциялау, гуманитарлық бағыттағы ірі ғылыми мектеп қалыптастыру, іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын, өңірлік және жалпы мемлекеттік бағдарлы кешенді ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында құрылған болатын. Университет жанынан құрылған осы Гуманитарлық зерттеулер институты оқу ордасының білім, ғылым саласындағы іргелі жетістіктерін танытып отыр. Сонымен бірге, әлемдік, отандық ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің тандаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды

қорын жасауды, ғылыми білім-біліктілікті кеңінен насихаттауды басты қағида ретінде ұстауымен де ерекшеленеді. Ұжымның ғылыми қызметкерлері мемлекеттік және аймақтық маңызы бар кешенді ғылыми бағдарламаларға қатысуда және мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі кездегі ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін жасау бағдарында нәтижелі жұмыстар жүргізуді жүзеге асырып келеді. Соның нәтижесінде институт облыстық әкімшілік пен мәдениет басқармасының «Мәдени мұра» бағдарламасының грантын әлденеше рет иеленді, іргелі ғылыми жобаларға қатысып жүр.

Профессор Мұсаев А.М. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен өмірге келген «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Ақтөбе облысының Әйтеке би, Қобда, Мұғалжар, Алға, Байғанин, Ойыл, Қарғалы, Мәртөк аудандарының этномәдени мұрасын зерттеу – жинақтау бағытында өзінің басшылығымен бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырды. Осы жұмыстарда өзінің тәжірибелі маман, білікті ұйымдастырушылық қабілетін байқатты, тиянақты еңбек ету өнегесін танытты.

Алпысбай Мұсаев – көптеген монографиялар мен оқу құралдарының, әдістемелік нұсқаулардың авторы. Олар мыналар: «Қазіргі қазақ сатирасы» (монография, Алматы.: «Ана тілі» 1993), «Поэтика казахской сатиры» (учебное пособие Алматы.: изд. «Санат» 1997), «Жанды жүйе» (оқу құралы Алматы.: «Білім» баспасы, 2002), «Рух бостандығының жыршысы» (монография, Ақтөбе, 2007 ж.), «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» (зерттеу еңбегі Ақтөбе, 2006 ж.), «Көркемдік кестесі» (әдеби зерттеулер Ақтөбе, 2007), «Көркем шығармадағы сатира» (оқу құралы Ақтөбе, 2007), «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені» (оқу құралы Ақтөбе, 2007), «Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы» (1960-1970 жж), «Тарази тағылымы» (Монография, Астана 2009 ж. Фолиант), «Қанатты қаламгер» (Монография, Ақтөбе 2010 ж), «Әдебиет пірімдері» (әдеби зерттеулер, мақалалар жинағы, Ақтөбе 2011 ж), «Мәңгі өлмес күлкі» (Монография, Алматы 2012 ж. Жазушы баспасы). Жинақтап айтқанда, жалпы көлемі 150 баспа табақтан аса ғылыми-зерттеу еңбектері - оның тынымсыз ізденістерінің нәтижелері. Көптеген мақалалары ағылшын, араб тілдерінде жарық көрді. Халықаралық, республикалық, аймақтық конференциялар мен симпозиумдарға қатынасып, қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдар салаларының көкейкесті мәселелері бойынша баяндамалар (Орал 1988, 1991, 1998, 2003, 2004, 2005, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011; Алматы 2003, 2006, 2011; Орынбор 1992, Санкт-Петербург

1994, Атырау 2007, Ақтөбе 1990, 2003, 2004, 2005, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011, 2012, 2013, 2014, 2015, 2016, 2017 жж.) жасады.

Кейінгі жылдары профессор Алпысбай Мұсаев шет елдердің ғылыми ортасына таныла бастады. ЮНЕСКО орталығында тағылымдамалардан өтіп, Франция, Австрия, Италия университеттерінде дәріс оқыды, еңбектері шет ел баспаларында жарық көрді. “The poetics of Humor in Kazakh children’s prose” (Bulletin d’EUROTALENT-FIDJIP, 2015 N6, Paris, France), “Poetics of satirical image” («Literature, Language and culture influenced by globalization», Monograph, Vienna, 2015 Volume), “The poetics of satire in Kazakh stories” (The Seventh European Conference on Languages Literature and Linguistics 14th June 2015 Vien, Austria), “Қазақ әңгімелеріндегі сатира поэтикасы” (The Seventh European Conference on Languages, literature and linguistics. Vienna. 2015), “Word about the poet ZharaskanAbdrashev” (Монография. Австрия, Вена, 2016 ж.), “Poetics of satire” (Париж, ЖИПТО баспасы, 2016 ж.) т.б. оқулықтары мен монографиялары шет елдерінде жарық көрді.

Ғылыми-педагогикалық нәтижелері де ұстаз-ғалымның мәртебелі еңбегінің жетістіктер қатарын құрайды. 2009 жылы профессор А.Мұсаевтың таңдамалы еңбектерінің III томдығы жарыққа шықты («Білім» баспасы, Алматы, 2009 жыл). Сонымен бірге, Мұсаев А.М. 1996 жылы Қазақстан Республикасының Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды. 2015 жылы Францияның Конкорд Академиясының мүше-корреспонденті болды (Франция, Париж). 2017 жылдың мамыр айында Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі болып сайланды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаев – қазақ әдебиеттану ғылымының сатира мен юмор саласы бойынша республикадағы бірден-бір жетекші маман. Еңбек өтілі жылдарында ізденушілер мен аспиранттардың, магистранттардың диссертациялық жұмыстарына үнемі жетекшілік етеді. Оқу үдерісінде қазақ әдебиеті тарихының қазіргі кезеңі сияқты күрделі пәндер мен арнаулы курс, арнаулы семинарлар жүргізеді. Оқыған дәрістері жоғары мектеп талаптарына сай, өзінің теориялық тереңдігімен, ғылыми жүйелілігімен, танымдылығымен білімгерлердің сапалы білім алуына елеулі ықпал жасауымен маңызды.

Тәрбиеші-тәлімгер, ғалым-ұстаз өзінің әдеби үдеріс дамуына арналған сергек қаламгерлік қабілетімен де ерекшеленеді. Оның әдеби-сын, прозалық және поэзиялық туындылары мерзімді баспасөзде жариялаумен келеді. «Дария жыры» («Жалын» баспасы 1981 ж), «Жыр бесік» («Жалын», 1983 ж) ұжымдық жинақтарда, таңдамалы өлеңдері

«Телқоңыр» атты («Өлке» баспасы, 1997) жеке жинақ болып жарық көрген. «The bells of my heart» («Жүрегімнің қоңыраулары») өлеңдер жинағы – Вена, «East West» баспасы, 2016 ж.) шетел тілінде басылған. Кезінде Қазақстан комсомолының 60 жылдығына арналған байқауында «Алау» поэмасы ынталандыру сыйлығына ие болған еді.

Ғалым үнемі оқу орындарымен бірлесіп еңбек етуде. Оның басшылығымен мектеп оқушыларының ғылыми жобалары да орындалып жүр. Жобалардың көпшілігі республикалық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Көп жылдың жемісті ғылыми-педагогикалық еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы Білім беру саласының үздігі» белгісімен марапатталған. Алпысбай Мұсаевтың есімі Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі шығарған «Қазақ әдебиеті» («Аруна» баспасы, Алматы 2005 ж.) энциклопедиясына, Қазақстан Жоғарғы мектеп энциклопедиясына (Алматы 2001 ж.), Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясына (Алматы, 2002 ж.), Қазақстан әдебиеттанушылары энциклопедиясына (Алматы, 2013) енуімен де елеулі мәртебені байқатады.

Ол - Қазалы қаласының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанып, медальмен марапатталғаны да жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу жолында жемісті еңбек етіп келе жатқан ұстаз-ғалымның еңселі тұлғасын дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, Отанымыздың жоғары білім беру жүйесіндегі ғылыми-педагогикалық жемісті еңбегімен, берекелі тұрмыс салтанатын құрған отбасындағы отағасылық қызметімен, отандық әдебиеттану ғылымының өркениет кеңістігіндегі әлеуетін танытқан ғалымдығымен, білікті басшылық-ұйымдастырушылық қабілетімен – тіршіліктің жетінші белесіне көтерілген ғалым замандасымыз – Алпысбай Мұсаев - біздің рухани биіктіктерімізді танытатын көрнекті тұлға. Оның өнегелі өмір өркені – қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін өнегелі, мәртебелі ұлағат көрсеткіші.

**ПРОФЕССОР А. МҰСАЕВ ЖӘНЕ
ӘЙТЕКЕ БИ АЙМАҒЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МҰРАСЫ**

Мұрат Сабыр

**Филология ғылымдарының докторы, профессор
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Орал қ.**

Бүгінде тамырын тереңнен тартқан, діңі құлаш жетпес бәйтеректей ұлы дала төсінде нық орнап, жасыл жапырағын кеңге жайып, көлеңкесіне ел қондырып, саясынан шәкірттер сая тапқан профессор А.Мұсаев туралы мақтау марапаттан гөрі ғылыми шығармашылық жолын сараптаған жөн. Кейінгі ұрпаққа қалар рухани дүние ғалымның хаты емес пе. Жазушы Әкім Таразидың сөзінше айтсақ «ұлттық әдебиетімізді зерттеудің жаңа жолын қалыптастырып жүрген терең ойлы, парасатты, білімді азамат» Алпекеңнің ғылыми жолы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтымен тығыз байланысты. 1980 жылдардан профессор М.М.Тілеужанов жетекшілігімен қазақ сатирасы мен юморының теориялық мәселелерімен айналысты. «Қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын 1990 жылы табысты қорғап шығады. 1992-1996 жылдары институтта қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды. 1996 жылдың қыркүйек айынан бастап бірыңғай ғылыми жұмысқа ауысып, профессор Т.Қожакеевтің жетекшілігімен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде докторантуралық дайындықтан өтіп, өзінің ғылыми біліктілігін шыңдайды. 1999 жылы «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960-1990 жылдар)» деген тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғайды.

Алпысбай ағамыздың ғылыми- педагогикалық жолын екі кезеңге бөліп қарауға болады. Біріншісі - Орал кезеңі. Үлкен ғылымға аяқ басқан мәртебелі жылдар. Екіншісі-Ақтөбе кезеңі. Шығармашылық шабыттың талмас тұлпарына мініп, іргелі ғылыми тақырыптарға барып, шоң шығармалар, мол монографиялар жазылған, өте өнімді кезең. Бүгінгі ұлы дала төсінде егін орған дала кемесіндей ғалым-қаламгер қазақ әдебиеті ғылымына мол олжа салуда. Біз, Алпекеңнің Ақтөбе өңірінің тарихи-мәдени мұраларын зерттеудегі ұшан теңіз еңбегіне тоқталып өткіміз келіп отыр. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті Гуманитарлық зерттеулер институты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша іргелі істер

атқарып, мол мәден мұраны ғылыми айналымға қосты. Профессор А. Мұсаев осы бір келелі істің басында жүріп, Президенттің бастамасымен өмірге келген «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Ақтөбе облысының Әйтеке би, Қобда, Мұғалжар, Алға, Байғанин, Ойыл аудандарының этномәдени мұрасын зерттеу, жинақтау бағытын да бірнеше ғылыми экспедицияларға шығып, зерттеу жұмыстарын ұйымдастырды. Экспедиция жетекшісі ретінде алынған мәліметтерді хатқа түсіріп, ғылыми сипат беруде Алпысбай Мұсаевтың еңбегі зор. 2006 жылы жарияланған «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» атты көлемді еңбек қазақ руханиятына қосылған зор үлес.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев кезекті жолдауының «Мәдени-тарихи мұраны сақтау» туралы бөлімде: «Біріншіден, халықтың орасан зор мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттың мәдениетін, фольклорын, дәстүрлер мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау...Үшіншіден, ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту және кеңейтілген көркем, ғылыми, өмірбаяндық дестелер жасау»-деп атап көрсеткен еді. Осы ұстанымды басшылыққа алған экспедиция кең көлемде зерттеу жүргізе отырып, қазақ қоғамындағы билер институтының тарихи тамырларын іздестірді. Кіші жүз жеріндегі төбе би Әйтекеден бастап, кенже би Былшыққа дейінгі би-шешендерді түгендеп, ердің құнын бір ауыз сөзбен шешкен дала Демосфендерінің өнегелі өмірін ұрпаққа паш ете білді. Осы кітаптың билер мен шешендер тарауында Әйтеке би, Қисық би, Келаман би, Әбет би, Былшық би, Қарадос билер жайында мол ақпарат берілген[1]. Бұрынғы кеңестік дәуірде «хан дегеніміз – халықтың қанын сорушы, би дегеніміз-хан мен байлардың сойылын соғушы» деген тұжырымға мойын ұсынып келдік. Ал кейінгі деректерден білгеніміз: Әйтеке би аузынан батасын түспейтін, ауыл күзетіп, ас бағып отырған шал емес, үнемі ат үстінде жүретін, дау келсе шешетін, сонау шығыс ғұламаларының білімінен сусындаған, қазақтың арғы-бергі тарихын, салт-дәстүр, дала заңын терең игерген, алыс-жақын көрші елдердің мақсат-мүдесін, пиғылын жетік білетін білікті жан, жау келсе атқа мініп шабуылға шығатын батыр, қазақ қауымын жан-жақтан торлаған естек, түркіменге, Хиуа, Бұқара әмірлеріне, ежелгі жау қалмаққа елші боп бара алатын, хан атынан сөйлейтін саяси өкіл.

Қазақ «қол бастау қиын емес, көк найзалы ерің болса, көш бастау қиын емес, артыңа ерер елің болса, бәрінен шаршы топта сөз бастау қиын, тауып айтсаң мереке қылады, таппай айтсаң келеке қылады» дейді. Сөз –күдірет. Сөз-құдай. Ерді пұшпаққа жеткізетін де сөз, басын жерге түсіретін де сөз. Сөз саптап атқа мінген бидің аузына хан да

қарайды, халық та үміт күтеді, жау да сескенеді, даугер де тоқтайды. Әйтеке бидің мақсаты біреуді сөзбен тоқтатып, мұқату емес, ел бірлігі, ел қамын ойлаған ханның амандығы, қарашаның мұң-мұқтажы, қазақ жеріне жау атының тұяғын тигізбеу. Сондықтан да ол еркін сөйлейді:

Биік тұрсын десек Туымыз,
Өрт шалмасын десек нуымыз,
Біз Үш жүз керіспейік, келісейік,
Керістің арты қызыл шок.
Керісе қалсақ үшеуіміз,
Бірлік те жоқ, Елдік те жоқ.
Өзгеменен теңдік те жоқ,
Әркім бір сарып басыңа,
Аяқ асты қалармыз.

Қатыннан әрмен дауыс қып,
Қаралы жоқтау салармыз... [2].

Ал Кіші жүздің кенже биі болған Былшық би туралы мәлімет осы кітаптың келелі олжасы дер едім. Бақсайыс болысының бас биі болған Былшық бидің өнегелі өмірі, 1933 жылары асыра сілтеу тұсында Ақтөбе түрмесінде қайтыс болған қилы тағдыры туралы да мәлімет жан-жақты тұжырымдалған. Атақты «Құрманалы мен Мәриям айтысында» Құрманалы ақын:

«Балшықбай, Құламенде, Былшық биім,

Дұшпанды қарсы келген қылған майып», - деп тегін жырға қоспаса керек-ті.

Атасы басқаның арасынан дау шықпасын деп, ауылы басқаның арасынан жау шықпасын деп, ағайын арасынан әділет қашпасын деп, айналасын әбілет баспасын деп, жетімім ешқашан жыламасын деп, жерімді жау жағаламасын деп өмір сүген тарихи тұлғалардың, би-шешендердің ғибратын бүгінге жеткізген «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» кітабы тарихи танымдық, этномәдени құндылығы аса зор дүние.

Сонымен қатар бұл кітаптан оқырман бұрын соңды аса белгілі болмаған әулиелер мен киелі орындар жайлы, ағартушылар мен қоғам қайраткерлері мен ағаштан ою ойып, темірден түйін түйген шеберлер туралы, әдеби мұралар, ауыл ақындары хақында мол мәлімет алады.

Осы кітаптың аса құнды тарауының бірі- «Атаулар астары-тұнған тарих» деп аталады. Бұнда бүгінгі таңдағы аса өзекті мәселе Әйтеке би өңірінің жер-су атаулары ғылыми тұрғыда талданған. Мемлекеттік тіліміздің қоғамдық рөліне қатысты академик Ә.Т.Қайдаров: «Ең алдымен, оның тірек болар үш тағаны – жазу-сызуы, ұрпақ арасын

жалғастырар алтын көпірі, ономастикасы, терминологиясы, берік емес екендігін мойындау қажет» деп атап көрсеткен болатын[3]. Сондықтан тарихи жадыны қалпына келтіріп, тарихи сананы ояту үшін туған жердің әр сай-саласы, тау-төмпешігі, елді-мекені атауларын сақтап, кейінге жеткізу аға ұрпақтың қадірлі міндеті. Әйтеке би аймағы тұнып тұрған тарих, қазақ халқының өсіп өнген қилы тағдырын, тұрмыс, тіршілігін көрсетеді. Аюкөл, Алдияркөл, Қаражан, Тышқанбай, Кежексай, Байжанкөл, Саржанкөл, Қожамұрат көлі сияқты жайлау атаулары сол жерді мекен еткен рулар мен батыр, әулилерден сыр шертеді. Ал Мұғалжар тауының бір пұшпағы Қайрақты, Бестас, Қақпақтас, Тікелітау, Тас үңгір, Қарадыр, Үйтас табиғат көріністерін паш етіп, ат қоюдағы ұлттың шеберлігін көрсетеді. Өз басым үшін осы кітаптан тапқан бір жаңалығым «жуғы» сөзі болды. Қазір ұмытыла бастаған көне сөз. «Марал ишанның жуғысы» деген жер туралы мәлімет бар. Жуғы деп әулилердің сүйегі жуылған не жерленген жерін айтады екен. Ал Сандал төбе атауы туралы «сандалып қалған, сандалып, тоз-тоз болып, жаудың жеңілген жері деген мағынада деп халықтық этимологияға жол беріпті. Бұндай сөздердің атауын тереңнен қарастыру керек сияқты. Сандал сөзін көне сөздіктерден қарастырсақ, «ағаш, аяқ киім, шағын кеме» атаулары бар. Осы сандал сөзі қазақ ертегілерінде де, эпостық жырларда да жиі кездеседі. Самарқанбарсаң, сандал бар, Сандалдыкөр де тісімкөр («Қ. э. »). Жамбасыңабалайын, Ұстасоққансандалдай (Ер Тарғын). Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Сұлтанның артында қалған қатын-баласы туралы» атты шығармасында «сандал»сөзі кездеседі:

Баһары қаз алатын лашындай,
Бойы бар тік сандалдың ағашындай.
Мінезі, түсі, түгі дәл атасына
Ұқсапты сауысқанның баласындай .

Бұдан шығатын қорытынды ертеде Сандал төбенің бойында сандал ағашы өскен шығар. Себебі бұрынғы қазақтың тұрмыс тіршілігінде сандал ағашының қолданылғанын ауыз әдебиетінен жиі кездестіреміз.

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты –сол ұлттық кодты сақтай білу», -деп атап көрсетті[4]. Ұлттық код неге сүйенеді деген сұрақ туындайды. Сөз жоқ ұлттық кодтың басты тірегі -тіл, әдебиет, тарих, ұлттық мәдениет, этномәдени мұралар. Профессор А. Мұсаевтың жетекшілігімен жазылған «Әйтеке би аймағының

этномәдени мұрасы» атты кітап ұлттың рухани жаңғыруына қызмет ететін сапалы шығарма.

Әдебиеттер

1. Мұсаев. А. Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы. Ақтөбе, 2006ж.
2. М.Есламғалиев. «Әйтеке би»(тарихи-философиялық диалогия). Алматы: Арыс, 2003ж.
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998.
4. Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан газеті, 12 сәуір, 2017ж.

САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН САТИРАҒА САРП ЕТКЕН...

Ғайша Ниязова

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Бұрынғы А.С.Пушкин, қазіргі М.Өтемісұлы атындағы Орал педагогикалық институты қабырғасындағы жоғары мектеп педагогикалық жұмыстарын ұйымдастырушы-ұстаз М.Тілеужанов жетекшілік ететін қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында педагогтік-оқытушылық, ғылыми-шығармашылық қызметін бастағаннан-ақ сатира жанрының мәселелерімен айналысу Алпысбай аға Мұсаевтың тағдыр талайына жазылып та қойғандай еді. Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық сатира мен юмордың көкейкесті мәселелерін зерттеумен шұғылданып жүрген ұстазының ұсынысы, тікелей жетекшілігімен ғылымдағы ізбасары ретінде ұлттық күлкі табиғатын түбегейлі зерттеуге кірісіп те кетеді. Алпысбай Мұсаұлы өзінің ұстазы туралы: «Әдеби жұртшылық профессор М.Тілеужановты қазақ сатирасы мен юморының білгірі санайды. Мәкең күлкі табиғатын түбегейлі зерттеп, тиянақты пікір айтып жүр. Бұл салада, әсіресе, «Астарлы әзіл» монографиясының орны ерекше» (1.43) ,- деп, өзінің «Кемелділік кезеңі» мақаласында сатириктың зерттеу еңбектерінде қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мүсіреповтің жазушылық шеберлігін зерттеп, әсіресе юморлық дәстүрді жазушының жаңа кезеңге сай жарқырата пайдалануы жайындағы жетістіктерін тебіреніспен еске алады. Білгір ұстаз-ғалымның тікелей жетекшілік етуімен А. Мұсаев «Қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері» тақырыптағы терең ізденісті зерттеулері нәтижесінде 1990 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап шығады. Араға бес-алты жыл салып, ғылыми жұмыстарын жалғастыру мақсатында

Алматыға аттанып, Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің журналистика факультеті мерзімді баспасөз кафедрасында докторантуралық дайындықтан, өзінің ғылыми біліктілігін шыңдау кезеңінен өтеді. Ал докторанттың жетекшісі – кафедра меңгерушісі сатираның жілігін шағып, майын ішкен нөмір бірінші сатира зерттеушісі - Темірбек Қожекеевтің өзі! Алпысбай Мұсаұлының өзі айтқандай, күлкімен әшкерелеу өнерінің сан ғасырлық тарихы мен өсіп-өркендеу жолына өлшеусіз тер төгіп, ерен еңбек үлгісін танытып келе жатқан, (1.82) жарты ғасырлық ғұмырын Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінде өткізіп, ғалым-зерттеушілігін ұстаз-тәлімгерлік қызметімен шебер ұштастырған ғалым-ұстаз. Темірбек Қожекеев – өзіне де, өзгеге де талап қойғыш, жауапкершілік пен талғамның төрінен орын алмаса, ешкімді де аямайтын темірдей тәртіптің адамы. Аңыз адам! Атын атағаннан өзінде тітіреніп, бетпебет келуге қаймығатын, қашқақтап ығысып жүре беретін босбелбеу біреулер үшін одан қатал, одан тажал жоқ-ты. Ізгі жүректі, әділдіктің адал жібін аттамаған, ерен еңбегімен елге танылған ірі ғалым, іргелі еңбектердің авторы Т.Қожекеевтің шәкірті болу – біреуге – бақ, біреуге – сор. Төрт жыл жанында жүріп тәлім алып, ғылымның төріне ұмтылған ұмытылмас күндер, ұйқысыз түндердің нәтижесінде Мұсаұлы 1999жылы «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960-1990 жылдар)» тақырыбында қазақтың Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік Ұлттық университеті мамандандырылған кеңесінде докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Қазақ әдебиетіндегі сатира мен юмордың идеялық көркемдік проблемаларын зерттеген М.Тілеужанов, сатира жанрын зерттеуге тұңғыш түрен салып, қазақ сатирасының тарихын, теориясы мен тәжірибесін негіздеп берген Т.Қожекеев сынды қос ғұламадан тәлім алып, өзі де саналы ғұмырын сатираға сарп етіп жүрген А.Мұсаұлы феномені сатирада ұстаздарымен ошақтың үш бұтындай ұштасқан мызғымас ұштаған десек болады. Ол қазақ сатирасына сүбелі үлес қосып жүрген бүгінгі таңдағы бірден-бір сатира зерттеушісі, әдебиеттану ғылымында сатира мен юмор саласы бойынша республикадағы бірден-бір жетекші маман. Өзгелерін айтпағанда, сатира саласындағы зерттеулерінің өзі: «Қазіргі қазақ сатирасы» (монография, 1993), «Поэтика казахской сатиры» (учебное пособие, 1997), «Жанды жүйе» (оқу құралы, 2001), «Тарази тағылымы» (монография, 2014), «Қанатты қаламгер» (монография, 2014), «Мәңгі өлмес күлкі» (монография, 2012) - әрқайсысы қадау-қадау, кесек туынды, іргелі зерттеулер. Қазіргі қазақ прозасы сатиралық емес туындыларындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері бағытындағы зерттеулерінде кейіпкер

бейнесін ашатын сатираның түрлі саласын, соның ішінде күлкі мәселесін саралайды.

А.Мұсаұлы төл әдебиетіміздегі ұлттық мінез, ұлттық психологиямыздағы кейбір тоғышарлық қылықтарды әшкерелеу мәселелерін сөз еткенде, Ә.Нұршайықов, Ә.Тарази, Ж.Молдағалиев, Т.Нұрмағамбетов, Ғ.Домбаев, Т.Әбдіков, Д.Исабеков, М.Байғұтов, С.Досым, М.Қаназов шығармаларына иек артып, нақты зерттеу объектілерін табады. Әзіл-сықақ кейіпкерін жазушылардың әңгіме, повесть, романдары, әдеби-сын, публицистикалық мақалаларынан авторды толғандыратын ойға орай күлкі объектілерін тауып, күлдіру тәсілдерін де іздеп табу, оның ерекшеліктерін жүйелеп зерттеумен шұғылданады. Адамгершілік болмысқа үлкен нұқсан келтіріп, рухани мүгедектікке ұрындыратын мансапқорлық, бюрократизм, қулық-сұмдық, сөзуарлық тәрізді адам бойындағы күнгірт, көлеңкелі мінез-қылықтарды тауып, бүгінгі моральдық сипатымызға сыйыспайтын селкостықты, жағымпаздықты, менмендікті көркем шығармадан тауып, образдық талдаулар жасайды. Филология ғылымдарының докторы, профессор А.Мұсаевтың зерттеулерінің біз үшін маңызы зор, орны бөлек.

Санаулы ғұмырында күдіретті қаламының күшімен күллі қазақ жұртының санасына серпіліс беріп, халық ағарту ісіне үлкен үлес қосқан жерлесіміз, сатирик-жазушы Жиенғали Тілепбергенұлының сатиралық туындыларын зерттеу үстінде сатира жанрының теориясын қалыптастырған ғалым Т.Қожекеев пен сатира зерттеушісі ғалым А.Мұсаевтың еңбектеріне жүгініп, ой-пікірлеріне иек артып отырамыз. Қаламын қару етіп, кеңестік саясаттың солақай тұсы мен сол кездегі қоғамның ащы шындығын әшкере еткен қаламгердің уытты шығармашылығына талдау жасау, тағылымы мен тәрбиесіне ден қою бүгінгі таңдағы етек алып бара жатқан қоғамдағы қайшылықтар мен келеңсіздіктерге тосқауыл қоюда таптырмайтын құрал десек болады. Өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілін сатира десек, Жиенғалидың да парақорлық пен тоғышарлық, мансапқорлық пен дүниеқоңыздықты әшкерелейтін оған қарсы жұмсайтын семсері - сатира. Суреткер ел ортасында жүріп, өзі куә болған күнделікті тұрмыстың олқылық тұстары мен қоғамның қитұрқы қылықтары жайлы көптің шымбайына батырып қалам тербейді. Әсіресе, кейіпкерлерінің атын атап, түсін түстеп астарында зіл жатқан әзіл-шынымен шымшып жазған фельетондары газет беттерінде көп жарияланады. Шындықты шегелеп жазған жазушының өткір тілі кейіпкердің өңмеңінен өтіп, олқылықтар мен кемшіліктерге тісін

қайрайды. Өмірдегі немесе адам мінезіндегі негізсіздікті, Чернышевский айтқандай, “сырты бүркелген ішкі күйкілік пен қуыс кеуделікті”, жалпы қоғам тіршілігіндегі кедергі мен кесел атаулының бәрін күлкімен түйреп, жерлеп отырады. Бұл ретте, жазушы қолданған күлкі – өмірдегі ескі мен жаңаның арасында болып жатқан күрестің жауынгерлік құралы. Жиенғали қаламынан туған оқшау сөздер, фельетондар мен сатиралық суреттемелер қоғамдағы ең бір кетеуі кетіп, асқынған тақырыпты алады. Сол асқынған қоғамдық азғындаудың себепшілерін тауып, бейнелеп халық алдына ұсынады. Оның жасаған кейіпкерлері оқушы санасынан мықтап орын алды. Мәселен, адам бойындағы жағымсыз қасиет, қиқар мінез, қиғаш іс-әрекет сынды кемшін тұстарды Қалман образына жүктеп, сол арқылы оқушыға мұндай адам болмау керек екенін ұғындырады. Қаламгердің қай сатиралық шығармасында болмасын қылығымен елді бүлдіріп, ала қойды бөле қырқып, жұрт еңбегінің үстінен күн көріп жүрген, арамдықпен адалдың ырыздығын жонып жеуге құштар келеңсіз кейіпкерлер көп. Әйтсе де автор бұл адамдарды «мынау арсыз», «мынау ұры» немесе «мынау арамза» деп түртіп көрсетпейді, түстеп таныстырып жатпайды... Жанр табиғатын талдап та, танытып та жүрген сатира білгірі, ғалым А.Мұсаевтың: "Жағымсыз мінезді адамның түр түсінен я болмаса лауазымынан, я жұрыс-тұрысынан іздемейді, керісінше кісінің өзгеріске түскіш қалыбынан, "әсіре қызыл тез оңар" демекші – бояма, қолдан жасалған, қыңыр, кесапат қылығынан тауып, бір жағы еріксіз езу тартқызып, бір жағы кісіні мұңға батырып, іштей толықтырып отыруға шебер" (2.149), – деген пікірі Ж.Тілепбергенұлының сатиралық шеберлігіне де арналып тұрғандай. «Ауруын жасырған өледі» деп қоғамды ілгері бастыруға кедергілерді сатириктің өткір көзі көріп, оны түзетуге, кемшілікті қайталамауға, жоюға септігін тигізсе, автор мақсатының мәреге жеткені деп білеміз. Қаламгер ешкімді тырнақ астынан кір тауып, заңға қайшы қылмыскерсің деп мойындатып жатпайды, оның міндеті – адалдыққа ұйытып, жақсылыққа бағыттап, дұрыс жолды нұсқау ғана.

Ұлттық мінезіміз бен психологиямыздағы тоғышарлық қылықтарды әшкерелеу Жиенғали қаламына да тән. «Сыр бойында» жарияланған «Қызыл танау» сатиралық әңгімесінде науқан кезінде ұйымдастыру жұмысымен шұғылданудың орнына, қағаз арқылы басшылық етудің төрешілдік әдісі әжуаланады. Бірақ, шығарма неліктен «Қызыл танау» деп аталған? Осындай да қазақтың ат қосып, жүйрік салған ата-дәстүрі ойымызға оралады. «Жүйрікте де жүйрік бар қазанат орны бір басқа» дегендей, жарысқа түскен жүйріктің, алысқа шапқан жорғаның алдын бермей небір дүлдүлдер қатты шауып

зорығып шаршағанда мұрнынан қан кететін кездері болған. Алыстан шауып келе жатқан жүйріктің танауының даладай қан болғанын көргендер «қызыл танау» деп таңданатын болған. Жиенғали Тілепбергенұлы осы тіркесті сүргінге түсіп, сүрнігіп есепсіз қағаз жазғыштар қылуасына тақырып қылып алуы таңғаларлық.«Қызыл танау» сатиралық суреттемесі қызыл танау болып екпіндеп, еңтігіп жүрген жандарды суреттеуден басталады. Шығарма басталғаннан-ақ кейіпкерлердің қарбалас өмірі көз алдыға келеді. Жазушының жазу шеберлігі сол: әңгімеге ілесе отырып, өзінің қалай асығып-үсігіп оқығаныңды сезбей де қаласың. Дикан, шаруа, кедей, батырақ, жалшы, малай, қатын-қалаш, кемпір-шалдың жиналыс та жиналыс, қаулы да қаулы, айқай да ұран, бір күні тұқымтазалау, бір күні машинаондау,ескі-құсқы, мәдениет жорығы – қызыл танау болмайтын күн кемде-кем. Сатиралық әңгіменің өзектілігі де сонда, тіпті бүгінгі күннің сипатын, қағазбастылық пен құрғақ қағазды төпей беруді шенеген. Кез-келген мекемедегі қарбалас, срочно бұйрықтар, жоғарыға берілетін сведение, құмдай борап, қарша жауатын қағаздар, мекемеден мекемеге бораған бұйрықтар, үлгі, нұсқаулар, шабу да шабу, жазу да сызу, «срошно», «спешно» түрде орындау, болмаса сот пен от. Орынсыз қағаз жазумен өмір өткізіп, іс істеуге қолы тимеу, күніге бір құбылып, үлгі беріп жұртты орынсыз қызыл танау қылып жолдан қалдыру ащы кекесінмен, мысқылмен жазылған.

Шығармаға назар аударсақ. «Бұл күнде қағаз да қызыл танау болып, қарша жауатын болып кетті. Окрколхоздан февральдың бас кезінде асығып,үсігіп, екпіндеп, қызыл танау боп бір қағаз жетті. Соның біреуі ұшып отырып, Қармақшы ауданының колхоз бастығы Түлен ұлы товарыштың қолына қоныпты. «Орасан тығыз», «3 күн ішінде», «бітірмесе сот», «орнынан алынады» деген қызыл танау қағаздарға жауап беріп, колхоз тізімі енді біткен шығар деп, өкілдер "уф" деп демін ала бергенде, «40 сызықты үлгі» тағы сап етеді. Бұрынғы берілген үлгі толық емес, мынаумен қайта тізім жасаңыз деген «орасан тығыз» деп жазылған бір жапырақ қағазы мойнына қосақталып тұр. Енді не тұрыс бар? «Бұларың қалай?» дейтін не жай бар! Тағы шабуыл, тағы жазу, жұрт тағы қызыл танау...

Күн қатып, түн қатып «40 сызықты» 18 февральда бітіріп бола бергенде, тағы бір «53-сызықты қызыл танау үлгі» жетіп-ақ келді. Мұның да мойнында қос ат, артында тіркеу: «үш күн ішінде бітіруге, бітірмесе сот, орнынан алынады» деп айғай салып тұр. Тағы шабуыл, тағы қызыл танау. Тізім.

– Кәне, Кәрім, атың нешеу?

– Екеу.

- Нешеуі еркек, нешеуі ұрғашы?
- Ал, Боздақ, бураң нешеу?
- Біреу.
- Нешеуі еркек, нешеуі ұрғашы?
- Терлікбай, товарищ, текең нешеу?
- Үшеу.
- Нешеуі ерке, нешеуі ұрғашы?

Сонда бір батрак:

– Жолдас-ау, бура мен текенің еркек ұрғашысын сұрап жолдан қалдырғаның қалай? – деп бадырайтып бетіне айтыпты.

– Қайтейін, үлгі солай. Өзім де асығып отырмын. Қолыма 24 февральда тиді. 25-не бітірмесем, сотқа кетем... – дейді өкіл мен ауылнай (3.77). Сатирик жан алғыш суық сөздермен сүргін салған, адамдарды қызыл танау қылған қағазбастылық мәселесін өткір тілмен, өлтіре сынаиды. Автор сатирада қағазбастылықпен қатар бірнеше мәселені қарастырады, мәселен: «Бұлармен қатар ауылдағы бай-қулақ та қызыл танау: бір күні мал жасыру, бір күні қыр асыру, бір күні сою, бір күні жою; бір күні қашып көшу, бір күні асып-сасу; бір күні баршылық, бір күні жоқшылық; бір күні қарсылық, бір күні конфиске, бір күні қатталу, бір күні айдалу, бір күні сот, бір күні от, бір күні... әйтеуір олардың қызыл танау болмайтын күні жоқ» (3.78). Бұл жолдарды оқығанда со заманда қазақ даласында болып жатқан уақиғалар көз алдымыздан тізбектеліп өтеді. Қаламгер байлардың санақ кезіндегі малын жасыруы, қулыққа баруын әжуалап тұр. Байлар, би-болыстардың өзінің байлығын жасыру мақсатында, бар дүниесін азайтып көрсетуі, мал санын қысқартып, алып, қашып асыруы, санақ кезінде асып-сасуын автор нақты, әрі зілді әзілмен өткір жеткізген. Сатирада келесі қарастырылатын келелі тақырып – тіл мәселесі. «Болмаса, аудандарға қазақша қалам түртуді мүлдем доғарған. Жұмыстан бас ала алмай қызыл танау болып жатқан ауданға қызыл танау қағаз – переписка теңізін қапдатқан. Аудандар да оның орысшасын біле алмаған соң, амалсыз кейін қайтарады» (3.78) – дей келе, автор әлі күнге дейін өршіп тұрған, күн тәртібінің алғашқы тақырыбы қатарындағы – қазақ тілінің өткір мәселесінің өзектілігін де көрсетіп кетеді. Сол кезден-ақ тіл мәселесінің тиісті деңгейде болмауы, аудан, қала деңгейінде тек орыс тілінің жүргені, ауылдарға келетін ақпараттық хаттардың орыс тілінде болып, ауыл тұрғындары оны қазақ тіліне аударып алмай қиналып, мәжбүрлі түрде кейін қайтаратын жағдаяттарды қаламгер айшықты тілмен, анық жеткізеді. Бірақ, шығарма аяғына қарай Жиенғали Тілепбергенұлы: «ОқрКАКА, РКИ бұл қылықты барып тұрған төрешілдік, волокита деп тауып,

6 март күні барлық мекемелерге бұйрық береді: Құрғақ қағазды төпей беруді ең соңғы шегіне дейін азайт; Қазақ ауылдарына орысша қағаз жазуды мүлдем тоқтат; Бір қатынасты бірнеше мекемеге қабатынан айдауды қойыңдар, тыңдамасаңыз жауапкер боласыз дейді»(3.81). Бұл бұйрық орынды болғанымен: «ОқрКАКА РКИ-дің (ғапу етініз) осы бұйрығының өзі орысша жазылған» (3.81) – деп, жазушы «қазақ ауылына орысша қағаз жазуды мүлдем тоқтат!» деген бұйрықтың өзі орысша жазылғанына қынжылып, қазақ тілінің қағажу көріп, ақсап тұрғанына қиналыс білдіреді. Жиырмасыншы ғасырдың 30-жылы жазылған бұл сатирадан біз Жиенғали Тілепбергенұлының шығармаларының өміршеңдігін анық аңғарамыз. Себебі, қағазбастылық та, тіл мәселесі де – әлі күнге дейін жалғасып, шешімін таба алмай келе жатқан мәселелер.

Осы орайда сатирик-жазушы Т.Құлияс өзінің "Аңыз ізімен" атты романында бас кейіпкер (Жиенғали) бейнесін, болмысын, ой-пікірін суреттей отыра, туындыларында көтерілген мәселелерді бүгінгі күн келеңсіздіктерімен ұштастырады. Бүгінгі күн жемқорларының қыңыр-қисық жағымсыз қылықтарын аяусыз әшкерелейді. Жазушыға сөз берсек: "Сатира сарбазы Жиенғалидың «Қызыл танауы» бүгінде «Көк танау» боп оңды-солды зулап жүр. Халық арасында бөрі терісін жамылған сұм-сұрқия кулар жүр. Жеп қойды, ұрлап қойды, қағып кетті, олжалап шетелге лағып кетті деп заң орнының заржақтары шулап жүр. «Шамның жарығы түбіне түспей ме», Астанада ұйымдасқан жемқор ойына келгенін істей ме, кеше ғана бір Сымпи адам сықылды тымпиып жүріп, арақ-ажалды заңсыз өндіріп, үш миллионға жуық пайданы қалтаға басқан. Бетпе-бетте бетіндегі қылмыскерлік күйені де сұртпей, заңдылықты айтса саспайды, «шатырым бар» деп қақсайды. Көк танау боп көлгірсіп, жұрт жағдайын білгірсіп, Астанада маңдайына шаң жұқпайтынын айтып, лауазымды адамдар да құптағайтынын дәлелге келтіріп, кекірек атып желпініп, алдампаз Қымпи сұрқия құрылыс салатын жер телімдерін заңдандыруға бес шаруаны алдап, он жеті миллион қаржыны параға алып, зым-зия зытпақ болған. Қаладағы екі жүз қырық бес тұрғын үй нысандарындағы белгілі қаржыны үптесем деп, «Көк танау» болатын, қашып құтылсам дейтін, пәтер алғыштарды алдап-алдап ұтып басқа жаққа сытылсам дейтіндердің барлығына таңданбай-ақ қойыңыз", (4. 51)

Асылы, Жиенғали Тілепбергенұлының қаламгерлік ерекшелігі– көрген кемшілігі мен келеңсіз істерді жедел жазып, газет арқылы әшкерелеп, оны тезге салып түзетуді мақсат тұтқаны. Оның қаламына қуатты қару еткені – сатира.

Әрбір халықтың жан дүниесі оның ән-жырынан ғана емес, күлкі-сықақ, әзіл-оспағынан да көрінеді. Халықтың, елдің тарихы, мәдениеті әр дәуірдегі көңіл-күйі сатирадан да көрініс табады. Теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға шамасы келмеген кезде халық езушілерге қарсы сатира мен юмор, күлкі-сықақ арқылы күрескен. Қай жазушы, қай сатирик айтса да, жұрт ойындағы, ел ішіндегі жайсыздықтарды жазатыны хақ. М.Әуезов айтқандай, ешқашан өшпейтін мұндай жанрға дәл кеңес өкіметінің тұсындағыдай мән берілсе, сатира – ұлттық идеологияға, ортақ мүддеге қызмет ететін айбынды қаруға айналатын еді ғой... Ал, Алпысбай аға Мұсаев қазіргі қазақ әдебиетіндегі сатираны зерттеуде көш басында жеке дара тұр. Сатира зерттеушісіне айтар бір назымыз, жиырмасыншы ғасырдың басына да назар аударып, жерлесіміз Жиенғали Тілепбергенұлының туындыларына да қаламының ұшын тигізсе деген ұсыныс Бүгінгі жетпістің жотасына жастық пен жасамыстықтың бел ортасында жарқырап жанған жұлдыздай, ғылымның шыңын бағындырып, қарымды қаламыңыз мұқалмай, отбасылық бақыттан басыңыз айналып, немерелеріңіздің ақ атасы атанып, марқайып жеттіңіз. Жасарыңыз да, жазарыңыз да көп болсын!

Әдебиеттер:

1. Мұсаев А. Әдебиет иірімдері. Әдеби зерттеулер, мақалалар. – Ақтөбе: 2011. - 376 б.
2. Мұсаев А. Мәңгі өлмес күлкі. – Алматы: Жазушы, 2012. – 376б.
3. Тілепбергенұлы Ж. Шығармалар. 1-том. –Алматы: Алаш, 2005. –280б.
4. Құлияс Т. Аңыз ізімен. Роман. – Астана: Фолиант, 2009. – 472 б.

**ПРОФЕССОР АЛПЫСБАЙ МҰСАЕВ – ҚАЗАҚ
САТИРАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН
ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМ**

Мира Балтымова

**Филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбөңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Сатира – болмысқа эстетикалық қатысының өзіндік ерекшеліктері бар, өмір құбылыстарын зерттеу, көрсетуде өзіндік әдіс-құралдары, өзіне тән табиғаты, сыр-сипаты бар дербес әдебиет жанры. Сатиралық шығармаларда болмыс пен құбылыстарға баға берудің, түсіндірудің ерекше түрлері қолданылады. Қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың 60-90 жылдары қазақ сатирасы дамуының шарықтау шегі саналады. Бұл

кезенде сатира мазмұны мен пішіні, идеясы жағынан толығып, әдебиеттің кемел саласына айналды және мектептері қалыптасып, нығайды. Сатира қай дәуірдің болмасын сыншысы әрі міншісі, себебі оның қоғамда көтеретін жүгі ауыр, атқарар міндеті зор. Сатира зерттеушісі Т.Қожакеевтің де сатираны «күштілер қаруы» деп атауы соның айғағы. Қазіргі қазақ сатирасы замандастарымызды жан-жақты адам етіп жетілдіруге, тәуелсіз еліміздің алға қойған зор міндеттерін жүзеге асыруға кедергі келтіретін кері істерге қарсы күресте қарымды қаруға айналып отыр. Бүгінгі сатирада көзге түсетін тағы бір ерекшелік, ол түрі және жанры жағынан байи түсті. Бұл сатиралық роман, повестердің көбеюінен, сатиралық- лирикалық комедиялардың сахналардан тұрақты орын алуынан, юморлық-сатиралық әңгімелердің, фельетон сияқты жаңа түрлердің әдебиет сахнасында көрінуінен байқалады. Қазіргі қазақ сатирасы бүгінгі санасы, психологиясы, әлеуметтік тұрмыс-жағдайы, ортасы, өзара қарым-қатынасының сыр-сипаты өзгерген күрделі адамның тынысын тап басып тануға, ішкі жан дүниесін терең ашуға, көңіл көзін көре білуге ұмтылады. Сатира ірі нысананы, үлкен мәселені, салмақты ойды керек етеді. Бұл ретте ғалым А.М.Мұсаев сатираның қасиеті туралы: «Сатиралық әдіс – өмірдегі құбылыстардың зияндылығын, кеселділігін баяндай отыра, оларды жоқ етуді, өмірден ығыстырып шығаруды талап етеді. Ал юмордағы жағдай бұдан басқарак. Оның қолданылатын тақырыптары – қоғамға зиянсыз, бірақ оның алға қарай-қарыштап дамуына, аз да болса, кеселін тигізетін ақаулар, сонымен бірге адамның жеке басындағы кемшіліктер, оның өмір ағымынан қалып қоюшылығы, түсінбестігі, характеріндегі толып жатқан – келеңсіздіктер», - деп келтіреді [1].

Қазақ әдебиеттануында сатира жанрын зерттеу мәселесі ХХ ғасырдың 50-жылдарының соңында басталды, ал 70- жылдары әдебиет зерттеушілері сатира тарихына тереңдеп ене бастады. Бұл орайда ғалымдар Т.Қожакеев, М.Тілеужанов еңбектерінде көптеген материалдар белгілі жүйеге түсіріліп, жекелеген жазушылардың еңбектері талданып, сатиралық және юморлық шығармалардың алдағы мүмкіншіліктері анық көрсетілген. Ал қазақ сатирасының ХХ ғасырдағы 60-90 жылдарындағы тыныс-тіршілігі туралы зерттеулер филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаевтың еңбектерінен орын алады. Зерттеуші 1990 жылы «Қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық, 1999 жылы «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960-1990 жылдар)» деген тақырыпта докторлық диссертацияларын қорғап, ғылыми

зерттеулерінің теориялық негіздерін жоғары оқу орындарында іс жүзінде қолданысқа енгізіп келеді. Профессор А.М.Мұсаев «Қазіргі қазақ сатирасы» (1993), «Поэтика казахской сатиры» (1997), «Жанды жүйе» (2002), «Көркем шығармадағы сатира» (2007), «Тарази тағылымы» (2008) атты әр жылдары жарық көрген монографиялары мен оқу құралдарында қазақ сатиратануының қалыптасып, даму жолдары, белгілі сатирик, юморист қаламгерлер шығармашылығы жөнінде індетте зерттеп, қазақ прозасындағы сатира поэтикасы туралы тағылымды ойлар айтады. Ғалымның бұл зерттеулері магистранттар мен студенттерге арналған «Көркем шығармадағы сатира» атты арнаулы пән түрінде бірнеше жылдан бері оқытылып келеді. Аталмыш еңбектерінде зерттеуші қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі сатиралық туындылардың жанрлық-стильдік көп қырлылық қасиеттеріндегі проблемаларды, сатира мен юмордың қоғамдағы алатын орнын, олардың ерекше функцияларын ашып көрсете отырып, 1960-90 жылдардағы прозалық шығармалардың көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін, ондағы күлкі феномендерінің табиғатын халықтық дәстүрмен диалектикалық бірлікте қарайды, поэтика туралы зерттеулерді жүйелей отырып, қаламгерлердің шеберлік қырларын, көркемдік тәсіл-амалдарын айқындап, әдебиетіміздегі сатираның дәстүр жалғастығын пайымдайды, қазақ ирониялық прозасындағы комизм табиғатын айқындап, олардың принциптері мен эстетикалық құралдарын нақтылайды, жазушы позициясының мәнін, образ бен сюжеттің қызметін ашып, баяндау түрлері мен шығарма мазмұнының формасы мен өзара бірлігін анықтайды, балалар прозасындағы күлкі рендерін, көркем деталь жүйесін тығыз байланыста зерттейді. Қазақ әңгімелеріндегі, повестері мен романдарындағы сатира мен юмор поэтикасын зерттей отырып, ғалым қазақ әдебиетіндегі сатира шеберлері Ә.Таразидің, Т.Нұрмағанбетовтың, Д.Исабековтың, Қ.Ысқақовтың, О.Әубәкіровтің, Ү.Уайдиннің шығармаларына талдау жасап, хронологиялық жүйемен, идеялық, тақырыптық жанрлық ерекшеліктерімен диалектикалық бірлікте қарастырылады. Белгілі әдебиеттанушылардың бірі Т.Кәкішев: «Қазақ әдебиеттану ғылымында көп назарға түспей, көп әңгіме болмай жүрген келелі мәселелердің бірі – сатира жайы. Осы орайда А.Мұсаев ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ прозасына жаңа түр мен дәстүр алып келген сатира поэтикасын жаңаша толғап ғылыми ой жүйесінен өткізіп отыр. 60-90 жылдардағы қазақ прозасында күлкімен әшкерелеу өнерінің өріс алымын зерттеп, қазақ әдебиеті тарихында өзіне тән ерекшелікпен көрінгенін бағамдайды», - деп зерттеушінің тынымсыз еңбегіне баға береді. А.Мұсаев сатиралық шығармаларға өзек болып, сатиралық

образдардың жасалуына әсер ететін қоғамдағы мерездерді тоғышарлық тамырларына балап, оларды: экономикалық, ұйымдастырушылық, идеологиялық деп үшке бөледі. Содан кейін осы үш басты қоғам жауының тізбегін тақатады, экономикалық тамырына қоғамдық-экономикалық дамудың өткір қайшылықтарын, халықтың материалдық сұранысын қанағаттандырмауды, әлеуметтік әділеттілік принциптерінің бұзылуын, экономикалық дамуымыздағы әсіре-әміршілдік пен әсіре әкімшілдікті, ал ұйымдастырушылық тамырына басқару жұмысындағы жетілмегендікті, ұйымдастыру жұмысындағы асыра сілтеушілік пен әсіре белсенділікті, адамдардың әлеуметтік, құқықтық жағынан әлсіз қорғануын, келесі идеологиялық тамырына саяси, рухани жұмыстардағы сыңаржақтылықты, сынға тежеу және жариялық принциптерінің бұзылуын, адамдардың құқықтық және саяси мәдениетінің төмендігін, демократиялық даму принципінің жетімсіздігін, интеллектуалдық бастамалардың жоқтығын жатқызады. Зерттеуші қазақ сатирасының тамырын тереңнен, фольклордан іздейді. Басқа халықтардағы сияқты, қазақ фольклорында да сатира әр түрлі, әр текті. Бірде ол дертті бетке айтар ащы сатира болса, бірде ақыл-кеңес бере отырып, сынап-сықақтайтын дидактикалық сатира болады. Тағы бірде тақпақтай әшкерелейтін шешендік сатира түрінде көрінсе, енді бірде объектісі мен идеясы астарлап айтар аллегориялық сатира ретінде көрінетінін айтады, қазақтың шешендік сөздерін, мәңгі ескірмейтін Алдар Көсе, Қожанасыр образдарын талдайды. Қазақтың бай фольклорындағы әлемдік әдебиетке ортақ образдардың бірі – Қожанасырдың қылықтарын талдай отырып, оның «күлкісінің тағы бір қасиеті – қысқалығында, оның күлкілері байқаусызда, абайсызда бұрқ етіп шығады да, онша ұзаққа бармайды. Оның күлкісінің ұзаққа бармауының себебі, біздіңше, сол ақылдылық пен ақымақтықтың араласып кетуінен болса керек. Қожаның шын ақымақ еместігін әркім-ақ білсе керек. Өйткені, Қожа өзі ақымақ бола қалып, үшінші адамды шын ақымаққа айналдырады», - деп баға береді [1, 23].

Зерттеуші сатиралық шығармалардың арқауын ХҮІІІ- ХІХ ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясындағы уытты ащы сыни сатираға ұластыра отырып, ХХ ғасырдағы қазақ прозасына көшеді. Қазақ прозасындағы әңгімелерді талдай отырып, «әңгімедегі поэтика – ақкөңілділікпен ашық айту, бүкпесіз, бүркемелеусіз айту жолымен күлкілі ету, сынап отырып қорғау, қолдау әдісінен көрінеді. Әңгімедегі поэтика – жансызға жан бітіріп суреттеу, оған әрекет беру, тірі жандай суреттеу арқылы көрінетініне» тоқталады [1, 213].

Содан кейін сатиратанушы ғалым қазақ повестері мен романдарынан сатиралық образдар мен әдіс-тәсілдерді іздеген.

Повестегі сатира – өзгерген жаңа кезеңнің күрделі тынысынан, әлеуметтік тұрмыс-жағдайынан, кейіпкерлердің ішкі дүниесін терең ашуынан, көңіл көзін көре білуінен көрінетінін айта отырып, А.Мұсаев: «сатиралық емес роман-повестердегі көркемдік жинақтаудың ең бір типті әдісі – күлкі объектісінің маңдайынан сипап, еркелете отырып, оны достық рәуіште сынау, риясыз тәлкек ету» екенін айтады. Осы жерде сатиралық образдарды терең талдайды, оның пікірінше сатиралық образ қайшылықты негіздерден құралады. Оның сыртқы, ішкі қалыпты және белгілі уақытқа дейін жасырын түрі болады. Образдың ішкі динамикалық дамуы, оның кім екендігін анықтағанша, яғни, сыртқы «қабы» сыпырылғанша созылады. Сосын оқырман алдында өзінің бүкіл болымсыз болмысымен көрінетінін баса көрсетеді. Ғалымның пікірінше: «60-90 жылдардағы қазақ сатиралық прозасы кесек, сатиралық образ нұсқаларымен мақтана алмайды. Мұнда сатиралық кейіпкерлер күйікі тіршілік пен стереотип шеңберінің қапасында жүр. Сатиралық шығармаларда бір-бірінен аумайтын бюрократтар, мансапқорлар, алаяқтар мен арызқой - өсекшілер, маскүнемдер көшіп жүреді. Екінші кемшілік – барлық кілтпанды жағымсыз кейіпкердің ғана мінез-құлқынан іздемей, қоғамымыздағы кемшіліктердің себебін шаруашылықты басқару жүйесінен іздеген жаңа шығарманың жоқтығы». Ал ирониялық прозадағы характер – автор мен персонаждың ирониялық көзқарастарының түйіскен жерінен басталып, қалыптаса бастайды. Характердің қалыптасуына ирониялық ойлау жүйесімен бірге сатира мен юмордың бүкіл құралдары қызмет етеді. Сондықтан да ирониялық өмірлік қатынастар мен материалдарды беру мен бағалауда, дүниеге сыншыл көзқарастарды қалыптастыруда, көркем әдеби бағыт деп бағалайды [3, 45].

Сатира поэтикасы кейде алға қойған нақты міндет, мақсатымен, идеясымен ажыратылады. Жанр таңдауға автордың икем-ыңғайы да әсер етеді. Ол өзіне ыңғайлы, сыр-қырына қанық, жазып төселген жанрын қалайды. Кейде жанр автордың стильдік тенденциясына қарай таңдалады. Гротеск, гипербола, ирония, сарказмды басты құрал етіп пайдаланатын стильдік ағымдағылар памфлетке, әшкерелеуші фельетонға үйір келеді. Ал жеңіл күлкі, жылы юмор, әзіл-оспаққа, шарж бен каррикураны ыңғайлы санайтындар юморлық, комикалық жанрларды ыңғайлы көреді. А.Мұсаев ХХ ғасырдың екінші жартысындағы сатиралық шығармаларды терең талдай отырып, бұл кезеңде жазылған шығармалар мен олардың көркемдік жүйесінің басты ерекшелігі деп мыналарды атайды: бұл уақытта сатиралық емес прозадағы сатиралық әдіс пен жүйенің дамуына даңғыл жол ашылды;

сатирик-жазушыларымыз да, прозашыларымыз да қоғамның әлеуметтік-экономикалық өткір проблемаларын батыл көтерді; сатиралық өткірлеу құралдарымен қоғам дамуының саяси-әлеуметтік кемшіліктерін сынауға, әшкерелеуге қолайлы жағдай қалыптасты; сатираның тәрбиелік мәні артты, келеңсіз жағдайларды суреттеуде де жағымды күлкінің ролі көтерілді. Сонымен қатар сөзді дәстүрлі орнында қолданбай, жаңа ұғымда қолдану арқылы соны ұғым тудыру, сөзді творчестволықпен пайдалану да күлкі поэтикасының бір қыры екенін айтады. Ғалымның пайымдауынша көрсетіліп отырған кезеңдегі қазақ сатирасында жазушы сатирик мынадай әдеби-эстетикалық принциптерге табан тірейді: күнделікті өмір мен оның шындығын бейнелеуде, нақтылап суреттеуде, ондағы күлкілі жағдайлардың мәнін ашуда сатира мен юмор маңыздылығына; жазу батысында комизмнің екі басты бағытын анықтаған. Бірі – үнемі сатиралық, юморлық бояуға оранған өткір сөздер, екіншісі – күлкі шақыратын іс-әрекеттер мен қимылдарға; комизм объектісі негізінен тұрмыстық-әлеуметтік келеңсіздік екені белгілі. Соған сәйкес оның қоғамдық маңыздылығы мен мәніне қарай күлкі реңкін бағыттауға; болымсыздық пен кемшілікті сынай отырып, оның жөнделуіне, шындықтың үстемдік алатынына көз жеткізуге; халықтың түсінушілігі, шындықты тануы ғана сатира мен юморды әрі қарай дамытуға ұдайы мүмкіндік беретіндігіне тоқталады. Кейбір кемшіліктеріне қарамастан, қазіргі қазақ прозасының сатира мен юмор поэтикасындағы табыстары толассыз. Оның шығу тегі, дәстүрлік сабақтастығы, көркемдік әдістері мен құралдары, принциптері бар. Бұл кезеңдегі қазақ әдебиеті өзінің терең психологизміне өмірдің сан қырын қопарып ашуымен, адам жанының нәзік иірімдерін тап басып, жарқырата көрсетуімен, жақсылық пен жамандықтың бітіспес тартысын нанымды көрсетуімен есте қалады. Жаңа заманға, жаңа жағдайға сәйкес сатира мен юмор поэтикасы да жаңа мазмұнға ие болуда. Сатира мен юмор поэтикасының дәстүрлік сабақтастығы басқа да көркемдік компоненттерімен, жаңа тақырыптық, сюжеттік қатынастарда дамуда. Қоғамымызға, жалпы адамзатқа жат мерездерді шенеп, жазған прозалық шығармалар қоғам мүшелерін ізгілік, адамгершілік рухта тәрбиелеуде зор роль атқарады. Әлеуметтік-қоғамдық өмірімізде жаңадан көрініс тапқан тоғышарлық психология, ескі мерез әдет-қылықтармен күресу, оны күлкі өнерімен әшкерелеу жаңаша бағыт алды. Бұл әсіресе соңғы жылдарда жарық көрген прозалық шығармаларда анығырақ көрінеді. Сондықтан А.Мұсаев сатираның теориялық мәселелерін зерттеу жолындағы әріптестерімен тізе қосып, оның бір бұтағы – қазақ прозасының 60-90 жылдардағы

шығармаларындағы сатира мен юмор поэтикасын талдап, сатира мен юморды пайдалану арқылы көркемдеу кестесінің жолдарын қарастырған. Бұл өзі сайып келгенде, өмір шындығын көрсетудегі көркемдік әдістің бірі болып табылатынын көрсетеді. А.Мұсаев өз зерттеулерінде сатиралық емес қазақ прозасындағы сатира мен юмордың жанрлық-стильдік көпқырлылық қасиеттерін, проблемалық-тақырыптық және көркемдік ерекшеліктерін, қоғамдық ерекше функциясын анықтауға тырысқан. Аталған мәселелерді бұрын шығармашылығы зерттеушілердің назарына көп іліне бермеген авторлар – Т.Әлімқұлов, Ә.Тарази, М.Байғұтов, Д.Исабеков, М.Қаназов, С.Асылбеков, Л.Омарова, М.Құлкенов әңгімелерін негізге ала отырып талдаған. Сонымен қатар қазақ әдебиетінің 60-90 жылдардағы прозасында романнан бастап әңгімеге дейін жанрда сатиралық және юморлық кейіпкерлердің түрлі типтері жасалды. Бұл типтер белгілі прозашылар Ә.Нұрпейісов, Т.Әлімқұлов, Ә.Тарази, Ж.Молдағалив, Д.Досжанов, М.Сқақбаев, Т.Әбдіков, М.Сүндетов, Д.Исабековтермен бірге Т.Нұрмағанбетов, М.Байғұтов, С.Асылбеков, М.Есламғалиев, М.Құлкенов, Қ.Жиенбаев туындыларында жиі кездесетінін қарастырған. Сатираның көпқырлы қасиеттерінің бірі – оның сатиралық емес прозадағы белгілі бір елестер мен образдарды суреттеп берудің құралы, поэтикалық әдісі түрінде де қолданылатыны. Қазақ сөз өнерінің халық таныған зергерлері М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Нұрпейісовтердің көпке белгілі атышулы көптомды шығармаларының кей беттерінде сатиралық сарын сенімді ситуацияларда анық көрінеді. Аталған туындыларда сатира мен юмор поэтикасы – сөзді дәстүрлі орнында қолданбай, жаңа ұғымда қолдану арқылы көрінсе, бірде толғам тұшымын теріс көрсету, қисық әрекетке бару арқылы, кейде білмейтін нәрсені білетін кісіге сөйлетуде жатса, енді бірде орыс сөзін бұзып айтуынан да көрінеді. Сонымен бірге кейіпкерді екінші кейіпкерге мінездету, сипаттау арқылы көрінсе, кейде автор өз атынан баяндау, мінездеу арқылы, болмаса, оның пәтуасыздығын, дарақылығын, аңқаулығын іс-әрекетпен, мәні жоқ ойсыз екенін көрсету үшін сөйлету арқылы да кейіпкер табиғатын аша алады.

Сатиралық проза өкілдерінен О.Әубәкіров, У.Уайдин, М.Рашев, Ғ.Қабышев, Б.Қыдырбекұлы, Ж.Алтайбаев, О.Иманәлиев, Қ.Шыңғысов шығармаларында қоғам шындығы уытты мысқылмен суреттеледі. Қазіргі балалар әдебиетіндегі юмор табиғатын сипаттау Б.Соқпақбаевтың, Н.Серәлиев, Т.Нұрмағанбетов, М.Қаназов, Қ.Қазиев, М.Байғұтов, С.Асылбеков, Қ.Данабаев шығармаларында жалғасын тапты. Ғалым А.Мұсаев қазақ сатирасын зерттеуге арналған

еңбектерінде балалар әдебиетіндегі сатира поэтикасын да қарастырып: «балаларға арналған кітаптарда лирикалық юмор жас оқырманын ерекше толғанысқа түсіріп, күлкілі жағдайға ұшыраған геройға көбіне мысқылмен емес, аяушылықпен қарайды. Осыдан келіп оқырман қабылдауының екі түрі келіп шығады. Бірі – жас бүлдіршіндердің қабылдауы, оның ерекше көзқарасы. Екіншісі – бала жанын терең түсінетін үлкендердің қабылдауы. Балалар туындыларындағы күлкі мөлшері көбіне балалардың жас шамаларына сәйкес алынады», - деп көрсетеді [1, 236].

Қазақ сатирасының бұрынғы-соңды, ұтымды-ұтымсыз, ащылы-тұщылы өнімдерін саралап талдай келе профессор А.Мұсаев: «Әдебиеттің міндеті – көргенді көгендеп шығу емес, байқағанды жазушының байсалды ой елегінен өткізу, адамгершілік ерлікке бағдарлау», - деп тұжырымдайды [1, 119].

Ғалым А.Мұсаевты сатира табиғатын зерттеуде тыңнан түрен салғандығы оның сатиралық шығармалардағы күлкі поэтикасын қарастыруымен қатар, бұрын қарастырылмаған сатиралық емес проза поэтикасын зерттеуінен көрінеді. Бұл ретте қазақтың бас сатира зерттеушісі профессор Т.Қожакеев ғылымдағы ұстазы ретінде оның бұл еңбегіне «Алпысбай Мұсаев қазақ әдебиеттану ғылымындағы сатира туралы еңбектерінде жаңа зерттеу бағытының концепциясын ұстанған» деп баға береді. А.Мұсаевтың көркем шығарма поэтикасын пайымдаудағы тынымсыз еңбектенгеніне орай академик З.Қабдолов оның «прозалық еңбектердің терең де, қатпарлы қойнауларына бойлай еніп, жарқырата көрсетуі оның шын мәніндегі әдебиетші екенін көрсетеді» деп бағалайды. Ал ғалым Б.Майтанов «сатира табиғатына көз салатын А.Мұсаевтың теориялық әдебиеттану ғылымына өз үлесін қосқанын айту парыз» екені айтса, сыншы Д.Ысқақов оның «әдеби зерттеу еңбегі көрсетілген кезеңнің прозалық шығармаларының көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін, ондағы күлкі феномендерінің табиғатын халықтық дәстүрмен диалектикалық бірлікте ұштастыра қарастырып жүзеге асырғанын» атап көрсетеді. Профессор А.Мұсаев тынымсыз зерттеушілік қарымымен қазақ әдебиеттану ғылымындағы әлі де көп зерттеуді керек ететін қиын әрі құпия, нәзік әрі уытты сатира поэтикасын зерттеп жүрген танымды ғалымдардың бірі. Ғалым өзінің зерттеулерін іс жүзінде ұдайы қолданысқа енгізіп жүреді. Соның бір айғағы ретінде 2007 жылы оның «Көркем шығармадағы сатира» атты оқу құралының электронды оқулық түрінде жарық көргенін атап айту керек. Бұл ғалым еңбегінің бұрынғыдан да кең диапазонда таралуына мүмкіндік береді. Ал сатиратанушы ретінде қазақ прозасындағы уытты қаламгерлік әдіс-тәсілдерді тереңінен

толғап, зерттеп, әдеби қолданысқа енгізген зерттеулерін әрі қарай жалғастырып, Әкім Тарази шығармашылығы туралы «Тарази тағылымы» атты монографияға ұластырды. Алпыстың асқарына шыққан айбарлы ғалым ағамыз қазақ сатиратануында әлі де талай қаламгердің шығармашылығын зерттеп, ғылыми айналымға енгізетініне сеніміміз кәміл.

Әдебиеттер

1. Мұсаев А.М. Қазіргі қазақ сатирасы: Монография. – Алматы, 1993
2. Мұсаев А.М. Жанды жүйе. – Алматы: «Білім», 2001. – 277 бет
3. Мұсаев А.М. Көркем шығармадағы сатира /Оқу құралы. – Ақтөбе 2007. – 104 бет

ЖАНДЫ ЖҮЙЕ – ШЫРАҚШЫСЫ ҺӘМ ТАМЫРШЫСЫ

Азамат Мамыров

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Батыс Қазақстан инженерлік технологиялық университеті,

Орал қ.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаев қазақ әдебиеттану ғылымындағы күрделі сала сатираны зерттеп жүрген көнекөз көрнекті ғалымдарымыздың бірі. Біз білгенде қазақ сатирасынан докторлық диссертация қорғағандардың саны үшеу. Олар: Алатаудай заңғар аңыз адам Темірбек Қожакеев, ағысқа қарсы жүзер Жайықтың бекіресіндей мінезді Мәтжан Тілеужанов және М.Тілеужановтың жетекшілігімен кандидаттық Т.Қожакеевтің жетекшілігімен докторлық диссертацияларын қорғап, қос енені тел емген Алпысбай Мұсаұлы Мұсаев.

Алыптар тобына енетін ағалар салған сатира мектебін бүгінгі күнмен жалғап, қара ормандай қазақ көркем әдебиеті ішінен сәуле шашып тұрған сатиралық иірімдерді ұлттық құндылық деп тану, бағдар көрсету, шәкірт дайындау ісіне бар ғұмырын арнап келе жатқан ғалым Алпысбай Мұсаұлын Жанды жүйе - шырақшысы Һәм тамыршысы десек, иесін тауып айтылған сөз болмақ.

Әңгіме Алпысбай Мұсаұлының шығармашылығы жөнінде болғандықтан ғалымның ғылымдағы өз келбетін танытқан «Жанды жүйе» еңбегіне көңіліміз ауды. Ақындық әлемде бәсі басқалардан бөлек жырды нақ шабыт үстінде туған өлең деген түсінік бар. «Жанды жүйе» де ғылым жолындағы михнат пен махаббаттың ұштасуынан туған дүние. 2001 жылы жарық көрген оқулық түп қияннан бүгінге дейінгі ұлттық болмысымызды қазақ күлкісінің табиғаты арқылы

тануды көздейді. Алпысбай Мұсаұлының аталмыш еңбегіне дейін қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы арнайы зерттелмегендігін ескерсек, оқулықтың шын мәніндегі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған керек кітап екендігін көреміз.

Халық ауыз әдебиетіндегі күлкі феномендерінің ерекшелігін ашуда қасан қисынға жүгінбей мәтін дерегінің мазмұнына назар аударту арқылы ащы сатира, өткір мазақ, әзіл күлкі, келеке келемеждер табиғатының түс бояуын, дәм-тұзын таныта алған. Сөзімізді «Жанды жүйе» оқулығынан алынған мысалдар арқылы өрбітейік.

«...Бірде Қожанасырға көршісі келіп кір жаятын жіп сұрапты. Сонда Қожанасыр тұрып: «Ренжіме, мен оған ұн жайып қойып едім», - дейді.

-Қалайша, жіпке ұнды іліп қойдың? – деп сұрады танданған көршісі.

-Ол киын іс емес, егер сен оны бергін келмесе» - деп жауап береді Қожанасыр».

Осы үзіндінің кіріспесіне берілген ғалым түсінігі уәжді, ерекше бөлек пайым. Оқып көрелік: «Көптеген суфизм өкілдері Қожанасырдың мына оқиғасын мүмкін емес түсініктерді қалыптастыру үшін қолданады». Осындайда ойға М.Әуезовтің: «Қожанасыр күлкісі өзінше бөлек күлкі...» деген пікірі түседі.

«Жанды жүйедегі» кемел ойдың көрінісін ғалымның қазақ фольклорындағы халық сатирасының тегі мен түрі, тууы мен көрінуіне қатысты айтылған пайымынан аңғаруға болады. Сілтеме жасағалы отырған пікір түсінгенге халық сатирасының қазақ әдебиетіндегі көрінісін тану үшін қажет энциклопедиялық тұжырым. Кейінгі буынға ғылым жолында қойылған бағдар белгі десек болғандай.

Бүгінге дерлік халықтық сатира мен юмор табиғатын таныту тұжырымын бойына жинақтап тұрған ой тізбегі мынадай: «Халықтық сатира мен юмордың туу, көріну тәсілі де әрқилы. Тұрмыс-салт жырлары мен шешендік сөздерде ол тіл жүйесінде емес, айтылған пікір мәнінде, мазмұнында жатса, өтірік өлеңде, тілдік құралда – гипербола мен әсірелеуде жатады. Күлдіргі – аңыз әңгімелер мен ертегілердегі сатира, юмор бірде тапқыр сөз жүйесіменен, пікірімен берілсе, көбіне қызықты іс-әрекет, жүріс-жорық хикая арқылы беріледі. Батырлар жырында сын-сықақ жыршының өз атынан баяндауымен, сипаттауымен айтылса, лиро-эпоста сатиралық образдардың өз аузынан айтылады. Күлкілі әрекет, күлкілі сөзді солардың өздері істеп, өздері айтып отырады».

Бас аяғы бес-алты сөйлемде халықтық сатира мен юмордың туу, көріну тәсілі қара тастан алтынды айырғандай сүзіліп берілуін өмірлік тәжірибенің ғылымдағы көрінісі, жемісі дер едік.

Алпысбай Мұсаұлының «Жанды жүйе» кітабын оқу барысында 36-беттегі «Тоғышарлық тамырлары» атты топтама кесте мен сол кестені таратып айту мақсатындағы келесі 37-беттегі ғалымның көзқарасына тоқтала кетуді жөн санадық.

Тоғышарлықты шартты түрде бірнеше топқа бөле келіп, ғалым ойын былай сабақтайды: «Шындығында осының бәрі де тоғышарлық аурудың басты-басты симптомдары.

Ал қазіргі нарық заманының қыспағы қысқан сайын олар бұрынғыдан да аяр бола түсері хақ. Тек шебер қорғана ғана білмей, шебер шабуылдай да біледі. Бұл жолда ол ең ізгі, ең жаңа принциптер мен ұрандарды бетперде қып пайдалана алады. Екіжүзділік пен көлгірліктің, ыңғайпаздық пен күнбағарлықтың шырқау шегіне жеткен осы заманғы тоғышарлық өз ғұмырын ұзарту жолында неден болса да тартынбайды. Ең алдымен жас жеткіншектердің, жаңа ұрпақтың санасынан мықтап орын тебуге ұмтылады».

Ұстаз ғалымның бұл пікірі зерттеу нысанына айналған қазақ әдебиетіндегі сатира мен юмордың табиғатын ашып көрсетуі үшін ғана айтылған сөз емес, автордың азаматтық ұстанымы, ар-ұжданынан туған ойлары екенін алдын көрген шәкірттері мына біздер жақсы білеміз.

Бұдан он жеті жыл бұрын тоғышарлықтың бетпердесін жұлып көрсеткен пікір уақыт өткен сайын шынайылығымен ақиқатқа айналса, шымбайға батқан тоғышарлық қоғамымыздың дауасын таптырмаған кеселіне айналып тұр. Ұраншыл, неден болса да тартынбайтын, бейімделгіш кешегі жас биліктің басында жүр, кейінгі толқынның күнбағарлары қасында жүр. «Заманның қыспағы қысқан сайын олар бұрынғыдан да аяр бола түсері хақ» деген пікірдің хақтығын тағы көріп отырмыз. Заманның сұрқын тану, зейіндіге ой салу осы болса керек.

Жаңа мыңжылдықтың басында қызмет бабымен Оралдан Ақтөбе қаласына қоныс аударған Алпысбай Мұсалының жаңа бір тынысы ашылды деуге болады. 2003-2005 жылдар аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін абыроймен атқарған Алпекеңді университет ректоры 2005 жыл білім шаңырағының жанынан ашылған Гуманитарлық зерттеулер институтының директоры етіп тағайындады. Бұл елбасы жоғары оқу

орындарынан талап етіп отырған ұлттық құндылықтарды жинау, зерттеудің жаңа бір арнасы еді.

Осы бағыттағы нәтижелі жұмыстарының қатарына ғалымның Президенттің бастамасы мен өмірге келген «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Ақтөбе облысының Әйтеке би, Қобда, Мұғалжар, Алға, Байғанин, Ойыл, Қарғалы, Мәртөк аудандарының этномәдени мұрасын зерттеу – жинақтау бағытында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, оған басшылық жасауын айтамыз.

Бір мақала көлемінде ғалымның шығармашылық ғұмырын таратып айту мүмкін болмағандықтан өзіміз білетін ізденіс нәтижелерінің жемісі еңбектерінің негізгілерін ғана атап өтсек, олар: «Қазіргі қазақ сатирасы» (монография, Алматы.: «Ана тілі» 1993), «Поэтика казахской сатиры» (учебное пособие Алматы.: изд. «Санат» 1997), «Жанды жүйе» (оқу құралы Алматы.: «Білім» баспасы, 2002), «Рух бостандығының жыршысы» (монография Ақтөбе, 2007 ж.), «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» (зерттеу еңбегі Ақтөбе, 2006 ж.), «Көркемдік кестесі» (әдеби зерттеулер Ақтөбе, 2007), «Көктем шығармадағы сатира» (оқу құралы Ақтөбе, 2007), «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені» (оқу құралы Ақтөбе, 2007), «Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы» (1960-1970жж), «Тарази тағылымы» (монография, Астана 2009 ж. Фолиант), «Қанатты қаламгер» (монография, Ақтөбе 2010ж), «Әдебиет иірімдері» (әдеби зерттеулер, мақалалар жинағы, Ақтөбе 2011 ж), «Мәңгі өлмес күлкі» (монография, Ақтөбе 2012 ж. Жазушы баспасы). Жалпы көлемі 150 баспа табактан аса ғылыми зерттеу еңбектері бар.

Соңғы жылдардың дидарында профессор Алпысбай Мұсаев шет елдердің ғылыми ортасына таныла бастады. ЮНЕСКО ортасында тағылымдамалардан өтіп, Франция, Аустрия, Италия университеттерінде дәріс оқып, еңбектері шет ел баспасында жарияланды. "The poetics of Humor in Kazakh children's prose" (Bulletin d'EUROTALENT-FIDJIP.2015) N6. Paris, France), "Poetics of satirical image" («Literature. Language and culture influenced by globalization», Monograph, Vienna, 2015 Volume), "The poetics of satire in Kazakh stories" (The Seventh European Conference on Languages Literature and Linguistics 14th June 2015 Vien, Austria), "Қазақ әңгімелеріндегі сатира поэтикасы" (The Seventh European Conference on Languages. Literature and linguistics. Vienna.2015), "Word about the poet Zharaskan Abdrashev" (монография. Австрия, Вена, 2016 ж.), "Poetics of satire" (Париж, ЖИПТО баспасы, 2016 ж.) т.б. оқулықтары мен монографиялары шет елдерінде басылып шықты.

Ғылыми ортада танымал Алпысбай Мұсаұлы 1996 жылы Қазақстан Республикасының Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті, 2015 жылы Францияның Конкорд Академиясының мүше-корреспонденті (Франция, Париж). Өткен 2017 жылы мамыр айында Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі болып сайланды. Сондай-ақ ұзақ жылғы жемісті педагогикалық еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы Білім беру саласының үздігі» белгісімен марапатталды. 2014 жылы Қазақстан Білім және Ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мелекеттік грантының иегері атанып, медальмен марапатталды.

Алпысбай Мұсаұлының өмірдегі, ғылымдағы жетістігі жеке қабілетімен қоса отбасындағы мамыражай тірліктің ұйтқысы болып отырған өмірдегі де, ғылымдағы да серіктесі, ұл-қызының анасы, адал жары Айсұлу Ахмадиқызының ерең еңбегінің арқасы дер едік.

САТИРА САЯСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ

Әлия Ұлықпанова

**Магистр, аға оқытушы, «Жұбановтану» ҒЗО-ның жетекшісі
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Профессор А.Мұсаев қазақ әдебиеттану ғылымында «Сатираның сарбазы» деп бағасын алған көрнекті ғалым, ізденімпаз, еңбекқор зерттеуші. Біздің бүгінгі сәтте ізденіс нысанасына алған басты тақырыбымыз Алпысбай аға Мұсаевтың «Жанды жүйе» атты еңбегі болмақ.

Алпысбай Мұсаевтың «Жанды жүйе» атты зерттеуі – қазіргі қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелерінің бірі сатира мен юмор поэтикасын терең талдаған зерделі еңбек. «Әңгімедегі әзіл», «Жанды жүйе», «Күлкі табиғаты», «Уыз күлкі сырлары» аталатын тарауларға тақырыпталған бұл еңбекте автор «Бүгінгі сатирамызда кездесетін тапқырлық пен қуақылықты, әзіл-шынын араластыра мысқылдауды, ашығын айтар ащы сарказмды, айтары мен айтылуы басқа иронияны сол халықтық сатирадан үйренгені белгілі. Ауыз әдебиетінде көрінген күлкі – бергін келе жазба әдебиетіне жол сілтеп, негіз болғаны, оның жеке өкілдерінің үлгі-тәжірибе алғаны анық байқалады. Қазақ халқының ауыз әдебиеті қызықты әзіл-қалжыңға, көңілашар анекдоттар мен өткір, іліп-шалма сөздерге, сықақты этюдтерге бай

болып келеді. Қазіргі прозалық шығармаларда кездесетін сатиралық сарынның негізі осылайша әріде жатыр. Зерттеу еңбегімізде осы мәселелердің көрінуіне, дәстүрлілігін көрсетуге күш салдық» [1, 226 б.], - деген тұщымды тұжырым жасайды.

Расында да, зерттеуші ғалым Алпысбай Мұсаұлының өте орынды атап көрсеткеніндей, халық ауыз әдебиеті – біздің жазба әдебиетіміздің қалыптасуына негіз болған басты қайнар бұлақ. Ата-бабамыздан кейінгі ұрпағына аманат болып, бүгінгі күнге сұрыпталып жеткен, бізден болашаққа қалатын халық әдебиетінің асыл мұрасы – сөз өнері – поэзия, проза, драма жанрының ізін қалағандығымен құнды.

Қазақ сатирасының тұмасы – аңыз қаһармандары сол Алдар көсе, сол Қожанасырлар, сол Жиренше-Қарашаштар айтып кетті делінетін әңгімелердің болмысында жатыр. Халық әдебиетіндегі уытты сатираға құрылған құнды әңгімелер мен шешендік тапқырлыққа, шешендік әзілге, әзіл-қалжыңға құрылған мол мұраның құндылық қадір-қасиеті өзіндік маңызын ешқашан жоймақ емес.

Профессор А.Мұсаевтың «Жанды жүйе» зерттеуінде жасалынған құнды бір байламның тағы бірі төмендегідей: «Көркем әдебиеттің тәрбиелік күші туралы сөз қозғағанда, әдетте оның өнегелік жағы көп сөз болады. Ал екінші жағы көбінесе ескерусіз қала береді. Ол адам тәрбиелеудің – тек жақсыны үлгі ету арқылы ғана емес, жаманнан жирендіру арқылы да жүзеге асатындығы» [1, 229 б.].

Жақсыдан тағылым алып, жаманнан жирендіруге ұмытылдың барлық қазақ халқы ауызекі сөз өнері арқылы тәрбие ұғымының барлық деңгей-дәрежелік көрсеткішін жасап кетті десек те, артық айтқандық болмас. Қазақ халқының мақал-мәтелдері, ертегілері мен ертегіден тыс аңыздық прозасында, эпостық жырларында адам бойындағы жақсы қасиеттер мен жаман қылық атаулының барлығы дерлік анық та ашық ұғындырылады. Сөйтіп жас ұрпақтың санасына өнегелі бол деген уағыз сіңдіріліп, жаманшылықтан аулақ болуға үндейді. Осы адам бойына қонымсыз қылық атаулыдан қашық болуға бағытталған насихатты әңгемеде халықтық сатираның ізі де анық байқалады.

Халықтың өнегеге толы ауыз әдебиеті мұраларында арзан күлкіге еш уақытта орын берілмейді. Бұл орайда, А.Мұсаев былай деп кетеді: «Халық күлкісі, халық әзілдері дегенде халық беталды күле бермеген. Ол әуелде күлер, күлкі етер жайлардың паркын пайымдап, ой таразысына салып содан кейін ғана оған деген өзінің қатынасын білдіріп отырған, өйтпеген күнде халық мағынасыз күлкіге жирене қараған» [1, 14 б.].

Астарлы күлкіге тұнған халықтық әңгімелердің қай-қайсысында да әдемі әзілге құрылған юмор ғана емес, өткір тілмен берілген сатира

да қаз-қатар өріліп отырған. Профессор А.Мұсаев өз зерттеуінде Алдар Көсе бейнесінің сатира жанрының бастауында тұрған тұлға екендігіне баса назар аударады: «... Алдар Көсе әңгімелері нағыз сыншы шебер күлкіге ұстаз қалың бұқара туындысы деп қарау керек. Халық әңгімесі Алдар Көсеге кездестірген бөгет қарсылықты да ойда жоқ қиыннан қиыстыра құрайды. Оған сараңның бермесін алғызады, Алдампаздың ең зоры шайтанның өзін ұттырады. Елді, жұртты жеп алдап жүрген саудагерді тонатады. Сыр сыйқыры бар, кәрі күшті, тегі қатал ажалдай болып тұрған хан сарайын масқара етеді. Осының барлығы да – қиыннан қиыстырылған, оныдан туған арзан күлкі емес, бөгетті жеңген тартыс күлкісі, мазмұнды күлкі» [1, 17 б.].

Зерттеушінің осындай бағамдап берген тұжырымын оқи отырып, бүгінгі замананың әзіл-оспақ майданына араласып жүрген сатириктеріміз «мазмұнды күлкіні» тудырауға қаншалықты шебер деген сауал туындайды. Халықтың басын жиып, тек жеңіл әңгімеге, оспадарсыз әжуаға құрылған «жеңіл әзілдің» үстемдік алып тұратын тұстары да аз емес.

Халықтық сатира мен юмор табиғатынан заманы тынысын танытқан А.Мұсаевтың «Жанды жүйе» еңбегін қайта-қайыра оқи отырып, ұтымды юмор мен уытты сатираның қайнар бұлағы – халықтың бай ауыз әдебиетінде жатырғандығы рас деп ой қорыттық.

Автордың аталмыш еңбегінде сондай-ақ, сатира мен юмор поэтикасы мәселесі кең ауқымда қарастырылған. 1960-90 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі бұл жанрға қатысты жазылған туындыларға талдау жасай келе, сатира мен юмордың қоғамдық күші, әлеуметтік табиғаты зерделенеді.

Ә.Таразидің «Кәке», Т.Әлімқұловтың «Ішің білсін», «Кұлқын», М.Қаназовтың «Қызыл дамбал», «Жебір» аталатын ирониялық стильмен суреттелген туындыларындағы кейіпкер поэтикасын олардың жан-дүниесі мен бет-пердесін ішкі нәзік иіріммен талдай отырып танытады.

Зерттеуші Алпысбай Мұсаев «Соңғы жылдардағы қазақ прозасындағы жаңалық – сатира поэтикасында ирониялық бояудың молдығы дер едік. Иронияның ол шығармалардағы қолданылуы да әртүрлі. Біреуінде жазушы иронияны өз қаһарманына қолданса, біреуінде қаһарман өзін қоршаған ортаға, болмаса жазушы өтіп жатқан оқиғаға ирониялық көзқарасын білдіріп» отырады» [1, 59 б.], - деп атап көрсетеді.

Ғалым Дулат Исабековтің сатиралық әдісінің басты құралы – ирония екендігін «Социализм зәулімі», «Ескерткіш», «Конфронтация»,

«Бонапарттың үйленуі» әңгімелерінің поэтикалық құрылымын жіліктей шағып талдауымен дәмді жеткізе біледі.

Юмор мен сатира – қай уақыттан да осы бағытта жазылған әдеби шығарманың қос қанаты іспетті. Өткір күлкі – «қаруға» айналып, енді бірде тілмен шағып жеткізе, енді бірде күлкімен көмкерілген ащы шындықты әдеби туындының өзегіне енгізген қаламгер қоғам келбетін, адам тағдырын, әлеуметтік хал-күйді береді. Бұл санаттағы кейіпкерлердің бойынан әр адам «Өзін» танып-табуы да ықтимал.

Зерттеуші А.Мұсаев қоғамдағы келесіз жайттар өмірлік шындықтан – әдеби ақиқатқа айналған туындылар қатарында «Бейшара», «Ақпандағы мысықтар» (М.Байғұтов), «Күнбағыс алқабында» (С.Асылбеков), «Қырық бестегі қыз», «Ақ тайлақ», «Малтапқыш», «Түз адамы» (Л.Омарова) әңгіме-повестерінде замана бедеріндегі нарық қыспаған әркім әрқалай көтерген кейіпін тайға таңба басқандай таңбалап көрсетеді.

«Күлкі» поэтикасын тыңғылықты зерттеген ғалым өз зерттеуінде «юморлық сезім» табиғатын көркем туындыдан табуға ұмтылады. «Юморлық сезім – интеллектуалдық тереңдігімен, эмоциялық күрделілігімен, болмыс құбылыстарын көру, зерттеу, бағалау қабілетімен адамға туа бітетін биік қасиет. Ол – интеллектуалдық норманың бір қыры, өмірді қабылдау, түсіну, оған қатыс білдірудегі ерекше бір қабілет» [1, 65 б.], - дей отыра, Тынымбай Нұрмағамбетов бойынан табылатын осы бір ерекше қасиетті, жазушының «Бәйтеректер» жинағына енген «12 палата», «Жәрдемші», «Ақ көңіл ұры», «Түнгі серуен», «Етікші», «Ем» әңгімелеріндегі кейіпкерлер галереясын талдау арқылы ашып отырады.

Сатира мен юмор поэтикасының жанрлық жігін ажыратып көрсете отырып, қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері мен олардың таңдаулы туындыларына өзіндік бағасын қоса беріп отыратын зерттеуші, ендігі бір тұста былай дейді: «... Мархабат Байғұтов өз әңгімелерін юмордың сан қырын пайдалана отырып, жеңіл әжуамен, бірақ адамдық сүйіспеншілікпен жазды» [1, 74 б.].

Былай қарасаңыз, сатира мен юмор табиғатын түсінбеген, жанрлық жігін ажырата алмас кей оқырманда «Әжуаның бойында адамшылық сезімі қалайша қабыспақ?» деген сауал туындауы да ғажап емес. Бұл сананы түрткілеген сұрақтың дөп жауабын А.Мұсаев еңбегінен таба аласыз. Тауып қана қоймай, көзіңіз жетеді.

Біздіңше, астарлы күлкінің арғы тамырында «қисықты тезге салу» қағидасы жатады. Әжуаға құрылған күлкінің бір тінінде жамандықтан аулақ қашып, жақсылыққа ғана жүгіретін таза халықтық қасиет жатыр. Профессор А.Мұсаев еңбегінде зерттеу ауқымына алынған

М.Байғұтовтың «Бір дорба диплом», «Үш үй», «Тас кекіре», «Жәмелек» әңгімелеріндегі кейіпкерлер – қоғамдағы сан түрлі топтың бет-бейнесін таңбалайды.

М.Байғұтовтың «Үш үй» әңгімесіндегі сонау «Кеңестік Одақ» тұсында казактың танымына түпкілікті сіңісе жаздаған мінездің міні – арызқойлық, іштарлық секілді жағымсыз қылық атаулыны бойына мықтап жамаған кейіпкерлер әрекетін талдау арқылы, А.Мұсаев күлкі поэтикасының жанрлық белгілерін ашып көрсетеді.

Қоғамның алға басар қадамына қырсық боп шалынып, тұсау боп түсіп отыратын келеңсіздік атаулыны көркем шығарманың композициялық құрылымына кірістіріп отырған қаламгерлер шығармашылығын, олардың өзіндік жазу стилін оқырманның дұрыс түсініп қабылдауына мүмкіндік беретін зерттеуші Алпысбай Мұсаев еңбегінің мықтылығында дау жоқ. Мәселен ғалым былай деп жазады: «Жазушы (Д.Исабеков) «Ай-Петри ақиқаты» әңгімесінде келеңсіз мәселелерге басқаша қырынан келеді. Автор ойына бірден түсіну қиын. Күлкі тізгінін бермей, шым-шымдап береді. Былай қарағанда күлетін де ештеңе жоқ секілді» [1, 77-78 б.], - деп әңгімедегі бас кейіпкер Жамал Сағатовнаның тербелген толқынмен қосыла жүзген кеме үстінде келе жатып, кемедегі жалғыз адамдық әсем бөлмеден үш адамдық жай бөлмеге ауысу сырын, әйелдің жан жары, ел басқарған күйеуі Заманбектің қызметінен босаған тұсымен сәйкес келетін эпизодынан мысал келтіріп өтеді.

Бұдан соң зерттеуші А.Мұсаев: «Жазушы нақты детальдар арқылы-ақ ашып көрсеткен сатира поэтикасы – қызметке құлдық ұру мен жағымпаздық, екіжүзділікте екендігі. Жағымпаздықтың жер талғамайтындығын, тіпті біршама алыс қашықтықтың өзінде, өзгеше ортада-ақ өмір сүріп жатқанын нанымды жеткізе алған» [1, 78 б.], - деп тұжырымдайды. Жоғарыда келтірілген эпизод сырын нақты да, айқын тілмен түсіндірген зерттеуші ғалымның шеберлігі осы бағамдаудан-ақ аңғарылып тұр.

Қызғаншақтық, көре алмаушылық, бақталастық секілді пенденің жанын жер жамандық атаулының түп-тамырына балта шабуға сатира саласы ғана өзіндік үлесін қоса алары сөзсіз. Мінездегі мінді түзеу – оңай болмақ емес, әрине. Дегенмен де, көркем әдебиетке құмар болып өскен буынның кейіпкерлер әлемінің жақсылығына жақын болып, жамандығынан аулақ жүруге асық болған ортаны да жоққа шығара алмаймыз.

Жалпы поэтика мәселесі – көрінген жанның оңай шаға қоятын жаңғағы емес. Оның ішінде, сатира мен юмор поэтикасын, юморлық сезім мен иронияның қыр-сырын жеріне жетіп талдау жасау – мықты

зерттеушінің ғылыми қорының салмақтылығына келіп тірелетіндігі әмбеге аян.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында сатира саясында филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай аға Мұсаевтың шеберлік шыңына шыққандығын мойындаймыз. Монографиялық еңбектің «Жанды жүйе» деп аталуының өзі де зерттеушінің талғампаздық талантын танытады. Уытты тілмен жазылған өткір сатира, езу жыйдырмас әдемі юмор, шын мәнісінде, адам баласының алпыс екі тамырына еркін тарап, сананы сергітіп, көңілге ой, көкірекке сәуле түсіріп, жанды жүйеге тіршілік нәрін ексе керек. Осындай мән-маңызы аса зор, ғылыми тұжырымы тым берік қаланған еселі еңбектердің авторы Алпысбай аға Мұсаев ағамызға мерейлі жасыңыз құтты болсын, айналаңызға, барша оқырмандарыңызға «күлкі» атмосферасын сыйлаған шалқар шабытыңыз шарықтай берсін демекпіз!

Әдебиеттер

1. Мұсаев А. Жанды жүйе. Оқу құралы. – Алматы, 2001. 277 б.

САН ҚЫРЛЫ ҒАЛЫМ

**(профессор Алпысбай Мұсаевтың ғылыми еңбектерінің
бір саласы жөнінде)**

Гүлнара Обаева, PhD докторант

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Әдебиет құдыреті шексіз. Әдебиет әлеміне бір енген жан оның түпсіз сиқырлы әлемінен шыға алмайтынын көз ашқаннан кітаптың тәтті дәмін сезінген адам біледі. Ал есейе келе сол өзі сүйген әлемнің астарына үңіліп, оның қыр-сырын зерттеп, оны өзінің мәңгілік мұратына айналдыру – кез келген жанға бұйырмайтын бақыт, бейнетті бақыт. Сондай ғалымдардың бірі – Алпысбай Мұсаұлы. Профессор Алпысбай Мұсаұлының өмір жолына көз жүгірткенде аңғаратынымыз, бозбала шағынан-ақ жауапты істердің басында болғандығы. Ол әуелгі еңбек жолын мектеп мұғалімдігінен бастап, журналистиканың ыстық отына күйіп, «Орал өңірі» сияқты облыстық азулы газетте жасауы, комсомол, партия органдарында жауапты қызметтер атқаруы болашақ ғалымның нағыз өмір мектебі болды, ана сүті, әке тәрбиесімен енген өз ісіне деген асқан жауапкершілікті одан сайын негіздей түсті.

Профессор А.Мұсаевтың ғылыми-творчестволық қызметі 80 жылдардың басынан өзі білім алған А.С.Пушкин атындағы Орал

педагогикалық институтымен тығыз байланысты. М.М.Тілеужанов жетекшілік ететін қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында оқытушылық қызметін бастаған ғалым бүгінде әдебиеттану ғылымының тұғырлы тұлғасына айналды. Мұсаевтың қазақ әдебиеттану ғылымына сүбелі үлес боп қосылған ғылыми монографияларының әрқайсысы – жеке зерттеуге татырлық еңбектер.

Тіпті сонау ғылымға келместен бұрын-ақ әдебиеттануға қатысты жазған сүбелі мақалалары, шолуларынан ғалымның әдебиетке деген сындарлы көзқарасының айрықша болғанын байқаймыз. Өзі де әдебиеттің поэзия сияқты патша жанрына қалам тербеп, жыр жинақтарын жарыққа шығарған ақын, кейін әдебиеттің теориясына сыналай бойлап, өзінің батыл ойлары мен сыни көзқарастарын баяндаған мақалаларын жүйелі жариялап тұрғанға ұқсайды. Бұл – 2009 жылы жарыққа шыққан Шығармалар жинағының екінші томында «Әдебиеттану этюдтері» деген тараудағы мақалаларды әуелі «сырттай» (жазылған жылдары, тақырыптары т.с.с), сосын «іштей» парақтап, оқып шыққанда байқағанымыз.

«Назды ырғақтар», «Шуақты жырлар», «Айлы түндер» (кітаптың аты), «Нәзік иірімдер», «Түн толқындары», «Ақ сөйле, жүрегім», ««Жас керуен» шықты сапарға», «Мәуелі баққа енгенде», «Шырқау биікті шарлағанда», «Балдәурен шақтың сырлары», «Сонар», «Балаларға базарлық» т.с.с жалғасқан тақырыптар, алдымен, ерке поэзиядай төгілген әуезімен назарыңды аударарды, сонан соң сан қырлы жанрдағы кітаптарға жазған сындарлы шолу, салмақты ойларымен тұшынтады. Бұлардың бәрі ғалымның ғылыми-педагогикалық қызметке келместен бұрынғы жазған мақалалары. Жанымен әдебиетші адамның аңсары айқын сезіледі. Әдебиет әлеміндегі әр жаңалықты қалт жібермей, қарапайым оқырман ретінде сусыны қана сіміріп және оған өзіндік пікірлерін жүйелі жариялауы оның өзі сүйген әлемге деген адалдығы болса керек, солай деп бағамдаймыз.

Иранбек Оразбаевтың (Иран-Ғайып) «Түннің көзімен» деген кітабына жазған 1979 жылы жазған әдеби сынында назар аудартқаны ақынның жинағындағы образ бен ойға құрылған өлең сырларына үніліп, оларды көркемдік критерий тұрғысынан бағалаумен қатар, шынайы сын да айтып кетеді. Кейбір өлеңдердің өз мүмкіндігінен төмен жазылғанын атап өтіп, «ол өлеңдерінде ақын кейде бірыңғай дидактикаға көшсе, кейбірінде ойлы да шымыр түйіндеулер жетіспей жатады. Кейбір өлеңдерінде көркемдік бояу, сыршыл наз жұтаңдау болып келеді» деп, себебін атайды [1,184-б.]. Ақынның жаңа жинағын «..көркемдік жағынан да, өз творчествосындағы батыл бетбұрысымен

де дараланып, қазіргі қазақ поэзиясына именбей батыл еніп, сәтті кадам жасады» деп аяқтайды. Профессор А.Мұсаевтың орда бұзар отызында жазған осы шағын шолуының өзі оның әдебиеттің теориясына бойлаған, әдеби сынның эстетикалық принциптерін менгергендігін байқатады.

А.Мұсаев «Жайықтың ақ шағаласы» деп атаған ақын Ақұштап Бақтыгерееваға бүгінде осы бір эпитет әбден таңылып, балама болып кеткелі қашан. Осы жағынан алғанда өзі де ақынжанды Алпысбай ағаның аузынан шыққан әр сөз осылай мәтелге айналып кете беретінін байқаймыз. Ақұштап Бақтыгерееваның «Наз» аты жинағы шыққанда (1968ж) жазған «Назды ырғақтар» деген мақаласында да ақын қыздың жаңа жинағындағы өзінің көзіне түскен ерекшеліктерді жып-жинақы қылып көрсеткен. «Жұрт нәзік қыз дегенмен, // Жүгіміз ауыр, достым». – Бұл Ақұштаптың ақындық крдеосы. Ал енді кейбір өлеңдеріндегі мүлт кеткен тұстары болса, талантты ақынның өсу, іздену жолындағы кемшіліктері деп түсінеміз» деп аяқтағаны да түсінікті [1, 187-б.]. Жас сыншының замандас ақын шығармашылығына деген қызығушылығы оның шынайы ізгі тілегімен ұштасып, жинақы берілген.

Небары жиырма-жиырма бес жас аралығында жазған шағын әдебиеттану этюдтері арқылы ғылымға, әдеби сынға талпыныс жасаған жас ғалымның қадау-қадау пікірлері сол кездегі әдебиетке аяқ басқан талай ақындар үшін маңызды болғаны анық. Себебі өмірге келген әр кітап – автордың бел баласы. Оның назарға ілінуі – үлкен жолдама. Сол жылдары жазылған ғалымның мақалалары арқылы Мұстафа Алдажаров, Рүстем Жанаев, Жарылқасын Аманов, Ғұсман Мұхамедқалиев, Свет Оразаев, Сейіл Боранбаев т.б. сияқты жас ақындардың жарыққа шыққан кітаптары туралы білдік.

Алпысбай Мұсаұлының біз сөз етіп өткен жастық кезеңдегі жіті көзқарасы кейінгі ғылыми-педагогикалық қызметінде сарабалд сынға, маңызды монографияларға ұласты. Әдебиеттану ғылымына қалған ғұмырын арнап келе жатқан ғалымның қаламынан бүгінде ондаған ғылыми еңбектер дүниеге келді. Таразитанушы, Дүкенбайтанушы, Жарасқантанушы деп әрі қарай да жалғастыра беруге болады.

XX ғасырдың 80-жылдарының соңындағы еліміздегі саяси-әлеуметтік, қоғамдық өзгерістер тәуелсіздік тұсындағы ұлт тарихына, мәдениетіне жаңа көзқараспен карауды, ұлттық рухани құндылықтарды өзгеше талап тұрғысынан бағалауды қажет етті. XX ғасырдың соңына айтарлықтай жетістіктермен жеткен қазақ әдебиеттану ғылымы XXI ғасырға аяқ басар тұста қалай тыныстады? Еліміздің ұлттық тәуелсіздігі әдебиеттануға әсер етті ме? Әсер етсе, ол

қандай сипатта көрініс тапты? Қазақ әдебиеттану ғылымының бағыты мен бағдары қандай болды деген мәселе қазақ әдебиеті қауымын, қаламгерлер мен ғалымдарды көп ойландырады. Осы бағытта қазіргі қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін арқау еткен халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық, әдістемелік-тәжірибелік, конференциялар мен семинарлар көптеп ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік таңына қол жеткен тұста әдебиеттанушы ғалымдар әдебиетіміздің ең бір келелі мәселелерін ашық айтуға, ашық жазуға мүмкіндік алды. Әдебиет пен көркем сын идеологиялық және саяси шектеулерден құтылды. Ең бастысы, әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынында ұмыт қалған немесе әдейі бұрмаланған ұлттық құндылықтарымыз қайтадан сарапқа салынып, тәуелсіз сана тұрғысынан қайтадан бағаланды. Яғни ұлттық идеяны асқақтатқан барлық әдебиет, өнер, мәдениет мұралары ұлттың рухани төрінтен орын ала бастады. Осы тұста мемлекет тарапынан арнайы қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы да ұлттық идеяны насихаттап, көркем мұраларымызды қайтадан көрсетуімізге жол ашты.

Ұлттық мәдениетті асқақтатуды арқау еткен – “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы бойынша еліміздегі мәдени-тарихи ескерткіштер қалпына келтіріліп, халық әдебиеті үлгілері, ұлт руханиятының көне замандардан бергі мұралары, жәдігерлері қалың көпшілікке ұсынылды. Алыс-жақын шет елдерде тұратын қандастарымыздың әдеби-мәдени, фольклорлық және музыкалық мұрасы жан-жақты зерттеліп, жарық көре бастады.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы профессор Алпысбай Мұсаұлының жаңа бір тынысын ашты десе де болғандай. Бұрыннан да әдебиет десе «ішкен асын жерге қоятын» ғалым өзі басқарып отырған ғылыми институттың өміріне жан бітірді. Барлық қазына елдің ішінде екенін жақсы білетін ол ел аралауға шықты. Ақтөбе облысының Әйтеке би, Қобда, Мұғалжар, Алға, Байғанин, Ойыл аудандарының этномәдени мұрасын зерттеу, жинақтау бағытында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, оған басшылық жасады. Бұл жұмыстарда өзінің тәжірибелі маман, білікті ұйымдастырушылық қабілетін байқатты. Ғылыми экспедицияларды Ақтөбе облысындағы «қазақтың қаймағы бұзылмаған, тарихтан белгілі от тілді, орақ ауызды би-шешендері мен тарихи мұраға бай өлке» боп саналатын Әйтеке би аймағының әдеби мұраларын жинаудан бастады. Жөкей Шаңғытбаев, Жәкібай Сағымбайұлы, Бақыткерей Науқанов, Құрманәлі Дәуітұлы, Сидәк Дайрабайұлы, Мәлік Әлмұратов, Айса Байтабынов сияқты халық ақындары шығармашылығы да зерделі ғалымның

зерттеулерінде жаңаша бағасын алды. «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» атты ғылыми-көпшілік басылым дүниеге келді.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасының мақсатына сай Алпысбай Мұсаұлы еліміздегі қалпына келтірілген мәдени-тарихи ескерткіштер, халық әдебиетінің үлгілері, оларды таратушылар, ұлт руханиятының көне замандардан бергі мұралары, жәдігерлері туралы зерделі зерттеулерін жыл сайын үзбей жариялап келеді. Мәселен, 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған халық әдебиетінің ерекшеліктеріне арналған зерттеуінде тарихи жырларға «езілген шаруалардың саяси күреске түсе бастағандығын көрсететін үлкен тарихи құбылыс болды» [1, 235-б.] деп баға береді. Жанқожа батыр бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің де қазақ әдебиетіндегі көрінісіне шолу жасай отырып, «еліміз тәуелсіздік алғаннан бері сірескен сең бұзылған тәрізді. Бұрынғы жабық тақырыптардың көбісі қолға алынып, шын сыры ақтарылып, анық-қанығы байыпталып жазыла бастады» дей келіп, Жанқожа батыр және Сыр бойы шаруаларының көтерілісі тақырыбын шығармаларына арқау еткен З.Шүкіровтың «Сыр бойы» трилогиясы, Б.Алдамжаровтың «Ұлы сел» тетралогиясы, Ә.Оспановтың «Жанқожа батыр» деректі романы мен Молдахмет Қаназовтың «Жанқожа» тарихи хикаяттарына жаңаша шолу жасайды, ерекшеліктерін айқындайды.

Жалпы, профессор Алпысбай Мұсаұлының зерттеу тақырыптары сан қырлы. Әдебиеттің поэзия, проза, драма, сатира сияқты сан тарау жанрындағы көркем шығармалардың қай-қайсысына да еркін барып, көсіле талдайды. Олардың әрқайсысы ғалымның шығармашылық кеңістігін тануға мүмкіндік береді.

Жазушы Әкім Таразидің «Сізді қазақ әдебиетін зерттеп-зерделеуде тыңнан жол салған, ғылымның соқпақты жолын тандаған, қазақ ғалымдарының бірегейі деп түсінемін. Ұлттық әдебиетіміз әсіресе 60 жылдардағы қазақ әдебиетінің кезеңі өз бағасын алды деп айта алмаймын. Ал осы дәуір әдебиетін зерттеп, тұңғығына үңіліп, інжу-маржанын сүзгіден өткізу Сіздің тағдырыңызға жазылыпты» деген пікірі ғалымның ғылыми еңбегіне берілген үлкен баға деп білеміз. Ал Дүкенбай Досжанов болса «Өзіңді бүгінгі қан тамыры лүпілдеп соғып тұрған үлкен әдебиетіміздің тамыршысы, сындарлы бапкері деп бағалаймын!» деген екен [2, 10-б.]. Ғылыми потенциалы ауқымды Алпысбай Мұсаұлының зерделі зерттеулері әдебиеттану ғылымына әлі талай ұрпаққа адал қызмет ететіні даусыз.

Әдебиетгер:

1. Мұсаев А. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «білім», 2009. – 360 бет. 2-том.
2. Алпысбай Мұсаев: Библиографиялық көрсеткіш, Ақтөбе 2014 – 51 бет

ҒАЛЫМ А.МҰСАЕВ ҚАЗАҚ САТИРАСЫ ХАКЫНДА

Гүлжан Тәңірбергенова

филология магистрі, аға оқытушы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

Сатира арқылы белгілі бір халықтың болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, жағдайын, тіпті оның дәуірде қандай дәрежеде жүріп жатқандығын білуге болады. Жалпы сатиралық шығармалардың басты ерекшелігі жеңіл юмордан фельетонға дейінгі аралықта бірталай даму сатысынан өтуінде. Ол жеке адамның басындағы кішкентай кемшіліктерінен бастап, бүкіл әлеуметтік проблемаларды сынға алады. Қоғамның дамуы барысында, орта мен адамның кемшілігін сынау сатираның маңдайына жазылған. Оған дәлел сатираның жілігін шаққан, оны зерттеген Темірбек Қожакеевтің еңбектеріндегі «Сатира – күштілер құралы», «Сатира – күштілер қаруы», «Сатира негіздері» секілді еңбектері аталмыш жанрдың кемелденуіне ықпал етті. Міне, осы әдебиеттегі мықты бағытты одан әрі зерттеп, зерделеуде профессор Алпысбай Мұсаевтың өзіндік қолтаңбасы бар.

Көп жылдардан бері Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде қызмет етіп келе жатқан ұстазымыздың өмірбаянынан ғылымға кездейсоқ келмегендігін көруге болады. 1970 жылы әдебиетке жастайынан құштар арманшыл жас Орал педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын ойдағыдай бітіреді. Алғашқы еңбек жолын орта мектепте мұғалім болып бастап, араға жылдар салып, кейін ұшқан ұясына оқытушылық қызметке қайта оралды. Осы екі ортада мектеп директорының орынбасары, ауданда партия комитетінде нұсқаушы, облыстық газетте журналист болып филолог маман ретінде өзін жан-жақты қырынан танытып, қай қызметте де табысты еңбек ете білді. Өмірлік ұстанымы нық, өзіндік көзқарасы қалыптасқан кемел жастағы білікті маман 1982 жылы Орал педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына оқытушы болып орналасқан бастап, ғылыми ізденіс пен зерттеушілікке ден қоя бастайды. Осылайша, 1990 жылы Абай атындағы Алматы педагогикалық институтының ғылыми кеңесінде «Қазіргі қазақ әдебиетінде сатиралық образ ерекшелігі» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын профессор М.М.Тілеужановтың жетекшілігімен сәтті қорғап шықты.

Ғалым қазақ әдебиеттану ғылымында сатира мен юмордың қыр-сырын жүйелі зерттеп, қазіргі әдеби процессте сатиралық дәстүрлердің

берік қалыптасқандығын көрсетті. Әсіресе аталған жанрдың қырсырын танып білуде аянбай еңбек етіп келеді. Оған дәлелер жылдары баспа жүзін көрген «Қазіргі қазақ сатирасы», «Поэтика казахской сатиры», «Жанды жүйе» т.б. зерттеу еңбек, оқу құралдарындағы қазақ күлкісінің табиғаты, оның бастаулары мен қазіргі арналары жайында шебер үйлесіммен, жан-жақты, жүйелі баяндалуында. Жалпы Алпысбай Мұсаұлының өн бойы мен табиғаты сатираға лайық жаралғандай әсер қалдыратыны бар. Алғаш профессордың дәрісін студент кезімізде тыңдап, айтар ойын шебер тілмен, терең білімімен, бар болмысымен, әртістік қабілетімен аудиторияның ықыласын өзіне баурап алатын қабілетін көріп, таңырқағанымыз бар. Дәрісті осыншалықты көңілді, бір демде оқып шығуға болатынына куә болып, соншалықты білімдар, жан-жақты ұстаздары бар оралдық студенттер шынымен де, бақытты екен деген іштей бір қызығушылықтың болған да рас. Әрине, оқытушының негізгі қызметі – танымды, мағыналы дәріс оқып, оқушысына білім беру. Ал көркем туындылардан үзіндіні жатқа оқып, жай оқып қана қоймай, оны актерлық қабілетпен, дөп жеткізіп айта білу, тыңдарманын күлдіре отырып ойландыру екінің қолынан келмесі анық!

Әдебиеттің өзге салаларына қарағанда сатира мен юмордың күрделі екендігін жоғарыда айтып өттік. Ол оңайлықпен дүниеге келмейді. Келген күнде де иесін таппаса, болмаса кеңестік замандағындай сыннан көз ашпаса, жарық дүние есігін ашпай жатып, жоқ болары хақ. Ал бар дүниені жан-тәнімен беріле айтып, білім алушыларға майын тамыза жеткізе білу оңайлықпен келмес. Оған иә көп жылдық тәжірибе, иә жаратылысыңнан берілген дарын, қабілет болуы шарт.

«Күлкілі нәрсені көре қою үшін ең алдымен юморлық сезім керек. Юморлық сезім – парасаттылық тереңдігімен, эмоциялық сезім күрделілігімен болмыс-құбылыстарын көру, зерттеу, бағалау қабілетімен адамға туа біткен биік қасиет. Өмірдегі адам бойындағы заттар қалпындағы комизм белгілерін көре қою – осы юморлық сезім ісі, соның үлесі, соған тиісті міндет. Ол болмыстағы әр қилы қайшылықтар салдарынан орын алған күлкілі жайларды, комизмді табады, суреттейді, келемеждейді» [1;65] – деп айтқанындай, профессордың әр сабағынан мол тағылымды, өз кәсібіне деген аса зор сүйіспеншілігін сезінуге болады.

Бүгінгі таңда мұғалімдер қауымының «XXI ғасыр – инновация мен индустрияның, жаңа ақпараттық технологиялардың ғасыры» деп ұрандап сөйлеуді әдетке айналдырып алғаны ақиқат. Алайда осы тектес даурықпа сөзден ұтарымыз аз-ау. Қазіргі таным, көзқарас

өзгерді, қазір «алғаш идея пайда болды, сөз дегеніміз – энергия, қуат, рух» дегенді көп оқып, естіп жүрміз. Ал осы сөз деген құдіреттің киесі әдебиетте емес пе? Сатира сынды айтар ойы жаныңды тілгілеп, жүрегіңе уытын шашып кететін ирония, юморды қалайша ысыра саласың. Алпысбай ағайша айтқанда: «Сатиралық әдіс – өмірдегі құбылыстардың зияндылығын, кеселділігін баяндай отыра, оларды жоқ етуді, өмірден ығыстырып шығаруды талап етеді. Ал юмордағы жағдай бұдан басқарақ. Оның қолданылатын тақырыптары – қоғамға зиянсыз, бірақ оның алға қарай қарыштап дамуына, аз да болса, кеселін тигізетін ақаулар, сонымен бірге адамның жеке басындағы кемшіліктер, оның өмір ағымынан қалып қоюшылығы, түсінбестігі, характеріндегі толып жатқан – келеңсіздіктер»[2;11].

Ресейлік ғалым академик А.М.Новиков: «Келешекпен кездесуге дайындалу керек. Сол келешектің өзін дайындау қажет. Оның ішінде және бірінші кезекте, сол келешек үшін білім беру жүйесін даярлау қажет» деп айтқанындай, әрбір ғалым өзінен кейінгі ізбасарларын үлкен өмірге дайындап, жол сілтейді. Ұстаз болып, өнеге көрсету де – ізгілік пен парасаттылықтың бір көрінісі. Профессор А.Мұсаевтың сан қырлы ұстаздық сара жолының жемісті бір саласы – оның қазақ әдебиеттану ғылымының жас күштерін, жаңа буынын тәрбиелеудегі еңбегі. Жоғары оқу орнында ұстаз бола жүріп, ол ғылымға талпынған жас талапкерге, ізденушілерге, магистранттарға жетекшілік жасап, ақыл-кеңес беруден жалыққан емес. Әрбір шәкіртіне берген ғылыми бағыты, тың тақырыптары қашанда нәтижесін беріп келеді. Тағылымынан нәр алған шәкірт ғалымдардың өздері де бүгінде Ақтөбе, Орал, Ақтау, Астана, Алматы қалаларында игі істердің басында, өздері де ұстаз болып, шәкірт тәрбиелеп, алдындағы ұстаздың ұлағатын кейінгі өскелең ұрпаққа ұластырып жалғап келеді. Ғылыми ізденіс дегеніміз – шығармашылық өрлеудің барып тұрған биігі, шыңы десек, Алпысбай Мұсаұлы бүгінде сол шыңның басында. Одан басқа әдебиетпен тығыз байланысты салалардың барлығында еңбек етіп жүрген танымал, белгілі азаматтардың өмір жолында ғалым-ұстаздың таңбасы сақталған.

Негізінен А.Мұсаевтың шығармашылық қызметін шартты түрде үш салаға бөлуге болады. Олар: ғылыми зерттеулер, ұстаздық қызмет және ақындық ізденістері. Оның ішінде ғылыми ізденістер қашанда алдыңғы орында. Әр сәтін ізденіс пен білім шыңын бағындыруға деген ұмтылысын бір сәтке еркіне жіберіп, босаңсытуға жол бермей келеді. Шәкірттеріне ғана емес, көпшілікке үлгі болатын осы ғылымға деген шексіз сүйіспеншілігі, адалдығы, сергектігі, тынымсыздығы, талапшылдығы ескеретін тұс. Тек еліміздің ішінде ғана емес, алыс-

жақын шет мемлекеттерге барып, дәріс оқып, «болдым, толдым» демей, есейген шағында шет тілдерін меңгеріп, шетелдік аудиторияда дәріс оқуы кім-кімді де тамсандырары анық. Бұл педагог, ғалым ретіндегі өзінің тұлғалық сапасын арттыруға деген қажеттіліктерінен, өмірдің талаптарынан туындап, біліктілікті арттыруға деген еңбекқорлығы. Өз қызметін нәтижелі атқару үшін және кәсібилік пен құзырлық деңгейін көтеру мақсатында арнайы білімдік бағдарламалар арқылы түрлі іс-шараларға белсене қатысуы күнбе-күн өз жемісін беріп келеді.

Қазақ сатирасы мен юморының поэтикасын әлем әдебиеті, туысқан түркі халықтары әдебиетімен байланыста қарастыра келіп, өз халқымызға тән қалжың, әзіл-күлкінің табиғи байлығын, оның көркем әдебиетте жазушы шеберлігіне қарай көріну жолдарын ғылыми түрде баяндайтын ғалым А.Мұсаев күлкі поэтикасын жеріне жеткізе талдап, осы бағыттағы барлық ізденістерді теориялық жағынан жаңғырта дамытып, сатира мен юмордың жанрлық-стильдік көпқырлылық қасиеттерін, тақырыптық ғылыми маңызды мәселелерін және оның көркемдік ерекшеліктерін, оның қоғамдағы, әдебиеттану ғылымындағы қызметін анықтауда өзінің ғылыми тереңдігі мен талғампаз ізденгіштігін байқатады.

А.Мұсаев ғылыми жұмыстармен жүйелі айналысып келеді. Осы салада негізгі еңбектерінің өзі айрықша тоқталуды қажет етеді. Біз ғалымның басты еңбектерін атап өтсек дейміз: «Қазіргі қазақ сатирасы» (Монография. Алматы: «Ана тілі» 1993ж.), «Поэтика казахской сатиры» (Учебные пособие. Алматы: «Санат» 1997ж.), «Жанды жүйе» (Оқу құралы. Алматы: «Білім» 2002ж.), «Рух бостандығының жыршысы» (Монография. Ақтөбе, 2007ж.), «Әйтеке би аймағының этно-мәдени мұрасы (Зерттеу еңбегі. Ақтөбе, 2006ж.), «Көркемдік кестесі» (Әдеби зерттеулер. Ақтөбе, 2007ж.), «Көркем шығармадағы сатира» (Оқу құралы. Ақтөбе, 2007ж.), «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені» (Оқу құралы. Ақтөбе: «А-Принт» 2007ж.), «Тарази тағылымы» (Монография. Астана: «Фолиант», 2008ж.), «Қанатты қаламгер» (Монография. Ақтөбе: «А-Принт» 2010 ж.). Осы еңбектерден ұстазымыздың жарты ғасырдан астам уақытта шығармашылығында қалыптасқан ізденімпаздығы, қарабайырлықтан ада зерделілігі, оның көркем, әрі ғылыми танымының жоғарыда аталған туындыларынан көрініс тапқанын аңғаруға болады.

Қай кезде де әдебиеттің пәні – адам өмірі және оның рухани әлемі болып келгені мәлім. А.Мұсаұлы да болашаққа үлкен жүк арқалап, оны жауапкершілікпен атқарып, замана жүгін келесі дәуірге, келесі ұрпаққа жеткізуде аянбай еңбек етіп жүрген ғалым-ұстаз. Келелі

еңбектерінің бірінде профессорқазақ сатирасының бұрынғы-соңды, ұтымды-ұтымсыз, ащылы-тұщылы өнімдерін саралап талдай келе: «Әдебиеттің міндеті – көргенді көгендеп шығу емес, байқағанды жазушының байсалды ой елегінен өткізу, адамгершілік ерлікке бағдарлау», – деп тұжырымдаған екен [1;119].

Қорыта келе айтарымыз, халқымыздың бай ауыз әдебиетінен бастау алатын сатира мен юмор өрнегінің терең қатпарларын жан-жақты зерттеп, ақтарып көрсеткенқазіргі әдебиеттану ғылымындағы белгілі ғалымАлпысбай Мұсаұлының шығармашылық болмысын зерттеу нысанына айналдырып, зерделеп таныту келешектің үлесінде. Ал біз ұстазымызға терең де, көлемді ізденістерінің нәтижелерінің жемісін көріп, табысты жылдары ұзақ болуын тілейміз!

Әдебиеттер

1. Мұсаев А.М. Жанды жүйе. – Алматы: «Білім», 2001.-277 б.
2. Мұсаев А.М. Қазіргі қазақ сатирасы.– Алматы, «Ана тілі», 1993.-110 б.
3. Мұсаев А.М. Таңдамалы шығармалары 1,2,3 том.– Алматы, «Білім», 2009.-437 б.

II. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПРОЗА, ПОЭЗИЯ, ДРАМАТУРГИЯ БАҒДАРЫ



ҮНДІ-ҚАЗАҚ РУХАНИ ҚАТЫНАСТАР БЕЛГІЛЕРІ

Баян Бораш

Филология ғылымдарының докторы, профессор

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Табиғаты мен тұрмыстық жағдайы, тілі мен діні, салт-дәстүрі мен ділі әр алуан, әрқайсысы миллиондап саналатын жүздеген халықтар қоныстанған Үнді жарты аралын кейде Үнді субконтинеті деп бекер атамайды. Қазақстандай жер көлемінде жүздеген тілді миллиардтан астам халық тұратын алып елдің үш мың жылдық тарихы бар ежелгі әдебиеті бар. Соншама уақыт бойы өз дәстүрлері негізінде қалыптасқан үнді әдебиеті санскрит тілінде жазылған, лирика, эпос, драманың негізі қаланған діни мадақ жырлар – ведалардан басталады. Шамамен б.з.б. 6-5 ғасырларда ауыз әдебиетінде аса көлемді эпикалық поэма – «Махабхарата» мен «Рамаянаның» негізі пайда болып, б.з. алғашқы ғасырларында санскрит тілінде түпкілікті қалыптасты. Б.з.б. 1 мыңжылдықтың 2-жартысында пали мен кракритих тілінде діни дидактика мен ауыз әдебиеті сюжеттері үйлескен буддалық әдебиет туды. Б.з.б. 4-3 ғасырларда елдің дравидтік оңтүстігінде ежелгі туындыларының «10 жыр» деп аталған өміршеңдік сипаты басым келетін өзіндік ерекшелігімен дараланатын драма-тамиль әдебиетінің негізі қаланды. Санскрит тілінде жазылған халық ертегілерінің жинағы – «Панчатантра» (б.з. 3-4 ғасырлар) повесть жанрының бастамасы болды [1, 123].

Ежелгіүнділік әдебиеттің бұл үлгісі көптеген нұсқалар түрінде Шығыс пен Батыс халықтарының фольклоры мен әдебиетіне енді. «Панчатантраның» 60 тілде 200-ден астам аудармасы бар. Оның «Калила мен Димна» деп аталатын араб тіліндегі нұсқасы шығыс өңірлерге кең тараған. Мазмұнына қарай «Калила мен Димна» – астарлы түрде адам бойындағы кеселдерді эшкерелейтін сатира. Шығыста бұл әдеби ескерткіш феодалдық билеушіге қалай ақылмен, әділетті ел билеудің жолын меңзейтін, жөнге салушы айнасына айналды.

Қазан төңкерісінен бұрын-ақ қазақ ақындарының туындыларында, мысалы, *Сұлтанқожаұлы Майлықожааның* (1835-1898) өлең-

жырларында Үнді елінің ескерткіші «Панчатантраның» араб нұсқасы «Калила мен Димнаның» әуендері кездесетін [2, 153]. Оның мазмұнында адамдардың кемшілігін әшкерелейтін сатира болатын:

Есерліктің белгісі –
Өтірік-өсек аяңды
Іркілместен соғады.
Ақылсыздың белгісі,
Талап, білім еңбексіз
Қалайша тірлік жеңбексіз?
Бос күлкіге салынып [3, 157].

Белгілі ақын *Сәбит Дөнентаев* «Калила мен Димнаның» сюжеттерінің дидактикалық, моральдық-этикалық жақтарын күшейтіп, «Тойымсыз ит», «Екі теке», «Бит пен бұрша», «Бір тоғандағы үш балық» мысалдарын шығарады [4, 197].

«Калила мен Димнаның» Барзуе деген тарауының ит туралы аңызында: «мен онда ауызында сүйек бар, өзеннен жүзіп өтіп бара жатқан ана итке ұқсаймын деп, судағы сүйектің көлеңкесін көріп, суға қойып кетіп, ұмтылғанын ала алмай, ауызындағысынан да айырылады». Бұл аңыздың соңғы бүкіл мысалдың түйіні ретінде келтірілген екі жолын ғана келтіріп отырмыз:

Әр қайда «ашкөздінің» олжасы осы,
Байқасаң іс түбіне көзің салып.

Байқалып отырғандай автор аңыз мазмұнын дидактикалық қырын, ғибратын сәл күшейтіп, дәл берген.

Ал «Екі теке» мысалының негізіндегі сүзіскен екі теке жайлы аңыз едәуір өзгеріске ұшыраған. «Калила мен Димнададан»: «Жол бойында ол сүзісіп жатқан екі текенің жанынан өтіп бара жатады. Олар соншама ұзақ сүзіскендіктен екеуінен де қан ағып жатады. Түлкі келіп, олардың қанын іше бастайды. Бірақ түлкі қанға еңкейген сәтте текелер сүзісіп жатып, оған қарай бұрылған екен, ал ол оларды байқамайды, сөйтіп олар оны өлтіріп алады». – дегенді оқимыз. С.Дөнентаев жанжалдың өлімге соқтыратыны туралы негізгі ойды аңыздың мазмұнына бағындырып, оны өзгертеді.

Екі теке келіп түсті көпірге
Біреуі – әрі, бірі бері өтуге.
Көпірдің дәл ортасында килігіп,
Біріне бірі бақырды кейін кетуге.
Шайқасып басын, бірінің тілін бірі алмай,
Сүзіспекке кірісті қарап тұра алмай.
Тар көпірдің секіріссе үстінде,
Біріне бірі қоярма, сірә, кек алмай.

Екеуі де суға құлап тыныш тапты,
(Жігіттік қып, көпірді тезден босатты)

Ерегістің нәтижесі осы да

Таласқандар мұнан арық не тапты [3, 158].

Бірақ «Калила мен Димна» қазақ әдебиетшілерін тек қана сюжеттерімен ғана қызықтырып қойған жоқ. Бұл ежелгіүнді әдебиетінің жауһары жеке өзіндік маңызы да бар, сондықтан аудармашылардың назарын өзіне тартып тұрады. Араб тілінен «Калила мен Димнаны» қазақ тіліне тікелей С.Ғылиманов пен Ғ.Ахметов аударған. Бірақ олардың аудармасы әлі күнге дейін басылмаған, ҒА кітапханасының қорында жатыр. Ал И.Ю.Крачковский мен И.П.Кузьминнің орыс тіліндегі аудармасынан С.Талжанов жасаған аударма 1962 жылы жарық көрген.

Жаңа заман шебінде жеке шығармашылыққа көшу байқалып, дербес әдеби түрлер мен формалар қалыптасты. Халаның праkritтік лирикасы (шамамен 4 ғ.), Ашвагхошидің (шамамен 2 ғ.), Бхасаның (4 ғ.) санскриттік драмалары, тамил-лиро-эпостық поэзиясы (авторы Иланго Адигаль болып есептелетін «Білезік туралы повесть», 7-9 ғғ.), Калидаса (шамамен 5 ғ.) мен Дандиннің (6-7 ғғ.) санскриттік мифологиялық мазмұндағы шығармалар өзінің діни реңін бүтіндей жоғалтып, адамгершілік идеяларды білдірудің құралына айналды. Драмалық тамиль әдебиетінің шыңы дана билеушінің мүлтіксіз тұлғасын суреттеген Тируваллурдың «Тирикурал атты қанатты сөздер кітабы» (4-5 ғғ.) болып табылады.

Шамамен 7 ғасырдан бастап санскрит және тамиль тілдеріндегі әдебиеттермен қоса дравид және жаңа үндіарийлік тілдердегі әдебиеттер пайда болды. Кейінірек кашмир әдебиеті мен синдх әдебиетінің, содай-ақ пушту тіліндегі үнді әдебиетінің негізі қаланды. Мұсылман ақсүйектері билеген мемлекеттердің құрылуы мен ислам дінінің кең таралуы үнділік парсы тіліндегі әдебиеттің қалыптасуына себеп болды: Әмір, Хұсрау Дехлеви (1253-1325), Мырза Бедил (1644-1721), т.б.

Үндістан халықтарының көпғасырлық шаруашылық, саяси және мәдени байланыстары Үндістандағы әдеби процестің бірлігіне негіз қалады. ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы әдебиеттің гүлденуіне билеушілерге қарсы діни ұрандармен өткен бхакти қозғалысы үлкен әсер етті. Санскриттік ережелерден бас тартқан жазушылар ауыз әдебиеті үлгілерін жыр жолдарына түсіруге бейімделді.

Үндістанды Ұлыбританияның жаулап алуы ХҮІІІ ғасырда үнді әдебиетінің құлдырауына және дағдарыстық сарындардың күшеюіне ықпал етті. Алайда ХІХ ғасырда, әсіресе, екінші жартысында Үндістан

әдебиетінде ағартушылық идеялар пайда болды. Ағартушылық реализм бенгал және басқа да әдебиеттерде әшкерелеуші әлеуметтік-тұрмыстық романның дамуына ықпал етті. Романтизм тарады. Драматург Д.Миттроның (1829-1974) шаруалардың ағылшын плантаторларының тәлкегіне қарсы наразылығын суреттеген «Индиго айнасы» (1860) пьесасы отаршылыққа қарсы үндеу болды. XX ғасырдағы үнді әдебиетінде ұлттық тәуелсіздік үшін күрес басты тақырыпқа айналды. 30-жылдардың ортасында мақсаттары әдебиетті дәйекті түрде демократияландыру, оны өмірге жақындата түсу болған алдыңғы қатарлы жазушылардың қозғалысы басталды. Әдебиетке ұлт-азаттық күрестегі үстем болған идеологиялық ағым – гандизм терең ықпал етті. Сыншыл реализм дамуының жоғарғы сатысы Премчанд пен Р.Тагордың (1861-1941, Нобель сыйлығы, 1913) шығармалары болып табылады. Үндістанның тәуелсіздікке ие болуы (1947) алдыңғы қатарлы әлеуметтік тақырыпты шығарған озық әдебиеттің дамуына ықпал етті.

Үндістан мен Қазақстан әдебиетінің өзара байланыстары XX ғасырдың 50-ші жылдарынан басталды. М.О.Әуезов 1955 жылы Үндістанға барған сапарынан алған әсерлері туралы «Үнді кездесулері» («Индия очерктерін») кейіннен атауы «Менің Индиям» деп өзгертілген сапарнама-очерктер жинағын (1958, 1973), үнділік ұлы жазушы Тагор жөнінде «Тагордың кемеңгерлігі туралы» атты мақала жариялады (1961). Т.Ахтановтың «Үндістан хикаясы» (1970), Ә.Әлімжановтың «Көгілдір таулар» секілді үнді елі, әдебиеті жайлы кітаптар жарияланды. (1967). Әлімжановқа «Отырардан жеткен сый» мен үнді тақырыбына жазылған басқа да шығармалары үшін Үндістанның Джавахарлал Неру атындағы Халықаралық сыйлығы берілді (1969). 1992 жылы мұндай сыйлыққа ақын А.Шамкенов те ие болды. 2004 жылы маусым айында белгілі қазақстандық журналист және ақын Ә.Нілібаевқа үнді эпосы «Махабхаратаны» қазақ тіліне аударғаны үшін Үндістанның жоғары мемлекеттік сыйлығы – «Падма Шри» табыс етілді. Ол 2005 жылы «Ригведа», «Бхавагадгита» шығармалары мен Тагордың таңдамалы туындыларын қазақ тіліне аударып, 2006 жылы жеке кітап етіп шығарды. Дели қаласындағы Неру атындағы университет ғалымдары екі жақты ынтымақтастық бойынша хинди тілінде «XX ғасырдағы қазақ поэзиясының анталогиясын» баспаға әзірледі. Осы жобаның шеңберінде 2003 жылы Делиде қазақ ақыны Ш.Сариевтің өлеңдер кітабы хинди тілінде жарық көрді. Үндістан әдебиетінен Аббас Ходжа Ахмадтың «Үнді перзенті» (1959), Премчандтың «Тхакур құдығы» (1958), Тагордың «Күйреу» (1958), «Әңгімелері» (1960), «Гәуірмахан» (1964), Чандар Кришнаның

«Жел ана» (1972) кітаптары, Гандидің «Таңдамалы хаттары мен сөздері» (2006) қазақ тілінде жарық көрді.

Осындай жалпы таныстырудан кейін үнді елін, оның мәдениеті мен әдебиетінің рухани тәрбие мүмкіндігін терең ашқан, кейде үнді әдебиетіне, оны болашағына байланысты проблемдік мәселелер көтерген *М.О.Әуезовтің* «Индия очерктерін» толығырақ қарастырғанды жөн көрдік. Ағылшын отаршылығынан құтылған Индияда әдебиеттің негізі тілге байланысты кейбір түйіткілдің болатынын байқайды. Бұрын билеп төстеген ағылшын тілінің орнына мемлекеттік тіл хинди тілі болмақшы. Бірақ бұл елде қадім заманнан дамыған ондаған, тіпті жүз миллиондаған тұтынушысы бар әдебиеттік, ғылымдық және көркемдік сапа жағынан салыстырғанда ол тілдердің көбінің жазушылары өз тілдерін хинди тілінен әлдеқайда «мәдениетті, өнерлі тіл» деп санайды. Осы тілдер таласы бүгінгі Индиядағы аса бір қайшылықты мәселе тәрізденеді деп қауіптенеді жазушы. Бұл қазір де Үнді елінің күрделі мәселесінің бірі болып қалып тұр.

Әуезов Индия сапарында көне Үнді әдебиетінің ғана емес адамзат тарихындағы алғашқы ірі көркем шығарма болып табылатын «Махабхарата» мен «Рамайна» дастандарындағы оқиғалар өтті-міс делінетін тарихи жерлердің біразын өз көзімен көрді. Көне тарихтың қатпарынан сыр суыртпақтаған жазушы өзінің Жайпур мен Агра арасындағы көрген-білген жайын «Рамайна» дастанымен салыстырады. Жазушы «Ертегілер», «Айтыс өлеңдері», «Әдебиет тарихы», «Қазақ эпосы мен фольклоры» атты еңбектерінде үндінің көне дастандарының иран, араб, сол арқылы түркі халықтарының ауыз әдебиетіне жасаған ықпалын жан-жақты талдап берді.

Үнді сапарында Буддаға қатысты тарихи жерлер менескерткіштердің барлығын аралап көріп, ол туралы аңыздарды қойын дәптеріне түсіріп отырған.. Жолға шығар алдында Будда жөніндегі ғылыми-көпшілік әдебиеттермен тиянақты түрде танысып шыққан. «Индия очерктерінің» негізгі тақырыптық желісі де Будда заманындағы мәдени-рухани ескерткіштердің жайын баяндауға құрылған. Будданың отаны деп есептелетін Шиван өлкесіне барғандағы әсерін баяндаған [5, 329].

Б.з.д. 4-3 ғасырларда философиялық сарында дамыған тамил тіліндегі әдебиет алдыңғы қатарға шықты. «Он жыр», «Панчатантра» хикаялар жинағы дүниеге келіп,, санскрит жазуымен қағазға түсті. Бұл ұлы шығарма кейін иран, араб, түркі әдебиетіндегі аты аңызға айналған «Қалила мен Димна», «Мың бір түн», «Тотының тоқсан тарауы», «Бақтиярنامه» сияқты халықтық шығармалардың пайда болуына тікелей әсер етті. Әуезов жоғарыда аталған шығармалардың

қазақ халқының фольклорына жасаған ықпалы туралы әдебиет тарихына қатысты барлық еңбектерінде кеңінен тоқталып өтті. Абайдың «Масғұт» және «Әзім әңгімесі» дастандарының негізгі тарихи тамыры осы «Панчатантрада» жатқанын баса көрсетті. Амиль тіліндегі көне әдеби ескерткіштерді Әуезовтің өзі көзімен көрді. Сол дәуірде Хала (4 ғасыр), «Ашвахош» (2 ғасыр), Триувальуар (б.з.4-5 ғасырлар) сияқты аты белгілі ақын-жазушылардың шығармаларында адамның тағдыры нақты сипатта суреттеліп, нақыл-өсиеттік негізде жазылды. Сондай-ақ көркем өнердегі драматургияның, театрдың, актерлік шеберліктің заңдылықтардың теориялық тұрғыдан негіздеп берген «Татьяшастра» (1 ғасыр) ғылыми трактатының маңызы ерекше. Сондай көне дәстүрдің бірі – мұшайра айтысын Әуезов Дели қаласында қызықтайды.

Ағылшын ғатаршылығы тұсында үнді әдебиеті тоқырауға ұшырады. XIX ғасырдың II жартысынан бастап ұлттық ағартушылық бағыттағы шығармалар көрініс бере бастады. Әсіресе бенгал тіліндегі әдебиет ерекше қарқынмен өріс алды. Рабиндранат Тагордың Нобель сыйлығыны ие болуы да соны аңғартады. Әуезов бенгал әдебиетінің Индиядағы өзге әдебиеттерден шоқтығы биік тұрғандығын: «Бүгінгі тілдер ішінде ілгері мәдениетті бойына молырақ сіңірген тек бенгал тілі. Ол тілді Рабиндранат Тагордың шығармалары ғана емес, басқа да төрт-бес жаңа бағыттағы, ірі жазушылар шығармалары туған. Ол тілде роман жанры сияқты Индия әдебиеті тарихына мүлде жат жанр туды. Өзге тілдерде ондайлық дәрежеде әдебиеттің жаңа жанры өсіп дамыған жоқ. Бұлардың бүгінде де ең өскелең жағы тек поэзия. Оған да жана ырғақ, ұйқас пен өзге құрылыс жаңалықтары енген жоқ. Әлі де көбінше екі жолды мәснауи, бәйіт, ғазал рубайи өлшеу ырғақтары, басым болып жүр» деп атап көрсетті.

Үнді-совет достық қоғамының Қазақстандағы бөлімшесінің төрағасы ретінде Әуезов 1961 жылы Алматыда Тагордың туғанына 100 жыл толуына орай салтанатты кеш ұйымдастырып, сөз сөйледі. Кейін «Тагордың кемеңгерлігі» атты мақаласында: «Үнді халқының рухани мәдениетінің даналыққа толы әрі алуан түрлі, ұланғайыр аясында Рабиндранат Тагордың тамаша тұлғасы ғажайып жарқырап көрінеді. Тагор қазіргі заман талабына тіл қатқан лирик-ақын. Тагор – новеллист һәм романист. Тагор – драматург, публицист. Өзінің өзгеше жазушылық мәдениетінде ол қазіргі Батыстың творчестволық дәстүрлерін де мол баураған» деп баға берді [6, 559].

Біржарым айға созылған Үндістан сапары кезінде Әуезов Үнді әдебиетінің әр тілде жазатын көптеген қаламгерлерімен пікірлесіп,, оларды мазалап жүрген көкейкесті мәселермен танысты.. Соның

ішінде хинди тілінің мемлекеттік тіл деп жариялануына байланысты өзге ұлттық әдеби тілдердің тосқауылға ұшырап отырғандығы ерекше назар аударды. Үнді сапарында назарын ерекше аударып, көңілін алаңдатқан мемлекеттік тіл туралы: «Өкімет ойлағандай барлық Индияға хинди тілін жалғыз тіл ғып кіргізу оңай емес. Әдебиет тілі бұрын өркендеп өскен, нәзітеніп өнерленген өзге Индия тілдерінің өз дәстүрін тастап, хинди тіліне ауысуымен тумайды. Және оңтүстік тілдері санскритпен байланысты емес. Олардың тілінде де хинди тілінен өте жырақ жатқан жайлар көп» деп ескерткен пікірі ақыры шындыққа айналды. Мемлекеттік тіл мен мәселесі бойынша ортақ мәмілеге келе алмаған Бангладеш пен Пәкістан елі өз алдына тәуелсіз республика болып, жеке бөлініп кетті. 1997 жылы Қазақстан Республикасы мен Үнді мемлекеті Әуезовтің туғанына 100 жыл толу мерейтойын бірге атап өтіп ұлы жазушы салған мәдени-рухани байланыс одан әрі жалғасын тапты.

Әдебиеттер

1. Серебряков И.Д. индийская древняя литература. // Литературный энциклопедический словарь. Москва, «Советская энциклопедия» 1987. – 752 с.
2. Майлықожа С. Өлеңдері, толғаулары. // XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. Алматы, «Ғылым», 1985. – 320 б.
3. Сатпаева Ш. К. Казахская литература и Восток. Алма-Ата, Издательство «Наука», 1982. – 200 с.
4. Дөнентаев С. Шығармашылығы (Өлеңдері мен мысалдары). // 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. Алматы, «Ғылым», 1997. – 512 б.
5. Әуезов М.О. «Индия очерктері». // 20 томдық шығармалар жинағы. 8 том. Алматы «Жазушы», 1981. – 456 б.
6. Әуезов М.О. «Тагордың кемеңгерлігі». // Мұхтар Әуезов. Энциклопедия. Алматы, «Атамұра», 2011. – 688 б.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ДАЛА» КОНЦЕПТІСІ

Ғабит Хасанов

**Филология ғылымдарының докторы, профессор
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Орал қ.**

Концепт – лингвистикалық категория. Бірақ басқа лингвистикалық терминдермен балама қолдануға болмайды. Концепт когнитивтік тіл білімінің басты термині ретінде қарала бастағаннан – ақ мағына мен ұғым, лингвомәдени бірлік терминдерімен ауыстыра қолдану жағдайы кездесе бастады. Сондықтан зерттеушілер ең

алдымен осы ұғымдардың ара жігін ажыратып көрсеткенді жөн көрді. В.А.Маслова: «Мағына тек тіл жүйесінде ғана анықталатын тіл білімінің термині, ал ұғым тіл білімі мен логика саласында логикалық қатынастар жүйесінде анықталады», – деп көрсетеді. «Концепт пен ұғым терминдері ішкі формасына қарай бірдей: концепт латынның «conceptus» – ұғым сөзінің калькалық аудармасы» [1, 24]. З.Д. Попова мен И.А. Стернин концепт құрылымын адам санасындағы әрекеттердің жүйелі қызмет етуімен байланыстырады. «Концепт адам санасында, біріншіден, сезімдік тәжірибесі арқылы қалыптасады. Екіншіден, адамның өзіндік тұрмыс – тіршілігі, қызметі арқылы ұласады, үшіншіден, бұрын санада қалыптасқан ситуациялар мен басқа концепт белгілері мен қасиеттерін сәйкестендіре қолдану арқылы таныла түседі, төртіншіден, тілдік таңбасы жиі қолданыстан өтіп, стереотиптік деңгейге жеткен таңбалармен таныту арқылы анықталады, бесіншіден, тіл бірліктерін саналы түрде сол дүние табиғатын танытуға болады деп тұжырым жасау негізінде қалыптасады [2, 40]. А.Б.Әмірбекова пікірінше, концепт қабатталған құрылымнан құралып, оның әрбір қабаты әр дәуірдегі сол дүние туралы мәдени түсінік, халықтық көзқарас күйінде сақталады. Ғалымның жүйесі бойынша концепт құрылымы мынадай тізбекпен танылған:

- Дүниенің негізі (маңызды) белгісі;
- Қосымша (пассив, тарихи) белгісі;

Ішкі (әлі сезіліп, таныла қоймаған, жұмбақ) формасы [3, 21].

Ұлттық – мәдени концептілер ұлттық танымы жоғары Қадыр сияқты ақындарда басты орында болады. Бұл концептілер тек ұлттық танымда ғана жан-жақты ақпаратымен жүйеленіп, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсететін концептілер болып көрінеді, мысалы. дала, көш, домбыра, қамшы, тары т.т.. Мысалы, «**дала**» концептісі қазақтың өмірін, жайлауын мал шаруашылығын, дархан кендікті, жазықтықты объективтендіреді. Автор танымында дала кендік эталоны ретінде алынып, қазақтың кең байтақ жеріндегі ұлттық-мәдени өмірді, яғни қазақ даласындағы жырмен ұйықтап, жырмен оянған еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды. Мысалы, ойсурет құрылымындағы танылуы: *Жатыр дала шалқасынан жалаңаштап кеудесін, кеудесінде ұланғайыр қыбыр – қыбыр тіршілік*. Схемалық құрылымды танылуы: *Қазақ жері – алып бір қара қазанда қайран жұрттым қуырылды*. Мұндағы лингвомәдени бірлік – **қара қазан**. Сценарийлік құрылымды танылуы: *Қашаннан жері қара Жер, жесірдің қайғы мұңына. Дала, дала.....Сал дала селеулеген*. Жырмен ұйықтап оянған өлеңменен. *Дала деген – күйсандық бұл қазаққа, Абай*

десе құлағы елеңдеге. Уһ, дала! Дала толған көл-көсір жыр, Дала – қобыз тұтпайды пернесін кір.

«Дала» концептісі Қадыр Мырза Әлидің поэтикалық әлемінде тірек бірлік болып саналады. Дала ұғымы – философияның маңызды категорияларының бірі. Бұл ұғым ақын шығармаларында болсын, ойшылдар пікірінде болсын, көне рухани мәдениет мұраларында болсын ерекше орын алады. Дала сөзімен берілген бұр күрделі ментальді болмыс сан алуан интерпретацияда ұғынылады. Поэтикалық мәтінде дала ұғымы әр түрлі қырынан танылған. Оған шығарма контекстінің топографиялық (сюжет, фабула), психологиялық (сезім, ой, күйзеліс), метафизикалық (автордың түпкі ойы, көркемдік идеялық мазмұны) аспектілері сәйкес келеді.

Дала – түсінілуі, сезініп қабылдануы күрделі, адам үшін құндылығы мол дүние. Ол біріншіден, айналаңды қоршап жатқан, күнде көріп жүргендіктен көзің қанығып, ойың жатыққан жер аталатын түрі, екіншіден, топырақ рең-кейіпі мың құбылған, Алла тағаланың кәдімгі далиған кең даласы сол тіркестердің әсерінен бөлекше түрге ендіріп, толғандырып та, тамсандырып та тастайтын кең алқап.

Дала концептісі дүниенің тілдік, көркем бейнесінде кең мағынада «топырақ», «жұрт», «алқап», «дала», «туған топырағым», «ата жұртым», «кең алқабым», «дархан далам» секілді фреймдерден бастау алатын ментальді репрезентация. Поэтикалық мәтіндегі оның бейнелі репрезентациясы – жарық, қозғалыс, кеңістік, арпалыс т.б. ситуациялар төңірегінде жинақталып танылады.

Поэтикалық мәтіндегі дала концептісінің әлеуметтік аспектісі жер баспана, күйкі тірлік, шаңырақ және т.б. фреймдермен танылады. Физиологиялық аспектісі туылуы, ер жетуі, гүл ашылуы, шүберекке түйілген туған жер топырағының сағынуы және т.б. фреймдермен беріледі. Психологиялық аспектісі ақынның аффективтік сезімдік қабылдау әсері арқылы беріледі: һәм иісі казактардың кандарына сіңген топырақ, құмарлана иіскеп, құштарлана сүйетін туған жер, шексіз де шетсіз кең дала, дархан дала, шығысы мен батысы, түстігі мен терістігі ат шалдырып, ара қонып жүрерліктей шалғайлық, қуаңшылық жайлаған жаздарда малдарын жайып, бағып, семіртіп, оналтатын құт-берекелі жайлау, атамыздан ұлы мұра, жауһар жәдігер боп сайын дала, салқар кеңістік фреймдері арқылы танылады. Философиялық аспектісі дүние, Отан, мына дүние, тіршілік, рух, кең алқап, шексіздік, туған жер, өмір, мәңгілік, бақыт, өмірдің елеулі сәттері фреймдерімен беріледі.

Дала ұғымы – әмбебап ұғым. Қадыр Мырза Әли танымында скрипт құрылымына салынған «дала» концептісінің тілдік көрінісі мәтінде былай берілген:

*Пәледен
Аң қашады.
Даланы
Шаң басады.
Жел айдап жөңкіген бұлт
Желбіреп жалғасады.
Бір-бірін тосып әлі
Толқындар жосылады.
Өзектер бөлінбейді,
Өзен боп қосылады [112].*

Ойсурет – концепт қалыптастыру операциясының ең күрделі формасы. Концепт құрайтың элементтерді санада метафоралау, яғни суреттеу тәсілі. Терминді енгізген ғалым Н. Уәлиұлы ойсуреттің концептіде басты компонент екенін көрсетеді. Ойсурет санада бейне, символ, метафора, аллегория көмегімен танылады. А.Б. Бейсенбай ізімен Қадыр шығармаларында кездесетін, өзіндік қолтанбасын танытатын семантикалық окказионализмдерді былай топтастыруға болады.

1. Окказионал метафора;
2. Окказионал метонимия;
3. Окказионал эпитет» [4, 38-39].

Қадыр ақыннан тағы бір мысал алайық:

Ағайындар!
*Құр бекер қарыспаңдар!
Қоқандатпай қаруды ары ұстаңдар!
Шаруасы жоқ адамда,
Қала түгіл,
Жоламайды далаңа арыстандар!*[80].
***Күміс бұлттар көкті сирек бүркейді,
Күн сәулесі ақ мұнарды тіркейді.***
*Жанап ұшып,
Жалмап өтер қарлығаш
Жолаушыны мазалаған шіркейді [137].*

Ақын бұл өлеңінде *Ағайындар!* *арыстандар!* сияқты метафораларды қолдану арқылы өзінің елін, халқын күні-түні ойлайтынын танытады. Қадыр Мырза Әлидің бұл өлеңі Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңімен үндес жатыр. Арада 100-дің үстіне тарта жыл өтсе де қоғам қайраткері ретінде емес,

қазағымның асыл ұлы ретінде Қадыр өз ұлтының болашағын ойлап жыр толғатады, яғни ақынша айтқанда *Ағайындар! Құр бекер қарыспаңдар! Қоқаңдатпай қаруды ары ұстаңдар! Шаруасы жоқ адамда, Қала түгіл, Жоламайды далаңа арыстандар!* Тағы бір мысал:

*Қастерлесей Дала деген ұлы үйді,
Кеткен ұлға қалай ішің жылиды?
Бөрінің де бөлтірігі бүгінде
Батысыңның әуенімен ұлиды!* [141].

Қадыр тілінде дәстүрлі метафоралар жан-жануарлар атауларын береді де көптеп кездеседі, сондықтан олардың бәрін беруді жөн көрмедік. Мәселен:

*Өңір едік жылқылы да түйелі,
Өлең де тіліміздің тиегі...
Білім қазір сыйыспай жүр тіліммен,
Тілім оның көзге шыққан сүйелі.* [142].

Метафоралық не окказионал қолданысқа негіз болған ұқсастық олардың белгілі бір жағдаятқа байланыстылығы деп білеміз. Метафораның тәсіл ретіндегі басты мақсаты заттар мен құбылыстарға атау беру болғандықтан, олардың жасалуында ұқсастық сезім мүшелерінің көмегімен жүзеге асады. Ойымыздың дәлелі ретінде Қадыр Мырза Әлиден тағы бір мысал келтіре кетейік.

*Кездерім бар күліп те,
Жылап та алар.
Шындық жатпас,
Жалтақ ел құлақтанар.
Қалам да бар бойымда,
Далам да бар,
Дариям бар,
Әрине, бұлақ та бар!* [158].

*Мамыр өтіп,
Келеді ертең маусымы.
Көрінеді жатқандай боп тау сұлық,
Сияқты бір сезінесің
Балқумен
Бара жатқан балауыздай таусылып!* [137].

Мұндағы метафора «*Бара жатқан балауыздай таусылып*»! автордың тілдің ерекше поэтикалық және философиялық белгілеріне тән ойлау қабілетін танытып отыр. Философиялық ойлау мен көркем шығармашылық адамның айналасындағы дүниені танумен байланысты. Мәтінде әбден қатып қалған сезімді ояту мақсатында

жасалған окказионал метафора деп ойлаймыз. Мұндай нысандардың өзгешелігі ұқсастықты тануға, айқындауға көмектеседі. Автор қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстар өзгешелігімен оқырман қауымға әсерлі болып отыр.

Жеке авторлық сөзді қолдануда немесе тілдік кеңістікте бұрыннан бар тілдік бірліктерді өзгертіп қолдану бір жазушыда аз да, екінші бір авторларда көбірек болып келеді, өйткені бұл – шеберлікпен, жазушының суреткерлік мәдениетімен байланысты құбылыс. Мысалы, Қадыр Мырза Әли өз жырында дала концептісіне мынадай метафоралар шоғырын қолданады:

*«Түзден дыбыс аулаған
Таң қалмаңыз құлқыма.
Көк шалғында аунаған
Қызығамын жылқыға»* [138].

*Көк аспанда күн күлген
Көктем менен жаздарда
Көзден шығып сілкінген
Қызығамын қаздарға* [138.]

*Шалғын, орман сусаған
Шілде-тамыз айында
Қайраңға кеп жусаған
Қызығамын жайынға»* [138].

Көркем шығармаға, тіл шеберлеріне қойылған талаптар жайлы А.Байтұрсыновтың пікірін айта кетсек:

1. Сөз дұрыстығы, сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымырластыру.

2. Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру.

3. Тіл анықтығы. Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болады.

4. Тіл дәлдігі. Ойлаған ұғымға сөз мағынасының сәйкес келуі. Сөз мағынасын дұрыс айыра білу.

5. Тіл көрнектігі [5, 25]. Қадыр да осы бір белгілі жайтты ұстанады. Мәселен;

*Көптен бері атаңтың
Қаңтарулы қаламы.
Тынысы деп Отанның
Сүйемін мен Даланы.
Тас үйлердің шебінде
Тұрғанменен қалада,*

*Екі көзің сенің де
Ертелі-кеш Далада!
(Менің Далам жырақта)* [371].

Қадыр авторлы метафораларды табиғат суреттерінен алады да, ұқсату және мағына ауысуының функционалды-семантика заңы бойынша метафораларды түйдегімен қолданады. Мысалы:

*«Сен далада жаяу жүріп көрдің бе?
Сүйсінесің қызғалдаққа,
Зергүлге.
Соңғы аптасы болса егерде мамырдың,
Солықтайды төсің қақтап жер күнге»* [137].

*Дүбірлетіп даланың тарпаң бозы,
Не жетеді жүргенге ортаңда озып!
Әлденеге елігіп,
Жының ұстап,
Кей кездері кетеді арқаң қозып* [95].

Осындағы *«Дүбірлетіп даланың тарпаң бозы»* дегенді авторлы метафораға бірден жатқызуға қиын сияқты көрінгенімен авторлы метафораға жатқыздық, себебі түрі бойынша авторлы жатады.

Жалпы метафора, теңеулер тіл білімінің әртүрлі саласында – лексикология мен семасиологияда, сондай-ақ көркем мәтін тілін лингвистикалық талдау ыңғайында қарастырылып келеді.

*«Күнге тартқан баланың
Нұр көресің көзінен...
Ал мен болсам,
Даламның
Аумайды екем өзінен!»* [124].

Жеке авторлық қолданыстарға арналған еңбектердің (Н. Фельдман, А.Лыков, В. Лопатин, Е. Земская, Л. Киселева, Э. Ханпира, Г. Мұратова, Л.Еспекова) негізгі нысаны алмастырғыш қолданыстардың жасалуы, туу себептерін жан-жақты талдау болып келеді.

Мысалы, ол Қадырда былай көрінеді:

*«Балындай даланың
Бар оның шипасы.
Өлеңмен
Баламның
Басынан сипашы!»* [179].

Авторлы метафоралар көбіне окказионализмдер туралы зерттеулерде және жеке тілдік тұлғаларды зерттеген еңбектерде жиі қарастырылады.

А.Б. Бейсенбай өзінің окказионализмдер туралы зерттеуінде жеке автордың сөз қолданысын ғалымдар әртүрлі атайтынын көптеген пікірлер келтіреді [4, 13-14].

Қадыр тіліндегі авторлық қолданыстарды окказионал талдауын толық келтіретік, яғни Қадыр шығармаларындағы авторлық (окказионалдық) қолданысты қарастыру олардың дала концептісінің табиғатын ашып қана қоймай, автордың қолдану ерекшелігін, қаламгердің өзіндік қолтаңбасын айқындауға мүмкіндік береді.

Мысалы:

«Керемет қой көктем, жаздың жамалы!»

Көздің жауын алмайтын гүл шамалы.

Еркелетіп әрбір талын шашыңның,

Ереді де отырады самалы!» [137],

Мұндағы окказионал қолданыстың эмоционалдық-стилистикалық бояуын жасауға себепші болып тұрған *«Көздің жауын алмау»* сөз тіркесі. Осы негізде *«Көздің жауын алмайтын гүл»* окказионал қолданысы жасалып отыр. Бұл өлең жолдарында тілдің лексикалық, грамматикалық нормасы сақталуымен қатар автордың қолданып тұрған *«Көздің жауын алмайтын гүл»* тіркесі әдеттегіден өзгеше болып тұрғанын байқай аламыз. Автор *көздің жауын алмау* тұрақты тіркесін *гүл* сөзімен байланыстыра отырып, өте әдемі, көзге бірден түсетін бейнесін жасайды. Осы белгілерді жүзеге асыруда алуан түрлі амал тәсілдердің орнын тандай білу суреткер шеберлігінің тағы бір қыры болса керек.

Қадыр тілінде авторлық метафоралар көп болмағанымен, күрделі ойды дәл беруде орынды қолданылғаны байқалды. Қорыта келгенде, ақын тіліндегі авторлық метафоралар жалпы авторлық метафоралардың шоғырына қосылған тың сөз қолданыстары деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша). Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2006.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – М., 2008.
3. Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М.: АСТ: Восток – Запад, 2007.
4. Бейсенбай А.Б. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар. Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Астана, 2008.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989.
6. Мырза Әли Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989.

КОМЕДИЯ КӨРКІ – ХАРАКТЕР

Жоламан Қобланов

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Ақтау қ.**

Қарақалпақ драматургиясында Ә.Өтеповтан басқа да біраз драмашылар комедиялық жанрды дамытуға мол үлес қосты. Олар А.Бегимов, С.Мәжитов, Р.Мәжитов, М.Дәрібаев. Солардың бірі – Жолмырза Аймурзаев. Атай кету керек, ол басқалардай емес, драматургияға үлкен дайындықпен, сахна сырын меңгеріп келді. 1927-1928 жылдары «Таң нұры» атты театр үйірмесінде сахнада өзі ойнай жүріп, көптеген өлең-жырларын театрға лайықты инсценировкада жазады. Оның өлеңмен жазылған «Ала қалпақ әлегім» шығармасы сахнада тәп-тәуір табысқа жетті. Содан кейін Ж.Аймурзаев бірінші рет өзінің драматургия саласындағы мүмкіндігін 1932 жылы «Хакісілер» (бюрократтар) атты бір актілі пьеса жазумен байқап көреді. Оның бұл шығармасы сатиралық комедия еді.

Пьесаның оқиғасы дайындау кеңсесінің директоры Таужанның жұғымсыз әрекеттерін әшкерелеуге арналады. Таужан өзінің шыққан тегін жасырып, осы дәрежеге жетеді де, кеңес мкемесінің бастығына тән қасиет-мінездердің барлығын бұзады. Халықты тыңдамайды. Барып тұрған тоғышар, тойымы жоқ жемқор, қарауындағыларға мейлінше дөрекі, нағыз жатыпішер жалқаудың өзі.

Пьесаны автор комедия дегенмен, кейіпкерлер арасындағы байланыс барлық жерде бірдей өз дәрежесінде шыға бермейді. Кейбір кейіпкерлердің іс-әрекеті көрерменді күлдіретіні рас, бірақ логикалық шешімі ұтымды болмаған соң пьесаның сахналық өмірі ұзаққа бара алмады.

Қарақалпақ драматургиясындағы бірінші пьесасы нәтиже бермей, сынға ұшыраған соң Ж. Аймурзаев Мәскеуге А.В.Луначарский атындағы театр институтына оқуға кетіп, онда А.М.Горькиймен кездеседі. В.Маяковскийдің, А.Толстойдың, В.Ивановтың, К.Треневтің, В.Вишневскийдің, Н.Погодин мен А.Корнейчуктің драмалық шығармаларымен танысады. Олардың сахнадағы қойылымдарын да көріп, зерттейді. Әртістердің ойынын да қызыға тамашалайды.

Міне, осы жәйттің бәрі оның шығармаларында терең із қалдырды. Еліне осындай үлкен дайындықпен оралған ол 1939 жылы «Өз таяғың өзіне» атты екінші комедиясын жазды. Онда Қазан төңкерісіне дейінгі

қарақалпақ халқының өмірі суреттелді. Анаргүл есімді қыз Қахарман деген жігітке ғашық болатын. Бірақ өгей әкесі қызды Иманбай деген байдың жарымес баласына бермек болып құда түсіп, қалың малын жеп қояды. Өз қарауындағы, есігіндегі құлы Қахарманның Анаргүлмен қатынасын білген бойда, оны өлімші қылып сабайды, Гүлшат деген кемпірге оларды аңдытып қояды. Бірақ ауылдың пысықай жігіті Палуан екі жастың махаббатына араша түсіп, көмектеседі. Ақырында Анаргүл мен Қахарман байдан қашып құтылады да, өз мақсаттарына жетеді.

Мұнда да суреттелініп отырған тақырып жаңалық емес. Осыған ұқсас тақырыптар бұған дейінгі талай пьесаларда сөз болғаны белгілі. Дегенмен «мұнда, әртістердің ойынында француздың классигі атақты Мольердің «Скапеннің айласы» атты комедиясына сырттай еліктеу байқалады» [1, 63]. Мольердің бұл шығармасын қарақалпақ тіліне аударуға атсалысқан Ж.Аймурзаев соған ұқсас комедия жазғысы келеді. Бірақ, бұл екі пьесаның сюжеті сырттай ұқсағанымен, тартыстың ішкі өрбуі, дамуы әртүрлі, «Өз таяғың өзіңде» қарақалпақ халқының салты, әдет-ғұрпы кең түрде орын алған. Тіпті халықтың фольклорлық жанры да араласқан. Мұнда халықтың тапқыр да өнерлі жастары Палуан мен Зияда тартысты шиеленістіре, өршіте түседі. Ақымақ байларды мазақтау үшін олардың өздерінің әдет-ғұрпын, ырымшылдығын өздеріне қарсы жұмсайды. Олардың көздеріне кәдуілгі құнажын бірде жолбарыс, бірде шайтан, енді бірде жалмауыз кемпір болып көрінеді. Палуан мен Зияда айланып асырып, Гүлшат кемпір мен молданы қапшыққа тығып, оларды байларға сабатады. Сондықтан да автор пьесаны «Өз таяғың өзіңе» деп атайды. Сонымен бұл комедия көрермендердің жылы қарсы алған шығармасына айналады. Пьеса автордың ғана емес, бүкіл қарақалпақ драматургиясының табысы болып саналады.

Қазақ драматургиясындағы Бейімбет Майлиннің «Неке қияр» атты пьесасында да ауылдың дүмше молдасының қараңғы елді алдап, тамақ асырап жүргендігі сынға алынады. Бірін-бірі сүймейтін адамдарды мұсылмандық неке арқылы бітістірмек болған аяқ молданың жағымсыз іс-әрекеті әшкереленіп, ел алдында маскара болады. Сонымен бірге пьесада жас Зәурені Жәлен есімді ажарсыз, есуастау біреуге қоспақ болған бір топ алаяқтар мен дүниеқоңыз жандардың істері де әжуаланады. Мұндағы диалогтар күлкіге толы. Мысалы, Жәленді менсінбеген жас қызға жеңгелерінің бірі: «Қой, дәнеңесі де жоқ, қырық болса қайтсін, құдайдың ісі, кімнің байы оңып тұр дейсін, бәрі де сондай...» [2, 67].

Бейімбет пьесаларындағы алаяқ, арамза молда бейнесі әлемдік әдебиеттегі кейбір образдарды есімізге түсіреді. Мысалы, ұлы француз драмашысы Мольердің «Тартюф» комедиясындағы алаяқ монах Тартюф бейнесі. «Тартюф» комедиясының қысқаша мазмұны мынадай:

Саудагер Оргон шіркеуге ғибадат қылуға барғанында, ол жерде «тақуа» бір жанды көреді. Бұл адам берілген садақалардың бір бөлігін өзінде қалдырып, қалғанын басқа қайыршыларға үлестіреді. Өзін өте құдайшыл жан ретінде көрсеткен бұл адамды аңғал Оргон үйіне ертіп келеді. Бұл «тақуа» Тартюф еді. Саудагер оны аса құрметтейді, үйдің барлық құқықтарын оның қолына тапсырады. Тіпті қызын да оған бермекші болады. Оргон отбасындағы жастар (ұлы Дамис, қызметші қыз Дорина, қызы Марианна) бұл адамның алаяқ екендігін сезіп, бұл жайында Оргонға айтады. Бірақ діндар Оргон олардың сөзін естігісі де келмейді. Оған жала жауып, мені құдай алдында күнаһар қылмақшысыңдар деп ашуланып, ұлын үйден қуып жібереді. Барлық мал-мүлкін Тартюфке хаттап береді. Екі күн қалада болмай, үйіне оралған Оргон Доринадан хал-жағдай сұрағанында, ол Эльмира ханымның ауырып қалғандығы туралы айтпақшы болады. Оргонды болса тек Тартюфтің ахуалы ғана қызықтырады.

Тартюфтің екі жүзділігі мен аярлығының құрбаны болған екінші тұлға Оргонның анасы Пернель еді. Өзінің жауыз ниетіне жету үшін Тартюф алдымен аңғал, сенгіш жандарды қолға алады, жастарды ұнатпайды. Өйткені олар Тартюфтің сырын тез аңғарады және оны әшкерелеуге ұмтылады.

Тартюф басқан әр қадамында өзін құдайшыл жан ретінде көрсеткісі келеді. Оргонның әйелі Эльмираға көз салады. Өз еріне адал Эльмира Оргонның сынап көруі үшін Тартюфпен әдейі оңаша кездеседі. Тартюф: Мен туралы ешкім жаман пікір ойламайды, деп Эльмираға арам пиғылмен жақындаса бастағанын Оргон өз көзімен көреді. Сонда ғана ол үйіне кіргізген адамының жалған тақуа екендігін біліп, үйден қуып шығады. Бірақ Тартюф бетіндегі пердесін алып тастап, бұл жер-мүлікке өзі қожайын екенін, мұны дәлелдейтін құжаттар бар екендігін дәлел айтып, Оргонды үйден қуып шығу мақсатында сот шенеунігін шақыртады. Қамауға алу үшін полиция офицерін де бастап келеді. Бірақ, кенет офицер «әділ» монархтың бұйрығымен атақты алаяқтың өзін қамайтынын мәлімдейді.

Бұл комедияда Мольер ақсүйектер арасында белең алған тойымсыздық, тоғышарлық, екіжүзділік сияқты жағымсыз қасиеттерді Тартюф образында ашып көрсетті. Өзінің арам ниеттеріне жету үшін тақуа болып көрінген бұл адам шындығында өте бұзық, аяр тұлға

болып шығады. Тартюф буржуа Оргон мен оның анасын аңғалдықтарынан пайдаланып, алдап соғады. Сыры ашылған соң, Оргонды өз үйінен қуып, мал-мүлкін тартып алмақшы болғанында да Тартюф арсыздықпен бұл істердің барлығын күдай жолы үшін жасап жатқандығын айтады.

Мольер «Тартюф» комедиясында орта ғасырдағы феодалдық зұлматты осы дәуір әлеуметтік өмірі қайшылықтарына байланыста емес, оның бір жағын, яғни діни зұлымдықты, оның саяси қуғындау құралы болғандығын көрсетті. Бұл жағдай жазушыны классицизмге тән абстрактілік пен рационалдық иллюзияға алып келді. Нәтижесінде негізгі қаһарман характерін бейнелеуде схемалылыққа ұрынады.

«Тартюф феодал-аксүйектердің барлық бұзықшылықтарын жинақтаған индивидуалданған образ емес, ал кертартпа аксүйектік азғындықтың түрлі көріністерін әшкерелеген образға айналады. Сол себепті «Тартюф» комедиясы классицизм характерлер комедиясының типтік үлгісі болып табылады. Тартюфтің екіжүзділігі, Гарпагонның сарандығы сияқты типтік мінез. Жазушының назары жалпы адам характерін ашуға емес, алдын белгіленіп қойылған негізгі қаһарман Тартюф характерінің бір жағын көрсетуге бағытталған. Бұл классицизм театрының негізгі белгілерінің бірі еді»[3,436].

Бір қызық жәйт – «Өз таяғың өзіңе» қарақалпақ сахнасында ойналған кезде дәл осыған ұқсас, дәл осы сияқты Мольердің «Скапеннің айласы» комедиясына еліктеп жазылған комедия қазақ драматургиясында да пайда болды.

Қазақ драматургиясындағы комедия жанры халықтың ауыз әдебиетінің негізінде туды. Батыс және орыс классиктерінің комедиялық өнерін зерттеп, олармен терең танысқан қазақ жазушылары комедия оқиғаларын қайдан алу керектігін тез түсініп, дұрыс аңғарды. Ел әңгімелері негізінде еңбек жазған қазақ халқының тұңғыш режиссері – Жұмат Шанин. Ол 1928 жылы «Торсықбай», «Айдарбек» атты күлкілі комедияларын жарыққа шығарды. Шанинге дейін де комедия жанрының негізін қалаған Бейімбет Майлин болатын. Ол жиырмасыншы жылдардың басында «Неке қияр», «Шаншар молда», «Жасырын жиналыс» атты шағын актілі комедияларын сахнаға шығарған еді. Ал, Ж.Шаниннің «Торсықбай» мен «Айдарбек» атты комедиялары Ж.Аймурзаевтың «Өз таяғың өзіңе» (1939) атты комедиясынан он жыл бұрын жазылды. Олай болса, Ж.Аймурзаев Ж.Шаниннің шығармаларымен таныс та болуы мүмкін екендігін жоққа шығара алмаймыз. Қалайда, екеуінің де Мольердің «Скапеннің айласы» атты комедиясына еліктегені байқалады.

«Торсықбай» пьесасы алғаш рет 1925 жылы Семейде шығатын «Таң» журналында жарияланып, 1928 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылған. 1925 жылдың көктемінде қазақ жастарының күшімен Мәскеуде қойылған пьесаның оқиғасы өмірде болған жәйттерден алынған. Пьесаның кейіпкерлері де көп емес. Төрт-ақ адам, Торсықбай (30 жаста), Қайыр 33 жаста), Қарықбол (50 жаста) және Ыбырай молда (45 жаста).

«Таулы дала, жаңадан қойған қабыр маңайында екі-үш қабырдың көрінісі» деп бастайды автор пьесасын. Осы арада Торсықбай мен Қайыр жақында ғана баласын жерлеген Қарықбол бай мен Ыбырай молданы күтіп отыр. Қарықбол баласының жетісіне дәм беріп, құран оқытуға Ыбырай молданы шақырған. Торсықбайдың мақсаты бұл екеуін масқаралау. Өйткені, олардың жалшы-жатақтарға жасамаған жамандығы жоқ. Бай мен молда әсіресе Торсықбайға өш. Торсықбай бұларды неше рет мазаққа айналдырғанын пьесадағы оқиға басталған кездің өзінен-ақ байқалып тұр.

«Торсықбай (күліп) оның (молданы айтып тұр - Қ.Ж.) менімен өшіретін жөні бар. Бұрнағы жылы Жартыбай ауылында молда болып тұрғанда Бердіғұлдың келіншегіне сөз айтып, көндіре алмай жүреді екен. Онысын бір күні мен біліп, келіншекпен ақылдасып, молданы үйдің жабығынан түсірмек болдық. Оның түсетін жеріне үлкен күбіге ашыған іркітті бастырып қойдық. Көптен келіншекке сөзін өткізе алмай, кеуіп жүрген сорлы жабық түгіл шаңырақтан түсуге де көнді. Сонымен молдекең жабықтан түсем деп, күбідегі іркітке түсіп кетіп, салдырымен үйдің іші оянып, ит екен деп молдекеңді шөмішпен, шымшуырман ұрып, әбден масқара қылған. Артынан Ыбырай молда менен болғанын біліп қойып, содан бері менімен араз».

Міне, молда мен Торсықбай арасында болған оқиғаның бір көрінісі осы. Енді сол Торсықбай, сол молда мен Қарықбол байды мола басында күтіп отыр. Қасында Қайыр бар. Бір кезде жаңа сойылған малдың піскен еті мен бір саба қымызын алып Қарықболдар да жетеді, қасында молдасы бар. Молда көзін жұмып, бар әдемі әуезімен құранды оқи бастаған кезде кетіп кеткен Торсықбай қабырдан шыға келеді.

- Алла, сұмдық! – деседі отырғандар.
- Сұхбан..., - дейді молда, бірақ «алласын» айтуға шамасы келмей жығылады. Қалған жұрт тым-тырақай қашып жоқ болып кетеді. Кетіп оранып, сұмдық тажал болып көрінген Торсықбай молдаға білгенін істейді, ақыры оны көрге тығып, Қайыр екеуі қымыз бен етті алып, зытып отырады. «Айдарбек» оқиғасы да ел арасында көп тараған күлдіргі әңгімелердің негізінде туған. Айдарбек деген ку

жігіт Жақып есімді палуан жолдасымен жол жүріп келе жатып бір үйге қонақ болуға түссе, үй ішіндегі әйелдердің абыржыған әңгімелерін естиді. Анықтап білсе, бірнеше жігіт сайланып келіп, Бақтыбала деген кемпірдің қызын тартып әкетпекші екен. Келген жігіттерге Айдарбек пен Жақып төтеп беруге шамасы келе тұра, күш сынасуға бармайды. Лезде қызды кемпірге, кемпірді қызға айналдырады да, қыздың орнына ебін тауып кемпірді ұзатып жібереді. Екінші көріністе қыздың бетін ашып, той-думан жасамақшы болған елдің көңілі қыз орнына кемпірді көргенде су сепкендей басылады. Бүкіл ауыл-аймаққа масқара болады.

- Алда, иттің баласы-ай! Ұрған екен ғой Айдарбек... - дейді Асылбек.

Мұнда қазақтың әдет-ғұрпын сөз қылу үшін де талай күлкілі әрекеттер көрініс табады. Әйелдердің кәде орамалына таласқан сөздері де қызық.

- Тәйт әрі... Сенен-ақ жол артылмайды екен, кеше емес пе еді көз жақсымның көрпе қимылдатарын алғаның? - деп дауласады. Кәдімгі, біріне-бірі кезек бермей, бірін-бірі тыңдамай жамырай сөйлейтін ескі ауылдың жеңгелері [4, 57]. Келін тосып отырған ел үлкен әбігер үстінде. Күні бұрын алып-ұшып жоралғыға таласушылар қаншама? Күтпеген қылық, қалыпты жағдайдан оғаш нәрсе қашан да күлкі тудырады. Той болады деп дуылдасып даурыққан халық келіннің бетін ашып жібергенде, келін орнына кемпірді көргенде масқара болады. «Бәсе, иттің емшегі өлген қойдың өкпесіндей бос жатыр еді-ау!» - деп бір жігіт аңырады.

Қашан да пьеса көркі – характер. Кейіпкер сөздерінің шырайы жойылған жерде бос декламация, арзан ақылгөйсу орын алып, шығарманың ажары түсіп, дәлірек айтқанда, айқын характерлерсіз сахналық туындының өмір сүруі қиын. Осы екі бірдей шағын, бір перделі пьесалардың сахна шарттылықтарын ескеріп, актер ойынына лайықтап жазылғандығы драмашы Ж.Шаниннің жанрдың ішкі заңдылықтарын жақсы білетіндігін көрсетеді.

«Өз таяғың өзіңе» атты комедиясынан кейін Ж.Аймурзаев аудан театрларына арнап бірнеше шағын комедиялар жазады: «Той» (1938), «Ұрлыққа қорлық» (1939), «Тотыханның үйінде» (1936).

Әрине, бұл пьесалар драмашының табысы бола алмады. Дегенмен осы шағын да аз әктілі пьесаларда автор еуропа классиктерінің дәстүрін қарақалпақ дәстүрімен байланыстыра білгені, халықтың тапқыр сөзі мен әдет-ғұрыптарын, іс-әрекеттерді ойната білгені автор үшін аз жетістік болған жоқ.

Әдебиеттер

1. Алланазаров Т. Некоторые вопросы истории каракалпакской советской драматургии. - Нукус. 1987.
2. Ордалиев С. Конфликт және характер. Алматы. 1976.
3. Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы. 3-кітап. - Алматы. «Бастау». 2015.
4. Ордалиев С. Қазақ совет драматургиясының очеркі. - Алматы. 1964.

ПЕЙЗАЖ – АҚЫН ПСИХОЛОГИЯСЫН АШУДЫҢ БІР ТӘСІЛІ

Нағбду Қамарова

**Филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Ақтау қ.**

Пейзажды ақындар ежелден жырлап келе жатыр. Ақын психологиясын ашудың жиі қолданылатын тәсілі ретінде де пейзаж барлық халықтар поэзиясында ауқымы кеңейе түсуде. Қазақ әдебиетіндегі психологиялық параллелизмнің, табиғат суреттерінің үлгісі – Абай поэзиясы. Ол жайлы академик З.Ахметов дәл айтқан: «Абайдың табиғат лирикасы үлгісіндегі өлеңдерінде жыл маусымдарын: қысты, күзді, көктем мен жазды қайталанбас, соны бояулармен бейнелеп берді. Туған ел табиғатын сипаттауда оның суреткерлік шеберлігі айқын аңғарылады. Абай пейзажды адамның тұрмыс кешетін табиғи ортасы, мекен-жайы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, қазақ халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланыстыра көрсетеді» [1, 120-121]. Ғалымның Абайдың табиғат лирикасына берген бағасы, тамаша талдауы ұлы ақынның поэзиясындағы табиғаттың алар орнын айғақтайды.

Әрбір қаламгер әдеби шығармаларда (мейлі қай түрі болса да) көркем ойлаудың ажары ретінде, образдық-метафоралық жүйенің арқауы есебінде табиғат көркін ұтқырлықпен пайдаланады. Өйткені «адам өз өмірінде толып жатқан күйлерді табиғаттан таба білгендіктен де, оны образға айналдырады. Көптеген ақындар ұлылықты, әдемілікті, табиғилықты сенен үйрену керек деп табиғатты ұлы ұстазға балауы, әрине, тегін емес» [2, 36]. Көркем пейзаж жасау суреткердің дүниетанымын да байқатады. Пейзажда адамға тән сипаттармен суреттеп, жансыз табиғат құбылыстарына көркемдік мінездеме беріп, ой – қиялға әсер ете алса – ақынның ұсталығы мен тапқырлығы. Қасым Аманжоловтың лирикасын зерттеген ғалым Ә.Нарымбетов Қасымның

табиғатты суреттеуі жайлы былай дейді: «Қасым табиғатты жалаң суреттеген жоқ. Ол табиғатты адам өмірімен тығыз бірлікте, тұтастықты алып жырлады. Бір қатар шығармаларында адамды айтса табиғатты, табиғатты айтса адамды айтты. Кей өлеңдері сырттай қараған кісіге жалаң табиғаттың өзін жырлаған тәрізді болып көрінгенімен, үңіле қарағанға оның өзінің адам тұрмысы мен көңіл күйімен байланысты жақтары молшылық болып шығатынын сеземіз» [3, 150]. Сол сияқты лирик ақындарға тән бір қасиет – табиғатты адам сипаттарымен бейнелеп, тосын образдар тудыруы. Бірақ табиғатты қабылдау әр ақында әр түрлі. Ақындардың бір-біріне ұқсас сезімге толы, бірақ суреттеу амал-тәсілдері әр түрлі өлеңдеріндегі табиғатпен қатар өрілген көңіл күй әуендеріне салыстырмалы талдау жасап көрелік.

Әр ақынның табиғаттан рухани нәр алатын, тірек – сүйеніш табатын бір – бір құбылысы болады. Ол құбылыс бүкіл шығармашылығына тиек болады. Мәселен, ақын Сабыр Адайдың мына өлеңін оқып көрейік:

Жандым - күйдім,
Сүйіндім,
Әр тасыңмен сырластым.
Пірге
Алақан жайдым да,
Перизатпен жырластым.
Осылғанға ұқсайды
От ішінде ойыным,
Қамын ойлап бір бастың
Дегенменен,
Маңғыстау –
Мен сенімен сырласыппын [4, 36].

Қандай керемет сезім! Ақынның туған жерге деген махаббатын бұдан артық қалай жеткізуге болар?! Туған өлкенің әрбір тасы ақынға құпия сыр айтатындай. Маңғыстаудай маңғаз өлкемен сырласу – ақындардың ақынының қолынан келетін іс. Ақын С.Нұржан да кіндік қаны тамған жері – Маңғыстауға деген ұлы махаббаттын терең де мәнді поэзиясына сыйғызып:

О, Маңғыстау, айналайын, құт – ана,
Қорғалаған торғайыңмын бұтаңа [5, 206], - деп тебіренеді.
Ағынан ағылып сыр ақтарған ақын жырларынан сезім иірімдері төгіліп жатыр.
Қайран Далам,
Мендегі ұқшы мұңды,

Ұқ сырымды.

Жаным бар тіксінулі –

Сенен мейір дәмеп келгенімде

Қоя тұрсаң қайтеді сыпсыңды [5, 39].

Ақынның сүйікті образы – Дала, қазақтың кең Даласы. Сан тарау тау соқпағы сияқты шынайы сезім-сырларын Даламен тілдесу, мұндасу, сырласу арқылы тудырады. Ақын жырларын оқып отырып, боз даланың аймалай ескен самалының қалай өбіп, жусан иісінің аңқып кеткенін байқамай да қаласыз!

Далам менің!

Орда тіккен мың атам.

Көк Байрақтай аспаныңды ұнатам [6,212], - дейді бірде. Кең Даланың шетсіз – шексіз аспаны ақын жырларын асқақтатып әкеткен.

Аспан!

Менің арманыма түкірме,

Мен өзінді мәңгі – бақи шарлаймын [6, 212].

Аспан образы арқылы ақын аспандай шексіз жан сарайына бүкіл әлемді сыйғызған. Осы жолдардан ақынның поэзияға бағышталған үлкен махаббаты мұнартып тұр. Табиғи дарынына сенген ақын өзінің бар мұң-сыры тұнған поэзиясының халық игілігі, қалың көпшіліктің рухани байлығы, қазынасы болатынына кәміл. Светқали философиясының аясы кең, ойлары салмақты.

Беймәлім тыңдаушысын іздеп, шарқ ұрған К.Ахметованың «Ағаштарға» өлеңіндегі мына бір жолдарды оқып көрсек:

Соған қарап ұмытам сесті, үрейді,

Адам үшін оларды өсті дейді

Ең жақсы әнді естимін ағаштардан,

Бәлкім оны басқалар естімейді.

...Мен жыласам жылайды жапырағы,

Жапырақтар мейірімді, ақын әрі.

Ақымаққа шамдансам, сабыр беріп,

Саясына желбіреп шақырады [7, 113].

Шынында да өзіміз күнделікті көріп жүрген ағаш жапырақтарына жан бітіп, ақын мен тілдесіп тұрғандай, енді бір сәт жапырақтар бізбен де сырласып тұрғандай, енді бір сәт жапырақ мұңын естігендей әсерлерде қаламыз.

Ал мына өлең шумақтарынан табиғат – анаға қамыға қарап, әр ағашпен сырласқан Сабыр ақын жанын танимыз.

Қарағай, қайың, қара орман,

Халінді білсем деп келдім.

Әне бір жылы тұсыңнан,
Қамыға қарап өткенмін.
Жапырағына жас тұнып,
Үйеңкі неге жылайды?-
Құрағы қайда көк көлдің,
Құланы қайда бөктердің?
Құдай-ау, қайда жеткердің?
Қай бақытымды көп көрдің?
Қарағай, қайың, қара орман,
Батысқа барып батты күн.
Сен болып сиреп жоғалған,
Менің де сонда шаттығым.
Найзағай көкке шаншалған,
Шыршасы қайда бұл маңның? [8, 34].
Сондай-ақ ақын Г.Салықбаеваның да:
Еркелеймін еменге еңіреген,

Еш жақсылық дәметпей, ешбір бақыт [9, 64], - деген, немесе
К.Ахметованың:

Жапырағын азайды-ау, жасыл емен,
Жабыққанда келуші ем қасыңа мен.
Сыбдырласып, сырласып қоюшы едік,

Ортақ еді біздерге ғасыр әлем [10, 31], - деген өлең жолдарындағы
ағашпен мұңдасу – лирик ақындардың ерекше бір қасиеті. Ал емен
ағашы – жанға сая таптырар символ – бейне.

Аталған ақындардың қай-қайсысының да жүректерін жарып
шыққан өлеңдерінің ерекше атап айтар үлкен бір тобы – махаббат,
көңіл-күй әуендері. Поэзияның ішкі тынысы, гармониясы, табиғи
мәмілеге келген тербелісі бар болғанмен, сыртқы көркемдік қуаты
әрқайсысында өзінше арна құрайды.

Кіріпігінді шылама, күзім менің,
Жапырақ-ау, мұның не... үзілгенің?
Көп алмалар көз тиіп құлап жатыр,
Көтере алмай көген көз сүзілгенін.

Күзім менің, кел сені жұбатайын,
Басың кетер, басыңды сына, қайың.
Жапырағыңды жұлқылап жерге шашқан
Желге сенен кешірім сұратайын.

Күз көрінсе, көл болып жыла, жаңбыр,
Жерге айналсын ұмытшаққа ұнаған гүл.

Күзім келсе, жетелі ой жүзін берсе,
Көмейіме күмбірлеп тұрады ән бір [9, 70].

Мұндағы күз маусымдық ерекшеліктен гөрі адамның сезім аңсарын аңғартады. Кірпіге шыланған күзге, жалғаз жапырақтың тірлігіне, жабырқаңқы қайыңға, жылағалы тұрған жаңбырға...- табиғат тынысына зер салып, зерделей отырып, адам өмірінің мәні, парасатының өрісі жайында талай-талай ойға шомасыз. Бұл табиғат лирикасы ма, әлде көңіл-күй лирикасы ма? Біздіңше, екеуі де. Өйткені ақын табиғат келбетін өз көңіл күйімен, психологиясымен араластыра, үйлестіре жырлайды, екеуінің де сыр – сипатын айқындауға, жанды да бейнелі көрініс жасауға талпынады.

Көктем табиғатының сұлу көріністерін шеберлікпен бейнелеген ақын сол көрініске сай көңіл күйін емес, керісінше жабырқаңқы сәтінен хабар береді. Әдетте ақындар өлеңдері психологиялық параллелизмге құрылады емес пе! Жасырын психологизмге құрылған бұл шағын лирикалық туындыда аялаған әсем табиғат аясында «неге тұнжыраңқы күй кешем?» деген ақын өкініші де қылаң береді. Ал Н.Мәукенұлының мына өлең шумағы жан күйінен туып тұр:

Көктен тамған тамшыдан
Көгере қалды бір өңір.
Көзден тамған тамшыдан
Безере қалды бір өмір.
Көк жыласа екен...
Көңіл шыдаса екен... [11, 7].

Табиғат құбылысы мен адам көңіл күйі жұп құраған. Көктен тамған тамшы мен көзден тамған тамшы қатарласып, өңір мен өмірге өз сипатын беріп тұр. Көктің жылауы, көңілдің шыдауы...ақын психикасын терең танытса, С.Адайдың мына жолдары да екі ұдайлылықты байқатады:

...Қалтырайсың, қара орман,
жапырақтарың дірілдеп,
Мемілдеп жасым менің де
бетімді жатты тілімдеп [8, 17].

Қара орманның қалтырап, жапырақтарының дірілдеуімен тілімдеп бетті жапқан көз жасының мемілдеп ағуы қатар бейнеленіп, адам көңіл күйінің бір сәті ерекше көрініс тапқан.

Табиғат суретінің өрліуі әр ақынның өскен ортасы, қоршаған табиғатына және сол табиғатты қабылдауына, жаратылысына, мінезіне байланысты. Қазақ поэзиясында да тау, өзен, дала, ағаш, жайлау, жусан, дария, бұлт, жаңбыр сияқты табиғат құбылыстары сүйеніш, тірек-образ ретінде көп жырланады. Ақын шабыттанғанда таудай

биіктеп, өзендей күркіреп, дала, жайлаудай жайылып, дариядай төгіліп кетеді. Ақындардың жырына алтын қазық егер табиғат құбылыстарының, пейзаждың символдық мәні де болады. Ақындық шеберліктің бір қыры – пейзажды көңіл күй әуендерімен астастыра суреттеу. Жоғарыда аталған ақындардың қай-қайсысы да – табиғат әлемін адам көңіл күйімен ұштастыра суреттеудің шеберлері. Пейзажды сан қырынан бейнелеулер ақындар туындыларына әр берсе, бір жағынан ақын психологиясын ашудың тамаша бір тәсілі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
2. Дүйсенов М. Қазақ лирикасындағы тақырып пен көркемдік шешім. // Кітапта: Жанр сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 12-43 бб.
3. Нарымбетов Ә. Ақын және табиғат. // Кітапта: Дәуір және поэзия. Алматы: Жазушы, 1970. 119-151 бб.
4. Адай С. Әр қазақ – менің жалғызым. Алматы: Үш қиян, 2001.
5. Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. Өлеңдер. Үш томдық. 1-том. Алматы: Үш қиян, 2003.
6. Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. Өлеңдер. Үш томдық. 2-том. Алматы: Үш қиян, 2003.
7. Ахметова К. Арғымақтар даласы. Өлеңдер. Алматы: Жалын, 1987.
8. Адай С. Кетемін көкке жұлдыз боп. Алматы: Жазушы, 1996.
9. Салықбаева Г. Бір жұтым ауа, қызыл күн. Өлеңдер. Алматы: жалын, 1995.
10. Ахметова К. Күн шыққанда күліп оян. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Ана тілі, 1996.
11. Мәукеңұлы Н. «Көктен тамған тамшыдан...». // Қазақ әдебиеті, 31 мамыр, 2002 жыл.

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**З. Мүгіев, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Ж. Мұханбетова, педагогика магистрі
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті, Орал қ.**

Қажым Жұмалиев есімі «зерделі ғалым», «ұлағатты ұстаз», «шабытты ақын», «көрнекті жазушы» сынды келісті тіркестерді бірден ойға оралтары даусыз. Өз дәуірінде ғылым әлеміне өшпес мұра қалдырып, ұлт мүддесін қорғауға ат салысқан, көркем ой иесі Қажым Жұмалиев ақындық өнер жолына із салып, жазушылық қырынан да

танылып, қазақ халқының рухани жан сарайын ашып, тарих беттерінен сыр шертіп, қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық алып келді. Бұл сөзімізді көрнекті сыншы, академик З. Қабдоловтың: «Қажым Жұмалиев көп қырлы кісі: ғалым, жазушы, ұстаз» [1] - деген пікірі растай алады.

Әдебиет пен ғылымды қатар алып жүрген Қажым Жұмалиев қазақ әдебиетінің тарихын, Абай поэзиясының тілін, Махамбет мұраларын зерттеуде қомақты әрі құнды еңбектер жазып, қалдырды. Қажымның ғылыми, шығармашылық мұраларының жалпы саны хақында Руда Зайкенованың 2018 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қазақтың Қажымы» мақаласындағы: «Жұртшылыққа кеңінен таныс «Ломоносов және орыс ғылымы», «Қазақ эпосы және қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі», «Ахмет Жұбанов», «Стиль – өнер ерекшелігі», «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті», «Жайсаң жандар» т.б. газет, журнал және әр түрлі жинақтарда енген еңбектерін қосып есептегенде жалпы саны 200-ге жуық ғылыми зерттеулері, сондай-ақ 40-қа жуық өлеңі мен бес поэмасы, 30-ға тарта очерк, әңгімелері мен екі повесть, екі драмасы бар» [2, 4 б.] – деген пікірі академик Қ. Жұмалиевтің қаншалықты жемісті еңбек еткендігіне дәлел болса керек. Қ. Жұмалиев мұраларының әрқайсысы табандылықтың, батылдықтың, шалқар шабыттың, үлкен ізденістің, қайтпас қайсарлықтың жемісі екендігі айқын аңғарылады.

Қажымның «Қанды асу» өлеңмен жазылған романы, «Қырдағы күрес», «Ер Жәукен» поэмалары, «Айқас», «Қайсар қара, қайырымды адам», «Тарлан атты жолаушы» повестері, «Қос білек», «Жаңа орда», «Жолаушы жыры», «Жорыққа аттанғанда» сынды әңгімелері, «Қазақстан», «Түркістан-Сібір темір жолы», «Конфескенің жазы», «Алатау», «Ана», «Жазғы кеш», «Мәлік», «Балғашы», «Шымырлап еңбек қайнайды», «Май толқыны», «Бас маршты майданға», «Қызыл ер», «Шабуыл», «Көңіл», «Мектебім», «Балапан», «Махаббат мәні», «Еңбек», «Польша жұмысшыларының делегаттары келгенде», «Кім едік біздер, кім болдық», «Құрысын шылық сұрқия», «Комсомол сөзі», «Арнау», «Тарту», «Жылқышы мен қыс», «Жылқышы», «Таудан аққан өлең – бір таза бұлақ...», «Залым туған адамдар», «Ағадан қалған жырлар бар», «Қуаныш-қайғы ойласаң», «Қайғы – теңіз ескексіз», «Есінде сақта мәңгілік», «Уәде беріп өз сөзін...» өлеңдері әдебиет әлемінен елеулі орын алады.

Қажым Жұмалиевтің 1934 жылы латын қарпімен «Қазақстан» баспасында жарық көрген «Қанды асу» романы – бай мен кедей арасындағы тартыс, қара арғымақ, қара күймеге мініп, сары жез киім киініп, жүндей түтіп кедейді зар жылатқан Мұқан сынды байлар мен

шашы ағарып, қартайып өлгенге дейін байлардың құлына айналып, мал бағып күн көрген кедейлердің халін жырлаған көлемді туынды.

Жазушы романның кіріспе бөлімінде табиғат пен адам арасындағы үнсіз байланысты, жазық дала мен мал баққан малшы арасындағы үнсіз тілдесуді суреттейді.

Жасыл кілем жайнаған жазық дала,
Жүрегі өрт, денесі у, жаны жара.
Ойға шомған қапалы қоңыр белдің,
Әлдилейтін қайғысын сағым ғана.
Барылдауық бетеге қалың бозды,
Жалын ұрттап, қан құсқан сай мен сала [3, 4 б.].

Осынау жазық даланы шарлай, таң атпастан малмен бірге өріске шыққан, шыбын жаны иненің жасуындай бір рахат көрмеген малшының бейнесі көрініс табады. Қайқы кірпік, қайқы ерін, балуан балтыр, төртбақтау, орта бойлы, көз жанары өткір, терең ойлы бұл жас бала он жасынан мойнына құлдық қамытын киген Жұман Сәлім еді. Әке-шешесі де Мұқанның құлдығында қаза тапқан панасыз жетімнің бүгінгі тірлігі – байдың қой-қозысын бағу, малын күзету.

Сәлімнің кескін-келбетін, сыртқы бейнесін сипаттауда жазушы ерекше сөз шоғырларын, айшықты тіркестерді, келісті теңеулерді қолдануға тырысады.

Қайыз-қайыз сыйдиган қара сирақ,
Жырым-жырым басында жаман тымақ.
Далба-дұлба үстінде шекпен күпі,
Жұмыр сақпан белінде, қолда ақ таяқ.
Ақ шаңдаққа үйкелеп сауырын төсеп,
Қой шетінде анау кім жатқан сұлап [3, 7 б.].

Күн көрерлік адал малы да, тұрар баспанасы да, жанашыр ата-анасы да жоқ бала жастайынан қой соңына салып қойған өміріне налиды, ішіне жиналған шерін, мұң-зарын, жүрегін өртеген қайғы-қасіретін тау-тасқа, өзен-көлге ғана жайып салады. Дала мен табиғат та қойшы күйін сезгендей күніренеді.

Патшадай сән-салтанат құрған Мұқан болыстың ісі қате болса да дұрысқа саналуы, жан тыныштығын ғана ойлап кедейлерді жылатуы, есігінде жүрген жалшыларының еңбегіне он екі айда бір тоқтылы қой беруі – әділетсіздіктің, теңсіздіктің жарқын көріністері.

Қайғылы удың толқынына батып, жылай-жылай көз жасы таусылған баланың кенеттен көзі ілініп кеткен сәттегі көкжалдың қойға шауып, төрт саулық пен бір тоқтыны қырып кеткені - оқиғаны шиеленістіре түседі. Қойдың дүрліккенін көріп атына мінген

Мұқанның інісі Әлмағамбет қаһарын төгіп, Сәлімнің жанын алмаққа аттанады.

Сұп-сұр болып жауыздың қаны қашып,
Ен байлыққа елігіп жүрген тасып.
Бұзау тісті солқылдақ қолындағы,
Тұғызбай-ақ Сәлімді қалды басып.
Кісі жейтін төбеттей тісі ырсыды,

Тынатындай өлтіріп мауқын басып [3, 29 б.], - дей келе автор одан әрі сорлы Сәлімнің шыбын жанын сақтап қалу үшін жан ұшыра айтқан жалынышты сөздерін баяндайды. Қайырымсыз жауыз Әлмағамбеттің құлағы керең, көзі соқырланып қалғандай қолындағы алты өрімді жуан камшымен жас баланы соққыны астына алуы жан түршіктіреді. Есін білместен тәлтіректей құлаған баланың мойнына шылбыр салып, ат құйрығына байлай қу тікенге әрі-бері сүйреуі жауыздың опасыз әрекетін танытады. Ен далаға жосадай боп төгілген жетім Сәлімнің қаны мен жанының құны бес саулықпен тең болғандығы қынжылтады. Бай қорлығына іші-бауыры өртеніп, есі кіресілі-шығасылы шалажансар күйде жатқан Сәлім үйде қалған бауырларын ойлап аласұрады.

Байлардың күлін көкке ұшырар күнді аңсаған Сәлімнің егіле айтқан зары жан тебірентеді. Ен далада өліммен арпалысып үш күн жатып, бір жұтым суға зар болған кейіпкеріне жазушы табиғатты көмекке жібереді. Аз уақыт ішінде аспанды тұтастай торлаған қара бұлт, үйлердің шаңырағын ұшырып, қора-қопсының астан-кестенін шығарған долы жел, шелектеп құйған жаңбыр әл үстінде жатқан Сәлімнің тамағын жібітіп, бойына күш береді.

Жылдар өте келе тән жарасы жазылған Сәлімнің бай-болыстарға деген ыза-кегі өрши түседі. Оған қоса патша өкіметінің 19-31 жас аралығындағы қазақ жігіттерін майданның қара жұмысына шақыру туралы жарлығы ел ішінде наразылық тудырып, Сәлім сияқты батыл ерлердің көтеріліске шығуына себепші болады. Ерлікпен шайқасқа аттанған қолды бастаған Сәлімнің жауынгерлері қару-жарақтың жоқтығынан, қарсы топтың басымдығымен жеңіліс тауып, отыз солдат қараңғы үйге абақтыға қамалады. Ауыл ішінде де жалғзынан, жарынан тірілей айырылып зар жылаған ананың, қара жұмысқа шақырылып амалсыздан аттанған жігіттердің мұңын түсінер, қорған болар ержүрек ұлдардың қамауда отырғандығы ауыр тиеді. Еш уайымсыз бай мен билердің қара халық сарсаңға түскен шақта ойларына келгенін жасап, ауыл арасында ойран салып, өз орындарына малайларын жіберіп, ішкен-жегендеріне мәз болып жүрген қалыптарын автор әсерлі суреттейді.

Болыс Мұқан арандай аузын ашқан,
Кедейлердің қасықтап қанын шашқан.
Қолға түскен жасақтың талай ерін,
Жерге көміп тірілей, ағашқа асқан.
Ел уысында Мұқанның табанында,
Қан шығарар қаһарланса қара тастан [3, 34 б.].

Автор елдің нанын, кедейдің жанын жеген Мұқанды «жегі құртқа» теңейді. Кедей халықтың жеріне дейін тартып алып малын жайлатқан болыстың ессіз әрекеттері күн санап өсе береді. Бұл жауыздың жанын алуға бекінген, талай тұтқынды темір қапастан құтқарған, өзі итше күнелтіп еліне аман жеткен Сәлімнің ендігі мақсаты ата-анасының, дос-жолдасының, халықтың кегін алу еді.

Байдың қорлығына енді шыдамасын білген батыл ер, өзі секілді ержүрек жолдастарын ертіп Мұқан, Әлмағамбеттерге қарсы ашық шыққан Сәлім қайтпас қайсарлықтың, бұлтарпас батылдықтың нәтижесінде халқына теңдік алып береді. Бай-болыстың халықтан күштеп алған жерлерін қайтарып, егін егіп, мал өсіріп еңбек етуге жол бастайды. Ондаған жыл тер төгудің арқасында совхоздың басшысы болған Сәлім қарапайым халықты мал, егін өсіруге жұмылдырып, ауылды техникамен қамтамасыз етіп, сүт фермасын ашып нағыз еңбекші елге айналдырады.

Жалпы алғанда, жазушының «Қанды асу» романының негізгі тақырыбы – бай-болыстар билік құрған заманда халық қамын ойлаған, ел қорғаны болған ержүрек ерлердің ерлігін дәріптеу болса, басты идеясы – жазықсыздың аяусыз қанын шашып, жанын қиған жауыздардың сұраусыз қалмайтынын, кедейлерді құлына айналдырып, қорлық көрсеткендерден ел кегін қайтарар батыл азаматтардың бар екендігін кейінгі ұрпаққа насихаттау екендігі айқын.

Қажым – талантты әрі талғампаз ақын. Оның әрбір өлең-жырынан туған жеріне деген сүйіспеншілігі, атамекеніне деген ерекше құрметі анық сезіліп тұрады, поэзиялық туындыларында өмір тіршілігіндегі шым-шытырық оқиғалар, еңбекші халықтың күйі, басқарушы топтың билігі еш бүкпесіз шынайы сипат алады.

Ақын өзінің «Қазақстан» атты өлеңінде:

Қорытылса Теміртауда болат-құрыш,
Жезқазған қазанында қайнады мыс.
Кен құты, жер тәңірі – Қазақстан,
Тасынан ақтарылған алтын, күміс.
Қанша алса сарқылмайтын тас көмірі,
Қара алтын Қарағанды бақ пен ырыс.
Қанындай күре тамыр қоңыр тартқан,

Эмбаның мұнайы асау фонтан атқан.

Ұйығы сансыз балық Арал, Каспий,

Асаудай мекіресі тулап жатқан [4, 20 б.], - деп табиғатының әсемдігімен танымал, жер қойнауының байлығымен әйгілі Қазақстанның мақтанышпен жырға қосады. Туған елінің айшықты келбетін сұлу сөзімен көмкеріп, әр аймақтың өзіне тән пайдалы қазбаларын сарқылмас байлыққа, таусылмас бақ пен ырысқа тең көреді. Ембі мұнайының күре тамыр қанындай қоңыр, атқылаған фонтандай долылығын айтса, Арал, Каспий теңіздерінің балықтарын тулаған асауға теңейді.

«Кім едік кеше, кім болдық?» өлеңінде толарсақтан мұз қатып, қабырғадан қан аққызып қараңғы қапаста күн кешіп, жерін патшаға, билігін ақсүйек төреге жастандырып «отар» елге айналған қазақ елінің халін күйіне жырлайды. Еркіндіктің таңы атып, мұз жарылып, жел тынып, темір құрсау бұзылып, бейбіт күн орнаған заман келгенін айтып, еңбекші халықтан бүгінгі жағдайын сұрайды. Қазақ жұртын өздерін өзге елдермен тең ұстауға шақырады. Отарлықтың қамытын шешіп, бостандыққа қол жеткізген халыққа:

Сапандық та, бостандық,

Бостандықтан, бостандық.

Отар емес, ел болдық,

Басқа елменен тең болдық [5, 16 б.], - деп ұрандатуға үндейді. Темір бұғаудан босаған жұртының жаңа тұрмысқа белсене араласып, Қарсақбайда мыс балқытып, Доссор, Мақат мұнай өндіріп, Қарағанды кара алтынды, Риддер, Емел сары алтынға кенеліп, қызу еңбекке білек түре кірісіп кеткендіктерін мақтан ете жырлайды. Отаршыл патша үкіметін талқандап, шаң басқан кең байтақ даланы социалды елге айналдырған, өзге елдермен терезені тең қылдырған қазан төңкерісінің күші екендігін баса назар аударады ақын.

Ақынның бұл өлеңіне тән басты өзгешелік ретінде сауал қою әдісін қолдануын және қойылған сұраққа халық атынан жауап қайтаруын айтуға болады. Өлең мазмұнында қойылған түрлі сауалдардың бәрі дерлік өлеңнің идеялық-тақырыптық негізін әсерлі бейнелеуге, сонымен қатар лирикалық кейіпкер сезімін шынайы әрі ұтымды жеткізуге, лириканың жанрлық сипатына сай автордың көңіл-күйін дәл беруімен қоса, мақтан ету, ширығу, көңіл аударту, желпіну, мұңдану, қуану секілді сан түрлі сезімдерді жеткізуге қызмет етуімен ерекшеленеді.

Қажым Жұмалиевтің қолға іліккен туындыларының ішінде тақырыбы, идеясы, мазмұндық өрісі тұрғысынан оқшау тұратын, жанрлық табиғаты да ерекше туындысы – «Қызыл ер» өлеңі. Қазақ

жұртының амандығы үшін жан берісе айқасқан, майдан даласында бар күш-жігерлерін жайып салып, жау шебін бұзып, қамалын қиратқан алғыр қырандар - «қызыл ерлердің» толассыз ерлігін шарықтата жырлайды.

«Ұлтарак түгілі тырнақтай жерімізді ешкімге бермейміз» деп атамекеніне, туған еліне деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдірген ұлтжанды азаматтар қара ниетті, қан құмар дұшпандарды талқандайды. Өз бетімен күрес ашпайтын тыныш та бейбіт елімізге сырттан келген жаудың меншік жерімізді иеленгісі келген арам ниеті қайтпас жүректі, қайсар білекті ер ұландарды бей-жай қалдырмасы анық.

Сыртқы жауды жаныштап,
Ішкі жауды жаныштап,
Шаршамастан, талмастан,
Көзіңнің шырын алмастан,
Қорғадың Отан-елінді.

Күзеттің гран шегінді [5, 20 б.], - деп асқақтата жырлайды автор. Отан алдындағы парыздарын абыроймен атқарған ерлердің майдан даласынан оралған сәттерін де ерекше шабытпен бейнелейді.

Өлең құрылысында жай қайталау, анафора, эпифора секілді айшықтау түрлерін келістіре қолдана отырып, қызыл ерлердің жанкешті айқасын әсерлі жеткізеді. Өлең шумақтарына төл сөздерді кірістіру арқылы, егіз ұйқас, кезекті ұйқас, шұбыртпалы ұйқас түрлерін қиюластыру арқылы майдан көрінісін жандандырып, шынайы әлемге енгендей күй кештіруі ақын шеберлігін одан әрі айқындай түседі.

«Қажым – бүкіл өзінің тумысымен, табиғатымен ақын жанды, бары болса шәкірттеріне аямай беретін, одан іркері болмайтын, әдебиетті жанындай сүйетін жан болатын» [6] – деп академик С. Қирабаев жазушының шынайы болмысын оңды бағалайды.

Қазақ рухын асқақтатып, бен ұлттық құндылықтарымызды дәріптеген, білім мен ғылым жолын тең ұстап, даналығымен танылған Қажым Жұмалиев мұралары қай кезеңде де маңыздылығымен ерекшеленері сөзсіз.

Әдебиеттер:

- 1.Қабдолов З. Мақалада: Қажым Жұмалиев туралы бірер сөз. www.el.kz 2015 ж., 1 маусым
- 2.Зайкенова Р. Қазақтың Қажымы // Қазақ әдебиеті. 2018 ж., 2 ақпан.
- 3.Ғұмалыұлы Қ. Qandь asuv. Roman. Qazaqstan. – 1934. – 100 б.
- 4.Жұмалиев Қ. Қазақстан. Кітапта: Сейітов С. Республикам менің. Алматы: Қаз.мем.көрк.эд.баспасы. – 1960 ж. – 342 б.

5.Çumalьль Q. Өмір ығы. Өлендер ығнағы. Alma-Ata: Qazaqstan. – 1938. – 52 б.

6.Қирабаев С. Мақалада: Қажым Жұмалиев туралы бірер сөз. www.el.kz 2015 ж.

ҒАЛЫМ Ә.ДЕРБІСӘЛИН ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Басқар Алиев, PhD докторант
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Жалпы қазақ әдебиетінің тарихы соңғы жылдарға дейін көбінесе ХУІІ ғасырдың соңғы тұсынан бастап зерттеліп келгендігі мәлім. Яғни, қазақ әдебиетшілері арасында осы мәселе тұрғысында екі түрлі пікір қалыптасты. Көптеген зерттеушілер қазақ әдебиетінің тарихын Бұхардан бастап, оған дейінгі әдебиетті жоққа шығарды. Ә.Дербісәлин ХУ-ХУІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы атты кітапта қазақ әдебиеті тарихында айтарлықтай үлесі бар, бірақ көптеген еленбей, ескерілмей келген ақындар шығармашылығын сөз еткен. Әсіресе, қазақ деп аталатын халықтың бір ұлыс құрамында қауымдасқан кезінен бастап қазақ атымен аталатын дербес әдебиеттің алғашқы өкілдері Асанқайғы, Қазтуған, Шалғез жыраулардың поэзиясына ерекше тоқталған. Ең алдымен сөз болып отырған дәуірдің поэзиясы фольклор емес, алғашқы тұстан бастап фольклордан іргесін бөлектеп, профессионал әдебиет жасауға бағыт ұстаған баяу да болса өзгеше бір көркемдік іздену, даралану жолы әрине, саналы түрде тандалған жол емес, көненің жалғасы екендігін танытады [1,13].

Осы дәуірде өмір сүрген жыраулар поэзиясының өзара тұтастық, жалғастық күйде дамығандығын көрсетеді. Көне дәуір әдебиетін зерттеу барысында Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншіалиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдықов құрастырған “Ертедегі әдебиет нұсқалары” жинағы мен М.Мағауинның “Алдаспан” еңбегін ерекше атайды. Ә.Дербісәлин әсіресе, “Ертедегі әдебиет нұсқалары” жинағын таратып көрсеткен. Бұл еңбек екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде У-ХУІІ ғасырлар поэзиясы сөз болады. Бірінші бөлімде зерттеушілер Орхон-Енисей жазбаларынан бастап Рабғузидің “Қиссас-сул-әмбия” кітабына дейінгі жазба деректердің қазақ тіліне, мәдениетіне қатысы туралы айтылады. Осы салыстырулар мен пікірлердің алғашқы іздену, шағын түйін дерек екенін айта келіп, Ә.Дербісәлин осы ХІ-ХІУ ғасырларда туған жазба ескерткіштер жөнінде қазіргі позициямыз айқын, - дейді.

Себебі, бұл жазба ескерткіштер көпке дейін бір халыққа телініп келді. Ал біз болсақ осы аймақты мекендеген ру-тайпалар жеке-жеке халық болып топтасқанға дейінгі дәуірлерде пайда болғандықтан, бұл ескерткіштерден тіл, тарих, этнография тұрғысына қаншалықты ортақтығымызды айқындауға қажетпіз, - деп келелі пікір қозғайды.

Қазақ арасында сақталған ақындардың ең әрісі Қодан тайшы әр жазбада әртүрлі аталады. Ғалым Қодан есімінің Қобыланды жырында, С.Сейфуллиннің жазбаларында және Ә.Марғұланның еңбектерінде аталатындығын айрықша көрсетеді [2,17].

Сыпыра жырау жөнінде өмірдің алдын болжау, көріпкелдік қасиеті болғандығын айта келіп, осы жыраудан басталған қасиет кейінгі көп жырауларға тән ерекшелік болғандығын айтады. Асан қайғы туралы жазба деректерді салыстыра келіп, Ш.Уәлихановтың, Қ.Халидовтың, С.Сейфуллиннің еңбектерінен мысалдар келтіре отырып, Асанды Ормамбет заманына жақындату – кейінгі дәуірдің қосымшасы деп болжам айтады. Асан мен Қазтуған атына байланысты өлең-әңгімелерге, аңыздарға ортақ мәселе, өзекті ой – жайлы жер, жақсы қоныс іздеу. Осы жайлы Ә.Дербісәлин екі түрлі объективті себеп арқылы түсіндіреді. Алғашқы объективтік себепті Қазақстан жеріндегі сұрапыл шапқыншылықтар, үздіксіз жорықтардан іздейді. Өйткені ХУ ғасырға дейінгі алты-жеті ғасырлық өмірде осы өңірдегі мемлекеттердің сан түрлі өзгеріске ұшырап, Шыңғыс, Ақсақ Темірлердің қантөгіс соғыстары кейбірін жер бетінен жоқ қылып жібергендігі белгілі. Яғни, осы сан ғасыр бойы өлшеусіз қырғынның сабағындай кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиетіндей тыныш, бейбіт өмір туралы армандар Асан аузы арқылы берілетіндігін айтады. Бір жағынан жанға сая, малға жай қоныс, жайлы мекенді поэзия тілімен дәріптеу байырғы заманнан келе жатырған дәстүр екендігін айта келіп, Орхон жазуларымен, ХІІ ғасырдағы жазба деректермен ұштастыра отырып талдайды. Сонымен бірге тағы бір ескеретін жағдай Асан атымен тараған өлеңдер ауызша сақталса да, көне замана стилімен мүлдем өзгеше. Мұның себебін Ә.Дербісәлин былайша түсіндіреді: “Халық аузында сақталған өлең, толғауларында кейінгі кез үшін түсініксіз сөздер мен ақындық тәсілдерді көп сақтай бермей, оларды жаңа заманның рухында ұстартып, көркемдік жағынан жаңғыртып, ширата түсіп отырған. Асан өлеңдерінде осы жағы басым [2,31]. Бұдан әрі ғалым Асан өлеңдерінде композициялық бітімі жағынан талдау жүргізеді. Асан поэзиясында жиі кездестірілген параллелизм, аллитерация секілді өлеңдік формаларды түркі тілдес елдердің классикалық поэзиясымен салыстырады. Асан поэзиясына кеңінен шолу жасай отырып, дала табиғатының көріністерін тізіп көрсету немесе

дидактикалық түйіндер жасау қазақ ақындарында осы Асаннан басталғандығын атап көрсетеді. Ал, Асаннан біраз кейін өмір сүрсе де, көне дәуірдің белгілерінен арыла алмаған Шалғез жыраудың толғауларының бізге көне вариантында жетуін оның шығармаларының жазбаша түрде жетуімен түсіндіреді. Алғашқы жинап басушылар Т.Сейдалин, С.А.Жантөрин, В.В.Радловтың жинақтарын атап өтеді де, Шалғез толғауларының туу тарихын сөз етеді. Себебі бұл зерттеушілер тек шығармаларын жинап басқаны болмаса, өлеңдерінің байыбына тереңдей жете қоймаған”. “Балпаң-балпаң басқан күн”, “Аспанды бұлт құрсайды” толғауларының шығу тарихына талдау жасайды. Жыраудың өзі, өнері, заманы жайында тұжырымды пікір қорыта отырып, толғауларының көркемдік сипатын өмірді бейнелеу тәсілдерін ашып көрсетуге тырысады. Шалғездің өз ұғымын синтездік тәсілі арқылы бере отырып, өзінше бейнелі тапқыр көркемдік тәсіл жасағандығына түсінік береді. Жырау өз толғауларында образды сөздер, көркемдік ізденісті танытатын бейнелі теңеулер келтіре отырып, халқымыздың көркемдік дүниетанымыздың өсу сатыларын, жолдарын танып-білуге ұмтылады. Белгілі жыраулар Доспамбет, Шобан жөнінде ноғайлы, қазақ жұртына ортақ тұлғалар екендігін айтады. Автор ХУ ғасырдағы Сыпыра жырларынан бастап Шал ақындардың дәуіріне дейінгі қазақ әдебиетіне шолу жасай отырып, табиғи жалғастықты, шығармашылық өсуді бір-біріне тигізген әсерін айқындайды. Халқымыздың бірнеше ғасырлық поэзиялық тәжірибесін кейінгі әдебиет үшін қайнар бұлақ болғандығын көрсетуге тырысқан.

Ә.Дербісалин толғау жанрының да туу тарихы мен дамуын, қалыптасуын, өсу жолын толғау жанры хақында зерттеу еңбегінде терең айқындайды. Бұл зерттеуінде автор жеке ақындар творчествосының ауыз әдебиетін бөлініп шығуы мен жанрлық ерекшеліктеріне тоқталған.

Орыстың халықтық поэзиялық мұраларымен салыстыра отырып, тууы, дамуы жолдары арасынан бірлік, заңдылық іздейді. Толғау жанрының түп негізін күрделі эпикалық жырларды ала отырып, өзінше тың тұжырымдар жасайды. Қазақ әдебиетіндегі толғаудың қай жанрдан бөлініп шығуы мүмкін дей келе, батырлар жырынан бастау алуының себебін былайша түсіндіреді: “Ең алдымен толғау өзінің даму тарихы бойына өлеңдік түр жағынан негізінен жырға ұқсас болса (поэзиядағы ең көне түр жеті-сегіз буынды жыр өлшемінің әртүрлі еркін, шұбыртпалы ұйқастары негізінде туғаны белгілі), екіншіден, мазмұны жағынан да сол жырдан, әсіресе батырлар жырынан алшақ кетпейді, көбіне-көп елдік, ерлік тәрізді қоғамдық-әлеуметтік маңызы зор мәселелер негізінде туып, өріс алды. Толғау деген сөздің төркінін

былайша түсіндіреді: “Әуел баста толға деген бұйрық рай түріндегі етістіктен шыққан деп тұжырым жасайды. Түр жағынан да, атқаратын қызметі жағынан мұның кәдімгі сөйле деген сөзден еш айырмасы жоқ, тек оның ақындық өнері бар адамға арналуында”, - дей келе, Қ.Жұбановтың да осы сөздің этимологиясы жөніндегі пікірін келтіреді. Толғау жанры жөніндегі С.Мұқановтың, Е.Ысмайыловтың, М.Ғабдуллиннің, З.Ахметовтың пікірлерін келтіре отырып, барлығының ойы, тұжырымы бір арнаға тоғысқандығын айтады.

“Асанның Әз-Жәнібек ханға айтқаны” деген жыр жолдарын толғаудың бізге мәлім алғашқы нұсқаларына жатқызады. С.Мұқановтың нақыл толғау, ереуіл толғау, тіршілік толғауы деп бөлінген жіктеуін толығымен қостап, қолдайтындығын айтады, сөйте тұра кейбір бұрыстықтарын да жоққа шығармайды.

Толғау жанрының туып, қалыптасуына мол үлес қосқан Асан, Қазтуған, Шәлгез, Жиёмбет жыраулардың толғауларының ішкі мазмұны мен көркемдік бедерлеріне тоқталады. Олардың толғауларын арнау толғаулары, заман, өмір туралы толғаулары деп тақырып жағынан бөліп, толғаулардың туу тарихын сөз етеді.

Әдебиеттер

1. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы. – Алматы: «Ғылым», 1982.
2. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар, А., «Ғылым», 1990.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДЕБИ СЫННЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Бакыткул Алиманова, мұғалім
№27 орта мектеп-лицейі, Ақтөбе қ.**

Ұлттық дәстүрді және классикалық дәстүрді сақтауды іздеу жолдарында, әлемді тану жолдарындағы эстетикалы суреттеу формаларының бағыттарында, жаппай мәдениеттегі көпшіліктің теріс көзқарасы жолдарында жаһандану ерекше міндеттер қояды. Жаһанданудың теріс тұстары-мәдениеттің таралуы, кесте әдебиеттің, дәстүрлі тілдердің және әдебиеттің сақталуына деген қорқыныштарды бейтараптандыруға және қоғамның рухани қауіпсіздігінің негіздерін құруға бағытталған стратегияны әзірлеуге тиімді тетіктер жасауы болып табылады.

Халықаралық рухани байланыстардың белсенді дамуы мен әлемдік әлеуметтік және білім беру кеңістігіне интеграция тұрғысынан ең тиімді стратегиялардың бірі - салыстырмалы әдеби сын.

Салыстырмалы әдебиетінің қазіргі ұлттық мектебін түрімен қарайтын болсақ, біз үшін ең өзекті нәрсе жаңартылған. Зерттеулерді дамытудың батыс мектептеріндегі тереңделген бағыттары: терминология, теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеу үшін қажет екендігін атап өтуіміз қажет. Екінші жағынан, Шығыс Азиядағы салыстырмалы сипаттағы мектептердің құндылықтарына назар аудару керек, мысалы, жергілікті дәстүрлерде дүниежүзілік тәжірибені бейімдеудің динамизмі және мақсаттылығы өз ұлттық дәстүрлеріне басымдықпен бағдарлануы қажет.

Шығыс пен батыстың ұлттық зерттеу мектептері өз кезегінде әлемдік әдебиеттің мәселелерімен қарқынмен жұмыс жасайды, сонымен қатар, жаһандану шарттарындағы актуалды мәселелерінде өз дәстүрлі әдебиеттеріне өзіндік бояу береді.

Жоғарыда ең маңызды деген бағыттар салыстырмалы әдебиеттің дәстүрлі емес әдебиеттанудағы мәдени мұралары мен көркемдік-эстетикалық дәстүрлерін жаһандану жолындағы дұрыс емес жақтарын айтуда маңызды рөл атқарады.

Өз кезегінде, қазақ әдебиеті ХХ жүз жылдығында өзінің ғылым жолындағы әдебиет беттеріндегі қажет жолдасты иемденді. Әдебиеттану жолындағы Көркемдік тәжірибені айнадан көргендей етіп көрсетіп ғана қоймай, оған анализ жасап, өзгелерге ұсынып, өсу жолын бағдарлау, «жаңа гуманизм» деп батыс зерттеушілерінің айқындап кеткен, салыстырмалы әдебиеттің түсінігі бәрден өз бойын көтерді.

Зерттеу бағыттарындағы ерекше қозғалыстары оның халықаралық ұлттық әдебиеттердің өз беделін арттыру және әлемдік әдебиеттің даму жолындағы процестердің шектеу қойылып, анализ жасаумен байланысты. Сонымен қатар, бұл қозғалыстың осы күндері Жаһанданудың объективті процесінде айқын көзқарасы актуалды болып тұр.

Көптеген елдердегі салыстырмалылықтың элементтері, сонымен қатар, өткен онжылдықтың зерттеу жұмыстарын жасаған авторлардың еңбектерінде айтылады. Қазақ әдебиетінде салыстырмалы әдебиеттанудың жаңаша өрлеуінің пайда болуын көрсеткеніміздей, көркемдік және философиялық мұраларындағы негізгі бағыттауды рөлдері батыс пен шығыстың мәдениетінің дәстүрін көрсетудегі нағыз ұлылар Шоқан Уәлихановтың, Абайдың және басқа да ХІХ жүзжылдықтағы арнаушыларының еңбектерінде көрсетіледі.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми шығармашылық пен өмірге деген қарым-қатынасы - жастайынан шығыс, орыс, батысеуропалық және әлемдік мәдениеттің шектеулі қабылдауы мен үйрену жолдарына

дайын болғандығын көрсетеді. Омскдегі оқу жылдарында да Шоқан Уәлиханов өзінің кең ауқымды білмділігімен көзге түсті. Шоқан Уәлихановтың бай тарихи-әлеуметтік зерттеулері оның тарих жолында және батыс пен шығыс халықтарының, қазақ халқының эпикалық әндерін, француз эпосы «Роланд туралы әндер» еңбегіне деген көзқарастары - оның осы жолдардағы негізгі бағытталғандығын көреміз. Шоқан Уәлихановты оқи отырып, дәстүрлі құндылықтарға байып, өзгеше ойлауға бойлаймыз және өзге елдердің тарихына бойлаймыз. Осы орайда, орыс және Батыс Еуропа арасында байланысты жүйелеу Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерделеуі мен қызығушылығы маңызды зор атқарғандығын көреміз. Шоқан Уәлиханов әлем әдебиетінің және ұлттық салыстырмалы зерттеулер қалыптастыруға кең аппеляциялық жолып атап өтсек, «Шоқан Уәлиханов және орыс әдебиеті» деген Ш.Қ Сәтпаевтың еңбегінен Шоканның әлемдік әдебиет пен оның қалыптасуындағы кең зерттеулер жасағандығын көреміз.

Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде антикалық мәдениет пен әдебиеттің бай мұраларын қолданды; ол бірінші болып қазақ халқына көркемдік және ғылыми ойлар салды, грек және рим халықтарының мифтерін кірістірді. Түгелдей алсақ, «Нағыз ғылыми адам тән құндылықтар-батысеуропалық әдебиеттің терендей зерттеуінде, көркемдік және ғылыми ойлау, ғалымның концептуалдық тұрғыда нағыз оқымысты екендігін айқындайды».

Антикалық әдебиет жолдарында ежелгі гректің мифологиясы, ғылыми еңбектері мен эпистолярлық мұралар Шоканның өткен күн мен бүгінгі күннің ара жігін ажыратып көрсетуі-үлкен талант. Әлемдік әдебиеттің арасында Саади, Хафиз, Омар Һайям, Абулғазиз, Шекспир, Гете, ағайынды Шлегелер, Гердер, Гейне, Милля, Карлейля, Диккенс, Теккерей, Жорж Санд, Э.Сю, Дю тәрізді классиктердің есімдері көрсетілген. Түріктердің эпикалық әңгімелеріне ерекше назар аударғандығы қырғыз жыры «Манас» шығармасынан көруге болады.

Қазақ тарихындағы ерекше орын алған Шоқан Уәлиханов зерттеулерінде, Мқхтар Омарханұлы Әуезов салыстырмалы әдебиеттанудың қазақстандағы екі сатысын көрсетті: «Біріншісі-жинау сатысы, жазылулар, жекешеленген шешулер кейде орыс тілінде аударылып көрсетіледі. Бұл сатыда. әдеби ескерткіштер мәселелердің комплекстерінде қарастырылады: этнография, тарих, тілтану, және фольклордың негізгі бағыттарында оқытылады. Әдебиеттану әлі күнге дейін ерекше орын алған жоқ. Бұл барлық шығыстану мен түркітануға катысты процесс.

Көптеген қызықтар, болашақ зерттеулерге қатысты ойлар ғылыми-зерттеу жолында ғалым Шоқан Уәлиханов, В.Радловтардың қатарларынан көреміз. Тай-таласқа түсіп отырған бұл ойлардың әлі талай қозғаланатындығы және ғылыми-салыстырмалы мен тарихи-әдебиеттердің негіздерін құрап отыр» деп автор астын сызып көрсетіп отыр.

Шынымен де, жүйелілік, жинақтылық, тәжірибелік бақылаулар мен түркі тілдес халықтардың жырларын оқу, Уәлихановтың, Потаниннің, Диваевтің еңбектерінде тайға таңба басқандай айқын көрінеді.

Шоқанның ұлылығын шығармаларына қарап саралаған тұста, өзінің әдебиеттегі ұлы мұраларын қалдырған, шексіз поэзия мен прозалардың авторы-Абайды қайта қарау және оны қайта жаңғырта бағалау дәл сол салыстыру тәрізді қиынға түседі. «Қазақ халқына сан ғасырлар бойы қызмет жасауда, өзінің философиялық көзқарасы шексіз құндылыққа иелілігі, Абай-өз кезінде ұлы гуманист бола қойған жоқ, батыс пен шығыстың тәжірибесін бойына сіңірген. Ұлттық ынтымақтастық мен тереңділікке негізгі жол Абайда жатыр, Жаһанданған саясатты елдерге деген сара жол да Абайдан кейінгі жол болып табылады. Біздің уақытымыздағы сенімділік, дін, экономика, социалды және политикалық дүниелер, сонымен қатар өмір заңдылықтары, өзара қарым-қатынас пен ықыластылықты байланыстырады».

Мәдениеттердің алуантүрлілігін және өзара әрекеттесу туралы әңгімелеу әдетте руханилық құбылыстардың салыстырмалы налдауына негізделген. Абай тәрізді данышпанның ауқымды рухани ассортименті компартативті идеялар туындаған кезде оның шығармашылығының ерекше рөлін алдын ала анықтады. «Абай бізді крһсоқырлық пен сауатсыздықтан тура қорғаштайды. Абай, сөзсіз, еуроазиялық ауқымның керемет айқышы, дәл осындай кең ауқымды фактілер Абайдың ойшыл, поэт ретінде көрсетуіне терең бойлайды. Бұл процестер Абай бойындағы мәдениетті ғана көрсетпейді, жалпы алғанда шығармашылықтың алуан түрлерінде байқауға болады». Осы тезистен көріп, тарихи-салыстырмалы анализ жасай отырып, бұл нәтижелер тек бір көзқараспен емес, молынан ашылды деуге болады.

Көптеген оңжылдықтар көлемінде бұл тезиспен көптеген ғалымдар басшылыққа ала басқа да ұйымдарды алға тартты. Әйткенмен бұл аспектілерді оқу барысында Абай шығармашылығы бір темпті тұстары көп кездесті. Ғылыми-әдістемелік принциптер енді енді өз негізін қалап жатыр.

Әдебиеттер

1. Межнациональные связи казахской литературы /Отв. ред. Лизунова Е.В., Сеитов С. А., 1970
2. Сатпаева Ш.К. Веяние времени. В 2-х томах. А.: Ғылым, 2000

ҚАЗАҚ-ТАТАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИ РОМАНДАР

Бекарыс Олжабаев, магистрант

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Қазақ және татар халқы көптеген жылдар бойы өзара тығыз байланыста болып, тіл, дәстүр сынды құндылықтарымен алмасып отырды. Екі халықтың байланысы көпжақты болды. Генетикалық тұрғыдан алып қарағанда қазақ және татар тілдері бір-бірілеріне өте жақын болып келеді. Қазақстан аумағында бірнеше татар ағартушылары, жазушылары, өнер иелері дүниеге келген. Олардың қатарында татар халқының ұлы композиторы - Нәжіп Жиғанов, атақты жазушы – Ибраһим Салахов, дирижер – Фуат Мансуровтарды атауға болады.

Көптеген татар оқытушылары қазақ балаларын оқу-жазуға үйреткен. Оның бір мысалы ретінде бірнеше рет қазақ даласына бала оқыту үшін жалданып барған М. Ғафуридің оқытушылық қызметін келтіруімізге болады. «Бұл жылы мені өте ақылды, ескі әдебиетпен жақсы таныс, домбыраны шебер шертетін Мұса және Жұма есімді екі ағайындылар молда болу үшін қазақ даласына шақырды. Солардың үйіндегі өткен өмірімнен тек жақсы естеліктер қалды. Біз бір-бірімізбен әдебиет туралы көп әңгімелесетінбіз, олар домбыра тартатын, ал мен оларға татарша ән айтып беретінмін. Осылайша, жазды сонда өткізіп, күз түскенде Троицкқа қайта оралдым», - деп еске алады М. Ғафури. [1]

Қазақ даласына сіңісіп кеткен М. Ақмолла, Ғ. Тоқай, М. Ғафури, Ғ. Ибраһимов сынды атақты ақын-жазушылар бар. М. Ақмолла қазақ, татар және башқұрт халықтарына ортақ ақын болып есептеледі.

Е. Байтұновтың пікірінше, қазақ ақындары С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Т. Жароков пен М. Ғафури, Х. Тақташ, Ф. Бурнаш секілді татар жазушыларының туындылары арасында рухани ұқсастық бар [2]. Осындай ұқсастықтар екі түркі халықтарының ажырамас бірлігінің айқын көрінісі.

Біз қазақ және татар халықтарының тарихи романдарын салыстыру үшін әйел бейнесін алуды жөн көрдік. Жоғарыда атап

өткен, қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрі мен тілін меңгерген Ғалымжан Ибраһимовтың «Қазақ қызы» және «Татар қызының тағдыры» атты екі тарихи романындағы басты кейіпкерлер, яғни, қазақ және татар қызы образдарын татар жазушысының көзімен қарап салыстыру қызықты деп есептедік. Осы тарихи романдарға баса көңіл бөлген татар халқының ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ф.М. Мұстафин болатын. С. Мұқанов өз сөзінде «қазақтар Ғалымжан Ибраһимовты қазақ жазушысы деп есептейді. Дарынды жазушы мен тұлға – Ғ. Ибраһимовтың есімі біздің социалистік көпұлтты мәдениетіміздің тарихында мәңгілік сақталады» деп баға берген [5].

«Татар қызының тағдыры» романында татар ауылының революцияға дейінгі тұрмысы мен жалпыұлттық мәселеге айналған әйел тағдыры көркем суреттелсе, «Қазақ қызы» романында Ибраһимов өзінің ары мен құқығын қорғап, тағдырға мойынсұнбайтын, еркіндікті сүйген азат әйел образын сомдаған [3]. Бұл туындылар қазақ және татар халқының ұлттық, саяси және мәдени тұрмысының мысалы деп есептеледі.

Жазушының романды «Гүлбанудың тағдыры» емес «Татар қызының тағдыры» деп атау себебі сол уақыттағы барлық татар қыздарына тиесілі тағдырдың баяндалуында. Алғашында, бұл роман «Татар әйелі не көрмеді» деген атпен жарыққа шыққан. Бірақ, жазушы ұзақ атауды жөн көрмей, халықтың қызығушылығын ояту үшін қысқа атау берген.

«Қазақ қызы» немесе «Дала қызы» атауы көшпенді өмір салтымен дала тәрбиесін көрген қазақ әйелінің образымен байланысты. Даланың қызы деп қазақ қызының кең даламен туыстық байланысын аңғартып тұр. Жазушының эпилог ретінде Мағжан Жұмабаевтың «Айға» атты өлеңін қолданған:

Киң дала, күрәсең гуй, ана, жатқан,
Жебәктәй жәсел шүпкә битен жапқан.
Аскар тау, балдай татлы сулары бар,
Ана шул анам иде мине тапқан...

Романның басты кейіпкері Сарман руынан шыққан Қарлығаш сұлуды екі ру арасындағы байланысты нығайтып, қауіп төндіріп тұрған көрші руларға қарсы бірігу үшін Қарайғыр руының Қалтай деген жігітіне атастырып қойған. Қарлығаш есейгесін Арыстанбай деген жігітке ғашық болып, екеуі қашып кетеді. Екі ру арасындағы дауды ақсақалдар тоқтатып, екі ғашық еркіндікке қол жеткізеді (*«Қазақ қызы» романы*).

«Татар қызының тағдыры» романының басты кейіпкері – ата-анасының үйіндегі балалық шағы сүймеген күйеуінің үйіндегі жантөзгісіз өмірге ұласқан, енесінен жәбір көрген – Гүлбану есімді сұлу. Романның басты кейіпкері романтикалық, бірақ ұлттық өмір тынысымен, оның дәстүрі мен мәдениетімен байланысты образ. Осындай тағдыр айдауы кейіпкерді өз-өзіне қол жұмсауға дейін жеткізеді. Гүлбанудың бұл ісі қорлыққа қарсы наразылық болып есептеледі. Өз-өзіне қол салу арқылы еркіндікке жету ол үшін қиын. Басқа шешім таба алмаған байғұс әйелдің бұл шешімі оның мінезінің мықтылығын көрсетеді («Татар қызының тағдыры» романы).

Әйел образын жасауда жазушының қазақ және татар халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын көркем баяндайды. Және де екі халықтың жазушыларына тән көркемдеу тәсілдерін тиімді қолданған. Образ жасауда да екі халықтың менталитеті, ұлттық санасы, көзқарастары ескерілген.

Бұл романдардағы әйел образдарын салыстыра келе келесідей сюжет ұқсастықтарын байқаймыз: құда түсу, той және күйеуінің отбасындағы өмір. Сонымен қатар, сюжеттерде кейбір композициялық элементтердің қарама-қайшылықтары да байқалады. Мысалы:

1.Қарлығаш суға батып өмірмен қоштасқысы келсе, Гүлбану қашқысы келеді.

2.Қарлығаш күйеуінен қашады, ал, Гүлбану қашудан бас тартады.

3.Қарлығаш некелескеннен кейін бақытты болса, Гүлбану өзі сүймейтін адаммен отбасын құрады.

4.Қарлығаш өзінің ерімен даланы тастап, жыраққа кетеді. Гүлбану суға батып өз-өзіне қол жұмсайды.

Сонымен, екі кейіпкер тағдырларының қаншалықты ұқсас болғаны мен мінез-құлықтарының бір-бірінен өзгеше болғандығын байқаймыз. Өз тағдырларының қаталдығына мойынсұнған басқа да қазақ-татар әйел образдарымен қатар, қоғамда қалыптасқан заңдылық, дәстүрге қарсы тұратын әйел-тұлғалардың бар екені анықталды. Бұл образ «Қазақ қызы» романында аңғарылады. Жазушы қазақ әдебиетінде қалыптасқандай қайратты және қайсар мінезді әйел образын жасап шығарды.

Қазақ және татар әдебиеттері арасындағы байланысты туыстас түркі елдерінің генетикалық, мәдени, әдет-ғұрыптық ортақтастығы мен тұрмыс-тіршілігінің ұқсастығы арқылы көруге болады. Екі ел жазушыларының әдеби шығармалардағы көркемдеу, образ жасау, суреттеу және тағы басқа тәсілдердерді пайдалану ұқсастығынан да ұлт жақындығы байқалады. Сондай жазушылардың ішінде,

мақаламызда баяндалған қазақ-татар халқына ортақ жазушы Ғалымжан Ибраһимовтың шығармашылығы елеулі орын алады.

Әдебиеттер

1. Совет әдебиаты.-1934.-№ 11.-Б.73-74.
2. Казан утлары.-1977-№ 9.-Б.185.
3. Ибрагимов А.М., Баширова И.Р., Бушуева Е.В. [и др.] сравнительные образы женщин в романах галимджана // Научное сообщество студентов XXI столетия. Гуманитарные науки: сб. ст. по мат. XII междунар. студ. науч.-практ. конф. № 12. URL: sibac.info/archive/humanities/12.pdf (дата обращения: 18.10.2018)
4. Г. Ибрагимов. Габдрахман Салихов. Избранное. Перевод с татарского и примечания Р.Фаизовой, М., "Художественная литература", 1976
5. Электронды ресурсы: <http://mirznanii.com/a/136813/ibragimov-galimdzhan-girfanovich>

ТӨЛЕН ӘБДІКОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «ҚОСТҰЛҒАЛЫҚ»

Ж.Сағнадинова, магистрант

**А.Мұсаев, филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Әдебиет те, өнер де қоғамдық сананың қозғаушы күші. Адамның әсерленуі, күйініп-сүйінуі, ой-санасының тазарып-жетілуі осы өнер мен әдебиет арқылы қалыптасады. Оқымау адамды топастандырады. Кітап деген дүниенің жауһарларын, ғылым мен білімді сықастырып салып қойған қазына қақпасы ғой. Сол қақпа есігін ашып, ішке кіру, оның асыл нәрімен сусындау парыз.

Шынайы әдебиет – мәңгіліктің мұрасы. Өйткені, елдерді патшалар арқылы емес, көбіне қаламгерлер мен өнерпаздар арқылы танып, біледі. Мәселен, француздар – Бальзак пен Мопассанмен, немістер – Гете мен Шиллермен әлемге танымал [1, 11].

Әдебиеттегі ерекше повестерімен жанды жаулап алар, тумысы бөлек жазушы – Төлен Әбдіков. Өз замандастарынан нық озатын тұсы – жан мен тән, жанның екіге бөлінуі және адамның ойына келмейтін психологиялық сюжетті повестері. Талдап айтар болсақ, «Парасат майданы» повесіндегі қостұлғалық мәселесінің өзі күрделі.

Жақсылық пен жамандық, «Инь мен Янь», бір денедегі ой, ақыл-сананың екіге бөлінуі, бір жағынан адалдықты қолдаса, екінші жағынан зұлымдыққа жақ болуы.

«Менің ұққаным – сіз ізгілікке сенесіз де, зұлымдыққа сенбейді екенсіз. Меніңше, екеуіне де сену керек. Дүниені ұстап тұрған осы екі күш қой. Өмір атты арбаның екі жетегі болса, біреуі – зұлымдық. Бірақ, ол сіз ойлағандай, адамға тек жамандық әкелетін зиянды нәрсе емес. Айталық, мойындалған қағида бойынша, зұлымдықтың бір өкілі – ажал. Бірақ, ажал болмаса, жер бетінде қандай тіршілік болар еді? Ауру өлмесе, кәрі өлмесе, қарақшылар, адамзатқа қасірет әкелген тирандар өлмесе, не болар еді? Өлімнің арқасында ғана өмір мәңгілік тоқтаусыз үрдіске айналып отыр. Екіншіден, бойымызда кісі өлтіре алатын қатігездік болмаса, қанішерлерден өзімізді қайтіп қорғау едік? Немесе жыланның өзінен де, уынан да зәреміз ұшады, ал одан адам өмірін сақтап қалатын қанша дәрі жасалады? Ендеше, ешбір күшке «жақсы», «жаман» деп алдын ала айдар тағуға болмайды. Тек біз ол күштермен тоғысқан кездерде бізге олардың пайдасы тие ме, әлде зияны тие ме – жақсы із жаман деп жүргеніміз осы жағы» [2, 18].

«Сіз маған ізгілікке қалай сенсеңіз, зұлымдыққа да солай сеніңіз депсіз. Құрбым-ау, олардың өмірде бар екенін мойындау сенім емес қой. Сенім деген сол екеуінің біреуінің адам үшін қымбат екенін, артық екенін мойындау. Достоевский: «Сенім жоқ жерде – ізгілік те жоқ», - дейді. Сонда, бұл қандай сенім? Ізгіліктің болмыста бар екеніне ғана сену ме? Жоқ, бұл – ізгіліктің жеңісіне деген сенім. Ізгілікке сенім артпаған адам ешқашан да жақсылық жасай алмайды» [2, 20].

Осы үзінділерден-ақ тұлғаның іштей екіге бөлінуін байқауға болады. Жүрегі ізгілікке толы бір бейтаныс жанның күнделігі әрбір адамның көкірегінде жүрген сауалдарға жауап береді. Әлемді азғындықтан құтқарғысы келетін мұндай жанның рухани күйреуге ұшырауы әділетсіз-ақ.

Бір адамның жаман ісін көріп, жаман деп түңілуге болмайды. Сізге жаман болғанымен, отбасына, сүйгеніне, досына жақсы адамды «жаман» деп, өмір бойы жек көру мүмкін емес. Жаманның да бір жақсылығы болады. Жақсы адам үнемі жақсы бола бермейді, оның да бір кертартпа жаман мінезі болады. Өмір бұл деген – жақсылық пен жамандықтың шайқасы ғана емес, сонымен қатар, жақсы мен жақсының, жаман мен жаманның күресі. Кез келген адамның ішкі жан дүниесінде қостұлғалық өмір сүреді. Тіпті, адамның іштей өз-өзіне қарсы шығуы нағыз дәлел бола алмақ.

Келесі, бір кесек туынды – «Тұғыр мен ғұмыр». Батыр Шәйкенұлы кейіпкердің «халық жауы» болып аттануынан шығарманың дамуы басталады. Еш себепсіз тұтқында өлгенше, одан «Отан» атты арсыз атамекенін қорғап өлуді құп көріп, әскерге сұрануы, одан әрісін соғысқа аттануынан шығарманың шиеленісуі

жалғасын табады. Елге оралғанда өз есімімен ораламын дейтін бала Батырдың интернаттағы айбыны соғыста әлсіреп, орыстың құжатымен оралуына мәжбүр болды. Сол кезеңдегі Кеңес үкіметінің «халық жауы» аталған соқпалдай азаматтарды үрім-бұтағымен құрту идеясы жүзеге асқан болатын. «Халық жауының әйелі» деген айыппен жер аударылған анасын іздемеуі – жүрегін тырнар өкініш. Батыр Шәйкеннің Борис Иванов болып елге оралы – тағдыр жазмышы. Қолын бір сілтеп, өмірінің соңында кіндік қаны тамған мекенге оралуы – өлімге деген бір қадам. Өзі ұмытқанымен елі ұмытпай «Батыр» есімді батырға арнап ескерткіш орнатқан.

«Әй,шырағым, - деді осы кезде Сәлімгерей шамырқанып, - сен өзің не айтып тұрғаныңды білесің бе? Сенің атың осы елдің тарихына алтын әріппен баяғыда жазылып қойған. Поселкенің қақ ортасында саған қойылған ескерткіш тұр. Ертең мереке күні балалар сенің ескерткішінің түбіне гүл қойып, еліміздің саған ұқсаған азаматы боламыз деп ант береді. Қырық жыл бойы осылай өмір сүріп келеміз. Қанша ұрпақ сенің атыңды мақтаныш тұтып ержетті. Жалған атаққа табынған жоқпыз, сенің жасаған ерлігің тарихи шындық. Сені көке көтеріп, орталық газеттерге мақала шыққанда соғыста қаза болған боздақтарымыз тіріліп келгендей қуанғанбыз. Жастарға үлгі болар ма екен деп, ел болып жабылып, ескерткішінді орнаттық. Жылдар бойы арызданып, атыңды мектепке бергіздік. Енді соның бәрін тас-талқан етпексің бе? Масқара болдық қой! Сенің атағыңды қорек етіп отырған мына жұртты өлтіретін болдың ғой. Елді аямайсың ба?» [3, 140].

Соңғы сәтте Батыр мен Бористің бетпе-бет келуі, біреуінің артық екенін көрсеткендей. Бір адамға ұштасқан екі өмірдің бірі осы жерден аяқталуы тиіс болатын. Аяқталды да... Даңқпен өмір кешкен Батырдың өмірі Борис дүниеге келген де біржола баяғыда аяқталған екен.

«Бұдан кейін таң атты. Күн нұры күндегідей поселкені алтын шұғылаға бөледі. Жыл сайынғы әдетімен мереке күнгі қарбалас ерте басталды. Мектеп жақтан горнның, барабанның үндері естіледі. Ұйқыдан тұрған тіршілік перроннан ауыр составтай баяу жылжып бара жатты.

Әлдебір жолаушы Сәлімгерейдің үйіне құдайы қонақ боп келгенде жүректен қайтыс болыпты деген сыбыс төңірекке сыздықтай тарағанмен, алып-қашпа дабыраға ұласқан жоқ. Дүниеге кім келіп, кім кетпей жатыр?..

Бұл өңірде бәрі бұрынғыша, бәрі баз қалпында. Тіпті ештеңе де болмаған секілді» [3, 143].

Солайша, өзі туған мекеннен белгісіз жолаушы болып дүриден озған кейіпкер. Тіпті ешкім-елеп ескермеді. Жоктаушы адам қарасы да

болмады. «Парасат майданы» туындысымен салыстыра келе, бірінші шығарма «ішкі қайшылық» болса, екінші шығарма «сыртқы қайшылық» деп ой қорыттым. Екеуінде де қостұлғалық мәселесі, бірақ екі түрлі бағытта бейнеленген.

Келесі кезек – «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт». Қожабек кейіпкердің жалғыз тұяғы Болаттан қапыда айрылып қалуынан басталады. «Шынында да Алланың жақсыны әкетеді дегені рас шығар. Осы бала институтқа түскеннен елді шулатты. «Қожабектің баласы Болат оқуға алғыр екен, мұғалімдердің өздері қаймығатын көрінеді», - деуші еді. Айтса айтқандай, институтты айрықша дипломмен бітіріп келді. Бір жыл өтісімен аудандық басшы қызметіне көтерілді. Жуықта облысқа әкететін көрінеді деген сыбыс тараған. Әйтеуір барып жүздескендердің бәрі «тек болғалы тұрған бала екен, тірі болсын» деп, тіл-ауыздарын тасқа сілтеп, «тфалап» қайтатын. Ел-жұртқа жастайынан аты шыққан соң Болат енді үйленгелі жатқанда аяқ астынан қайтыс болып кетті. Артта тұяқ қалмады. Бір әулеттің тұқымын бір өзімен біржола тоқтатты да, кете барды» [2, 207].

Ежелден артына ұрпақ қалдыруды әдет еткен қазақ емеспіз бе?! Қожабек шал ұрпақ үшін жан таласқан, ұрпақ қамын ойлаған дана кейіпкер. Баласы өмірден өткен соң шөккен әке бейнесі, жаныңды сыздатады. Бірақ, «үйін көтеріп кетемін» деп келген досы Жарасбайдан, баласының артынан тұяқ қалғанын естіген әке қанын іздеп жолға шығады. Қаншама қыздың көз жасынан Болаттың тағдыры асып кете алмапты. Сыртынан беделді, ақылды болып көрінгенімен, жастық өмірі тек өтірік пен арсыздыққа толы екен.

«- Тындамаймын ештеңені,- деді Гүлсім біреуді тырнайтын адамдай ашынай айғайлап. – Сендердің көкейлеріңді тесіп бара жатқан өз қамдарың... Шаңырақ керек, бала керек сендерге... Ал мен сендерге... Ал мен сендерге адам емсепін бе?.. Неткен қатыгездіңдер! Мейлі данышпан-ақ болыңдар, неге менің өмірім сендердің өмірлеріңнен кем болуға тиісті. Неге сендердің қайғыларыңды бүкіл ел болып бөлісуге тиісті, мен неге жалғыз көтеремін? Неге? Сен,- деді Асылбекті көзін шұқып алардай саусағымен нұсқап, - мына кісіге көмек керек болғанда жаныңды саласың, ал маған керек кезінде неге қол ұшыңды бермедің? Неге осылай шабылмадың? Болат менің өмірімді улады. Бірақ сендер оның сол қылмысын серілік деп ат қойып, мақтаныш қыласыңдар. Не деген қатыгездіңдер?

Гүлсім столды тарс еткізді де, ауырсынып, қолын ұстай алды. «Бермеймін баланы! Өлсем де бермеймін»- деген күйі жүгіре басып, есіктен шығып кетті [2, 232].

Отбасы алдында жақсы бала, мемлекет алдында жақсы қызметкер бола білді. Дегенмен, әйел алдында арсыз қылмыскер, құдай алдында хайуан болып екі тұлғада өмір сүрген екен.

«Мұ не қылғаның, жарығым-ау. Бәрі қолыңнан келгенде қиянат қылмау қолыңнан келмегені ме, жарығым-ау. Құдайдан көрген зәбір тірліктің заңы шығар, адамнан көрген зәбір қымбат, жарығым-ау. Соны неге түсінбедің. – Қожекең сақалына сорғалаған жасын сезбей, құлыптасты сипай берді. – Қалайша түсінбедің, құлыным-ау! Хайуанның да обалы жібермейді деуші еді, адам обалы қайтіп жіберсін... – Қожекең көріскен адамдай құлыптасты құшақтап алды. – Құлыным-ау, - деді кемесеңдеп, - қара тырнағыңнан садаға кетейін, қлыным-ау...» [2, 233].

Қорытындылай келе, салыстыра берілген шығармалары қостұлғалық туралы ашып бейнеленген. Осындай адам жанының нәзік сезімін шертетін, ойландыратын, толғандыратын, ізінде кесек ой қалдыратын жазушыға қалай бас имеске?! Жазушының әдебиеттегі орнының ерекшелігін жазу өнері, кейіпкерлерінің ерекшелігі, мінез-құлқын сомдаудағы ерекше қолданыс және психологиялық сюжеттерінің өздері-ақ дәлелдеп тұр.

Әдебиеттер

- 1.Пендешілік пен періште үміт жыршысы: Жазушы Төлен Әбдікпен әңгіме/Т.Әбдік; әңг. С.Шайман// QAZAQ.-2017.-8-15 желтоқсан (№47-48),-116.
- 2.Әбдіқұлы Т. Әке: Повестер мен әңгімелер. –Алматы: «Қайнар», 2005. – 384б.
- 3.Әбдіқұлы Т. Парасат майданы: Таңдамалы. – Алматы: Раритет, 2012, - 616б.

Ғ.МҮСІРЕПОВ ПЕН Ә.НЕСИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Әлия Ұлықпанова, Балауса Жәнісова

**Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Әдебиет – бір халықты екінші бір халыққа кеңінен таныстырып, оларды өзара табыстыратын, бір-бірін өзара шын пейілден құрметтеуге үндейтін, екі елдің бар байлығын рухани теңестіретін өнер. Әдебиеттің көтерер жүгі мен атқарар міндеті де ерекше. Әлем халықтарының сонау ілкі заманнан қалыптасқан діни, рухани, наным-сенімдік дүниетанымының айнасы, поэтикалық құдіретін танытушы әдеби

мұраларды зерттеп-зерделеу өте маңызды. Ал қазақ және түрік әдебиетін салыстыра, салғастыра зерттеу – қазіргі заман талабы. Қазақ және түрік халқы – сайын даланың төсінде қатар шауып, тетелес өскен бауырлас ел. Екі елдің мәдениетінде, әдебиетінде көптеген ұқсастықтар мен үндестіктер көп болатын болса, сонымен қатар әр халыққа тән еркешелік те жоқ емес. Ендеше екі елдің қара сөзбен өрілген, өрнекті әңгімелеріне тоқталып, олардың әдеби үндестігіне үн қоса отырып, қазақтың Ғабит Мүсіреповтей дара перзенті мен түріктің ұлы сатиригі Әзиз Несиннің прозасының үндестігі туралы сөз қозғайтын боламыз.

«Проза (лат.*prosa*) – әдеби жанр, қара сөзбен жазылған көркем шығарма (әңгіме, повесть, роман). Проза әдебиеттің эпикалық тегімен тығыз байланысты. [1, 65-б.].

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов (1902-1985) – қазақтың халық жазушысы, драматург, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері. «Қос шалқар» (1928), «Көк үйдегі көршілер» (1929), «Өмір ертегісі» (1930), «Алғашқы адымдар» (1932), «Шұғыла» (1934), «Үздіксіз өсу» (1934), «Жайлау жолында» (1936), «Тұтқын қыз» (1938), «Жеңілген Есрафил» (1939), тағы басқа әңгіме, повестерінде еңбек адамдарының қиындыққа толы қажырлы өмірі мен азамат соғысы, ұжымдастыру кезіндегі дүрбелең оқиғалар легі суреттеледі [2, 7-б.].

«Автобиографиялық әңгіме» шығармасы – Ғабит Мүсіреповтың автобиографиялық әңгімесі. Автор шығармада өзінің өмірі мен отбасы туралы, білім алуы туралы, өзінің адал ұстаздары, адал достары туралы баяндайды. Шығарма: Ескіше жыл басында көп балалы отбасында дүниеге келіп, ауыл молдасынан хат танып, Обағандағы мектептен білім алған бала Ғабиттің үлен жазушы Ғабитке айналғанға дейінгі өмірі баяндалады. Шығарманың жазылу тілі – көркем әдебиет стильде жазылған баяндау мәтіні. Шығарманың тақырыбы – проспективті. Шығарманың тақырыбына қарап, онда нақты не туралы айтылғанын дөп басып айта аламыз. Шығарма бірінші жақта жазылған. Себебі: автор өз өмірі мен шығарымашылық жолын өз атынан мәлімдеп, әр оқиғаға байланысты пікірін білдіріп отырған. Ендігі кезекте шығарманың композициялық құрылымына тоқталсақ: Экспозиция – «Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын», -деген сөйлемнен басталады; Байланыс – «Тегі, ол кезде біздің ауылдарға көп оқиғалар соқпай өте берген сияқтанады», - деген сөйлемнен басталады; Кульминация – «Молда әр үйде бір жетілеп оқытады»-деген сөйлемнен басталады; Шарықтау шегі – «Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін, мені әдебиетке тарта

бастады», - деген сөйлемнен басталады; Соңы – «Жиырма үшінші жылы күзге қарай Сәбит мені Орынборға әкелді», - деген сөйлемнен басталады.

Мәтінге поэтикалық көркемдік пен даралық беретін көркемдік ерекшеліктер қолданылған. Мәтінде, «үй күшік», «терең тамыры бар сөз», «жадау өмір», «болымсыз өмір», - деген секілді эпитеттер кездеседі. Үбірлі-шүбірлі, мың-мың, сумаңдап-сүйреңдеп, қаз-қатар және т.б. қайталама қос сөздердің кездесуі шығармаға көркемдік тұрғыдан мән беріп, шығарманың көркемдігін арттыра түседі.

Шығарманың кейіпкерлері: әкесі, анасы, Қожақ, Хамит, Сәбит, автор, молда, ауыл шалдары, нағашы ағасы, Бекет Өтетілеуов және т.б. Автор – жағымды кейіпкер. Себебі: ол қиындыққа қарамастан күллі түркі елі білетін жазушыға айналды. Шығарманың басты кейіпкері – динамикалық кейіпкер. Себебі, шығарманың бас жағында көп балалы кедей отбасынан шыққан бала Ғабиттің өмірі сөз етілсе, шығарма соңында білімі мен білігі толыққан, жазушылық жолда дара бастама бастаған Ғабиттің шығармашылық жолы баяндалады. Шығармадағы негізгі жанжал бай мен кедей, үкімет пен қарапайым халық арасында.

Әзиз Несин (Aziz Nesin) – 1915 жылы дүниеге келген түріктің атақты жазушысы, публицист. 1943 жылдары Азиз Несин журналистикаға бет бұрған. «Жеті күн», «Таң» басылымдарында жұмыс істеген. Әзіл-оспақ жанрда жазылған отыз төрт әңгімесі мен «Бір өлкеде» (1958), «Хоптиринам» (1960) атты сатиралық ертегілер топтамасының, сегіз роман және алты пьесаның авторы. Азиз Несин бірнеше халықаралық сықақ-жазушылар арасындағы байқаулардың жеңімпазы. 1995 жылы 79 жасында дүние салған [3, 7-б.].

«Менің оқырманым» шығармасы – Әзиз Несиннің автобиографиялық әңгімесі. Автор шығармада өзінің өмірі мен өмір жолында кездескен қиындықтарын, жеңістері мен жеңілістерін баяндайды. Шығарма: Нүсрет деп атау берген кішкене баланың тауқыметке толы ғұмырынан бастап, Әзиз Несин секілді атақты жазушыға айналғанға дейінгі аралықты қамтиды. Шығарманың жазылу тілі – көркем әдебиет және публицистикалық стильде жазылған баяндау мәтіні. Шығарманың тақырыбы – ретроспективті. Шығарманың тақырыбына қарап, онда нақты не туралы айтылғанын деп басып айта алмаймыз. Шығарма бірінші жақта жазылған. Себебі: автор өз өмірі мен шығарымашылық жолын өз атынан мәлімдеп, әр оқиғаға байланысты пікірін білдіріп отырған. Ендігі кезекте шығарманың композициялық құрылымына тоқталсақ: Экспозиция – «Сіздерге өз өмірімнен қысқаша сыр шертіп беруге рұқсат етіңіздер», - деген сөйлемнен басталады; Байланыс – «Мен өзімнің бай, текті, атақты әулеттен шықпағаным күні бүгінге дейін шүкіршілік етемін», -

деген сөйлеммен басталады; Кульминация – «Көптеген жазушылар сияқты, мен де қадамымды өлең жазудан бастадым»-деген сөйлеммен басталады; Шарықтау шегі –«Менің таусылмас таңданысым басталды», -деген сөйлеммен басталады; Соңы –«Төңірегімдегілерге әлі күнге сездірмей келе жатқан екі нәрсем бар: біреуі – қажып жүргендігім, екіншісі – жасым», -деген сөйлеммен басталады.

Мәтінге поэтикалық көркемдік пен даралық беретін көркемдік ерекшеліктер қолданылған. Мәтінде, «жұдырықтай ғана қыз кезінде», «жер бетінің жұмағы», - деген эпитеттер кездеседі. «Жарайсың... Тамаша... Осындай етіп жазып, бізге әкеліп тұр...», -деген сөйлемдердің көптеп кездесуі мәтіннің экспрессивті-эмоционалды реңктің кейбір элементтерінің молдығын аңғартады. «Сужүректер», «шақшадай бастары шарадай болады» деген тұрақты тіркестер кездеседі.

Шығарманың кейіпкерлері: әкесі, анасы, Назым Хикмет, Өзиз Несин. Автор – жағымды кейіпкер. Себебі: ол қиындыққа қарамастан күллі түркі елі білетін жазушыға айналды. Шығарманың басты кейіпкері – динамикалық кейіпкер. Себебі, шығарманың бас жағында кедей отбасынан шығып, төрт баланың арасынан жалғыз өзі аман қалған Нүсрет туралы айтылса, шығарманың соңында «Алтын кірпі» медалі мен «Алтын пальма бұтағының» иегері, ойы мен санасы толыққан түріктің атақты сатирик жазушысы Өзиз Несин туралы баяндалады. Шығармадағы негізгі жанжал бай мен кедей, ақындықты таста деушілер мен Өзиздің арасында.

Екі автордың шығармасын талдай отырып байқаған ұқсастықтарымыз:

1. Екі шығарма да автобиографиялық шығарма. Яғни, екі автор да шығармаларында өз өмірі мен шығармашылық шыңын бағындыруға талпынған іс-әрекеттерін, отбасы мүшелері туралы толыққанды мәліметтерді баяндаған.

2. Екі автордың да тұрмысы ауыр отбасында дүниеге келіп, дүрбелең заман мен әділетсіз қоғамда күн кешкендері туралы айтылады.

3. Шығарманың тілдік, стильдік ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, шығармаларда эпитеттер, қайталаулар, лепті сөйлемдер, тұрақты сөз тіркестері көптеп кездеседі.

4. Екі шығармада да ғұлама ғалымдар мен даңқты адамдардың есімдері тілге тиек етіледі. Мәселен, Өзиз Несиннің шығармасында Напалеон, Ақсақ Темір, Шыңғысхан, Аттила, Ганнибал, Мольке секілді даңқты тұлғалардың есімдері аталса, Ғабит Мүсіреповтың

шығармасында А.Пушкин, М.Лермонтов және т.б. даңқты тұлғалардың атын кездестіре аламыз.

5.Екі шығармада да авторлардың ат қоюының сырлары айтылады.

6.Екі автор да әдебиеттің айдынына қалай келгендігі және кімдердің септігі тигендігі туралы баяндайды.

Екі шығарманы талдай отырып байқаған айырмашылығымыз:

1.Әзиз Несиннің шығармасы көлемі жағынан қысқа, ал Ғабит Мүсіреповтың шығармасы көлемдірек.

2.«Менің оқырманым» шығармасында «Автобиографиялық әңгімеге» қарағанда кейіпкер саны аз.

3.«Автобиографиялық әңгімеде» қазақ халқының сүндетке отырғызу, ат қою секілді салт-дәстүрлері көрініс тауып, этникалық құндылықтар төңірегінде сөз қозғалады.

4.«Менің оқырманым» шығармасы – хронологиялық тәртіппен жазылған. Жылдар нақты әрі дәл көрсетілген.

5.Ғ.Мүсіреповтың шығармасында ұстаздары туралы сөз қозғалып, оларға деген алғысы мен ризалығы байқалады. Ал Ә.Несиннің шығармасында ұстаздары туралы сөз қозғалмайды.

Қазақ және түрік әдебиетінің шоқтығы биік қос жазушысының шығармаларын талдай отырып байқағанымыз, екі халықтың мәдени және әдеби байланысының тамыры тереңде екендігіне көз жеткіздік. Ғ.Мүсірепов пен Ә.Несин прозасының тақырыптық ауқымы мен шығармаларына арқау еткен өмір шындығын беру тәсілінде де үндестік бар. Біздің ойымызша, оның себебі, екі халықтың түп негізі – түркі тектес бір арнадан тарағандығымызға байланысты болса керек. Қос халыққа да тарихи оқиғалар мен географиялық аумақ, салт-дәстүр де сөзсіз әсерін тигізген. Айта кететін бір жайт, түрік елі мен қазақ елінің өзіндік ерекшелігі, өзіндік даму сатысы мен жеткен жетістіктері бар. Сондықтан бұл екі мемлекетті арғы ата-тектен тарата қарағанда, бауырлас деп біліп, өнердің саралы сарқыншақтары мен «Түркі» деп аталатын асылдың сынығы деп бағалаған дұрыс. Екі елдің прозасының үндестігінің жоғарғы дәрежеде екенін мойындап, қазақ және түрік елі арасындағы татулық пен бірлікті одан әрі күшейтіп, әдеби және мәдени байланыстарымызды тереңірек талдап, нығайтуымыз қажет.

Әдебиеттер:

1.Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 бет.

2.Мүсірепов Ғ. Шығармалар жинағы I том. – Алматы, 1972.

3.Алькаева Л.О. О сатире Азиза Несина / Теоретические проблемы восточных литератур. Москва, 1969

4.Алькаева Л., Бабаев А. Турецкая литература. Краткий очерк, Наука, М-1967, 175 ст.

ҚУАНЫШ ЖИЕНБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫП ПЕН МАЗМҰН ТҮТАСТЫҒЫ

Мейрамгуль Хасанова

**Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер
университеті, Орал қ.**

Шығармасы өмірлі, тақырыбы ғұмырлы деген тіркес екі қаламгердің біріне айтыла бермесі анық. Тақырып – шығарманың алғышарты. Нақ осы тақырып шығарманың тағдырын шешеді десе де болады.

Осы тұрғыда халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, республикалық «Астана-Бәйтерек» әдеби шығармалар бәйгесінің, «Жалын» баспасы жариялаған жабық бәйгенің бірнеше мәрте жүлдегері Қуаныш Жиенбайдың тақырып қою шеберлігін айрықша атап айтуға болады.

Сөзімізге дәйек қылсақ, жазушының «Жалғыз желкен», «Теңіздегі бір тамшы», «Құлан жанарындағы ғұмыр», «Жер сілкінісінен бір жұма бұрын», «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Қателесесің, қымбаттым», «Елде жоқ ережелер», «Жиделі тоғайдағы жеті күн», «Ән салуға әлі ерте», «Күн түспейтін терезе», «Жер үстінде жұмақ бар», «Токта, өлемісің?», «Етектегі ескі зират», «Әкім кетіп қалды», «БББ», «Беймәлім диагноз», «Аралқұмның Абрамовичі», «Құбыжық қаптаған түн», «Құлпытастағы қос жол өлең», «Кешіріңіздер», «Кемпірлер мен кептерлер» және тағы басқалар.

Тақырыпқа көз жүгірте отырып, «артынан» еріксіз еріп кеткенінді де байқамай қаласың. Тақырып еріксіз еліктіреді, арбап ала кетеді.

Әр қаламгердің жан дүниесіне жақын өз тақырыбы, өзінің айқын қолтанбасы, адам психологиясындағы астаң-кестең арпалысты сезімдерді майдан қыл суырғандай аса дәлдікпен суреттейтін шеберлігі болады десек, Қ.Жиенбай осы пікірімізге толықтай дәлел бола алатын прозашы.

Шығарма тақырыптары мазмұнға меңзеп тұр десек, Қ.Жиенбайдың «Жалғыз желкен», «Кешіріңіздер», «Құлпытастағы қос жол өлең», «Күн түспейтін терезе» сияқты шығармалары қоғамдағы тарихи жағдай, адамдар мен топтар арасындағы арасындағы қарым-

катынас емес, адамның ішкі мені мен сыртқы ойының арпаласы, жан күйзелісіне құрылған.

Яғни, шығарма арқауы – Адам мен оның ішкі дүниесі. Жазушы оқиға, сюжет қумай, кейіпкердің ішкі «менін» беруге мән береді. Шығармада әдеттегідей оқиғаның басталуы, өрбуі, шиеленісуі деген мүлдем жоқ. Ол ол ма, бас кейіпкерден басқа кейіпкер де, диалог та жоққа тән.

Автор шағын жанр арқылы-ақ адам психологиясын ашуға толықтай мүмкіндік барын дәлелдейді. Және осы орайдағы ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбасын да аңғартады.

«Күн түспейтін терезе» әңгімесі – кітаптың атауына таңылған туынды. Әңгіменің негізгі кейіпкері Әбдірәсіл деген ғалым. Ғалымның күллі өмірі бұйығы, керек десеңіз елеусіз. Ешкімге керексіз. Зейнет жасындағы оған ректор бөлме бөліпті. Сөйтсе, терезеден күн түспейді екен. Сол үшін қызы ректормен сөзге келіп қалып, әкесі жұмыстан шеттетіледі. Ал Әбдірәсілдің кабинетіне ғана емес, жүрегіне өмір бойы күн түспей келген. Ол балалары мен немерелеріне бір ауыз жылы сөз айтып, оларды еркелетуге де ебедейсіз. Балалары да оған немқұрайлылау.

Сөзімізге сол әңгімедегі мысалды дәйек қылсақ: «Ой дүние - ай, кешегі күнге дейін еліміздің алдыңғы қатарлы бір жоғары оқу орнында кафедра меңгерушісі болып, аудитория толы жеткіншектерді бір шыбықпен айдаған Әбдірәсіл бүгін өз немерелеріне бір ауыз жақ аша алмайды. Төменшіктейді, солардың ығына жығылады, алдарына түсіп құрдай жорғалайды. Сес көрсету ме саған, тоқтай тұр! Бет-аузына маска киіп алған цирк әртістеріндей өтірік ыржалақтайды, жорта күледі, иіліп-бүгіледі. Бұл маңнан Әбдірәсілдің иісін де таба алмайсың» (296-бет). Міне, біздің ғалымның бүгінгі келбеті.

Ол көбіне көп өзімен-өзі. Есесіне он жеті жыл бойы шалғайдағы келіншекпен хат жазысып, «өсіп» келе жатқан қызының қызығына малтып, оқуға түсіріп, ләззаттанған күмпілдек пенде. Келіншектің түпкі арманы «орындалып» еді, сағынышты хаттары да сап тыйылды.

Қысқаша айтсақ, бір кездері жолсапарда танысқан керекулік келіншек мұны жиырмаға жуық жыл өткен соң да тауып алып, махаббат мұңын шерткен хаттарын үздіксіз жолдап тұрады. Отбасы жылылығын, балаларының қайырымын көрмеген ғалымымыз керекулік келіншектің хаттарынан жылу тапқандай, өмірдің мәнін енді ұғынғандай болады. Әлгі хат жазғыш келіншек «сенен қызым бар, әкелік парызыңды орындап, қызыңды оқуға түсір» дейді ақыр-аяғында. Әбдірәсіл бар абыройын салып, өзгенің қызы ма, өзінің қызы

ма белгісіз керекулік «қызын» оқуға түсіреді. Қыз оқуға түскен бойда керекулік махаббатынан хат та шорт кесіледі.

Нақ осы шығармада қоғамдағы көкейтесті мәселелер де Әбдірәсілдің басындағы қайғымен қабат айтылып, қоса көтерілген. Ол «компьютербасты» адамдардың бір-біріне жан жылуын көрсете алмауы. «Осы күндері адамдардың бір-бірімен хат жазысып сырласуы деген дәстүр де пышақ кескендей үзілді ғой. Қалта телефонымен бір-екі ауыз амандық-саулық сұрасады да барлық шаруаны сонымен бітіреді. Немесе, электронды пошта деген құдырет шықты бүгінде. Сарт та сұрт, өңкей шолақ сөйлемдермен дінкеңді құртады. Айызыңды қандырмайды. Құдықтың ащы суын ұрттап қойғандай ұртыңдағыны не ары, не бері төге алмай ит әуреге түсесін» (293-бет). Әбдірәсілдің осы бір ішкі ойы арқылы қазіргі қоғамдағы көп ішіндегі жалғыздық мәселесін көтереді.

Жазушының «Оны ешкім іздемейді» әңгімесі де осыдай психологиялық желіге құрылған. Әңгіме кейіпкері – аралдық балықшы Мөңкебай. Кезінде Аралдың балығымен аты шығып, балық зауытының құрмет тақтасынан суреті түспеген атақты балықшы. Бар саналы ғұмыры теңіз жағасында өткен оның қарттық өмірі қаланың көп қабатты үйіне сыймай жүрген, жоқтаусыз балықшы.

Мөңкебай да «Күн түспейтін терезедегі» Әбдірәсіл сияқты тірі кезінде бар-жоғы ұмтылған адам. Көп ішіндегі жалғыз. Шығарма тілімен баяндасақ, «Ара-тұра әңгімелесу үшін қоқыс салатын темір жәшіктің төңірегінен де адам-қара іздемеуші ме еді. Кезбе, бомж деп сол соры қайнағандарды несіне кемсітеді. Оу, олардың кезінде қандай адам болғандығын кім біліпті?» (309-бет). Тілдесу үшін тірі жанды кезбелер арасынан іздейтін Мөңкебай өз үйі үшін көлеңке ғана сияқты. Оқымысты ұлы Алдаберген үшін әкесінің қара көрсетіп, қауқиып жүргені ғана керек. Таңнан газет оқумен азан шақыратын ол кешке дейін жұмыста болады. Әкесімен қауқылдасып отыратын уақыты жоқ. Ал келіні үшін оның бұл үйде мүлдем болмағаны жақсы. Түнде балаларының көрпесі ашылып қалғанын да қайын атасынан көретін кірпияз келін коммуналдық төлемді аз төлеу үшін Мөңкебайдың бұл үйде тұратынын елден жасырып әлек.

Хош, сонымен Мөңкебай кәрі Аралдағы жерлестерінен салтанатты кешке шақырту алады. Ол қуанышын бала-келініне айта да алмайды. Өйткені, мұның сөзіне құлақ қояр ешкім жоқ. Болмаған соң бар жаңалығын, өзіне іздеу салған жерлестерінің жеделхаты туралы бес жасар немересіне айтады.

Жолға шыққан Мөңкебай пойыз басында сол Аралдан Алматыға келіп, атақтары шыққан жерлестерімен танысады. Жерлестерінің осалы жоқ. Шетінен аты топ жарған ғалым, оқымысты.

Тағы да сол әңгімені мысал етсек, «шамалауынша арнайы вагонмен келе жатқандардың «осы қалайы» жоқ-ау. Өңшең академик, өңшең оқымысты, өңшең міністір. Қозғалулары қиын, сәлемдесулері салқын» (312-бет). «Адам-ау, мына жұрт шынымен жынданғаннан сау ма?! Төңірегі гу-гу, дарақы күлкі, гүрілдеген дауыстар. Тойға бара жатқандай. Әжік-гүжік әңгімелеріне де ара-тұра құлақ түріп қояды. Естіген сайын аза бойың тік тұрады-ай! Теңіз-анамыз әл үстінде жатқанда аузына су тамыза алмадық-ау деп кәдімгі адами жанашырлық танытатын бірі жоқ. Өңшең көк мылжың. Арақтың буы ма, әлде бір-бірімен жарысқа түсіп, бедел асырғылары келе ме, уәждеріне қарадай-қарап қарның ашады. Біреулері қызды-қыздымен космоспен байланыс жасағандығын да айтып қалды. Космоспен берілген сигналдың арқасында теңіз екіге бөлінген екен. Дарияның теңізге құяр азғантай суын сол жақтан есептетіпті-мыс» (313-бет), «атақты жерлестеріне жоламауға тырысты. Өңшең академик болмақ түгілі жер тіреп тұрған құдырет болса да ұрып қойыпты) Өне, ұялмай-қызармай ұлы теңіздің кешегі бастан кешкен бар тауқыметін ұмытып, тойлағалы келе жатыр. Кейбіреулерінің ат-шапан дәмтетін сынайлары бар» (314-бет). Жол үстіндегі Мөңкебайдың көргені осы. Теңіз табанындағы шеге құмнан бөгет тұрғызып, теңіз ұлтанынан там-тұмдап су жинаған жергілікті тұрғындардың еңбегі еленбей, ауылдан алыста жүрген атақтылардың марапатқа ие болып, масайрағандарын көрген Мөңкебай бастапқыдағы ойынан айнып та қалады. Алғашқыда Аралға жеткенше асығып, сағат санап келе жатқан Мөңкебай туған жеріне жақындаған сайын, ұяты оянып, туған жер алдындағы парызы есіне түсіп, өзінше бір әлемтапырық күйге түседі. Ауылдастары алыстан келе жатқан мұны ән-күймен емес, «жұмақ жер іздеп, тартылған теңіз жағалауына бізді тастап, үдіре көшіп кетіп едің. Енді не бетіңмен келіп тұрсың?» деп табалап, жазғырып қарсы алатындай көрінді.

«Әлденеден қашқақтайды, қуыстанады, бөтенсиді. Бірде болмаса бірде бір жүрек жұтқан «Немене, туған жерің енді есіне түсті?!» деп дүңк еткізетіндей. Қарсы жолығысқанның бет-жүзіне тіктеп қараудан да жасқаншақтайды. Анда-санда: «Мұнан өткен сатқындық болар ма екен-ау!» деп те өзін-өзі жерлеп бітеді. Саналы түрде елден көшіп кетті. Сылап-сыйпайтыны жоқ, саналы түрде сатқындық жасады. Осы айыбын немен өтейді? Ал мұнан құтылудың жолы қайсы?» (315-бет).

Мөңкебай жан дүниесіне қылау түспеген лирик кейіпкер. Патриоттығы басым. Ол өзін арнайы шақырған салтанатты жиынға қатысып, сыйлыққа ұсынған зерлі шапан, кәдесыйға, атақты жерлестер құрметіне жайылған мол дастарханнан дәм татуға лайықсыз санады. Ішкі ойы, ар-ожданы жібермеді. Әңгіме соңында маяксыз қалған теңіз басына күзетші болып қалуды жөн санады. Қаладағы бар-жоғы білінбейтін тірлігінен теңіз басындағы күзетшілікті қош көреді.

Қуаныш Жинбай шығармаларының тағы бір ерекшелігі шығарманың фабуласында. Әңгімеде басты кейіпкерден басқа қосалқы обаздар жоқ. Диалог та жоқ. Бар болғаны негізгі кейіпкер мен оның ішкі ойы ғана. Кейіпкерлердің психологиялық образы жан-жақты ашылған. Сюжет нанымды, тілі жатық. Бір деммен оқылатын шығармалар.

Әдеби шығармадағы тұтастықты кейіпкерлер әрекетіндегі үндестік, мақсат-мүдделерінің бірлігі деп келді. Адамзатқа ортақ ойшыл Аристотель әдеби шығарманың тұтастығы тақырып пен идея бірлігі деп таныды. Аристотель ғұламадан бастау алған осы бір тұжырымды Қуаныш Жиенбай шығармаларындағы тақырып пен мазмұн тұтастығымен өрбітсек, жып-жинақы, қысқа да нұсқа, көлемі бірер беттен аспайтын шығармалардың тақырыбы мен идеясы, мазмұны мен мәні терең де, шебер үндестік тапқан. Тақырыбына бола, қолға алған шығарманы әп-сәтте оқып та тастайсыз. Бірақ қысқа әңгіменің ғаламдық мәселесі көңіл түкпіріңізде ұзақ сақталары анық. Өйткені, Қуаныш Жиенбай – өміршең тақырып. Адам мен оның жан дүниесін шебер сомдап, қиуын келістірген жазушы.

Әдебиеттер

1. Қуаныш Жиенбай. Күн түспейтін терезе. - Алматы: «Қайнар» баспасы, 2010 ж.
2. Қуаныш Жиенбай. Ән салуға әлі ерте.
3. Қ.Жиенбай Шығармалары, I, II том. Астана, «Фолиант» баспасы, 2008
4. Николаев А. И. Основы литературоведения: учебное пособие для студентов филологических специальностей. – Иваново: ЛИСТОС, 2011.
5. З.Қабдолов «Сөз өнері» – Алматы : Мектеп, 1976.

III. АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА МӘСЕЛЕЛЕРІ



АҚТАН БАТЫР – ЕЛ ҚОРҒАНЫ

А.С. Смағұлова, заң ғылымдарының кандидаты, доцент
А.А. Смагулов, заң ғылымдарының кандидаты
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

Қазақ елі өзінің егемендігі мен тәуелсіздігін алып, жеке шаңырақ көтеруі тарихымызды таразылап қайта қарауға мүмкіндік туғызды. «Есі кірген ел ескісін іздейді» дегендей халқымыздың талай қиын замандарды бастан кешіріп осы бір жарқын заманға жетуіне әр дәуірдің даму сатысында өмір сүрген өзінің ақыл парасатымен, философиялық ой толғамымен немесе ерлік ісімен еліне қорған болған батырлары билік етіп әділдігімен халық көңілінен шыққан билері мен ел басқарған хандарының қазақ халқының тарихының қалыптасуына қосқан үлестері зор. Бірақ кеңестік дәуірде тек ұлы орыс халқының тарихын дәріптеу қажеттілігінен өзге халықтардың тарихы көлеңкеде қалып, көмескілене түсті. Бұлай дейтін себебім мен тарихшы заңгер бола отырып институтта оқығанда немесе кейінге дейін оқытушылық қызмет атқарып жүргенде тарихтың шындыққа жанастырылып жазылған нұсқасын немесе орыс тарихында із қалдырған батырлары сияқты қазақтың қасиетті кең сахара даласында халқына қорған болған батырларын дәріптеп жазған бірде –бір тарихи әдебиеттерді кездестіре алмадық. Сондықтан қазіргі кезең екі дәуірдің көзін көріп, тоғысында өмір сүріп отырғанда салыстырып қарап, саралауға мүмкіндік беретін кез туғандай. Сондықтан да қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дінін, тілін қастерлеп қадірлеп құрмет тұтуда озбырлықпен күн кешірген заманның жетегінде жүріп ұмыт қалғанды енді қайта есімізге алып, жаңғыртып, қалпына келтіру, қазіргі зиялы қауымның міндеті. Өткенді түгендеп, бүгінімен арғы тегін ойлап келесіге іс атқарып жатырған қазақ елінің шын тарихын жасау, келешек ұрпаққа жеткізу қажет деп есептейміз. Сондай бір есімі мен ерлігі, әулиелік қасиеттері тек жанашыр азаматтар есінде сақталып, ауызша болса да халық жадында қалған бізге дейін жеткен әруақты, батыр бабамыз Ақтан батыр Ақайұлы туралы сөз қозғағым келіп отыр. Себебі, Ақтан батыр күллі қазақтың батыры болуымен қатар, бүкіл Қаракесек руының бабасы. Мен сол бабаның ұрпағының

бірімін. Оған дәлел ретінде менің қолымда 1963 жылы 31 наурызда жазылған кішігірім блокнотта өзімнің ағайым Шәкеннің үлкен аталардың есімін ұмытпасқа жаздым деген деген жазуларда біршама айқын деректер қалдырған. Онда Ақтан батыр кіші жүздің Әлім тайпасынан тарайтын Қаракесектің Жақау аталығынан . Жақаудан Тінібек, Тінібектен Тілес туған. Тілестен Ақай, Қабақ, Абылай атты үш бала болады. Ақайдан Ақтан мен Шортай батырлар туады деп көрсетіледі. Ақтан батыр Ақайұлы 1770 жылы Қазалы ауданының «Тілес» арығы бойындағы «Түлкі қашқан» деген жерде туылған деген. Деректерден, кейінгі зерттеу еңбектерден де осылай оқимыз дегенмен туған және қайтқан жылдарына пікір талас тудыратын деректерде бар. Менің бала кезден естіп, есімде қалғаны Ақтан бабамыздың «басында бұлты ойнаған батыр» ретіндегі ерлігін әкем Смағұл 60-шы жылдары біздің бала кезімізде аңыз әңгімедей айтып отыратын еді. Сондағы есімде қалғаны Қоқан, Хиуа Бұхар хандықтарының Сыр бойындағы елдерге тыныштық бермей қазақ ауылдарынан салық, зекет жинаушы жасақтарын жиі-жиі жіберіп жұртты әбден титықтатқан азары өткендегін айта келе Хиуа ханы Қазалы маңынан айнала бекініс қамал салдырып, оған билеуші етіп Бабажан сартты қояды. Бабажан сартта Сыр бойы еліне бірден үстемдік жүргізіп талан - таражға ұшыратып, тіпті қазақтардың көрікті қыздарына дейін алдырып, халықтың ар-намысын қорлайды. Қарсылық көрсеткендерді аяусыз жазалаған. Соның бірі өз елінің қорғаны болған Жанқожа батырдың ағасы Ақмырзаны Бабажанның азаптап, сонан кейін мойнына тас байлатып өзенге батырып жіберуі. Ол Жанқожа батырдың намысына тисе керек. Міне осындай ауыр жағдайларды есіткенде, елдің естілері мен билерін ,батырларын жинап Бабажан сартқа шабуыл жасайтындығын хабарлап Ақиректі жайлап отырған Ақтан батырға хабар жібереді. Ақтан батыр қарулы сарбаздарымен уәделі күннен жаңылысып Бабажан сарттың бекінісіне бір күн бұрын ерте жетеді. Алайда мұндағы сарттың шаруа қазақтарға беріп жатқан азарына шыдамаған Ақтан батыр шабуылды бастан кетеді. Сондағы Сыр еліне әбден қорлығы өткен сарттардың қорғанын бұзар айқастағы Ақтан батырдың ерлігі туралы:

..Мен қамалға шапқанда,
Сендер де қарап жатпаңдар
Жанқожалап ұрандап
Шегірткедей қаптаңдар
Қабаттап қазған орынан
Бір біріңнің соңыңнан
Арықтай қып аттаңдар
Биік қорған қамалын

Бізге істеген амалын
Құм кесектей таптаңдар
Қанша қырғын болса да,
Артық туған ерлерім
Сабырынды сақтаңдар
Бұрынғы өткен бабаңның
Атаң менен анаңның
Адал сүтін ақтаңдар
Қорғамандар басыңды
Тілемеңдер жасыңды
...Сол уақытта айқайлап
Дауысқа дауыс қосылды
Қол бастаған Жанқожа
Әруағына қарасаң
Қаптың кара тауындай
Қорғандағы көп әскер
Мылтық атты қайталап
Қақпаға жетгі ер Ақтан
Екі көзі қанталап
Еш адамға қарамай
Дарбазалы есіктің

Құлыбын бұзда балталап,-деп Ақтан батырдың батырлығын елі мен жері үшін жан аямай күрескен ерлігін, ақылы мен парасаты мол қолбасшылығын өз елін, халқын, жерін сүйген адал патриот азамат екенін дәріптейтін бұл жолдардың маңызы зор. Ақтан батырдың бұл дарабоз ерлігін атақты Нұртуған шайырдың «Қарасай - Қазі» дастанындағы Еділ қалмақтарымен шайқаста Темір қақпаны жалғыз шауып балталап бұзған Қарасай батырдың көзсіз ерлігіне теңеуге болады, - / 1,115 б/ деп көрсетеді.

Бабажан сарттың мылтықпен қаруланған әскерінен сарбаздар дағдарысқа ұшырап абыржып қалған кезде Ақтан батырдың ақ бұлты ойнап шығып жауға нөсер болып құяды. Жаудың білтелі мылтықтары от алмай берекелері кетіп тұрған кезде Ақтан батыр сарбаздарымен ұрандап шауып бекініске кіріп жаумен шайқасқа түседі. Ұзамай қолбасшы Жанқожа батыр бастаған сарбаздар қолы келіп жетеді. Жау жеңіліс тауып Бабажан сарт қашып құтылмақ болып артына баласы Малай сарыны алып қамалдан қашып бара жатқанда Бабажанды Ақтан батыр сүңгі лақтырып атын құлатып ұстайды. Халыққа шексіз азап көрсеткен Бабажанды сол жердің шаруаларына жазалауға бергенде халықтың үкімі бойынша оның артына қазық қағып дарияның жағасына қол аяғын байлап тастағандығын айтып

отыратын. Міне осындай үлкен шайқаспен бетін қайтарғаннан кейін Сыр еліне сарттар төбелерінде көрсетпеген , халық басқыншылардан біржолата құтылған болатын.

Ақтан батырдың жасанған жаудан беті қайтпаған жүрек жұтқан батырлығы, ел намысы , ел мүддесі үшін жаудың қылышынан қан тамған қаһарлы хан ордасына жалғыз барған ерен ерліктері , киелі әулиелігі,ақылды даналығы туралы шежірелер мен бабалардан қалған аңыз әңгімелер көп, ол әсіресе Сыр елінде көбірек сақталған. Себебі батыр бабаның ерлік көрсетіп, батырлығын танытқан ерлік ісі сол Сыр өңіріндегі елді жаудан қорғау үшін жұмсалғандықтан, оның үстіне халық азаттығы үшін күрескен Нұрмұхамбетұлының бас батыры болғанын ақын жыраулар батыр бабамыздың ерлік ісі туралы З.Шүкіровтың «Сырдария» Ә.Оспановтың «Жанқожа» атты романдарында айтылады. Жарияланған беттерде «Шайыр» Нұрсұлтан Жұбатовтың жас ақын Орнықбай Сұлтанның «Жанқожа батыр » дастандарында Ақтан батырға ерекше орын берген . Атақты Құрманалы жырау арнайы толғаулар жадында жырлаған деп көрсетеді. (Тәуелсіздікті ту еткен тұлғалар /2,113 бет/.

Ақтан Файзолла Омаров пен Басықара Алпамысов «Ақтан батыр» дастанын жазғандығы туралы Қазақстан журналистер Одағының мүшесі Шамша Айтуғанұлының «Қаракесек Ақайұлы Ақтан батыр» деп 1997 жылы шығарған деректі, тарихи мақалалар жинақтары негізінде жарияланған еңбегінен көптеген деректер білуге болады. Сондай ақ төртқара жырау кіші жүздің атақты батыр билері мен әңгімелері туралы жазып жырлаған толғауында батыр бабамыз туралы :

«Қаракесек нәсілі
Ер туа ма Ақтандай
Қалың жауға мылтықты

Қарсы шапқан жасқанбай.»,- деп батырдың ел қорғаудағы ерен ерлігін, жүрек жұтқан батырлығын баяндаса Ақтан батырдың намысқой, елді жаудан қорғауда үзеңгілес ерлерге деген адалдығын айрықша даралап көрсететін ерлігінің бір көрінісі Жанқожа батырды қартайған шағында оны өлтіргендерден кек алған төртқара Байзақ батырды ел билеушілері орыс әкімдеріне ұстап беріп Елек абақтысында қаматады. Ақтан батыр да бұл кезде жас емес еді, соған қарамастан көзсіз ерлік жасап, намысқа шауып Байзақтай батырды жау шеңгелінде қалдырмай абақтыдан босатып, алып кеткендігі туралы Қошқарбайұлы Жолдасбай ақынның жыр дастанында Байзақ батыр былай толғайды:

Төртқара Байзақпын Мақпалдай ақ
Мен жүрмін алты Әлімге мағанбай-ақ
Жанымды Жанқожа үшін қиып едім
Бұл күнде түсіп тұрғандай Қақапанға аяқ
Аузынан арыстанның алып шыққан
Қатын туса ұл тусын Ақтандай- ақ

/1,116 бет/ Ақтан батырдың мұндай ел намысы, ер намысы үшін жасаған жаудан беті қайтпаған қайталанбас тағылымды ерліктерінің бірі ретінде көрсетіп ұрпаққа жеткізуге тырысады.

Міне осындай аласапыран заманда елін, жерін қорғаумен бар өмірін ат үстінде өткізген әр батыр, әрі әруақты, әрі данағөй Ақтан бабамыз туралы халық аузында айтылып жүрген аңыз әңгімелер, тарихи деректер белгілі ақын жыраулар жазып кеткен қыр дастандар мен толғаулар бірте бірте жинақталып жүр. Ақтан батыр тек ел қорғаған батыр, әруақты әулие болуымен қатар әділдікті жақтаған өз намысын кімнің болсада алдында қорғай алатын ер азамат ретінде танылған батыр. Оған бір дәлел Кенесары патша әскерінің тегеуріне шыдамай Арқадан Сыр бойына қоныс аударуы мен байланысты болды. Елді тек сыртқы жаудан қорғап қана қоймай ел ішіндегі жұдырығы жуан, сөздері өктем өзгеден ала алмаған өшін өз халқынан алған хан, сұлтандар да біздің тарихымызда кезедеседі. Солардың бірі Кенесары мен оның інісі Наурызбайдың осындай өктемдігінен Сыр бойында бейбіт жатқан елге «ордаға ант берсін, зекет төлесін» деген бұйрығына халық көнгенімен хан інісі Наурызбайдың «Ендігі уақытта қазақтар Қарақұмға көшсін,» Ақиретті босатсын деп Ақтанға хабар жіберіпті, Ақиретті босатсын деген бұйрығына көнбеген. Бұл туралы: «Осыдан кейін Кенесары мен Наурызбай сол елдің бас көтерер батырлары Жанқожаға, Ақтанға, Дабылға қастандық ойластыра бастайды. Бұл хабарды Байпа сұлудан астыртын хабар алған батырлар жасағын жинап жорыққа қамданады. Ақиректе кездесу сәтінде Ақтан батыр Наурызбайдың иығынан шауып түсіреді де «жансауға» дегесін өлтірмейін басынан аттап кетеді, қаһарлы батыр болса да, ол мейірімі мол адамгершілігін көрсетеді. Осындай ерлігімен халыққа танымал бола түскен. Дегенмен Кенесарының қатал ұрпағы өз жеңілістеріне себепкер Батпа ханым мен Абілғазының хабары деп оларға аяусыз жаза қолданып Абілғазыны қақтап өлтіріп, Батпаның бұрымын кескендігі туралы хабар келеді. Сыр елінің намысты батырлары Жанқожа батырға жетеді. Батырлар бұл зәбірге шыдай алмай үзеңгіліс батырларға хабар беріп Ақтанға соққанда Жанқожа батыр біз дауға бара жатырмыз Даудың арты жау, жауласқан адамдар бірін бірі аямайды. Оның үстіне Қасымнан туған бөрілер

гой дауға келісе алмасақ Наурызбай шығар. Оған қарсы сен шығарсың. Ерекше бұлтың бар ғой ол сені әр кез сақтайды дейді Жанқожа /2,13 бет/

Кенесарыға қарсы аттанғалы отырған батырлар Қарасақал Дабыл, Жақайым Толыбай, шөмекей Байқадам, Тілеу Қабақ Есет, Әзберген Қарағұл, Ерназар Бекет сияқты батырлардың ел алдындағы беделінен, айбарынан Кенесары жасқанады. Жанқожаның ашуын басу үшін Бопай деген жерден Ордаға дейін кілем жайып, өзі тікесінен тұрып, қарсы алады, дәм ұсынады деп көрсетеді. деректерде /2,3бет/. Мұндай қошемет көрсету келген топты сейілтпiп дау екі жақтың бiтiмге келуiмен бiтедi.

Сондықтан бұрынғы (Қарабұтақ) қазiрлi Әйтеке би ауданы өңiрiндегi «Бопай» «Кiлемжайған» деген жер атаулары халық жадында осыдан сақталып қалған. Мiне осындай аласапыран заманда елiн , жерiн қорғаумен бар өмiрiн ат үстiнде өткiзген әрi батыр, әрi әулие, әрi данагөй Ақтан бабамыз туралы халық аузында айтылып жүрген аңыз әңгiмелер, тарихи деректер белгiлi ақын жыраулар жазып кеткен жыр - дастандар қазiр бiрте бiрте жинақталып халыққа жетiп жатыр. Бұл өте қуанышты жағдай. «Ақтан батыр» туралы мақалалармен қатар көңiл қуантарлық жағдайдың бiрi Ақтан батыр бабамызды тарихи тұлға ретiнде зерттеудi 2007-2008 оқу жылында Қызылорда облыстық дарынды балаларға арналған мектеп интернатының 9 сынып оқушысы Абылаев Сұлтанбек Ғадiлбекұлы «Ақтан батырдың тарихи тұлғасы атты» тақырыпты зерттеп сол 2008 ж мамыр айында Ақтөбе қаласында өткен Дарын орталығы ұйымдастырған республикалық конференцияда мазмұнды да, маңызды баяндама жасады. Ғылыми жетекшiсi тарих ғылымдарының кандидаты Мыңжасов Н.К және жетекшiсi тарих пәнiнiң мұғалiмi Смағұл Айман. Зерттеуде ата шежiресi, Ақтан батырдың тұлғасы, рухани мұрасы мен оның зерттелу деңгейi, дәстүрдің ұрпақ тәрбиесiне әсерi туралы мәселеге ерекше көңiл бөлгендiгiн көреміз.

Күреске толы дүбiрлi өмiрдiң тағдырына байланысты батыр бабамыз әруақты Ақайұлы Ақтан батыр қазiргi Ақтөбе өңiрiндегi Шалқар ауданына Қарасты Берсүгүр стансасына отыз шақырымдай жердегi «Тебенсайдын» Ақтан-Садық қорымында мәңгiлiк мекен тауып 1854 жылы жерленген. Шалқар, Ырғыз, Шұбар аудандары халқының аузында Ақтан батыр туралы аңыз әңгiмелер көп. Әруақты баба бейiтiнiң басына науқасқа шалдыққандар бала тарыққандар түнейтiн киелi орынға айналғандығын халық аузынан естiдiк. 1997 жылы Қазалы ауданы Әкiмiнiң шешiмiмен Ақтан батыр жылы бабаның күмбездi кесенесi көтерiлген. Шалқарда, Берсүгүрде Ақтан

батыр 2004 жылы Қазан айында сол Берсүгүр станциясы маңындағы «Тебесайдағы» Ақтан қорымына барып бабамыдың басына құран оқытып тағзым етіп қайттық. Бізді бастап барған бұрын сол өңірде тұрған Қаракесек руынан Қарағұл ағамыз, қаракесек Қойшыбаев Өмірзақ ағамыз зайыбы Айнагүл және мен Смағұлқызы Асыл. Бабаның бейіті кішігірім таудың үстінде екен.

Жазық жер алақанда тұрғандай анық көрінеді. Кезінде бабамыз ауыл аймағымен, ағайын туысымен сол жерлерді мекендеп, халқына қолынан келгенше қамқор болған әруақты бабамыз Ақайұлы Ақтан батырға тағзым етіп, бас иеміз, сиынамыз. Бабамызбен бірге туған Шортай батыр сол Мұғалжар маңында жерленген. Мұғалжар тауларының сілімдерін халық Шортай таулары деп атайды екен. 2010 жылы Арал қаласы Ақтан батырдың жылын атап өту үшін біршама шаралар ұйымдастырған игі шараның басы қасында жүрген азаматтарға алғысымызды білдіреміз. 2010 жылы Ақтан батыр жылы деп аталып, Қызылорда облысы, Арал өңірі, Қазалыда көптеген игі шаралар ұйымдастырылғанын көзімізбен көрдік. Ақтөбеден жиырмадан астам азаматтар, батыр бабамыздың ұрпақтары Шалқардан, Берсүгірден, Қандағаштан, Мұғаджардан біршама азаматтар Ақтан бабаның асына жиналып Арал азаматтарының батыр бабамызды ұлықтау мерекесіне қатысты. Батыр бабаларымыз Жанқожа мен Ақтан батырға арналып ескерткіш ашылды, ауылға, көшеге, мектепке батыр бабаның атағы берілді. Ақтан бабаның рухын ұлықтап берілген аста, ат жарысы өтті, республикалық конференция өткізілді. Ақтан бабамыз туралы Алматыдан кітап шығарылды. Мен бабаның ұрпақтарының бірімін. Менің әкем 1889 жылы туған екен 1969 жылы 80 жасында қайтыс болды. Әкемнің тірі кезінде батыр бабамыз туралы Бабажан сартты шайқаста жеңіп, қолға түскен кезінде халыққа көрсеткен қорлығы үшін артына қазық қағып Сыр бойында қорлап өлтіргені туралы бала кезімде әкеміз айтқан әңгіме біз үшін аңыз болып еді. Енді міне еліміз егемендігін алғаннан бері өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып елін ерлікпен қорғаған батыр бабалар рухы қайта көтеріліп халқына, болашақ ұрпаққа қалдырылып жатыр. Сол кезде әкеміз Смағұлдың өз аузынан естіген әңгімені қазір ел арасына тараған, баспада басылып шыққан кітаптардан оқып, көріп халқы үшін ерен еңбек еткен әрі батыр, әрі әруақты бабамның рухын мақтан тұтамыз. Ақтан бабаның рухын ұлықтап жатырған азаматтарға, халқыма, ізденушілерге шексіз алғысымызды білдіреміз. Мен өзім тарихшымын, сондықтан егемендік алғанға дейін –ақ Ақтан батыр туралы іздестіріп, сұрастырып жүрдім, бірақ мардымсыз мәліметтер алдым. Тек егемендік алғаннан кейін ғана осындай бақытқа кенеліп

жатырмыз. Қазір тек Қызылорда, Арал, Қазалы ғана емес көршілес жатқан Ақтөбеде көше аты, жасөспірімдердің күрес мектебінің аты берілгеніне куә болдық. «Есі кірген ел ескісін іздейді» дегендей халқының азаттығы үшін күрескен батыр бабалар есімі ұрпақ жадында мәңгі сақталып, оларды отансүйгіштікке тәрбиелесе деп тілейміз. Бабамыздың әруағы бәрімізді қолдай жүріп, еліміз бейбіт өмір кешіп, Ақтан батыр жасаған ерліктерін егемен елдің болашақ ұрпақтарына жеткізу әдебиетіміздің, тарихымыздың, халқымыздың өлкетану беттеріне қаһарман батырдың асыл тұлғасын өзге батырлармен қатар көрсек деп ойлаймыз. Іздену жұмысы әлі де жүре берері хақ.

Әдебиеттер

1. Тәуелсіздікті ту еткен тұлғалар
2. Ақтөбе газеті. 14.12. 1999ж.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ – РУХАНИ МҰРА

Ғалия Ахметжанова

Тарих магистрі, оқытушы, Ақтөбе қ.

Қазіргі жаһандану үрдісінде тәуелсіз еліміздің сыртқы елдермен қарым-қатынастарын жете зерттеудің маңызы зор. Соның ішінде ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы Қазақ хандығы мен Орталық Азия хандықтарының арасындағы қарым-қатынас мәселесі біршама қарастырылғанымен, әлі де тереңдей зерттеуді қажет етеді. ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы Қазақ хандығы мен Хиуа хандықтарының арасындағы әлеуметтік-экономикалық байланыстар, Қазақ хандығы мен Қоқан хандықтарының саяси тарихы және олардың арасындағы әлеуметтік-экономикалық байланыстар ерекше орын алады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты тарих ғылымында қалыптасқан бұрынғы ұғымдар мен тұжырымдардың бір қатары жаңаша қарауды талап етеді. Себебі кеңестік дәуірде ұлт аймақтарға деген көзқарас орталықтың өктемдігіне байланысты қалыптасты. Сондықтан да қоғам өмірінің қай саласында болса да Одақтас Республикалардың мүддесі ескерілмей келді. Бұл жағдайлардың қордалана келіп отандық тарихымызда ақтандақ беттердің пайда болуына әкеліп соқтырды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жас ұрпаққа тәрбие беру процесінде оларға тарихи білім беру негізгі міндет болып есептелді. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген қанатты сөз осы уақытта туса керек. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылдығы деп атап өткен.

Қазіргі жаһандану үрдісінде тәуелсіз еліміздің сыртқы елдермен қарым-қатынастарын жете зерттеудің маңызы зор. Соның ішінде XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығының басқа елдермен қарым-қатынас мәселесі біршама қарастырылғанымен, әлі де тереңдей зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан тарихының тарихнамасында ХУІІІ және ХІХ ғасырлардағы Қазақ жерінің тарихы мен көршілес жатқан мемлекеттермен қарым-қатынастары кеңінен зерттелуімен ерекшеленеді. ХУІІІ ғасыр Қазақ халқының тарихында аса күрделі және бетбұрысты оқиғаларға толы уақыт болатын. Халқымыздың тарихында жан-жақтан қаумалаған жауларына қарсы күрес және болашақ ұрпақтың амандығын сақтау мәселесі тұрды. Осы оқиғалар аясында хандар, батырлар, билер және басқа да халық қалаулыларының аттары мәңгілікке халық жадында сақталып қалды. Қазақ көшпелілерінің айналасына шекаралық бекет тұрғызып жатқан орыс отаршылары бұрынғы Орта Азия хандықтарымен жан-жақты байланыс орнату арқылы кіріптарлыққа түсіруді жоғарғы мемлекеттік мүдде тұрғысынан қарастырды.

Бұл кезеңде Орта Азия, Қазақ даласы және Ресей империясы, арасында сауданың тұрақты дамығандығын жоққа шығармаймыз. Империя сауда жолдарына ерекше мән беріп, ежелгі отырықшылар мен көшпелілердің қоныстануы мен мәдениеті жөнінде маңызды мәліметтер жинақталды. экономикалық дамудың басты көрсеткіштері анықталды, тіпті, болашақта олардың өмір сүру кеңістігіне ықпал ету тетіктері айқындалды.

ХУІІІ ғасырда көшпелі қазақтар онтүстікте орта азиялық үш хандықпен – Бұхар, Хиуа және Қоқан хандықтарымен шектесті. Бұлардың ішіндегі анағұрлым азулысы 20-30 жылдарда Хиуа мен Қоқан хандықтары болды. Осы кезде ұлы жүздің бір бөлігін Қоқан жаулап алды. Сонымен қатар ол Орта жүз жерінің едәуір бөлігін алуға ұмтылды. Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал теңізіне шектескен, сондай-ақ Үстірт пен Маңғыстау ауданына орналасқан қазақ қонысын Хиуа басып алды. Хиуа хандығы ықпал етудің саяси әрі экономикалық шараларына қоса қазақтарға идеологиялық жағынан ықпал етіп отырды. Қазақ жерінің өздері басып алған бөлігіне олар ауыртпалығы жағынан патша отарлаушылары езгісінен асып түсетін феодалдық езгі жүйесін орнатты. Қазан, Астрахань және Сібір хандықтарын бағындырған соң Орыс мемлекетінің шекаралары ХУІІІ ғасырда қазақтардың көші-қоныс жерлеріне қоян-қолтық жақындады. Қазақстанның шығыс шекараларына да Жоңғар хандығының шапқыншылығы күшейді. Қазақтардың Орта Азия хандықтарымен

арадағы қатынастарында өзара үздіксіз жаугершіліктер мен соғыстар етек алды. А.И.Левшин өз кітабында қазақтар мен оның территориясы туралы неғұрлым қазақ даласының жер бедерінің сипатын көрсетуге тырысады. Автор оған мына шеңбердегі кеңістікті жатқызады: Алтай таулары, Есіл, Тобыл, Үлбі, Орал, Каспий теңізі, Арал және шығысында – қытай шекарасы. 1831 жылы құрастырылған «Карта земель, принадлежащих киргиз-казаками и Туркистана» кітабында ұсынылған қосымшада қазақ мемлекеті жерінің біртұтастығын топографиялық дәлдікпен дәлелдеді. Ал 1903 жылы В.Семенов шығарған «Киргизский край» кітабының қамту ауқымы бұдан да кең: мұнда оған қазақтар қоныстанған Омбы, Астрахань, Орынбор облыстарының территориясы, Алтай және Омбы қаласының өзі де қосылған. Көп салалы 2,5 миллион жаннан тұратын қырғыз ұлты мен бүкіл еуропалық Ресей сияқты Еділ жағалауынан Тарим бассейніне дейін созылып жатқан облыс. Азиядағы қазақтар сан жағынан ең маңыздысы болып табылады, - деп айтылған. В.Семенов өлкенің үстірті, ұсақ шоқылы кең алқапты алып жатқанын айта келіп, Алтай, Тарбағатай, Сауыр тауларының оңтүстік батысындағы кең-байтақ жерлердің, Ертім пен Орал өзені өңірлерінің, мұның теріскейіндегі ұзыннан ұсақ көсіліп жатқан орманды-далалы, көлемді байтақтың қазақтардікі екенін атап көрсетеді [1, 13].

В.Семеновтың бұл пікірін басқа зерттеушілер де қостайды. Олар осы аталған еңбекте мына тұрғыда ой қорытқан: «Этнографиялық тұрғыдан қарағанда қырғыз-қазақ өлкесі айта қаларлықтай ала-құла емес. Тарихи шолулардан байқағанымыздай, қырғыз өлкесі шығыстан (Ішкі Азиядан) батысқа жылжыған халықтардың «қақпасы» қызметін атқарғанымен, олардың барлығы дерлік бұл жерде табан тірей алмады: қайсыбір халықтар ұзағырақ қоныс тепкенімен, оларды екінші бір халықтың толқыны келіп ығыстырды: сөйтіп олар қазақ даласының ерекшелігіне де бой ұсына алмай, жер бетінен жоғалып кетіп отырды. Бұдан кейін қандай халық келсе де оларға деген қырғыздардың (қазақтардың) ықпалы күшті болды.

Сонымен қатар орыс ғалымы В.Сиверс өзінің «Азия» деген еңбегінде: Каспий теңізінің теріскейіне қарай ішкі орда орналасқан, оның жан басы 150 мыңға жетеді – дейді. Сондай ақ оның еңбегінде қазақтардың өз жерінде басқа халық өкілдерінен анағұрлым басым көпшілік екендігі атап көрсетілген [2, 275].

XVIII-XIX ғасырларда қазақ қоғамының экономикалық жай күйін сипаттайтын материалдар соның алдындағы дәуірлердің деректерімен салыстырғанда шаруашылықтың дамуы көп жағынан физикалық (физикалық-географиялық орта, қуаңшылық және т.б.) факторларға да,

саяси факторларға да тәуелді болғанын көрсетеді. Осы ғасырлардың бірінші жартысында қазақ шаруашылығында егіншілік біршама маңызды орын алды. ХУІІІ ғасырда Қазақстанның экономикалық өмірінде егіншілік зор роль атқарады. Ферғананың білгірі В.Наливкин өз еңбегінде қазақ малшыларының егіншілікпен айналысуын экономикалық қажеттіліктермен түсіндіреді. «Бір ғана мал шаруашылығы негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыра алмағандықтан, қазақтардың көп бөлігі егіс далаларын иеленуге тырысты».

Орта Азия мен Қазақ хандығында егін шаруашылы ежелгі заманнан жасанды суландыру негізінде өңделген әр түрлі егіншілік дақылдар орналасқан тау бөктері мен алқаптарда шоғырланды. Егін шаруашылығының екі түрі дамыды: олар суарылмалы және қолдан суарылмалыегістік болды. Суарылмалы егіншілік Оңтүстік қазақстан территориясы арқылы өтетін Сырдария, Қуандария, Жаңадария, Арыс, Шаян, Сарысу, Талас, Шу сияқты өзенді алқаптарға негізделді. Олардың ішіндегі ірісі-Сырдария болды. Атақты шығыстанушы С.п.Толстов былай деп жазады: «Хорезм және онымен қатарлас аудандар суарылмалы егіншіліктің ежелгі орталықтары болып табылады. Ежелгі уақыттан мұнда дәнді және техникалық дақылдар егу дамыды. Сонымен қатар мақталық, жүзімдік, бау-бақшалық та болды. Мұны археологиялық қазбалар кезінде табылған бидайдың, тарының, арпаның, мақтаның, жүзімнің, қауынның дәндері және басқа да жеміс-жидектердің дәндері, сүйектері дәлелдейді» [3, 315].

Сырдария қазақ даласындағы егіншіліктің маңызды орталығы болып қала берді. Бұл туралы Сырдария сағасында болған көптеген орыс зерттеушілері мен саяхатшылары жазған: Н.Н.Каразин «Орынбордан Ташкентке дейін» деп аталатын еңбегінде: «Сырдариядағы ежелгі суландыру жүйесінің іздері бұрынғы отырықшы халықтың тұрған аймақтарының жақсы тұрмыс жағдайы туралы куәландырады. Сырдарияға жақындай берсеңіз, бұл іздер сізге анық көрінеді. Ақырында жақын маңдағы ауылдар мен қалалардың бау-бақшасының көрінісі сіз тани алмайтын еңсіз, көк алқапты шалғындыққа әкеп соғады» деген [4, 10].

ХУІІІ-ХІХ ғасырдың І жартысында шаруашылық дамуының барысы сауда көлемінің біртіндеп өсе түсуімен және рынокқа тәуелділікпен анықталады. Зерттеліп отырған уақытта қазақтардың шаруашылығында болған елеулі өзгерістер – солтүстіктегі көршінің неғұрлым дамыған экономикасы ықпалының нәтижесімен жүзеге асты.

ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы шаруашылық дамуының негізгі сыртқы өлшемдері мынадай ерекшеліктермен көрінеді. Біріншіден, соның алдындағы дәуірлерден айырмашылығы жер қатынастары жүйесінде

көшпелі қауымдар анықталуының үдемелі үрдісі жүріп жатты, қазақтардың отырықшылық үрдісі күшейді. XVIII ғасырдың I-ші ширегінде оңтүстікте қалыптасқан шаруашылық күйзелісі «Ақтабан шұбырындыға байланысты» содан соң Солтүстік-батыс және Солтүстік Қазақстан аумағында да таралды. Көшпелі топтардың ішінара отырықшылануы кейіннен Орталық Азиядағы «құрама» үлгісіндегі кіші этникалық топтардың қалыптасуына және әр түрлі рулардың араласуына әкеліп соқтырды. Одан келе қазақ шаруашылығының даму сарыны айырбас саудаға негізделді.

Сол кездегі Қазақстанның тарихи-географиялық жағдайы себепті екі сауда орталығы: бір жағынан солтүстік-батыста Орск, Орынбор; ал екінші жағынан Өскемен, Семей, Омбы, Петропавл, Ямышевск, Железинск және басқалары құрылып, шектес елдермен сауда солар арқылы жүргізілді. Сондықтан аталған орталықтар арқылы алыс елдермен сауда дамуының кезеңдерін, мөлшерін, мән-жайын аймақтағы халқаралық қатынастардың ықпалымен өзгерістерге ұшыраған сауда мәмілелерінің жағдайлары мен ауқымын анықтау, салыстыру тұрғысынан қарастыру дұрыс тәрізді.

Оңтүстік Оралдың аса ірі экономикалық орталығы ретінде Орынбор қаласының маңызы артты. Бекіністі қала ретінде пайда болып, бастапқыда империяның аумақтағы мүдделерін қамтамасыз етуге арналған ол көп уақыт өтпей-ақ үкімет ойлаған үмітті ақтады. Қазақстанның қазіргі шекарасына жақын орналасқан Орск бекінісі де, басқалармен, ең алдымен саяси жағдайлармен қоса, саудаға арналды. Өзі ірге тепкен кезден-ақ бекініс Ресейдің ішкі губернияларының Ортаазиялық елдерге тауарлар жеткізуді қамтамасыз еткен келешегі зор өткізу пункті ретінде дамыды, ол Ортаазиялық елдердің керуендері өз тауарларын одан әрі көршілес Орынборға жеткізіп отырды.

Тастан және ағаштан салынған бекіністі екі үйден тұратын керуен-сарай Орта Азия көпестерінің мүлкі мен тауарларының қауіпсіздігін сақталуын қамтамасыз етті. Ресей мен Азия саудагерлерінің арасындағы делдалдар, сондай-ақ приказчиктер болып негізінен татарлар қызмет етті. Олар бұқаралықтармен діндес болатын, олардың сеніміне ие болуда неғұрлым ұтып шығатын, сауданы өз қолдарында ұстау үшін барлық амалды қолданып, орыстарды жібермеуге тырысты. Әкелінетін тауар үшін алынатын баж алымдары мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін көбейтуде елеулі көмек болды. Мысалы: 1738-1742 жылдары қазынаға 3872 сом 39 тиын түсті, сома көп болғанымен, оны содан кейінгі жылдары көбейтуге үміт артқызды [5, с.675].

Қазақтар ежелден Орта Азия хандықтарымен сауда-саттық қарым-қатынаста болды. Орта Азия базарларына мал апарып, ол мануфактура бұйымдарына, сонымен қатар егіншілік өнімдеріне айырбасталды. Өз кезегінде Хиуа мен Бұхараның сауда керуендері қырға келіп, қазақ қоныстарында сауда жасады. В.В.Вильяминов –Зерновтың мәлімдеуінше, мұндай айырбас тұрақты сипатта болған.

Хиуалықтармен, Бұқаралықтармен қазақ саудасы сахарада тыныштық сақталуына себепші болды. «Ал қазір қарсыласу жоқ және сауда кезінде олардың бәрі (қазақтар) көбіне құлақ асқыш болып жүр», - деп жазды И.Неплюев 1745жылы 29 шілдеде Сыртқы істер коллегиясына.

Орынбор губернаторы И.И.Неплюевтің «сауда-кәсіпшілік ісін шын мәнінде ақылмен және шеберлікпен жүргізгені сондай», Хиуалықтар өздері қазақ даласы арқылы жүріп өткен кезіндегі қиындықтар мен қауіп-қатерге қарамастан, Орынборға тауарлардың түр-түрін әкеле бастады.

Қазақстанның оңтүстігі бау-бақша шаруашылығының ірі орталықтары Арыс және жоңышқа, зығыр, мақта, темекі өсімдіктерінен басқа шабдалы, өрік, жиде, жер жаңғақ, алма өсіріп отырды. Ал Манкент пен Қарабұлақ жүзімімен аты шықты. ХУІІІ-ХІХ ғасырлардың ортасында жоғарыда аталған ауылшаруашылық дақылдарын Қазақстанның оңтүстігін Ташкентпен көршілес өзбек жіне қазақ егіншілері өсірді. Ғасыр бойы олар жерді жырту, егінді егу және жинау мерзімдерінің жүйесін қалыптастырды.

ХУІІІ-ХІХ ғасырлардың бірінші жартысындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық дамуының негізгі сыртқы өлшемдері мынадай ерекшеліктермен көрінеді. Біріншіден, соның алдындағы дәуірлерден айырмашылығы жер қатынастары жүйесінде көшпелі қауымдар анықталуының үдемелі үрдісі жүріп жатты. Қазақтардың отырықшылану үрдісі күшейді. ХУІІІ ғасырдың бірінші ширегінде оңтүстікте қалыптасқан «Ақтабан шұбырындыға» байланысты шаруашылық күйзелісі қазақстан аумақтарына таралды. Көшпелі топтардың ішінара отырықшылануы кейіннен Орта Азияда «құрама» үлгісіндегі кіші этникалық топтардың қалыптасуына және әр түрлі рулардың араласуына әкеп соқты. Қазақтар шаруашылығының даму сарыны айырбас саудаға негізделді.

Шаруашылықтың әр түрлі салалары мен оларды жүргізушілердің өзіндік топтасуы қазақ шежіресінде де расталды. Оларда қазақтардың, соның ішінде сұлтаннар сословиесі мен ру шонжарлары өкілдерінің Орта Азияның қалалары мен отырықшылық-колөнершілік орталықтарын басқаруға қатысуы туралы нақты материалдар көп.

Қалалар мен Жазиралар қазақ хандығының құрамында болып, көшпелілердің экономикалық серігі ролін атқарумен қатар қиыншылықты және дағдарысты жылдарда олар кедейленген көшпелілер үшін өзінше бір материалдық-экономикалық қойма ретінде қызмет етті.

XVIII ғасырдың басында мал қысы-жазы өз аяғымен жайылатын болған. Жайылымды ауыстыра отырып, қазақ қауымдары кең байтақ даламен қыста Орталық Азияның оңтүстігінде, ал жазда Қазақстан далаларында қоныс аударып жүрген. ХУІІІ ғасырдың басында Кіші жүз руының малды ауылдары қыс кезінде Сырдария мен Өмударияның төменгі ағыстарын қоныстанды. Сонымен қатар Хиуаның солтүстік жағы мен Бұхараның шығыс аудандарын қоныстанды.

Ал ХІХ ғасырда қазақтар Орта Азияның егіншілікпен айналасатын отырықшы халқымен шаруашылық байланыстарын жасай отырып, Ресейлік фабриктер мен ортаазиялық колөнер бұйымдарын сатып ала бастады. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстан экономикасында натуралды шаруашылықтың көлемі қысқарды. Өлке өнеркәсіп тауарларын өткізу рыногы және бағалы ауыл шаруашылығы шикізатының қайнар бұлағы жағдайында Ресейге барынша байлаулы болып қалды.

Қазақстанның Ресеймен тауар айналымының құрылымы мешеу аграрлы шет аймақтық өнеркәсіп жағынан дамыған орталықпен өзара қарым-қатынасының мәнін бейнеледі. Қазақтар осында әкелінген ресейлік маталарды, металл заттарды, ортаазиялық колөнер бұйымдарын мал және мал шикізатына айырбастап алып отырды. Олар сонымен қатар тірі мал, уақ және ірі қара малдарын сатты.

Қазақстанда сауда капиталының пәрменді түрде өсуімен сауданың тұрақты формалары: дүкендер, көтерме сауда қоймалары орнықты. Олардың барлығы негізінен шектері аудандарда шоғырланды.

Әдебиеттер

1. Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. – А., 1999
2. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1832, ч.3, Этнографические известия
3. Рычков Н.И. Топография Оренбургская. – СПб., 1887
4. Материалы по истории Казахской ССР. 1741-1751 гг. Т.2, Ч.2. –А., 1948
5. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана и Россией в ХУІІІ-ХІХ вв. – М.,1960

Т.АХТАНОВТЫҢ «БОРАН» РОМАНЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫНЫҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ақмарал Әбдіқалық, магистрант

**Ғайша Ниязова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Т.Ахтановтың «Боран» романы көтерген идеясымен де, қызғылықты характерлерімен де арнайы әңгімелерлік туынды. Біз романның кейбір ерекшеліктерін жинақтап, екшеп көрсету қажет деп білеміз. Сонау кеңестік заманның өзінде қатаң цензурадан аман қалып, қайтіп кітап болып шыққанына таң қалатын туындылардың біреуі – Тахауи Ахтановтың тоталитарық саясаттың көлгір бетпердесін сыпырып тастаған «Боран» романы. «Боран» әуелі «Дала сыры» деген атпен повесть болып жарияланады да, кейін жазушы қайта өндеп, толықтырып романға айналдырды. «Кенет ауаға шымырлап ызғар кіріп, теріскейде қара бұлт тұтасып келе жатса да, Қоспан асықпады» деген жолдармен басталатын роман әлі күнге дейін оқырманды әлсін-әлсін сол ызғармен тітіркендіріп, сол қара бұлтқа қайта-қайта сескендіре қаратып отырады.

Қазақ әдебиеті сынында да, одақтық көлемде де бұл роман туралы кезінде жеткілікті айтылған. Осы туынды жарық көрген бойда, сонау 1964 жылы Асқар Сүлейменовтің «Ертеңі қалай боларын кім білсін, осы повестің бүгінге дейінгі тағдыры қызық. Оқушы жұртшылық байқағандай, өзі аз додаға түскен жоқ. Біраз сыншының қаламын қағазға шұқитты. Жиналыс-жиындарда біраз дауысты буындырған да, біраз дауысты жібіткен де осы повесть» деуі [1, 5-б.] мен 2007 жылы талантты әдебиетші ғалым Мақсат Тәж-Мұраттың: «Әдебиетімізде нағыз ренессанс 60-жылдардың екінші жартысында басталды», – дей келіп, қазақ әдебиетіндегі сол жаңа өрлеудің басы дерлік туынды ретінде Тахауи Ахтановтың «Боранын» мысалға алуының («Зая ұрпақ» болса да, зая әдебиет болмайды») арасында бірнеше томға жүк боларлық көп пікірлер жатыр [2]. «Боран», қазақ тарихының сұлбасына салсақ, «Қаһарлы күндердің» жалғасы да тәрізді еді. Себебі осы романдағы ерекше бейнелетін екі кейіпкер де – Қоспан да, Қасболат та – сол соғыстың жауынгерлері. Айырмашылығы – Қоспан майдандағы, тіпті майдандағы да емес-ау, әуелден қанға сіңген адал ділін сақтап қалған дара кейіпкер болса, сондай дара кейіпкерлікке лайық, қару ұстанған қас дұшпаннан қайтпаған Қасболат, әттең,

күдікшіл заманның илеуі мен билеуіне мойынсұнуға мәжбүр болған, билікке қолы тиген соң обал-сауапты ұмытқан көптің бірі еді. Тағдырдың (расына келгенде, саясаттың) тәлкегіне қараңыз: кешегі майдандастардың бірі – қойшы, екіншісі – аудан басшысы. Одан да әріге барсаңыз, қойшы – жағымды кейіпкер, ал басшы бұған кереғар кейіпкер. Асқар Сүлейменов жазғандай, бұл туындының «аз додаға түспегені» де сондықтан. Неге оқырман ірі партия қызметкерінің тұлғасынан жерініп, әншейін бір қойшының бейнесін артық санауға тиіс? Социалистік қоғамның саясаттанған тұғыры осынша осал ма еді? Бірақ қазір қалай сөксек те, сол заманның, содан бергі заманның да біршама талғамшыл болғанын да мойындауымыз керек. Үстемдік құрып тұрған қоғамның саясатын сынаған осы туындыға сол кезде жаңадан тағайындалған Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының ең алғашқысы берілген екен.

Ал сөзіміздің негізгі тінін қайта жалғасақ, Қоспан мен Қасболат – бір ине сүйреткен бір жіптің екі ұшы. Қоспан иман-ұятты, адалдық-арды қандай азап көрсе де, арқасынан (жүрегінен) түсірмей көтеріп жүре беруге төзімі жетер, сонысымен де асқақ пешененің иесі болса, Қасболат сол азапты арқалағандарға да, басқаларға да мейірімі түспейтін өзімшіл, сезімсіз пиғылдың, өзге үшін күйе алмайтынын былай қойғанда, өзі де ештеңені (тіпті ұнатқан аяулы адамын да) сүйе алмайтын бейшара топтың өкілі.

«Боран» романы көркем прозадағы заман жаңалықтарын кең ашып, адамдардың өсу жолының күрделілігін көрсету, сол арқылы дәуір ерекшеліктерін диалектикалық тұрғыда танытудағы бастама болып көрініс алғаны шындық. Жазушы онда күресте шыныққан, бойында рухани қуаты мол, моральдық сапасы биік еңбек адамының жаңа бейнесін жасады. Шығарманың сюжеттік желісінде ұзақ сонар баяндау жоқ. Онда шопан Қоспанның малымен ақ түтек боран астында қалып, бір отар қойды қалай аман алып қалу жолындағы арпалысы суреттеледі. Сол арқылы Тахауи Ахтанов Қоспан тағдырына, оның ішкі сырына, ол бастан кешкен дәуірдің өзгешеліктеріне үңіледі. Боранмен алыса жүріп, өз басынан кешкен өмір белестерін еске алады, терең ойға батады. Шығарма композициясын ұстап, тұтастырып тұрған да осы ойлар, қаһарманның ішкі монологы.

Қоспан тағдырына үңіле қарасақ, оны тағдыр маңдайынан сипап өсірмегенін байқаймыз, ұғынамыз. Ол ылғи өмірдің кедергілеріне кездесіп, соларды жеңе жүріп өседі, өмірдің зіл салмағын көтереді. Көрген қуанышынан бейнеті көп осы азаматты қажытпай алып келе жатқан – Қоспанның өмірсүйгіштігі, жан дүниесінің тазалығы, рухани байлығы. Жазушы шығарма идеясын осыны көрсетуге құрады. Осы бір

тұстағы әдебиетке қойылған талап – өмір шындығын жеңілейтіп көрсетпей, кейіпкер бейнесін терең тартыста, күресте таныту жазушыға жаңа ой салғаны көрінеді.

Қоспан бойында еңбек адамына тән іс-әрекет, көзқарас мол. Жаратылысында қарапайым, адал, жұртқа сенімі мен сүйіспеншілігі мол Қоспан – қысылтаяң күндерде қайраттанып кететін ер. Майданда взвод командирі Қасболаттың адьютанты бола тұрып, ол шегініп бара жатқан әскерлерге мүмкіндік беру үшін жау тосқауылын бөгеуге сұранып қалады. Осы ұрыста есін білмей жараланып, жау қолына түседі. Тұтқын лагерінде азаптар шегеді. Оны автор соншалықты көп-көрнеу етіп көрсетпесе де, басты қаһарманның өз өткенін ауыр қиналыспен есіне алатынынан әбден байқаймыз. Тағдырына налымай, көнбістік танытады, мойымайды. Соғыстан соң туған ауылына келген ол жұмысқа орналаса алмайды. Жау тұтқынында болған адамға сенімсіз көзқарас оның алдынан шығады да тұрады. Ауданда басшы қызметте отырған Қасболат та көмектесе алмайды. Ақыры жұмыс таңдап үйренбеген Қоспан тері-терсек жинайтын мекемеге кілтші болып орналасады. Мекеме бастығы Жаппасбай деген алаяқ қу екен, Қоспан оның алдампаз, екі жүзділігін бетіне басып айтады да, ауылға барып, шопандыққа бет бұрады. Ал, шопан өмірінің қиындғы бір басқа екенін жазушы асқан шеберлікпен сол кез тұрмысын жіті бейнелеуінен көреміз. Қарауындағы мал қамын ол ойлағанмен, басшылар ойламайды, оны табиғатқа тәуелді етпей бағуға жағдай жоқ. Колхоз басқармасына айтқан ұсыныстар қолдау таппайды. Сөйтіп, мал боранда қалады. Долы боранда мал үсікке ұшырайды, екінші жағынан қасқыр қырады. Астындағы атын да қасқыр жарып, өзі жаяу қалады.

Тахауи Ахтанов осының бәрінде де Қоспанды орнықты, ісіне адал, сенімді, тәуекелі де жауапкершілігі де күшті характер етіп бейнелейді. Өмірде сәтсіздікке көп кездесе де ол жауапкершіліктен тайсақтап, қорқақтық көрсетпейді. Командиріне еріп кетіп қалуға болатын адьютанттың жауды бөгеуге сұранып қалуы, қашып шығудың қиын екеніне қарамай, жау лагерінен кетуге жасаған әрекеттері, Жаппасбаймен қақтығыс, малды шөп азайған тұста қолға қамамай, далаға алып шығуы да оның тәуекелшінің, өзі беталған ісінің беріктігін танытады. Ол ешуақытта ақтала сөйлемеген. Өзінің тазалығына сену – оның басты адамдық сапасы. Ойлағанда ол көрген қиыншылықтарын емес, соны тудырып жатқан жағдайларды еске алады. Тұтқында болғаны оның бетіне неге шіркеу болады? Оның еркімен жауға берілмейтінін, ер жүрек жауынгер болғанын Қасболат білетін еді ғой. Ол неге ара түспейді? Неге өзі басқалармен бірге күдіктене қарайды? Ауыл басшылары неге мал бағу жағдайын

жақсартуға енжар? Осы ойлар Қоспанды қинайды. «Шығарма осындай проблемалығымен, кесек характерлігімен бағалы. Адамның рухани күші тағдырдың қандай қыспағына түссе де, оны ілгері жетелейтін, еңсесін түсірмейтін, биік сапа екенін автор терең аша білген» [3,142-б.].

Қаламгердің қырық сан торапты сюжеттер арасынан бізге бірнеше концепция ұсынғанын байқаймыз. Ең біріншіден, Т.Ахтанов шығармашылық шеберханасында негізгі нысанға алынып отырған мәселе өмір шындығын көтеру мәселесі. Кеңес кезінде айтылмаған, айтылуға тиым салынған мәселелер оның әр шығармасынан-ақ табылады. Ең алдымен соғыс жылдарындағы ащы шындықтар: мәселен соғыста жау қолына түскендердің солдат қатарынан шығып қалуы, алапат дүрбелең замандағы адамдардың мінез-құлықтарының көрінуі (мысалға «Боран» романындағы Қасболат), ел басындағы қайғылы оқиғаның баяндалуы, соғысқа дейінгі репрессия кезінің негізгі мәселелерінің бір ұшы көрінуі.

Ойымыз нақтырақ болу үшін романға тоқталайық. Өзі жау оғына тастап кеткен солдаты Қоспан кейін елге қайтып келгенде Қасболат онымен шұркырасып көріседі. Кенет оның тұтқында болып келгені есіне түскенде өзінің жеке басының пайдасынан әрі аса алмайды, яғни зияны тиер деп, оның ақкөңіл, адал екенін біле тұра Қоспанмен салқын амандасады. Сөйтіп заман ағымымен бөле жарыла алмай, пайдакүнемдік кеселіне шалдығады, жалған принципшілдікке бой ұрады. Романның нақты мысал келтірер болсақ, онда мынадай диалог бар:

-«Сіздерді тиісті жер тексеріп анықтауы керек. Онсыз ешкім кесіп жауап бере алмайды, - деді Қасболат салқын ғана.

-Ау, басқалар болса бір сәрі... Ал, сіз... сіз мен жақсы білуші едіңіз ғой. Өзіңіз мені...

-Менің сізді қырық екінші жылға дейін білгенім рас. Ал, оның бер жағында... не істегеніңізді білмеймін» [4, 76-б.].

Бұл сөз Қоспанның бүкіл өміріне жазылмас жара болып қалады.

Кеңестік қоғам шындығы дегенде тағы бір айтатын нәрсе – тұтқынға жазықсыз түсіп, неміс концлагерінің азабын тартқан жандардың соғысқа қатысқан адамдар санатынан шығып қалуы. Олардың соғыстағы еңбегінің еленбеуі «Боран» романындағы автордың ашпақ болған шындығының бір ұшы осында жатыр.

Күнбе-күнгі көз алдында өтіп жатқан қорлық пен зорлық, аштық пен ажал апанынан туған елге деген азаматтық рухтың арқасында жеңіске жетіп, енді туған жердің төсімен аман көріскенде «тұтқында болған» деген айдар тағылып, адамдық құқы аяққа басылған ұиын

тағдырлы адамдар кеңестік қызыл империя дәуірінде болғаны даусыз. Оның әдебиеттегі шынайы көрінісі – Ахтановтың Қоспаны.

«Соншама тозақтан өтіп», еліне жеткенде Қоспанға «өз үйі өгей адамдай сұқ көзімен қарайды». Алғашқы тексерістен өтіп, туған жерімен қауышқан қуанышы да ұзаққа созылмайды. Соғысқа дейінгі қызмет істеген аудандық аппаратқа жұмыс сұрап барған Қоспанды жылы қарсы алғанмен, анкетасымен танысқан кезде қалың қабақтарын тарс жауып, «сенің кім екеніңді, ана жақта не істегеніңді сайтан білсін, өзің кісіні пәлеге қалдырып жүрерсің. Бізден аулақ» [4, 24-б.] деп шығарып салып отырады. Қоспан жанын жегідей жеген осы сұрақтың жауабын сұрап әр жерге барады. Бірақ, ешкімнен оңды жауап ала алмайды. «Жұмысыңызды істей беріңіз, Сізді ешкім ренжітуге тиісті емес деп шығарып салады. Осыдан басқа айтары жоқ...» – [4,177-б.] деген автор көп нүктесінің ар жағында сол замандағы Қоспан тағдырлы адамдардың жеке бастық құқығының аяққа басылуына кім кінәлі екені жатса керек. Кеңестік идеологияның бұғауындағы әдебиет үшін бұдан артыққа бару мүмкін емес еді. «Бір жақсысы – қазір ашық айтуға да, жазуға да еркіндік беріліп отыр. Өкінетін жайт – осындай бір кезеңнің біздің қаламымыз жүріп тұрғанда кездеспеуі [5, 4-б.] деген жазушы өкінішінің бір кілті осында жатыр.

Романда өзіндік тың ой шеңберімен көзге түсіп, жаңалыққа құмарлығымен көзге ұратын бір кейіпкер – Қаламұш. Расында шын аты – Ғалымжан. Қаламұш – жасынан жасындай жарқылдап өскен жаңашыл образ. Романда оның өмірінің балалық шағы да, жас кезі де оқиғамен бірге өріліп, бірге жасасып жүреді. Оның иектеген арманы шиыршық атқан бозбалалықтың ой-қиялы, ескі сарынға жаңаша сүрлеу соқпағы болып көрініс алған. Бозбала он сегіз-он тоғыз жаста. Мал бағу ғұрпында бұрын-соңды болмаған ой тауып, оны техникамен астарластырып шаруа жүргізу қоғамда орындалмас ертегідей орын алған. Қаламұштің кейіпкерлік сынын байқағымыз келсе романдағы мына автор баяндауына жол берейік: «Еркелетіп кішкентайында Қаламұш атап еді, биыл он тоғызға шықса да сол атымен келе жатыр. Екі үйдің ортасындағы тел қозы. Өткен жолы оныншы класс бітірді де, Қоспанға көмекші болып келді... Әрине, оған бола, енді өз құрсағынан перзент дәмеппейтін Жаңылдың Қаламұшке деген ықыласы ортайған жоқ, қайта арта түсті» [4,14-б.]. Бозбала Қаламұштің бар арманы ауылдың өндірістік өміріне жаңадан жол салу, яғни мал бағу ісіне де техниканы тарту. Оның ауылдан шопандар бригадасын құрып, ауылды түрлі техникамен жабдықтау ой-идеясына құлақ аспаған қара халық оның көкейіндегі мәселесіне орындалмас армандай көреді. Тіпті бірге

оқитын сыныптастарының өзі мазақтай күліп, әйтеуір тыңдауға рай танытпайтын.

Кейіпкердің ішкі жан толғанысын, ішкі мұңын жан-ұшыра айтқысы келетінін бізге автор өте дәлдікпен, сұлу суреттеулермен беріп отырады. Ол бірде диалогта көрініс алса, бірде жеке баяндауда бой көрсетеді. Қаламұш қалың ортада ағасын, яғни Қоспанды іздейтіні де сондықтан. Бір жағынан ағасы, бір жағынан бір терінің пұшпағын илейтін айнымас достарға да айналып үлгерген болатын. Арман-тілектің барлығын да сол Қоспан ағасымен бөліскісі келетін. Құлан түзде Қоспанның атар-атар қойларының жоғалуы әсіресе осы Қаламұшке ауыр соққы болып тиеді. Шыбын жаны қалғанша Қоспанның жолына түсіп, композицияның шарықтау шегінде де, оның шешімінде де өзінің діттеген мақсатына жетіп тынады. Яғни Қоспанды боранда тауып алады. Қайтерін білмей дал болып отырған жергілікті басшылықтың ісі қайырсыз екенін ұққан, одан кейін жұмыла көтерген жүк жеңіл екенін түсінген Қаламұш бүкіл ауылдың ес білер балаларын жинап, аттарын ерттеп, төрт тәулікке жетер азық алып, жолға шығады. Сол төртінші күні аяулы ағасы Қоспанды тауып алады. Қоспанның ішкі жан күйзелісі мен қайтпас қайсарлығы романда сюжет шиеленісуімен тұспа-тұс келіп отырады. Бетің-жүзің демей бастық тағында отырған Қасболатқа да тікесінен сөйлеп, қысқасынан қайырады.

«Өрекімей қоя тұршы, шырағым – деп Құмар кіржің ете қалды.

Қаламұштің екі-үш күннен бері ішінде булығып келген ызасы ағытылып кетті.

- Жоқ! Өрекімін, Құмар аға! Отарға үш жүз қой тағы қостың. Бірақ үш шөмеле шөп берген жоқсың. Әлде қардан қатық жасап береміз бе?! Шопандар бригадасын құрыңыз, бәрін өзіміз қамдайтын болайық деп қақсай-қақсай жағымыз талған жоқ па! Малдың барлық өлім-жігімін шопанға артып қоясыз да қарап отырасыз» [4.,132-133-бб.].

Осы кішкене ғана сюжетте кейіпкерлер арасындағы тоғысып жатқан неше түрлі динамикалық толқыныстарды көрдік. Оны ішінде тағы таусылған Қаламұштің жан айқайы мен ащы кек ызасы. Соңында да автор осы кейіпкердің бар ауан-тілегін орындағандай еді. Мәселен бригадалық құру сол кезеңнен басталған болатын. Кейінде 1960-1970 жылдары мал шаруашылығының сыны да сапасы да рекордтық көрсеткіштерге ие болғанын білеміз. Міне, жаңа ұрпақтың бет алысын тамыршыдай дөп басып, замананың ауысуына сол кезден-ақ өз бағамын берген жазушының шын дарындылығына көз жеткіземіз. Себебі Қаламұштің жиынтық бейнесінде сол кездің жаңа ұрпағы бой

көрсетіп келе жатыр еді. Халық соғыс зардабынан қажыған, бірі бауырын беріп, бірі әкесін беріп, тағы бірі баласын беріп, топалаң жылдарды басынан кешіріп жатқан тұста қайраты мен жігері бойына сыймай, әлемді әлі де мың құбылтатын жаңашыл ұрпақ келе жатқанын дiттеген жазушының бар ой-арманы мен шығарма шындығына келетiн болсақ, онда Т.Ахтановтың өмiр шындығы мен шығарма шындығы аясындағы тепе-теңдiктiң қаз-қалпы сақталған. Міне, қаламгердiң бұл романдағы басты жаңалықтарының бірі осы – Қаламүш бейнесі.

Жалпы алғанда, тұлғалардың толық ашыларлық кезеңін, оқиғасын дәл екшеп көрсете білуі бұл шығарманың жинақтаушылық қуатын арттырған. Қай қаһарманды алып қарасақ та, мінез анықтығымен дараланғанын көреміз.

Әдебиеттер:

1. Сүлейменов А. Болмыспен бетпе-бет: сын мақалалар, эсселер, сұхбаттар, ой-толғамдар, аудармалар. – Алматы: Жас қазақ, 2001. - 216с.
2. Ашықбаев Е. Жаңа өрлеудің басы еді. <http://www.aktobegazeti.kz>
3. Бірәлі Г. – Т.Ахтанов романдарындағы адамгершілік мәселелер. – Алматы, 163 б.
4. Ахтанов Т. Таңдамалы шығармалар. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1974 – 424 б.
5. Кекілбаев Ә. «Елден өткен ерен ер» // Қазақ әдебиеті. 1988 – 12 қаңтар.

ӘНШІ-АҚЫН ҚЫЗЫЛ ТҮРДАЛЫҰЛЫ ТУРАЛЫ

Жәнібек Бейбітов, магистрант

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе қ.

Ақтөбе өңіріндегі өнертану, фольклортану, әдебиеттану мәселелеріне зейін аударған оқымыстылардың бірі марқұм академик Рақманқұл Бердібай еді. Рахаң туған жері Түркістан аймағы болғанымен, қайын жұрты Ақтөбе облысы себепті мұнда жиі келіп, көңіл қойғандықтан, осы өңірдің де өнері мен тарихынан жақсы хабардар кісі еді. Сол айтатын: «Мұндағы қазақтар совет тұсында отарлық езгіден жапаны көп шенгіп, есеңгіреп қалды. Облыс басшылары үнемі өзге ұлттың өкілінен тағайындалды. Оларға қазақтың салт-дәстүрі, өнерінің құны көк тиын еді. Әйтпесе, Ақтөбе – ән мен күйдің, жырдың мекені. Күтусіз, тұтынусыз қалған, бетін шаң-тозаң басып тұрған сапасы жоғары ескі айна болады, бетін сұртсең қайтадан жарқырап шыға келетін. Бұл өңірдің өнері де сол айна іспетті, бетін шаң-тозаң басып тұр. Оны тазарттыруға пәрмен беретін қолында билігі бар білікті ел басшысы керек», – деп.

Рас сөз. Растығының ең үлкен айғағы – ондай басшы жоқтықтан өз заманында алты алашқа аты кеткен Ақтөбе топырағының ұлы перзенті Мөңке би үшін екі ғасыр тоғысында «мылтықсыз майданның» өтуі. Халықтың өз қаржысына жасатқан ескерткішін сол кездегі басшылардың қойғызбай, екі жыл бойы әуре-сарсаңға салуы. Мөңкесі ұмыт болған соң, басқасына не жорық, Ақтан Керейұлы, Шернияз Жарылқасұлы, Кердері Әбубәкір, Сарышолақ Боранбайұлы, Қазанғап Тілепбергенұлы, Тәңірберлі Молдабай сияқты саңылақтарның есімі әлі де бірде аталып, бірде аталмай қала береді мұнда. Ескі қалыбына тартады...

Бұл тұлғалардың қатарында әйгілі әнші Қызыл Тұрдалыұлы да бар. Совет тұсында шығармашылығына тиым салынғанымен Қызыл мүлде атаусыз қалған әлдебіреу емес, есебін тапқан, қисынын келтірген академик Ахмет Жұбанов қазақ бар жерде өзінің өлмес, өшпес туындысы «Замана бұлбылдарында» екі жерде, 411 және 443 беттерінде Қызылды жоғары бағалап, Мұхит пен Молдабайдың қатарына қойып, бірге атайды [1].

Әнші-ақын Қызыл туралы тәуелсіздікке қол жеткен соң ғана аудандық, облыстық баспасөз бетінде әр жылдары мақалалар, тиіп-қашты зерттеулер жазылды. Оларда қайталаулар басым. Алайда, ниет түзу. Ниет түзу болған соң пайдасы бар, Қызылдың аты мүлде өшіп кетпесіне. Оқтын-оқтын көптің есіне салып отыруға. Солардың арасында 1980-1990 жылдары Ақтөбе топырағында айтыс өнерін қайта тірілтуге зор үлес қосқан, аудандағы айтыстарда алдына жан салмаған, облыстық бәсекеде үздік атанған, республикалық айтыста, 1995 жылы сол кезде аты қазаққа тегіс мағұлым Айт ақынды финалда тізе бүктіріп, темір тұлпар мінген Нұрлыбек Қалауовтың еңбегі зор[2].

Әке-шешесі әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып тілеп алған жалғыз ұл Қызыл бала кезінде өжет, қызуқанды болғанымен ұрыншақ, ақымақ емес, өзінің өткірлігін, естілігін танытқан. Бұл жөнінде Н.Қалауов былай дейді: «Бірде ауыл шетіндегі тал шарбақтың сыртынан айналдыра орлап қазылған жылқы қамайтын ауланың ішіне қаншық ит күшіктейді. Қызғаншақ ит аулаға жақындаған үлкен-кішіні қауып жолатпайды. Күндердің күнінде оған үш-төрт жасар сәби аңдаусызда кіріп кетіп, үлкендер жағы қапелімде не істерлерін білмей әбігерге түсіп жатқанда, Қызыл ойланбастан аулаға еніп, сәбиді алып шығады. Мұнысымен қоймай бір күшікті қыстыра шығады. Қызылдың батылдығына қайран қалған үлкендер: «Байғұс бала-ау, қабаған иттен қорықпай қалай бардың?» десе, Қызыл: «Иттен қорықсаңдар, қалай адам болып жүрсіндер!», – депті[2,23].

Қызылдың бір әнінде: «Белгілі Жұбаналы батырсың ғой, Есқара сен де келе жатырсың ғой» деген жолдар бар. Шынында да, Жұбаналы да, Есқара да сол заманда Ойыл өңірінде топқа түскен палуан, ән айтып, домбыра шерітіп, серілік құрған, атаққа шыққан көкжалдар. Ұзақ жасаған Жұбаналы кейінен Қызылдың палуандығын, ат үсті өнерінің хас шебері екендігін былайша еске алады: «Күшіміз бойға сыймай, асау тайдай тулаған, түбітмұрт бозбаламыз. Судан шыққаннан кейін, діңкеміз құрығанша, ала өкпе боп алысып, бір-бірімізбен күресеміз. ...Есқара екеуіміз басқаларды шақ келтірмейміз. ... Ол (Қызыл) сынаптай сусып, өте жылдам күреседі, бұлт-бұлт етіп ұстатпайды. Тіресіп, ұстасып тұрғанда, оқыс тартып, не жіберіп қалып, көз ілестірмей шап беріп лақтыралы. Сәл босаңсысаң, екі аяғың көктен келгенін білмей қаласың. Тап бір күрестің оқуын бітірген адам сияқты жойқын еді, жарықтық. Оның сырын білетін біздер ұстасып, сақ күресіп, күш салып тіреспей, алып ұрамыз. Сақ-сақ күліп , алысуға жалықпайды. Мұның бәрі өзіміздің арамызда, оңашада. Ал жиын-тойларда қыздырманың тіліне еріп кетіп, ұстаса қалсақ, ол бізді әйдеме апармай алып ұрады. Себебі , аруақты адам ғой. Топты көрсе, арқасы қозады, әруағы көтеріліп кетелі. Солай, оның аруағы асып кететін. Оның тізгінді қолмен ұстамай, мінген атын тақымымен

бұратын әдегі ерекше. Шауып келе жатқан аттың үстінен оңды-солды жерге түсіп, қайта міне береді. Біз де ғұмырымыздың біразын ат үстінде өткіздік, бірталай сергелденді бастан кештік. Жайшылықта біз де Қызылға ұқсап ат өнерін жасаймыз. Ал нағыз бір қиқуға кіргенде , бәрі жайына қалып, сабаласу мен жұлқысудан аса алмай қаламыз. Өне, Қызыл дегенің сол! ...Қызылдың қай әңгімесін сұрайсың, бала. Ол бір ойқы-шойқы әрекетпен өткен, қыртысы көп адам еді» .

Оймауыт, Көкжар, Қарақамыс жәрменкелерінде өз тұсында ән салудан алдына жан салмаған Қызылдың өнері туралы көзі көрген адамдардың деректері жетіп артылады. Сабыр Төлегенов: «Ірі, екі жаурыны қақпақтай, көзі өткір, қимыл-қозғалысы ширақ, қызыл шырайлы, келбеті келген ажарлы адам. Домбыраны үш саусағымен тартады, ән салғанда даусын қырық құбылтып, естерін алып, тындаушысын арбап тастайды», - деп, серінің портретін жасайды.

Өнертанушы Илья Жақановтың «Қызыл әнші» атты зерттеу еңбегіндегі: «Екеуі тек қана Көкжар жәрменкесі емес, Орынбор, Тобыл бойы, Тройцк, Гурьев төңірегін әнмен балқытады. Соның бәрінде Мұхит сал Қызыл әншіні қаршығадай жұтындырып, алға ұстап, дәйім өз әндерін соған шыркатып, оның сұлу әуезімен тыныстап отырады. Сал Мұхит әннің биік шырқалып, оның ұшы-қиыры жоқ шексіздікке

жұтылғанын қалайды. Бұл үдеден тек қана Қызыл әнші шығып, ол оған тек қана тәнті боп, бас изей берген», – деп көкке көтереді[3].

Жас кезіндегі, дуға түсіп, буға пісіп жүрген шағындағы таңдауы – серілік, ерлік, өрлік болған, бұларды үйлестіріп бойына қалыптастырған Қызылдың қазақтың біртуар ұлы Жанша Досмұхамедұлымен кездесіп, біраз жанында жүріп, өмірінің жалғасын басқа бір арнаға бұрады. Қызылдың ең таңдаулы әндерінің бірі «Мешін-Тауық» мұның айқын дәлелі. Алайда Ахмет Жұбанов «Замана бұлбылдарында»:

Халыққа салмақ түсті Мешін-Тауық,

Жігітке атқа мінген болды қауіп.

Оралдан ән оздырған Мұхит ағаң,

Үйінен іше алмай жүр көже тауып, – деп мұны Мұхит салға аударды да, содан халық жадында Мұхиттікі болып кетті. Өлде де Мұхиттікі деп салынып жүр. Қазір мұны Қызылдың туындысы деушілер бар. Басқалардың жазғанын былай қойғанда, жас та болса білімі мен білігі үлкен өнертанушы ғалым Бақыт Тұрмағанбетова 2009 жылғы «Қазақстанның батыс аймағындағы ән мәдениеті» атты монографиясында: «Тарихи деректерден Мұхит Мералаұлы Мешін-тауық кезеңінің ашаршылығына дейін 1918 жылы 77 жасында дүниеден озғаны белгілі. Ал еліміздегі 1921-22жж. болып өткен алапат ашаршылықты басынан кешіп, ән-өлеңінде ол туралы із қалдырып кеткен және өзі де сол зұлматтың құрбаны болған Қызыл Тұрдалыұлы. Ән мәтінінің өзі Мұхит өмір сүрген уақытқа сәйкес келмейді», - деп ашып айтады[4]. Бірақ, Ахмет Жұбановтыкі қате демейді.. А.Жұбановтай қазақ өнеріне өлшеусіз үлес қосқан ешкім жоқ, алайда, ол да пайғамбар емес, пенде ғой. Ал, пенденің қателеспейі мүмкін емес. Ендеше біз кесіп айтайық, Ахмет Жұбановтыкі дұрыс емес, «Мешін-Тауық» әні (сөзімен қоса) Мұхит салдыкі емес, Қызыл Тұрдалыұлыныкі! Өлбетте, бұл шындықты айтқаннан А.Жұбановтың бар беделі кеміп қалмайды. Себебі, Ахаң, ол - Ахаң! Асқаралы шыңның шәугімдей бір тасы домалап етекке түсіп кеткеннен оның міні құрамайды.

Ал жоғарыдағы шумақтың мәтіні Б.Тұрмағанбетованың монографиясында төмендегідей:

Қазаққа қиын соқты Мешін-тауық,

Жігітке атқа мінген төнді қауіп.

Алшыннан ән оздырған Қызыл ағаң,

Үйінен іше алмай жүр көже тауып.

Туысы артық, ақылы кеніш Жаншаға кездесіп, біраз соңына ерген соң, бұрын «Қызылдың жүрген жері бәрі сауық» деп шалқып жүрген

серінің дүниеге көзқарасы өзгеріп сала береді. «Дүние саудыраған сап-сары алтын, біркүні түсіп қалар уысыңнан», немесе,

«Төбемнен топтанған қаз күзде өтеді,
Зар жылап, сүймесіне қыз кетеді.
Асаудай арпалысқан Қызылды да,
Сұм жалған күшке салып тіздетеді», – болып келеді.

Қазақ бестің үші 1921-22, 1932-33 тің қысында аштан қырылған халық. Аштан өлгендердің ішінде қал-жағдайын, ішкі сезімін, ой-арманын айтып, таңбалап кеткен Қызылдан басқа ешкімді әзірге кездестіре алмадық. Қызылдың мешін-тауықтағы аштыққа қатысты айтқандары қазақты аштан қырылғандарының реквиемі деген дұрыс. Расында да, бұдан артықты таба алмассыз! Сенбесеңіз қараңыз:

Қайда әнім, шырқап салған «Сарыирек»,
Жылымда қалып қойған мен бір үйрек.
Бапсыз-ақ бәйге алатын Қызыл едім,
Келемін құр сүлдемді зорға сүйреп.
Дүние – әзәзіл ғой арбасатын,
Түрі бар қос шырақты қан басатын.
Тезірек жазға жетіп, күн болсайшы,
Жиреннің шоктығына жармасатын, – деген ақын бұл арманына жете алмай, өлер шағында:

Әуеде ұшып жүрген тарғақтаймын,
Етім жоқ, сүйегім бар, жарғақтаймын.
Қара су қарыныма тұрмағасын,
Таба алмай бір шайнам ас зар қақсаймын.
Тап болды сорымызға Мешін- Тауық,
Қызылға биылғы жыл болды қауіп.
Үйіне Қарағұлдың барып едім,
Қатыны кіргізбеді иттей қауып.
«Ер құны – бір аяқ ас» деген рас,
Барады көз бұлдырап, есім ауып.
Амал жоқ, «кет!» дегенде ит те кетер,
Жете алсам жарар еді үйді тауып», – дейді.
Бұдан артық қандай реквием болмақ!

Зер сала тексерсеңіз, Қызылдың тек әнші ғана емес, сазгер, сөз асылын таңдаған ақын, шарай топта күреске түскен палуан, қасынан тобыр тармаған сері, жас шағында барымташылыққа қатысқан тас жұтқан тәуекелшіл, ат құлағы көрінбес боранды түнде жол тапқан жершіл, ат үсті ойының шебері екеніне анық көзіңіз жетіп, таңырқайсыз.

Айта кетер бір нәрсе, Серінің ән-өлеңдеріндегі кейбір сөздердің мағынасын түсіну оң-оңай емес.

Жан тартып, іздеп келген інісің де,

Жақсыдан көргенің ғой бұл ісің де.

Бабатайға қағылған жер қазықпын,

Ағамен қоштасып кет тірісінде, - деген өлең жолдарындағы «жерқазық», сондай-ақ:

Қош айтып аттандырдың көзің сүртіп,

Кетті ғой сол мінезің діңке құртып.

Сағынып жыл айналып келгенімде,

Ойылдан әрең өттім атым үркіп - тегі «атым үркіп» ұйқас үшін құрыққа сырық жалғай салу емес. Ол замандағы айдыны кең Ойылдан кешке қарай өткенде балық біткен күйтойнаққа шығып, одан ат үріккен.

Қорытып айқанда, әнші-ақын Қызыл Тұрдалыұлының шығармашылығын ден қоя зерттейтін уақыт жетті деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, 1975ж.

2. Қалауов Нұрлыбек. Ғасырдан асып жеткен ән. – Ақтөбе, 2017ж.

3. Жаканов І. Қызыл әнші//Жұлдыз, №10, 2002ж

4. Тұрмағанбетова Бақыт «Қазақстанның батыс аймағындағы ән мәдениеті». Монография. - Алматы, 2009 ж.

АРЫҚБАЛЫҚ АХИРЕТІ

Молдахмет Қаназ

жазушы, халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты

Өткен 2017 жылдың 9 қаңтарында өзіміздің Қазалы маңында, басым бөлігі Арықбалықта, ел азаттығы үшін кеуделерін оққа тосқан жанкешті боздақтарымыздың қызыл қырғын бықпыртқа ұшырағанына 160 жыл болды. Әріні әрі делік, беріні қызыл құрсаудың қыспағында болып едік деп бұқпантайлалық, еліміз егемендік алғалы отыз жылға таяп қалса да ұлығы ел абыройы, берісі бүгінгі ұрпаққа, әр азаматтың арына қатысты бұл мәселе жөнінде мәу деген бір пенде болса кәні. Жабулы қазан сол жабулы күйінде жатыр. Ештеңе болмағандай, ешкім ештеңе білмегендей.

Халықтың сол ызалы толқуының шырқау шегі қансудай аққан Арықбалық ахиреті болатын.

Оқпанынан от шашып тұрған зеңбіректер мен анталаған картечтерге ел намысы, туған жер азаттығы үшін көрінеу көзге жалаң кеуделерін тосып, құрбандыққа кеткен қайран боздақтар-ай...

Содан бері заман талай төңкерілді, қоғам қырық құбылды, балапан басына, тұрымтай тұсына, байтал түгілі бас қайғы алмағайып кезеңдер өтті. Патшалы Ресейдің қас жауы, одан кейінгі кеңес өктемдігі кезінде талай тәлкекке түскен көтеріліс қалай ғана егжей-тегжейлі зерттеле қойсын.

Елдігімізге сын болып табылатын осы бір әлдеқашаннан көкейде жүрген түйткілді оқиға туралы сол жазық-жапасыз боздақтардың негізгі іздеушілері жерлестерім – Қазалы жұртының үлкен-кішілерінің кәперіне салу сіздің бұл пақырыңызға парыз тәрізді. Уақыт озған, бір де бір куәгердің көзі жоқ, ауызша деректер болса да келмеске кеткен, сол кездегі дұшпандардың қолынан өткен құжаттардың көбісінде шейіттер туралы мағлұматтар баспа-бас түгенделіп, қағазға түспеген. Біз сол бұлынғыр соқпақты шыжымдап көрдік. Сол күйі сұраусыз жоғалып бара жатқан аруақтардың рухтары үшін, бейкүнә төгілген қанның өтеуі үшін, жетіліп келе жатқан жас ұрпақ санасының сергектігі үшін... Ақыры еліміздің абыройы үшін.

Ежелден келе жатқан тақ таласы, феодалдық қоғамның – оның да ішінде дала тіршілігіне негізделген қазақтың – өмір салты, бір шаңырақ астына біріге алмай үш жүздің жан-жаққа тартқан берекесіздігі он тоғызыншы ғасырда өзінің құлдырау шегіне жетіп, теріс нәтижесін берді. Бірі Қоқан, бірі Хиуа, Бұқар, енді бірі орыс ықпалына түсіп, бөлек-бөлек бас сауғалап, әбден қалжырады. Орталықтанған мемлекеттік мықты жүйе құра алмады. Өз руының ғана қамымен күн кешіп, шілдің құмалағындай ыдыраған қазақ қауымы сөздің тура мағынасында суық қарусыз тұттай жалаңаш қалды. Заманына лайық қарусыз қазақтың туы жығылды.

Түркиямен текетіресте жеңіске жеткен Ресейдің кеудесі аяққаптай боп империялық желікке шынттап мінген. Ендігі шаруа ежелден текетірес іргедегі шикізатқа бай ұланғайыр Азияны жаулап алу. Бұл мемлекеттік саясатқа айналған басқыншылық жоспарды жүзеге асыру Орынбор және Самара генерал-губернаторы, патшаға шексіз берілген жігерлі де қайсар В.А.Перовскийдің қолына тапсырылды. Ол патшаның арнаулы бұйрығы мен қаржы күтпестен бұдан арғы әскери жорықтардың плацдармы болып тұрған №1 форттың бекініс-қорғанын нығайтуға жаныға кірісіп, форттағыларды бүйі тигендей асықтырып жатты.

1847 жылы салына бастаған Райым бекінісіне жергілікті тұрғындардан – демек кішкенелерден – бір де бір кісі тартылмаған-

тұғын. Басқыншылар Орынбордан қыпшақтарды жалдап әкелген. Енді бұндай ауыр жұмыстарға қорғансыз тегін күш – қазақтар зорлықпен тартыла бастады. 1856 жылы бекініске кірпіш күйдіріп жатқан самогонға тойып алған есерсоқ казактар «қазақтардың отқа төзімділігіне көз жеткізу үшін» екі қазақты пешке салып жіберді.

Бұл оқиға онсыз да ушығып тұрған күрделі жағдайға от тастап, көтерілістің аякасты басталуына түрткі болды.

Осымен Қазалыда қазақтарды өлтіру басталды.

Бұдан былай еуропалық соғыс әдісінің озық та азиялық соғыс әдісінің уақыты өтіп, тозығы жеткендігін осы көтеріліс қолма қол дәлелдеп берді.

Дүркін-дүркін ағылып келіп жатқан жергілікті шаруалардың мұңзары бар, алдын ала кеңесте би, батырлардың ұйғарымымен Жанқожа 1856 жылдың қазан айының орта шенінде Ұшырғыға көшіп келіп, көтеріліс туын тікті. Қазалы, Ырғызға, Арал төңірегі, Жаңақала, Сырдарияның төменгі сағасындағы негізінен алты әлім, төртқара мен шөмекей билеріне жаушылар шаптыра бастады.

Қарашаның бірінде Жанқожа мақсатын мәлім ете отырып, Хиуа ханынан көмек сұрап, екі елші шаптырған. Олардан да келгені екі адам. Мұхаммед Рахым қайтыс болғаннан кейін өз билігін жөнге келтіре алмай, мәңгіріп жатқан жас хан алдымен қаланы алып алыңдар, көмекті сонан соң беремін деп ұзын арқан, кең тұсау сәлем жолдаған.

Енді ел құлағдар болып, қарсылықты қолдап атқа қонған жігіттердің қарасы молайған соң желтоқсанның басында көтерілісшілер бері жақындап, Жаңақаланың батыс беті төрт шақырым Ақтөбе деген жерге ту тікті. Көтерілісшілер құрамы алғаш 1200 адам. Төңіректі 10-15 жігіттен құралған сарбаздар торуылдай бастады. Қазалы бекінісі қоршауға алынды, форттан тысқа тышқан жорғалай алмай қалды.

Перовск бекінісі түгелдей әскери дайындыққа келтірілді. Жағдай одан әрі ушығар болса, қалың әскер Қазалыға бет алуға дайын. Мұсылмандарға қару ұстатпайтын әкімшілік №1 фортты салып жатқан башқұрт жұмысшыларына да мылтық үлестіруге мәжбүр.

Ақтөбе ошақ болған бастапқы кезде қазақтардың 1450 қараша үйі тігілген, 1800 сарбаз болды деп көрсетіледі деректерде. Онан кейін барлауға шыққан орыс отрядтары көздеріне түсулеріне қарай әртүрлі сан көрсетеді, ол мәліметтерден көтерілісшілердің құрамы күн санап өсіп келе жатқандығы көрініп тұр. Ендігі жайттың басы ашық.

Орынбор әскери губернаторына №1 форттан 1856 жылдың 5 желтоқсанында №110 реттік санмен жолданған хабарламада тілмәш

М.Ахмеров қазақ ішіндегі жансыздары арқылы алған мәліметтеріне сүйеніп, көтеріліске қарекет қараша айында басталғанын мағлұм етеді. №1 форт басшылығына қожамберлі Ізтілеу Жұмбабаев пен алтынбай, күлік биі заурыд-хорунжий Ұлбөбек Таимов та осы жайтты хабарлайды. Оныншы желтоқсанда таңертеңгі сағат 10-да Ұлбөбектің әкімшіліктің тапсырмасымен жіберген жансызын көтерілісшілер ұстап алады.

Өлкеге жаңа өкіметтің орнауына байланысты орыс тілін білетін, аз-маз болса да сауатты адамның қаны жерге тамбай қалды. Орынбордан жіберілген жас тілмәш М.Ахмеров аудармашылығымен қатар Ақмешітте отырған сарай кеңесшісі И.Осмоловскийдің көмекшісі де болатын. Орыс әкімшілігіне арыз шағымдарын еркін жеткізе алмай қазақтардың күні осы алаяқ тілмәшқа қарап қалды. Осы жағдайда бұл сұқсыр қызметін өз мүддесіне мүлде асыра пайдаланды, екі халықтың арасына от салды. Орысқа берілген старшындарды пайдаланып, ізіне қарулы солдаттар ертіп ел аралап, қазақтардан артық салық жинаумен де қоймай, ажарлы қыздарға да қол салатын. Оқиға ушығып, қазақтардың атқа қонғандығы шындыққа айналған кезде жаны мұрнының ұшына келген ол әкімшілікке үрей туғызып, «жау шаптылап» дереу әскери әрекетке итермелейтін әсіре жалған хабарлар жеткізіп тұрды. Солардың негізгілері: Жанқожа Хиуа ханына кісі шаптырды, Хиуадан көмекке алты мың жасақ, төрт зеңбірек сүйреткен көмек келе жатыр, қазақтар барған сайын көптеп жиналуда, теңіздің арғы бетіндегі Есет те әні-міні жетпекші...

Кейін осы сұрқия тілмәштың әрекеттерінен күмән алған генерал-губернатор В.И.Перовский онымен қоса бекініс коменданты Л.Булатовты дереу қызметінен босатып, Орынборға алдырды. Мұхаммедхасан Шафиғұлы Ахмеров жерде қалған жоқ, сонда кіші тілмәш қызметіне орналасты.

1856 жылдың 18 желтоқсанында заурыд-хорунжий старшын Ұлбөбек Тайымов көтерілісшілердің арасынан орыс бекінісіне жаңа хабар алып келді. Оның да мәлімдеуі бойынша, Жанқожа Хиуа ханына 2000 адам сұрап жаушы жіберген. Ханның алдымен бекіністі ал, шерікті содан кейін жібереміз деген салғырт сәлемі жеткен. Жанқожа жау келеді-ау деген жерлерге қос қойған, маңына адам жинап жатыр.

Бұдан бұрын орыс әкімшілігімен арақатынас түзу кезде – 1853 жылдың маусымында Жанқожаның өзі ұсынып, мақұлдауымен кішкене шектілерге үш би бекітілген-тұғын. Бұлардың түгелдей батырдың келісімімен жұмыс істеп, оған есеп беріп тұруы да міндеттелген. Осылардың екеуі – Бекарыстан мен Бекмырза халқына жақын, батырға пейілді болды да күліктің жамангөзі Ұлбөбек Таимов

Жанқожаға қарсы, өкіметке ақи-тақи алаңсыз қызмет етіп, зауряд-хорунжий шенін иемденді. Басшыларына батырдың үстінен бірнеше рет шағым түсірді, тыңшылық етіп, оларға қазақтардың арасында болып жатқан жайларды жедел хабарлап тұрды. Кейін аласапыран басталар кезде өзінің жақын туыстарын көтерілісшілерге қоспай анағұрлым қауіпсіз аймақ – Қарақұм, одан әрі Ырғыз жакка көшіріп жіберді. Олардың қауіпсіздігін орыс әкімшілігіне тапсырды.

Аудармашы А.Ахмеровтың 1856 жылдың 19 желтоқсанында №1 форттан жазған реттік саны №127 құпия мәліметіне бақсақ, оған жиеней, жолшара Шонай Үрпеков келіп, мынаны мәлім етеді. Жаңақаладан әрі төрт шақырым жерде Жанқожаның әскері шоғырланған, барлығы 1500 сарбаз, бергі жақта 200 адам барлауда жүр. Барлаушыларды Сырлыбай Шабәқов, Үмбет Әлімов, Аманқожа Әуменовтер басқарады. Қазақтар мұз ұстасу бойына Қазалыға шабуыл жасамақ.

Дереу дәл осы күні арғы бетке шоғырланған көтерілісшілерді тарату үшін Михайлов бастаған 1 зеңбірек, 100 атты қазақ, 1 офицер, 520 жаяу солдат шықты. Олар көне Жанкент бекінісінің маңынан Жанқожа жұмсап отырған 150 атты барлаушыларды кезіктіреді. Сарбаздар қаша ұрыс салуға мәжбүр. Осы жерде қазақтармен қолма-қол ұрыс барысында найза қатардағы солдат Ефим Зубовтың оң иығын жеңіл жарақаттаған. Барлаушыларды жазалаушы отряд әрі қарай 20 шақырымға дейін қуған. Аттылы қазақтарға жете алмай әбден шаршаған жазалаушылар кері бұрылып, қалың қамыс арасындағы арыққа 30 қарулы солдат тосқауыл тастаған. Барлаушылар бұларды қайта өкшелей қуып келе жатып, осы қарулы топқа арандап қалады. Қақтығыста төртқараның кәніспегі Отарбай Ермекбаев санынан жарақаттанып, қолға түскен. Жазалаушылар атын, ер-тұрманын, қару-жарағын қоса басшыларына әкеліп тапсырған. Қазақтар тарапынан өлгендер туралы мағлұмат жоқ.

Осы 1856 жылдың 21 желтоқсанында бекіністен №4035 реттік санмен жазылған майор Л.Булатовтың мәлімдемесінде: «...захвачены г.Михайловым еще два киргиза по подозрению в участии в убийстве и увозе поселяня», - деп көрсетіледі. Тағы бір қазақ гауптвахтада жатыр.

Сол күні №1 форттан жөнелтілген №4935 құжаттан ағайынды Обертышевтердің кеше 20 желтоқсанда Жаңақаланың тұсында жазаланғандарын білеміз. Бұларды бергі бетке қайықпен өткен қазақтар ұстап алған. Шөп шашылып, 6 арба аударылған, қанның ізі дариядан қалаға дейін шұбырып жатыр, баскімдері мен қолғаптары әр жерде қалған. Ашулы көтерілісшілер екеуін сол жерде өлтіріп, бірін

тірілей алып кеткен. Жазалаушылар Обертышевтердің үш өгізін бекініске алып келіп, туыстарына тапсырады.

Жазарман Ә.Оспанов көрсеткендей, бұлар: «казак көпесі Обертышев» («Наркескен» №3 дәптер, 41-бет) емес, Ресейден жеткізілген қарапайым шаруалар, қарашекпендер. Өз көзімен көрген куәгер майор Л.Булатов тайға таңба басқандай жазып отыр: «...захваченные и убитые были поселенцы три брата Обертышевых».

Өлтірілген қарашекпен Семен Обертышевтің үлкен ұлы Григорий мен оның інісі Степан. Григорийдің екі баласы жастай өз ажалдарынан өлген. Степаннан кіші Ирина деген де қыз бар. Кейін Григорийдің жесірі Любовь Никифоровнаға қазынадан 127 рубль 18 тиын күміс төленді. Көпестің ұлы болғандықтан емес, кедей, көмекке мұқтаж қарапайым шаруа – переселен болғандықтан.

21 желтоқсанда №1 форт коменданты №4935 қатынасында Аймұхаммед Мұсылманқұлов, Мәмбетәли Садыров пен Тумыш Шұжықов бастаған топ Қарақұмда төртқаралардың арасында сауда жасап жүрген көпес Деев Григорий Панфиловты тонағандығын көрсетеді.

1856 жылдың 28 желтоқсанында бекініс коменданты майор Л.Булатовтың жазған мағлұматына сүйенер болсақ, он бес күн болды үзбей жанбыр жауады да тұрады, айнала қалың тұман. Солдаттар пішенге де шыға алмай бекіністе қамалып отыр.

Қыс ортасы болғанымен күн жылы. Айналаны қалың тұман басқан. Желтоқсанның соңына дейін дария ұстаспай абыржы болып тұрып алды. Қазалыға шабуылдың басталуына бұл да бөгесін.

1856 жылдың 28 желтоқсанында тілмаш М.Ахмеров пен орыс қызметінде жүрген хорунжий Шарыповтың Орынбор генерал-губернаторына №5035 реттік санмен жолдаған мәліметтеріне жүгінсек, 1856 жылдың 23 желтоқсанында құлқын сәріде таңғы сағат жетіде бұларға Масақбай Меңлітаев келіп шағымданады (Бұл жолбарыс аулауды кәсіп еткен Масақбай – М.Қ.). Ұшырғыда 450 үй төртқараларға би Үмбет Әлімов пен қожа Аманқожа Әуменов бастаған көтерілісшілер келіп, ат ойнатып, бұлардың Жанқожаға қосылуларын талап еткен. Төртқаралар екіге жарылған, көтерілісшілермен бірге жүрген өз старшындары Итіғұл Құдайбергенов те солардың сөзін сөйлейді. Масақбай Меңлітаев өздерін Қазалыға көшіріп алуды өтінеді. Форттағылар дереу Арал флотилиясының командирі А.И.Бутаковпен келісіп, ертеңіне Қаратөбе тұсынан дариядан өтіп, Масақбай Меңлітаевтың жол бастауымен кездескен көтерілісшілердің беттерін қайтарып, сол жақта қалып қойған Итіғұл Құдайбергенов бастаған қазақтарды бері өткізіп алуға шыққанда көтерілісшілер орыс

әскерлерін үш жақтан қоршап алып, ұран салып үш дүркін екпіндете шабуыл жасайды. Бұлар картечтен оқ боратып қорғанады. Көтерілісшілер 1000-1800 адам. Жандары мұрын ұшына келген жазалаушылар форттан көмек сұрап, Өтеген Аккозинді шаптырады. Қолға түсіп қалмай қорашаудағы фортқа аман жеткен оған табан астында 20 рубль күміс ақша төленген. Төртқаралар қала маңына көшіріліп әкелінеді.

Ертеңіне көргендері 500 қазақ. Олар осы күні гарнизон аттарына дайындалған 25 шөмелені өртеген. Бұл күні көтерілісшілер жағынан тағы да бес адам өлген.

Келесі күні өртелген 105 шөмеле.

23 желтоқсандағы оқиға туралы екінші рапортта да маңызды мағлұмат бар. №1 форт бекінісінің командирі майор Л.Булатовтың 1856 жылдың 30 желтоқсанында №525 реттік санмен берген ееебінің сорабы былай. Старшина Михайлов бастаған Орал 150 атты казактары 23 желтоқсанда, қалың көтерілісшілерді біржола жазалап тастауға мүмкіндіктері жоқ, әзірге оларды тарату мақсатымен дарияның сол жағалауына өтеді. Отрядта бір зеңбірек бар. Ол жақтағы көтерілісшілер саны 1450. Форттан 12 шақырым ұзап, Марқабай моласына жеткен. Старшина Итіғұлдың ауылын бері көшіріп алу үшін 35 казакпен есаул Толстов жөнелтіледі. Бір сағаттан кейін Жанкент маңында бұларды қазақтар көріп қалған. Олар дереу негізгі отрядқа қосылуға мәжбүр. Қорған деген жерге шоғырланғанда шамамен 1800 атты қазақ ұрандап бұларға лап береді. Зеңбірек, картечь, мылтық оқтары іске кіріседі. Қарсыластары лек-легімен бұдан кейін де үш рет шабуылдайды. Қараңғы түскен соң қазақтар өліктер мен жараланғандарды алып кетіп жатты. Көтерілісшілер жеткізбейтін болған соң бұлар кері қайтуға мәжбүр. Сөзбе-сөз келтіргенде ұрыс барысында: «по показанию лазутчиков мятежников убито до 40 человек и многие ранены». Бұл дерек екі бірдей құжатта қайталанғандықтан 40 қазақ өлді деп есепке аламыз. Ал жазалаушылардан өлген бес ат.

27 желтоқсанда хорунжий Череватов бастаған 80 солдат екі рота 80 өгіз арбамен арғы бетке өтеді. Бұларды Орал атты казактары қорғап шығады. Қазалыдан бір шақырым ұзау бойына алдарынан 500 қазақ көрінеді. Каратөбенің тасасынан шыға келген сарбаздар бұларды қоршауға алып, бас-көзге қарамай, екпіндете шабуылдайды. «Бросились на команду». Жазалаушы солдаттар әрі жылжи алмай дереу арбаларын қоралап, соның ішінен қорғануға мәжбүр. Осы ұрыста: «убито 5 человек. Есаул Буренин убил еще двух человек,

многих ранил». Сонда алдыңғы бес қазақ мылтық оғынан, соңғы екі кісі қылыштан өлген болып шығады. Осы ретте 25 шөмеле өртелген.

Генерал-губернатор граф А.А.Перовскийдің 1857 жылдың 14 қаңтарында соғыс министріне жазған №83 қатынасында тағы да: «При преследовании одной из шаек, ранен пикою казак, а киргизов убито до 20 человек картечными выстрелами» деп көрсетілген.

Қақтығыстар барысында тағы да төрт қазақ қолға түсіп қалған. Генерал-майор, барон Фитенгов генерал-губернатор граф В.И.Перовскийден тұтқында отырған бұларға қандай жаза лайық деп сұрайды. Оған Орынбордан 1857 жылдың 10 ақпанындағы №80 қатынаспен былай деп нұсқау берген: «...если люди эти взяты были с оружием в руках, следовательно несомненно принадлежали к числу мятежников, то для примера (...) было полезно: тогда же подвергнуть их заслуженной казни».

Демек бұл төрт көтерілісші де атылған не қылыштың жүзінен өткен.

Форт коменданты Л.Булатов бастаған барлаушы отряд 3 қаңтарда Жанкент маңына шыққанда жолай бір қазақты ұстап алады.

1857 жылдың 9 қаңтарында құлқын сәріде генерал-майор, барон Фитенгов бастаған жазалаушы отряд Қазалы бекінісінен шамамен бес шақырым ұзағанда алдарынан салт аттылардың қарасы көрінеді. Оларды қолға түсіруге дереу атты казак отряды ұмтылады. Күніне бір гарница арпа жеп тұрған қазынаның бағулы аттары далада жайылымда жүрген аттардан неге дейлі болмасын, оларды оп-оңай қуып жетті. «...часть из них была переколота пиками, другим удалось скрыться в тумане, двое были взяты в плен». Қолға түспей кеткендері, әрине, батырға жаудың келіп қалғандығын хабарлайды, сарбаздар дүрк көтеріліп, атқа қонды. «Переколотоны» өлтірілді деп түсінеміз.

1856 жылдың 29 желтоқсанында №1 форттан майор Булатов жазған №5035 қатынаста 22-сі күні жазалаушы отряд арғы бетке шыққанда 200 адамды көргендігін мағлұм етеді. Олар арық атызға жасырынып жатып, бұларға оқ атады. Жазалаушылар дұшпандарға төрт рет жауап қайтарады. Казактар кейін шегініп бекініске тығылып қалады. Мағлұмат былай деп тұр. «Отойдя в камыш начали подбирать убитых». «Причем убито было пять человек киргиз, которые подхвачены были их товарищами»... «под начальством есаула Буренина, который хорунжим Череватовым преследовал верст на три большую шайку и на это время убито еще два киргиза и несколько ранено...»

Нағыз шайқас өтетін 9 қаңтар жақындап келе жатты. Қолға түскен деректерге сүйенер болсақ, осы кезге дейін 80 қазақ өлген.

3 қаңтарда көтерілісшілер әлі толық бекіп болмаған мұз үстінен түгелдей дарияның оң жағына өтті. Ендігі ошақ Қылышбай бейітінің маңы, ұрыс болатын алаң Арықбалық алқабы, Қазалыдан он бір шақырым жер. Шабуыл әні-міні басталмақ.

Аса діндар батыр осы жолы күші басым кәуірмен ұрыс үстінде Алланың ақ жолымен шейіт кетермін деп ойлады. Оған дәлел – нағыз жан алып, жан берісетін шешуші айқас алдында ата-бабаларының бастарына кетіп, зиярет етіп уақыт оздырып алуы.

Күн сайын асқынып бара жатқан көтерілісті басуға №1 форт құрамасының қауқары жетпейтіндігі түсінікті болды. Генерал-губернатор В.Перовскийдің бұйрығымен Қазалыға бет алған, құрмында 265 солдат, екі зеңбірек, бір ракеталық станок, тағы Елікей Қасымовтың бірнеше жүз қазақтары бар жазалаушы отряд Ақмешіттен шығып, 1857 жылдың 1 қаңтарында Қармақшыда болды.

Күн жылы, қалың тұман болатын. Кеңтүп жаққа жіберген Жанқожаның төрт кісіден тұратын барлаушылары Ақмешіттен келе жатқан қарулы қалың қолды кезіктіре алмай көтеріліс ошағына жайбарақат хабар жеткізді.

Көтеріліс шырқау шегіне жеткенде атқа қонған сарбаздардың құрамы бес мыңның үстінде болса, орыс қолы жеті жүздің ол жақ, бұл жағы. Сөйтсе де олар үстем.

Бұрын жазғанымыз бар, аяғымен жайылып жүрген аттар да, өгіздер де арық. Жер болса сірескен мұз басқан көктайғақ, ілуде біреуде шиті мылтық болмаса, негізінен садақ, найза, кетпен, айырын алып шыққандар, бірсыпырасы өгіз мінген, кейбір мүлде жаяу шаруаның сан жағынан басым болғанымен бір зеңбірек, екі ракеталық станок, 54 штуцермен мұздай қаруланған, құрамында 300 атты казак, 320 жаяу солдат, оның үстіне башқұрт отряды мен Елікей Қасымов бастаған барлап, шауып келуге жұмсап отырған 400-500-дей қосымша жасағы бар патша әскеріне төтеп бере алмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Арал флотилиясының бастығы А.И.Бутаков отрядымен шақырылып, ұрыстың қақ ортасында жүр.

Бұл аяқ астынан шыққан бұлқыныс теңдік іздеген таза өңеш жаласқыш шаруалар көтерілісі еді.

Енді қарулары мардымсыз қазақ көтерілісшілерінің қан қасап құрбандыққа ұшырағандығына айғақ негізгі құжатқа тоқталалық. Бұл қазақ жұртына оқиға өткеннен 157 жыл кейін тұңғыш рет жарияланып отырған сол қанды қырғынды өз қолымен атқарған генерал-майор, барон Фитинговтың Орынбордағы басшыларына 1857 жылдың 17 ақпанында берген жазбаша есебінен үзінділер, жан беріп, жан алысқан ұрыс үстіндегі жайт. «Авангард бросился немедленно, и они

застигнуты врасплох, были частою переколоты, двое взяты в плен... Хотя и было видно, что выстрелы наши свалили многих лошадей и что товарищей убитых бросились подбирать тела, киргизы не устрашились и почти многие залегли в канавы и нанесли большой вред штуцерным огнем наездникам», «они потеряли значительно убитыми и ранеными», «в кибитках лагеря мы нашли несколько мертвых тел, привезенных туда с поля битвы». «Голстов бросился в камыши... был встречен выстрелами, скрывавшими там трех киргизов: они были казаками заколоты», «на обратном пути войск видны были в камышах следы большого поражения, претерпленного мятежниками; тела убитых раненых лошадей забрызганные кровью камыши свидетельствовали, что этот день обошелся им дорого» (Жанқожа Нұрмұхаммедұлы. Алматы, 2014 ж. 486-492-беттер).

Арықбалықтағы екі жақты салыстыруға келмейтін мүлде тең емес соғыс алакеуімінен қараңғы түскенше созылды.

Бұрынғы бір мақаламызда келтірген болатынбыз. 1857 жылдың 9 қаңтарына дейін көтерілісшілерге 205 снаряд тасталып, әр түрлі от қарулардан 3221 оқ атылған болса, соғыстың шырқау шегі – тек 5 қаңтар мен 9 қаңтар аралығында зеңбірек добы, картечь, ракета, штуцер, пистолеті бар, барлығы 5986 оқ жұмсалды. Бұлардың қанша қазақты қыршынынан қиып баудай түсіргендігін өзіңіз шамаларсыз.

Қазақтар өліктер мен жараланғандарды ұрыс даласынан дереу алып кетіп жатты, ал орыстардың өлік санарлық мұрсалары болған жоқ.

Ә.Оспанов деген түпнұсқа деректерден хабары шамалы әуесқой жазарманымыз: «Қазақтар негізгі топқа қарап алаң болып тұрғанда, сырттарынан садақ тартқан атқыштар бұлардың есін шығарды. Дәл тиген оқтар мен жебеден жиырмашақтысы баудай түсті» («Наркескен», №3 дәптер, 98-бет) деп шалықтайды. Ондай болса кәні.

Ал шындығында 1857 жылдың 9 қаңтарында осы Арықбалық шайқасында жарақаттанған орыс солдаттары мыналар: урядник Матвей Бакалдин, оң жақ қолтығына найза тиген, жарақаты жеңіл; казак Филимон Лапухин, найза оң қабырғасына қадалған, жарақат жеңіл; казак Иван Черныш, найза сол жақ қабырғасын сөккен, жарақаты жеңіл; казак Никита Цыганов, найза оң жақ самайына тиген, бұл да жеңіл; казак Филип Петров, мылтық оғы қақ маңдайдан тиген, миы шайқалған. Лекарь бұның жазылып кетуі екіталай деп есептейді, демек өлгенге қоялық.

Сонымен дұшпан тарапынан бар болғаны төрт-ақ адам жарақаттанып, жиырмашақты емес, бір ғана солдат өлген. Қолымен

қараған дәрігер жарاقاتтардың барлығын дерлік жеңіл екендігін көрсетіп отыр.

Көтерілісті басуға жауапты генерал-майор барон Фитенговтың басшылыққа 1857 жылдың 14 қаңтарында №18 реттік санмен жазған рапортының азат жолдарына В.А.Перовский 24 ескертпе түсірген. Оның алтауы қазақтардың әлі де көптеп өлтірілмеуі жайындағы ашу-ыза.

Бұл құжатты елеусіз қалдыру мүмкін емес.

Алдымен генерал-губернаторға жазбаша есептегі «неприятель» сөзі ұнамайды. №2. «Киргизы – русские подданные. Они в отношении к нам не могут быть неприятелями. Их можно назвать мятежниками, бунтовщиками и пр. Но название «неприятель» неправильно и слишком для них почетно».

Кейбір қазақ батырларының екпіндеп қолма-қол шайқасқа түскендіктері туралы сөйлемнің астын сызып тұрып жазған пікірі №10: «Как не нашлось ни казака, ни солдата, которые бы хотя одного из этих батырей сняли с седла пикою или штыком?».

Жайқалған салтанатты үлкен ақ тудың енді қалың әскердің сол қанатына ығысып, оның маңына тоғысқан жауынгер топтың ұрандап бұларға лап берген тұсы генералды ызаландыра түседі. №13. «Если это столь часто упоминаемое белое знамя играло в скопище Джангужи такую важную роль, то следовало непременно ударить на него решительно и сбить, а не позволить ему в течение нескольких часов разъезжать кругом отряда».

Есепте өлген қазақтардың нақты санының көрсетілмеуі генерал-губернатордың жүйкесіне тиіп, бұл туралы бірнеше рет ескерту жасайды. №15. «О киргизах умолчено. Были ли с их стороны ранены и убитые?». №17. «Если мы не могли нанести им большого вреда нашим былым оружием, то они не могли потерять значительного числа убитыми и ранеными». №19. «Ни разу число убитых не означено цифрою... О мертвых телах сказано только, что их было несколько». Фитингов қайтар жолда көптеген өлген адамдарды көрдік десе, губернатор тағы сұрайды: №23 «Сколько?»

Қазақтар неғұрлым молынан қырылған сайын жаны жай табатын нағыз қанқұмар басқыншының пейілі. Бас көтеріп жүрген қарапайым халықтың өз мүдделері, біздің тарапымыздан зорлық болды-ау деген кішкентай да болса адами түйсік жоқ, тек шабу, өлтіру, құрту. Және барынша қырып тастаған жөн.

Рапорттың ұрыстан кейін қазақ үйлерінің тоналуы жайлы тұсына генерал-губернатор: «Қазақтың жалғыз байлығы – мал, олардың тек малдарын сыпырып алу арқылы қанқаксатуға болады» деп жазады.

«Сонда ғана олар болашақта бас көтере алмайды». Өте дұрыс айтады. Бұл сыналған әдіс кеңес өкіметі кезінде де жүзеге асырылды. Тағы генерал-губернатордың түсінігінше, көтерілісшілер тас-талқан болып түбегейлі жазаланған жоқ, тек қуып тасталды. Шындығы да сол.

Генерал-губернатор В.А.Перовский қазақтардың егін егіп, отырықшылықпен айналысуы былай тұрсын, қарапайым жер үй салуларына да қарсы болған. Ол қазақтардың көшіп-қонып, үнемі орыстарға тәуелді күйінде қала беруін қасарысып қадағалаған басшы.

Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейінгі шаруа оның бастаушыларының көздерін жойып, бүлік ошағын қайта бас көтермейтіндей ыдыратып, Хиуа жаққа ығысқан қазақтарды өкімет қоластында бақылауда ұстау үшін бекініс маңына қайтару болатын. Генерал-майор, барон Фитенгов осы мақсатпен 1857 жылдың 26 ақпанында 500 әскер, екі зеңбірек, екі ракета-станок, 15 күнге жетерлік азық алып, Қызыл жаққа атанды. Жолай кезіккен ауылдарды аяусыз тонап, үлкен Қаскада отыр деген хабармен сұлтан Әзірбек Рүстемов пен Сердалы Бекшориннің («Самый верный вожак») жол бастауларымен 100 жарау аттылы казак басқарған есаул Толстовты Жанқожаны ұстауға жұмсайды. Сөйтсе бұдан үш күн бұрын осы маңда көшіп жүрген старшын Итіғұл Жанқожаға інісі Мамыт Құндыбаевты шаптырып, бекіністен жазалаушы отряд шыққандығын ескерткен екен. Батырдың жұрттын сипап қалған Толстов не істейді? «Два аула родственники его были тут достигнуты и уничтожены, а он Нияз Джанкин и другой киргизец Итегул Бик Айдаров убиты» («Жанқожа Нұрмұхаммедұлы», Алматы. 2014 ж. 494-495-беттер).

Жанқожаға жанашырлық танытқаны үшін Итіғұлдың ел ағасы – старшын екендігіне де қараған жоқ, табан асты тағы да екі қазақ атып не шауып өлтірілді. Бұл 9 қаңтардың кейін өлтірілген 2 қазақ.

Біз еміс-еміс болса да ізі көрінген деректерді қуаладық. Ал сол 1857 жылдың қысы мен батыр өлтіріліп, патша өкіметінің көңілі жайланған 1860 жылдың ерте көктемі аралығында мал-мүлкі түгелдей тоналып үлгерсе игі, сығарға биті қалмай азып-тозып елге бет алған кедей-кепшіктің Қызылдан Қазалыға дейін соғылған шұбырынды жолда қаншасы қалғандығы беймағлұм. Олар да осы біз іздеп отырған құрбандар құрамында.

Сонымен 9 қаңтар күнгі нағыз қан қасаптағы құрбандардың нақты саны белгісіз, тек қағазға түсіп, қолға ілінген деректерді ғана келтірер болсақ, біздің есебімізше, көтеріліс барысында шейіт кеткен қазақтардың саны 82. Ұзын саны 200-ден, бәлкім 300-ден де әрі болар. Жанқожаны қоспағанда. Осыншама азамат ай мен күннің аманында сұраусыз, елеусіз де ескерусіз қала бере ме?

Елім, жұртым деп атқа қонған осы аруақтарымыздың соғыс үстінде бірден ақиретке жөнелген Арықбалық бұл күндері егіс алқабы, мал өрісі, тіпті доңыз тұяғының асты да болды деп естимін. Бұл біздің кіндік қанымыз Қазалы аумағында тамған әр азаматтың арына сын іс. Бұл дүниеден не өтпеген, деп әлі де білмеген, көрмегенсіп, салғырттыққа салынып жүре беруге де болар. Алайда ел аман, жұрт тынышта біздің мұншалық бойкүйездігімізді ата-бабаларымыздың адал қандары, ахирети аруақтар кешіре алар ма екен?

Біле білген жұртқа Қазалы әр үйі, әр көшесі заманалардан сыр тартқан тұтасымен тарихи қала. Ал 1856-1857 жылдардағы халық көтерілісінде қоршауға алынған осы қалада – тарихи оқиға ошағында – елеулі бір белгі тұрар болса, көне шаһардың мән-мазмұны одан әрі баи түсер еді.

Әңгіменің түйіні – дұшпандарының өздерінен әлдеқайда үстем екендігін көре тұра елдік намыс, туған жердің тазалығы үшін оққа өңеш жалаңаш ұмтылып, нағыз қан қасапта адал қандарын төгіп, шейіт кеткен сол боздақтарға құран бағыштарлық бір белгі қажет-ақ. Арнаулы белгі болса, ұрпақтары аялдап, құран бағыштар еді, арнаулы белгі болса, әсіресе жас өскін өз өлкесінде де теңдік үшін құрбандыққа кеткен жанкешті бабалар болғандығын білер еді, тарих деген әлдеқандай бір беймәлім алыс жақтарда емес, күнделікті өзі басып жүрген осы туған жерде де сайрап жатқанын сезініп өсер еді, білген болса, өз өтені – отанға деген құрметі үстемелене түсер еді да.

Қалайда байыптап таразылаған адамға өлкеміздегі осы бір қасиетті оқиғаның орны үңірейіп-ақ тұр.

Елбасымыз Н.Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Біз жаңғыру жолында бабаларымыздан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түгендеуіміз керек». «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын республиканың жер бетінде барлығы үшін тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың рухы алдында парыздармыз» деген болса, бұл сөздерге алып, қосар не бар?

Ескерткіш дегеніңіз әлдеқандай оқиға мен идеяның көркем жиынтығы. Ол міндетті түрде алдымен санада пісіп-жетіліп, биік талғамды көркемдік тезден өтуі ләзім. Ол – идеяның бір сәттік қана көрінісі, тоқайласқан бейне не оқиғаның түйіні, жиынтық образы. Көрермен сол бір сәттік бейнелі көріністен өшпестей әсер алуы тиіс. Бәлкім, ол – өкініш, ол – салтанат, ол – аза, ол – қасиет. Бұл ретте азалы қасиет. Не десең де ащы тарихтың сабағы. Творчество деп

аталатын тылсымның құдіреті де осында – идеяны образға айналдыра алатындығында.

Бұл күндері тақырыптың мән-мазмұны мен орайына қарай мүсін, мұнара, арка тәрізді белгілер орнатылып жүрген болса, бұл қасіретті тарихи оқиғаның мазмұнын ашатын, кісі арнайы аялдап, тізе бүгіп құран бағыштайтын маңында бастырма, орындықтары бар тақырыптық панорама тәрізді. Негізгі түс әлем-жәлем әшекейсіз қара. Лайықты орын Қазалы қаласының батысы, қан төгілген Арықбалық жақ жөн болар-ау.

Ескерткіште: «Ей, ұрпақтарым! Біздің қан сендердің азаттықтарың үшін төгілген. Тізе бүгіп, аят арнай өтпейсің!» не: «Аялдай өт, жолаушы! Бұл жерде 1856-1857 жылдары азаттығымыз үшін болған қанды шайқастарда жүздеген балаларымыз шейіт кеткен» деген ескертпе таңбаланып тұрса. «Құрметіне қойылған» емес, жоғалтуға болмайтын түйінді сөз: «қандары төгілген» немесе «шейіт кеткен» деп ойлайды бұл пақырың.

Орындалған жағдайда ол бүгінгі буынның келер ұрпақтарына қасиетті аманатындай әсерлі де мәнді болмағы ләзім. Сол ескерткішке жолаушы арнайы ат басын бұрып келетіндей болса ғой, шіркін. Ол үшін де, әрине, қолға алынған жағдайда, жобаның әртүрлі нұсқалары жұртшылық талқысынан өтіп, мұқият іріктеліп, аса жауапкершілікпен сұрыпталып барып мақұлданғанына не жетсін.

Қазалы ауданы үшін әр тоғызыншы қаңтар азалы күн болып белгіленсе кәне. Бір-ақ күн сырнайлатып, думандатпай-ақ, аруақтарымызды азаласақ. Күні мен сағаты белгіленіп, бостандығымыз үшін шейіт кеткендерге Жанкожа мешітінде арнайы құран бағыштау дәстүрге енсе...

Токетер сөз жерлестерімізде, әрине.

«САРТАЙ БАТЫР» ДАСТАНЫНЫҢ ҚАҺАРМАНЫ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР

**Аманғали Мұхамбетулин, өлкетанушы
Жұманазар Асанов, филология ғылымдарының докторы
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе қ.**

Биылғы жылы наурыз айында «Ана тілі» газетінде Ақтөбе қаласының тұрғыны ардагер-ұстаз Мәтжан Орынбаев ағамыздың «Тамдыкөл» атты мақаласын оқыдық. Ағамыз өзінің туып-өскен өңірі Ойыл ауданындағы Тамдыкөл жерінің табиғатын, тарихын, өткен

ғасырларда өмір сүрген адамдарын, киелі нысандарын – үлкен тебіреніспен, сүйіспеншілікпен жаза келіп: «Саңырық пен Пұсырман тәрізді әулие-абыздар орын тепкен... Жергілікті тұрғындары мал-жаны ауру болғанда қыр үстіндегі Пұсырман, Саңырық зираттарына барып түнеп, әруақтарға табынатын», – деген екен. Бұлар жатқан төбе «Саңырық төбе» деп аталады екен[1].

Мақаланы оқыған соң «Пұсырман, Саңырық әулиелер кімдер?!» деген ойға қалдық. Осы мәселеге байланысты Мәтжан ағамызбен сәуір айының басында жолықтық, таныстық. Содан бері құпиясы мол, қасиетті киелі өлкедегі тарихи тұлғалар туралы талай кездесіп әңгімелесіп, пікір алмастық, шығысында «Хангелді қорымы» дейтін қорым барын білген соң, басына баруға келістік. Мәтжан ағамыз: «Пұсырман, Саңырық әулиелердің қай ел екені белгісіз, өмір сүрген уақыттары шамамен біреуінікі XVII-XVIII ғасыр, екіншісінікі XVIII ғасыр деп жобалаймын. Қай елдікі болсада сый-құрметке лайықты тұлғалар, ұрпақтары табылып, ескеркіш-белгі қойылса жөн болар еді», – деді.

Қазақ тарихында XVII-XVIII ғасырда өмір сүрген Пұсырман Қангелдіұлы, XVIII-XIX ғасырда өмір сүрген 3 (үш) Саңырық бар. Әуелі Пұсырманға тоқталайық.

Бірінші дерек, Ақтөбе энциклопедиясында: «Айт ұлы Қабақ (шамамен 1611-1689жж.)» – деп таңбаланған. Қабақтан – Хангелді, одан Пұсырман. Пұсырманның өмір сүрген уақыты онсегізінші ғасыр. Атақты «Мың бала» кинофильміне өзек болған Ақын Нұрмағанбет Қосжанұлының Шектіден шыққан Сартай батыр туралы жазып қалдырған «Сартай батыр» дастанында:

«Бақтыбай мен Пұсырман,
Жау жарағын түйінген.

Әбілқайырға қосылды...» деп жырланады [2]. Осы кітаптың 120-бетіндегі түсініктерінде Қабақтың немересі Бақтыбай туралы: «Бақтыбай батыр (1697 – ө.ж. беймәлім) шежіре бойынша Алтын Орданы билеген, үлкен Ноғай ордасының (Кіші жүздің) негізін қалаған Едігеден тарайды» десе, **Хангелдіұлы Пұсырман** турасында, «Әбілқайыр ханның батырларының бірі, шежіре бойынша Едігеден тарайды» деп таңбаланған.

Екінші дерек, XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басындағы Батыс Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ахуал және «Жарас Мерген Пұсырманұлы» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары» атты жинақта (Ақтөбе, 2009 жыл) Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт

Мұхтар: «Жарас Мергеннің бабасы **Пұсырман** да 1726 жылғы Бұланты, Білеуті шайқастарына қатысқан... 1748жылы 6 шілдеде Орск қорғанына А.И.Тевкелевпен кездесуге бір топ шекті руының өкілдері келеді. Олардың ішінде Қара батыр, Бейімбет батырдың ұлы Шығырбек, Бақтыбай батырдың баласы Асан және шекті руының ақсақалы **Пұсырман болған**. Орыс деректері «кошей Бусурман» деп жазады. Қазақ-орыс сөздігінде «кошей» – Қыдыр немесе ұзын бойлы арық адам» деп аударылған... Кездесу соңында Қара батыр, Асан батыр, Шығырбай батыр және **Пұсырман** түрлі марапатқа ие болған (История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков III том, Алматы, 2005. Стр. 187-188)». Әбілқайыр хан өлтірілгеннен кейін көп ұзамай Нұралы ханмен қатар Батыр Қайыпұлы да хан болып көтеріледі. 1748 жылдың соңғы айларындағы осындай саяси оқиғаға шекті руының біраз адамдары қатысқан. Мәселен, Қарабай, Аталық, Боранбай, Қалыбай, Жанбыршы, Тұттыбай, **Қарабас** т.б. (ОрОММ. Зк. 18-іс, 288-311 п.п.) Бідің ойымызша, осы тізімдегі Қалыбай, Қарабастар – Жарастың ағалары, Пұсырманның балалары болса керек.»– деген дерек келтірген[3].

Үшінші дерек, елдің шежіреші қарттарының бірі марқұм Амантай Шотовтың аталған ғылыми жинақта төмендегі сөзі берілген: «Пұсырман атамыз Қыдырды екі рет көрген. Біріншісінде ертеңгісін шал ерте тұрып дәрет алайын десе, түнде су толтырып қойған құманның суы ұйып қалған екен, сол құмандағы ұйыған суды толығымен ішкен. Сол себептен Қабақ руының ішінде тұқым көбі осы Пұсырман атамыздың ұрпақтары дейді ақсақалдарымыз.

Атамыз Пұсырман малы жоқ, жарлы кезі екен. Сол уақытта Қабақ руы малдан жарлы болған. Бір күні ертелетіп атамыздың үйіне ақсақалды қонақ келеді. Есен-түгел сұрасып, кіріп келген қонақты қарсы алып, мал союға жандығы жоқ. Атамыз қиналса керек, жалғыз бурасын сойғысы келсе, оны қонақ сойғызбаған дейді. Бураны соймаққа ыңғайланып, пышағы мен арқанын алып далаға шыққанда қонақ та ере шығып, «уа, ардақтым, кеуліңе рахмет, малыңа тиме, үйіңде кебенің ішінде бір қасықтай бидай талқан бар ғой, мен соған да ырзамын, соны қазанға сал» депті. Әйелі мен атамыз Пұсырман үйге кіргенде қонақ далада еді. Айтқан жерден талқанды тауып, су құйып, тұз салып аса бастайды. Аз тағамның өзіне қазан тасып, кенерінен асып төгіле бастайды. Атамыз қонақты асқа шақырайын десе, ақсақал далада жоқ екен. Сонда атамыз Пұсырман, «Е-е, бұл Қыдыр болды», – деген екен. Сөйтіп, атамыз Пұсырман Қыдырды екі көрген деген сөз қалған». Аталған деректерге сүйенсек, Пұсырман – батыр, Қызырды екі көрген **әулие адам**.

Екі Саңырықтың тарихын жақсы білетін Мәтжан аға Орынбаев былай дейді: «Қазақтың тарихында XVIII-XIX ғасырларда туған жерін шетел басқыншыларынан қорғаған Саңырық атты екі батыр болған. Біріншісі – 1730-1760 жылдары қаламақтарға қарсы соғыстың қаһарманы. Бұл Саңырық Ошақты руынан. Екіншісі – XVIII бен XIX ғасыр қиылысында өмір сүрген, Кіші жүздің абдал тайпасының Олжабай бөлімінен шыққан Саңырық».

Енді үшінші Саңырыққа келейік, бұл Пұсырманның Сексен дейтін баласының ең үлкені, Пұсырманның баурына басқан немересі. Батыр емес, әулиелік дарыған тұлға. Саңырықтың әулиелігі турасында сан түрлі тарихи аңыз бар, соның бірі «Айман-Шолпан» эпосының басты кейіпкері Көтібарға қатысты. Шалқар қаласынан шығып тұратын "Шежірелі өлке" газетінде 2016жылы жария көрген ауданның құрметті азаматы, шежіреші Оразбай Әділбаевтың «Көтібар мен Арыстан» деген тарихи-танымдық мақаласында бозбала Көтібардың Саңырық әулиеден батаны қалай алғаны баяндалады. Мұнда: «Көтібар өсе келе Саңырықтың батасын алуды армандайды... Жазғытұры ел көл жағалап қонып жатқанда ауыл ақсақалдары бір-бірімен табысып, шұрқырасып, ауыл жағалап, «қоныс жайлы болсын» айтып жатады. Сол кезеңде қасында бір топ адамдары бар Саңырық атамыз да ауыл аралап жүрсе керек. Орайын тапқан Көтібар бір үлкен дуадақты атып алып, бөркін көзіне баса киіп, шауып келіп, Саңырық атаның қанжығасына байлай салып: «Ата батанды бер», – деп, Саңырықтың батасын алады. Қолды қайырып салып, сақалды бір сипап: «Мынау қай бала?» – деп сұрапты. «Бұл Бәсеннің Көтібары ғой», – депті қасындағылар. «Ой, батамды бермеспін деп жүр едім, қапыда алдың, алсаң ал, халқыңа қайрымды бол», – деп ризалығын білдіріпті.

Көтібар Саңырықтың батасын алғанда сол алақанын төмен, оң алақанын жоғары жайыпты. «Неге екі алақаныңды бірден оңынан жаймадың?» дегенде: «Сол алақанына қан уыстап туды» деп батасын бермей жүр еді, әулиенің аруағына адал болғым келді. Саңырықтың бір алақанға берген батасы да бір адамның өміріне жетеді», – деген екен.

Қысқасы, Қызырды екі көрген Пұсырманның баурына басқан баласы **Саңырық атақты әулие болған адам.**

Осы жағдайларды екшей келе, қатар жатқан екі әулиенің қабірі әкелі-балалы Шекті Пұсырман мен Саңырық болуы әбден мүкін деген ойға келдік. Таздан шыққан Олжабай Саңырықты індете тексеру мақсатында Аманғали Әміржанұлының ғылыми дерекке табан тіреген «Газ руының шежіресі» кітабына үңілдік. Мұндағы «Діни қайраткерлер мен әулиелері» деген тарауда Олжабай Саңырықтың аты

аталмайды. «Батырлары» деп аталатын тараудан да атын таба алмадық. Бұл Аманғали оны білмейді екен дейін десек, кітаптың 724-бетінде Құлдың алты баласын таратқанда Саңырықты бірінші атайды. Алайда, батыр демейді, би демейді, әулие еді демейді. Саңырықтан Әйсейіт деп көрсеткен. Тағы бір нұсқада Саңырықтың баласы Әйсейіт емес, Басықара батыр делінгендігін жазады. Әйтсе де, А.Әміржанұлы Саңырықтың баласы Әйсейіт екендігіне басымдық беріп, оның үш баласының атын атап, Құлмамбет шайырдың деректі өлеңінен үзінді берген. А.Әміржанұлы өінің шежірелер жинағының екінші томының 229-275, 467-470 беттерінде Таздың батырларын, 275-306, 456-461 беттерінде әулеттің әулиелері мен билерінің толық тізімін береді, мұнда да Саңырық деген есім кездеспейді [4]. Мәтжан аға Орынбаевтан қайыра сұрағанымызда, ағынан сөйлейтін Мәкең: «Атамызды әулие дегенді естімедік», – деді. **Бұдан шығатын түйін, Олжабай Саңырық – батыр да, әулие де емес.**

Шектілердің көші-қонысы туралы тарихи деректерді сүзе қарағанымызда төмендегі жәйттерге кездестік. 1803 жылы Ресей тыңшысы поручик Я.П.Гавердовский Сарышоңай мен Мұсылман билерге Әлімұлы – шектінің – тілеу, қабақ, назар мен шүрен бөлімдерінен 8000 түгін бағынады деп хабарлай келіп: «Кочевья: зимние – по реке Эмбе, в песках Барсукум и по заподной стороне Аральского моря до города Конрата; летние – к северу от реки Эмбы, по реке Темиру и **в вершинах рек Сагыза, Уила, Хобды** и Илека» деп жазады.

«Алаш» тарихи-зерттеу орталығы 2010 жылы шығарған «Қазақ ру-тайпаларының тарихы», Қаракесек бірлестігі» атты кітаптың, 13-томының екінші кітабының 121- бетінде: «...Әлім ұлы тайпалық бірлестігінің басқа да руларына қарасты 22мың түгін жазғы маусым кезінде Каспий жағалауларына дейін жайлады, Ембі, Темір, Сағыз, **Ойыл**, Қобда өзендерінен Жайық өзендеріне дейін жүрді», – делінген [5]. Белгілі тарихшы ғалым Ә.Мұхтар 2009 жылы «Ақтөбе» газетінде жариялаған «Биліктің бір тұлғасы – Сарышоңай би» деген көлемді зерттеу мақаласында генерал-губернатор Г.С.Волконскиге генерал-майор Д.И.Герценбергтің 1807 жылы 28 тамызда жазған рапортын дерек ретінде ұсынады. Ол рапортта: «**Ойыл бойындағы** Сарышоңай, Мұсылман билер, Сары Қобдадан ахун Мұхамеджандар Тамдыкөлге көшіпті дегенді естіп, артынан барлаушылар жібердім» деген жолдар бар. 1350 адам, Зартиллериядан тұратын қарулы күшті басқарып, Қаратай сұлтанды қолдаған шектілерді жоюға шыққан генерал Д.И.Герценбергтің бұл рапортын, патша тыңшысы Я.П.Гавердовскийдің хабарламасын күмәнсіз деп қарасақ, шектілердің

сол уақытта **Ойыл бойын жайлағаны да күмәнсіз**. Демек, жасы жеткен Шекті Пұсырман дүниеден озып, осы жерге жерленген деуге негіз бар. Сондай-ақ, Саңырық әулиенің атасының қасында жатуы да қисынсыз емес.

Осындай байламға келген біз сәті түсіп қыркүйек айының 28 күні жолға шықтық. Жол басшы Мәтжан ағамыз, қосшымыз Болат Медеубаев деген ініміз, жолай «Көптоғай» аулынан 82 жастағы Сағынғали Сарин ағамыз және осы өңірде археологиялық зерттеу жұмысын жүргізіп жатқан «Ақтөбе облыстық тарихи-мәдени мұраларды зерттеу, қорғау және қайта қалпына келтіру» орталығының басшысы Аслан Мамедов бастаған 3-4 адам қосылды.

Төбедегі екі бейіт те құлаған, жұқанасы ғана қалған. Ескісінің ізінде қалақтастар жатыр. Жаңалауының бағзы заманда шикі кірпіштен қаланғандығын әйгілеп, шашылған ұсақ бөлшектері көзге түседі. Маман ретінде Асылан Мамедовтен сұрағанымызда: «Дәл айту қиын, көнелеу бейіт 18 ғасырдыкі. Екіншісі 19 ғасыр, себебі шикі кірпіш осы ғасырдыкі екендігін көрсетеді», – деді. Демек, біріншісі – Пұсырман әулиенікі, екіншісі – Саңырық әулиенікі. Бұдан 60 шақырымдай жерде «Хангелді қорымы» бар. Қасында шағын «Қарабас» деп аталатын шағын өзен бар, Ойыл өзеніне құятын. М.Орынбаевтың «Ана тілі» апталығына мақаласы жарияланған соң, Таз руынан шыққан Құл ұрпақтары тездетіп жаз ортасында бейітке темір қоршау орнатып, белгітас қойып тастапты. Біздіңше, бұл зерттелмей асығыс істелінген іс.

Сонымен, біз әуелі Пұсырман мен Саңырықтың туыстық жағын көрсеттік, одан соң екеуінің әулиелігін айқындадық, сосын бұлардың Ойыл бойындағы қоныстарды мекендегендігін дәлелдедік. Түйіп айтқанда, біз Саңырық төбеде жатқандар шекті Пұсырман мен оның немересі әулие Саңырық деген байламға келдік.

Әдебиеттер:

- 1.«Ана тілі» газеті, 11-12 саны, 2018ж.
- 2.Қосжанов Нұрмағанбет.Сартай батыр. -Алматы, 1998ж.
3. «Жарас Мерген Пұсырманұлы» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары» - Ақтөбе, 2009 жыл.
4. Әміржанұлы Аманғали. «Таз руының шежіресі» ,4 томдық. 1,2- томы. - Ақтөбе, 2009ж.
5. Алаш ғылыми-зерттеу орталығы. «Қазақ ру-тайпаларының тарихы», Қаракесек бірлестігі , 13-том. Екінші кітап, 121- бет. – Алматы,2010ж.

АЙМАҚТЫҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СЮЖЕТТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҒАШЫҚТЫҚ ДАСТАНДАР

Айбат Умирбаев

Гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

Белгілі бір өңірге кең тарап елге танымал болған, аймақтық фольклорлық сюжеттерге құрылған дастандарда да кейіпкер алыстағы сұлуға сырттай ғашық болып, оны іздеп тауып, онымен қосылуды мақсат етеді. Мысалы, 1875 жылдары Тінібеков Жақып айтып таратқан «Қисса Бозаманда» Қарабайдың жалғызы он бес жасар Бозаман өз елінен қиялындағы жарын таба алмайды. Яғни сұлу жар іздеуі жағынан бұл туынды «Қыз Жібектің» Төлегеніне өте жақын тұр.

Мұнда да оқиға «Қыз Жібек» эпосындағы сияқты басталады. Ал «Жаскелен» дастанының кейіпкері түсінде көрген қалмақ ханы-Найманның қызы Қоныршаға ғашық болады.

Сондай-ақ, 1842 жылы ескі қолжазбадан [кітаптан] көшіріліп, 1870 жылы В.В.Радловтың жинағында, одан кейін он шақты рет жарық көрген «Бозжігіт» дастанының да кейіпкері « Бір түнде ұйықтап түс көреді, алдында сұлу жақсы қыз көреді» де оған ғашық болады. Көптеген шығармаларда баяндалатын ғажайып түс сырттай ғашық болу мотивінің кең тараған, әдемі түрлерінің бірі деуге болады. Ғалымдардың [Е.Бертельс, Ю.Боршевский, В.М.Жирмунский т.б.] айтуы бойынша, сырттай ғашық болу мотиві, әсіресе, ғажайып түс мотиві парсы дастандарына тән. Біздің байқауымызша, ол қазақ фольклорында да жиі кездеседі. «Жаскелен», «Бозаман», «Бозжігіт» дастандарынан көп бұрын жырланған «Қыз Жібек» эпосында Төлеген Жібекті көрмей, оның ауызша сипатталған портретіне ғашық болады; Құбығұл да жарын түсінде көріп, махаббат отына өртенеді («Құбығұл» дастаны) т.б. Бұл сарын ертегілерде де кездеседі. Демек, ғажайып түс мотиві, жалпы сырттай ғашық болу мотиві қазақ фольклорына да тән екенін аңғару қиын емес [1.69].

Жалпы алғанда «ғажайып түс» мотиві көп халықтарда типологиялық тұрғыдан ұқсас. Ол түп-төркіні жағынан ертегілік болып табылғанмен, дастанда ғашықтық мәнде жұмсалады, жаңаша эстетикалық мән иеленеді.

Осы топтағы дастандарда екі жастың арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынаспен бірге басқа да тақырып, сюжеттер қарастырылып,

жырланады.

Мысалы, «Бозаман» дастанында екі сюжет қамтылған, олар: жар іздеу және ауыстырылған әйел туралы сюжет. Алғашқы бөлімде оқиға қаһармандық сипатта өрбіп, кейіпкер мақсатына жетсе, ертегілік сарынды сақтаған екінші бөлім мақсатына жеткен кейіпкердің жайын баяндайтын эпилог іспетті.

«Бозжігіт» дастанында бас кейіпкер мен оның жаң жолдасының шынайы достығы досы Бозжігіт қаза тапқанда өзін жалғыз сезініп, өмірден түңілуінен көрінеді.

Сондай-ақ дастанда бала мен ата-ананың арасындағы махаббат пен сүйіспеншілік қарым-қатынасы кең баяндалады.

Бозжігіт адал жар болумен бірге әке-шешенің махаббатына бөленген, оларды қадірлей білген мейірімді жан. Ол анасы мен әкесі казалы хабарды естігенде қатты қайғырып, күйініп, зар жылайтының алдын ала сезеді, өлер алдындағы сөзін әлпештеп өсірген ата-анасына арнайды:

Қаршыға құстай қондырған.

Қасымда сүйіп отырған,

Дидарыма тоймаған,

Жалғызым деп ойлаған,

Мұнды қалған әкеме,

Зарлы болған шешеме,

Әкем менен шешеме

Сәлем айта көріңіз!..

Қанатынан қайрылған,

Жалғзынан айырылған,

Қайғысы көп шешеме,

Сабыр қыл деп айта көр.

Кімді балам дер ол,

Кімді мен деп сүйер ол.

Біз есіне түскенде,

Жанған отқа күйер ол.

Күйгеніне кез болсаң,

Сабыр қыл деп айта көр!

Басымдағы бөрігімді

Мұнды қалған әкеме

Қолымдағы жүзікті

Зарлы болған шешеме

Көңіліне ұнай жүргейсің

Өз қолыңнан бергейсің!

Басымдағы бөрікті

Кимесе де ол ұмытпас,
Жалғыз ұлым келер деп,
Ол бізөдерді күтпесін!
Қолымдағы жүзікті
Өз қолына салғайсын,
Сәлем айтты деп жалғзын
Шеше ме сен бергейсің!
Жалғзым деп жыласа,
Көңіліне ұнай жүргейсің!

Шынайы-тарихи негізіндегі дастандарда жеке-даралық шығармашылықтың қолтанбасы айқын сезіледі. Мысалы, «Ақбөпе мен Сауытбек», «Мақпал мен Сегіз», «Сырым – Шынар» т.б. Осы іспеттес шығармалардың сюжеттік қаңқасы былайша құралады: кедей жас жігіт пен байдың қызы бірін-бірі сүйеді, бірақ қыздың тағдыры о баста әке үкімімен шешіліп қойғандықтан, қосылуға жол жоқ, сондықтан жастар туған жұртынан қашуға әрекеттенеді, бірақ ол жүзеге аспайды. Зорлықпен қызды сүймеген адамына қосады да, ол ғашығын ойлап, құсадан қайтыс болады.

Дастан оқиғасының әрі қарайғы дамуы эпикалық дәстүрден көп ауытқиды. Классикалық фольклор кейіпкерлері сүйіктісін алып кететін тұсқа дөп келіп, жауын жеңіп, қалыңдығын құтқарады. Ал аталмыш дастандарда дастан кейіпкері басқа жақта жүріп оралғанда, ғашығын күштеп әкеткені туралы біледі. Эпос кейіпкері сияқты ол да ашу-ызаға бұлығып, ізіне түседі. Алайда шығарма шешімі дастан табиғатына тән аяқталады. Мысалы, Сегіз де, Сауытбек те ғашықтарының соңынан жетіп, оларға жолығады, бірақ бұл ең соңғы және ауыр кездесу болады. Дастан кейіпкерлері қалыңмал мен әлеуметтік теңсіздік алдындағы дәрменсіздігін сезінген ой-сезімдерге беріледі.

Шығыстық сюжеттерге негізделген ғашықтық дастандарда махаббатқа шын берілген, сол жолда жадап-жүдеген кейіпкердің жаңа типі жасалады [1.302]. Бұл шығармалардың кейіпкерлері ханның немесе патшаның «тілеп алған баласы», «сұлулығын суреттеуге тіл жеткісіз» және белгілі бір өнер мен ғылым саласын меңгерген. Дастан кейіпкері бір көргеннен ғашық болады да, сол сезімін оятқан қыздың сұлулығы таңғажайып, тіл жеткісіз тұрғыда сипатталып, ол дастан кейіпкерлерінің жүрегін, ақлын, бүкіл санасын жаулап алады. Яғни сүйіспеншілік «ғашықтық дертке» айналады. Мысалы, Сейпілмәлік өзінің жай-күйін былайша сипаттайды:

Ғашық от жүректі өртеп, сөнер емес,
Көңілге ешбір ақыл келер емес.

Ай мен күн, жұмақ хорын ап келсе де
Өзге жан бұл суреттен керек емес [2].

Өзбек дастандарын зерттеген В.М Жирмунский мен Х.Т.Зарифов [3.132-133], әзірбайжан дастандарын зерттеген А.А.Дехтярь [4.83] еңбектерінде дастан кейіпкерлерінің махаббат зардабынан кешетін хал-күйінің ұқсастықтарына назар аударған.

Дастандарда махаббат, ғашықтық сезімінің дәріптелуі, оған берілген кейіпкердің (мәжнүнге айналған) бейнесі Шығыс пен Батыстың жазбаша ғашықтық поэмаларының кейіпкерімен типологиялық тұрғыдан ұқсас, соған сәйкес келетіндігін Н.И.Конрад [5.265] атап көрсетеді. Бұл айтылғандар шығыстық сюжетке құрылған дастан кейіпкерлерінің ұзақ даму жолынан өтіп, түрлі жанрлардың өзегіне еңгендігі байқалады.

Аймақтық сюжетке құрылған дастандарда да жігіт кейіпкер өз сезімін дертке, отқа ұқсатады; махаббат жолы қиын, үлкен сынақ екенін түсінеді, бірақ та алған жолынан қайтпайды, сүйгені үшін байлықтан да, тәж-тағынан да бас тартады, керек десеңіз жанын да құрбан етуге дайын. Бозжігіт жүрек сырын, ішкі сезімін жан досына былай әңгімелейді:

Кетпес дертке жолықтым,
Дәрменім жоқ, жан досым.
Қыз жолында өлсем де,
Арманым жоқ, жан досым!

Бұл кейіпкердің шығыс дастандарының кейіпкерлерінен айтарлықтай айырмашылығы бар. Өйткені кейіпкерді сомдау үшін тек шығыстық қана емес, қазақтың батырлық және лиро-эпостық шығармаларының көрнекті әдістері де пайдаланылады.

«Бозжігіт» ел арасында кең таралған, ерте замандардан бері танымал жырлардың қатарына жатады.

Соңғы уақыттарға дейін бұл дастан өзге халықтар әдебиетінен ауысқан сюжетке, яғни шығыс хикаяларының желісіне құрылған деп саналып, сол іспеттес шығармалар құрамында зерттеліп, жарияланды [6.43]. Сонымен бірге «Ел қазынасы – ескі сөз» атты еңбекте [7.346-416] бұл шығарма фольклорлық сюжетке негізделген халқымыздың төл шығармасы ретінде жүйеленіп зерттелді.

Біздің пайымдауымызша, «Бозжігіт» дастанына Дешті Қыпшақтың иен даласында өмірде нақты болған оқиғалар ізімен айтылған аңыз, әңгімелер арқау болған. Оқиғаның бір-біріне тең екі қаһарманы – Бозжігіт пен Қарашаштың мөлдір махаббаты, оның трагедиялық аяқталуы, екі жастың сезімдерінің пәктігі мен ғажайыптығы осы тарихты білген, көрген, естігендерге өте әсерлі

болғанға ұқсайды. Уақыт өте екі жастың махаббаты, оқиғаның кейбір эпизод, детальдары ұмытылса да, олардың махаббат өлеңдері, монолог, диалогтары кейінгі ұрпаққа жеткен. Сондай-ақ екі ғашықтың және олардың айналасындағы дос, дұшпандарының түрлі жағдайларда айтқан көрісу, амандасу, қоштасу, жар-жар өлеңдері мен екі жас қаза болғанда айтылған естірту, көңіл айту, жоктаулардың баға жетпес үлгілері халық жадында сақталған.

Осыларды есімі белгісіз фольклор жинаушысы, сөз өнерін бағалаушылардың бірі жинақтап айтылған күйінде, өзгертусіз, сондай-ақ болған оқиғаның мазмұнын, оған қатысқан адамдардың іс-әрекеттерін баяндайтын проза үлгісіндегі үзінділерді де жинақтап, яғни қарасөз бен өлең араласқан мәтінді кітап етіп құрастырып, XIX ғасырдың бірінші жартысында араб әрпінде жарыққа шығарған.

Бұл кітап бізде жоқ. Бірақ 1870 жылы В.В. Радловтың «Образцы народной литературы тюрских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» атты көптомдық еңбегінің үшінші томында жарияланған «Бозжігіт» дастаны 1842 жылдан бұрын баспа бетін көрген кітаптың негізінде әзірленгені анық.

В.В. Радлов жарияланған нұсқаның көлемі - 2894 жол. Алғашқы 90 жолында Аллаға мадақ, пайғамбарымыз Мұхаммедке [с.а.с]* салауат айтылады. одан кейін қарасөз берілген:

«Омбы шәріне барғанда «Бозжігіт» кітапты бірқатар көріп едім. Бұ кітап жақсы жазылған еді, жыры көп жоқ екен, сөзі мұнды екен. Жігіттің аты Бозжігіт екен, қыздың аты Қарашаш екен. Бозжігіттің досының аты белгісіз екен. Беркмін деп жазып едік. Және шәрдің аты жоқ еді. Бұл кітап жазарға бізге қиын болды. Өзіміздің көңіліміз қайғылы күнде бұл «Бозжігіт» кітапты мың сегіз жүз қырық екінші жылда жазып едік. Әуелі жазғанда қисса деп жаздық, сөзін жазып жырлап едік, шәкірттеріміз «Бозжігіт» кітапты бәрін әніменен жазылсын деген себепті бәрі сөзін әніменен жаздық. Біздің мұнды адамдардың көңілі ашылсын деп кітапты әніменен жазбаққа рұқсат бар»[8.162].

Келтірілген үзіндіден және мәтінді текстологиялық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындылар шығады: 1) нұсқаны В.В.Радлов жинағына дайындаған жыршы-ақын жоғарыда айтылғаннан бұрынырақ, яғни 1842 жылға дейін араб әрпінде басылып шыққан мәтінді, дәлірек айтқанда, ондағы өлең жолдарын кирилл әрпіне көшірген, ал қара сөзбен берілген жерлерін өлеңге айналдырған, сондықтан «сөзін жазып, жырлап едік» дейді; 2) нұсқада жігіттің де, қыздың да есімдері таза қазақи: Бозжігіт,

Қарашаш; 3) қыздың да, жігіттің де патшалығы, қаласының аты аталмайды, тек қыз өзі туралы хабар бергенде бір рет «Шәр-бұстан Рұмнан бізді іздесең, табарсың» дейді (бұстан – бақ, бақша). Бірақ бұл жерде Рұм қыз тұратын мелекеттің атауы емес, ол – поэтикалық образ, себебі шығыс әдебиеті мен фольклорында, сондай-ақ қазақ дастандарында да Сарандип, Ирамбак, мысыр, Рұм сияқты атаулар алыстағы ғажайып мекеннің символы ретінде қолданылатыны белгілі; 4) бұл мәтінді көптеген түсініксіз, орынсыз қолданылған, мағынасы көмескі сөз, сөз тіркестері кездеседі. Оның екі себебі болуы мүмкін: а) араб әрпіндегі түпнұсқаны 1842 жылы кириллицаға көшірген жыршы біраз сөздерді дұрыс түсінбеген, танымаған: ә) біраз қателер жариялаушыдан, баспадан кеткен.

1869 жылы Қазан қаласында «Бозжігіттің» тағы бір нұсқасы жарық көрді. Ол араб әрпінде басылып шықты. Бұл мәтін 1874, 1878, 1881, 1889, 1893, 1896, 1909, 1906 жылдары қайтадан еш өзгеріссіз басылып отырды. Дастанның осы басылымдары туралы А.Бобровников те, Н.Сәбитов та көрсеткіштерінде мәлімет берген [9.84]. 1869, 1874 жылғы басылымдардың кейбір беттері жыртылып тозған.

Мәтінді қарасөз бен өлең аралас. Кейіпкерлердің монологтары мен диалогтары, тұрмыс-салт өлеңдері Радлов нұсқасымен бірдей. Ал оқиғалары мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, қимылдарын баяндайтын үзінділер қарасөзбен берілген. Нұсқаның тілі – қазақша, сонымен бірге ортағасырлық түркі тілінің элементтері көп кездеседі және татар тілінің әсері айтарлықтай, ал сюжеті мен мазмұны Радлов нұсқасымен бірдей, дегенмен айырмашылықтар жоқ емес, олар: 1) мұнда қыздың аты Ханузе, әкесінің аты Таһмас. Ол Малатия шаһарының ханы. Жігіттің аты Бозжігіт. Тұратын мекені Бағдат шаһары делінеді.

Радлов нұсқасында да жігіттің аты – Бозжігіт, ал қыздың аты – Қарашаш, бірақ олардың тұрағының аты, ата-анасының есімі жайында ештеңе айтылмайды; 2) 1881 жылғы мәтінді Бозжігіттің қызды іздеп шыққан сапары кең көлемде жырланады: Бозжігіт серіктерімен меймұндар тұтқында үш жыл болады. Қашып шығып, Балхун шаһарына келеді. Қуып келген меймұндар оларды қайтадан ұстап алады.

Бозжігіттер меймұндар патшасы адам екенін көреді. Ол Бозжігітке өз орнына патша болуды ұсынады. Тақтан бас тартқан Бозжігітті аяп, оны серіктерімен зынданға салдырмайды. Олар тағы үш жыл тұтқында болып, әрең дегенде қашып құтылады.

Ал Радлов нұсқасында мұндай тәптіштеп баяндау жоқ. Бозжігіт

жолдастарымен маймұндар тұтқынынан үш жылдан соң қашып шығады делінеді. Маймұндар мемлекетінің сипаттамасы да жоқ; 3) Радлов нұсқасында Бозжігіттің жан досының аты аталмаған, 1881 жылғы нұсқада оның есімі – Каман. Радлов нұсқасы бойынша Бозжігіттің досы сатқын кемпірдің басын кеседі де итке тастайды. Яғни бұл жерде ол Бозжігіттің кегін қайтарушы, оны қорғаушы болып көрінеді. Тіпті Бозжігіттің өлер алдындағы соңғы тілегін де орындаушы сол. Ол досының әке-шешесіне келіп, ұлдарының опат болғанын естіртеді. Осымен оның рөлі шектеледі.

Ал 1881 жылғы нұсқада Бозжігіттің жан досы Каман у беруші кемпірді өлтірмейді. Оның есесіне ол Бозжігіт досының тілегі бойынша, оның қаза болғаның ата-анасына естіртеді де, өзі Алла тағадан қабірдің ашылуын тілеп, досы Бозжігіт өлген соң «өмірдің мен үшін қызығы жоқ» деп, өзің ажалға қияды. Оның бұл қылығы бізді таңдандырмайды, себебі досы үшін жанын қию дастан поэтикасына сай келеді.

Көріп отырғанымыздай, 1881 жылы баспа бетін көрген нұсқаны жинап, редакциялап баспаға әзірлеген жинаушы (жариялаушы) сюжеті қазақ өмірінен алынып жырланған шығарманы шығыс дастандарына жақындату мақсатымен мазмұны жоғарыда көрсетілген өзгерістерді енгізген. Бірақ өлең үлгілерін өзгертпеген сол күйінде қалдырған. «Бозжігіт» дастаны туралы С.Мұқанов кезінде былай жазған: «Бозжігіт» қазақ арасына әйгілі шығарма емес. Оны кез келген адам біле бермейді. Ал татар поэзиясының классигі Ғабдолла Тоқай «Медресе Ғалия» аталатын оқу орнында дәріс оқып, татарда фольклордың аздығын, әсіресе эпостың жоқтығын айтып, «Бозжігіт» – қазақ жыры» дегенде, кітаптың қағаздары татардың көз жасынан шірігенін айтқан»[10.37]

Енді шығарма сюжетінің кейбір мотив, сарындарына назар аударайық. Қазақ жырларының басым көпшілігінде кеңінен суреттелетін перзентсіздік зары, әулие, әнбиелерге жалбарынып бала сұрау, әулиелердің басына түнеу, болашақ қаһарманның анасының жерік болуы, баланың ғажайып тууы, балаға ат қою төрт тарапқа хабар беріп үлкен той жасау т.б. мотивтер мұнда кездеспейді. Дегенмен Бозжігіт ханның жалғыз екендігі бірден айтылады: «Заманнан көп замандар өтті дейді, бір ханға жалғыз ұлы бітті дейді», «Бір ұл туды патшаға, жұртқа лайық, сауын айтып той қылды елге жайып». Демек, перзентсіздік мотиві мұнда бір-екі ауыз сөзбен қайырылған.

Бозжігіт Қобыланды, Алпамыс, Қозы Көрпештердей алып, асқан батыр тұлғасында суреттелмейді, ол «Қолына Құран менен

кітап ұстап, барады молдасына бір күн қалмай» және оның «Басында алтын айдар тұлымы бар» делінеді.

Демек, Бозжігіт Аллаға жалбарынып сұрап алған, ерекше жағдайда туылған бала болмаса да, өзінің ерлігімен, алған мақсатынан қайтпайтындығымен, ажарымен, әдептілік, білімділік, инабатталағымен, басқаша айтқанда, бүкіл ішкі және сыртқы болмысымен басқалардан өзгешеленіп тұрады, «Оның жүзін көргендер таңға қалады», оның бойынан болашақ кейіпкердің, ғашықтық дастанның бас қаһарманының сипаттарын анық көруге болады. Бозжігіт – ғашық жігіттің идеалды типі.

Бозжігіт «Бір түнде ұйықтап түс көреді, алдында сұлу жақсы қыз көреді» де оған ғашық болады. Ғашықтықтан бір жыл дертті болады. Зағыпырандай сарғайып, зарланады. Содан соң қызды іздеп алыс сапарға шығады. Кейіпкер көрген киелі түс оның ұзақ, қатерлі сапарға шығуына бірден-бір себеп болады, яғни сюжеттік байланыс қызметін атқарады [9.34].

Бозжігіт қызды іздеп тауып, оған қосылу мақсатымен жолға шығады. Батырдың үйлену мақсатындағы жорықтары көне эпос пен батырлық жырларда сюжеттің үлкен бөлігін құрайтыны белгілі. Ал дәстүрлі ғашықтық эпос пен ғашықтық дастандарда бас қаһарманның ғашықтық жолмен үйлену негізгі сюжет екені белгілі. Дәстүрлі эпикалық жырларда бас кейіпкер көбіне ата-анасы баталасып, құда түсіп, айттырған жарын іздесе, романдық дастандарда жігіт өзі тапқан, өзі таңдаған, өзі сүйген қызды іздейді. Онымен қосылуды армандайды, көптеген жағдайда сол үшін құрбан болады. Талқыланып отырған шығармада екі жастың махаббаты, ыстық та нәзік, жарқын сезімдерді, бір-біріне деген адалдығы олардың әрбір қимыл-әрекеттерінен, лирикалық ғазалдарынан айқын сезіледі және сюжеттің алып тастауға болмайтын элементі ретінде қабылданады.

Екі жастың кездесуі де өте әдемі берілген. Қарашаштың нөкер қыздары жар-жар айтып, табақ-табақ гауһар шашады. Бірақ олардың қуаныштары ұзаққа бармайды. Себебі ғашықтық дастандардың даму заңдылықтарына сәйкес сатқын пайда болады. Сатқын рөлінде құл, күн, ақшаға қызыққан кемпір, қарауыл т.б. болуы мүмкін. Мұнда ханның күні бәрін көріп-естіп ханға хабарлайды. Хан ашуланып «Бозжігітті өлтірсін» деп жарлық қылады [9.35].

Бозжігіт Қозы, Төлеген сияқты сан алуан қиындықтарды жеңіп, жарымен кездескенде, оның алдынан тағы бір қиындық тап болады, ол – Қарашаштың әкесінің қаталдығы, мейірімсіздігі. Әкесі қызының таңдауына қарсы шығады. Ол қызын Зейтун деген

көршілес ханның баласына беруге уағдаласқан екен. Осы қарама-қарсылықты Бозжігіт жеңіледі. «Қозы алдында тұрған төртінші бөгет –Қарабайдың опасыздығы, Қодардың жауыздығы еді. Шөже жырында осы жауыздық Қозының түбіне жетеді», - дейді М.О.Әуезов [11.280]. Осы сөздер тура Бозжігітке байланысты айтылған сияқты. Ал Жанақ нұсқасындағы Сасан бидің Қозы Көрпешті өтірік тойға шақырып алып өлтірмек болғанын баяндайтын эпизод «Бозжігітке» сол қалпында қайталанады. Бірақ Бозжігіт те Қозыдай өзін дұшпандарына ұстатпайды. Сондықтан олар сатқын кемпірге көп ақша беріп, Бозжігітке у бергізеді. Сонда ғана әлсіреп қалған жігітті қолдарына түсіреді де, басын алу мақсатымен базарға әкеледі. Бірақ олардың қылыштары өтпейді. Бозжігіт «Кеудемді ешкім менің үзбес деймін, өз қылышым болмаса өтпес деймін»,.... «Табанымның астында алмас қылыш, алып шабың, жанымды қинамаңыз» деп, өзінің «алты бүктеп салған алмас қылышын» ұсынады. Бұл – «отқа салса жанбау, суға салса батпау» мотивінің, яғни байырғы дәуірлерде пайда болған магиялық зақым келмейтіндік мотивінің сілемі.

Эпикалық санаға тән мотивтердің тағы бірі- Бозжігіт досының сатқын кемпірді өлтіруі. Эпос шарты бойынша, зұлымдық қолма-қол жазалануға тиіс. Мәселен, «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырында қозыны өлтірген Қодарды Баянның өзі жазалайды, ал «Қыз Жібекте» Бекежан зұлымды Жібектің ағалары өлтіреді. Сансызбай Коренді Жайратады. Бұндай дәстүрлі рөл «Бозжігі» дастанында бас кейіпкердің досына жүктелген. Демек, талқыланып отырған шығармада бас кейіпкер досының мінез-құлқы мен әрекеті эпикалық заңдылықтарға және дәстүрлі этикаға сай тұлғаланған.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1991. 129-б.
2. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.4. – Астана: Фолиант,2015.-328 б.
3. Қозы Көрпеш-Баян сұлу. –Алматы: ҚазақССР Ғылым академиясының баспасы, 1957. – 140б.
4. Машанов М. «Қозы Көрпеш- Баян сұлу». ҚР Ғылым академиясы Орталық кітапханасының сирек қолжазбалар қоры.(Бума №1378).
5. Дүйсенбаев Ы. Эпос және ақындар мұрасы. –Алматы: Ғылым, 1987.
6. Әуезов М. Әдебиет тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1991. 129-б.
7. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. –Алматы: Жазушы, 1985. 301-бет.
8. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. Алматы: Мектеп, 1983
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1991.-288 б.
10. Дүйсенбаев Ы. Эпос және ақындар мұрасы. –Алматы: Ғылым, 1987.
11. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958. - 400б.

IV. ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКА, ДИСКУРС, ЛИНГВОПОЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ



ДИСКУРС, ПРОПОЗИЦИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ПРЕСУППОЗИЦИЯ

Күлзат Садирова

Филология ғылымдарының докторы, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

Синтаксистік бірліктің денотаттық мазмұнын пропозиция бейнелейді. Ол объективті, инвариантты мазмұн, ол күмән түрінде де, сұрау түрінде де, өтініш түрінде де бола алады. Мысалы, **Ол өлең шығарады. Жұрттың айтуынша, ол өлең шығарады. Ол өлең шығаратын тәрізді. Ол өлең жаза ма не? Өлең жазатындардың бәрі ақын емес.**

Пропозицияның міндетті, орталық компоненті – предикат. Предикат предикаттық лексикамен толығыды, ол лексикада белгіні білдіретін семантика болады. Бұларға негізінен, спалық сын есімдер мен етістік негізді есім сөздер, күй категориясын білдіретін сөздер жатады. «Предикат» термині пропозициялы қызметті (предикат мағынасы) мен пропозициялы форманы (айтылымды) білдіру үшін пайдаланылады.

Пропозиция құрылымында жағдаятқа қатысушылардың белгілерін таңбалайтын заттық лексемалар, яғни **актанттар** болады. Актанттар мағынасы предикат семантикасында салынған, ол предикаттың валенттілігіне байланысты анықталады. Мысалы, **қуану** предикаты екі актантқа ие: субъект пен объект: **біреу біреуге (не бір нәрсеге) қуануда;** немесе **көңілді** деген предикат бір ғана актантқа, яғни субъектіге ие: **біреу көңілді.**

Предикат пен актанттар пропозицияның яросын түзеді. Бұл – пропозицияның міндетті компоненттері. Ядродан тыс пропозиция шетінде **сирконстанттар** болады. **Сирконстанттар** дегеніміз – мағынасы предикатпен анықталмайтын, бірақ жағдаятта болу мүмкіндігіне ие компоненттер: уақыт, мекен, себеп, мақсат, шарт т.с.с. **Кеш сайын ол кесте тігеді** деген сөйлемде мезгіл предикаттың мағынасымен болжана алмайды. **Сізсіз маған көңілсіз** деген сөйлемдегі **көңілсіз** предикаты көңілсіздіктің шартын болжауға алдын-ала мүмкіндік бере алмайды.

Пропозиция терминінің лингвистикалық зерттеулердегі қолданысы әр түрлі сипатқа ие. Кейбір зерттеулерде аталған термин *сөйлем* түсінігімен сай түссе, енді біреулерінде ол семантикалық қырынан қарастырылады. Мысалы, бұл туралы профессор Б.Х.Хасанов мынадай мәлімет келтірген: «Пропозиция (лат.*propositio*) – көне. Сөйлем (сөйлеуде белгіленген жағдай)» [1, 37]. Қ.Есенованың анықтауынша, *пропозиция* сөйлемнің және одан түзілетін өзге де конструкциялардың модальдық және коммуникативтік парадигмасындағы барлық мүшелеріне ортақ семантикалық инвариант (негіз) болып табылады немесе сөйлемдегі *тұрақты семантикалық өзек* [2,135].

Пропозиция жағдайдың өзін тікелей бейнелемейді, оның менталды бейнесін білдіреді, ол әлем туралы білім, желілік, тұжырымдамалық жағдай жүйесіндегі дәрежесін иеленеді. Осылайша пропозиция қарапайым жағдайға сәйкестенеді. Ал ол жағдайлар көркемдік әлемді түзеді, оның уәждері жиынтығының көріну құралы болып табылады. Ол туындыда және оқырман санасында түрліше деңгейде өзектелінеді. Уәждік құрылымын анықтауға арналған талдауда пропозицияның дәстүрлі құрылымы негізге алынған, яғни предикат және оның аргументтері - актанттар мен сирконстант. Актант сапасындағы бірліктерді субъект және объект деген екі топқа топтастырып, оның біріншісінің құрамына агенс пен пациенс енгізіледі, басқаша айтқанда, предикативтік белгі таңылатын субстанция ұғынылады. А.Е.Кибрик пропозицияны синтаксистік деңгейде қалыптасатын сөйлемнің өзегі, ұрығы деп, ал предикатты баяндауыштың прототипі, предикат актанттары – бастауыш пен толықтауыштың прототипі, сирконстанттарды пысықтауыштың прототипі деп таниды. Сондай-ақ пропозиция аргументтері термамен (зат есімдер прототипі), предикатпен (бағыныңқы сөйлем прототипі) беріле алатынын атаған [3, 200]. Айтылым семантикасы өте күрделі. Жоғарыда айтылғандай, ол сөйлеушінің басты назарындағы тілден тыс жағдаятты сипаттап қана қоймайды, референциалды, дейктикалық, коммуникативтік компоненттер туралы ақпаратты да білдіреді. Бұл компоненттердің қызметі айтылым құрылымына таңдалған лексикалық материалдарға да байланысты. Өйткені, ғылыми зерттеулерде көрсетіліп жүргендей, лексемалардың жапсарласуы – бұл тек қарапайым мәндік элементтердің ғана жапсарласуы емес, өзара тығыз байланыстағы күрделі құрылымдар арасындағы тоғысу [3, 217]. Айтылымның предикаттық-аргументтік тірегі оның ең қажетті құрылымы болса, оның мәннің басқа да компоненттермен толығыуы түрліше жолмен беріле алады. Мысалы, *Кербұғы бүгін де су ішкен жоқ*

деген сөйлемде Кербұғыдан басқа екі актант бар: *бүгін де, су*. Осы мән *бүгін де су ішпеген Кербұғы* дегенмен де беріле алады, екеуінде де хабар Кербұғының су ішпегендігі туралы болып тұр [4].

Пропозицияның көп пропозициялы дискурс құрылымына негіз болатындығы мен дискурста көрініс табуын пресуппозициямен сабақтастырыла қарастырғанда айқындауға болады. Дискурстағы сөйлеу әрекетінде тілдік құрылымға негіз болатын *пропозиция* болса, оның дұрыс қабылдануына негіз болатын – *пресуппозиция*. Дискурсқа қатысты алғанда пресуппозиция *мәтін мен мәнмәтін моделімен* тоғысады. Олай деуімізге себеп *дискурс – коммуникативтік орта мен шынайы өмір үзігімен қоса алынған нақты уақыттағы сөз актілерінің тізбегі*. Шексіздік сипатта орындалатын дискурста әр сөз актісін үш элемент – *сөйлеуші, адресат, мәтін* – құрайды. Сөз актісін бастаушының дәл, оны қабылдап жауап берушінің де ортақ тақырыптағы білімдері сай келген жағдайда ғана коммуникация сәтті орындалып, пропозициялар арқылы жеткізілген *дискурс* мәні ұғынылады. Сонымен қабат дискурс мәнінің дұрыс қабылдануына, түсінілуіне *мәнмәтін моделі* (коммуниканттардың жеке білімдері, жынысы, жасы, әлеуметтік-тұрмыстық деңгейлері, тәрбиесі т.с.с.), бұрыннан бар не жаңа оқиғаға ұқсас *жағдаяттық модель* әсер етеді. Ғылыми зерттеулерде *пресуппозицияны* сөйленімде берілетін ақпаратқа негіз, алғышарт болатын болмыс үзіктері, фрагменттері деп, оны *ықтимал, болжанатын пропозициялар* деп атауы да осымен байланысты деп есептеймін.

Пресуппозиция терминінің қазақ тіл білімінде анықталуы З.Ш.Ерназарова, Қ.Есенова, К.К.Еңсебаева зерттеулерінде кездеседі. Оның мазмұнына келсек, *сөйлесім мазмұнын анықтайтын шарттар* [5, 51], *бір сөзбен білдіріле алмайтын, мәліметті қабылдаушының санасында болатын барлық мәліметтерді және одан тыс жатқан, алайда оларды дұрыс және жеткілікті түрде түсінуге кепілдік беретін мәтіннің мағыналық компоненті* [6, 44], *адресант пенадресаттың ортақ білімдер жүйесі* [6, 134] *пресуппозиция* деп аталады.

Н.Уәлидің докторлық диссертациясының авторефератымен танысу барысында оның кейбір ойларының дискурсқа да, ойдағы ақпаратты алғашқы қаттау құралы пропозицияға да тікелей қатыстылығын атауға болады:

1) дискурс дегенді автор тек мәтін деп қана түсінбейді, ол: «...сөздің коммуникативтік сапасын бағалауда, әдеттегі мәтінмен шектелмей, адресат факторы назарда болуға тиіс. Коммуникативтік «уақиға» фреймі «автор», «сөз актісі» - «адресат» және «сөз жағдаяты»

(сөздің қандай ситуацияда айтылғаны) деген құрылымдардан тұрады. Осымен байланысты тараушалар әдеттегідей «көркем шығарма тілі» я болмаса «көркем шығарма стилі және сөз мәдениеті»... делінбей, «Көркем дискурс және сөз мәдениеті» ... деп аталды» [7, 28]- деген тұжырымынан айқын көрініс табады. Яғни, ғалымның дискурс деп отырғаны құрушысы мен қабылдаушысын және сөйлеу әрекетінің жүзеге асу жағдаятының біртұтастығы. Бұл пікір біз сөз еткен өзге ғалымдар пікірімен ұштасып жатыр, олар да дискурсты мәтін мен коммуникация біртұтастығы сапасында таныса, өзгелерден Н.Уәлидің ерекшелігі оның мәтін деген сөздің орнына сөз әктісі терминін қолдануы. Бұл бір жағынан ұтымдырақ та болуы мүмкін. Өйткені мәтін қолданысқа түскенде ол тек сөз әктісіне айналады, ал оған дискурс қана мүмкіндік береді. Және бір көңіл аударатын тұс – дискурстың диалогтік сипатқа ие болатындығының, яғни адресат позициясына басымдылық берілетіндігінің, сөздің әсері, ықпалы, стильдік эффектілерінің «орны» оқырманның (адресаттың) сана-сезімінде екенінің негізге алынуы.

2) Н.Уәлидің бір сөйлемге мүмкіндігінше мол ақпарат сыйғызуға тырысушылық ісқағаз тілінің нормасына тән сипат, сондықтан сөйлем әдеттегіден аса күрделі болуы мүмкін.... іс қағаз стилінің синтаксистік нормасы тиісті ақпаратты барынша күрделі бір құрылымға жинақтауға тырысады. Нормамен байланысты бұл ерекшелікті синтаксистік жинақтау тәсілі деп аталады [7, 37] деген ойлары, біздіңше, дискурстың көп пропозициялы сипатының ісқағаз дискурсына тәндігіне де уәж бола алады. Синтаксистік жинақтау тәсілі үстірт құрылымда жай сөйлемнің құрылымымен беріледі де, ал осы сөйлемнің астырт құрылымындағы өзегі, пропозициясы бірнешеу, басқаша айтқанда, алғашқы қатталатын ақпарат біреуден көп. Оны аталған автордың келтірген мысал талдауынан көруге болады: *Қаладағы ұзындығы 50 км ескірген суқұбырды ауыстыру жұмыстарына кеткен шығынға байланысты су бағасының тарифін 20%-ға көтеруге мәжбүр болып отырмыз.* Функционалдық стильдердің басқа түрлерінде мұндай күрделі құрылымдағы тиісті ақпаратты күрделі емес бірнеше сөйлеммен беруге болады: *Қалада су құбыры ескіріп кетті. Оның 50 км жуығын ауыстыру керек. Бұл жұмысқа едәуір қаржы қажет. Оны қайдан аламыз? Сондықтан судың бағасын 20 пайызға амалсыз көтеріп отырмыз.* Бұл талдаудың соңғы ақпаратты жаймалап берген бөлігі алғашқы күрделі мазмұндағы жай сөйлеммен келген құрылымның пропозициясы. Пропозициялы ақпараттар үстірт құрылымда бәріне ортақ бір құрылымға енгізіліп тұр, екінші жағдайда әр пропозициялы ақпарат жекелеген

құрылымдарда келген. Біздің байқауымызша, пропозицияның үстірт құрылымдағы көрінісі оның астырт құрылымдағы сипатымен саймасай түсетін де кездері болады. Оны қазақ тілін толық меңгермеген немесе қазақ сөзінің мағынасын жете білмейтін, түсінбейтін студенттік топтарда сабақ дискурсында анықталған жайттармен дәйектеуге болады. Таратып айтар болсақ, оқытушы тарапынан студенттерге тіркестер мағынасына сүйене отырып бір сөзбен сәйкес келетін сөз таңдау, атау міндеттелген. Оқытушының «Адамды жинап алып ақыл айтатын кісі бойындағы қасиет» деген тіркесіне бір студент *ақсақал* деген жауап береді. Оқытушы ақсақал деген қасиет емес, ол жас мөлшерімен анықталатын ұғымға жатады десе де, білім алушы жоқ, ол шал деген сөзбен берілмей ме, ақсақал деген қасиет, ол қасиет болмаса демек, ол шал деген уәж қайтарады. Біздің сөз етіп отырған бұл жайттағы қажеттісі мынау: студент ойында жасы ұлғайған, өмір көрген, өзгелерге айтары бар адамда ақылдылық қасиет болады да, оны ақсақал дейді, ешкімге айтар ақыл-парасаты жоқ адам ақыл беру қасиетіне ие емес, ол тек шал дегенді түсіндіре алмағандықтан (сөздік қоры да, қазақы сөйлем құру құрылымы да автоматтанбағандықтан), ақсақал сөзі қасиет атауы деп тұр. Осы жердегі жоғарыда біздің тарапымыздан таратылған ақпараттың алғашқы қатталуы, яғни пропозициясы *ақсақал* астырт құрылымға да, үстірт құрылымға да ортақ сипатта бір сөзбен *ақсақал* сөзімен беріліп тұр. Астырт құрылымдағы пропозицияның үстірт құрылымда да бір сөзбен, бір сипатта көрінуі мүмкін дей отырып, біз оны мынадай себептерден болар деп тұжырым жасаймыз:

- 1) кездейсоқ, бірақ әлі пісіп жетілмеген ой туған сәтте,
- 2) тілдік құрылым қалыптаспаған және автоматтанбаған сәтте.

Пропозицияның, ақпараттың алғашқы қатталу бірлігі қалыптасып, оны әрі қарай үстірт құрылымға жеткізетін аралық үдерістердің толық орындалмай, басқаша айтқанда, үстірт құрылымды автоматты дайындайтын қабілеті жоқ не төмендеген кезде пропозицияның сол күйінде тууы көрініс табады.

Н.Уәли аталған зерттеуінде 3) фреймді денотаттық ситуациямен байланыстырады. М.Минскийдің ізімен стереотипті ситуацияның ойбейнесі деп атай отырып, денотаттық стереотипті жағдай ұжымның когнитивтік санасында фреймдік форматқа түсіп құрылымға айнала алады (*ашішектей созылды*), не фреймдік құрылымға айнала алмайды (*жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай. Себебі, жаңбыр қанша жауса да қазақ даласында саңырауқұлақ қаптап кетпейді, яғни ақиқат өмірде ондай стереотипті ситуация жоқ, денотаты болмағандықтан,*

ұлттық санада фреймдік құрылымы да жоқ.).. деп орынды бағалайды.

4) Тілдік тұлғаны анықтауда мынадай пікір білдіреді: «Тілдік тұлға тек тілдің ғана субъектісі емес, адресант және адресат ретінде сөздің де субъектісі» [7, 16]. Тілді тұтынушыда лингвистикалық күзирет, коммуникативтік күзирет, сондай-ақ мәдени-тілдік күзирет болады. Ол тілдік-мәдени күзиретті былай анықтаған: - тілдік тұлғаның сөйлеу (жазу) мен айтылған (жазылған) сөзді қабылдау кезінде тиісті мәдени семантиканы, мәнділікті қоса меңгеруі [7,17]. Ғалымның *мәдени семантиканы, мәнділікті қоса меңгеруі* деген тіркесінен біз сөзді дискурс ретінде тану және оның экстралингвистикалық фактормен бірге алынуын аңғарамыз.

Л.О.Чернейко дискурс терминін түсіндіре отырып, оған мынадай анықтама береді, өз сөзімен келтірсек: «дискурс – это язык мировоззрения: субъект речевой деятельности через присвоенный им общий код (язык) оречевляет направляемое «присвоенной» им идеологией свое видение и понимание интенционального явления (объекта) в границах принятой в данной культуре его символизации» [8, 41].

Дискурсқа қатысты алғанда пропозиция бар жерде оған қатысты пресуппозиция болатындығын атауға болады. Олар өзара тығыз байланыста, бірақ соған қарамастан, мынадай айырмашылықтары аңғарылады:

1. *Пропозиция* - мәтінге дейін түзілетін, сонан соң грамматикалық конструкцияға бекітілетін құрылым, тілдік бірлік құрылымының негізіндегі семантикалық өзек. *Пресуппозиция* – пропозиция мәнін ұғу нәтижесінде мәтіннен кейін пайда болатын семантикалық байланыстың ерекше түрі, семантикалық компонент.

2. Пропозиция өзінің негізінде сыртқы жағдаяттарға сай пайда болатын пресуппозициялардың мағыналық компоненті болып еніп отырады.

3. Пропозиция мен пресуппозиция - дискурстың шексіздік сипатына сай бір-біріне айнала алатын хабар бірліктері. Пропозиция – бейвербалды пресуппозиция.

Осы айтылған ерекшеліктерді мысалмен дәйектейік: *Кербұғы бүгін де су ішкен жоқ* деген дискурстың қарапайым бірлігінің (жай сөйлемнің) негізіндегі пропозициялар не пропозициялы ақпарат бекітілген құрылымдар: 1) *Кербұғы ішкен жоқ* 2) *бүгін де ішкен жоқ* 3) *су ішкен жоқ*.

Пресуппозициялары:

1.1. Кербұғыдан басқалары ішкен.

1.2. Кербұғының ішкісі келмеген.

2.1. Кеше де ішпеген.

3.1. Оның ішетіні су емес.

3. 2. Сүт не басқа сұйықтық ішкен.

Келтіріліп отырған пропозицияның предикаты (*ішкен жоқ*) түзілген пресуппозициялар мағыналары құрамына еніп отыр (*ішкен, ішкісі келмеген, ішпеген, ішетіні*). Пресуппозицияның түзілуіне дискурс негізіндегі пропозициялар өзек болады және коммуниканттардың әрқайсысына тән когнитивтік құрылымдар мен білім түрлері ықпал етеді [4].

Әдебиеттер

1 Хасанұлы Б.Х. «Қазақ тілі» тұжырымы: мемлекет, қоғам, қалам қайраткерлері санасындағы көрінісі // Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. ҚазМемҚызПИ, 2008. –т. I - Алматы - 920 б.

2 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Алматы, 2007. – 432 б.

3 Кибрик А.Е. Очерки по общим и прикладным вопросам языкознания. - М.: Изд-во МГУ, 1992. -336 с.

4 Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. Ақтөбе, 2009. 418 б.

5 Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 215 б.

6 Еңсебаева К. Мәтін және оны қабылдаудың теориялық мәселелері // Тілтаным. -№ 1- Алматы, 2006. – 42-46-бб.

7 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филолог. ғылым. докт. ... автореф.- Алматы, 2007.- 49 б.

8 Чернейко Л.О. Базовые понятия когнитивной лингвистики в их взаимосвязи // Текст и дискурс. Konqro4@phild.msu.ru

МИФТІК ТАНЫМНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ТІЛДІК ТІНДЕРІ

Гүлжан Шоқым

Филология ғылымдарының докторы, профессор

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,

Ақтөбе қ.

Ғаламды тану тәсілі мен оның біртұтас танымдық үлгісі тілдің қолданылуы ғана емес, оның терең құрылымдарынан бастау алады.

Адамның дүниетанымы дамып, тереңдеген сайын ақиқат деген не, оны жалғаннан немесе қателесуден қалай айыруға болады, ар, намыс,

борыш, жауапкершілік, әділеттік пен әділетсіздік, зұлымдық пен қайырымдылық дегеніміз не деген сияқты әлеуметтік мәнді мәселелер де қалыптаса бастайды. Бұл мәселелерді шешу үшін олар жайында дұрыс ұғым, дүниенің өзгерісі мен дамуы туралы кең көлемді көзқарас (ой-пікір) керек. Дүниеге көзқарас – адамзат санасының, дүниетанымының қажетті бөлігі. Әрине, әрбір адамның нақты тұжырымдама мен ой-пікірлерге келуінің бір ортақ жолы болды. Ол мифологиядан дінге, одан философияға өту жолы.

Әйел – еркек жұптық қарама-қарсылығы – адамзат мәдениетінің түп негізі. Ендеше, мәдени-рухани әлемнің ең байырғы үлгісі ретіндегі мифтік сананы, тілімізде сақталып қалған мифтік танымның көріністерін зерделеу барысында мифологиялық ғалам үлгісіндегі әйел мен еркектің орнын анықтау, сол арқылы әлеуметтік өмірдің гендерлік тіндерінің бастауларын саралаудың мәні зор.

Мифтік дүниетанымының мазмұндық-формальқ негізін құрайтын, мифологиялық жүйеге тұтастық сипат беретін онтологиялық бастау – мифтің қалыптасуындағы *аталық* және *аналық негіз*. Мифологиялық дәстүрлердің басым көпшілігінде *Ұлы Баба* немесе *Құдай-Ана* – ("*Тәңірлердің Ұлы Анасы*", "*Табиғаттың Ұлы Анасы*", "*Түп Ана*", "*Ұлы Құдай-Ана*", "*Ана-Құдай*" деп те атала береді) ең басты әйел (ұрғашы) сипатты тәңіриенің гендерлектісі. Ол табиғаттағы ұрғашылық жасампаздық бастауды білдіреді.

Ана-Құдайларға табынуды көрсететін ең ежелгі гендерлектілі жәдігерлер ретінде жоғарғы палеолиттік (ориньяк кезеңі, 30-19 – мың жыл) "*Венераларды*" айтуға болады. Жұмсақ тастан және пілдің азу тістерінен жасалған әйел мүсіндерінің жыныстық белгілері айрықша бейнеленген. Палеолит әйелдерінің ("*Венераларының*") 150-ден астам мүсіндері дүние жүзінің әр елдерінен Австралиядан, Чехиядан, Ресейден табылған [1, 74-75]. Осы үлгідегі әйел кескіндемелері неолиттік, энеолиттік тұрақтарда да кездескен.

Түпкі қазақтардың мифологиясында *Ұлы Баба*, содан кейін жасампаз *Ұлы Әке (Тан>Тәңір)* мен *Ұлы Ана (Тан>Тана)* гендерлектілерінің болғаны анық. Осы салада іргелі еңбектер жазған зерттеуші С. Қондыбай: "*Ұлы Баба*" бейнесінің кейбір есім нұсқаларын қалыптастыруға ұйытқы болған атаулардың бірі – "әже", яғни "белгілі бір әулеттің әйелдерінің ішіндегі ең үлкені", "әкесінің шешесі" дегенді білдіретін ұғым. Қазақта "әже" сөзінің басқа бір фонетикалық нұсқасы деуге болатын "ажа" деген сөз де бар ("*әй дейтін ажа, қой дейтін қожжа жоқ*"), соңғысының мағынасы "белгілі бір әулеттің, ауылдың, рудың беделді басшысы" дегенге саяды" [2, 24]. Әйелдің, ананың үлкеніне қатысты гендерлектілер:

- "Ажа", "әже", "ажын" (абысын-ажын), "ашына" сөздері.

- Мадияр тілі мен мифіндегі христиандық құдайды дүниеге келтіруші ана (богородица) да ежелгі түркілік атауды сақтаған, ол *boldog-asszony* делінеді, яғни атау "бақыт (байлық) анасы" дегенді білдіреді, мұндағы "асзони" ("ажони") мен қазақша "ажын" – бір сөз, екеуі де "отбасындағы, рудағы ең үлкен әйел" дегенді білдіреді.

- Алтай тіліндегі "едже" (ейе) сөзі "үлкен ана" дегенді білдіреді.

- Моңғол тілдеріндегі "эхе", "аджи", "эджи" сөздері; моңғол тілді халықтар мифологиясында "Эхе-нур-хатун", "Эхе-Бурхан", "Эмегельджи-аджи", "Улгэн-эхе", "Эл-Галахан-Эхе", "Галэхе", "От эхе", "Од эхе", "Ут эхе" деген есімдердегі "ухе", "эджи" сөздері мен қазақша "әже" сөзі біртекті және бір мағынаға ие.

- Моңғол тіліндегі "охин" (окон, ухин) сөзі де әйелге қатысты "ару қыз", "бойжеткен" дегенді білдіреді.

"Еже" сөзі "ілкі уақыт", "уақыттың бастауы" дегенді білдіреді: "ежелгі" (еже-іл, еже-ілі – древний, изначальный; еже йыл – древний, изначальный год), "ежелден", "ежеқабыл", "ереже"; бұл мағына "еже/әже" сөзімен туыс (бұл жерде "әже" – "үлкен, жасы үлкен әйел" мағынасы "үлкен", "жасы үлкен", "кәрі" уақыты жағынан бұрынырақ", "баяғы уақыт", "ежелгі" деген мағына тізбегін туғызған).

- "Аналардың үлкені" деген мағына берген "ажа/еже" немесе "ажын/ежен" сөздері "үлкендік" мағынаны жалғастырып, "ғалам, дүние" деген ұғымды да туғызған: М. Қашғари сөздігінде "ажұн" (дүние) сөзі осындай жолмен пайда болған [2, 26].

"Еже" сөзі "ұлы бабалық" есімдер болып табылатын "ергежейлі" (ерг-еже-й-лі), "ұрғашы" (уруғ-ашы), "нағашы" (наға-ашы), "айдаһар /аждаһа / ажи / дахака", "эхидна", "ахи-будхня", "қалаш" (қал-ашы) т.б. сөздерде бар.

Міне, қазақ (түркі) тіліндегі "ажа", "еже" сөздері бір мезгілде "ана", "ерте заман", "дүние" деген үш мағынаға ие болып тұр. Өздерін жылан-анадан, жылан текті Бастапқы Әжеден бастау ежелгі дравид-дей-түркі өркениетінің негізгі антропологиялық гендерлектісі болған. С. Қондыбай – қазақ реалды мифологиясында Ұлы Бабаның нақты сипаты сақталған бейнесі жоқ, көне түркілік мифтік дәстүрде тек Тәңірдің қосағы ретінде қарастырылған Ұмайдың (Май-ененің) ғана есімін атауға болады", – дейді [2, 7-9].

Тәңір ұғымын, оның жаратушылық рөлін, Ұмай бейнесін ғалымдар түрліше сараптайды. Тәңір туралы сенім мен түсініктерді тиянақты зерттеген Ш. Уәлиханов қазақтарда "тәңірі"-*"аспан"* дегенді, ал "көк тәңірі" – *"көк аспан"* деген сөздерді білдіреді дейді [3, 50-51].

Атап айту керек, "тенгри" ұғымын б.д.д. III ғасырда ғұндар кең пайдаланған (тарихи деректер бойынша ғұндар қазіргі Қазақстан, Орта Азия мен Шығыс Түркістанда біздің заманымыздан бұрынғы ғасырларда жасаған түркі тілдес тайпалардың арғы тегі болып табылады). "Тәңірі" немесе "тенгри" ұғымының алғашқы қолданымдары шумерлерде "дингур", қытайларда "тянь" ұғымдары аспан дегенді білдірген, бірақ бұл жай ғана аспан емес, аспанның рух-иесі есебінде тіршілік ететін және көрінетін жері. Сол сияқты "тәңір" алтай тілінде *тенгри*, *тенгери*; шор тілінде *тегри*; хакастарда *тигур*; туваларда *дээр*; чуваштарда *тура*; якуттарда *тангара*; буряттарда *тэнгэри*, *тэнгри* түрінде кездеседі [4, 523].

Көне түркі жазба ескеркіштерінде түріктердің барлық жеңістері Көк Тәңірімен байланыстырылған. Оның рақымымен елді билеген қағандар "Аспанда туған және Күнмен, Аймен безендірілген". Орхон жазуларында: "Аспан менің әкем Елтеріс қаған мен менің шешем Елбілге қатына өзiнiң биiк заңғар биiгiнен билiк етiп, оларды халықтан жоғары көтердi" деп келтірілген [5, 37].

"Түріктер IX ғасырда өздерінің дүниетанымын "ікі jylytz" (екі негіз) деп атапты. "Екі негіз" ұғымы – байырғы түріктердің әлемді түсіну философиясы. Көне түріктер пайымында әлем аталық пен аналықтан тұрады. Аталықтың көктегі символы – күн, аналықтікі – ай, жердегі аталықтың символы – тау, аналықтың символы – су. Бұлардың үстіне "Тәңір" жаратушы күш біреу ғана, ол ұлы Тәңір деп түсінген.

Бұндай дүниетанымды зерттеушілер "аңыз" (миф) ретінде қабылдайды. Бұл жүйе қытай нұсқаларында ашина, ашидэ деп белгіленген. Байырғы қытай философиясындағы "инь" мен "ян" ұғымына ұқсас. Еуропа түсінігінде дуализмге келеді. Еуропа философиясы бойынша болмыс немесе құбылыс, зат қарама-қайшы бір-біріне бағынбайтын тең құқықты екі нәрседен тұрады және олар өзара бәсекелестікте, бірін-бірі жоққа шығару арқылы дамиды. Ал шығыс халықтарында соның ішінде байырғы түріктер дүниетанымында жоғарыдағы екі ұғым бір-біріне сүйеу, демеу болып, бірін-бірі толықтырады" – дейді М. Жолдасбеков [6, 27-28].

Сонымен аспанға көз жіберген ежелгі түрік осы өмірге өзінің дүниетанымын кеңістік тұрғысынан қалыптастырған. Ол тік кеңістіктің үстіңгі бөлігін Тәңірі әлеміне (Аспан) және өзінің орталық әлеміне, Жер мен Суға бөлді, осылардың бәрінің жиынтығын тіршілік ету көзі деп қарады. Тәңір (Аспан-Әке) мен Жер-Судың (Ана) арасындағы байланыс ер адам мен әйелдің арасындағы байланысқа ұқсастырып қаралды, өйткені өсіргеннің өнімді болуы, астықтың бітік шығуы және баққан малдың көп өсім беруі сол жердің (Жер-Ананың)

өнімділігінде, соның берекеттілігінде еді. С. Қасқабасовтың пікірі де осыны дәлелдей түседі: "Көне замандағы, түркі қағанаты дәуіріндегі аспанды еркек, жерді әйел деп түсінетін мифтік ұғым қазақтың мифі мен діни нанымдарына ғана сақталып қоймаған. Ол ұлтымыздың көркем фольклоры мен классикалық әдебиетінде поэзиялық символға, көркем әдіске, метафораға айналған" [8, 90]. Оған Абайдың "*Жазғытұрым*" өлеңіндегі мына жолдарды мысалға келтіреді.

Безендірген жер жүзін тәңірім шебер
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіңе аспан төгер.

Күн - күйеу, жер - қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.

Күн күйеуін жер көкsep ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай.
Көңлі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып түрленер тоты құстай (Абай).

Әйел текті мифтік гендерлект *Ұмай* жөнінде көп айтылып та, жазылып та жүр. *Ұмай* – дейтүркілік мифологиядағы Ұлы-Ана есімдерінің бірі. "Ұмай" есіміндегі көне форма – "ум"<йум"<"нум"/"ңғум" оның шумерлік "*Намму*" мен самодилік "*Нум*" сияқты ұлы аналық есімдермен бір тектес деген дәлелдер бар [2, 17].

Ежелгі түріктер Ұмайды өте сұлу және қайырымды, күліп-ойнайтын, күміс шашымен аспанды жарқыратқан, күн сәулесімен кемпірқосақ шомылған, қолында балаларды қорғайтын алтын садағы бар жас келіншек әйтпесе қыз ретінде таныған. Ол атамекенді, жанұяны балаларды қорғап, үлкенге де кішіге де қамқор болып, адамның ұрпақ жаюына, тайпалардың күшеюіне көмектеседі деп табынған. Жамбыл облысындағы Билікөзден Құдырғы тасына ұқсаған тас қабырғаның қалдығы табылды. Сол таста Тәңір мен Ұмайға түрік әскерлерінің сиыну сәті бейнеленген, онда Ұмай үш мүйізді бас киім киген. Сол кезден бастап патша әйелдерді Ұмаймен салыстыру кең тарады: *Ұмайтег огим хатун (менің анам Ұмай сынды)* – дейді ежелгі қазақ дүниетанымын зерттеген философ М. Орынбеков [8, 153-155].

Кейінгі қазақ, қырғыз тілдерінде *Ұмай* есімі "*Май-ене*" түрінде сақталған. Ол жас босанатын келіншектердің, жалпы әйелдер мен жас нәрестелердің қамқоршысы болып есептелген. Ал жас келіннің ата-енесінің үйіне кіргенде "*отқа май салуы*" – бұрыннан да, қазірде

де белгілі салт-дәстүр. Оны "Ұмай анаға", яғни әйелдердің өз иесіне арнап салған. Бұл жас келіннің сол үйдің отының қасына келгендігін білдіруі, сол оттың басындағылардың бірі болатындығын көрсету болған. Мәселен, хакас тілінде Ұмайды "*Ымай идже*" деп атайды. Мұндағы "*ымай*" сөзі "*жан*" ("*жандық күш*") деген мағынаны білдіреді. "*Ымай идже*" мен "*От идже*" апалы-сіңлілі болып есептеледі. Ал сағайлықтар Ұмайды "*Улуг ах ине*" ("*Ұлы ақ ене*") десе, якут тілінде "жану" ("воспламениться") сөзі "умай", "умайан" деп аталады [9, 93-94]. Сонымен қатар Ұмай үй шаруасының да (әйел қолөнерінің де) қамқоршысы болып есептелген. Тіліміздегі "*Менің қолым емес, Бибатпаның (Бибі Фатиманың) қолы*" тұрақты гендерлектісі бір кезеңдері "*Менің қолым емес, Май-ененің қолы*" деп қолданылған.

"*Ұмай*" сөзіне байланысты Қ. Жұбанов былай деді: "Мусульманская религия не оставила место чистому виду культа Умай у казахов. Но зато процедура почитания Умай сохранилась в довольно чистом виде. Во время родов женщины бросают в огонь масло или сало, обращаясь при этом к какому-то забытому божеством со словами: "*От ана! Май-ана! Жарылқа!*" Они не знают такого божества. Но ее имя произносится казахами иначе, чем в Сибири, как май без изначального гласного у. Название покровительницы матерей-кормилиц могло стать и названием матери женщины и названием материнских ее органов..." [10, 418-419].

Жалпы алғанда, зерттеулердің көпшілігінде Ұмайдың "*Аспан-әке – Жер-ана*" қосағындағы Тәңірге "жұбай" болып шығуын нақты түркі дәуірімен (II-V ғ.ғ.) сабақтастырады. Олай болса, Орхон-енісей және одан кейінгі ғасырлардағы жазба мәтіндерде сақталған Тәңір мен Ұмайға байланысты мифтік бейнелер нақты тарихи уақыт бөлігінде қалыптасқан түсініктер деуге болады.

Фольклорлық материалда Ұлы Баба тек адам (әйел, ұрғашы) кейпінде ғана емес, жануар не құбыжық кейпінде көріне алады. Оның "*жыландық, айдаһарлық, құстық* (қарақұс, алып қара құс, самұрық, шыңырау құс, қарақара, тырна, аққу, дегелек, төлекұс, бүркіт т.б.), *жануарлық* (бұғы, киік, марал, елік, бөкен, сиыр, бие т.б.), *жыртқыштық* (аю, қасқыр, ит т.б.) бейнелері бар. Ұлы Бабалардың өзі бейнелік дамудың әр түрлі кейіптену сатыларынан өткен.

Еректерік, әйелдік ұғымдары аталық-аналық бастаудың жұптық қатынастарын өз бойына жинақтаған. Жыныстық ерекшеліктер негізінде әлеуметтік ортаның тарихи даму барысында мәдени-әлеуметтік талаптар, ұйғарымдар, мінез-құлық, іс-әрекет, жүріс-тұрыстағы белгілі жұптық қасиеттер қалыптасады. Мәселен, "ер

адам" ұғымы руханилық, белсенділік, күштілік, мәденилік, ұтымдылық, толыққандылық ұғымдарымен теңдестіріледі, ал "әйел" ұғымы заттық, табиғилық, әрекетсіздік, әлсіздік, сезімталдық, маңызсыздық түсініктерімен сабақтастырылады. Ежелгі мифологиялық шығармаларда ай, жер, су – әйел дегеннің бастауы болса, от, күн, жылу ұғымдарының астары – ер адам. Сөйтіп, еркек – әлеуметтік қозғаушы күш, әйел – табиғат жаратылысы деп тану үстемдік алған .

Кұндылық, нұсқамалар қатарында "ер адамдық" ("мужское) деген сөз жүрген жерде жағымды (позитивті), мәнді, басым мәнінде түсініледі, ал "әйелдік" ("женское") деген жағымсыз (негативті), екінші (реттік) және бағынышты мәнінде ұғынылады.

Дж. Лакофф: "Когнитивтік тіл білімінің дамуы тілдік таңбаның "адамилығын" сезінуге негіз болды", – дей отырып, – тілде адамның бірқатар қағидаларға негізделген категориалды ойлау әрекеті бейнеленетінін анықтады. Ол: "...дүниенің идеалды үлгісі болады (оның қатарына аңыздар, (мифтер) мен түрлі наным-сенімдер енеді). Бұл үлгілер категориалды тізбектегі байланысты орнатады. Сондықтан миф пен наным-сенім қағидалары категориялауда маңызды болып саналады", – дейді [11, 147] .

Категориялау адамның жеке тәжірибесіне негізделеді. Соған сәйкес таным категориясы табиғи болмыстан яғни "жоғарыдан" берілген емес. Ол адамның дүниені тану үдерісінде және сол дүниеде өзін тануы арқылы қалыптасады.

Еркектік, әйелдік ұғымдарының күрделілігі мен әртүрлілігі олардың метафоралы мағынада ұғынылуында болса керек, себебі олардың түп төркіні мифологиялық ойлаумен байланысып жатыр. Олай болса, еркектік/әйелдік ұғымдарының негізінде "дене метафорасы" мен адамзат тәжірибесінің концептуалдануы жатыр. Бұл категориялар "тәжірибе саласы" ("сферы опыта") деп аталып жүрген адамзат санасының классификацияланған қызметін білдіреді. Адамның екі түрлі типі, еркек және әйел деп бөлінуі еркектік, әйелдік делінетін философиялық категорияларды уәждеді, соның негізінде метафоралық теңестіру базасы (база сравнения) қалыптасты.

Қысқасы, жыныстық негізде қалыптасқан әйел-еркек (аталық-аналық) бастауларын жұптық қатынастарда қарастыру дәстүрі, гендерлік қарама-қарсылық қазіргі мәдени-әлеуметтік өмірдің өзекті мәселесіне айналып отыр. Сондықтан да, тілдік қазынамыздың гендерлік-мифтік төркінін зерделеу аса қажет деп білеміз.

Әдебиеттер

1. Мәдениеттану: Оқулық (Т. Ғабитов, Ж. Мүтәліпов, А. Құлсариева). - Алматы: Қаржы-Қаражат, 2003. - 408 б.

2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. - Алматы: Дайк-Пресс, 2004. -418 б.
3. Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. - Алма-Ата: Қаз. сов. энциклоп., 1985. - Т. 4. - 460 с.
4. Мифологический словарь (А. Аншба и др.). - М.: Советская энциклопедия, 1990. - 672 с.
5. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. - М-Л.: Изд-во Акад. наук СССР, 1951. - 452 с.
6. Жолдасбеков М., Сарткожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. - Астана: Күлтегін, 2005. - 360 б.
7. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. - Алматы: Ғылым, 1984. - 372 б.
8. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. - Алматы: Ғылым, 1984. - 168 б.
9. Бутанов В.Я. Культ богини Умай у хакасов // Этнография народов Сибири. - Новосибирск, 1984. - С. 93-95.
10. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 450 б.
11. Лакофф Дж. Когнитивная семантика (из книги "Женщины, огонь и опасные предметы") // Язык и интеллект. - М., 1996. –С.143-184.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ЕЛ МЕН ЖЕР МӘСЕЛЕСІ (Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезен» романы бойынша)

Ақмоншақ Тілеуова

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Қазақ әдебиетінде ел мен жер үшін жан алысып, жан беріскен шайқастар мен сол шайқастардың көсемдері туралы қаншама әдеби мұралар жазылды. Олардың алғашқы нұсқалары ауыздан-ауызға тарап ауызша жетсе, кейінгілері тасқа басылып, хат арқылы жетті. Ұлттық әдебиеттен үлкен орын алатын сондай шығармалардың бірсыпырасы – Сырым Датұлы жөнінде жазылған туындылар. Батыр туралы әдеби шығармалармен қатар ол жөнінде тарихи деректердің де көптеп сақталғаны оның әрбір қадамы қадағалауда болғанын, ол бастаған әрбір наразылық оқиғасына «ақ патша» жандайшаптарының көз тігіп отырғанын нақтылай түседі. Қазақ әдебиетіндегі тарихи аңыздар жөнінде Т.Әлібеков: «ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығын қамтитын аңыздар ру ақсақалдары мен би-шешендердің, Абылайханның, даңқты қолбасшы-батырлардың

мемлекеттік істердегі, соғыс майдандарындағы саяси, әскери, қоғамдық қызметтерін, жанқиярлық ерліктерін суреттейді, сондай-ақ Сырым батырдың, Бөкей ордасындағы тарихи оқиғаларды, Кенесары-Наурызбайды және көтеріліс батырларын, орыс, қоқан басқыншыларына қарсы күрескен қаһармандардың тағдыр-талайын, өмір болмыстарын, жорық жолдарын баяндайды»[1,41] – деген болатын.

Ұлттық әдебиеттегі батыр туралы аңыз-әңгімелер мен тарихи жырлардың қатары кеңестік дәуір тұсында Ғ.Мүсіреповтің «Болашаққа аманат» атты пьесасымен толықса, бұл қатар еліміз тәуелсіздік алғаннан соң Р.Отарбаевтың «Сырым батыр» пьесасымен, Қ.Мұхаметқалиұлының «Тар кезең» романымен толықта түсті. Ол туралы жазылған деректер мен көркем туындыларға қарап отырсақ, қаламгерлер батыр бейнесін әр қырынан толықтырғанына көзіміз жете түседі. Айта кететін бір мәселе – батыр туралы жазылған шығармалардағы негізгі оқиғалар бір-бірін қайталамайтындығы болса, оларға ортақ негізгі ұқсастық – тарихи мәліметтердің бұрмалаусыз қолданылғандығы.

Ал, Батыс Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістерді ұзақ жылдар бойы зерттеп, Сырым батырдың өмірі мен шығармашылығына қатысты материалдарды жинап-теріп жүрген Қ.Мұхаметқалиұлының «Тар кезең» романына арқау болған ХУІІІ ғасырдағы сол өңірдегі тарихи оқиғалар екені жасырын емес. Бұл тұста Елек пен Жайық бойын мекендеген қазақ халқы ата-бабасы мекен еткен ата қоныстарынан ығыстырылып, екі жақты талауға түскені тарихи мәліметтерден белгілі.

Романдағы оқиға Ресейдің астанасы Санкт-Петербургтегі тарихи оқиғадан басталады. Оқырман ІІ Екаторинаның сән-салтанаты келіскен патша сарайындағы қабылдауына тап болады. Жазушы патшайымның қабылдауына жиналған әрбір кейіпкеріне тәптіштеп сипаттама береді. Бұдан алғаш кездескен кейіпкерлердің барлығы дерлік алдағы негізгі оқиғаға тікелей араласатын жандар болғандықтан, автор олар туралы толыққанды мәлімет беруге тырысқаны байқалады. Мәселен, мына үзіндіге үңіліп көрелік: «Императрица бұларды Петр ағзамның аруағына бағышталған әйгілі қызылқүрең залда қабылдайтын болған екен. Барон мұны іштей ырым ғып, жақсылыққа жорыды. Өйткені, басқасын былай қойғанда, колонналарының өзі аршыған жұмыртқадай кіршіксіз ақ мәрмәрден тұрғызылып, қабырғаларына қан түстес күреңқызыл барқыт тұтылған; ал төбесіндегі әшекейлі айшықтары кіріп келгенінде көзінді тұндыратын бұл залда, – әйгілі Петр ағзамның залында – көп аса кісі

кабылдана бермейтін. Сондықтан, осы залда қабылдауды барон ерекше ықылас-пейілдің белгісіндей көрді.»[2,96]. Сән-салтанаты келіскен сарайды мұқият суреттеуге себеп болған нәрсе – ол қазақ халқының болашақ тағдыры. Жазушы осында жиналған әрбір кейіпкердің қазақ тағдырына тікелей араласатын билік иелері екенін назарда ұстап отырған.

Сырым батырдың Кіші жүз жұртына сенімділігі мен беделі туралы Орынбор генерал-губернаторы Игельстром да 1789 жылы 10 мамырда Екатерина II патшаға жолдаған түсінігінде: «Бүкіл Ордада одан атақты, одан артық старшина жоқ... – дейді. Сырымның артықшылығы көп. Бүкіл Орда оның аузына қарап, айтқанын істейді деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, жиындарда Сырым не ұсынса, Орда, халық оған сенеді де орындайды. Осыған қарап, оны Ордадан алып, тұтқынға ұстау пайдалы бола ма, жоқ па, ол мәселені Ұлы мәртебелі император, сіздің көрегендігіңізге қалдырамын»[2,98] – деген болатын. Міне, осындай тарихи деректерге сүйенген жазушы жалаң баяндаудан аулақ. Оның басты себебі – Сырымның өміріне қатысты тарихи мағлұматтардың көптеп сақталуы. Еліміз егемендік алған соң осындай тарихи құжаттарды іздестіруге, оны ғылым мен әдебиетте еркін қолдануға мүмкіндік туды. Міне, осы мүмкіндікті тиімді қолданған жазушы батыр бейнесін сомдауда өзіне дейін жазылған шығармаларды назарда ұстап қана қоймай, батыр өміріне қатысты негізгі оқиғаларды іріктеп алуға ден қойған. Осы оқиғалардың нақтылығы мен деректілігі жөнінде тарихи романдарды тыңғылықты зерттеп жүрген әдебиеттанушы ғалым Г.Орда былай дейді: «Шығарманың тарихилығын арттырып тұрған тарихи құжаттар десек, жазушы 1749 жылғы 6 қарашадағы, 1760 жылғы 18 шілдедегі, 1776 жылғы 25 маусымдағы, 1779 жылғы 4 қазандағы, 1783 жылғы 3 шілдедегі жарлықтардан үзіндіні орынды келтірген».[3,6]

Бірінші тарауға негіз болған оқиға Санкт-Петербургте өткенмен оның қазақ халқына тікелей қатысты екендігін жазушы Игельстромның ұсыныс-тілектері арқылы растауға тырысқан. Ол Уфа мен Симбирск әкімшілік аймағының наместнигі, генерал-поручик Аким Иванович Апухтиннің орнына баратын болғандықтан біріншіден, өзіне дейінгі жарлықтар мен қарарлармен жақынырақ танысу керектігін, яғни тарихи ахуалдың қандай екендігіне көңіл аударады. Екіншіден, баратын елі туралы толыққанды мәлімет алу керек. Бөтен елге, бөтен жерге барғанда оларды басқаратын адамның олар туралы білуі қажет. Міне, жаңа басшының көздеген осындай мақсаттары оның алдында үлкен міндеттердің тұрғанын түсіндіреді. Құжаттарды ақтарған сайын Урал шекара бекетіндегі елмен

жақынырақ тілтабысу, олардың мақсат-тілектеріне құлақ тұру қажеттілігі өзінен-өзі айқындала түседі. Осыны жазушы кейіпкердің: «шайқаса-шайқаса шаршаған күннің өзінде, арқа тұтып келген алып елден тауфих таба алмай түңілген жұрт тілі, ділі, діні жақын аржақтағы Орта Азия хандықтарына қарай ауа көшіп кетсе де, бізге жақсы бола ма екен?», – деген ойына сыйғызған. Бұдан шығатын қорытынды – қазақ елін отаршыл империяның мойындай бастағандығы.

Романдағы кейіпкерлер жүйесі жөнінде Ш.Елеуенов былай дейді: «Қажығали романында негізгі үш тұлға айырықша бой көрсетеді. Біріншісі – Ұлы мәртебелі II Екатерина патшайым. Екіншісі – құрылғанына екі жылдай ғана болған Уфа және Симбирск әкімшілік аймағының әкімі яки генерал-губернаторы, генерал-поручик Осип Андреевич Игельстром. Үшінші тұлға – қазақтың атақты биі әрі батыры – Сырым Датов. Үшеуінің де кемесі – тарих айдынында ұлтаралық қатынастардың озық рейдін жасағанымен ел есінде қалған» [4,38]. Себебі бұл кейіпкерлердің барлығы да өмірде болған, қазақ халқының тарихына қатысты негізгі оқиғаларға тікелей араласқан тарихи тұлғалар.

Үшінші тарауға негіз болған оқиға қазақтардың жеңілісімен аяқталған. Жас офицер Назаров бастаған қазақ-орыс әскерлерінің шекара сызығына жақын жерде жайылып жүрген ханның жылқысын айдап алып кетуі, Айшуаққа берген Орынбор шекаралық экспедициясының рұқсат қағазын Назаровтың жыртып тастауы, онымен де қоймай баласы өлген Айшуақты тұтқындап алып кетуі хан-сұлтандардың ғана емес, исі қазақтың мойнына қасірет бұғауын мықтап салғандығының белгісі ретінде суреттелген.

Төртінші тарау генерал-поручик Игельстромның келген бойда іске қызу кірісуімен басталады. Уфа және Сібір аймағының жаңадан тағайындалған наместнигін Петербордан шыққан ұзақ жолда мазалаған ой – шекара бойындағы ахуалдың асқынып кетпеуі. Жазушы үш қабатты тас үйдің ішінде өтіп жатқан алқалы кеңестер мен сол жерде талқыланған мәселелер арқылы генерал-майор Александр Александрович Пеутлингтің кім екендігінен, ой-мақсаттарынан хабар береді. Жаңа келген басшыға ел ішінің жағдайын, әсіресе соңғы уақытта бірнеше жерде өршіген шабуылдарды жасырып қалуы оның екіжүзділігін ғана емес, ақ патшаның сенімді өкілдерінің жасап жатқан екіжүзді әрекеттерінің көрінісі еді. Іздеушісі де, сұраушысы да жоқ ақ патшаның қол астына бағынған ұсақ ұлттарға жасалған шабуыл Ресей империясына деген көзқарасты өзгертетінін олар ол кезде ойлағысы да келмеді. Алайда, Сырым бастаған қолдың Рештейнер мен

Овчинниковтың отрядын баса жаншып, 21 казак пен 40 башқұртты тұтқынға алуы, Таналық қамалын босатуы жауырды жаба тоқуға келмейтіндігін байқатты. Шекара экспедициясының бастығы генерал-майор Зенбулатовтың хаты Пеутлингтің құпия шабуылдарын әшкерелей түсті.

Осындай тарихи оқиғаларды бейнелеу барысындағы жазушы тілі жөнінде Ш.Елеуенов: «Оның бер жағында генерал-фельдмаршал Потемкин, Сыртқы істер коллегиясы басшыларының бірі граф Безбордко Игельстромға бірсыпыра жағдайды тәптіштеп түсіндіреді. Осының бәрі романның алғашқы бөлімі тілі мен стилінің бөлекше қалыптасуына әсерін тигізген. Шенеуніктер сөздерін әскери канцелярлық стильде ұзақ-сонар өрбітеді. Жазушының бұл тілді қазақшалауға төселіп алғаны сондай, оқушы романның бастапқы бөлімін ана тілінде жазылғанын ұмытып кеткендей болады. Бейнебір орыс романын оқып отырғандайсың» [4,40] – деген болатын. Ғалым айтса айтқандай, романды оқып отырғанда жазушы тіліне ХҮІІІ ғасырдың ресми іс қағаздар тілінің ерекше әсер еткенін байқауға болады.

Жергілікті халықпен тілтабысу үшін олардың өздеріне сенімді өкілдерімен келісімге келу керектігін пайымдаған Игельстром Шекара істері жөніндегі экспедицияда істейтін титулярный советник Нұрмұханбет Әбдіжәлеловты (Нұралының күйеу баласы), Айырбас Сарайдың делдалы Шүкірәліні, мешіттің молдасы Шәпиді қабылдап, олардың ұсыныс-тілектерін қабылдайды. Жергіліктің ұлттардың өкілі ретінде келген кісілердің әрқайсысына мұқият қырағылықпен қараған басшы сол өкілдер арқылы қазақ деген халықтың ел айтып жүргендей көшпелі, жабайы халық емес екендігін түйсінеді.

Сырымның бейнесін толықтыра түсетін оқиғаның бірі Тұрманбет бидің қазанаттың тұқымынан қалған қарақасқа бестіні мінгізіп жіберуі. Автор «Ат – ер қанаты» екенін осы тұстағы Сырымның әңгімесіне сыйғызған. Қара Байбақты Баймырзаның «Қамысқұлақ!» атанған бәйгіторысының екі құлағы бірдей бүрік болып қалуы – жануардың иесін қорғап, құлағын оққа тосуынан екенін естігенде батырдың астындағы атының да киелі екеніне көзіміз жете түседі. Торы ат – батырдың қанды көйлек жолдасы, жауға шабары, шайқасқа бірге кірген, серттес серігі еді.

Орынбордан келген Мұхамеджан хазірет бастап келген елшілер бұл кезде Сырым батырдың үйіне жиналғандарға ұлықтың «Ашық хатын» алып келіп еді. Орынбордан хат алып келгендер екі күннен кейін қайтып, жиынға жиналғандар еліне қайтты. Сырым хазіреттен өз ұсыныстары жазылған хатты және беріп жіберді. Олардың ішінде

Нұралы ханның жапқан жалаларына қарсы айтылған нақты деректер де бар еді.

Сонымен бірге жазушы Жаратқан иеміз «Алла тағала мен әруақтар» жайлы да жадында ұстап отырады. Құдайға тіл тигізген Нұралының ісі құрдымға кетсе, Намазтаудан бата жасап Таналыққа атанған жасақтың жеңіспен оралуын, ата-баба қорымына тоқтап оқылған құраннан кейін Сырым би ауылында өткен «Халық кеңесінің» нәтижелі болуы олардың істерін ата-бабалар аруағы қолдап жатқандай әсер береді. Осындай тағы бір мысалды роман соңындағы шешуші кеңестің құран сүрелерінен оқылған аяттардан басталуынан да көруге болады. Авторлық ұстаным мен подтекст «Биссимилладан» бастаған істің сәтті болатынына имандай сендіреді.

Тарихи оқиғаға құрылған романда тарихи сипаттың басымдығымен бірге «Сырым батыр» жырымен үндес келетін тұстары да жетерлік. Жырда қырық жігітінен айырылған Сырым жауға қарсы жалғыз өзі таң атқаннан қызыл іңір болғанша шайқасып, зеңбіректен оқ тиіп, жараланып, қансырап, есі ауып аттан жығылады. Жау батырды шынжырмен бұғаулап түрмеге қамайды. Бұл оқиғаны батырдың ерлігіне куә болған Нұралы ұлы Есім сұлтан әкесіне баяндап бергені мәлім.

Сырым батырдың елі мен жері үшін өз басын өлімге тіккенін, белін шешіп аттан түспегенін, ақ патша мен ханға елінің сөзін сөйлегені үшін жақпағанын тарихи құжаттар растайды. Шығарманы оқу барысында, Сырым батырдың беделі ханнан да үстем болғанын көреміз, артында сүйенер халқы болмаған жағдайда ханның да құны көк тиын екендігін түсінеміз.

Әдебиеттер

1.Әлбеков Т. Тарихи аңыздар: жад мұрағаты, көшпелі деректер, ауызша тарих // Керуен. – 2016. – №5.

2.Қажығали Мұханбетқалиұлы. Тар кезең. Тарихи роман. Алматы, «Мереке» баспасы. 2012.

3.Орда Г.Тар кезең тағылымы (Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы туралы) // Егемен Қазақстан. – 3 қыркүйек, 2014.

4.Елеуенов Ш. Қазіргі қазақ романындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім // Жұлдыз. – 2016. – №8.

ЖОҚТАУ – РУХАНИ МҰРАМЫЗ

Ақмоншақ Тілеуова

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс»[1,8]-деген болатын. Қазақта басқа ұлттар мен ұлыстарда мүлде кездеспейтін бағалы, құнды асыл дәстүрлеріміз бар. Солардың бірі – қайтыс болған адамды жоқтау салты.

Жоқтаудың дәл қай кезде туып, дәл қай кезде хатқа түскенін нақты айту қиын. Десек те, осы қастерлі дәстүр көшпелілер өмірінде басқа ешбір халыққа ұқсамайтын, өзіндік бағытта, тосын бір жолда қалыптасты, дамыды. Академик Ә. Марғұлан: «Жоқтау – әдебиеттің ең ескі түрі. Оның шығуы үй ішінде, қауым ортасында болған игі адамдардың дүниеден көшкеніне өкініп, оларды еске түсіру ретінде айтылған жыр. Жоқтау Орхон жазуларының түбегейлі алғашқысы»,[2,98] – дейді. Бұдан түйер ойымыз, этнографиялық сипаттағы тасқа қашап жазылған дастандарымыз жоқтаудың көне үлгісі ретінде көрінеді.

Өлім жайлы суық хабарды естіген ел сол үйдегілерге көңіл айта барады. Олар жоқтаушыларға ерекше көңіл аударады. Жоқтайтындар көбінде қайтыс болған адамға ең жақын қыз-келіншектер, ақ самайлы аналар болған. Егер әйелдер жоқтау білмесе, арнаулы жоқтаушыларды шақырып келіп отырғызады да, қалғандары соларға қосылып жоқтасқан. Олар бастарына қаралы жаулық салып, жасқа толы жанарларын орамал-шыттарымен қалқалап жоқтау сарынына қосады.

Мұнда көшпелілер әйелдерінің мінез-құлқы, ақыл-ой дамуы мен ақпейіл қасиеті айқын көрініп отырған. Бұл, әсіресе, отағасы қайтыс болған кезде ерекше байқалады. «Тегі жағынан ақсүйек сұлтандардан шыққан немесе қоғамда көрнекті орын алатын қазақтардың қазасында жылап-сықтап, жоқтаумен өлең айтылады. Мұнда марқұмның түрлі қасиеттері жырланады. Жесірдің күйеуін, қызының әкесін, немесе қарындасының ағасын жоқтап өлең айтуын қазақтар «жылау», иә болмаса «жоқтау» деп атайды»[3,92]. Бұл халық поэзиясын алғаш ғылыми тұрғыдан жүйелеген шығыстанушы Әбубәкір Диваевтың жоқтауға байланысты берген пікірі. Бұдан басқа «жоқтау» дәстүріне

байланысты зерттеліп, жинаққа енген еңбектер мен шығармалар да аз емес.

Жыл бойына созылатын жоқтаудың негізгі міндеті – ол өлген адамның қоғамдағы алған орнын дәріптеу, көрсеткен еңбегін құр жалаң тізіп шығу деген жадағай ұғымынан анағұрлым тереңде жатыр. Адам өлсе де, оның жаны тірі, ол біздің не айтып, не ойлап отырғанымыздың бәрін біледі. Сондықтан оның аруағына тиісті ғайбат сөздер айтпау керек. Өйтсең-ақ болды, өлген адамның киесі атады, бір пәлеге душар етеді деп түсінген.

Өлген адамды жоқтаудың мазмұны – бірыңғай мақтауға құрылатын себебі де содан. Ас кезінде жоқтаудың көлемі де ұлғайып, мағынасы да мазмұнды бола түседі. Қазақтар жоқтауды жоқтау үшін айтпаған. Оны биік дәрежелі көркем өнер сатысына көтеріп айтқан. Сол арқылы «о дүниеге» кеткен адамды өлтірмей, оның тарихы азаматтық болмысын көркем сөзбен бейнелеп берген.

Жоқтауда қазаның себеп-салдары және сол тұстағы әлеуметтік жағдайларда көрініс тауып отырады. Жоқтау өлеңдері от басы, ошақ қасының ғана мұң-зарын қамтып қоймай, халық қайғысымен қабыстыра жырланатынын көреміз. Бұл ерекшелік жоқтаудың тарихи мәнін арттыра түседі. Әсіресе жоқтау өлеңдеріндегі «Ақ сұңқар құстай ұшқыр қып», «Арманда кеткен асылым», «Соғып тұрған дауылым», «Толған айдай халқыңа», «Асқар таудай паналап», «Құйма алтындай сабынан» т.б. тіркестер бірден-бірге көшіп жүретін оралымдар десек орынды болмақ. Бұл ерекшелік өлеңді төгіп айтатын импровизатор ақындарға тән.

Жоқтауды қайтыс болған адамның әйелі, апасы, қарындасы, қызы және жақындары айтады. Ал аса құрметті адамдарға сол елдің әнші қыздары қатыстырылады. Мысалы, өткен ғасырдың сексенінші жылдарында Сарыкөл жерінде (Қостанай) өткен Шауыпкел батырдың асында Шәңкі бидің немересі Төкіш болыстың сұлу қызы Бәдігүл мен Байғасқа бидің қызы Бәпіш жоқтау айтқан. Қазір жазба және ауыз әдебиетімізде жоқтаудың үлгілері өте көп. Ондағы парасатты сөздер, жақсыны ардақтау, сипаттау, мадақтау, теңеу сияқты өлең жолдарының көркем қисыны таңданарлық шеберлікпен жырланады. Оған мысал Кеңгірбай биді жоқтау.

Айналайын, әкежан,
Қараның болдың ханындай.
Қарайғанды ықтаттың,
Қамысқа түскен жалындай.
Орта жүздің көркі едің,
Қоңыраулы бұйра нарындай.

Ағайынды жинадың,
Алпыс үйлі ауылдай...
Өте шықты сұм жалған.
Бәйге атының шаңындай.
Адыра қалды ақ орда
Иесіз қалған ауылдай.[4,102]

Жоқтау тәрбиелік үлгі – өнегесі бар, мәдениеттілік пен адамды бағалаудың және оны есте сақтаудың бір белгісі ретінде қалыптасқан. Жоқтау – аза ғұрпын көтере түсетін, қайғыны басатын, қазаға аса лайықты қаралы салттың бірегей түрі. Қайтыс болған адамның жақсылығын, еліне істеген қызметін, жақсы қасиеттерін паш ететін тұрмыс – салт дәстүрі, жыры, зарлы өлең. Жоқтаудың дінге қатысы жоқ, ол қалыпты халықтық салт, өлімнің берік әдет–ғұрпы деп ұғыну керек.

Қазақтың батырлық жырларында да жоқтау өлеңдерінің ғажайып үлгілері аз емес. Исатай батыр қайтыс болғанда Махамбет ақын айтқан жоқтау қайғылы сарынға толы болса да адамды ерлікке, өрлікке шақырып тұрған жоқ па? Қазақтың жоқтауларының да тілі шұрайлы, тым әсерлі болып келеді. Ыбырай Алтынсаринге арналған бұл жоқтауды 1947 жылы қағазға түсірген белгілі ақын Мариам Хакімжанова. Мариам апайға айтып берген Обағанның тұрғыны Доскей қария екен. Оның айтуынша, бұл жоқтау кезінде ұзақ болған, мына жолдар айтушының есінде қалғандары ғана болса керек. Мысалы, мына сөздер мен тіркестерге назар аударайық:

Өмірің, қысқа болды-ау, сұлтан сенің,
Бір саржын осы күнгі жатқан жерің.
Кімдерді жұтпай жатыр бұл қара жер?
Тұтқасы туған жердің – алтын қазық,
Білдіртсем әр болысқа қағаз жазып.
Сұлтаным Ыбырайдай бар ма өре,
Кедейге қарны ашқанда болған азық?
Қамқор боп Ыбырайым ашыққанға.
Ас беріп асырап еді көп халықты.[4,128]

Өмірден озған адамның артынан тәуір сөздер айтылады, оларға биік парасат, сүйкімді қылық таңылады, асқақ баға беріледі. «Жайықтың бойын жайлай бер, шалғынға бие байлай бер», тіпті «Артыңда қалған бауырыңа Қасыңнан орын сайлай бер» дегендей жоқтаудың жолдарынан осыны аңғаруға болады. Сөйтіп жоқтаушы дүниеден өткен адамның болашағынан өзін бөлек санамайды. Бір күні бәрінің бұл жалғаннан ұзайтынын біледі. Оған қоса кейбір адамдар қайтқан адамды жоқтау сөзін жазып, соңына қалдырады. Мәселен,

Жамбыл Ұлы Отан соғысының қан майданында баласы Алғадай қайтыс болғанда қарт ақын бар шерін өлеңмен шығара білді. Оның «Алғадай туралы», «Сарғайып атқан таң ба екен?», «Алатауды айналсам» атты өлеңдері қазақ поэзиясындағы жоқтау жанрын толықтырды:

Алатауды айналсам
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?..
Бала қалды жетім боп.
Келін қалды жесір боп,
Біздей кәрі кісіге,
Көз салыңдар есіркеп...[5,83]

Ұлы Абайдың да жоқтау жырлары да жетерлік. Бұл тұста Әбдірахманға шығарған тоғыз жоқтауы – “Әбдірахман өлгенде”, “Арғы атасы қажы еді”, “Кешегі өткен ер Әбіш”, “Тұла бойың ұят-ар едің”, “Жиырма жеті жасында”, “Талаптың мініп тұлпарын”, “Орынсызда айтпаған” “Әбдірахманның әйелі Мағышқа айтқан жұбатуы”(жоқтай отырып, жұбату деуге болады), “Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау” және “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген”, Оспанға шығарған үш жоқтаудың “Кешегі Оспан”, “Кешегі Оспан ағасы”, “Жайнаған туың жығылмай” деп келетін туындыларының ұлттық таным мен қазақ дәстүрлі мәдениетін танытар көрсеткіш ретіндегі орны да ерекше. Белгілі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Мұса»(Шорманов) атты жоқтауы(345 жол) – қазақ әдебиетіндегі ең бай, әрі ең көлемді жоқтаулардың бірі. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынов жинап, реттеп, сұрыптап 1926 жылы Москвада «23 жоқтау» деген атпен бастырған фольклорлық мұрасы – жоқтау жырларының асыл қазынасы. Осы жинақты құрастырушы ақын әдеби тілдің қалай жасалатынын айта келіп: “Әдеби тіліне негіз етіп аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек, енді ғана өсе бастаған қазақ әдебиетін алғанда мұны естен шығармау керек...”[6,127] – дейді.

Жоқтаулардың қай-қайсысы болмасын өткен ғасырлардағы қазақ қауымының тұрмыс–тіршілігі мен елдік, ерлік істерін, қат-қабат ғұмыр тарихының жарқын беттерін көз алдыңызға елестетеді. Батыр Бауыржанның өзі келіні Зейнептен өлгеннен соң, өзіне жоқтау айтуын талап еткенінен де біраз дүниені аңғаруға болар.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру //http://www.akorda.kz
2. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар.- Алматы,1985

3. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.- 2-т. Алматы, 2006
4. Тал бесіктен жер бесікке дейін.- Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1996.
5. Арынов Т. Боздағым.-Алматы,1990.
6. Байтұрсынов А. Ақжол.- Алматы, 1991.

ҚАЗАҚ ЖЫРАУЛАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ИДЕЯЛАРЫ

Мақпал Жазықова

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

Қазақ жыраулары шығармаларында халықтық тәрбие мәселесі қашан да ерекше орын алған. Қазақ хандығы (XV-XVII ғ.ғ. аралығы) кезінде кең өріс алып, халық педагогикасының бастау бұлағына айналған жыраулар поэзиясы кейін қазақ даласының Ресей құрамына енуі (XVIII ғасырдың аяғы) мен XIX ғасырдағы демократиялық-ағартушылық бағыттың дамуы тұсында да өрлей түскені анық. Профессор С.Қалиұлының жіктемесіне жүгінетін болсақ, жыраулар шығармашылығындағы тәлім-тәрбие мәселесі қазақ халық педагогикасы тарихының *бесінші, алтыншы кезеңдері*нәсікес келеді [1, 38]. Нақтырақ айтатын болсақ, профессор С.Қалиұлы қазақ тарихындағы хандық заманды (XV-XVII ғ.ғ. аралығы) халық педагогикасы дамуындағы *бесінші кезең* депдеп қарастырса, *алтыншы кезеңге* Қазақстанның Ресейге қосылу кезі мен сол кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалыстың етек алуын (XVIII ғасырдан XX ғ. 20-ж. дейін) жатқызады. Аталған кезеңдерде жыраулар поэзиясының ерекше дамып, халықтық тәрбиенің қайнар көзі ретінде алдыңғы орынға шығуын халық педагогикасының басты ерекшелігі деп атауға болады. Енді аталмыш замандарда өмір сүріп, өз шығармашылығында халықтық тәрбие мәселесіне ерекше назар аударған қазақ жырауларының шығармашылығына тоқталайық.

Қазақ хандығы кешегі ата-бабаларымыз сақтар мен ғұндардың, ежелгі түркілердің, Шыңғыс хан мен Алтын Орда империяларының заңды мұрагерлері болып саналады. Қазақ хандығы тұсында аузы дуалы ақылгөй жыраулар мен шешен билер жалпы жұртқа өнегелі сөздерімен, өлең-жыр толғауларымен зор ықпал етіп, халықты ел болуға, берекелі бірлікке шақырып, қоғамдық өмір сахнасына шыға бастады. Қазақ жырауларының толғау тебіреністері, билердің шешендік-қанатты сөздері өзінің тәлімдік шарапаты жағынан ғана

емес, рухани, эстетикалық, отаншылдық мәні жағынан да аса маңызды болды. Жыраулар жауынгерлік заманда хандар мен бектердің, қолбасшы батырлардың ақылгөй кеңесшісі болып, жорыққа бірге аттанды, ру-тайпаларына басшылық етті, сұрапыл қанды майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, шейіт болған батырларды жоқтап, ел қайғысын бөлісті, халықпен кеңесіп отырды. Қазақтың халық педагогикасының ең алғашқы іргетасының қалана бастауына негіз болған Асанқайғының, Мұхаммед-Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр, Қазтуған, Шалкиіз, Үмбетей, Сыпыра, Доспамбет, Бұқар, Жиёмбет, Марғасқа, т.б. көптеген ақын-жыраулардың шығармаларын атап өткен жөн.

Халқының қамын жеп, оның береке-бірлігін, келешектегі бағытын, келер күнін аңсаған *Асан қайғы Сәбитұлы*(XV ғ.) өз отандастарының алдағы тағдыры не болмақ деген толғаныспен күн кешті. Содан да болар, ел аузында оның есіміне “қайғы” деген ат қосақталып, аңызға айналды. Ш.Уәлиханов «көшпенділер философы» деп атап кеткен Асан қайғы өз заманының үлкен ойшылы болған. Асан атымен айтылып, халық арасына тараған нақыл сөздер мен толғаулар қазақ халқының орта ғасырдағы тарихи-қоғамдық, рухани тілегімен байланысты болып келеді.

Мінезі жаман адамға,
Енді қайтып жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып суыспа.
Ашу дұшпан, артыңнан,
Түсіп кетсең, қайтесің,

Түбі терең қуысқа... [2, 17]. Ел қамын ойлап, көп толғанған жырау өз заманында қоғамдық өмірге үңіле қарап, халықтың тартып отырған ауыр азабын көріп қайғырады, сол кездегі қоғамдық өмірге наразы болады. Ол халықтың болашағын ойлап, бақытқа бөлеудің жолы «Жерұйыққа жету» деп тұжырымдайды. Асан желмаяға мініп желдіріп, Желмаяны іздеуді Ақ Ордадан бастап, жеті өзенге дейін сапар шегеді. Асан іздеген «жерұйық» - шұрайлы қоныс қана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих сахнасында сақтап қалу бағдарламасы.

Жырау өзінің толғауларында заман жайлы философиялық пікірлерін де сарапқа салады. Халық қамын жеуді, құлқынның құлы болмауды адамгершіліктің үлкен парызы деп есептеген жыраудың соңында «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Ашуды ақылға жеңгіз», «Көпшіл бол» сияқты ұлағатты сөздер қалған. Жырау толғауындағы: «Қарындасыңды жамандап, өзіңе туған табылмас»

деген бір ауыз тіркесте адам баласына туған-туыстың қадірін түсінудің, жекжат-жұрағатпен сыйластықта болудың қажеттілігі айтылған. Ұлы ғұламаның осыдан бес ғасыр бұрын айтқан тәлімдерінің ішіндегі «Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, артық үшін айтысып, достарыңмен санаспа» деген сөзінің қазіргі кезде де маңызы зор екені анық. Жыраудың ел жүрегіне ұялаған толғаулары, жер, қоныс туралы айтқан бағалары әлі күнге дейін халықпен бірге жасасып келеді.

Қазтуған жырау Сүйінұлы(ХУ ғасыр) – өз заманының орақ тілді шешені, отты биі, арқалы ақыны болған. Ол өзін «Айдаса қойдың көсемі, сөйлесе қызыл тілдің шешені» деп таныстырады екен. Қазтуған жырларының арқауы – туған ел, кіндік кескен, кір жуған жері. Ол өз жырларында туған жеріне перзенттік сезімін емірене өрнектейді, батырлықты, ерлікті, елдікті дәріптейді. Оның жырындағы:

Балдағы алтын құрыш болат,

Сусыным қанға қанар деп,

Азамат елдің баласы

Жабыққанын білдірмес,

Жамандар мазақ қылар деп, - деген жолдар осының айғағы.

Жыраудың жорықшы, жауынгер жырау болғаны келесі жолдардан көрінеді:

Буыршынның бұта шайнар азуы,

Бидайықтың көл жайқаған жалғызы,

Бұлт болған айды ашқан,

Мұнар болған күнді ашқан,

Мұсылман мен кәпірдің

Арасын бұзып өтіп дінді ашқан –

Сүйінішұлы Қазтуған! [2, 59]. Мұндағы ызғарлы ауыр сауыт киген батыр бейнесі Қазтуғанның білегінің күшінің қаншалықты зор екенін аңғартады.

Шалкиіз жырау Тіленішұлы (1465-1560 ж.ж.) – Батыс Қазақстанда туып-өскен қазақтың ақын-жыршысы, батыр-жауынгері. Шалкиіз поэзиясының жыраулар поэзиясындағы орны ерекше. Өз жырларында өмірге терең көз жіберіп, аталы ғибратнамалық ой қалдырған. Жыраудың бізге жеткен толғауларынан көне заман таңбасы – түз тұрғынының дүниетанымы, адами табиғаты, мінез ерекшеліктері, моральдық-этикалық қағидалары анық аңғарылады. Шалкиіз жырау туындылары көңіл пернесін дөп басар әсерлілігімен, кездігінен орып түсер өткірлігімен, сұлу сазды көркемдігімен, асау серпінді қуатымен, философиялық тереңділігімен, аз сөзбен көп мағына беретін қысқа да нұсқалығымен ерекшеленеді. Жыраудың ғибраттық, тәрбиелік

мағынаға толы толғауларының бүгінгі күні де маңызы зор. «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмес,

Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер,

Жаманнан туған жақсы бар,

Адам айтса, нанғысыз.

Жақсыдан туған жаман бар,

Күндердің күні болғанда, бір аяқ асқа алғысыз», - деген жолдар адамның жақсы-жаман болуы халқына, еліне жасаған пайдасына, сіңірген еңбегіне байланысты дегенді меңзейді [2, 143].

Жиёмбет жырау (XVIII ғасыр) – әскер басы, әйгілі ақын. Ақын поэзиясынан оның ерлік, өрлік мінезі, ерен батырлығы айқын көрінеді. Жиёмбет толғауларында халықтық нәрлі тенеулер арқылы бейнелі көріністер жасау, образды ойлар білдіру тәсілі ерекше орын алады:

Меніменен ханым, ойнаспа,

Менің ерлігімді сұрасаң,

Жолбарыс пен аюдай.

Өрлігімді сұрасаң,

Жылқыдағы асау тайындай. Хан қаһарынан қаймықпайтын орақ ауыз, от тілді Жиёмбет:

Ханға қарсы тұрам деп,

Түн ұйқымды бөлгенмін.

Жұртымды жөнге салам деп,

Бас кессе де басылмай,

Ақ ісімді жасырмай,

Атқа мінген ер едік, - деп, әділдік үшін белін бекем буып, күреске шыққанын өлең жолдарымен өрнектейді [2, 45].

XVIII ғасырда өмір сүрген жырау, қолбасшы батыр, қоғам қайраткері *Ақтамберді Сарыұлы* жаумен жан аямай, кескілесе күресуге шақырады. Ақын өзінің бар өмірін елі, халқына, оның елдігін, бірлігін сақтап қалу жолына арнаған. Жыраудың «Ел-жұртты қорғайлап, өлімге жүрміз бас байлап» деген жолдарынан мұны айқын аңғарамыз.

Адамгершілік қасиет отбасындағылардың бірін-бірі қадірлеуінен, ерекше құрмет көрсетуінен көрінбек. Бұл халық педагогикасының ежелден қалыптасқан дәстүрлі көзқарасы. Осыны ойға қазық, тілге тиек ете отырып, жырау:

Меккені іздеп не етесің,

Меккеге қашан жетесің?

Әзір Мекке алдында,

Пейіліңмен сыйласаң,

Атаң менен ананды! –деп, ата-анаңа көрсеткен сый-құрметің құдай жолын қуып, Меккеге барумен пара-пар деген ой қорытады [2].

Ақын-жыраулардың ішіндегі биік тұлғаның бірі *Бұқар жырау Қалқаманұлы*(ХУІІІ ғасыр) – Абылай ханның ақылшысы, қабырғалы билердің бірі. Ол елдің бірлікшіл болуы ел басшысына байланысты деп:

Ел иесі құт болса,
Халқы ала болмайды.
Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы,
Би жігітке жарасар,

Халқына тиген пайдасы, - деп, халық қамын ойлау азаматтық парыз дегенді уағыздайды [2, 31].

Бұқардың көптеген толғаулары отбасылық қарым-қатынас, адамгершілік мәселелеріне арналған. Жырау өскелең ұрпақты шынайы достыққа, ар-ождан, адамгершілік қасиеттерді үнемі қастерлеп өтуге шақырады. Тіршілік үнемі қозғалыста болады деген пәлсапалық топшылау жасаған жырау «Өлмегенде не өлмейді?» деген сұраққа: «Жақсылық аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деп жауап береді. Оның пайымдауынша, адамды адам ететін – оның ортасы, тәлім-тәрбиесі. Бірақ бір биеден ала да, құла да туатыны сияқты, «Адамзаттың баласы, атадан алтау тумас па? Атадан алтау туғанмен, ішінде оның бірі арыстан болмас па?» деп толғайды. Жырау бес саусақтың бірдей еместігі сияқты, адамдардың да бір-бірінен жеке қасиеттерімен ерекшеленетіндігін атап көрсетеді және таланты зор, қабілетті адамдардың елдің әлеуметтік өміріне үлкен ықпал ететінін ескертеді.

Ұлтжандылықтың, елін сүюдің ғажайып күш екендігін терең сезінген қазақ ақын-жыраулары, ойшылдары өз шығармаларына осы тақырыпты үнемі арқау етті, көп көңіл бөліп, халықты елі үшін жанын пида етуге, жастарды елжандылық рухта тәрбиелеуге баса көңіл бөлді. ХV-ХVІІ ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының поэзиясынан ғасырлар сырын, халықтың салт-дәстүрін, ой-арманы мен тілек мақсатын айқын аңғарамыз, өйткені жыраулар толғауларында халықтың небір нәзік сырлары, мұң-мұқтажы, ой-толғанысы, қуаныш-сүйініші, келер ұрпаққа айтар өнегелі өсиеті өзекті орын алған. Олар халықтың тәлім-тәрбие мектебінің ұлағатты ұстаздарының рөлін атқарды. Қазақтың тәрбие мектебі ақын-жыраулар мен билердің өсиеттері, ғибраттары және халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды. Халықтық осы қағидалар шын мәнісінде жас ұрпақ түгілі, ересек адамдарға да

ықпал етіп, ұлттың сана-сезімін оятты, тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мектепке айналды.

Қазақ даласының Ресей империясының құрамына енуінің халқымыз үшін тиімді жақтарымен қатар тиімсіз тұстары да болды. Алдымен, осы кезден бастап Ресей отарлау саясатын жүргізіп, қазақ жеріне қоныстанған орыстарға шұрайлы егістік жерлерді, мал жайылымдарын заңсыз алып берді, бағынбағандарды жазалады. Мектептер мен шіркеулер салып, балаларды шоқындыру мен орыстандыру саясатын жүргізді, қазақ бай-сұлтандарының балаларына арнап орыс мектептерін ашты. Атап айтқанда, 1789 жылы Омбы қаласында “Азиатское училище” және 1841 жылы Батыс Қазақстандағы Бөкей Ордасында қазақ бай-феодалдарының балаларына арналған мектептер ашылды. Сол кезеңдегі орыстардың отарлау саясатын қатты сынаған Мұрат Мөңкеұлының, Шортанбай Қанайұлының, Дулат Бабатайұлының шығармалары халық арасында кең тарап, Сырым Датұлы, Исатай-Махамбет, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістері Қазақстан даласында 15-20 жылға созылды.

Жастарды ұлтжандылық рухта тәрбиелеу XIX ғасырдағы қазақтың ақиық ақыны, жауынгер жыршысы *Махамбет Өтемісұлының* өлеңдерінде өзекті орын алды. Ол жастарды ерлікке, отансүйгіштікке, ар-намысты қорғауға, адамгершілікке уағыздады. Ақынның қай өлеңін алсақ та, халыққа адал қызмет ет, еліңді, жерінді жаудан қасық қаның қалғанша қорға, әділет үшін, халық үшін өкінбей өлу азамат ердің ісі деген аталы сөздер өрнектеледі. Махамбет сияқты ақын шығармашылығында ерекше сөз болатын ерлік, Отанын, елін, жерін жаудан қорғай білушілік, отбасы, ауыл-аймақ, ел намысын қорғау жолында жан аямаушылық сияқты ізгі қасиеттерді дәріптей отырып, жастардың бойына ұлтжандылық пен гуманистік қасиеттерді сіңіруге болады.

Жалпы, XV-XIX ғ.ғ. ақын-жыраулар өз өлең-жырларымен де, өнегелі ісімен де халыққа белсене қызмет етіп, ел ұйытқысы, тәлім-тәрбие мектебінің ұстазы бола білді. Сөйтіп, Асан қайғыдан басталатын «жыраулар педагогикасы» халқымыздың философиялық, педагогикалық көзқарастарының ең бір шұрайлы үлгісі екені сөзсіз. Дала ойшылдарының ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен шығармаларында басқа жұрттарда қайталанбайтын ұлттық қасиеттер баса көрсетілген. Сол кездегі қазаққа тән рухани мұралардың қоғам дамуының талабынан, оның әлеуметтік-экономикалық қатынастарынан, халықтың асыл армандарынан туындап отырғаны анық.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында халықтың туған жер тарихын, тілін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын білуге, тануға, сақтауға деген қызығушылығы арта түсті. Осы тұста ғасырлар бойы ата-баба тәлімімен жинақталып, уақытында дәстүрге енген халықтық педагогиканың өркендеуі мен оны оқып үйренудің танымдық және практикалық маңызы зор. Сондықтан ХХІ ғасырда жас ұрпақты ұлы ойшылдардың ғибрат, нақыл сөздерінің астарына үңіле отырып, этнопедагогика ілімінің ғылыми негіздеріне сүйеніп тәрбиелеу қажет.

Әдебиеттер

1.Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім. - 2003. - 280 б.

2.Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. –Үш томдық. I-т. / Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1984. – 256 б.

МИФТІК НЕГІЗДЕР ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ТАБИҒАТЫ

Жоламан Қобланов, Диана Муратова

III. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Жалпыадамзаттық мәдениетте ерекше орны бар көшпелілер дүниетанымы, яғни табиғатқа барынша жақын түркілік таным негізінде туындаған фольклорлық-мифологиялық мұра қазіргі мәдени жады, рухани болмысымыздың негізгі қайнар көзі екендігі анық. «Антика мәдениетінің дүние жүзі мәдениетіне тигізген әсері өте күшті болды. Сондықтан, антикалық мәдениетті білмей тұрып, қазіргі заман өмірінің мәнін толық түсіну мүмкін емес»[1,6]. Көшпелі түркі тайпалары дүниетанымының қайнар көзі табиғат екені белгілі. Табиғатпен біте қайнасқан түркілердің салт-дәстүрі, наным-сенімі, дүние туралы түсінігі «Түркі мифологиясы» атты ауқымды кеңістікті түзеді. Олар табиғатты жаратушы күшті «Тәңірі» деп таныса, табиғат – сол Тәңірінің жаратқаны, сондықтан да оған деген құрмет ерекше болу керек деп түсінді.

Халық ауыз әдебиетінде көбірек айтылатын мифологиялық әлем – аспан және жер асты әлемі. Мифтік уақыттағы мифтік сана үшін бұл - шындық. Сол мифтік әлемнің бірінің тұрғындары - перілер. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде перінің қызы Бекторы Төстікке ғашық болады. Халық аңыздарында Баба Шашты түкті Өзіз де дария жағасында пері қызына ұшырасады. Перілер туралы сенім халық ұғымына сіңгені

соншалық, күні бүгінге дейін олар жайлы аңыздар ақиқат түрінде айтылып келеді. Халық түсінігінде, перілер көбінесе адаммен сипаттас, сондықтан да қасиетті адамдар перілерге үйленеді. Перілер де адамдар сияқты, туады, өледі. Перілердің адамға зияны тиетін оқиғалар да фольклорда жиі кездеседі. «Перінің салқыны тиген», «Пері соғып кеткен» деген сөздер осы наным негізінде шыққан болуы ықтимал. Біздің заманымызға жеткен әпсаналарға сүйенетін болсақ, перілер де мұсылман, кәпір болып бөлінеді. Мұсылмандарға көп зияны тиетін - кәпір перілер.

Баба-Ғұмар әулиенің көзі тиген қыз жүкті болып, Баба түкті шашты Әзіз дүниеге келеді. Бұл жерде магиялық күшке сену (көз тигеннен жүкті болу), сиқырлы ие туралы наным-сенім (баланың ғайыптан жаратылуы) көрінеді.

Фольклорлық мұраларда да көп кездесетін бейне – осы Баба түкті шашты Әзіз. Ол – батырлардың пірі, әулие. Жаратылысы ерекше адамдардың өмірге келуінің өзінде құпия сыр бар деген ұғым олардың туысын өзгеше етіп баяндаудан анық көрінеді.

«Алпамыс» жырында Байбөрі мен Аналыққа, Алпамысқа камқор болған құдіретті күш иелері - Тәңірі, Баба түкті Шашты Әзіз, Ғайып ерен кырық шілтен үнемі басы-қасында болып, қолдау көрсетіп отырады. Тәңірі мен Ғайып ерен кырық шілтен «Алпамыс» жырында сирек кездесетін мифтік образ болса, Баба түкті Шашты Әзіз - Алпамысты дүниеге келген уақыттан бастап, өз еліне аман-есен келгенше желеп-жебеп жүретін құдірет иесі [2,172].

«Алпамыс батыр» жырының бір нұсқасына көз жүгірте кетелік:

Сол арада Байбөрі тыныштық көңілі тіледі.

Су ішкелі бұрылып бұлаққа таман жүреді.

Қатарынан өткізбей иіліп келіп ақ шеңгел етегінен іледі.

Ырым қып іші сүйініп миығынан күледі.

Бұл жерге келіп орнаған,

Көпке мағлұм болмаған,

Баба түкті Шашты Әзіз білсеңіздер бұл еді.

Өзбек пенен қазақтың қысылған жерде жар болған

Ақиқат кәміл пірі еді.

Енді өлемін дегенде,

Бейшара шалға кез болып,

Етегінен бұрап ап,

Жібермей тартып тұр еді.

«...Бағзы заманда Баба Ғұмар деген кісі әулиелік қылып жүрген шағында бір қызға көзі түсіпті. Баба Ғұмардың көзі түскен қыз құдайдың құдіретімен жүкті болып қалады да, ұл туады. Ұлына Баба

түкті Шашты Өзіз деп ат қояды».

Серікбол Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» еңбегіндегі мәтінде: «Бір күні Баба түкті Шашты Өзіз Жылыбұлақ басында қой бағып жүріп үш пері қызды көреді. Олар аққу құс кейпінде бұлаққа ұшып келіп, құс киімдерін шешіп тастап, сұлу ару келбетінде шомылып жатқан. Оны көрген Шашты Өзіз бірінің киімін тығып қойып, оны өзіне әйел болуға көндіреді. Қыз күйеуге шығар алдында үш шарт қояды: бірінші – аяқ киімін шешкен кезде қарамау, екінші – шашы мен тырнағына қарамау, үшінші – қолтығына қарамау, жігіт бір күні шартты бұзады, қыз аққуға айналып ұшып кетеді, артынан іште қалған баланы әкеліп тастап кетеді. Бұл бала кейін Едіге деген (Парпария) атпен белгілі болған», - деп берілген[3, 265].

Халық арасында кең тараған мынадай да мәтін бар: «Баба түкті Шашты Өзіз де жиырма бес жасқа келгенде әулиелік жолға түседі. Бір күні ол Ағұн (бұл кейде Ніл дариясы деп те айтылады. Ағынды өзені болса керек) дариясының жағасынан алтын шашын алдына алын тарап отырған аруды көреді. Баба түкті Шашты Өзізді байқап қалған қыз дереу терең суға шомып кетеді. Оның артынан әулие де суға сүңгиді.

Дарияның түбінде қаз-қатар тігілген алпыс отау бар екен. Баба түкті Шашты Өзіз алпыс ақ отауды аралап жүріп, әлгі ару қызды тауып алады. Ол ай десе аузы, күн десе көзі бар, үстінен жұпар аңқыған, бұлықсып бойжеткен пері қызы екен. Баба түкті Шашты Өзіз қызды көріп көңілі тояды. Оны өзіне де қымай, келген жерінен кері қайтып кеткісі келеді. Бірақ перінің қызы әулиенің етегінен тартып жібермейді. Ол: «Егер мені алып кетсең, он бестегі күнәмді мойныңа жүктеймін!» - дейді. Баба түкті Шашты Өзіз: «Олай болса мен сені алайын», - дейді келісіп. Екеуі үйленіп, некесін қидырады. Некелескен күні періштенің қызы Баба түкті Шашты Өзізге: «Мен етігімді шешкенде, аяғыма қарамайсың; көйлегімді шешкенде, қолтығыма қарамайсың; басымды жуғанда, шашыма қарамайсың», - деп шарт қояды.

Күндердің күнінде Баба түкті Шашты Өзіз әйелінің етігін шешкенде, аяғын көреді - ол ешкі тұяқты екен; көйлегін шешкенде, қолтығына қарайды - қолтығының астында өкпе тәрізденіп қанат көрініп тұрады; шашын жуғанда, бас терісін сыпырып алдына алып жуады екен. Мұны сезіп қойған әйелі: «Әулие, шарт бұзылды, мен енді сенің қасыңнан кетемін. Ішімде алты айлық ұлың бар. Мені енді іздегенмен таппайсың. Балаңды Ағұн дариясының жағасындағы Құмкент шаһарының маңына тастап кетемін. Өзің іздеп тауып аларсың», - дейді. Осыны айтады да, перінің қызы аспанға ұшып кете барады.

Баба түкті Шашты Өзіз пері қызынан туған перзентін іздеп, Ағұн дариясының жағасындағы Құмкент шаһарына келеді. Шаһар маңынан жібек жөргөкке ораулы баласын тауып алады. Баласына Едіге деп ат қойып, оны бағып-қағып өсіреді.

Әкелік қарызынан құтылған Баба түкті Шашты Өзіз баласы Едігені ер жеткен соң Ноғайлы жұртының ханы Тоқтамысқа әкеп табыстайды да, ел-жұрттың алдында көзден ғайып болады...» - деген аңызды Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай өзінің Тіл ұшындағы тарих («Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы») еңбегінде атап өтеді.

Ал Баба түкті Шашты Өзіз болса, өзінің дүниеге келуі - Тәңірдің қалауымен болған іс. Өз әкесі Баба Ғұмар қарапайым қызға көзі түскеннен қыздың ішіне бала бітіп, Баба түкті Шашты Өзіз туса, Зевстенің қалауымен Оксанида Метиданы кішірейтіп жұтып қойған соң, Афина дүниеге келеді. Бұл В.М. Жирмунскийдің «партогенезис теориясы», яғни гүл іскегеннен жұтып қойып, қайта дүниеге келтіру немесе физиологиялық қатынассыз-ақ жүкті болу теориясы бойынша пайда болған тәңіриелер, құдіретті күші бар жандар.

Ресми тарихнама бұрынғы қожалардың қаламынан шыққан мұсылмандық шежіреден ауытқып кете алмаған. Ол бойынша, Баба Түкті Шашты Өзіз VIII ғасырда өмір сүрген кісі. Бір деректе оның шын аты – Баба Түклас (Баба Түктіні тарихта өмір сүрген адам – Ықлас баба деген кісі дейді, Баба Ықлас – Баба Түклас – Баба Түкті болып өзгерістің нәтижесі деп есептеледі), ал әкесінің аты Керемет Өзіз болса, екінші бір аңызда ол Ахмет Яссауидің арғы ата-бабасының бірі, үшінші бір аңызда ол Еділ-Жайыққа дейін келген кісі, одан Құтлыбек (Құттықия), ал Құтлыбектен әйгілі Едіге туған. Ал Мұрын жыраудың «Қырымның қырық батыры» жырларында Баба Түкті образының кездесуі, оның Едіге сияқты эпостық батырларға ата-баба болуы және тарихи Едіге мен тарихи ноғайлардың ортасының Маңғыстауға да қатысты болуын ескеріп, осы ұштағандық «Баба Түкті Шашты Өзіз» ноғайлы дәуірінде Маңғыстаудағы танымал киелі нысан болған деудің реті бар [4,128].

Әдебиеттер

1. Қобланов Ж. Антикалық әдебиет: Оқу құралы. Ақтау, КМТИУ, 2013. – 388 б.
2. Тоқшылықова Г. Антика әдебиетінің тарихы: жоғары оқу орын. арн. Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ. Астана, 2013. –253 б.
3. Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы.4-кітап. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2008 ж. –533 бет.
4. Қондыбай Серікбол. Гиперборея: түс көрген заман шежіресі.Толық шығармалар жинағы. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2008 ж. – 694 б.

ГЕНДЕРЛІК ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТЕГІ ГЕНДЕРЛІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ

Эльмира Буранкулова, PhD докторанты
Гүлжан Шоқым, филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

Жыныстың мәдени-әлеуметтік мәнін тұжырымдау үшін алды-мен қоғамның қатынастық құрылымын түзуші рөлдік қатынастар жүйесін интегралдық сипатта қарастырып, сол арқылы гендердің пәнаралық парадигмасын қалыптастырудың біртұтас үлгісін жасау қажет. Гендердің әлеуметтік құрылымы – ерлер мен әйелдер арасындағы әлеуметтік қатынастардың ұйымдасқан үлгісі. Оның даму негізіне: 1) гендерлік әлеуметтендіру, еңбек бөлінісі, қоғамда белгіленген гендерлік рөлдер жүйесі, т.б., 2) гендерлік сәйкестендіру жатады.

Гендерлік стратификация әлеуметтік стратификациядағы негізгі категория болып саналады және тап, нәсіл, жас тәрізді өзгер-мелі стратификациялық категориялар қатарында қарастырылады. Сонымен бірге гендер еркек пен әйелге тән белгілердің (мінез-құлықтық, ментальдік, эмоционалдық, мәдени, т.б.) қоғамдық құрылымдануын білдіретін күрделі мәдени әлеуметтік үдеріс ретінде ұғынылады. Д. А. Нечаевский жыныстың мәдени-әлеуметтік мәні белгілібір қоғамда еркек пен әйелге тән деп танылған, әлеуметтік (типтік рөлдер мен мәртебелер), табиғи, психикалық және мінез ерекшеліктерін қамтитын маскулиндік пен фемининдік дихотомия аясында тұжырымдалады дейді. Ол маскулиндік пен фемининдікті жұптық категорияларды құрайтын белгілеріне қарай екі деңгейде қарастырады. Бірінші деңгей екі факторды қамтиды: Табиғи факторлар

1) Биологиялық жыныс (морфофизиологиялық айырмашылықтар, бейімделу деңгейі, иммунитет);

2) Онтогенетикалық психикалық белгілер (ашу ыза мен эмоцияға берілгіштік деңгейі, психомоторлы (қозғалысты) реакциялар, ойлау әрекетінің ерекшеліктері, өсіп-жетілу кезеңіндегі айырмашылықтар, танылмаған, белгісіз айырым белгілер.

Мәдени-әлеуметтік факторлар

3) Гендерлік мұраттар (мұраттар мен антиидеалдар, әлеуметтендіру үдерісіндегі белгіленген сапалар, әлеуметтік бағалау өлшеуіштері);

4) Жыныстық рөл (әлеуметтік мәртебелер жүйесі, әлеуметтік рөлдер жүйесі).

Екінші деңгей: мінез-құлық– интегралдық сипат, қарым-қатынас стилі, мінез-құлық (іс-әрекет, жүріс-тұрыс), өмір сүрустилін қамтиды.

Гендердің мәртебелік рөлдік құрамын талдау үшін, алдымен әлеуметтану мен әлеуметтік лингвистиканың тірек категориялары болып саналатын тұлға, тұлғаның әлеуметтік мәртебесі мен рөл туралы негізгі тұжырымдарға тоқталған жөн.

Тұлға – әлеуметтік өзара қимыл-әрекеттер мен қатынастардың бірінші өкілі. Ал тұлға дегеннің кім екенін анықтау үшін, әуелі «адам», «жеке адам», «даралық» («индивидуалдық») деген ұғымдарды түсініп алу керек. Күнделікті өмірде және ғылымитілде бұл терминдер өте жиі кездеседі.

Басқаша айтқанда, адамның тарихи дамуының әр түрлі деңгейлеріндегі жеке алғандағы және нақтылы тарихи өзгешеліктерін көрсету үшін «жеке адам» деген ұғыммен қатар, «тұлға» деген ұғымды қолданады. Тұлға дегеніміз– жеке адам дамуының қорытындысы және мұнда барлық адамдық сапалар неғұрлым толық көрініс табады.

Тұлғаның өзіндік өзгешеліктері, саналылығы, бағалыбағдарлары мен әлеуметтік қатынастары, қоғамға қатысты бірқатар дербестіктері және өз іс-әрекеттері үшін өзінің жауапкершілігін түсіну, т.б. тұлғаның бойынан табылуға тиістіміндетті сипаттамалары болып саналады. Тұлға өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортада болып жататын әлеуметтік елеулі іс-әрекеттердің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге олардың себепшісіде болып табылады. Тұлғаның әлеуметтік мәнін ашып көрсету тұтас күйінде емес, қайта оның нақтылы көріністерін зерттейтін жекелеген қоғамдық ғылымдар үшін өте маңызды. Ал әлеуметтануда тұлға көбіне көпқоғамдық, әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде қаралады. Әлеуметтік қатынастар адамның ішкі дүниесімен қабыса отырып, айналадағы ақиқатқа деген оның тұлғалық көзқарасы ретінде көрініс табады.

А.Д. Швейцер мәртебе мен рөл ұғымдарының арақатынасын анықтай отырып, мәртебе–әлеуметтік жарыспалылықты, рөл–жағдайлық жарыспалылықты сипаттайды. Мәртебе – адамның жас мөлшерін, жынысын, белгілі бір әлеуметтік топқа қатысын білдірсе, рөл–әлеуметтік жағдайға (оның жарыспалылығына) сәйкес адамдардың өзара қарым-қатынасы дейді [1, 35].

В.И. Карасик әлеуметтік мәртебені зерттеудің бірнеше қырларын атап көрсетті [2, 8-22]:

1) Әлеуметтік-экономикалық қыры адамдардың өмір сүрустилінде көрініс беретін әлеуметтік-экономикалық стратификацияны зерттейді;

2) Әлеуметтік – өлшемдік қыры әлеуметтік топтар менхалықтарды кәсіп түрі, табыс көлемі, білімі, тұрғын үй типі, т.б. көрсеткіштер шкаласы бойынша бөліп көрсетеді;

3) Рөлдік қыры түрлі әлеуметтік рөлдердің жиынтығын сипаттайды. Әлеуметтік рөлдер адамға заң немесе басқа құқықтық актілер арқылы формалды бекітілуі мүмкін және ол көптеген моралдық тәртіп нормалары арқылы формалды емес болуы дамүмкін;

4) Алшақтық (дистанционный) қыры мәртебелердің сәйкессіздігі, әлеуметтік дәрежесі әр түрлі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы сәйкессіздікті объективті және субъективті мәртебелік бағалау (және өзін-өзі бағалау) болып табылады. Бұл ретте адамның мінез-құлқы әлеуметтік деңгейімен сәйкес келуі ескеріледі;

5) Нормативтік (бағалаушытық) қыры қоғамда беделі жоғары адамды құрметтеу мен бағалауды көрсетеді (мұны әлеуметтік иерархияға қатысты мәртебеден ажырата білу керек);

6) Этномәдени қыры түрлі мәдениеттер мен тілдерге тән мәртебелік қарым-қатынастар, дәлірек айтқанда, мәртебелік теңсіздіктің ашық (эксплициттік) немесе жасырын (имплициттік) белгілерін (қарым-қатынастық (коммуникациялық) ерекше жағдайлар, әдеп ережелері, қаратпалар, т.б.) анықтайды.

7) Динамикалық қыры мәртебенің ауысып, өзгеріп отыруы және ол филогенетикалық және онтогенетикалық тұрғыдан қарастырылады. Филогенетикалық (немесе диахрониялық) мәртебелік қарым-қатынастарды талдау әлеуметтік иерархиямен бай-ланысты қоғамдық нормалар мен мінез-құлқы ережелерінің тарихи өзгерісін бақылауға мүмкіндік береді. Онтогенетикалық мәртебе-лік қарым-қатынастарды талдау тұлғаның әлеуметтенуіне қатысты және билингвизм, социолектілер (маңызды, маңызсыз), тілдік жетіспеушілік (дефицит) феномені, т.б. мәселелерді қамтиды;

8) Типологиялық қыры әрбір адамдық қауымдастықтың дамудеңгейінде байқалатын қажетті және кездейсоқ, алғашқы және қосымша, негізгі және жанама түрдегі мәртебелер, олардың өзгермелілігі, бейтараптануы мен күшейтілуін сипаттайды. Тұлғаның мінез-құлқынан, әсіресе сөйлеу әрекетінен аталған мәртебелік белгілердің барлығын да кездестіруге болады. Соның ішінде рөлдік белгілер гендердің мәдени концепт ретінде қалыптасуының әлеуметтік тетігі болып табылады. Сонымен рөл ұғымын қалай түсінуге

болады? «Әлеуметтік рөл – бұл мінез-құлықтың нұсқасы, қоғамдық жүйедегі жәнетұлғааралық қатынастағы тұлғаның объективті берілген әлеуметтікұстанымы».

А.А. Леонтьев пікіріне сүйенсек, рөл ұғымының астарындабір-бірімен өзара байланысты, бірақ гетереогендік(әр текті) үштүрлі түсінікті аңғарамыз: 1) рөлдік күтіліс(ролевые ожиданий); 2) бейтарап рөл; 3) рөлдік мінез-құлық(ролевые поведение). Рөлдік күтіліс«ойын ережесіне» сәйкес рөлді күтеді, ал рөлдік мінез-құлықты адам өз рөлінің шеңберінде нақты орындайды [3].

У. Герхардт болса, рөлдерді мәртебелік, қалыптық (позициялық), жағдайлық деп ажыратады. Мұндай жіктелім әсіресеұлттық-мәдени салыстыруларда тілдік әлеуметтену жайын (білімімен соған сәйкес біліктілігін) зерттеу үшін тиімді. Мәртебелік рөлдер рөлдік теорияда көрсетілген «мұра болған рөлдерге» сәйкес келеді. Олар – адамның дүниеге келген сәтінен белгіленген, яғни субъектіге тәуелсіз, туғаннан сақталатын жыныстық рөлі, нәсілдік, этникалық, ұлттық, белгілі бір мемлекеттің азаматыретіндегі рөлі немесе адамның өмірлік кезеңдерімен қатар жүретін жас ерекшелігіне қарай иемденген рөлдері, сонымен бірге көп өзгермейтін, дінге, әлеуметтік топқа, тапқа қатысын білдіретін рөлдер.

Қорыта айтқанда, тілді біліктілікпен дамыту үшін тілдің әлеуметтік жіктелуі мен адамның жыныстық айырмасы арасындағы байланысты яғни гендерлік жіктелімді зерттеу керек.

Әдебиеттер

1. Швейцер А.Д. К разработке понятийного аппарата социолингви-стики// Социально-лингвистические исследования. – М., 1976. С. 31-41.
2. Карасик В.И. Культурные доминанты в языке// Языковая личность: Культурные концепты. Волгоград-Архангельск, 1996. С. 3-15.
3. Леонтьев А. А. Психология общения. Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Смысл, 1997. 365 с.

ЭПОСТАНУДЫҢ БІЛГІРІ

Рита Жұмағалиева, филология магистрі, аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

Қазақ халқының сөз өнеріндегі рухани мұрасының күрделі бір саласы – эпостық жырлар екені мәлім. Өзге халықтар секілді қазақ эпосы да өзінің ұшан-теңіз молдығымен, көркемдік-эстетикалық қуатымен, тарихи қисындылығымен ұлан-ғайыр байлығымыз болып

табылады. Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен, осынау қазынамыз елдің тілдік, халықтық тұтастығы орныққан дәуірлерде туған.

Еуразияның ұлы даласында үш мың жылдай дәурен сүрген көшпелілердің өнердегі биік мәресіе барынша айғақтайтын, халықтың өткендегі ғұмыр-тіршілігінің айнасы іспеттес эпостық дүниелеріміздің сыр-сипатын зерделеу мақсатында талай ғұламалардың елеулі еңбек еткендігі баршаға аян. Солардың бірі ретіндегі алдындағы Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағыттағы ілгері жалғастырушы ірі әдебиет зерттеушісі, түрколог Рахманқұл Бердібайды айрықша атауға тұрарлық.

Эпосты «Ел қазынасы» (1995), «Ел мұраты» (1997) деп білетін, осыдан ширек ғасыр бұрын «Қазақ эпосының» (1982) терең танымы мен шексіз көркемдік әлемін ғылыми тұрғыдан танытып, ұлттық эпостанудың өрісін «Байқалдан Балқанға дейін» (1996) өсірген, халық жырларының қасиетін зерттей отырып, өзі де туған ұлтының мақсаты мен мүддесі жолында жанын аямайтын қаһарманға айналғанын бүгінгідей мерейтойда айтуды парыз санаймыз. Ғұмырын ғылымға, соның ішінде ел әдебиетін екшелеуге арнаған зерттеуші қашан да болмасын қазақтың эпосын танытудан талмады, ұлттық сөз өнеріміздің ұлы туындысы саналатын эпостық жырлардың қадірі мен қасиетіне ғылыми мән мен мағына үстеп күллі түркі жұртына паш етті. Бұл сөзімізге ғалымының әр жылдарда түрлі халықаралық деңгейдегі ғылыми конференциялар мен симпозиумдарда жасаған эпос туралы баяндамалары дәлел бола алады. Атап айтсақ, 1978 жылы Қазан және Уфада өткен ғылыми-теориялық конференцияларда «Қазақ-башқұрт фольклорлық байланыстары» жөнінде, 1980 жылы Бүкілодақтық үшінші түркологиялық конференцияда (Ташкент) «Әуезов және фольклортану» деген тақырыпта, 1981 жылы Кишенев қаласында өткен фольклорлық мұралар басылымдары мәселесіне арналған ғылыми-теориялық конференцияға қатысуы, 1985 жылы Бүкілодақтық төртінші түркологиялық конференцияда (Ашхабад) «Эпостың тарихилығы» туралы, 1989 жылы Бүкілодақтық бесінші түркология конференциясында (Фрунзе) «Манас және эпикалық дәстүр» деген тақырыпта, 1995 жылы «Манас» эпосының 1000 жылдығына арналған халықаралық конференцияда «Түркі халықтары эпосындағы ортақ сарындар» туралы, 1996 жылы «Әмір-Темір және әлем тарихының мәселелері» деген халықаралық симпозиумда «Әмір-Темірдің фольклор мен әдебиеттегі бейнесі» деген баяндамалар жасауы (Қазақстан ғалымдарының библиографиясы, 1998, 7-10 бб.). Біздің бұдан шығаратын қорытындымыз туыстас елдер, жалпы дүние

жүзі көп ретте қазақ эпосының табиғатын ғалым Р.Бердібайдың ғылыми тұжырымдары арқылы таныды.

Эпосқа «Эпос – болғанның көшірмесі емес, болуға тиісті арман, үміт, құбылыстарды, тарихи оқиғаларды халықтың өзінше түсініп, бағалауының көрсеткіші» (Бердібай, 2005, 54-б.), - деп анықтама беретін академик Р.Бердібайдың эпостануға әкелген ең маңызды ғылыми жаңалығы – қазақтың эпостық туындыларын жанрлық-стадиялық тұрғыдан төрт топқа (архаикалық, қаһармандық, ғашықтық (романдық), тарихи) жүйелеуі екендігін оның ізін басқан ғалым інілері жиі жазып жүр (Ыбыраев, Қорғанбеков, 20004, 173-б.). Көрсетілген жүйедегі қазақ эпосының ерекше бір түрі ол – батырлық жырлар екендігі мәлім. Академик Рахманқұл Бердібай, біріншіден, эпосқа қатысты өз зерттеу еңбектерінде батырлық жырларды, соның ішінде «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» сияқты батырлық жырларды қаһармандық эпос деп атауды ұсынды: «Қазақ фольклорын зерттеу еңбектерінде эпостың бұл түрі көбінесе «батырлар жыры», «батырлық эпос» деп аталады. Мұндай дәстүрлі терминдермен қатар «қаһармандық эпос» деген атауды да қолдануды орынды деп санаймыз. Оның себебі мынада: орысша жазылған фольклористикалық еңбектерде «богатырская сказка», «героический эпос» деген ұғымдардың бірыңғай «батырлық» сөзімен аударылуы олардың арасындағы кейбір түбегейлі айырмашылықтарды әрдайым толық бейнелей алмаса керек. Сол үшін «богатырская сказканы» «батырлық ертегі», «героический эпосты» «қаһармандық эпос» деп атағанды жөн көрдік» (Бердібай, 2005, 92-б.) дейді. Ғалымның батырлық жыр терминінің синонимі ретінде қаһармандық эпос деген атауды ұсынуының өзі оның эпос табиғатын қаншалықты кең мағынада түсінетінін, елін қорғаған ердің жұрт жүрегінің төрінен орын алып, көз алдында қаймықпас қаһарманға айналғанын анық таныған терең зерттеуші екенін көрсетеді. Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын сөз жоқ батыр, халық оларды батыр болғасын жауды шабуға жібереді, ал талай жылдар тыным бермей, халықтың көз жасын сорғалатқан жағымсыз дұшпаннан кек қайтарып, оның басын кесіп, қанын судай сапырып келген Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын елге оралғаннан кейін ақталған сенімнің символы ретінде қаһарманға айналып шыға келеді. Белгілі эпостанушының батырлық жырлар деумен қатар қаһармандық эпос деп атауды жөн көріп отырған себебі осы деп білеміз.

Сонымен қатар зерттеуші Р.Бердібай өз зерттеу еңбегінде кең байтақ қазақ жеріне анағұрлым танымал «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» секілді қаһармандық

эпостардың жалпы бітімінде классикалық батырлар жырына тән өрнектердің толығырақ байқалатынын атап өтеді (Бердібай, 2005, 94-б.).

Ғалым Р.Бердібайдың қазақтың қаһармандық эпосын зерттеуге арналған еңбектерінің ең негізгі құндылықтарының бірі зерттеушінің тек қана батырлық жырларға ғана тән эпостық модель жасап шығаруы десек қателеспейміз. Академиктің «Қаһармандық эпос» деп аталатын ғылыми мақаласында эпостық моделдің барлық кезеңдері (бөлшектері деп те айтуға болады) жүйеленеді. Ең әуелі батырлық жырдың басты қаһарманының дүниеге келуі, өмір есігін ашуы дегенге ғалым әлем танытын «Алпамыс батыр» жыры бойынша Байбөрі мен Аналықтың перзент аңсауын төмендегідей жүйе бойынша көрсетеді: 1. Баласыздық зары. 2. Жебеуші «күштерге» жалбарыну. 3. Өзірет сұлтанға бала тілеп аттану. 4. Әулиеге түнеу, садақа үлестіру. 5. Баба түкті шашты Өзиз әулиеге сапар шегу. 6. Намаз оқып, мінәжат ету. 7. Таңсәріде ақ сәлделі, қолында асасы бар диуана келіп, бұларға бір ұл, бір қыздарың болады деп аян беруі. 8. Аналықтың қабылан етіне жерік болуы. 9. Алпамыстың дүниеге келуі. 10. Ұлан-асыр той жасалуы... (Бердібай, 2005, 100-б.). Қаһармандық жырлардың басты кейіпкері болашақ жүрек жұтқан батырдың өмірге келу жүйесі қай эпоста болмасын аталғандай кезеңдерден тұрады. Ешбір қаһармандық жыр көрсетілген модельден ауытқымайды, басталғанда батыр дүние есігін ашып қойған қазақта эпос жоқ деуге болады. Өйткені көрсетілгендей ғажайып туысқа ие нәрестеден ғана келешекте ел қамын ойлап, жұрты ұшын жанын аямай жауға шабатын батыр шығатынына халық кәміл сенген. Болашақ батырдың ғажайып туысқа ие болуы сияқты сарынның қазақтан басқа түркі, моңғол тілдес басқа халықтардың эпосында да жиі кездесетініне зерттеуші ерекше мән береді. Сонымен қатар Р.Бердібай батырдың ерекше жағдайда өмірге келуі барлық жырда түгел тізіліп, жүйелі баяндала бермейтінін, оның себебі жырдың айтылу дәстүріне, варианттылығына, не қысқарып, не ұлғайып отыратын табиғатына байланысты екенін де ескертеді (Бердібай, 2005, 101-б.).

Жұртына қорған болып, елі үшін ереуіл атқа ер салатын батыр халық арманының ең биік төрінен орын алады. Алпамыс пен Қобыландының тарихта жасап-жасасауы эпос тудырушы халық үшін ең басты мәселе емес, ең негізгі эпосқа тән ойдың өзегі – жұрт жүрегінен жауды жеңген батырдың мәңгілік орын тебуі. Ғалым А.Н.Веселовскийде осы мәселеге қатысты мынадай бір пікір бар: «Эпический Владимир мог с самого зарождения эпоса отличаться от Владимира исторического» (Веселовский, 1975, 300-б.). Айтайын деп

отырғанымыз қаһармандық эпостағы болашақ батырдың ерекше кейіпте ер жетуі эпостық модельдің екінші кезеңіне жатады десек, зерттеуші Р.Бердібай бұл құбылыстың да кездейсоқ емес екендігін, эпикалық идеалдандырудың заңды сатысы болатын көрсетеді де жарқын мысал ретінде «Қобыланды батыр» жырынан үзінді келтіреді:

...Алты жасқа келгенде
Арыстан туған Қобылан –
Қазынадан қамқа киеді.
Өзімнің еншім болсын деп,
Тобылғы меңді торы атты,
Енші қылып мінеді.
Қобыландының тілегін
Бүкіл қыпшақ тіледі.
Қайыры көп халқына,
Енді түсіп салтына,
Таулар күйіп, тас жанған
Алты жасар баланың
Елбеңдеген зарпына.
Өзі алты жасында
Қаршығасы қолында
Тазысы ерткен соңында... (Бердібай, 2005, 102-б.).

Қаһармандық эпостың басты қаһарманы батыр, сөз жоқ, алып күштің, таусылмас қайраттың, көзсіз ерліктің, темірдей қатты табандылық пен болаттай мықты жасымас жігердің иесі екені бәрімізге мәлім. Бірақ аталған тау қопарар белгілердің барлығын бір – ақ орап алатын, солармен иық тіресіп тең тұра алатын тағы бір батыр үшін өте қажет қасиет бар ол – ақылдылық. Халқымыз «Ақыл жастан, қына тастан» дей тұрса да, нағыз ақылдың кені деп өмірден түйгені көп, тіршіліктен ұққаны мол, жақсының байыбына бара алатын, жаманның түбін ажырата алатын көне көз қарияларды санаған. Халық тәжірибесінің бір де бірі эпос тудыруда шет қалмайды. Сондықтан шығар қаһармандық эпос жасауда халық қабырғасы қатып, бұғанасы бекіп жауға аттанатын батырды ақылмен суаруға қарт дананың алдына апарды. Эпостық моделдің үшінші кезеңі, батырдың өзіне серік тұлпар таңдауына байланысты өз ойын зерттеуші Рахманқұл Бердібай былай өрбітеді: «Бұлар елдің тірегі, өскелең ерлерге өздері білген өмір тәжірибесін үйретеді, қауіптен сақтандырады. ... «Қобыланды батыр» жырында мұндай ақылгөй Естеміс жылқышы бейнесінде берілген. Ол Қобыландыға ат таңдап қана қоймайды, аңшылыққа, мергендікке баулиды:

... Қобыландыны барған соң,
Естеміс ерін баулыды.
Күнде киік аулайды,
Кездесе жауын жаулайды,
Жылқыда жатып Қобыланды,
Екпіні оттай қаулайды,
Қаршығасы қолында,
Кұмай тазы соңында,
Көрсө киік аулайды... (Бердібай, 2005, 104-б.).

Қаһармандық эпос моделіне ғана тән тағы бір кезең – ол бәрімізге белгілі ер жүрек батырдың өзіне серік боларлық тумысы бөлек, жаратылысы алабөтен ат іздеуі. Тұлпар ат эпостағы батырдың нағыз жан серігі, көмекшісі, дана кеңесшісі дәрежесіне дейін көтеріледі. Қазақ фольклорындағы Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Ер Тарғынның Тарлан аты, Қамбардың Қара қасқа аты, Кендебайдың Керкұласы, одан кейінірек Исатайдың Ақтабаны, Ақан серінің Құлагері, т.б. Сол сияқты «Манастағы» Ақ құла, армян эпостарындағы Аранзал, испан ерлік эпостарындағы Сиидтің Бабьекасы, француз батырлық жырларындағы Ролландтың Вельянтифі, одан ертерек көне грек мифологиясындағы Агамемнонның Эфасы, Гектордың Эфоны, т.б. Ғалым Р.Бердібай қазақ қаһармандық жырларындағы батырдың тұлпарын киелі жануар есебінде тани келе, мынадай белгілерді екшеп шығады:

1. Ұшқан құстан озатын ересен жүйріктігі;
2. Алыс жолға алқынбай жететін қайрат, төзімділігі;
3. Батырдың мінезі мен тілегін сезіп отыратын, дұшпанның арам пиғылын танитын естілігі;
4. Қысылтаяң тұстарда «тіл бітіп» сөйлеп, батырға ақыл-кеңес беретіндігі;
5. Сын сағаттарда түсін өзгерте алатын сиқырлы өнері болатыны;
6. Жау келе жатқанын күн ілгері сезіп, иесіне қауіпті білдіретіндігі;
7. Батыр мерт болса, денесін далада қалдырмай, еліне алып келетін опалылығы (Бердібай, 2005, 107-б.).

Қазақ батырлық эпосындағы ең көркем ат бейнесі, ол, әрине, Қобыландының Тайбурылы:

Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады,
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл

Жын қаққанға ұқсады.
Құлан менен құлжаның
Ұзатпай алдын тосады.
Көл жағалай отырған
Көкқұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша
Белінен басып асады (Бердібай, 2005, 108-б.).

Ғалым Р.Бердібайдың эпосқа қатысты тұжырымдарында мынадай бір пікір бар: «Эпостың құрылысы көп өрнекті, мол әшекейлі, қабырғасы берік қаланған, сан түрлі заттық бөлшектерден құралған көркем де тұтас ғимаратқа ұқсайды» (Бердібай, 2005, 74-б.). Берілген ғылыми көзқарас арқылы біз қаһармандық эпос моделінің ендігі кезеңі – батырдың өзіне өмірлік жар таңдап, үйленуі, қаһармандық үйлену туралы сөз қозғағымыз келеді. Елдің арқа сүйер тірегіне айналған қаһарманның үйлену тойы да ерекше жағдайда өтеді. Біріншіден, қалыңдық қай жырада да өзінің асқан сұлулығымен, өзгеге ұқсамайтын ақылдылығымен, жас та болса өмірлік тәжірибесінің молдылығымен дараланады. Алпамыстың Гүлбаршынын, Қобыландының Құртқасын, Ер Тарғынның Ақжүнісін, Қамбардың Назымын халық биік талғаммен, жоғары парасатпен сомдаған. Р.Бердібай бұл хақында өз ойын былай өрбітеді: «Халықтың эпикалық санасы әйелдің отбасындағы, қоғамдағы орнын лайықты бағалай біледі, батырлардың сүйген жарларын өздеріне тең, айрықша парасат иесі, ел мүддесін кең ойлауға қабілетті, алдағыны болжай білетін, қиын-қыстау кездерде айнымайтын, сүйгені, қосағы жолында басын өлімге де қиюға әзір жандар етіп сипаттайды. Бұлар рудың, елдің бүтіндігіне септесетін дана аналар болып та елес береді» (Бердібай, 2005, 109-б.). Сүйкімді тұлпары астында, адал жары қасында, сүйікті жұрты жанында жүрген қаһарманның алға қойған мақсаты, атқаратын міндеті елдің өзіне артқан сенімін ақтау, халқын жаудан қорғау болып саналады.

Қазақтың қаһармандық эпосын жоғарыда көрсетілгендей ғылыми талғаммен таныған білікті зерттеуші Р.Бердібайдың соны көзқарастары, самақты пікірлері бұнымен шектелмейді. Ұлттық эпостанудан ешқашан мәнін жоймайтын құнды ғылыми еңбектерімен өзіндік орнын ойып тұрып алған ғалымның қазақ эпосын жалпы түркілік таным тұрғысынан пайымдауы да өзіне ғана тән дара ерекшелік екенін болашақта ескереміз. Эпос халықтың мәңгілік арманының көркемдік көрінісі болса, ал оны зерттеген ғалым Рахманқұл Бердібай өз жұртының шынайы махаббатына бөленген бітімі бөлек, тұлғасы алабөтен азамат екенін ең бастысы елі біледі.

Әдебиеттер

1.Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос – ел қазынасы. Бірінші том. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 464 бет.

2.Веселовский А.Н. Из лекций А.Н.Веселовского по истории эпоса (публикация В.М.Гацака). – Москва, 1975. –376 с.

3.Қазақстан ғалымдарының библиографиясы. Рахманқұл Бердібай (Құрастырушылар: Қорабай С., Жақанова Д.). – Алматы: «Ғылым»,1998.

4.Ыбыраев Ш. Эпос зерттеушісі; Қорғанбеков Б. Қазақ эпостануының сарабдал сардары \ Ғалым мұраты: ҚР ҰҒА академигі Р.Бердібайдың 75 жылдығына арналған конференция материалдары, Түркістан, 1 қараша 2002 ж. – Түркістан – 2004. – 271 б.

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДИСКУРС ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Нүргүл Құлтанбаева, PhD докторанты
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Қазіргі қазақ тіл білімі бүгінгі күні әлемдік тіл біліміндегі жаңа бағыттағы зерттеулермен толықтырыла бастады. Дәстүрлі құрылымдық аспектідегі зерттеулермен қоса лингвомәдени-танымдық, әлеуметтанымдық, этнотанымдық, когнитивтік деп аталатын жаңа бағыттағы зерттеу жұмыстарымен толығырақ түсуде. Дәл осындай бағыттағы ғылыми- теориялық жаңа бетбұрыстар қазақ лингвистикасында да ерекше орын алады және әрбір халық, әрбір ұлт секілді қазақ халқының ұлттық, рухани, тарихи құндылықтарына ерекше ынтамен қарауына негіз болып отыр. Осындай зерттеулердің бірі – қазақ тіл білімінде жаңа бағыттарда, жалпы тіл біліміндегі зерттеу еңбектерінде шығарма тілін талдау, оны антропоэктілік парадигмада қарастыру мен тілдік тұлға мәселесіне қатысты ғылыми тұжырымдар жасау.

Қазіргі антропоэктілік тілтанымның ең негізгі бағыттарының бірі – ғаламның тілдік бейнесі мен оның жеке үзіктерін, яғни сыртқы болмыстың халық тіліндегі көріністерін зерттеу болып табылатыны белгілі. Тілді ғаламның айнасы іспетті қабылдатқан В. фон Гумбольдттың тілдің ішкі формасы жайындағы идеясы қазіргі таңда тіл білімінде ұлттық діл және оның түрлі берілу формаларын зерттеуде қарқынды даму басымдылығына ие екені де сөзсіз. Бұл, өз кезегінде, қазақ мәдениетіне тән дәстүрлі рухани құндылықтарды айқындайтын тілдік жүйелердің жеке бөлімдері ерекшеліктері зерттелуімен түсіндіріледі және оған, ең алдымен, қазақтың фольклор жанры

тікелей қатысты деп санаймыз. Өйткені халықтың, этностың рухани құндылықтарын айғақтайтын ең басты дүниетанымы тілдік құндылықтар арқылы көрініс беретінісөзсіз [1, 7-б].

Қазақ халқының көне мәдени мұрасы болып саналатын фольклорлық шығармалардың тілдік тұрғыдан әлі де толық қарастырылмаған қырларыбар. Қазіргі кезде когнитивтік тіл білімінде тіл мен ойдың, тіл мен танымның арақатынасы адамның танымдық тәжірибиесінің көрінісі ретінде қарастырылады. Ғылыми ізденіс нәтижесінде қол жеткізген ғылыми-теориялық тұжырымдар қазақ тіл білімі теориясының этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, дискурсология, лексикология салаларын теориялық тұрғыдан одан әрі байыта түседі. Көне тарихи маңызды фольклорлық шығармалардың тарихи қолданысының теориялық материалдары тек қазақ тіл білімі ғана емес, басқа түркі тілдерінің тіл тарихы салалары мәселелерін шешуге бағыт-бағдар беретін теориялық нұсқау бола алады деп ойлаймыз.

Адам танымының алғашқы көрінісі фольклорлық шығармаларда сақталған. Ғаламның тілдегі бейнесін жан- жақты қарастырауда фольклорлық шығармаларды этномәдени, танымдық тұрғыдан талдаудың маңызы ерекше. Басқа да тілдік бірліктер тәрізді оларды да танымдық модель қалыптастырушы таңба, ақиқат дүниенің көрінісін белгілейтін нысандар деп ұғамыз. Тілдік бірліктер арқылы таңбаланған фольклорлық шығармалар тарихи-этнографиялық, танымдық, символдық т.б. белгілермен ерекшеленеді. Мысалы, ертегілердегі Батыр, махаббат пен зұлымдық, мыстан кемпір, түрлі дүлей күштер, т.б.

Ақиқат болмысты әр ұлт, әр этнос өзінше таниды. Өзінше таниды дегеніміз – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ойлау ерекшелігі, дүниетанымы, санасы, психологиясы т.б. әр халықтың өзіне ғана тән қабылдау стереотиптерін қалыптастырады. Сондықтан да әр ұлт өз тілінде дүние, қоршаған орта туралы түсініктерді түрлі тілдік деректер арқылы беріп, ұлт ерекшеліктерінің негізін құрайтын қабылдау мен категориялау, концептуалдау ұғымдарының лингвомәдениеттанымдық, когнитивтік тұрғыдан жете талдануын қажеттеді.

Олай болса, біз мақаламызда одан әрі фольклордың ерекше мол, кең тараған түрі – ертегі жанрының дискурсына тоқталамыз. Жалпы дискурс термині туралы айтар болсақ, бұл термин дара термин ретінде алғаш рет XX ғасырдың 50-жылдары Э. Бенфенист еңбегінде «сөйлеуші тарапынан айтылатын сөз (речь)» ретінде, ал американдық ғалым А.Харрис 1952 жылы жарнама мәселесіне арналған

мақаласында сөз еткен болатын. Осы кезеңде Ю.Хабермас та дискурс мәселесін қозғап, дискурсты қарым-қатынастың ерекше түрі, арнайы диалог деп түсінген. Қазақ тіл білімінде дискурсқа түрлі анықтамалар беріліп жүр. Солардың бірі ретінде келесі түсінікті алсақ, дискурс – адамға тән әрекеттің бір түрі. Ол мәтінмен тығыз байланысты, бірақ бір емес. Дискурс – шынайы өмірде нақты бір коммуниканттар арасында, нақты бір уақытта, белгілі бір орында орындалған сөйлеу әрекеті» [2,45-6] деп түсіндіріледі. Дискурс ұғымы ғалымдардың пікірінше лингвистикалық, философиялық, әдеби-теориялық, саяси, этнологиялық, педагогикалық, тарихи, медиалық, психологиялық зерттеулерде түрлі феномендерді сипаттаушы көпмағыналы, көпәспектiлi ұғым ретiнде танылған.

Ғалым Қ.Күдерина «... дискурстың айқын танылатын тұсы– ауызша коммуникация» деп, қазақ ауызша дискурсының заманға сай ерекшеліктерін және ұлттық ерекшеліктеріне тоқталады. Түрлі мысалдар арқылы қазақ дискурсының табиғаты ертеде қалыптасқанын дәлелдейді. Сондай ерте қалыптасқан сөйлеу әрекетінің бір дәлелі – халық ауыз әдебиеті. Егер дискурс ауызша сөйлеу әрекеті деп ұғар болсақ, онда ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа ауызша тараған шынайы дискурстың көрінісі фольклорлық жанрда болуы заңдылық деп есептейміз. Бұл сонау ескі замандардан бастап туындап, соңы беріге шейін болған көш-керуен ұзақ дәуірлердің кезеңдерінде туған, өсіп көбейген мол дүние деп айтуға болады. Онда сонау сақтар заманы мен ғұндар кезіндегі көріністер мен Ескендір Зұлқарнайнның (Александр Македонский) шапқыншылығынан бастап, қыпшақ мемлекеттігі дәуірі, моңғолдар жорығының тұсынан айтылып келген әңгімелер көп. «Қазақ атты ел құрылмастан бұрын, мұсылманшылық кірместен алдын ескі руларға түгел ортақ болған ертекертер бар. Дүниетану, дінге нану шамасы шаманизм, буддизм бағытында болған немесе ескі иран, үнді діндерінің әсерінде болған кездерде шыққан ертекертер де бар тәрізді. Одан беріде араб-иран мәдениетінің дін арқылы тарап сіңген мол топтары тағы бар» деп жазады М.Әуезов қазақ ертегілерін зерттей келе [3,6].

Кез-келген фольклорлық жанр дәстүр бойынша ауызша ұрпақтан ұрпаққа таралып отырады. Ауызша таралу барысында олардың мазмұны айтушысына байланысты орындау барысында өзгеріп түрлене береді. Кеңістікте сөздік қарым- қатынас тең түпнұсқалық жазбаға түспейінше ертегіні орындау барысында түрі өзгеріп кетіп отырады. Сондықтан фольклорлық шығармаларға тән үлкен бір ерекшелік олардың көп нұсқалы болуында. Ертегі дискурсына қатысушылар: баяндаушылар, тыңдаушылар, бертін келе баспа ісіне

басушылар, терушілер болып табылады. Ақпаратты тасымалдаушы түрі негізінде қазіргі дискурстың түрлері анықталады: радиоқабылдағыш, баспа дискурсы, телефонмен әңгімелесі, пейджер, автоответчик көмегімен сөйлесу, электронды поштамен хат жазысу, т.б. Барлық дискурстың түрлері өзіндік ерекшеліктерге ие, қазіргі дискурстық талдау саласында белсенді айналысатын зерттеулер бар. Ертегі жазылған, айтушы оны оқып берген болса да, авторы болған, мәтінде нақты тарихтың мерзімі көрінген, сондықтан жазылған ертегі мәтіні қайталанбайды және бірігей.

Мәтін – дискурс туындысы. Ол белгілі бір коммуникативтік жағдайда коммуникацияға қатысушылардың қажеттілігіне сай тілде орналасқан мәтіндерді қажетінше пайдалана отырып туындаған дискурс нәтижесі. Сондықтан да мәтінде әр интерактивті қатысушылардың тілдік тұлға ретіндегі құрылымы көрініс табады. Ал көркем мәтін ол туынды. Жеке бір автордың өзінің тілдік тұлғасының негізінде туындаған ондаған не одан да көп тілдік тұлғалардың әрекеттесуін таңбалаған туынды мәтін. Ол бір сана нәтижесінде туатындықтан, оны сол сана иесі өз қалауынша ғана құрмайды, өз оқырмандарына бағыттай құрады. Бағыттауында автордың ұстанатыны – өзінің негізгі айтқысы келген ой түйіні. Ал ол түйін автор өмір сүріп отырған заманы мен қоғамына лайықталады. Сол икемделуде алдыңғы тілдік туындылар, алдыңғы ұрпақ дискурс нәтижелері «мәтін кітапханалары» кәдеге жаратылады. Сондықтан да туынды мәтін авторы біреу болғанымен, ондағы туылған тілдік тұлға дискурсында шындық бейнесі немесе әлемнің тілдік бейнесі көрініс табады да, ол тек жазушының дүние танымы ретінде ғана емес, ол тасымалдаған тілдің иесі – халықтың дүниетанымының бөлшегі болады [4,81б].

Олай болса, ертегі бір жағынан әлемнің жетілмеген, фольклорлық, мифологиялық бейнесі, екінші жағынан концептуалдық бейнесі болып табылады. Бір немесе бірнеше авторы бар көркем шығарма жеке авторлық әлем бейнесіне негізделеді, алайда ертегі дискурсы мен көркем дискурсты жекелеген ұқсас концептілер байланыстырады. Мысалы, «...В мировой литературе существует масса примеров, когда тот или иной вариант сказки был художественно обработан (либо сюжет являлся вымыслом повествователя): А.С. Пушкин, П.П. Ершов, Ш. Перро, братья Гримм, Э. Гофман, Г.Х.Андерсен. Так или иначе, возможность слияния в сказке мифологического и поэтического, объективного и субъективного начал позволяет не только рассматривать её неотделимо от духовной культуры народа, но и учитывать вероятность наличия в ней художественного компонента:

фольклор переходит из уст в уста, однако в коллективном творчестве каждый из сказителей вносит свою лепту в создание произведения» [4, 87].

«Жалпы ауызша сөздің жазбаша сөзден айырмашылығы– ауызша сөз уақыт пен кеністікке қаттырақ тәуелді. Белгілі бір уақыт кезеңінде, белгілі бір жағдаяттық ортада сөйленген сөз басқа уақыт шегі мен шеңберінде дәл алдыңғыдай актуальді бола алмайды. Және сол кезеңдегідей түсінікті қабылданбайды(уақыт өткенде ол ақпараттың эмотивтілігі бәсеңдейді). Енді бұл ойымызға адамды қоссақ, алдыңғы буынның сөзі кейінгі жас буынға буынға түсінікті, күлкілі немесе қайғылы болып көрінбейтіні шығады» деп Қ.Күдерина көрсеткендей қазақ ертегілерін бастауда қолданылатын мына тіркестерге назар аударсақ. «Бар екен де жоқ екен, аш екен де тоқ екен...», «Ерте-ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен...», «баяғы өткен заманда, дін-мұсылман аманда...» немесе «баяғыда бір кемпір мен шал болыпты», «баяғыда бір бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты, бір перзентке зар болыпты...» деп басталатын тіркестер өте ескі заманда болған уақиға екендігінен хабар беріп тұр. Қазіргі жас балаға бұл сөздер, яғни, төрт түлік, қырғауыл, аш-тоқ сөздерінің мағынасы мүлдем түсініксіз болар еді. Мысал ретінде орыстың «Жеті лак» ертегін тыңдаған бес жасар қыз бала ертегі желісін өз түсінігінде былайша баяндап отыр: *Лақтардың мамасы балаларына есікті ешкімге ашпаңдар деп кетеді де, өзі магазинге барып, майонез, той бокс алады.* Адамзат тіршілігінде ата тіл мен бала дискурсының арасындағы «кедергі» уақытқа байланысты осылай туындайтынын көруге болады.

Ал алдыңғы мәтіндерден ертедегі қазақ халқының мал шаруашылығымен айналысқандығы, ел қорғаған батырлардың астындағы атының мықты болуы, т.б. тұрмыс салтынан хабар береді.

Фольклорлық дискурсты тұрмыстық дискурс ретінде қарайтын болсақ, сөздің ұзына бойына экспрессиялық өң беретін эмотивті элементтерге тұрмыстық дискурс өте бай [5, 157-6]. Сол себепті ертегі дискурсында да перифраз, аллюзия, эллиipsis, гипербола, литота, градация, антитеза т.б. риторикалық фигуралар жиі кездеседі. Мысалы, батыр боп туған баланың ай сайын емес, күн сайын, күн сайын сағат сайын өсу, «темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалды» деп күшірейте суреттеу осының дәлелі бола алады. Ертегі дискурсында кейбір грамматикалық тұлғалардың мағынасы жалпы тілдік мағынасына сай келе бермейді, яғни сөз тұлғасын өзгерту прагматикалық мақсаттан туындаған сөз қолданыстары кездеседі. Мысалы, «Алтын сақа» ертегісіндегі бала мен мыстан кемпір

арасындағы диалогті алайық:

- «шеше, асығымды алып беріңізші»,
- «Балам, мен отырсам тұра алмаймын, тұрсам отыра алмаймын» деген жауаптағы мыстан кемпірдің кәрі адаманың отырып тұруы қиындағанын айтып тұрғаны, соған сендіріп тұрғанын білдіретін прагматикалық фактор.

Ертегі дискурсы мен көркем дискурстың байланысы өте ерте заманнан басталады. Ертегі дискурсы халық өнеріне ие. Көркем коммуникацияның алғашқы түрі ретінде өнердің басқа түрлерімен генетикалық байланыс күшінен алшақтамайтын ертегі дискурстың ауызша түрі. Ол әлемнің тілдік бейнесін құрайды және неліктен халық өнері тыңдаушысына анағұрлым мол эстетикалық рахатқа бөлейді дегенге түсінік береді.

Қорытындылай келгенде айтарымыз, қазақы дискурстың колоритін сақтауда фольклорлық шығармалардың алатын орны ерекше. Соның бірі ертегіде тек табиғи және антропологиялық концептілер ғана емес, сонымен бірге рух, мейірім, жауыздық, махаббат пен зұлымдық, әділдік, сенім, шындық, ата мен әже, т.б. концептілер сияқты бірнеше ғасырлық халықтың тәжірибесі кездеседі. Осыларды толық оқып қарастыруда ертегі дискурсы жалпы дискурс теориясын құрайтын дискурстық зерттеудің бір түрі болып табылатындығын байқауға болады.

Әдебиеттер

1. Ускенбаева Р. М. Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде) (Ph.D) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, 2016
2. Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. Ақтөбе, 2008
3. Фольклорлық мұралар: жиналу, жариялану тарихы. Алматы, 2014.
4. Акименко Н. А. Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Волгоград, 2005
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил.ғыл.док. ... дисс. – Алматы, 2007.

FOLKLORE AND FOLKLORISM IN KAZAKHSTAN

**Saltanat Mukhambetova, Master of Pedagogy and Psychology
Aktobe Polytechnic College, Aktobe**

Since ancient times, poetic creativity entered the life mode of the Kazakh people. The works of the early and middle-age Turk literature referred to VIII-XI centuries are the evidence of the presence of the formed poetic traditions of Turk-speaking people who lived on the territory of Kazakhstan and Central Asia.

The most important feature of Kazakh oral creativity is improvisation. It was characteristic not only to the works of famous folk poets, but it also had wide population.

Kazakh folklore reflects the rich and many-sided experience of the people. Oral poetic creativity reflected the social consciousness of Kazakhs, their social and family mode of life in the conditions of the nomad patriarchal feudal society.

Based on the research of G.Kendirbayeva in the sphere of traditional Kazakh folk art we can identify the following sub-spheres:

- a) the oral tradition itself
- b) folklorism "from above"
- c) folklorism "from below"
- d) "scientific folklorism"

The oral tradition is the traditional musical and poetical art of the Kazakhs. Its main characteristic under modern urban conditions has been its ability not only to maintain its traditional forms of composition and performance but also to continue its development, absorbing and reworking other types of folk art. The main reason for this lies in the nature of the Kazakh oral tradition itself. The existence in this tradition of a wide and complex institution of high professionalism has, over the course of centuries, determined the respective functions of the composer and the performer. Furthermore, the fixed system of training pupils and the concert character of the performances have, in conjunction with other factors, promoted a relatively painless transition from traditional to modern forms of performance. These new forms include exhibitions on stage, television, and radio, in addition to recorded performances.

Another factor that has been of help in maintaining the traditional forms of composition in an urban context has been the fact that the cities themselves are a new phenomenon in the people's cultural life. Even now the majority of the republic's native inhabitants continue to live in rural areas. Popular performers were therefore able to adapt the familiar

atmosphere of traditional popular music from their native villages to the new situations in which they found themselves. Notwithstanding the fact that this performing tradition is constantly subjected to the growing influence of various kinds of “amateur talent activities” (folklorism, modern stage, pop art, etc.), preliminary studies suggest that at the present time this tradition is the predominant one in the overall system of modern Kazakh people’s art.

Unique genres of Kazakh oral poetry are in close connection with life of the people. Along with the fairy-tales, proverbs and riddles, significant place in Kazakh folklore before the twenties of XX century was occupied by the heroic and social epos, poetic competitions and various ritual songs.

Traditions and way of life of Kazakhs are reflected in the ritual songs, which would always accompany all the significant events in the life of the people: feasts, matchmaking and wedding, funeral and commemoration. Such ritual songs as **toy bastar**, **zhar-zhar**, **bet-ashar** were very popular.

Toy Bastar is the song announcing the start of the feast.

Zhar-Zhar is the wedding song performed by boys and girls. A bride sings about her destiny, that she now has to stay in someone’s family, away from her native aul. Men (her bridegroom and his relatives) are striving in their counter song to persuade the bride in the necessity of the marriage, soothing her that in the groom’s aul she will find the new family, and the husband’s parents will replace her father and mother.

Bet-Ashar is the song accompanying the ritual of introducing a young bride to the relatives and friends of her husband. Its main content is the instructions to the bride who (in the conditions of the patriarchal feudal laws) had to obey to her husband, his elder relatives.

The song **vestirtu** was performed when informing about the sad news (about death), and the song **zhoktau** is the song-mourning.

Ritual songs forming the necessary ceremonial link praised the personal qualities and merits of people, their humanity, honesty and labour.

Kazakh fairy-tales often include such magic characters as one-eye giant, seven-head dragon, old she-ogre who would swallow people; zhez tyrnak is she-creature who would kill people with her metal claws. They were representing evil that would hinder people to achieve their goals and that would make problems for people. But eventually people would win – some fighter for justice and truth. Some magic creatures were helping the people in the fight against evil: **tausogar** is the one who moves mountains; **kolzhutar** is the one who can swallow the sea, **sakkulak** is the one who can hear other ends of the world, **zhelayak** is the one who can cover long distances. Animals with supernatural properties were friends and assistants

of people. Magic horse Ker-kula that would cover long distances had the ability to talk. Positive characters were also sheep, goat, camel and cow.

Along with fairy-tales about the animals there were fairy-tales about the everyday life, which contained not magic creatures but characters from the actual reality. Thus, the character in the fairy-tale “Ayaz Bii”, which is popular amongst the people, was the poor man who was smarter and wittier than khan and all his viziers and who became the khan himself thanks to his personal qualities.

Many legends are connected with the names of nifty Zhirenshe and his wife Karlygash who would always win the khans with their quick wits, irresistible logics of their thoughts, and there are legends about Aldar-kose who thanks to his rich imagination, slyness and cunningness easily defeats those who have power and authority.

As we have already mentioned, the ideology of Kazakhs in different epochs, the fight for justice and good were reflected in many fairy-tales – magic fairy-tales and fairy-tales about the everyday life, diary-tales about animals – horse, sheep, camel, which are the friends of the people.

Traditional and characteristic form of Kazakh folklore was aitys – the song dialogue, competition of folk poets in improvisation. The best songs created during these competitions were transferred from one generation to another.

The unique unrepeatable genre of Kazakh folklore is lyrical song, improvised song filled in with the feelings praising love, the beauty of a girl etc.

Many talented akyns (poets-improvisers) would not only create songs and music but they were also the experts of eposes, legends, songs and traditions.

Nowadays great attention is paid to preserving and reviving Kazakh folklore, local and foreign scientists conduct its study, fixation and publication.

Maintaining traditions of akyns’ professionalism, their concert activity, teaching students and conducting research studies on this topic is one of the directions in the international cooperation of foreign companies, in particular, the representative offices of UNESCO in Kazakhstan and Uzbekistan.

Folklorism “from above” refers to ideologically or politically motivated folklorism. In Kazakhstan, as in the entire former USSR, amateur talent activities were encouraged not only as a new form of Soviet folk art to organize the people’s artistic endeavors but also as the most important means of realizing the government’s official cultural policy. Every genre of traditional Kazakh art experienced the ideological influence of this policy.

For instance, in the widely popular genre of aitys (poetry competition by folk-song performers akym) the emphasis was always placed on patriotic and economic themes (the glorification of official party policy, socialistic production, etc.). This ideological aspect ultimately led to the genre's deterioration and loss of uniqueness. In the cultural life of the 1920s and 1930s we can clearly observe a drive toward homogenizing the folklore of the different peoples in the USSR. One of the earliest manifestations of this drive was "folklore creation," in which new genres and forms of folk art were introduced to areas where they had never been present before. In Kazakhstan these new forms included theatrical folk dress (which had no precursor in folk life), folk dance, folk instrument orchestras, and tourism oriented folklore. "National characteristics" distinguishing one culture from another became empty external signs, and were exploited for the furthering of "socialist internationalism" and the "equalization" of the peoples and cultures of the USSR. Such developments—manifestations of ideological folklorism—ultimately influenced not only the external form of folkloristic works but also their inner structure, interpretation, and representation. For example, the organization in 1934 of the first orchestra of Kazakh popular folk instruments was guided by the experience of musical performance in Europe. Founded by the academician A. Zhubanov and named after eminent dombra³ player Kurmangazy, the orchestra was an immediate success and led to the formation of similar ensembles throughout the entire republic. The appearance of this orchestra was an important event in the cultural life of the republic, and greatly influenced the structure of the traditional performance itself as well as the forms and methods of training performers.

Folklorism "from below" refers to folklorism that appears in both city and village under the influence of different folk arts: pop music, professional art, ideological and scientific folklorism, etc. These are spontaneous, independent, and voluntary forms of popular creative activity. In a certain sense, this category of folklorism encompasses the development of folklore itself. Also included are the activities of the so-called amateur folk composers, whose works are usually strongly influenced by modern pop music. Examples of this widespread and popular form of folk art are the duos and trios of performers who sing folk songs in two- or three-voiced arrangements. These, along with the no-less-popular family ensembles (whose repertoires are usually not limited to folk songs), came into being as a result of the influence of amateur talent activities upon traditional forms of popular performance.

"Scientific folklorism" refers to the study, reproduction, and popularization of authentic folklore by specialists and amateurs in order to preserve and better understand it. This form of folklorism is a comparatively

late phenomenon in the cultural life of the Kazakhs. The desire to preserve authentic folklore and to understand it as a particular art has an international character. A good example is the interest in folklore shown by Hungarian youth in the seventies (Istvanovits 1965; Bodor 1981; Zelnik 1978, 1981, 1983). Most of the initiators of and participants in this type of folklorism are urban intellectuals, professional artists, scientists, or students. The broad diffusion of folklore in both traditional and nontraditional areas creates the illusion of easy availability and tends to make us take it for granted. But against the contemporary background of growing urbanization, falling numbers of folklore bearers, shrinking spheres of traditional folklore, and the negative influence of ideological folklorism, it becomes obvious that these illusions of easy availability lead to distortions in folklore and misunderstandings of its nature.

Bibliography

1. Gulnar Kendirbaeva. *Asian Folklore Studies*. Nanzan University: (1994), pp. 97-123
2. Актуальные проблемы современной фольклористики. Л.: Музыка, 1980.-384 с.
3. Аникин В. П. Теория фольклора: курс лекций. М.: филол. Факультет МГУ, 1966.-216 с.

ОТБАСЫЛЫҚ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ КОСМОСТЫҚ АҒАШТЫҢ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

**Ақтоты Мұхан, PhD докторанты
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Түркі халықтарының отбасылық ғұрып фольклорында киелі ағаш ұғымы ерте замандарда қалыптасқаны байқалады. Күнделікті тұрмыстық өмірде де, жерлеу ғұрпы кезінде де ағашты қастерлеп, кие тұту белгілері көптеген деректерде көрініс тапқан. Оған халықтың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан фольклорлық мұралары дәлел бола алады. Мұндағы белгілі бір ағашты кие тұту ұғымы мен белгілеріне қарасақ, кез келген ағаш әлемдік байланыста болады деп ұғылмағаны анықталады. Ол жалғыз және жапан далада, өсуі мен бітімі ерекше, бір сөзбен айтқанда «космостық» белгілері болуы керек. Сондай-ақ, осы космостық ағаш ұғымы тек қана түркі халықтарына ғана тән емес, көптеген өзге халықтардың фольклорында да кездесетінін ғалымдар дәлелдеген. Соның ішіндегі жерлеу ғұрпына байланысты материалдарға типологиялық тұрғыдан зертеулер

жүргізгенде мына мәселелерді анықтау артық болмайды. Өлген адамды өсіп тұрған ағаштың түбіне жерлеудің мәнісі неде? Немесе өлген адамның басына ағаш қандай қажеттіліктен туған?

Дүниежүзі халықтарының тарихи-этнографиялық деректерін қарасақ, үш әлемді дәнекерлеп тұрған «космостық ағаш» туралы айтылады. Шамандық түсінік бойынша, жоғарғы, ортаңғы және төменгі әлемді байланыстырып тұрған ағаш бар. Ол – осы әлемдік ағаш. Оның тамырлары төменгі әлеммен, дiңгегi ортаңғы дүниемен, бұтақтары жоғарғы әлеммен байланыстырып тұрады екен.

Бұл жайында кезінде М.Мелетинский: «В сибирском шаманизме связь между мировом деревом и шаманом чрезвычайно тесная и многообразная, прежде всего в том смысле, что шаман с помощью мирового дерева способен поддерживать связь между людьми и богами, между землей и небом, исполняя функцию посредника, медиатора» [1, 213-б.], – деген болатын.

Ертедегі адамдар ағаш түбіне жерленген адам жоғарғы әлемге тезірек жетеді деп түсінсе керек. Ондай ағаштардың қатарына қайың, терек, қарағай ағаштарын жатқызған. Сондай-ақ, ағаш басына қонақтаған құстар да жоғарғы әлемге жеткізуші көлік деп түсінген.

С.Қасқабасовтың: «Көптеген қазақ ертегілерінде зәулім бәйтерек суреттеледі. Ол кейіпкердің өмір жолында өте маңызды рөл атқарады. Бәйтерек түбінде айдаһарды өлтірген кейіпкер аспан әлеміне көтерілуге, немесе жер астынан шығуға мүмкіндік алады: бәйтеректің басына ұя салған Самұрық (не Алып қарақұс) кейіпкерді аспан әлеміне алып ұшады, я болмаса жер бетіне шығарады. Міне, мұндағы зәулім бәйтерек бейнесі – қазақ жағдайына сәйкес космостық ағаштың өзгерген түрі. Мұны қазақтардың айдалада өсіп тұрған жалғыз ағашты қадір тұту салтынан да көруге болады» деген пікірі осы ойымызды нақтылай түседі [2, 93-б.].

Рас, бағзы бабаларымыз айдалада өсіп тұрған ағашты қадір тұтып, басына барып мұнын айтқандығын растайтын деректеріміз де жоқ емес. Ш.Уәлиханов қазақтардың құлан түздегі сыңарланып өскен ағаш болсын, немесе бұтақтары таңғажайып формадағы өсімдік болсын, олардың тұрған жері қасиетті деп санап, ондай қасиетті жерлерге түнегенде немесе жанынан өтіп бара жатқанда, адамдардың шүберек, аттың қылын байлайтындығын, немесе ыдыс-аяқ қойып, әулиеге арнап садақаға мал соятындығын айтады [3, 155-б.].

Сонымен қатар мұндай деректерді кезінде қазақ даласына саяхат жасаған Б.Залесскийдің «Қазақ сахарасына саяхат» атты еңбегінен де кездестіреміз. Онда былай жазылған: «Киелі ағаштың жанынан өткен кезде қазақтар түйелерін шөгеріп, аттың жабуын немесе кішкене

кілемшені жайып қояды да, тізелерін бүгіп немесе малдас құрып дұға оқиды. Сонан соң өздері де ағаш бұтақтарына киімнен жыртып алған шүберек немесе қой терісінің қиындысын, тіпті болмаса ат құйрығынан кесіп алған қылды ақтық ретінде байлап кетеді. Олар киелі ағашқа ақтық байлау бакыт әкеледі, ауру-сырқаудан қорғап-қоршайды, өмір жастарын ұзартады деп ойлайды. Сондықтан тек биік ағаш қана емес, шөлдегі жол бойында кездескен аласа бұталарда да ақтық байлаулы тұрады [4, 69-б.]».

Демек, ертедегі қазақтар айдалада өсіп тұрған ағаштар да адамдардың басындағы түрлі қиындықтарға жәдемдеседі деп түсінсе керек-ті. Мұның бір жарқын көрінісі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан анық көрінеді. Жырда былай:

Келді ғой Шөктерекке Баян батыл,

Болады осы арада заман ақыр.

Зар жыламай не қылсын сорлы Баян?

Қозыке арыстандай өліп жатыр.

Жырдан түсінгеніміздей, Қозыдан айырылған Баян да Шөктеректің түбіне келеді.

Демек бұл ағаш алғашқы сана бойынша жоғарғы әлем мен төменгі әлемді байланыстырушы қызметін атқарып тұрған дәнекерші ағаш ретінде қабылданған. Сонымен қатар ағаш «аруақтар мекені» деп саналса керек. Сондықтан да Баян мұның айтып, сырласу үшін осы ағашқа келеді. Сондай-ақ, бұл ағаш бейнесі отбасылық ғұрып фольклорының басқа да ғұрыптарында сақталған. Мәселен, башқұрттардың сыңсу айту дәстүрінде ұзатылғалы отырған қыз өсіп тұрған ағашқа шүберек байлап, сол жерде талды айналып жүріп сыңсу айтады [5, 43-б.]

Ал, Ханкадағы өзбектер қырық күндіктегі бала ауырған кезде, олардың анасы ағаштарға шүберек байлап, оның түбіне баланың тақиясын тастап тілек тілеген. Бұл ырымның түп негізінде баланың ауруы тақия арқылы кетеді деген сенім болған [6, 200-б.]

Негізінде дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы ағаш бейнесі сан қырлы. Ертедегі адамдар бұл ағашты тек үш әлемді байланыстырушы дәнекер деп қана ойламаған, сондай-ақ өздерінің тегі ағаштан тарайды деген фетишизмдік түсінік те болған. Түркілердің танымындағы «Ағаш-ана», «Ағаш-жаратушы» деген тіркестер мұндай түсініктің болғандығын дәлелдей түседі.

Бұл турасында Снесарев былай деп жазады: «Дерево – тотем, с которым человеческий (в сакральную форму) коллектив считает себя связанным родством, дерево – фетиш, дерево местелище духов, души и, наконец атрибут божество – все это проследжно этнографами на

широком материале разных народов мира» [6, 196-б.].

Мәселен, алтай халқының фольклорында осындай ұғымдардың сақталғандығын талға жалбарыну айтқан өлеңдерінен көруге болады:

Создатель стройной красоты,
Алтай в красе создавший,
Создал равноправный народ.
Ядровый лес (кедр) покрылся листвой,
Певунья кукушка запела
Когда народы-данники, здравствуя,
Стали жить,
Тогда ядровый лес распустил хвою.
Молось, тебя называя создателем [7, 43-б.].

Ағашты анамен байланыстыру жайында ел ішінде мынадай бір аңыз сақталған. Аңыз желісі бойынша, жаугершілік заманда көптеген елдер балаларын өсіп тұрған ағаштардың түбіне тастап кетеді екен. Артынан жау аяғы басылғанда балаларын алуға келсе, көп баланың ішінде жалғыз қайыңның түбіндегі бала ғана тірі қалыпты. Мұның себебін аңыз қайыңның шырынымен байланыстырады, яғни қайың баланы өзінің бойындағы шырынымен өсіріпті-міс. Сол уақыттан бастап халық ұғымында қайың ағашы екінші ана «қайың-эне» саналыпты [8, 25-б.].

Ежелгі түсінік бойынша әр адамның өз ағашы болады, сол ағаш солып қалса адам да өледі деп түсінген. Бұл ұғымға сенген ертедегі адамдар түсінде қарағайдың құлағанын көрсе бір адам өледі деп жорыған.

Типологиялық тұрғыда барлық түркі халықтарына ортақ бұл түсінік кейбір жоқтауларда көмескіленіп болса да көрінеді. Мысал ретінде қарақалпақтардың жоқтауынан үзінді келтірейік:

Жаны ашыған ағайын,
Қатарда тұрып жылайды,
Жаны ашымас ағайын,
Туу сыртымнан сынайды,
Сынағандар сынасын,
Ақ терегі құласын,
Менен де бетер жыласын [9, 230-б.].
Немесе:

Мұңая біткен терегім,

Қайғылы күнде керегім [9, 230-б.], – деп жоқтау айтады. Бұл жоқтаудың мазмұнына тереңірек үңіліп қарасақ, онда «Ақ терегі құласын, менен де бетер жыласын» деп жаны ашымаған адамдарға қарғыс айтады. Мұндаға терегі құласын дегені, оның да адамы өліп

мен сияқты жыласын дегені.

Демек теректің құлауы адамның өлімімен теңестіріліп тұр. Теректің құлауы – қаралы өлімнің хабары. Мұның мысалдарын қазақ жоқтауларынан да молынан келтіруге болады. Мысалы,

*Бәйтерек сынды мұртынан,
Қарағым кетті жұртынан.*

*Алладан әмір болған соң,
Алтыннан терек құлаған.*

Бұтағы сынса теректің,

Шырпымен толмас кемелі [10, Б. 131, 138, 200], - деп, одан әрі «Шамшырақ сөніп басымнан, бәйтерегім құлаған» деген сияқты жолдар кездеседі.

Ертеде адамдар жас теректі сындыруға қатты қорыққан, егер жас ағаш кесілген болса дүниеге келген сәби қайтады деп ұғынған. Күнделікті ауызекі тілімізде айтылып жүрген «Көкті жұлма, көктей соласың» деген тіркестің түп негізі осы ұғымнан шықса керек.

Дж. Фрээрдің деректеріне сүйенсек, мұндай түсініктің дүниежүзінің көпшілік халықтарына ортақ екендігін түсінеміз.

Деректе былай: Батыс Африканың мбенга деген тайпасы дүниеге сәби келген кезде жас шыбық егіп, соны айналып би билейді екен. Тайпаның түсінігінше осы күннен бастап баланың жаны отырғызылған шыбықпен байланыста болады. Егер де сол шыбық солып қалса немесе жел соғып құлатып кетсе сәби дүниеден өтеді деп санаған [11, 636-б.].

Кейбір этнографиялық деректерде Саян-Алтай түріктерінің бейіті жанында ағаштардың әлі күнге дейін өсіп тұратындығы айтылады. Бұл көптеген түркі тектес халықтарға ортақ дәстүр [12, Б.354-355]. Мұның мәнісі, мәйітті жерлеу кезінде бейіт басына әдейілеп ағаш егіп, егер сол ағаш өсіп шықса, өлген адам бақытты ғұмыр кешуде деген түсініктен туған. Мұндай ғұрып тува халқының да жерлеу салтынан көрінеді. Мәселен, тувалықтарда жас сәбиді жерлеген кезде оның моласына бидай, арпа сияқты дақылдардың дәнін себеді екен. Егерде келесі көктемде себілген дән көктеп шықса, бала ол дүниеде жақсы өмір сүріп жатыр деп түсінген. Бұл түсініктің қазақ дәстүрінде де болғандығын А.Левшиннің қазақтар Әбілхайыр ханның қабірінің басына егілген ағашты киелі санайды деген пікірінен көруімізге болады [13, 341-б.].

Осы мағыналас түсінік башқұрттардың мына өлеңдерінің мазмұнында кездеседі. Мәтіні мынадай:

Пак тупракта кәузәм ятһын
Баш осома агас ултыртһыз,–

Иртә таңдан коштар улһын [14, 178-б.]

Қалай десек те тал түбіне жерлеу, бейіт басына тал егу түркі-монғол халықтарының ертедегі ортақ дүниетанымынан туған ежелгі дәстүрлерінің бірі болғандығы анық. Қазақтағы «тал бесіктен – жер бесікке дейін» деген түсінік те күллі адамзат баласына ортақ ұғым. Өйткені, адам баласы қоршаған ортасының көгеріп тұру үшін тал еккен, әсіресе түркі халықтары өсіп-өнуді өсиеттегенде «өркенің өссін» дейді және барлық құдірет жоғарғы әлемде деп білгендіктен, көкке бұтағын жайған ағаш сияқты қол жайып табынған. Адам – Ағаш – Аспан дейтін ұлы үштіктің тарихи типологиясы әлі де барлық халықтардың фольклорлық мұрасымен байланыстырыла отырып, ортақ белгілері бойынша жан-жақты зерттеуді талап ететін өзекті тақырып.

Әдебиеттер

- 1 Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. – Москва: Наука, 2004. – 462 с.
- 2 Қасқабасов С. Жаназық: Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 548 б.
- 3 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 557 б.
- 4 Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат. – Алматы: Өнер, 1991. – 131 б.
- 5 Султангареева Р.С. Об особенностях жанра сенляу // Башкирский фольклор: Исследования последних лет / Под редакцией Барага Л.Г. и Зарипова Н.Т. – Уфа, 1986. – С.40-54.
- 6 Снесарев Г. П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – Москва: Наука, 1969. – 336 с.
- 7 Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири: Знак и ритуал. – Новосибирск: Наука, 1999. – 209 с.
- 8 Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири: Человек и общество. Новосибирск: Наука, 1989. – 243с.
- 9 Қарақалпақ фольклоры. Көп томдық. 5-том. (Жинаған, баспаға даярлаған Ә.Тәжімұратов) – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1980. – 467.
- 10 Боздағым: Қазақтың жоқтау жырлары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 304 б.
- 11 Фрезэр Дж.Золотая ветвь: Исследование магии и религии. Пер. с англ. – 2-е изд. – М.: Политиздат, 1986. – 703 с.
- 12 Татары Среднего Поволжья и Приуралья. – Москва: Наука, 1967. – 533 с.
- 13 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, 1996. – 656 с.
- 14 Султангареева Р.А. Семейно-бытовой обрядовый фольклор башкирского народа. – Уфа: Гилем, 1998. – 234 с.

ФОЛЬКЛОРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Асия Наренова, аға оқытушы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

«Фольклор» – ағылшын сөзі, «халық даналығы» деген ұғымды береді. Фольклор – синкретті, көпфункционалы руханият. Ол әрі танымдық, әрі эстетикалық қызмет атқарады. Фольклор тәрбиелік мақсатта да пайдаланылады.

Әлемдік фольклортануда «фольклор» ұғымы өте кең мағынада қолданылады. Оған халық музыкасын, халық биін, халық өлеңін, халық театрын, халық әдебиетін, халық қолөнерін, халық қолданатын ырымдар мен ғұрыптарды, салттар мен наным-сенімдерді жатқызады.

Демек, фольклор дегеніміз - тек қана ел арасына тараған ауызекі шығармалар емес, фольклор - халықтың бұрынғы замандарда өмір сүрген бабалары шығарып, пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханият. Ол көп салалы, сондықтан көп сипатты және көп функциялы, синкретті руханият. Өте ерте заманда туып, жүздеген ғасырлар бойы өмір сүргендіктен фольклор - ежелгі қоғамның дүниетанымы және мәдениеті болған. Үнемі қолданыста болғандықтан, ол - адамдар тұрмысының қажетті бөлшегіне, атрибутына айналған.

Ұзақ тарихи дамудан өткен фольклор біздің дәуірге сөз өнері әрі мәдени мұра түрінде жетіп отыр. Міне, осының бәрі фольклорды әдебиеттен әлдеқашан бұрын пайда болып, өзіндік көркем жүйе қалыптастырған сөз өнері деп тануға негіз болмақ. Жалпы, фольклор - ұлттық әдебиет пен өнердің алдыңғы басқышы, бастауы екендігін теориялық тұрғыдан алғаш зерттеп, дәлелдеген Еуропаның ағартушылары еді. Ағартушылар ә-дегеннен Жаңғыру дәуірінің рухы мен идеясын қабылдап, халық поэзиясының, жалпы мәдениетінің ұлттық әдебиет пен өнердің туып, дамуындағы рөліне көп көңіл бөлді. Бұл, әсіресе, М.Монтень мен Д.Виконың, Ж.Руссо мен И.Гердердің еңбектерінде айқын көрініс тапты. Әдебиет пен фольклордың байланысы - әлем мәдениетінің дамуындағы басты заңдылықтардың бірі. Жер жүзіндегі қай әдебиетті алсақ та, оның шығу тегі - фольклор екенін көреміз. Сондықтан әдебиеттегі фольклоризм барлық әдебиеттің тарихы мен теориясын зерттегенде де, жеке ақын-жазушылардың шығармаларын талдағанда да көрнекті орын алады.

Фольклор - халық эстетикасының айнасы, нормасы. Сол себепті ол әдеби шығармаға енгенде бірнеше рөл атқарады, бірде кейіпкердің

образын күшейтуге, енді бірде шығарманың идеясын кеңейтуге, кейде автордың позициясын айқындауға, ал кейбір жағдайда сюжет құруға мол ықпал етеді, тіпті, бүкіл шығармаға негіз болады.

Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян» поэмалары, Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау», Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Ілияс Жансүгіровтың «Дала», «Күй» сияқты шығармалары түгелімен фольклордың негізінде жазылған. Бұлай болуының себебі - әдебиеттің баландығынан, я болмаса ақындардың таланты аздығынан емес-ті. Ең басты себебі - дәуірдің, қоғамның, жаңа әдебиеттің талабы еді және сол әдебиеттің рухани өмірдегі маңызының артқаны болатын. Бұларға қоса аталған ақындар ел жағдайын жақсы білетін, қалың жұртпен араласа жүріп, оның мұң-мұқтажын, мәдениетін, фольклорын сырттай емес, ішінен тікелей біліп, жаңаша көзқарас тұрғысынан меңгерілген. Сондықтан да олар жазба әдебиет өкілі бола тұрып, ел мұрасын, фольклорын, этнографиясын, әдет-ғұрпын жинастыра жүрді, жариялады, зерттеді. Туған халқының фольклорын тамаша білгендіктен олар өз шығармаларына фольклордың қандай түрін, сюжетін арқау ету керектігін өте жақсы білді, тіпті, интуиция арқылы сезді деуге болатын шығар. Жалпы, әдебиеттің фольклорға иек артуы оның, яғни әдебиеттің дамымағандығы емес, әдебиет өзінің даму тарихында фольклорға үнемі кезек - кезек соғып отырғандығы [1, 6-12].

М.О.Әуезов өзінің «Қазақтың ауыз әдебиеті» деген тамаша еңбегінде фольклордың маңызы туралы былай деп атап көрсетті: «Қазақтың ауыз әдебиетінің қазынасын жасаушылар және ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырушылар халық ішінен шыққан талапты ақындар, жыраулар, жыршылар, суырып салма ақындар. Ақындар жырларды, дастанды, этностық шығармаларды шығарған, суырып салып айтқан. Сонымен бірге бұлар ауыз әдебиетінің көптеген ақындық шығармаларын өздерінің жадында сақтап келген, оларды шебер өңдеп, өздерінің ізін ұстағандарға жеткізіп отырған. Шын мәніне келгенде, суырып салып айтатын ақындар, жыршылар жазбасы жоқ өз халқының шежірелері болған. Бұлардың осы творчествалық дәстүрі ежелгі заманнан басталған» [2, 43].

Сонымен, фольклордың өзіндік табиғаты оның теориясына да өзгеше сипат береді. Фольклор теориясы ең алдымен оның әр кезде атқаратын әртүрлі қоғамдық-тұрмыстық міндеті мен танымдық, тәрбиелік және он бір эстетикалық функцияларынан, мақсаттарынан туындайтын мәселелерді қарастырады. Бұлардың ішінде ең бастылары, әрине, фольклорлық дәстүрмен тығыз байланысты.

Фольклорлық дәстүр дегеніміз - қалыптасқан шығармашылық әдістің жалғастығы, ал әдебиеттегі дәстүр дегеніміз - бұрынғы тәжірибені жаңғырту болып табылады. Дәлірек айтар болсақ, фольклордағы дәстүр - бұрынғы тәжірибені өзгертпей қабылдау әрі жалғастыру, ал әдебиеттегі дәстүр - бұрынғыны сол қалпы ала салу емес, соны өзгерте дамыту. Сол себепті де әдебиетте даралық сипат басым болады да жеке автор өзінен бұрынғыны қайталамайды. Мәселен, Абайды алайық, ол өзіне дейінгі бүкіл ақын-жыраулардың мұрасын бойына сіңірген. Асанқайғы, Шалкиіз, Бұқар, Дулаттар болмаса Абай да болмас еді. Бірақ Абай оларды сол күйінде қайталаған жоқ, олардың мұрасын бойына сіңіріп қана қоймай, ол өзі қабылдаған нәрсені елге қайтадан, мүлде жаңарған түрінде берді ғой. Міне, әдебиеттегі дәстүр дегенді осылай түсіну қажет. Ал, фольклордағы дәстүр мұндай мақсаттан аулақ, онда бір шығарманың ертеде айтылған нұсқасы жаңадан жырланғанның өзінде алғашқыдан алшақ кетпейді. Фольклорда варианттылықтың болатын бір себебі - осы.

Фольклор - ауыз әдебиеті мен музыка өнерінің бір тұтастығына негізделген ерекше бір сала. Атадан балаға мирас болып келе жатқан музыка өнері, атап айтар болсақ, тарихи әуендер, эпикалық жырлар, тұрмыс салт-жырлары, лирикалық әндер, т.б. міне, осы фольклорымызбен - ақ ұлттық болмысымызды қалыптастыратын тәлім-тәрбие беріп отырғаны тарихи шындық.

Қазақ халқының музыкалық фольклоры қазан төңкерісіне дейін зерттеле бастаған, оған айтарлықтай елеулі үлес қосқандар: А.Алекторов, А.Бимбоэс, Г.Гизлер, П.Паллас, П.Тихов, Ш.Уәлиханов, В.Радлов, А.Эйхгорн, т.б.

XX ғасырдың бас кезінде музыкалық фольклор жинауға А.В. Затаевич белсене араласып, "Қазақ халқының 1000 әні" "Қазақтың 500 ән-күйі" атты музыкалық - этнографиялық жинақ шығарды. Бұдан кейін музыкалық фольклор зерттеу ісімен А.Жұбанов, Б.Ерзакович, М.Ахметова, А.Темірбекова, Т. Бекхожина, Б.Қарақұлов, Т.Қоңыратбай, А.Құнанбаева, т.б. айналысты.

Көшпелі өмірдің қатал заңдылықтарына қарамай халықтың мәдени өмірі көптеген жылдар бойы бірқалыпты дамып отырып, өмірге көптеген өнерпаздарды, өлмейтін туындыларды келтірді. Әндерінде, аспаптық шығармаларында, ұлттық ауыз әдебиеті мен музыкалық шығармашылығында қиял - ғажайып ертегілері мен тарихи оқиғаларға байланысты жырлары, туған еліне, өскен жеріне деген сүйіспеншілігі мен ұлттық дәстүрлі өнердің эстетикасын паш ететін музыкалық туындылары, қоғамдық өмірі мен тұрмыс-салттың

философиясымен таныстыратын ойлы толғаулары кеңінен дамып отырды. Әр халықтың эстетикалық дүниетанымын, көркемдік мәдениетін құрайтын, өзіне тән өнер түрлеріне ерекшелінетін, музыкалық және ақындық қасиеттерін, қабілеттерін, икемдерін тәрбиелейтін құрал - ұлттық аспаптар. Соның бірі домбыра.

Домбыра - қазақтың қасиетті дүниесі. Оны тарта алмасаң да қадірлей біл. Себебі баланың бойына халықтың рухани байлығын сіңіру домбырадан басталады. Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала уызы жарымаған көтерем қозыдай болады. Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын білмейді. Ал халықтың жанын түсінбеу деген – тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып, сая да болмайды, жеміс те бермейді» деген Бауыржан Момышұлының аталы сөзі бар. Күй үні адамның тілі жетпейтін ішкі жан дүниесіндегі ойын жеткізіп, айнала әсемдік әлемін аялап қорғауға нәзік сезіммен, көңіл-күйін түсінуге тәрбиелейді. Қазақтың байырғы даласында ән ырғағының күрделі күйлерінің төкпе, шертпе болып бөлінуі де біліктіліктің белгісі. Ана құрсағындағы сәбиге дейін музыка үні және сөз өнерінен ерекше әсер алып, оны тындаған ананың тебіренуіне байланысты іштегі бала тәрбиеленген. Мысалы, бесік жыры, тұсау кесер, шілдеhana, сүндет той, тілашар, тойбастар, бет ашар, жар-жар, сынсу, жұбату, жоқтау, жарапазан, батырлар мен махаббат жыры, қисса-дастан, толғау, айтыс, терме, ән, күй т.б. толып жатқан әдебиет пен өнер туындылар домбыра үнімен ұрпаққа жетіп, жалғасын тауып отырады. Ата-бабалардың нақыл сөздері, күйлері мен әні, жыр мен толғау өсиеттері, айтыс, дастан сияқты толып жатқан өнер түрлері бізге домбыра аспабы арқылы жетіп, ой елегін шымырлатып, адамгершілікке баулыды. Балаларға домбыра үйрету арқылы олардың жалпы халық өнеріне деген ынтасын арттыру қажет. Мақал-мәтел, жұмбақ, қисса-дастан, ертегілер жақсы мен жаманды ажыратуға үйретті, ерлік пен махаббатты жырлады, туған жері мен елін қорғауға үндеді [3, 20-30].

Балалардың тәрбиесін қалыптастыруда, ауыз әдебиетінің елеулі туындысының бірі - жұмбаққа халық мән берген. Жұмбақтар тақырыбы жағынан сан алуан болып келеді: жаратылыс, табиғат, адамның анатомиясы, іс-әрекеті, жан жануарлар тіршілігі болып бөлінеді. Бұлардың бәрі балалардың ой өрісін, дүниетануын, музыкалық - эстетикалық көзқарасын, талғамын қалыптастыруға көмектеседі. Әдетте, халық әсемдікті, сұлулықты табиғат көріністерімен, құбылыстырымен, жан жануарлармен теңестірген. Бұл жұмбақта да ұршықты желмаямен салыстыра беріп отырған себебі,

іше азық, кесе киім, мінсе көлік болған төрт түлік мал қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің көзі, өмірінің мәні.

Мақал-мәтелдер халықтың ұзақ уақыт бойы адамдардың іс-әрекеті, мінез-құлқына жасаған бақылауларынан туған дана сөздері. Ол - ата-ананың, көпті көрген көненің балаға, жасқа айтар тәжірибесі мен ақыл-кеңесі, өсиет-насихаты, - деп ғалым Б.Адамбаев айтқандай халық балаға айтайын деген ақылын астарлап, мақал сөздің құдіретті күшімен жеткізіп отырған. Ата-бабаларымыз мақалдардың көмегімен жас жеткіншектердің адамгершілік қасиеттерін молайтып, рухани тәрбиелеген. Халық мақал-мәтелдерін зерттей отырып, қазақтың мінез құлық, тіл мәдениетіне, өнерге, ән күйге, әдебиетке деген талаптарын да тұжырымдауға болады. Мәселен «Ерді кебенек ішінен таны», «Жақсыға сұқтан, жаманнан сақтан», «Жақсы адам жұрттың ырысы», «Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде» және т.б мақалдар балалар мен жастарды адам мен заттардың ішкі мәніне байсалды назар аударып отыруға, оларға баға бергенде тек сыртқы қасиеттеріне ғана қарамауға үйретеді. Мысалы, сөзге де белгілі бір талаптар қойылған. «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Жақсы сөйлесе аузынан гүл төгіледі, жаман сөйлесе аузынан жын төгілер», дейді халық даналығы.

Қазақ халқының балаларға тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі - ертегі. Оларда халықтың тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлықтары өз халқына, туып-өскен жеріне, еліне, табиғатқа, Отанға деген сүйіспеншілігі бейнеленген. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір мазмұнда болатын оқиғаның басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей кеп әділдік үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс тауып жатады. Бала жағымсыз кейіпкерлердің жексұрын әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады. Ертедегі суреттелген кейіпкерлердің көркемдік поэтикалық бейнелері, сондай-ақ адамдардың сұлулық пен нәзіктікке берген жоғары бағалары баланың әдемілікке деген қызығушылығын арттырады. Олардың шығармашылық мүмкіндіктері артып, ертегінің мазмұнын қайталап есіне түсіргенде немесе сахналап, қойылымдар қойғанда өзіндік тапқырлық көрсетіп, еркін ойын айта, эмоциясын анық білдіре алады. Сол іс-әрекет барысында ерекше әсер алып, сезімдері мен қызығушылығын оятқан заттар, музыкалық шығармалар жөнінде қарапайым тұжырым жасайды.

Қазақ фольклорының қызықты да пайдалы түрлерінің бірі жаңылтпаш. Ол бала тілін ширатудың қолайлы құралы, қалай болса солай, мағынасыз айтыла салған сөз емес, керісінше, белгілі бір желіге

құрылады, баланың жастайынан ана тілінің бай қорын игеруге, таза, майда, анық әуенді сөйлеуге көмектеседі. Әдетте жаңылтпаш сөздері бір екі немесе бірнеше сөйлемнен құрылады. Олардың қайсысында болмасын баланы көркем сөзге әуестендіру, эстетикалық сезімімен эмоциясын тудыру шеберлігі бар. Жаңылтпаш сөздері ұйқасты, қызықты, күлдіргі болып келеді. Балалардың жаттап алуына жеңіл [4, 9-16].

Сонымен ойымызды қорыта келе, фольклордың танымдық сипаты, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханияты. Әр ұлт өз ұрпағына ұлттық тәрбие беру арқылы ғана ұлттық болмысын, бейнесін сақтап, дамыта алатыны белгілі. Ал, ұлттық тәрбиенің қайнар көзі фольклорымызда екені даусыз. Дәстүрлі мәдениетіміздің ұмыт бола бастаған қай түрін, қай саласын болса да сол фольклорымыздан тауып, ажырата аламыз. Бізге жеткен фольклордың танымдық сипаты, жанр жағынан бай, көркемдігі жағынан кемелденген, әр алуан қызмет атқаратын рухани мұрамыз және күнделікті тіршілігімізде қолданыста болып, мәдени қажеттігімізді атқарып жүрген ең бағалы құндылық деп санау керек.

Әдебиеттер

1. С.А.Қасқабасов. Ой өрісі. Алматы «Жібек жолы» 2009, 304 бет.
2. М.О.Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы. 19 т, Алматы, «Жазушы»1985.
3. Е. Балабеков. Қазақтың музыкалық фольклоры. Алматы, 2007, 200 бет
4. Ә. Табылдиев. Халық тағылымы. Алматы, «Кітап» 1991,197 бет

ХАЛЫҚ ЫРЫМДАРЫНДАҒЫ «ӨСІМДІК» КОНЦЕПТІСІ (қазақ және орыс тілдері негізінде)

**А.Сисенбаева, гуманитарлық ғылымдар магистрі
Ф.Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназия, Ақтөбе қ.**

Когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясының бірі – концепт. «Концепт» терминіне лингвист ғалымдар әр түрлі анықтамалар беріп, оны тек лингвистика саласы емес, мәдениеттанымдық, лингвомәдениеттік тұрғыда қатар қарастыруды талап етеді. Оның теориялық негіздері Д.С.Лихачев, Д.Арутюнова, Е.С.Кубрякова, В.А.Маслова, А.Вежбицкая секілді орыс ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылады. Қазіргі таңда тіл білімінде концепт ұғымына байланысты мынадай тұжырымдар бар: *біріншісі*, концепт – лингвомәдениеттанымдық құбылыс болып табылады, сөздер мен тілдің негізінде «ғаламның тілдік бейнесі» болып келетін мәдени

концептілер арқылы зерттеуді ұсынады, *екіншісі*, концепт – құбылыстардың лингвотанымдық тұрғыдан түсіндірілуі, яғни бұл бағытты ұстанушылар концептіні лексикалық бірліктердің мағыналары арқылы зерттеуді ұсынады, *үшіншісі*, концепт – алдыңғы аталған аспектілердің екеуімен де байланыста қарастырылатын жан-жақты құбылыс, мәдени концептілерді, топтың немесе индивидтің металды білімін таным тұрғысынан талдауды мақсат етеді[1;55].

Концепт ұғымы адам санасымен, мәдениетімен, тілімен тығыз байланыста болады. Ол белгілі бір ұлттың өзіндік ұлттық ерекшелігін анықтауға, көрсетуге бағытталады. Осы орайда қазақ және орыс халқының ырымдары негізінде «өсімдік» концептісінің қалай көрінетінін анықтайық. Қазақ халқында «өсімдік» болса, орыс халқында – «растение». Өсімдік – жер бетіне өсіп-өніп шығатын ағаш, бұта, шөп тәрізді тірі организмдер[2;660]. Растение – организм, обычно развивающийся в неподвижном состоянии, получающий питание (в отличие от животных) из воздуха (путем фотосинтеза) и почвы[3;665]. М.А.Солдатова, М.Кулькова, Н.Ф.Фаттахова секілді ғалымдардың еңбектерінде «өсімдік әлемі» концептісі ретінде талдайды және өсімдіктің барлық түрлерін енгізіп, оларды жеке тақырыпшаларға бөліп қарастырады. Бұл мақалада «өсімдік» концептісі аясында біз «тірі организм» семасын басшылыққа алып, олардың барлығын бөлмей бірлікте қарастырамыз. Негізгі мақсат – қазақ және орыс халқының ырымдарындағы «өсімдік» концептісінің лексика-семантикалық тіркесімділігін анықтау.

Ырымдардың өзге паремиялогиялық айтылымдардан өзгешелігі – болашақты болжау, нұсқау түрінде келуінде екені баршамызға анық. Ал «өсімдік» концептісінің кеңістігін аша түсетін ырымдардың бірнеше қатарын мысал ретінде көрсетіп өтсек. Мәселен, өсімдік тақырыбына қатысты ырымдардың көбі табиғат жағдайын болжауда кеңірек қолданады. Оған себеп өсімдік табиғаттың өзіндік заңына бағынатынында. Өсімдікке анықтама келтірілгендей, ол – тірі организм және ауадан, топырақтан нәр алады. Сол себептен ерте кезден өсімдіктер ауа-райын болжаушы рөлін атқарып, халық санасында сақталған көптеген ырымдар ұрпақтан-ұрпаққа жеткен.

Қазақ халқының ырымдары	Орыс халқының ырымдары
1. Ағаштың жапырақтары жайлап түсетін болса, қыс суық, әрі ұзақ болады.	1. Зацвела черемуха – жди холодов.
2. Пияздың қабығы жұқа болса, сол жылы қыс жұмсақ болады.	2. Раньше клена опушилась береза – жди сухого лета, и наоборот.
3. Қысты күні ағаш шуласа–күн жылынады.	3. Если летом без ветра лес сильно шумит – будет дождь.
	4. Летом много грибов – к дождю.

Қазақ және орыс халқы ырымдарын салыстыра келе мына ерекшелікті байқауға болады. Қазақта өсімдік атаулысына қатысты ырымдар өте аз кездеседі, орыс халқымен салыстырғанда. Ауа-райына қатысты ырымдар қазақта көбіне мал атауымен байланыста айтылады. Мәселен, *Қой пысқырынса, жазды күні бұлттанып, іле-шала жауын-шашын болады. Қой сүзіссе–жел соғады.* Бұл халықтың тұрмыс-тіршілігінің өзгешелігіне қатысты болса керек. Мәселен қазақта мындай ырымдар бар: *Көкті, егінді беусауат баспайды; Көкті жұлса, «көктейі соласың» деп жамандыққа жориды. Қазақ баласы жаңа шыққан көк шөпті жұлмайды. Ағаш бүрлерін үзбейді. Көк шыбықты сындырмайды. Өйткені жас өндірдің бәрі–бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі. Көкті жұлсаң–көктей орыласың, қарғыс атады деп ырымдалады. Қазақ жапан даладағы жалғыз ағашты кеспейді, зақым келтірмейді. Саясына барып паналап, ұйықтамайды. Олай істесең–сол ағаштай сопылып жалғыз қаласың, дүниеде жалғыздықтан өткен жамандық жоқ. Жаның құлазудан асқан қорлық жоқ. Жалғыз ағашты жамандық тілеп тұрған жауыздықтың нысаны деп қарайды. Шөп тістеп жүруге болмайды. Шимен тіс шұқымайды. Бұлай істесе, тіс қақсайды. Ауыз ойылады. Езуге ауыздық түседі. Қазақ қосарланып өскен, қатар біткен ағашты кеспейді. Олай істегенде қосағыңнан айырыласың, қанатыңнан қайырыласың, бақайыңнан майырыласың, тамырың– мен қырқыласың деп шошиды. Дүние түгел әзізден жаралған. Егіздің сыңарын құлатқан оңбайды. Көңілі қарауытып, санадай сарғайып, зарығып, қиналып өтеді деп ырымдайды.*

Қ.Жұбанов айтқандай: «Орыста қой сөзінің баламасы жоқ. Олардың овца дегені – саулық, баран дегені – қошқар. Орысша корова – сауын сиыр; рогатый скот – мүйізді мал; толстый дегені бірде – жуан, бірде – қалың; лошадь – жылқы; бірақ ат, байтал, айғыр емес. Ал біздің ісек, тұсақ, құнан, құнажын, дөнен, дөнежін деген сөздеріміз басқаларда жоқ. Қазақ синий, голубой, зеленый деген түстердің бәрін көк дейді»[4;93-94]. Қазақ ырымдарында өсімдік – көк лексемасымен таңбалануы – халық санасындағы когнитивті білім аясына, өмір тәжірибесіне тікелей байланысты. Себебі, көк түс – өсіп-өркендеудің, көктей көгерудің белгісі іспеттес. «Көкте!», «Көсегең көгерсің!» деп бекер айтпайды. Бұл тілектер жағымды белгіде айтылады. Біздің туымыздың өзі көк түсті болуының да өзіндік мәні бар.

Қазақ және орыс халқының ырымдарында «өсімдік» лексемасына қатысты айтылатын тұрмыстық ырымдар да бар. Мәселен, *егін егін жатқан диқанға өтіп бара жатқан жүргінші: «Бір дәнің мың дән берсін», - деп амандасады; Егер диқаннан біреу-міреу егістік үшін дән*

сұраса, ол сураушыға мүмкіндігіне қарай береді; Күзде ағаш жапырағы көк қалпында тұссе, сол жылы жастар қызыл қырғынға ұшырайды деп жориды. Орыс халқы ырымдары: *Грибы на стене дома выросли – к богатству; В Новолуние деревьяев не рубят – сгниют т.б.*

«Өсімдік» концептісінің негізгі семасы ретінде «тірі организмді» басшылыққа алдық. Өсімдік лексемасы предикаттық тұлғада кездесетін түрлері де бар. Мәселен қазақ тілінде олар етістік тудырушы жұрнақтар арқылы жасалса, орыс тілінде қосымша (приставка), етістік тудырушы жұрнақтар арқылы жасалады. *Көкті жұлса, «көктей соласын» деп жамандыққа жориды. Қысты күні ағаш шуласа – күн жылынады.* Орыс халқы ырымдары: *Когда по осени березы желтеют с макушки – ождай ранней весны, если желтеют снизу – поздней; Черемуха расцветает – прилетают соловьи.* М.А.Солдатова «өсімдік» лексемасына қатысты предикаттарды мағыналық жағына бөліп қарастырады. Мәселен, «жағдайдың өзгеруіне», «қалпына», «әрекетіне» байланысты топтастырылады.

Ырымдарды предикаттық ғана емес, атрибуттық (анықтауыштық) мағынасына қарай топшалауға да болды. Мысалы, *Пияздың қабығы жұқа болса, сол жылы қыс жұмсақ болады; Большой урожай рябины – к морозам зимою; Изобильный урожай рябины – к мокрой осени және т.б.*

Қорытындылай келе, «өсімдік» лексемасына қатысты ырымдардың предикаттық және атрибуттық қызметін анықтадық. Ырымдарда кездескен «өсімдік» лексемасы ауа-райын, тұрмыстық жағдайларға қатысты болжау, нұсқау түрінде келеді. Лексика мағынасына қарай топшалау барысында «өсімдік» концептісіне қатысты лексемалардың жасалу жолдары әр түрлі және предикаттық, атрибуттық тіркесімділігі өсімдік сөзінің мағынасымен қатар келіп, оның лексика-семантикалық тіркесімділігін құрады. «Өсімдік» концептісіне қатысты ырымдарды салыстыру барысында қазақ және орыс халқының өзіндік ерекшелігі анықталды. Қазақ егін шаруашылығымен тұрақты айналыспағаны толық байқалады. Қазақтың негізгі шаруашылығы – мал шаруашылығы. Ал орыс халқы керісінше, егістік пен алқаптың ортасында өмір сүрген халық. Дегенмен, ырым-тыйымдардың жасалу жолдарында негізгі грамматикалық принциптерді бірдей сақтаған. Концепт – бәрінен бұрын адам өмірінің тәжірибесі. Ол адам санасында күнделікті күйбің тіршілікпен бірге қалыптасып, санада сіңіп кеткен ментальды бейнелер болып табылады.

Әдебиеттер

1. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. Оқулық. – Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008, - 968 б.
3. Толковый словарь русского языка. Москва. , 1999.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608б.

DISCOURSE: PROBLEMS AND CHALLENGES OF TODAY

Zhuldyz Tleumuratova, teacher

K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe

The problem of discourse was not resolved, in fact it was reproduced. The judge did not at all give the value of discourse a chance let alone look into the tradition and the values which the Dunne-ca/ Cree espoused as a community. He trashed their social system and referred to their situation as one that lacked proper structures that could give credible legislation. In his judgment, the judge dismissed this legislative ability with strong words, and with this he dismissed discourse as mere speculative and valueless aspect of communication. This is seen in the context of his perception when he stated that “the Dunne-ca/ Cree had no organized system of government or real lawmakers. They also lacked to a great extent the ability to plan or manage, with any degree of success, activities or undertakings other than fishing, hunting and trapping. It seems that many of their decisions even regarding these activities could better be described as spontaneous or instinctive rather than deliberately planned”. This judgment trashes the values held as important social drivers of the Dunne-ca/ Cree. This makes the Dunne-ca/ Cree a disposed community and it is describing them as not part of the Canadian society. This exposes the Dunne-ca/ Cree to further exploitation and more abuse of their rights and chance of proper livelihood. This mere reproduced the problem and heightened speculation on how best the land would be re-claimed besides emotionalizing the Dunne-ca/ Cree about how cheaply they were swindled. This judgment affects the Dunne-ca/ Cree and makes them preys of more exploitive parties. In retaliation, there are possibilities of revenge by the Dunne-ca/ Cree. In fact, we can argue that an Indian revolution against the Whites is possible. The Dunne-ca/ Cree are bitter that, their rich and productive was stolen through a piece of paper. This bitterness is what draws out the context of reproducing the problem of

discourse. They are landless, and they once owned a rich land which was taken away from them unlawfully; unlawful in the fact that, the Dunne-ca/ Cree lacked knowledge and lawyers to advise them on the transaction during the inception of this problem.

Looking at the problem of discourse from the plaintiff perspective, the Dunne-ca/ Cree were exploited by the White man. There was no chance to assess this community's position within a long term perspective of decisions about their livelihood and economic activities. This is because they lacked academic knowledge and legal experts during the transaction to advise them on what was being proposed and offered by the Whiteman. In his testimony, John Davis describes the Dunne-ca/ Cree as unlearned by that time. John Davis says "before the White men came, we were bush people. When they came where we live, they said "this is my land" and we have no more. We can't read or write. We can only remember it. Since not too long ago that my people started to go to school".

This testimony depicts the clear picture of a situation whereby the Whiteman, aware of the academic vacuum and the illiterate headsmen of the Dunne-ca/ Cree went ahead to illegally impose land transfer agreements to a society that had no knowledge on law and legal ethics. It clearly draws the Whiteman as an opportunist and conniving in his activities. The decision to disown this community their birth right is seen as a pre-planned and falls short of any legal basis to secure its legitimacy.

This is supported by Robin Rindiglan's assertions about discourse. He says in regard to the Dunne-ca/ Cree's IR-172 piece of land that "hunting and gathering people typically live in kin-based communities where most social relations take place between people who know one another well. Because people share knowledge of one another lives, they code information about their world differently from those of us whose discourse is conditioned by written documents. They know their world as a totality.

They know it through the authority of experience". This proves the judge wrong in his trashing of the legislative ability of the Red Indians. This depiction of their abilities to make rational decisions and prudent efforts to sustain their livelihoods, make decisions regarding their social system and legislating on their land is sufficient proof that there were legal frameworks which if discourse was given ample room to conveniently ascertain that the Red Indians were objective about their motherland, would have advised on a different land settlement agreement, and even so, would have made the judge give a convenient verdict on the land case.

However, the judge refused to give discourse respect and further insulted the social system of the Dunne-ca/ Cree. He also disrespected the ethos of discourse as a means of communication. This stifled the possibility

of the Red Indians laying bare their case hence further alienating discourse and subsequently invoking a complication of the discourse problem. Rather than resolving the problem of discourse, the judge's verdict only created a more subversive discourse problem.

This point is backed by the testimony of John Davis. He asserts that, his people were not given a chance to speak for themselves. He and other hardy understood what Johnny Beaton was telling the Whiteman "no, I cannot understand English". This means, Johnny Beaton could have given false perspectives during the discussion. John Davis further says "about the land, people don't want to sell the land but it was sold". These statements define the open window of exploitation during this transaction.

In Beaton, we identify a discourse which was successive. He was trying to convince the people not sell the land. Beaton is the leader who, within legislative faculties in the context of the problem of discourse, represents the government system or rather, the leadership framework of the people. He understood the risks but not the power of the title deed. However, he tried to advice against surrendering the land as seen in John Davis testimony. Besides, the Gallibois factor plays the money euphoria within strategic parties seen as prone to exploitation. This reflects on Sucona who said he wants to go hunting and leave the land. It is Gallibois who advised the likes of Sucona on the money that would be paid for the surrender of the land (283).

As such, it's obvious that, the immense suspicion now held within the minds of the victims and the miniature apertures of chance they are being given in court draws contentious perceptions which will culminate to seeking appropriate means to seek justice in principal. More qualified lawyers will seek quantified evidence and give credence to the legislative ability, social faculties and more concise ethics to satiate the abilities of the Dunne-ca/Cree. The issue of discourse has only resurfaced and it is more versatile and objective than it was on the onset.

As argued by Robin, the rationale of discourse is within the context of understanding each other and relating through communication. There is more credence to lack of sufficient room for discourse. According to Robin, "discourse is a problem, but it is also, and more fundamentally a powerful and enabling form of human communication". The essence of discourse is what lacked in this issue; the judgment was myopic and lacked any prudent rationale. This is supported by the fact that, the judge hardly views discourse in the context of social-literacy perspectives, he deems the natives as 'just any other community'. He is oblivious of their system and obviously perceives them as not worthy much of his judicial insight.

While Robin asserts that “human communication also creates a point of view or a context within which information becomes imbued with meaning, Human communication is a cultural accomplishment and a means of defining cultural identity” The judge should have understood these virtues and while giving his verdict, sensibly seek legal re-dress on the land matter rather than cast a die on the lives of innocent and misused citizens.

The verdict reproduced the problem of discourse. The judge will be faced with the duty of understanding discourse from its inner depths than the elementary level of it. He has to review the stand and face more evidence on the lack of discourse in the transaction. The lawyers already have new angles which reflect on the truth about the misadvising of natives, the exploitation of natives and the pre-planned take-over the rich mother land of these people. Through understanding their culture, their communication and the experience on this land they lived in for many years and that belonged to their forefathers, there is little chance to end the problem based on that verdict.

Literature

1. Paul Chilton “Analysing political discourse”
2. Web-site
3. Esenova K. O. Қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. Алматы, 2007.
4. МакаровМ.Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2008.

**V. ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ. ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**



СИМВОЛДАРДЫҢ ТІЛДІК ТАҢБАЛЫҚ СИПАТЫ

**Ж.Тектіғұл, филология ғылымдарының докторы, профессор
С.Қартбаева, магистрант
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Тіл қойнауында жасырын жатқан және бір қарағанда байқала бермейтін байланыстар мен қатынастарды зерттеу қазіргі лингвистикада біртіндеп тұрақты орын алып келе жатыр. Барлық тілдерге қатысты заңдылықтар мен жалпылық сипаттарды анықтаудың тіл теориясының дамуына өзіндік ықпал ететіндігі сөзсіз. Әрбір халық әлемді оларды қоршаған заттарды өзінше елестетіп, қабылдайды. Себебі әр елдің тарихы, төл мәдениеті, ұлттық таным мен талғамы, тілі, діні әртектес болып келеді. Әр тіл – өз ұлтының бойтұмарындай қасиетін белгілейтін таңбалық жүйе. Тіл адам үшін қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын механизм ғана емес, ақиқат әлемі туралы ақпарат беретін саналы құбылыс.

Әдетте ғалымдар тілдегі заңдылықтар мен олардың мәнін анықтау барысында тілдің таңбалық қасиетіне сүйенеді. Атап айтқанда, тіл ерекше таңбалар жүйесі ретінде өзге таңбалар жүйесінен өзінің құрылымдық принципі арқылы ерекшеленеді, сонымен қатар жалпыланған таңбалар, үлгілер (модельдер) мен олардың байланыстар жүйесі және сол жүйенің шынайы көрінісі ретінде анықталады. Ал семиотикада таңба деп әдетте қоршаған ортаның затына ұқсайтын кейбір материалдық затты атайды, яғни түрлі символикалық құралдар жүйесі адамға тән таным процесі барысында жинақталатын сыртқы дүние үлгілері деп қарастырылады [1].

Символ мәселесі, оны әр кезеңде зерттеп, зерделеу XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында дүниеге келген «символизм» ағымынан ғылымда бұрынырақ пайда болған. Әр кезең зерттеушілері «символ» табиғатын өзінше зерделеп, оның ерекшелігін, даму тарихын, әр ғылым саласында айқындауда зор үлес қосып, тіл білімінің өзекті мәселелерінің біріне айналған. Символдың табиғаты мен мәнін мәдени феномен ретінде қарастыру XX ғ. Э. Кассирердің

символикалық форма теориясының пайда болуы символды зерттеуге деген үлкен қызығушылықтан туындап отыр. Кассирердің теориясы бойынша, символ дегеніміз – априорлы логикалық құрылым. Кез келген халықтың бағалау жүйесінде символизмнің өзгеріссіз орын алуы зерттеулер тарапынан үнемі қызығушылық тудыруда. Символ Ежелгі Грецияда (гр. тілінде symbolon) белгілі бір қоғамдық топ мүшелерінің, құпия қоғамының шартты белгісі ретінде танылған. Қазіргі кезде символ мәдениетті тануда, «құпия» ақпаратты жеткізуші құрал ретінде ең жоғары дәрежеде тұр. Сонымен қатар қоршаған орта, әлем туралы ақпарат беруде, сөз, фраза, мәтіндерде символ таңба ретінде көрінеді [2].

Символ ертеден адам өмірін, оның санасын, болмысты қабылдауын, тұрмыс-тіршілікке қарым-қатынасын анықтап, маңызды роль атқаратын категория. Адам арқылы болмысты нақтылау және меңгеруде ол ұзақ және күрделі даму процесіне ұшырады. Бір қарағанда символизм дін мен саясатта ғана көрінетін тәрізді. Бірақ, шындығында, барлық мәдениет, жеке тұлғаның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын символизммен толықтырады. Осы себептен, символды зерттеуге әр ғылым саласында: философия, семиотика, психология, тіл білімінде т.б. көптеген еңбектер арналған. Мәдениеттегі символды анықтауда әр түрлі амал-тәсілдер қолданылған және символды зерттеуде мынадай негізгі бағыттарды айтуға болады: мәдениет семиотикасын: К.Г.Юнг, Э.Сепир, Ю.М.Лотман, Б.А.Успенский, В.В.Колесов, А.Ф.Лосев, В.Н.Топорок, А.А.Зализняк; семантикалық типологияда: Э. Бенвенист, М. М. Маковский, О.Н.Трубачев, А.Голан; әр мәдени дәстүрлердегі символдарды зерттеуде: Цв.Тодоров, В.Н.Топорков, Ю.С.Степанов. Зерттеу еңбектерінде терминологиялық дәлсіздіктер көптеп кездеседі де, символға ешқандай да нақты, бірегей анықтама әлі күнге дейін берілмеген. Тіпті бір ғана зерттеу жұмысының өзінде келенсіздіктер кездеседі. Мысалы, А. Голанның «Миф и символ» еңбегінің кіріспесінде «таңба мен символ, графема мен идеограмма» терминдеріне ешқандай да ерекше айырмашылық көрсетілмеген. Сол сияқты символизмнің көрнекті өкілі әрі теоретигі А.Бельйдың бір өзі символға 23 түрлі анықтама берді. Бұнда ол символды, ең алдымен, «тұтастық, бірлік»(1-анықтама) деп ұқтырады да, ары қарай «эмблемалар бірлігі» (2-анықтама), «форма мен мазмұнның бірлігі» (12-анықтама), «сана мазмұны – шығармашылығының бірлігі» (5-анықтама) [2; 84] деп қарастырады. Бұл байламдарды символдың жеке өзіне берілген анықтама деуден гөрі, оның жеке қасиеттерінің сипаттамасы деп қабылдау жөн сияқты. Сондықтан біз үшін бұл байламдардың ішінен «символ – тұтастық,

бірлік» деген анықтама маңызды және ғалымның «Шындық өмір танымдық және шығармашылық символдандыру процесінде символға жақындайды» (16-анықтама), «Біздің тірліктің мәні таным мен шығармашылықтың символикалық заң-тәртіптерінің иерархиясында анықталады» (20-анықтама) деген байламдары да ойлантады [3]. Символ проблемасын жете зерттеген академик А.Ф.Лосев табиғатты, қоғамды, тіпті бүкіл әлемді «символдар патшалығы» деп анықтап, символ атаулыны қолданылу саласына қарай: 1) ғылыми, 2) философиялық, 3) көркем, 4) мифологиялық, 5) идеологиялық, 6) діни, 7) табиғат, қоғам және бүкіл әлем символдар патшалығы ретінде, 8) адамға тән мәнерлеу символдары, 9) сыртқы техникалық символдар деген типтерге жіктейді [4]. «Символ» терминінің тарихы жалпыға бірдей түсініктілігімен адастыратынын айта келіп, зерттеуші символ атаулының кейде тым қарапайым, табиғи құбылыстарға таңыла беретініне қынжылып, мысалы, «жапырақты – күздің, найзағайды – нөсердің символы» деп қабылдаудың өрескелдігін ескертеді [4]. Әрине, символтану тарихындағы мұндай көзқарастардың да себеп-салдарсыз болмағаны белгілі. Ал шын мәнінде символды таза субъективтік тұрғыда ғана түсіну қателікке ұрындыратынын, онда философия ғылымында да, әдебиет пен өнер теориясында да символға орын қалмайтынын ескертетін А.Ф.Лосевтің пікірін ерекше айтуымыз керек.

Мұның өзі «символ» ұғымының күрделілігімен де, ерекшелігімен де байланысты. Символ мәселесіне ерекше көңіл бөлген зерттеуші В.В.Мантатовтың сөзіне жүгінсек: «Символ» ұғымы – ғылым тарихы мен мәдениет тарихы көрсеткендей, әлдеқайда терең және жан-жақты ұғым, оны Гельмгольцтей таза интуитивті үстіртін таныммен де, орыс символистеріндей мистикалық сипатпен де айқындауға болмайды» [5].

Символ туралы ой қозғау Аристотель мен Платоннан бастау алса да, ғылыми тұрғыдан анықтама берген И.Кант, себебі классикалық антика дәуірі мәтіндеріндегі символ ешқандай объектіге қатыссыз, өзімен-өзі, өзінің таза заттық образдылығында кездеседі. Ал немістің классикалық философиясында «символ» екі бағытта танылды: экспрессивті-көрнекті және бейнелі-объективті. Канттың түсіндіруінде, символ – эстетикалық идея, бейнелеудің арнайы түрі, «көрінбейтінді, мүмкін еместі жеткізуге тырысатын бейнелеудің арнайы түрі, анығында, ақылдың идеяларына сәйкес келетін пайымдау» [6]. Гегель символ туралы былай дейді: «Символ өзі үшін өмір сүрмейтін, барынша кең және жалпы мағынада түсінілуді қажет ететін, пайымдалатын сыртқы болмыс». И.Кант, Д.В.Шеллинг, Г.В.Гегель, И.В.Гете символды ақиқат құдіретін тану жолы деген

көзқараста болды және символ табиғатын идея мен образдың ұқсастығы деп пайымдады. Бұл идеяны П. А. Флоренский, ал батыс ғалымдарынан М.Хайдеггер, Э.Гуссерлю, Ф.Уилрайт жалғастырды. Платон символды мифтен ажырата түсіну керектігін көрсетті [5].

Ю.С.Степанов символды ғылыми түсінік емес, оның мағыналылығы мен шынайылығын поэтикалық жүйе шеңберінде «этика» ұғымы деп түсіндіреді. «Өнердегі символ өзімен астарлас, бір жағынан, көркем бейнемен, екіншіден, таңба мен аллегорияны салыстыра ашатын әмбебап эстетикалық категория» [7]. Ю.А.Гвоздарев сөз-символды «сөзде қалыптасқан және тілде үнемі айтылатын заттық символдың, заттық бейненің белгілі бір оқиғамен айшықталатын халыққа тән көрінісі» деп айтқан [9].

Ал қазақ ғылымында символды зерттеу өз бастауын Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Мұқанов еңбектерінен алса, осыған жалғас ғылыми көзқарастарды тілші-ғалымдар І.Кеңесбаев, Ә.Т.Қайдаров, Е.Н.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, С.Е.Жанпейісова, Б.Ақбердиева еңбектерінен көруге болады. Ал этнограф-ғалымдар Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, С.Қасыманов, А.Сейдімбек еңбектері тілдік деректердің уәждемесін анықтауға көмектесіп қана қоймай, қазақ мәдениетіндегі ұлттық символдар табиғатын тануға, саралауға жол ашады. Бұл еңбектерде символ сөзінің орнына кейде белгі, нышан, рәміз сөздері қолданғандығын, осылайша әрбір таным-түсініктің символдық мәнін көрсетіп отырғанын айта кеткен жөн. Алайда бұл зерттеушілердің көпшілігінде дерлік символ табиғатына толыққанды теориялық талдау жасалынбаған, тек символдың жеке категорияларына қатысты сөз қозғалады.

«Символ» терминін әр түрлі авторлар әр қырынан таныған. Орыс ғылымында В.И.Еремина символды ән-жыр жанрындағы «тұрақты бейнені көркемдейтін, белгілі бір поэтикалық әсерді білдіреді және символ бір мағыналы, мазмұны тұрғысынан күрделі» деп қарастырған. Еремина мен Черданцеваның лингвистикалық еңбектерінде символ әр түрлі тұрақты тіркестерде кездесетін мағыналық сөздер делінген. Бұдан шығатын қорытынды – символ ауыспалы мәндегі фразеологизмдермен де байланысқа түседі [8].

Академик Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде бұған жалғас Қ.С.Дүсіпбаева, Р.Ә.Авакова, этнолингвист-ғалым Е.Жанпейісов, профессор Ж.А.Манкеева, академик Ә.Т.Қайдаров, Б.Өмірбеков, З.Т.Ахтамбердиева еңбектерінде кейбір этнографизмдер мен түр-түс атауларының символдық мағынасы, сан атауларының символдық мәні, символ мәселесі, символдардағы

әлемнің тілдік бейнесі, рухани мәдениет пен материалдық мәдениетке қатысты этнографизмдердің символдық мәні айқындалып, материалдық мәдениет лексикасына қатысты символдық сипаттағы этноатаулар зерттелген. Көптеген этномәдени атаулар мен символдық мәнге ие фразеологизмдер сипаты Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», Н.Уәлиұлының «Фразеология және тілдік норма» еңбектерде көрініс табады. Сол сияқты осы мектепті жалғастырушы Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» еңбегінде символдық мәнге ие фразеологизмдер сипаты, Б.Қ. Ақбердиева мифтік танымға негізделген символдар, Ж.Ә.Акимешева ою-өрнектердің таңбалық табиғатының уәждемесін ашып, оны символдық графика тұрғысынан қарастырып, А.Қ.Сейілхан халықтық эстетика мен сұлулық символизмдері, Қ.Т.Қайырбаева еңбектерінде символды лингвистикалық тұрғыдан тілдік таңба ретінде ұлт мәдениетімен сабақтас жүйеде қарастырып, символдық мағынаның қалыптасуына әсер ететін экстралингвистикалық факторлардың негізінде құнды рухани қазына мәтіндерінің танымдық мазмұнын қысқа да нұсқа түрде сақтап жеткізетін тілдік құралдардың бірі символ деп қарастырған. Сол сияқты Б. А. Жетпісбаева мен Л. Ж. Мұсалы көркем әдебиеттегі символ мәселесінің зерттелуін, А.С.Айқұлова қазақ символдарының аудармада берілу жолдарын зерттеген.

Ал символдың когнитивтік сипаты Қ.Ә.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясында айқындалып, теориялық тұрғыдан анықтама беріледі. Ғалымның көрсетуінше, «ішкі терең қажеттіліктер символдар арқылы оянады. Бұл процесс санаға эмоция арқылы белгілі болады. Енді өз кезегінде сана ішкі қажеттілікті қанағаттандыру үшін қайтадан символдар дүниесіне жүгінеді. Сөйтіп, терең негізі бар қажеттіліктердің сипаты символдар арқылы анықталады. Яғни сана сыртқы факторларға таңдаулы түрдегі тәуелділігін немесе ішкі осу, жетілу қажеттілігін белгілі бір модельдің, форманың бойына жинақтау арқылы шешеді» [10].

Символдың әр түрлі семиотикалық жүйелерде көрсетілуі, яғни мифтерде, өнерде, дінде, әдебиетте, фольклорда, және әр кезеңдегі мәдениетпен, халықтың символдың қиысуы көптеген символикалық сөздіктерден көрініс тапты: кейбір сөздіктер символды жекелеп немесе бірнеше негізде топшылайды, мысалы, «The book of symbols» еңбегінде Гераи англо-саксондық символдардың таксомониясын жазады, «Lexicon alter Symbole» еңбегінде Купер көне символдарды, «Lexicon der Symbole» Бауэра символдарды көне, үнді, американдық

үндістер символы, ежелгі грек символдары, христиандық, ертегілік, магиялық, астрологиялық, алхимикалық, таро символдары және күнделікті қолданыстағы символдар деп қарастырған. Басқа да сөздіктерде, Шевальенің «Dictionnaire des Symboles», Бидерманның он томдық «Handwörterbuch des deutschen Aberglaubens», «Knaurs Lexikon der Symbole», Эда де Врисаның «A dictionary of symbols and imagery» еңбектерінде тілдік бірліктерді символикалық мағынаның барлық жиынтығында қарастырған. Әр мәдениет пен цивилизацияда түр- түс символикасы, сандық символика, геральдикалық, вегетативті, минералды, териоморфты, тағы басқа жеке сөз (ұғымның) символикалық аспектілері қарастырылған. Бұл сөздіктер тарихшылар, археологтар, тілшілер, психологтардың біріккен пәнаралық еңбектерінің жемісі.

Әр мәдениеттің интеграциялық қызметі символдың тұрақтылығымен байланысты. Белгілі бір дәуірге тән символдар барлық салаларда таңбалық жүйеге қатысты табылады. Сондықтан символ сөздер дегеніміз – күрделі құрылымды тілдік таңба, ал санадан тыс бейақиқат дүниенің, шындық өмірдің, эстетикалық әлемнің тілдік бейнесі, ерекше мәдени мазмұнға ие таңбалар жүйесі. Зерттеушілер символды әр ғылым саласына байланысты мақсатпен қарастырғанмен, кейбіреулері символды адам танымынан тыс дүниені бейнелеу, идеяны көрнекті тілдік модель арқылы тілдік модель арқылы көрсету деп біледі.

Әдебиеттер

1. Солнцев В.Н. Язык как системно-структурное образование. – М., – С. 93.
2. Савицкий В.М. Английская фразеология: проблемы моделирования. – Самара,
3. Белый А. Символизм и миропонимание. – М., 1994. – С. 528 с.
4. Лосев А.Ф. Реалистическое искусство и проблема символа. – М., 1994.
5. Мантатов В.В. Образ, знак, условность. – М., 1998
6. Кант И. Сочинения: В 6 т. – Т. 5. – М., 1996. – С. 564.
7. Кассирер Э. Философия символических форм. – М.,
8. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы,
9. Гвоздарев Ю.А. Слова-символы в русской фразеологии // Проблема лексики и фразеологии. – Л.,
10. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, – 52-б.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ

**Бактыгул Курманова, п.ғ.д., доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік өңірлік университеті,
Ақтөбе қ.**

**Дина Максатова, п.ғ.м., аға оқытушы
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе қ.**

Бүгінгі күні әлемдік білім беру саласында түбегейлі өзгерістер болуда. Соның ішінде адам еңбегінің оңтайландырылуына бағытталған машинаның қоғамдық өмірге қарқынды енуі оның адамның игілігіне жұмсалуына кеңінен жол ашылды деуге болады. Қазақстандық білім беруде бүгінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар енгізілді. Кешегі қолмен жасалатын, саналатын кейбір тексеру, бақылау-өлшеу материалдарын машина атқарып, барлық қағаз түріндегі білімдік және оқу материалдары цифрлық күйге көшірілуде. Еліміздегі бүгінде көптеген оқу орындары қашықтықтан оқытуды іске асыруда. Қашықтықтан оқытудың әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан тиімді екендігін және білім аламын дегендердің кеңістік бойынша жылжымай, уақытты шығындамай бір орында отырып білім алуына мүмкіндіктер де туындауда.

Қазақстанда қашықтықтан оқытуға байланысты көптеген жағдайлар жасалып, заңнамалық-қорғаттық құжаттар да қабылданған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында «Қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі - ҚБТ) іске асыру мынадай түрлер бойынша жүзеге асырылады: ТВ-технологиясы, желілік технология мен кейс-технология. Қашықтықтан білім беру технологияларының субъектілері білім алушылар, педагогикалық қызметкерлер және қосымша білім беруді оқып үйрену бағдарламаларын іске асырушы ұйымдар болып табылады. ҚБТ-ны білім беру ұйымдары өз бетінше іске асырады» [1, Электронды ресурс] деп көрсетілген. Ал Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы №169 бұйрығымен бекітілген «Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру ережелерінде» «оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиясын пайдалану мен ұйымдастырудың негізгі міндеттері келесілер болып табылады:

□ ақпараттық технологияларды білім беруге енгізу;

□ білім беруді жекелеу;

□ білім берудің тиімділігін (сапасын) арттыру; дәстүрлі білім беру түрлеріне қолы жетпейтін адамдарға білім беру қызметтерін ұсыну» [2, Электронды ресурс].

Сонымен қашықтықтан оқыту технологиясын білім беруге енгізудің басты себептерін педагог-ғалымдар былай көрсетеді:

□ бүгінгі күні көптеген білім алуға ұмтылған адамдардың оқу орындарынан аумақтық алшақ тұруы;

□ білім алуға үміттенгендердің көпшілігінің экономикалық тұрғыдан астаналар мен үлкен қалаларда оқуға қаржылық жағдайларының болмауы;

□ негізгі қызметіне байланысты екінші қажетті жоғары білім алудың керектігі;

□ бүгінгі күні дәстүрлі түрде сырттай оқудың тиімділігінің төмендеуі.

Қашықтықтан білім беруді дамыту оған деген жаңа көзқарастарды қалыптастыруға бағытталған оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін іске асырылуы тиіс. Соның ішінде оның әдіснамалық проблемалары ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жүйесімен оқытуды есепке ала отырып жасалуын алға тартады [3, 9-10]. Сонымен «қашықтықтан оқыту» – білім беруші мен білім алушының оқыту процесіне тән мазмұн, әдістер, ұйымдастыру формасы, оқыту құралдарын қолдана отырып, Интернет-технология немесе интерактивті сипаттағы оқытуды қарастыратын өзара оқу және оқыту қызметін атқарулары. Сонымен қатар қашықтықтан оқыту – оқытудың өз бетінше атқарылатын түрі және де ол оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жетекші рөл атқарады [4, электронды ресурс]

Бүгінде «қашықтықтан оқыту» мен «қашықтықтан білім беру» бірін бірі ауыстыра отырып қолданылуда. Арнайы әдебиеттерде мынадай терминдер қолданылып жүр: дистанциялық білім беру, дистанциялық оқыту, ашық оқыту/ білім беру, икемді білім беру/оқыту, тәуелсіз білім беру/оқыту, электронды оқыту/білім беру (e-learning), виртуалды білім беру. Соныме қатар бүгінде мобильді оқыту мен білім беру (M-learning) терминдері де пайд болды. Мобильді оқытудың басты мақсаты – мобильді құрылғыларды (телефондар, смартфондар, планшеттер, I-pod) оқытуда пайдалану.

Дистанциялық оқытудың төроиясын қалаушылардың бірі Д.Киган дистанциялық оқытудың анықтамасының үш түрін ажыратып көрсетеді:

□ қашықтықтан (дистанциялық) білім беру – сабаққа, оқуға қатысуға белегілі себептері бар студенттерге халықаралық, ұлттық көлемде ғылыми дәреже, университет дипломын, сертификаттар бере алатын мүмкіндіктері бар жүйе, қоғамдық институт;

□ қашықтықтан (дистанциялық) оқыту – студенттер топтарына оқу орталығынан тысқары күйде электронды технологиялар арқылы білім берушімен біріге отырып оқу мүмкіндігін жасау;

□ қашықтықтан (дистанциялық) дайындық – қашықтықтан кәсіби-техникалық біліктілік алу мүмкіндігі. Бұл термин сонымен қатар қосымша білім алу бағдарамласын да қамтиды. Өйткені көптеген дүниежүзілік қашықтықтан оқыту бағдарламалары университеттік емес, қосымша білім беру мазмұнында болып табылады [5, 66-68].

Сонымен қашықтықтан білім беруді білім алушы мен білім берушінің алшақтан қарым-қатынас құрып, оқыту процесін іске асырып, белгілі бір дәрежедегі білімін бекітетін ресми құжат алуына мүмкіндіктердің болуы деп айта аламыз. Ал қашықтықтан оқыту деп оқу орталығынан тысқары жерлерде оқу материалдарын игеруге, тапсырмаларды орындауға мүмкіндіктерінің болып, оқу процесінен қалыспауға бағытталған қызметті айтамыз

Қашықтықтан білім берудің мақсаттары мынадай:

1) оқытуды жекелеу – оқыту сапасын арттыруға көмектеседі. Өйткені мұндай оқытуда білім алушының жеке қасиеттері мен мүмкіндіктері ескеріліп отырады;

2) оқыту процесін дербестеу – әрбір білім алушының оқудағы жеке графигі жасалады. Сонымен қатар бұл график студенттің оқу ақпаратын игеру темпіне сай және оның өзге де атқаратын қызметтерінің өзгерістеріне сай икемделіп өзгертіліп отырады;

3) оқытушылық ресурсты қолдануды жеделдету мақсатына келетін болсақ, қашықтықтан оқыту жүйесі оқытушылардың еңбегін жеделдету мен жаңартуды талап етеді. Кей кездері оқытушылар өздерінің біліктіліктерін көтеріп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқытуға енгізу үдерісін үйрену қажеттіліктері туындап отырады;

4) оқыту тимиділігін арттыру ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары (CD, Интернет желілерін т.с.с.) көмегімен дәстүрлі емес оқу материалдарына пайдалануды талап ететін оқытудың жаңа қағидаларын, тәсілдерін, техникалық құралдарды қолдану қажеттілігі туындатып, оны іске асырып отыруды талап етеді;

5) білім беру қызметі нарығын кеңейту бойынша алшақ аумақтарда қашықтықтан оқыту жүйесін енгізіп, оны оңтайлы

қолданудың шартын қояды, соның негізінде білім беру қызметінің нарығын кеңейту мақсаты орындалып отырады;

6) педагогикалық тәжірибені, білімді, сақтау, тарату және оқыту әдістемесін жақсарту жаңа, қуатты және күшті ақпарат тасымалдаушылары мен электронды мұрағаттардың мүмкіндіктерін пайдалануды көздейді.

7) қашықтықтан оқытуды пайдаланудағы оқу процесінің компонентін кеңейту бойынша электронды пошта, http сервистерін пайдаланып оқытудың электронды құрамдас бөлшегін қолдануды көздейді;

8) әкімшілік ресурсты қосымша жұмылдыру (мобилизация) қашықтықтан оқыту жүйесі сәйкес жаңа әкімшілік күшті талап етеді [3, 9-10].

Қашықтықтан оқыту мақсаттарының мазмұны нақты көрсетілген шаралардан тұратынын көрдік. Ал енді осы қашықтықтан оқытудың жүйе құрушы белгілері қандай екендігін айқындап көрелік. Қашықтықтан оқытудың жүйелік белгілерін Д.Киган былай айқындайды:

оқу үдерісіндегі оқытушы мен студенттің үнемі бір бірінен алшақ болуы, дәстүрлі оқытудағы бетпе-бет режимімен тікелей қатынастың болмауы;

оқытуды ұйымдастырудың, жоспарлаудың, оқу материалдарының жоспарлы жасақталуының жетекші және анықтаушы рөл атқаруы, білім алушыларға үнемі көмек көрсетіліп, оны қолдап отырудың болуы;

білім алушы мен білім беруші арасындағы қарым-қатынаста байланыстың техникалық құралдарын (баспа материалдары, аудио-бейне-, компьютерлік коммуникация) қолдану, білім алушыларды оқу материалымен үнемі қамтамасыз етіп отыру;

оқытушының білім алушының академиялық үлгерімін тексеріп, бақылап отыруға мүмкіндік беретін және де оқытушы мен білім алушының арасындағы диалогті іске асыратын кері байланыстың міндетті түрде үзіліссіз болуы;

оқу үдерісінң барлық кезеңінде оқу тобының болмауы, яғни жекелеп оқытудың іске асырылып отыруы, бірақ білім алушы мен оқытушының арасындағы белгілі бір техникалық құрал арқылы байланыстың болуының толыққанды қамтамасыз етілуі [5, 72-74].

Бұл тұжырымдардың негізінде бүгінгі күнгі қашықтықтан оқытудағы көптеген өзгерістерді ескере отырып, қашықтықтан оқытудың негізгі белгілерінің өзгерген, модификацияланған белгілерін өзгеріске ұшығаранын айтуға болады. Мысалы, оқу тобының

болмауына келетін болсақ, бүгінде «алшақтағы білім алушының» жеке өзі ғана емес, топтық түрде білім алуына көптеген желілік байланыс түрлері көмекке келе алады: чаттар, бейнебайланыс, форумдар мен қашықтықтан білім беру стратегиясына байланысты виртуалды оқу ұжымдарын құруға болады.

Сонымен бүгінгі қашықтықтан оқытудағы қарым-қатынасты мынадай етіп айтуға болады:

1) оқытушы мен білім алушының кеңістік пен уақыт арасындағы алшақта болуы;

2) студенттің оқу процесін саналы түрде өз бетінше бақылап және қадағалап отыруы;

3) сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, студент пен оқытушының өзара байланыста болуы.

Қашықтықтан оқыту бүгінде оқыту технологиясы емес, оқыту түрі ретінде қабылданып, көптеген оқу оырнадрыныдағы білім беру қызметіне айналғанын атап өту керек. Қашықтықтан оқыту жоспарланған өзінің ерекше түрде ұйымдастырылуын, оқу материалдарының жасақталуын, ерекше әдістемелік тәсілдер мен арнайы әкімшілік түрде басқарылуы түрлі коммуникациялық құралдар арқылы іске асырылуын талап ететін оқыту түрі деп айтуға болады [5, 72-74]. Сонымен қашықтықтан оқытудың анықтамасы мен білім берудегі мәнін айқындай отырып, оның білім берудегі шешетін негізгі міндеттері былай анықталады:

1) дәстүрлі оқыту флормасына сәйкес болуы қашықтықтан оқыту дербес және тәуелсіз оқыту түрі деп қарастырылмауы керек. Ол негізінен дәістүрлі білім беруді толықтырушы оқытушының оқу процесіндегі жүктемесін оңтайландыруға бағытталған оқыту түрі болып табылады. Оқу процесінің міндетті және ажырамас бөлшегі болып табылатын оқу бөлімі, деканат ақпараттық ресурстар мен қарым-қатынас құралдарына, тестілеуге қарағанда екінші реттегі компоненттер болып табылады. Ал егерде қашықтықтан оқыту дәстүрлі оқытуға альтерниативті, жаңа құрылым болып табылса, ол жағдайда электронды деканат, курстарды өзара синхронизациялау, оқу процесі бойынша статистиканы жинақтау сияқты деканаттың қызметтері қосылады;

2) білім алушыларға оқу материалдарын жеткізуді ұйымдастыруда білім алушылардың оқу материалдарын жедел, тиімді түрде олардың алшақтығына қарамастан ұйымдстырылуы қажет. Бұл ұйымдастырушылық қызмет ақпаратты жеткізудің құралдарына,

тасымалдаушыларының түріне, технологиясына тікелей байланысты болады;

3)білімді сертификаттау қашықтықтан оқыту жүйесінде бір ғана тәсілмен іске асырылады – автоматты түрде өңделетін интерактивті тестілер. Сонымен қатар өге де білімді сертификаттау түрлері бар – off-line режимінде орындалатын және оқытушыға білім алушыдан кері байланыс арқылы жіберілетін бақылау жұмыстарын орындау, емтихан тапсыру сияқты түрлерін айтуға болады;

4)оқыту барысындағы білім алушымен кері байланысты орнату және іске асыру – алдыңғы міндет тек қана студенттің білімін бағалауға арналған жағдайда білім алушыға оқу үдерісінң барлық кезеңінде көмек көрсетуді алға тартады. Берілетін көмектің мәні оқу процесін жекелеуге байланысты оған керек кезде түзетулер енгізіп отыру болып табылады. Осыған байланысты маңызды болып табылатындар – үнемі және жедел түрде оқу процесінде болып тұратын оқу материалын талқылау барысында болатын дискуссияларда, оқытушының қосымша комментарийлер жасап тұруын талап етеді.

5)оқу үдерісін жүргізу қашықтықтан оқытуда тұтас және оның бөлек компоненттерін алғанда оған қатысушылардың барлығының (білім алушы, білім беруші, әкімшілік) жеке мүдделерін есепке ала отырып икемді басқаруды талап етеді. Аталған қатысушылардың әрқайсысы қашықтықтан оқыту жүйесіне өзінің талаптарын қояды. Кей кездер ол талаптар қарама-қайшылықтарда болып жатады. Соның ішінде білім алушылар оқу материалының берілу сипатына, формасына материалды оқып тану тереңдігіне, оқытушымен кездесу, өара қары-қатынас жиілігіне талап қойса, білім беруші (оқытушы) оқу курсының кейбір бөліктерінің өзінің авторлық тұрғыдан түрін, мазмұнын өзгертуге, әкімшілік оқу процесінің өзекті статистикасының болуына, үлгерімнің қадағалануына, оқыту мен оқудың сапасына талаптар қойып отырады [3, 28-31].

Қашықтықтан оқытуды құру әдіснамасы білімді ақпараттандыру және телекоммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану қағидасы негізінде жасақталады.

1.Интерактивтілік қағидасы оқытудың жаңа технологияларының оқыту үдерісіне қарқынды енгізіліп, дамытылуымен сипатталады. Өйткені қашықтықтан оқытуда жасанды интеллект (искусственный интеллект), мұдьятимедиа, телекоммуникациялық жүйелер қолданылады.

2.Оқыту үдерісінің бейімділігі деп берілетін оқу материалының нақты оқыту үдерісінің белгілі жағдайларына сай бейімделуін айтады.

Ал мұндай жағдайды іске асыруға жаңа телекоммуникациялық технологиялар мен жүйелер мүмкіндік жасай алады.

3. Икемділік қағидасын қашықтықтан оқытудың барлық кезеңінде ұстанады: курс бағдарламасының құрылымын жасағанда, қашықтықтан оқыту орталығының жұмысын ұйымдастыруда оқытудың түрлі тәсілдері мен құралдарын нақты бір оқу үдерісінің форматын жасақтағанда ұстанылады. Бұл қағида сонымен қатар оқытушының қызметін сипаттап, әр түрлі білім алушылар құрамына қажет тұрғыдан келуіне мүмкіндік береді.

4. Модульділік қағидасы нақты бір курстың оқу бағдармаласын таңдауда білім алушының алатын біліміне қойылатын талаптарды қамтамасыз ету үшін және де оқу процесінің бағдарламалық құрамын қамтамасыз ету үшін ұстанылады. Модульдер жиынтығы сәйкес комплектілерден тұрып, оқу бағдарламасына қойылатын талаптарды толыққанды орындауға мүмкіндік береді.

5. Экономикалық тиімділік қағидасы студенттер құрамының санына қарамастан оқу орындарындағы жайларда (ғимараттарда) аудиториялармен қамтамасыз етілуін кеңейтуді талап етпейді, тек қана оқу орнының техникалық базасын пайдалануға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту алғашқы кезеңде ғана көптеген шығынды талап етеді. Өйткені ол білім алушылардың санының көп болуына мән береді [3, 30-32].

Дәстүрлі оқытуда орталық орын пәндік сипатта болып, ол анықтаушы рөл атқарып отырады. Мұндай оқытуда тұрақты қатаң оқу жоспары мен сабақ кестесі болады. Дәстүрлі оқытуда ақпараттарды сақтаушы кітаптар, оқулықтар, аудио-, бейнежазбалар, компьютерлік бағдарламалар болып, олардағы білімді өңдеуші және интерпретациялаушы оқытушы ғана болып табылады. Сондықтан да мұндай оқыту моделінде білім алушының жекелік қасиеті мен ішкі әлеуеті іске қосылмайды. Ал білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескерілмей олардың барлығына бірдей талаптар қойылып, бағаланады. Қашықтықтан оқуда белгілі бір алшақтықтар компьютер арқылы жойылып, білім алушының өз бетінше берілген материалдарды игеруіне және оны кей кездері алған білімін бірден тексеріп, түзетіп отыруына жағдай жасалады. Сонымен қатар қашықтықтан оқытуда білім алушыға өз бетінше берілетін жұмыс шынайы сипатын алады. Білім алушы өз бетінше берілген тапсырмаоар мен оқу материалын игеріп, оқу ортасымен белсенді қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі туындайды.

Сонымен қашықтықтан оқыту – білім алушы мен білім берушінің арасындағы интерактивті мақсатталған оқыту құралдары арқылы

жасалатын өзара қарым-қатынас және де бұл қарым-қатынас ара қашықтық пен уақытқа тәуелді емес ерекше болып табылады. Бұл оқытуда білім алуудағы негізгі принцип білім алушының өз бетінше оқу қызметін атқарады. Оқу ортасы бойынша білім алушы оқытушыдан кеңістікті мәнде алшақта болып, телекоммуникация арқылы оқытушымен диалог құруына болады. Қашықтықтан оқытуда білім алушы телефон немесе өзге де телекоммуникациялық, ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы оқытушымен хабарласып, консультациялар алып отыруына мүмкіндік береді. Білімді бақылау негізінен тестілер арқылы іске асырылып отырады. Бүгінгі күнгі қашықтықтан оқытудың негізгі категориялары:

□ интерактивті емес (оқу материалдары баспалық күйде, аудио-, бейне тасымаллаушыларда жазылған);

□ компьютерлік оқыту құралдары (электронды оқулықтар, компьютерлік тестілеу, жаңа мультимедиа құралдары);

□ бейнеконференциялар – телекоммуникациялық және ақпараттық-коммуникациялық құралдардың жетілген құралдары және аудио-, бейне-, компьютерлік каналдар арқылы таратылып жіберіледі [6, 153-155].

Қашықтықтан оқытудаға маңызды қағида білім алушылардың өз бетінше танымдық қызметін ұйымдастыру болып табылады. Сонымен қатар қашықтықтан оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылады.

Көптеген оқу орындарында қашықтықтан оқытуда тек қана материалдық-техникалық база қалыптастыруды негізге алады. Алайда қашықтықтан оқытуда маңыздысы білім алушылардың өз бетінше танымдық қызмет атқаруына төселдіретін оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі болып табылады. Оларды жасақтауда жоғары біліктілігі бар және де ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген маман қатысуы керек. Қашықтықтан оқытуда оқу-әдістемелік қамтамасыз ету білім алушының барлық оқу кезеңін есепке ала отырып – оның танысу мен бейімделу кезеңінен бастап типтік емес оқу міндеттерін шешуге дейінгі аралықты қамтитын кезеңдерге арналуы тиіс. Өйткені қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып қашықтықтан оқыту білім алушы мен білім беруші арасындағы өзара қарым-қатынастың белсенді түрде өтуін талап етеді: жеке білім алушы мен өзге білім алушылардың арасындағы өзара қарым-қатынас белсенді түрде өтуі керек. Сондықтан жоғарыда атап өткендей, білім алушылардың виртуалды қауымдастығы құрылып, берілетін оқу материалдары күрделі және көптеген нұсқада, жоғары деңгейдегі

танымдық белсенділікті талап ететіндей күйде жасақталуы керек. Оқытушы қызметінің белсендірілуі үшін мына қызметтер атқарылуы керек:

- курстарды құрудағы қызметтің күрделенуі;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдаланылатын оқу материалдарын жасау үшін ол құралдармен жұмыс жасауға қажет дағдылар мен біліктің болуы;
- оқу материалына қойылатын талаптардың күшеюі;
- білім алушыны қолдаудың күшеюі;
- оқытушының әрбір білім алушымен кері байланыста болу мүмкіндігі;
- білім алушылармен белсенді топтық, жеке, жұптық қарым-қатынастар орнатып, қажет кезде кеңестер беру мен оқу материалдарын талқылау сияқты қызметтерді атқару [7, 102-103].

Қорытындылай келе, қашықтықтан оқыту білім алудың бір түріне айналып, өзінің ерекшеліктерін ескеретін оқыту мазмұны мен формаларын талап етуде. Осыған байланысты қашықтықтан оқытудың ерекше дидактикасы мен әрбір оқытылатын пәннің қажетті әдістемесінің теориялық негіздері жасалуы тиіс деуге болады.

Әдебиеттер

1. ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен небекітілген «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары». <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>.

2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 13. 04 №169 бұйрығымен бекітілген «Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру ережелері». <http://kze.docdat.com/docs/1527/index>

3. Трайнев В.А., Гуркин В.Ф., Трайнев О.В. Дистанционное обучение и его развитие. - Москва, 2008. - 216 с.

4. Андреев А. А. Введение в дистанционное обучение: учебно-методическое пособие. - М.: ВУ, 1997. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>.

5. Назаренко А.Л. Информационно-коммуникационные технологии в лингводидактике: дистанционное обучение. - Москва, 2013. - 235 с.

6. Тавгень И.А. Дистанционное обучение: опыт, проблемы, перспективы. - Мн., 2003. - 218 с.

7. Тихонов А.Н., Воронина Т.П., Молчанова О.П. Управление современным образованием: социальные и экономические аспекты. - М.: Вита Пресс, 1998.-150 с.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНЕ ҰҚСАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ СӨЗДІГІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

Күләш Өмірбаева

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

Дүниенің тілдік бейнесі ұлт өкілдерінің өмірге деген көзқарасы мен өмірлік тәжірибелерінен тұрады. Сондықтан дүниенің тілдік бейнесі фразеологизмдерден, тұрақты тіркестерден, мақал-мәтелдермен идиомалардан анық көрінеді. Себебі бұл тілдік қабатта ұлт өкілдерінің дүниеге деген көзқарастары, айнала қоршаған ортаға қарым-қатынасы, сондай-ақ халық даналығы жинақталған. Осымен байланысты дүниені танып-білуде мақал-мәтелдердің маңызы ерекше.

Мақал-мәтел – халықтың қоғамдық құбылыстарды кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі, көркем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай ең бір мол саласы. Мақал-мәтел – халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшамды түрле ұтымды, өткір етіп айтып беретін кестелі сөз. Яғни, оның мазмұнында халықтың ғасырлар бойындағы өмір тәжірибесінің негізінде түйінделген философиялық ой жатады. Көркем туындыда мақал-мәтелдер шығарма тілін шұрайландырып, көріктендіріп, айтар ойдың жүйесін қиыстырып, арттырып, ширатып тұрады. Сондықтан да болар «Сөздің көркі – мақал» деп айтылады. [1.78]

Мақал-мәтелдер айшықтауды, тенеуді ауыстыруды, айқындауды, кішірейтуді қажет етеді. Мақал-мәтелдер құрамындағы сөз бөлшектері мен жүйелері әртүрлі заңдылықтарды адам санасына ұялатып, қалыптастырып бір нәрсені үйренуге, білуге, шындықты бейнелеуге көмектеседі және логикалық ойлаудың құралы болады. Мақал-мәтелдердегі ой пернелеу арқылы, қысқа да нұсқа, иненің көзінен өтетіндей, мірдің оғындай өткір жасалған. Ойда тез сақталып, тез жатталатын алтын жүзіктей ықшам сөздердің сыры көп, талмай зерттеуді талап етеді.

№	Мәтіннің (өлеңнің) тақырыбы авторы	Мақал-мәтелдер
1	Ауыл күзі Тайыр Жароков	●Мәуелі ағаш – майысқақ ●Қыс азығын жаз жина
2	Күздің кереметі Әдібай Табылдиев	●Жері байдың – елі бай ●Қыс азығын жаз жина

3	Жеміс бағында И.Бази (татар жазушысы)	<ul style="list-style-type: none"> • Мәуелі ағаш – майысқак • Ағашы аласа болса да, • Алмасы тамаша
4	Шегіртке мен құмырсқа Иван Крылов (орыс жазушысы)	<ul style="list-style-type: none"> •Қыс азығын жаз жина •Ексең егін, • Ішерсің тегін
5	Жалғыз дән Өзілхан Нұршайықов	<ul style="list-style-type: none"> • Арпа, бидай ас екен, • Алтын, күміс тас екен

Мақал-мәтелдерді тұрақты сөз тіркестерімен салыстыру көрсеткіші

Мақал-мәтелдер	Тұрақты тіркес
Ас қадірін білмеген аштан өледі, ат қадірін білмеген жолда қалады	Ішкен асын жерге қою, ас батпау, ас ауыз тию, нәр татқан жоқ
Денсаулық та, бақыт та еңбек еткен уақытта. Ауру астан. Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады. Жаман ауруға – жақсы ас	Ауруға шалдығу, әл үстінде, жан тапсыру, аурудың беті қайту
Сауда сақал сипағанша Саудаға достық жүрмейді Сауда түбі – борыш, шаруа түбі – кеніш.	Басын базарға салу, сау басын саудаға салу, қан базары, базары тарқады, базарлы болу,
Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер	Әнге басу, баяғы әніне басты
Қарты бар үйдің қазынасы бар. Кәрі білгенді, пері білмейді. Кәріге күрмет – балаға міндет	Кәрі көз, кәрі құлақ, кәрі тарлан, кәрі қыз
Алпыстағы атаңды жыққанша, алтыдағы атанды жық	Қырық құбылу. Жеті түнде, қырық пышақ, жеті қырдың астында, тоғыз жолдың торабы, жетісін беру
Бір биеден ала да, құла да туады. Жарлы болсаң да, арлы бол. Ит иесі үшін жүгіреді, құс тамағы үшін ұшады.	Азар да, безер болу. Ай қарап жүрсің бе? Аты тұрмақ, заты жоқ. Бүгесі мен шүгесі
Ит – жеті қазынаның бірі. Ит құтырса, иесін қабады. Итті тепкен ырысты тебеді. Ит үреді, керуен көшеді.	Ит жанды, ит өлген жер, ит пен мысықтай, ит сілікпесін шығару, ішінде ит өліп жатыр, ит қорлық
Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады Қыран құс шашып жейді, Қара құс басып жейді.	Аузымен құс тістеу, Бақыт құсы қону. Құс салу Құс ұйқы

Қыран құстың баласы ұшса келмес ұяға	Жыл құсы Құс тұмсық
Атаң өлсе өлсін, атанды көрген өлмесін (мақал) Біреуге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле (мәтел) Өлетін бала молаға қарай жүгіреді. Өлімнен ұят күшті. Өліге бата, тіріге сәлем	Ит өлген жер; Өлмегенге өлі балық; Өлмесең өрем қап; Өлдім-тірілдім дегенде, өлердегі сөзін айтады, Өлгені тірілу, өшкені жану
Пенденің сұрағаны болмайды, Алланың қылғаны болады. Халқым дегенді құдай да қолдайды. Адам асыққанмен, Алла асықпас Адамнан ұялмаған құдайдан қорықпайды	Тәубеге келу, қолыңнан бір келсе екі қыл! Аллаға сиыну, аузына ие болу, алла басқа салу, аяғына тұсау түсті

Осындай жаңаша өмірдің әлеуметтік құбылыстарын, табиғат пен тіршіліктің сырын танытатын, адам баласының дара ерекшелігін білдіретін мақал-мәтелдерді қолданудың өзі де бір ғанибет.

Мақал-мәтелдер ғасырлар бойы халықпен бірге жасайды, бірақ заман өткен сайын ескіруі де мүмкін, жаңа мағына мен жаңа құрылымға ие болып, жаңарып та отырады.

Мақал-мәтелдердің түркі тілдерінің сөздігінде қолданылу сипатына тоқталып, оның қазіргі қолданыстағы нұсқаларына салыстырмалы түрде зерттеген кезде Махмуд Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі» (Диуани лұғат ат-түрік») деп аталатын еңбегі алынды.

Махмуд Қашқари – XI ғасырда Қашқарда дүниеге келген. Араб, парсы мәдениетін, араб грамматикасын жетік білген адам. М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» (Диуани лұғат ат-түрік») деп аталатын еңбегін 1072-1074 жылдары жазған. Бұл еңбек этнографиялық мәліметтерге бай, үш кітаптан тұратын ортақ әдеби мұра.

Бұл еңбекті зерттеген көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Сүйіншәлиевтің зерттеуінде: *Мен сол түркілердің ділмәр шешені, зор қабілет иесі, жетік білімді, зерек ойлы адамы және ұрыстарына қатысқан қыран найзагері, жас жауынгері бола жүріп, олардың қала, далаларын түгел аралап шықтым. Түрік, түрікпен, оғыз, яғма, чігіл, қырғыздардың тілін, сөйлеу тәсілдерін зерттеп, қажеттісін пайдаландым. Әрқайсысының тілі менің санама әбден сіңіп қалыптасты. Сол білімдерді мұқият игеріп, біліп, тәртіпке салып шықтым. Ақырында мәңгілік мұра, сарқылмас әдеби-көркем қазына болып қаларлық кітап жаздым. Оған «Диуани лұғат-ат-түрік» деп ат қойдым».*

«Қашқари сөздігі Европаға XX ғасырдың басында белгілі болған. «Қазіргі қазақ тіліне әдеби жағы аударылған (М.Қашқари «Диуани лұғат-ат-түрік». А., 1968. Аударған Х.Сүйіншәлиев) – десе, «Махмуд Қашқаридың бұл еңбегін зерттеуге, оны басқа тілдерге аударуға, оған тілдік және әдебиет тұрғысынан түсініктер жазуға кеңес ғалымдары қыруар үлес қосты. Ал көрнекті кеңес лингвист ғалымдарынан Н.А.Баскаков, А.Н.Кононов, А.К.Боровков, С.Муталлибов, В.Решетов, т.б. осы сөздікке қатысты көптеген құнды зерттеулер жүргізді. Махмуд Қашқари сөздігін қазақ тіліне аударған А.Егеубай», - деп көрсетеді. [2.17]

Х.Сүйіншәлиев: *«М.Қашқари еңбегін соңғы кезге дейін зерттеушілер тек сөздік деп қарап келді. Бұл бір жақты баға. Ол тек сөздік қана емес, оған қоса әдеби мәні бар шығарма. Онда түркі елінің ауыз әдебиет үлгілері, эпос жырлары барынша мол жинақталған», - дей келе, «Махмуд Қашқаридың «Түркі тілдерінің диуаны» - халық сөздерінің (өлеңдерінің) мол қоймасы.... Онда үш жүзге тарта халық өлеңдерінің төрт жолды шумағы, көптеген мақал - мәтелдер бар. Бұларды автор араб тіліне дәлме-дәл аударған, кейбірін кеңінен түсіндірген» деп С.Е.Малов әдеқашан орынды ескерткен еді», - дейді [2.36]*

...Онда 6800 түркі сөзіне араб тілінде түсініктеме берілген. 242 бәйіт өлең, 262 мақал-мәтел кіргізілген. Соның ішінде, 875 сөз, 60 мақал-мәтел қазіргі қазақ тілінде ешбір өзгеріссіз сол қалпында қолданылады. [29.69]

«Диуани лұғат-ат-түрікте» бұдан мың жылдай бұрын халық арасына кең тараған мақал-мәтелдер, афоризмдер жиі ұшырайды. Бұл мақал-мәтелдерден орта ғасыр көшпенділері мен тұрғын халықтарының сана-сезім тұрғысы, дүние танымдары, ой-түйіндері, салт-сана, кәсіпшіліктері көрініп отырады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтіре кетейік. Мысалы: «Адам баласы үрілген мес сияқты, аузы ашылса - босап бітеді». «Тірі адам көп нәрсені көреді». «Итке ұят келсе, сирақ тастасаң да тимейді». «Ауыз жесе, көз ұялады». «Ұяты бармен ұрыс, ұятсызбен ұрыспа». «Ізгі ердің сүйегі шіріп бітсе де, аты өшпейді». «Бидай арасында бидайық су ішеді». «Құс – қанатымен, ер – атымен», «Көппен күреспе, қысырақпен жарыспа». «Отты жалынмен өшірмейді», «Түріне қарама, қасиетіне қара». «Қорада лақ туса, арықта (өрісте) оты өнер», «Түтін түтеткен ыс жұтады». «Тесік етік су кешкенде білінеді», «Бұтағы көп ағашқа құс қонады, атасы жақсы адамға бақ қонады». «Ағаш басына жел үйір, жақсы адамға сөз үйір», «Ердің ісін ауыр қылма, сәйгүлікті жауыр қылма», «Ер шекіспей бекіспес, жел айдамай бұлт кетпес»,

«Батыр жауда сыналады, жуас жайда сыналады», «Қылышты тот басса, істің қырсыққаны, ерді тот басса, күштің қырсыққаны», «Құтсыз құдық құласа, үстіне құм құйылар», «Су татырмағанға сүт бер», «Алушы – арыстан, беруші – тышқан», «Сараң – санға қосылмас», «Малым бар деп мақтанба», «Ашу қысса, ақылың ғайып болады», «Қашқан адам қасындағыны да көрмес», «Еріншекке есік те асу болып көрінер, жалқауға бұлт та жүк болып көрінер», «Еңбекқордың ернінен май ағады», «Күндестердің күліне дейін жау», «Көзден кетсе, көңілден де кетеді», «Құлақ естісе көз көрер», «Көз көрсе, жүрек ұғады», «Қуантар болсаң асық, қинар болсаң тос», «Басқа түскен қайғы қашсаң қалмайды», т.б. [2,49]

Қазіргі қазақ мақалдарының төркінін, қолданылған түрлерін тану үшін Махмуд Қашқари сөздігінің маңызы зор. Енді осы мақал-мәтелдерді түп нұсқамен салыстырып көрейік.

Өд кечәр, кіші тоймас,

Йалынуқ оғлы мәңгу қалмас.

Заман өтер, кісі тоймас,

Адам баласы мәңгі қалмас.

Ач нә йімәс,

Ачқа нә тімәс.

Аш не жемес,

Тоқ не демес.

Ағыз йесә, көз уйалур.

Ауыз жесе, көз ұялар.

Түлкі өз ініге урсә, узур болар

Түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар

От тутунсуз болмас,

Игіт йазуксуз болмас.

От түтінсіз болмас,

Жігіт жазықсыз болмас[3.90]

«Түркі тілінің сөздігіндегі» мақал-мәтелдерді қазіргі тілмен салыстырғанда, олардың даму, қалыптасу кезеңдеріндегі өзгерістерді байқауға да болады. Мақалымызда осы өзгерістерді дәлелдеуді мақсат еттік.

1) Түркі тіліндегі мақал-мәтелдер негізінен екі тармақты өлең түрінде келіп отырған. Кейін өзгерістерге түсе отырып, ол мақалдардың бір сыңары қолданудан шығып қалып отырған. Мысалы:

Қалауын тапса, қар жанар,

Қалауын таппаса, майда жанбас.

Бұл мәтелдің қазіргі күні бірінші тармағы сақталған да, екінші тармағы қолданудан шығып қалған. Дегенмен, «Қалауы таппаса, май

да жанбас» деген тармақ бірінші тармақты толықтырып, күшейтіп тұр. Бірақ кейін екінші тармақ түсіріліп қалған да, қазіргі күні қолданылмайды.

2) Кейбір мақал-мәтелдер айтарлықтай лексикалық өзгерістерге түскен. Мысалы:

Йығач ұзұн кәс,

Тәмр қысқа кәс.

Ағашыңды ұзын кес,

Темірінді қысқа кес.

Қазіргі сөйлеу тілімізде бұл мақалда кессең деген шартты рай тұлғалы етістік пен қысқартуың оңай, ұзартуың оңай деген сөз тіркестерінің қосылып айтылуы кездеседі, бұл - өңделген мақалдар.

Ағаш кессең ұзын кес, қысқартуың оңай,

Темір кессең қысқа кес, ұзартуың оңай

Осы сияқты: *Төрт айағтыда бота тату,*

Екі айағтыда құрдас тату.

Төрт аяқтыда – бота тату,

Екі аяқтыда – бөле тату, - деген мақалда бірінші тармақ тұтас сақталғанмен, екінші тармақтағы құрдас сөзінің орны қазіргі күні бөле сөзімен алмастырылған, бұл - өзгертілген мақалдар.

Тағ тағқа қауымас,

Кіші кішігә қауышур.

Тау тауға қауышпас,

Кісі мен кісі қауышар.

Бұл мақал қазіргі күні:

Тау мен тау кездеспес,

Адам мен адам кездесер, - деп қолданылып келеді. Кісі сөзі адам сөзімен, қауышар, қауышпас етістік сөздері кездесер, кездеспес сияқты етістік сөздерімен ауысқан.

3) Түркі тіліндегі кейбір мақал-мәтелдер қазіргі қазақ тілімен салыстырылғанда ықшамдалып, қысқарып кеткен.

Сенікі, менікі деген көңул тардықы,

Ары жат, бері жат деген төсек тардықы.

Әрі жат, бері жат – таршылықтың белгісі,

Сен же, мен же – баршылықтың белгісі.

4) Түркі халықтарының мақал-мәтелдерінен айшықтау, көркемдеу тәсілдерінің мол кездесетіндігін де аңғаруға болады. Соның бірі – қайталау әдісі.

Аишы мен тушуну татқан білер,

Алыс пен жуықты жортқан білер.

Йер басурқы тағ,

Бозун басурқы бег.

Жердің бастырығы -тау,

Елдің бастырығы -бек.

5) Ауызекі сөйлеу тілінде жүздеген жылдардың жемісі ретінде әбден қалыптасқан үлгі-формалар болады. Көне мақал-мәтелдер баяндауыш формалары жағынан барынша тұрақты болып қалыптасады. Мақалды әркім ойына келгенше өзгертіп айта алмайды. Өйткені мақалды өзгертіп айта беруге еркіндік жоқ. Мақал күні бұрын жасалып қойған қалып-формада ғана өмірге келеді. Мысалы, М.Қашқари ХІ ғасырда жазып алған мақал-мәтелдерде болса, бола; білсе, білер етістік сөздері жұптасып, қайталанып отырады. Мысалы:

Сабанда сандырыш болса,

Өрткүндә іртәч болмас.

Жер жыртарда ұқыпты болса,

Қырман уақытында жанжал болмас.

6) Мақал-мәтелдердің бірінші тармағындағы баяндауыш шартты рай формасында келсе, екінші тармағындағы баяндауыш келер шақ есімше формасында айтылады.

Түйе сілкінсе,

Есекке жүк шығар.

Сөз дәмін алса,

Сөзге тұтқын болар.

Арыстан күркіресе,

Аттың аяғы шалынар [4.34]

Қорыта айтқанда, «Мақал-мәтел – маржан сөз, қоса көрме арзан сөз» деп халқымыз бекер айтпаған. Олай болса, осынша ғасыр халықпен бірге жасасып келе жатқан, түркі халықтарына ортақ қазына – «Түркі тілдерінің сөздігі» болашақ үшін де мол қазына бола бермек. Сөздікті әрі қарай зерттеп, әлі де үңіле түсу болашақ ұрпаққа парыз деп түсінеміз.

Әдебиеттер

1. Нұрғали Р. Қазақтың 10000 мақал-мәтелі. -Астана:Фолиант, 2006-631б.
2. Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Алматы: Білім, 2004-272 б.
3. Жүсіп Хас Хажиб. Құтадғу білік. -Ташкент:- 1972.
4. Жас ғалымдар жинағы. Студ.ғылым конференциясы. - 2014ж 13-наурыз.

СОТ ШЕШЕНДЕРІНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТИ

Айгүл Раманова

Филология ғылымдарының кандидаты

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,

Орал қ.

Адамзат баласы бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасай бастаған сонау бағзы заманнан бергі адамды толғанып келе жатқан мәселе – қисынын келтіре шешен сөйлеу. Себебі бұл өзге адамдармен жылы да жағымды қарым-қатынас орнатуға және оны сақтауға мүмкіндік береді, әр түрлі салада жетістікке жетуге көмектеседі. Қарапайым жағдайда мағынасы көмескі, тіптен қажетсіз көрінетін сөзді өз орнында, дәл мезетінде шебер де шынайы қолдана білсе, ол теңдессіз күшті құралға айналады.

Жалпы, сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық атаулы жоқ. Әсіресе, ол заң саласында аса қажетті. Заңгер өз мамандығының шарықтау шегіне жеткісі келсе, сөйлеу өнерін жете меңгеруі тиіс. Себебі оларға адамдармен үнемі қарым-қатынас жасауға, яғни әңгімелесуге, кеңес беруге, ресми жағдайда шаршы топ алдында сөйлеуге тура келеді. Ал шаршы топ алдында сөз сөйлеу үшін не айтатыныңды білу аздық етеді, бұған қоса, қалай айту керектігін білген жөн. Сот шешені өз сөзінің ерекшеліктерін көз алдына елестете білуі керек, тыңдаушыларға әсер ететін сандаған факторларды ескеру дұрыс. Сөйлеу техникасын меңгеруі тиіс. Сол сияқты халқымыздың би-шешендерінің нақыл сөздерімен оқып-танысу да заңгерлерге сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізері сөзсіз. Тарихтан белгілі – шешен билер өз дәуірінде келелі кеңес құрып, даулы мәселелерді шешіп отырған. Қазақ шешендік өнерінің тарихи тармақтары сан қатпарлы. Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу – бүгінгі ұтқыр ойлы, шешен тілді заңгерлерді тәрбиелеудің кепілі.

Орыс сот шешендігі тарихында П.С.Пороховщиков «Соттағы сөз сөйлеу өнері» атты еңбегін жазды [1]. Автордың сөйленер сөз тіліне, материалдардың ұйымдастырылуына, тыңдаушылардың ынта-ықыласын сақтауға қатысты кеңестері мен ұсынбалары бүгінгі таңда да өзекті. Сот шешендік өнерінде орыстың белгілі заңгері, әдебиетшісі әрі қоғам қайраткері А.Ф.Конидің шешендіктану туралы еңбектерінің («Прокуратура міндеттері мен амалдары», «Лекторларға кеңес») орны ерекше [2].

Шешен сөйлей білу – заңгер үшін кәсіби қажеттілік. Заңгер күнделікті жұмысында алуан түрлі жағдайлармен соқтығысып

отырады. Бұл жағдайларды ол дұрыс бағалап, олар бойынша дұрыс шешім қабылдап, өзіне сенім артып келген адамдарды сол шешімнің дұрыстығына сендіре білуі керек. Бұдан басқа заңгер түрліше мәдени деңгейдегі түрліше маман иелерімен кездеседі. Солардың әрқайсысымен заңгер маман әдептен озбай, сыпайылықтан аспай, қажетті сөздерді дұрыс қолдана отырып, шешуі қажет. Сондықтан да заңгерге әдеби тіл нормаларын да білген жөн. Яғни ол өз ойын тілдік нормаға сай, сауатты жеткізе де білуі қажет.

Кез келген әділеттілік іздеген адамның өзі сол заң маманының алдына барады. Ал ол өз кезегінде сол адамның құқын сот мекемелерінде мемлекеттік заң баптарына сүйене отырып, тілдің көмегімен қорғап шығуы тиіс. Осы тұста заңгер не қорғаушы көпшілік қауымның алдында тілдің көмегімен не үкімді жеңілдетеді, не жазықсызды ақтап алады. Көпшіліктің алдында қисынды әрі шешен сөйлей білу үшін сот шешені өз бойында қажетті білік-дағдыларды қалыптастыруы қажет, өз ойын дұрыс құрастырып оны қажетті әрі сауатты жеткізе білуі керек. Демек, қисын іліміне, шешен сөйлеу логикасына қатысты қағидаларды заңгерлер қауымының жетік білуі артық емес, тіпті де бұл білім – олар үшін логикалық ойлай білуге, ойлана сөйлеуге баулуда қажетті қадам.

Адамның ойлау процесін зерттейтін ғылым саласы логика (қисын) делінеді. Ойлау – алуан түрлі астары бар күрделі ұғым. Сол себептен де ойлауды логикамен қатар жантану, физиология, пәлсапа ғылым салалары да зерттейді. Ал логика (қисын) ойлау процесінің қай тұсын зерделейді, оның қарастыратын қағидасы қайсысы деген сансыз сауалдар да бас көтереді. Логика ойлау процесін ең алдымен дүниені білудің нәтижесі сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың ой-санада бейнеленуі деп қарап, сол бейнеленудің дұрыс формалары мен заңдарын, ережелерін қарастыратын ғылым [3, 3]. Зерттеуші ғалымдарша айтсақ, логика (қисын) – ойлауды дұрыс құрудың заңдары мен формалары, ережелері жайлы пәлсапалық ғылым саласы.

Қисын ілімі үшін айрықша маңызды істің бірі – тілге семантикалық талдау жасау. Кез-келген сөз, сөйлем шындыққа қатысы бар белгілі бір ойды білдіретіндігі. Бұл жағдайда тілдік белгі ретінде сөйлемді онда бейнеленген ойдан (логикалық пікірден) айыра білу қажеттігі, ал бұл екеуін оларда бейнеленген шындықтан ажырата білудің керектігі туындап жатады.

Бақылап бақсақ, логика гректің *logos* – «ойлау», «сөз», «ақыл-ой», «заңдылық» деген ұғымдарды білдіретін кең мазмұнды сөзінен шыққанын бағамдаймыз. Осыған сәйкес «логика» аталымы мынадай үш мағынада қолданылады: 1) шындық дүниедегі заттар мен

құбылыстардың заңдылықтарын білдіру үшін; 2) ойлаудың дәйектілігін, айқындылығын, дәлелділігін білдіру үшін; 3) логика ғылымы ойлау логикасының теориялық, ғылыми бейнесі ретінде қолданылады. Демек, ойлау логикасы алғашқы, ал логика ғылымы кейінгі болып табылатынын аңғарамыз [3, 14].

Логика ғылымы шешендік өнер теориясымен тығыз байланыста, сондықтан да қисынды сөйлей білу үшін логика заңдарымен таныс болу қажет. Әрине, логика заңдарын білмей-ақ, адамдар дұрыс ойлап, қорытынды жасап, дәлелдей алады деуіңіз мүмкін. Адам баласы табиғатынан ойлау, сөйлеу мүмкіндігіне ие болған. Бірақ логика заңдарын білмей тұрып, сөйлеу стихиялы түрде ғана болады. Ал бұл қателікті сот шешендерінің жібермеуі қажет.

Ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, қисынды сөйлей білудің төмендегіше алғышарттарын айқындадық:

1) Баяндау логикасы. Дәлелдеудің логикасы құрылымды, баяндау тілі түсінікті болған сайын мазмұны да тыңдаушы санасына жақсы жететіні белгілі. Егер кімде-кім логикалық тұрғыдан ойланса, сол объективті тура қорытындыға келеді. Басқаша ойлауды өмір логикасы теріске шығарады [4, 129]. Ғалымдар пікіріне сүйене сөйлесек, адам тәрбие мен білім алу барысында ойлау мен сөйлеудің адамға тән тамаша қабілетін жасаса, оның санасында әлдебір логикалық эталон, үлгі қалыптасып, айқын логикалық бағыт пайда болатыны дұрыс нәрсе. Демек, сот шешенің сөзі осы үлгілерге сай келуімен қатар біздің логикалық бағытымызға тура айтылса, біз шешенмен келісіп, оның тұжырымдарының негізін, ақиқаттығын мойындайтынымыз хақ.

Ойлау логикасының мақсаты – жаңа білім іздеу немесе бір білімнен екінші бір білімді қорытып шығару. Баяндау логикасының мақсаты – белгілі ақиқатты нақты аудиторияға жеткізу, сендіру және белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдыру. Шешен ақиқатын толық біліп, оның дұрыстығына кәміл сенімді болу керек.

2) Композиция мен жоспар туралы. Шешен тілдің композициясы – аудиторияның ерекшелігін ескере отырып, тақырыпты дамыту логикасы. Егер газет мақаласының композициясын топографиялық картаға теңесек, ауызша сөйлеудің композициясын тыңдаушысын өз мақсатына жетелеп отыратын маршрутқа теңеуге болады.

3) Кіріспе. Кез-келген жазбаша немесе ауызша айтылар ойдың бастамасы, яғни хабарланатын тақырыптың кіріспесі болуы тиіс. Шешендік тілде кіріспенің алатын орны ерекше. Поэзиядағы пролог сияқты кіріспе де айтылар ойдың бастамасы. Кіріспе сөзді айта отырып, шешен мына сияқты мақсаттарға жетуі тиіс: 1) аудиторияның назарын өзіне аудару; 2) қызығушылықтарын ояту арқылы алғашқы

бейжай қалыптан белгілі бір жүйеге түсіру; 3) өзара түсәнушілікті орнату және тыңдаушыларды өзіне баурап алу; 4) қабылдауға жайлы тиетін психологиялық атмосфера орнату, айтылар ойдың жоспарын хабарлау.

4) Қорығу. Ой қалай басталса, солай аяқталу тиістігін ескеру абзал. Ойын қорытындылай алмай, тыңдаушыларының мүмкіншіліктерінен тыс уақытқа дейін берекетсіз сөйлей беру шешеннің сауатсыздығын танытатындығын білуіміз керек.

5) Негізгі бөлім. Бұл бөлімде тақырып жан-жақты ашылады; нақты мәселелер мен сұрақтар шешуін табады. Мәселен, олардың қатарына аудиторияға белгілі бір жайттарды хабарлау, бір нәрсеге сендіру немесе белгілі бір қозғалыстарға ұмтылдыру әрекеттері жатады.

Нақты дерекке сүйене отырып, қисынды сөйлеуді қажет ететін сот алаңы сот шешенінің, яғни қорғаушының жоғарыда аталған мәселелерден хабардар болғаны дұрыс екендігін көрсетеді. Мұндағы айтылар сөз, жеткізілер ой – орын алған қылмыстық жағдайды тәптіштеп айтып беру, бұлтартпас дәлелдер келтіру, көпшілікті иландыра алу, өз ойын сауатты жеткізу сияқты қисынды сөйлеуден тұрады.

Заңгерлерді халық алдына шығып, сөйлеуге тәрбиелейтін, олардың көмекші құралына айналатын іргелі зерттеулер мен ғылыми еңбектер қажет. Әдіскер ғалым Абат Сатыбайұлының шешендіктану бойынша жүргізген ізденістері мен тұжырымды ойлары осы реттегі проблемалардың шешімін табу мақсатында көмекке келеді [5]. Ғалымның *«Шешендіктану»* атты оқу құралында (2004, 2013), *«Шешен-лектор профессиограммасы»* атты зерттеуінде (2004), *«Шешендік тағылымы»* атты әдістемелік көмекші құралында (2004), *«Іскерлік шешендіктану қағидалары»* атты оқу құралында (2007), *«Шешендіктану: теориясы мен практикасы»* атты оқу құралында (2012), *«Көшбасшы студенттердің сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі»* атты монографиясында (2013) атты монографиясында (2013) көрініс тапты.

Қ.Х.Халықов пен Е.Е.Серімовтің авторлығымен шыққан «Сот шешендігі» атты оқу құралы сот шешендерінің үстел кітабына айналуы тиіс [6].

Сот мінбесі – тарихтың өзі көрсеткендей, күні бүгінге дейін идеологиялық, адамдық, құқықтық ықпал ету құралы болып келеді. Сондықтан да қазіргі кезде қоғам алдына шығып сөз сөйлейтін сот шешендеріне үлкен талаптар қойылып отыр. Сөз жоқ, биік талап

деңгейінен шыға білген сот шешенінің сөзі – Қазақстан заңнамасын насихаттауда, мәртебесін көтерудегі қуатты қарудың бірі.

Жинақтай айтсақ, заңгерлердің шешен сөйлей білуі шешендіктанудың негізгі қағидаларын біліп, оны дұрыс іске асырғанда ғана игеріледі. Әрбір заң қызметкерінің айтар ойының жүйелі, түсінікті болуының маңыздылығын кім жоққа шығара алады.

Әдебиеттер

1. Пороховщиков П.С. Искусство речи на суде. Автограф, 2000.
2. Кони А.Ф. Избранные произведения. Онлайн библиотека. <http://www.koob.ru>
3. Тұрғынбаев Ә., Есімханов Т., Раев Д. Логика. Алматы: Жеті жарғы, 1996.
4. Ножин Е.А. Основы советского ораторского искусства. М.: Знание, 1981.
5. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Орал: Ағартушы, 2004.
6. Халықов Қ.Х., Серімов Е.Е. Сот шешендігі. Оқу құралы. Қарағанды: Болашақ – Баспа, 2006.

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІЛГЕ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Майра Балтымова, PhD докторант

Ольга Сұлтанғалиева, PhD докторант

**Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Есту қабілеті бұзылған балаларға түзету, дамыту, көмек көрсету жұмыстары дәстүрлі түрде денсаулық сақтау жүйесіне қатысты мекемелерде сурдологиялық кабинеттерде, орталықтарда, бөлімшелерде, үлкен ауруханалардағы құлақ ауруларын емдейтін бөлімшелерде жүргізіледі.

Аталған арнайы білім беру ұйымдары бірінші сыныптан бастап 10-12 класс аралығында білім берумен айналысады. Есту қабілеті бұзылған балаларды түзете-дамыта оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-әдістемелік негіздері Р.М.Боскис, Г.Л.Выгодский, Л.А.Головчиц, Г.Л.Зайцева, С.А.Зыкова, Б.Д.Корсунская, Е.П.Кузьмичева, Э.И.Леонгард, Е.А.Малхасьян, Л.П.Носкова, Н.Д.Шматко және т.б. еңбектерінде тәрбиелік, білімділік міндеттер сияқты, мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған балалардың психикалық дамуын қалыптастыру ерекшеліктеріне қарай түзете-дамыту бағытында құралған. Ғылыми зерттеулерде есту қабілеті бұзылған тұлғаларды

тілге оқытуда жекеленген сабақтар арқылы жұмыстар жүргізіледі. Аталған бөлімдерге жеке-жеке тоқталсақ, былайша сипатталады:

«Тіл дамыту» сабақтары түзете-дамыту жұмыстары жүйесінде саңырау және есту қабілеті нашар балалардың сөйлеу тілін дамыту мен тілдік қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін арттыруда жетекші бөлім болып табылады. Бұл бөлімнің негізгі міндеттері сөйлеу қабілетін дамыту, сөздік қорды байыту, сөздің мағынасымен жұмыс жасау, сөйлеу тілінің түрлі формаларын (ауызша, жазбаша сөйлеу тілі, дактиль тілі), сөйлеу әрекетінің түрлерін дамыту.

Есту қабілетін дамыту және сөйлеуге үйрету процесінде баланың есту қабілетін, сөйлеу тілін дамыту жұмыстарымен анықталатын коррекциялық міндеттердің маңызды түрлері орындалады. Саңырау және есту қабілеті нашар балалармен жүргізілетін есту қабілетін дамыту жұмыстары тілдік және естілетін дыбыстарды қабылдауға үйрету мақсатында есту қалдығын дамытуға бағытталған тілдік және естілетін дыбыстарды қабылдауға үйрету, ауызша сөйлеу тілінің негіздерін есту және көру қабілеті арқылы қабылдауға үйрету, тілдік қарым-қатынасқа түсу дағдысын қалыптастыру жұмыстарын орындайды.

Дыбыстарды айтуға үйрету жұмыстары ауызша сөйлеуге үйрету, шынайы сөйлеуге еліктеуге үйрету, дыбыс күшейткіш аппараттарының көмегімен жұмыс жасауға бағыт береді.

Есту қабілеті бұзылған балалар қалыпты балалар сияқты сан және цифр, көлем мен форма, заттардың кеңістіктегі орналасуы мен олардың қасиеттері, санау және өлшеу, есептеу құралдарымен танысуда математикалық біліммен қаруланады.

Есту қабілеті бұзылған балаларға мектепке дейінгі ұйымдарда ойын арқылы оқытуға аса мән беріледі. Ойын әрекетін қалыптастыру оқушылардың ойынға деген қызығушылығын арттыру, сюжетті-рольдік ойындарға араласуға, заттар мен әрекеттердің ерекшеліктерін ажыратуға үйретеді.

Бейнелеу өнеріне баулу мен конструктивті әрекетті қалыптастыру мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған оқушылардың эстетикалық талғамын, танымдық әрекетін қалыптастырады. Бейнелеу өнеріне баулу мен конструкциялауға үйрету сабақтарында, отбасында, сабақтан тыс уақыттарда сурет салуға баулу, ермексазбен жұмыс жасау, жапсыру, конструкциялауға үйрету мақсатты түрде жүргізіледі.

Бейнелеу өнері мен конструктивті әрекетке баулу жұмыстарын ұйымдастырудағы маңызды міндеттер баланың сенсорлық қабілетін дамыту болып табылады. Оқыту процесі кезінде көру арқылы

кабылдау, тактильді-қимылдық қабылдау, қимылдық қабылдаудың түрлерін дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі.

Мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған баланы еңбекке тәрбиелеуде ересектердің еңбегіне қызығушылық, еліктеу қабілеті дамиды. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық және әлеуметтік дамуы қоршаған ортамен таныстыру барысында қалыптасады

Мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған баланы тәрбиелеуде музыкалық тәрбие беру жұмыстары қатар орындалады. Дамудағы кемшіліктерді түзету мен толықтыру, топтастыру жұмыстары музыканы қабылдау, вокальды-интонациялық дауыс ырғағын реттеу арқылы шешіледі. Үй жағдайында тәрбиеленетін балалар үшін түзете-дамыту жұмыстары денсаулық сақтау жүйесінің жергілікті жерде орналасқан сурдологиялық кабинеттерінде, жергілікті жердегі отолорингологиялық кабинетерде, мектепке дейінгі ұйымдардағы қысқа уақытқа дейін тәрбиеленетін топтар, медициналық-психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік оңалту орталықтарында ұйымдастырылады [2; 14].

Есту қабілеті бұзылған балаларға түзете-дамыту жұмыстары негізінде көмек көрсету жүйесі тұрақты түрде оқыту мен тәрбиенің интеграциялану заңдылығы бойынша жүргізіледі. Аралас түрдегі мектепке дейінгі ұйымдарда интеграциялы оқытуды ұйымдастыруда интеграциялаудың түрлі формалары қарастырылған:

□ уақытша интеграцияда, арнайы топтың барлық тәрбиеленушілері психикалық дамуындағы және сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерге қарамастан айына екі рет тәрбиелік шаралар бірге ұйымдастырылады;

□ ішінара интеграция, жалпы білім беру стандартын игеруге қабілетсіз балаларды 1-2 баладан жалпы топтарға күннің жартысын бірге өткізулеріне жағдай жасайды;

□ аралас интеграция, психофизикалық және сөйлеу тіліндегі ерекшеліктері қалыпты бала дамуымен сәйкес келетін 1-2 бала жалпы топтарда мұғалім-дефектологтың көмегімен тәрбиеленеді;

□ жалпы интеграция барысында есту қабілеті бұзылған бала жалпы топтағы балалармен қатар тәрбиеленеді;

□ мектепке дейінгі аралас топтар, барлық балаларға арналған топта (4-5 баладан құрылған аралас топ) екі тәрбиеші ғана емес, мұғалім-дефектолог та жұмыс жасайды.

Есту қабілеті бұзылған балаларға арнайы білім беру мазмұнындағы өзіндік ерекшеліктер тұлғаның ортаға бейімделуін, шығармашылық әрекетін, эмоциялық-ерік аймағын дамытуға бағытталған. Мұндай жағдайлар саңырауларға полисенсорлық негізде

арнайы сабақтар жүргізу арқылы ерін қимылынан оқу дағдысын қалыптастыру, сөйлеу техникасын игерту (сөйлеу кезіндегі қимылдық база), есту қалдығын қолдану және дамыту формасында жүргізіледі. Оларды оқытуда сенсорлық жүйеде оқыту теориясы Л.С. Выготский, Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец, Л.А. Венгер және т.б зерттеулеріндегі есту қабілетінің дамуы сәйкес сезу мен қабылдау қасиеттерінің көмегімен орындалып, анализаторлар жұмысының белсенділігін арттырады. Аталған теория негізінде саңырауларды тілге оқыту есту қабілетінің әсерінен болған кемшіліктерді жоюға негізделеді. Мұнда сөздік қорды байыту, сөздің дыбыстық құрамын ажырату, тілдің грамматикалық құрылымын игеру, сөйлеу әрекетінің формаларын игертуге бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Жазу мен оқу - саңырауларды тілге оқытудың негізгі құралы. Мұнда оқу материалын игертудегі қолданылатын негізгі құрал-көрнекіліктер, драматизация, сахналау, пантомимо.

Жалпы мектепте білім алатын есту қабілеті нашар балаларға арнайы сурдопедагогтың қатысымымен ұйымдастырылатын педагогикалық көмек керек. Себебі бұл балалар оқу материалын игеруде мынадай қиындықтарға жолығады:

- Оқу мен жазуды игеру;
 - Диктант, өз бетінше орындайтын жазба жұмыстарын орындау;
 - Мұғалімнің түсіндіргенін қабылдай алмау.
- Есту қабілеті бұзылған баланың қателіктері:
- Айтылуы ұқсас дыбыстарды шатастыру;
 - Дыбыстарды айтудағы әуезділіктің жоғалуы;
 - Күрделі сөйлемдерді оқу барысындағы дауыссыз дыбыстарды тастап кету.

Есту қабілетінен айырылған тұлғалар инженерлік-техникалық мамандықтарды игере алмайды. Есту анализаторының қалыпты дамудағы атқаратын қызметі баланың жалпы дамуында ерекше орын алады. Есту анализаторының қызметі бұзылған кезде сөйлеу тілі, баланың психикалық дамуы бұзылады, танымдық қабілеттің жалпы дамуы өзгерістерге ұшырайды, осының әсерінен, есту анализаторының бірінші кемшілігі бала дамуында қандай да бір екінші кемшіліктің пайда болуына себепші болады. Есту анализаторының дамуындағы бірінші, екінші, үшінші кемшіліктердің барлығы естімейтін баланың танымдық әрекетінің дамуын әлсіретеді.

Отандық және шетелдік статистиканың қорытындыларына сәйкес, есту органының бұзылуы немесе әлсіреуі анықталған балалардың саны артып отыр. Осыған байланысты сурдопедагогика ғылымының алдында мынадай міндеттер қойылған [5; 32]:

□ есту қабілеті бұзылған тұлғаларды педагогикалық тұрғыдан зерттеу және олардың жеке даму ерекшеліктеріне байланысты есту, сөйлеу қабілетіндегі бұзылулардың заңдылықтарын зерттеу;

□ есту қабілеті бұзылған тұлғалардың түрлі категорияларына арнайы білім беру мазмұнын жасақтау, ғылыми түрде негіздеу және тәжірибеге енгізу;

□ есту қабілеті бұзылған тұлғаларды оқытуға арналған білім беру, дидактикалық және арнайы әдістемелердің ғылыми негіздерін құру;

□ есту қабілеті бұзылған тұлғаларға арнайы білім берудегі ішкі жүйелерді құру, есту қалдығын дамыту, ыммен сөйлеуге, ауызша сөйлеуге, ана тілін меңгеруге, (кохлеарлық имплантация кезінде) операциядан кейінгі педагогикалық оңалту жұмыстарына арналған білім беру технологияларын жасақтау;

□ есту талдағыштарының бұзылуларын түзету мен компенсациялауға арналған техникалық құралдарды құрастыру;

□ есту қабілеті бұзылған тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтік-кәсіби тұрғыда бейімделуіне жағымды жағдайларды туғызу.

Есту қабілеті бұзылған тұлғаларға арналған мектептер болғанымен, кей жағдайларда олар жалпы білім беретін мектептерде білім алуға мәжбүр болады. Жалпы білім беру мекемелерінде есту қалдығы сақталған балалар білім алады. Мұндай жағдайда мұғалім сыныптағы барлық дыбыстар мен айтылған сөздердің естуі бұзылған балаға естілуін қамтамасыз етуі тиіс. Осыған байланысты баланың сыныптағы орны да талапқа сай сақталуы керек, яғни баланы ортаңғы қатардың бірінші немесе екінші қатарына отырғызған жөн. Одан басқа мұғалім оқу процесі кезінде балаларға берілген тапсырманы естуі бұзылған баланың естіп отыруын, орындауға мүмкіндігін көрсете білуіне үнемі назар аударып отыруы тиіс. Соның ішінде тіл сабақтарында сынақхат жазу кезінде, математика сабақтарындағы сынақхат, бақылау жұмыстары барысында есту анализаторының қызметіне сүйене отырып жұмыс жасауына жағдай туғызуы керек. Кей жағдайларда есту қабілеті нашар немесе саңырау оқушылар жалпы білім беретін мектеп бағдарламасын толығымен игеріп, өз құрдастарымен қатар білім алатын жағдайлар да кездеседі.

Есту қабілеті бұзылған балалардың жалпы білім беретін мектептерде білім алуына себеп болатын жағдайларды былайша түсіндіруге болады:

□ Біріншіден, тұрақты түрдегі естуі бұзылған балалардың ішінара кездесуі, оларға арналған арнайы мекемелер ірі қалаларда орналасады да, шалғай жерлерде тұратын балалардың жалпы мектепте оқуына

тура келеді. Арнайы мектептердің көпшілігі интернат типінде болғандықтан, кейбір ата-аналар балаларын алысқа жіберуден бас тартады.

□ Екіншіден, есту қалдығы сақталған балалар арнайы мектептерде білім алу кезінде саңырау, тұрақты түрдегі саңыраулық анықталған балалармен білім алатындықтан, ол жағдайлар сөйлеу тілінің дамуына кедергі келтіреді.

□ Үшіншіден, кейбір балалар денсаулығына байланысты интернатта өмір сүруге дайын болмайды немесе ата-аналар тарапынан белгілі бір жағдайларға байланысты интернатта оқуына рұқсат берілмейді.

Сонымен, жалпы білім беретін мектептерде де естуі бұзылған балаларды кездестіруімізге болады. Есту қабілеті бұзылған баланы қабылдаған мұғалім алдағы уақыттағы жұмыс жоспарын құруда саңырау немесе есту қабілеті бұзылған бала дамуының, сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін, қарым-қатынасқа түсудегі әрекетін, естудің бала өміріндегі алатын орнын білуі керек.

Оқу жылының басында қалыпты балалардың өздері жалпы дамудың және сөйлеу тілінің түрлі даму деңгейімен мектепке қабылданса, естуі бұзылған балаларда мұндай белгілер анық байқалады. Есту қызметінің жағдайы, түзету жұмыстарының басталу уақыты, түзету жұмыстарының нәтижесі, дамудағы қосымша кемшіліктермен анықталады. Жалпы білім беретін мектепке дайын келген саңырау немесе нашар еститін балаларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа есту қабілетінің төменгі деңгейдегі төмендеуінен сыбыр сөздерді есту қабілетінен айрылған балалар жатады. Мұндай қиындықтарды баланың өзі де, айналасындағы адамдар да біраз уақытқа дейін байқамайды.

Екінші топқа ерте уақытта басталып, жүйелі түрде жүргізілген түзету жұмыстарының нәтижесінде жеті жасқа таман сөйлеуді игерген, кітапты оқи алатын, баспа әріптермен жаза білетін балалар жатады. ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес) мамандарының қорытындысында бұл балалардың жалпы дамуы мен сөйлеу тілінің даму деңгейінің айтарлықтай жоғары екендігі көрсетіледі.

Үшінші топқа 5-6 жаста немесе одан кейінгі жаста есту қабілетінен айырылған, яғни кеш саңыраулыққа ұшыраған балалар жатады. Олардың ауызша сөйлеу тілі естудің қалыпты дамуы кезінде дамуынан, өз құрдастарынан сөздің дыбыстық құрылымдарын ажыратуда ерекшеленіп отырады. Дегенмен, аяқ астынан есту

қабілетінен айырылу, баланың өзі қоршаған адамдардың сөздерін түсіне алмауына апарды. Уақытында басталған түзету жұмыстарының нәтижесі олардың қалыпты балалармен білім алуына мүмкіндік береді.

Егер бірінші топтағы балалар оқытудың интеграцияланған түрінде сурдопедагогтың көмегімен білім алуға дайын болса, екінші, үшінші топтағы балалар жүйелі түрдегі жұмыстың нәтижесінде жалпы білім беру мекемесінде білім алады.

Естуі бұзылған баланың жалпы білім беретін мектепте білім алу мүмкіндігін баланың жалпы дамуы мен сөйлеу тілінің даму деңгейімен ғана анықтамай, баланың қалыпты балалар арасында қарым-қатынасқа түсу арқылы білім алуға деген психологиялық дайындығы да анықтайды. Есту қабілеті бұзылған баланың түрлі жас кезеңінде психофизикалық дамуы мен сөйлеу тілінің дамуы қалыпты бала дамуына жақын болған кезде оқытудың интеграцияланған түрін ұсынуға болады. Дегенмен, саңырау немесе нашар еститін балалар интеграциялы оқыту кезінде сөйлеу әрекетіне байланысты берілген тапсырмаларды орындауда қиындықтарға кездесуі мүмкін. Ол үшін мұғалім-дефектолог тарапынан сауатты түрде құрылған түзету жұмысы қажет. Жұмыстың мұндай формасы баланың отбасы орналасқан тұрғылықты мекен-жайдың қайда екендігіне байланысты шешіледі. Баламен жүрізілетін сурдопедагогтың қосымша жұмысы жүйелі түрде аптасына 1-2 рет ұйымдастырылуы керек немесе эпизодты түрде каникул кезінде бір немесе екі апта бойы жүргізіледі. Одан басқа, педагог-дефектолог баланың білім алатын мекемесімен тығыз байланыс құра отырып, өзінің тарапынан көрсетілетін жұмыстың түрін бақылауға алып отырады. Жалпы білім беретін мектепте оқитын естуі бұзылған балаға педагогтың ерекше көмегі қажет. Мұғалім баланың жаңа ұжымға үйренісуін қадағалап, балалармен қарым-қатынасқа түсуін бақылауға алады. Аталған жұмыстарға баулу барысында есту қабілеті бұзылған балаға шектен тыс көмек көрсетпей, өзіне келген қиындықты жеңе білуге үйрету керек.

Мұғалім оқу процесінің әрбір уақытында естуі бұзылған баланың мұғалімнің, сынып оқушыларының бет-жүзін, тақтаға шыққан оқушыны, тақтадағы жазуларды, кестелерді, сызбаларды, картаны уақытында көріп, қадағалап отыруы керек. Сондықтан есту қабілеті бұзылған бала мұғалімнің оң жағында отыруы тиіс. Сыныптағы ол орыннан балаға болып жатқан құбылыстар мен жағдайлардың барлығы көрініп отырады. Естуі бұзылған баладан сабақ кезінде барлық зейінін сыныптағы сөйлеушілерге аударып отыруын талап ету

керек. Есту қабілеті бұзылған бала сыныптағы барлық жағдайлармен жақсы танысып, оларға қатысып, белсенділік көрсетіп отыруы тиіс. Білімді игерту барысындағы қандай да бір назардан тыс қалған тақырыптар, тапсырмалар оқу пәні бойынша игерілетін келесі бөлімдерді қабылдауда қиындықтар туғызады. Мұғалім оқушыны әркез бақылаудан тыс қалдырмай, сабақ барысында бір-екі көмекші сұрақты қойып, баланың сабақ барысында не істегені, нені білгені туралы сұрап, оқу материалының мазмұнын жалпы сыныптың игеруіне жағдай жасауы керек. Оқушы білімін тексеру барысында баланың қабылдаған жаңа материалының мазмұнын анықтау үшін өз бетінше жұмыстарды орындауға (И.М.Гилевич, Э.В.Миронова, Л.И.Тигранова, Н.Д. Шматко) мүмкіндік жасау керектігі анық көрсетілген [4; 52]. Сынып оқушылары ауызша тапсырма орындау барысында естуі бұзылған балаға жеке тапсырма ретінде жазбаша орындалатын өз бетіндік жұмыс беріледі. Бұл дұрыс емес, себебі естуі бұзылған бала қандай да бір жұмыс түрін орындау барысында сынып оқушыларынан бөлініп қалып, олардың қандай тапсырманы қалай орындағандығын бақылай алмайды. Нәтижесінде, мұндай жағдайлардың әсерінен есту қабілеті бұзылған тұлғаларға жалпы білім беретін мектептерде білім беру жұмысының мағынасы мен мәні жоғалады.

Саңырау немесе есту қабілеті нашар баланың жалпы білім беретін мектептегі білім алуы, білім алудағы жетістіктері баланың сабақ барысындағы оқу әрекетіне қаншалықты дәрежеде қосыла алатындығына байланысты анықталады. Осыдан келіп мұғалімнің естуі бұзылған баламен жұмыс жасау кезіндегі тиімді көмек көрсету ерекшеліктері анықталады. Соның ішінде орта мектепте білім алуға қажетті білім, іскерлік, дағдының мектепке дейінгі кезеңде, бастауыш мектепте қаланғаны өзінің өзектілігін жоғалтпайды.

Мектеп жасына дейінгі естуі бұзылған баламен жұмыс жасау ерекшеліктерін мұғалім үнемі есте ұстай отырып, оның міндетті екендігін естен шығармауы тиіс. Қазақ тілі сабақтарында дәстүрлі түрдегі міндеттерді орындай отырып, түзету бағытын ұстану қажет. Бұл сабақтарда есту органының патологиясына тән сөйлеудің грамматикалық құрылымымен жұмыс жасалады. Естудің төмендігі байқалатын балаларға мынадай тіл жаттығуларымен жұмыстың түрі ұсынылады: сөз ішіндегі орфограммаларды табу, сөз таптары мен сөйлем мүшелеріне грамматикалық талдау жасау, сөз ішіндегі морфемаларды сызу. Мұғалім мұндай тапсырмаларға таңдау жасауда оқушының тапсырманы орындай білу қабілеті мен деңгейін, мүмкіндігін есепке ала отырып таныс мәтін ішіндегі сөз тіркестері мен

сөйлемдермен жұмысты ұсынады. Осы түрдегі жұмыстарды мақсатты түрде орындау саңырау немесе нашар еститін балалардың сөйлеудің грамматикалық құрылымын игеруіне, оны бекітуге, түзетуге мүмкіндік береді.

Мұғалім сөздің буындық құрамын ажыратуға байланысты тапсырмаларды ұсынуда баланың мүмкіндігін есепке алғаны жөн. Себебі тапсырмаларды орындау кезіндегі туындаған қиындықтар сынақхат, мазмұндама жазу кезінде анық байқалып отырады. Егер бала сынақхат жазу кезінде жалпы оқушыларға ілесе алмаса, уақытша балаға басқа тапсырманың түрін ұсынып, ол баламен сынақхатты жеке сабақтан кейін есту-көру негізінде қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып жүргізу керек. Есту қалдығы жақсы сақталған балалар сынақхатты жалпы оқушылармен бірге жазады, бірақ мәтіннің мазмұнымен, дыбыстық-буындық құрамы жағынан айтылуы қиын, мағынасы мен грамматикалық құрылымы түсініксіз сөздермен алдынала таныстыру керек [3;29].

Есту қабілеті нашар балаларды мазмұндама жазуға үйретуде де оларды арнайы дайындықтан өткізу керек. Оларға ұсынылатын мәтінді іштен оқуға ұсынып, содан кейін жалпы айтылған мәтіннің мазмұнын тыңдау ұсынылады. Балаға таныс емес сөздер кездесе, мұғалім ол сөздің мағынасын түсіндіріп, жазылуын көрсетіп дайындайды. Соның ішінде мәтіннің негізгі ядросы болып табылатын жетекші орындағы сөздермен жұмысқа баса назар аударып, ол сөздердің грамматикалық күрделі құрылымымен жұмыс жасап, ол сөздермен баланы алдын ала таныстыру керек. Одан кейін де бала мазмұндама жазу кезінде қиындықтарға кезігіп отырса, мәтін мазмұнына байланысты дайындалған сұрақтар ұсынылады.

Тіл дамыту сабақтарында есту қабілеті бұзылған балалар әдеби шығармалармен жұмыс жасаудың барысына кірісе алмайды, себебі оларға тілді игеруге байланысты қиындықтар кедергі жасайды. Мысалы, әдеби шығарманың ішіндегі түсініксіз сөздер, күрделі құрылған грамматикалық тапсырмалар, мәтіннің белгілі бөлімдерін түсінбеу, диалогты, сипаттаулардың мазмұнын түсінбеу сияқты қиындықтар туындайды. Бірақ үйден жаңа материалдың мазмұнымен танысуға болмайды, себебі сыныпта оқушыға жаңа мәтіннің мамұны таныс болғандықтан, қызығушылық жоғалады. Әдеби шығармаларды, өлеңдерді кітапта бейнеленген иллюстрациялы суреттермен қатар түсіндіру тиімді. Егер оқушыға шығармалардың, ертегілердің, қысқа повестердің мазмұны таныс болмаса, сол сабаққа дейін балаға қысқаша мағлұмат беріледі.

Сонымен, есту қабілеті бұзылған балаларға жалпы білім беретін мектептерде білім беру процесі – сөйлеу әрекетіндегі ерекшеліктермен айрықшаланатын күрделі процесс. Бұл кезде мұғалімнен шыдамдылық пен балаға деген махаббат қана емес, арнайы білімнің көлемі де қажет.

Оқу әрекетін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру үшін баламен жеке әрекетке түсу мүмкіндігі қажет. Саңырау оқушылардың оқу әрекетін қалыптастыруға бағытталған көп жылдық зерттеулердің нәтижесін отандық зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасау негізінде мынадай қорытынды жасауымызға болады. Саңырау оқушыларды оқу әрекетіне баулудың жолдарын саңырау балаларды оқу әрекетіне керекті жағымды мотивтердің қажеттілігін де дәлелдеуде. Мотивация тұрақты түрдегі тұлғаның жеке білімді игеруі мен белсенділігі арқылы байқалады. Оқытудың мотивтерін шешу саңырау балаларға білім берудегі, оларды интеграциялы оқыту процесіне енгізудегі өзекті проблемаларды шешуге негіз болады.

Әдебиеттер

1. Права ребенка. Сборник нормативных правовых актов. - Алматы: ЮРИСТ. 2008. – 84 стр.

2. Назарбаев Н.Ә. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және оларды қамтамасыз ету Заңы. Астана – 11 шілде. -2015ж.

3. Королева И.В., Янн П.А. Дети с нарушениями развития. Книга для родителей и педагогов. 2016.

4. Кузьмичева Е.П., Яхнина Е.З., Щевцова О.В. Развитие устной речи у глухих школьников. 2015.

НАИМЕНОВАНИЕ ПЕРСОНАЖЕЙ В АНГЛИЙСКИХ И КАЗАХСКИХ НАРОДНЫХ СКАЗКАХ

**Улжан Баткенова, магистр лингвистики, преподаватель
Казахстанский университет инновационных и
телекоммуникационных систем, г.Уральск**

Наименование персонажей народных сказок – элемент языковой картины мира, тесно связанный с национальным бытом и национальной ментальностью. Номинация персонажей казахского фольклора недостаточно изучена и нуждается в систематизации. Своеобразие этой номинации будет показано в сравнении с наименованиями персонажей английских сказок. [1, 11]

Материал исследования был получен из текстов 1080 сказок методом сплошной выборки. Данный языковой материал стал основанием для следующей классификации.

В казахских народных сказках:

1. Наименования животных: *Аю, түлкі, қасқыр, қоян, сауысқан, көкек, байғыз, тұлпар, жолбарыс, арыстан, түйе, қарға, торғай, бөдене, маймыл, тасбақа, кене, тырна, әтеш, лақ, ешкі, тоқты*

2. Наименования фантастических существ:

• Имя собственное: *Жалмауыз кемпір, Айдахар, Жезтырнақ, Жетібас жылан, Самрұқ, Албасты, Ібіс, Өббе.*

• Имя нарицательное: *пері, шайтан, ие, шілтан, аруақ, обыр, күлдіргіш, жың, сүрел, еге, дәу, пір, гайперен, диу, марту.*

3. Антропонимические наименования:

1) Одночленные

• Личное имя: *Асан, Хасан, Айман, Байман, Қарашаш, Кенжекей, Күнекей, Қарлығаш, Ерназар, Айсұлу*

• Прозвище: *Қанбақ шал, Тоңқылдақ, Ер-төстік, Алдар-көсе*

• Наименования по социальному признаку: *Бай, Хан, Кедей, Султан, Патша, Уәзір*

• Наименования по характеру поведения: *Батыр, Би, Молда*

2) Двучленные

• Имя + прозвище: *Асан қайғы, Байбай шал, Тотан бай, Келді бай Жиренше шешен*

• Имя + приложение: *Өтеген батыр, Сүлеймен патша, Айбарша сұлу [4,40]*

В английских народных сказках:

1. Наименования животных: *cat, wolf, cock, fox, horse.*

2. Наименования фантастических существ:

• Имя собственное: *Hedley Cow, Boggart, Tom Tit Tot*

• Имя нарицательное: *Green ladies, small people, the bad fairies, the good folk, magdy figgy, giant, gnomes, elves, goblins, pixie, dragon*

4. Антропонимические наименования:

1) Одночленные

• Личное имя: *Margaret, Bill, Bob*

• Прозвище: *Nosey, Catskin, Tattercoats*

2) Двучленные

• Наименования по внешнему облику: *Tom Thumb, CapO'Rushes*

• Наименования по социальному признаку: *Prince Florentine, Jack the Farmer, King Arthur*

• Наименования по характеру поведения: *KateCracknuts, LazyJack*

• Наименования по характеру когнитивных способностей: *CleverJack, CannyJack, JacktheFool, SillyBilly [2,7]*

Заклучение

Исследование показало, что как в английских, так и в казахских народных сказках (по контрасту, например, с русскими) животные не имеют личных имен. Для их номинации служат общеупотребительные слова, обозначающие то или иное семейство (вид) животного.

Для номинации многообразных фантастических существ в казахских сказках, по контрасту с английскими, широко используются имена собственные (хотя имена нарицательные при этом всё же преобладают). Наименования людей как в казахских, так и в английских сказках наиболее разнообразны; в антропонимических номинациях преобладают личные имена либо прозвища, отражающие внешний облик персонажа, характер его поведения, социальный статус и т.д. При этом в английских сказках чаще, чем в казахских, встречается наименование персонажа по характеру его когнитивных способностей. [5,17]

В казахских сказках особую группу антропонимов составляют имена, чье значение связано с культом святых духов и предков: *Әзірет Әлі, Хазірет, Ғали*. Это отражает особенность казахской культуры (в английских сказках таких имен нет). В казахских бытовых сказках присутствует также особый стилистический прием создания положительного образа: наименованием положительного героя является слово с отрицательной семантикой – *Жаман* (плохой), *Тазша* (плешивый), *Қаңбақ* (перекати-поле) и др. [7,97]

Таким образом, номинация персонажей в народных сказках отражает как общечеловеческие черты восприятия мира, так и своеобразие национальной ментальности.

Литература

- 1.Алпатов В.С. Атрибутика персонажей британской народной волшебной сказки: (семасиологическое исследование): Автореф. дис. канд. филол. наук. – Одесса, 1990. –16 с.
- 2.Важдаев В. Сказки английского народа. В кн. : Английские народные сказки. – М. : Гос. изд-во худ. лит., 1957. – С. 3–10.
- 3.Гак В.Г. К типологии лингвистических номинаций / Языковая номинация. Общие вопросы. М.: Наука, 1977. – С. 35–44.
- 4.Гуляев Ю.А. Лексика английских народных песен // Семантические корреляции на лексическом и синтаксическом уровнях: Межвуз. сб. науч. трудов. – Саранск: Мордовск. ГУ, 1990. – С. 39–44.
5. Казахские народные сказки. – Алматы, Балауса баспасы, 2013. – 169 с.
- 6.Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 7.Қазақ ертегілері. – Алматы, Балауса Баспасы, 2003. –126 с.
- 8.Қазақ ертегілері – Алматы, «Көшпенділер» баспасы, 2006. – 384с.

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВИСТИКИ И МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

**Асем Берстенова, преподаватель
Актюбинский региональный государственный университет
им. К. Жубанова, г.Актобе**

В настоящее время необходимость изучения английского языка в его реальном функционировании в различных сферах человеческой деятельности стала общепринятой. Главной задачей обучения является овладение студентами навыками общения на английском языке. Общеизвестным является тот факт, что неперенным условием реализации любого коммуникативного акта должно быть обоюдное знание реалий говорящим и слушающим, являющееся основой языкового общения. Эти значения получили в лингвистике название фоновых знаний. Слово, отражающее предмет или явление действительности отдельного социума не только означает его, но и создает при этом некоторый фон, ассоциирующийся с этим словом [1, с.25]. Опыт преподавания показывает, что даже на продвинутых этапах обучения студенты допускают существенное количество ошибок как при выполнении упражнений, так и при использовании субстантивных конструкций в разговорной практике. Неправильное употребление указанных конструкций в составе сложного предложения ведет к нарушению логики высказывания и, как следствие, невыполнению задач коммуникации. В связи с этим существует необходимость в более подробном оснащении этой темы и разработке соответствующих рекомендаций. Другим препятствием на пути к решению коммуникативной проблемы лингвистики является правильное восприятие сказанной формы, то есть восприятия сказанного на слух.

Следующей проблемой является перевод формы в общее значение. На данном этапе важно, чтобы слушатель знал хотя бы одно, самое общее значение слова, которое было сказано другим. Поэтому при обучении английскому языку как средству общения важно дать понять студентам, что человек воспринимает сказанное через свою индивидуальную и культурную призму, и значит, нужно, как можно более точно передать все значения, которые несет в себе слово.[4, с. 95]

Переход из культурного значения в индивидуальное проявляется в проецировании культурного значения через призму каких-то своих собственных свойств, установок. Вот этот барьер в общении, который

называется психологическим, и является наиболее труднопреодолимым в коммуникации между личностями, т.к. у всех людей механизм “шифрования” и “дешифрования” разный и зависит от различных причин, одной из которых является разная психология людей. Поэтому актуальность коммуникативной проблемы в настоящее время приобрела небывалую остроту. Эта проблема связана также с одной из проблем теории перевода, а именно со способами передачи без эквивалентной лексики, т.е. лексики, которая не имеет аналогов в иной культуре. Она в свою очередь создает большое препятствие в общении между людьми различных культур. Решение данной проблемы нам видится в расширении фоновых знаний студентов. Фоновая лексика - это слова или выражения, имеющие дополнительное содержание и сопутствующие семантические или стилистические оттенки, которые накладываются на его основное значение, известное говорящим и слушающим, принадлежащим к данной языковой культуре. Поэтому важным этапом в обучении общению является ознакомление студентов с реалиями, традициями и обычаями англоговорящих стран [2, с.101]. В обучении иностранному языку много внимания уделяется элементам лингвострановедения. Если раньше страноведческие сведения сопровождали базовый курс иностранного языка только как комментарий при изучении того или иного материала, то в настоящее время лингвострановедческий аспект является неотъемлемой частью уроков иностранного языка, так как все более ощущается необходимость обучать тому, что “лежит за языком”, т.е. культуре страны изучаемого языка.

Использование лингвострановедческого аспекта способствует формированию мотивации учения, очень важно потому, что иноязычное общение не подкреплено языковой средой. При изучении языка одновременно с условием каждой лексической единицы формируется ассоциируемое с ней лексическое понятие. Если лексическая единица усвоена и артикулируется правильно, это еще не свидетельствует о том, что завершилось формирование лексического понятия. В учебном процессе следует учитывать, что слово одновременно является знаком реалии и единицей языка. Поэтому без эквивалентная и фоновая лексика нуждается в комментарии, требует особого внимания преподавателя. Без эквивалентная лексика является достоянием культуры. Если сравнить две национальные культуры, то можно сделать вывод, что они никогда не совпадают полностью. Это следует из того, что каждый язык состоит из национальных и интернациональных элементов, а для каждой культуры совокупности этих элементов будут различными.[3, с.85]

Приобщение студентов к культуре англоговорящих стран является неотъемлемой частью в обучении иностранному языку. В своей практике мы постоянно обращаем внимание студентов на культурологический аспект, а именно на то, какие традиции и обычаи есть в культуре страны, язык которой они изучают. Мы знакомим студентов с языковыми единицами, наиболее ярко отражающими национальные особенности культуры народа-носителя языка и среди его существования. Кроме того, в содержание национальной культуры входит и социальный компонент, на базе которого формируются знания о реалиях и правах стран изучаемого языка, знания и навыки коммуникативного поведения в актах речевой коммуникации, навыки и умения вербального и невербального поведения.

В виду того, что у студентов нет возможности в непосредственной коммуникации с носителем изучаемого языка, то у преподавателя возникает необходимость в объяснении и разъяснении тех или иных особенностей культуры носителей языка, мы часто сталкиваемся с проблемой непонимания студентами особенностей характера и культуры народа-носителя языка. В связи с этим мы пытаемся подбирать языковой материал, отражающий культуру страны изучаемого языка, так называемые реалии. В реалиях наиболее наглядно проявляется близость между языком и культурой. Отличительной чертой реалии от других слов языка является характер её предметного содержания, т.е. тесная связь обозначаемого реалии предмета или явления с национальным, с одной стороны, и историческим отрезком времени-с другой стороны. реалия как языковое явление наиболее тесно связана с культурой страны изучаемого языка, так как ей присущи национальный и исторический колорит.

Следуя коммуникативному системно - деятельностному подходу в изучении английского языка, необходимо реализовать такой способ обучения, при котором осуществляется упорядоченное, систематизированное и взаимосоотнесенное обучение иностранному языку как средству общения в условиях моделируемой на учебных занятиях речевой деятельности – неотъемлемой и составной части общей (экстралингвистической) деятельности. Коммуникативный системно-деятельностный подход предполагает полную и оптимальную систематизацию взаимоотношений между компонентами содержания обучения. К ним относится система общей деятельности (экстралингвистической, педагогической); система речевой деятельности, система речевого общения (коммуникации, интеракции и взаимной перцепции), система изучаемого иностранного языка,

системное соотнесение родного и иностранного языков (их сознательно- сопоставительный анализ), система речевых механизмов (речепорождение, речевосприятие, и др.), текст как система речевых продуктов, система структурно- речевых образований (диалог, монолог, разные типы сообщений и т. п.), процесс овладения иностранным языком, структура речевого поведения человека. В результате такого подхода в обучении формируется, реализуется и действует система владения иностранным языком как средством общения в широком смысле этого слова. Итак, используемые в обучении материалы должны сформировать языковую компетенцию (владение языковым материалом для его использования в виде речевых высказываний), социолингвистическую компетенцию (способность использовать языковые единицы в соответствии с ситуациями общения), дискурсивную компетенцию (способность понимать и достигать связанности в восприятии и порождении отдельных высказываний в рамках коммуникативного значимых речевых образований), “стратегическую” компетенцию (способность компенсировать вербальными и невербальными средствами недостатки во владении языком), социально-культурную компетенцию (степень знакомства с социально-культурным контекстом функционирования языка), социальную компетенцию (способность и готовность к общению с другими).

Литература

1. Бельтюкова Н.П. Пособие для преподавателей иностранных языков.- Томск, 2008.-208 с.
2. Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. М., 2011, с. 116.
3. Сафонова В.В. Инновационные процессы в образовании.-М.: АО «Московские учебники», 2013,125 с.
4. Шубин Э.П. Основные принципы методики обучения иностранным языкам. М., 2010, с. 215.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

**Торғын Жанұзақова, мұғалім
Хромтау №5 гимназиясы, Ақтөбе облысы**

Әдебиет (араб.- асыл сөз) – сөз өнері, әлеуметтік мәні бар шығармалар жиынтығы. А.Байтұрсынұлы оған “бір нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері”, “Сөз өнері” деп баға берген. Әдебиет – жалпы өнердің бір саласы. Бірақ ол қоғамдық

сананың ерекше түрі есебінде шындықты логикалық ойлау жүйесімен емес, көркем тіл арқылы, сөз өнерінің күшімен суреттеп көрсетеді. Көркем бейненің сыртқы сұлбасымен бірге ішкі мазмұнын, сырын оқырман тұшынып сезіне алатындай етіп ашады, адамның жан дүниесі мен ішкі сезім байлығын көзге елестету арқылы қоғамдық санаға әсер етеді. [1]

“Әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды” (С.Әшімбаев), “ Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде - ұлт та ұлы бола алмайды” (Ғ.Мүсірепов) деп жоғары баға берулері де сондықтан. Қазағымыз “Өнер алды – қызыл тіл” деп тегін айтпаған. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүйеді, елін, адамзатты құрметтеуге деген сезімдерге тәрбиелейді. Әдебиет пәнінің жас ұрпақты уақыт талабына сай тәрбиелеуге қосар үлесі үлкен. Ол жақсы мен жаманның ара жігін ажырата білуіне, адамгершілік сезімнің ұшталып, имандылық қасиеттердің оянуына септігін тигізеді. Сондықтан әдебиет пәнін оқытуға ерекше назар аударылады. Әрбір күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу әдебиет пәніне зор жауапкершілікті жүктейді. Әдебиет пәні мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді.

Қазіргі таңдағы педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Жаңартылған оқу бағдарламасы пәнді оқытуда көптеген жаңа өзгерістер алып келді. «Жаңартылған мазмұн дегеніміз – халықаралық стандарттарға сай келетін және Назарбаев зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен заманауи оқу бағдарламалары. Бұлар біздің балаларымызға қажетті функционалдық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дарытады» – деп атап көрсеткен болатын Елбасы Н.Назарбаев өзінің кезекті халыққа арнаған жолдауында.

Жаңартылған бағдарлама бойынша, қазақ әдебиеті пәнінің басты бағыты – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Білім алушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Бағдарламада әдеби-теориялық ұғымдар, талдауға, бағалау мен

салыстыруға негізделген адамзаттың мәңгілік сұрақтары, қазіргі заманғы дилеммалар, мәселелер қарастырылған.

Негізгі мақсат – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту.

Қазақ әдебиеті пәнін оқу арқылы білім алушылар:

1) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

2) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

3) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

4) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.[3]

Пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген:

1-бөлім. Түсіну және жауап беру.

2-бөлім. Анализ және интерпретация.

3-бөлім. Бағалау және салыстыру.

Бағдарламаның әр бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады. Пән аясында оқушылардың қол жеткізуі көзделетін оқу мақсаттары оқу бағдарламасында ұсынылған. «Қазақ әдебиеті» пәні бағдарламасының мазмұны мен құрылымы оқу мақсаттарына негізделіп құрылған.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл дағдыларды қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі әдіс-тәсілдер қолданады. Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер:

1) ауқымды мәнмәтін бойынша топтық зерттеу жұмысын жүргізу және белгілі бір мәселе бойынша автордың көзқарасын талдау;

2) жанрларды түрлендіру (драманы хикаятқа немесе хикаят тарауларын драмалық шығармаға айналдыру) және оның әсерін бағалау;

3) рөлдік ойындар арқылы автордан сұхбат алып, сұрақтар қою (мүмкін болса, авторлармен, фильмді түсірушілермен кездесулер ұйымдастыру);

4) оқушылардың сөйлеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пікірталас, ми шабуылы, дебат, стратегияларды қолдану;

5) оқушының бүгінгі қоғамға лайық жеке тұлғалық қасиеттерін, оның рухани жан дүниесін байытатын қазақ тілінің этно-мәдени лексикасын, даналық сөздерін меңгерту, ана тіліндегі қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу, жағдаяттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ізгілендіру технологиясын қолдану;

6) оқу үдерісінде түрлі жағдаяттар, рөлдік ойындар, «дөңгелек үстел», «брифинг», баспасөз конференциялары, «Көңілділер, тапқырлар клубы» және монолог пен диалогке, әңгімелесуге жағдай жасау;

7) оқу үдерісінде түрлі ұнтаспаларды, бейнетаспаларды, медиаматериалдарды, бейнероликтерді, интернет материалдарын, электронды оқулықтарды, компьютер мен лингафондық аппараттарды, белсенді оқыту әдістері мен пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдану. [1]

Сабақ – мұғалім шығармашылығының айқын көрінісі. 40 минутқа арналған қысқа мерзімді сабақ жоспары мұғалімнің сабақ мақсатына жетуіне көмектеседі. Ең алдымен, мұғалім бағдарламаға негізделген оқу мақсатын тандайды. Тандалған мақсатты сол күнгі сабақ тақырыбына негіздеп, сабақ мақсатын қояды. Сабақ мақсатын анықтаған соң, мұғалім осы мақсатқа қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді. Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы қажет. Мысал ретінде алсам, 7-сыныптағы « Көне күндерден жеткен жәдігерлер» бөлімі бойынша «Т/ЖЗ.Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау» деген оқу мақсатына байланысты мынадай жұмыстар жасауға болады:

Сабақтың тақырыбы: Жиёмбет жырау. «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауы.

Ұйымдастыру. Психологиялық ахуал.

Жырдан үзінді тыңдату..

Жыр. Жырау. Жыршы тобына бөліну. Әр топ өздерінің атаулары бойынша білетін ақпараттарын айту үшін топта 1 минут талқылайды.

Білу.

Жиёмбет пен Есім ханның тарих сахнасындағы бір-бірімен байланысы неде?

➤Екеуі бір заман тұлғалары;

➤Ел ісіне араласқан;

➤Екеуі де ел алдында беделді адамдар.

Оқушылар жауабы тыңдалады.

Сабақтың тақырыбы, мақсаты, жетістік критерийі таныстырылады.

Түсіну. Мұғалім көмегі арқылы «көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері» түсіндіріледі.

Әдеби кейіпкер бейнесін жасалу жолдары		
Аты	Кейіпкер өмір сүрген ортасы арқылы	Портреті арқылы
	Ішкі сезімі арқылы	Кейіпкердің іс-әрекеті арқылы
	Қимылы арқылы	Өзге адамдардың кейіпкер туралы көзқарасы арқылы

Қолдану.

Тапсырма №1. «Түртіп оқу» әдісі. Оқулықтағы берілген үзіндіні оқу немесе тыңдату. Ер Есім бейнесін беретін үзінділерді белгілеп қою.

Дескрипторлар:

- Шығарманы оқиды;
- Кейіпкер бейнесін ашатын үзінділерді белгілейді.

ҚБ. «+;-» әдісі бойынша, оқушыларға оқыта отырып, дұрыстарын анықтап алады.

Тапсырма №2. Оқушылар жауабы арқылы толтырылады:

Үзінділер	Мінездеме	Жасалу жолы
Тасқан екен мына хан!	тәкәппар	Кейіпкердің іс-әрекеті арқылы
Қайрылып қайыр қылуға Қылығың жоқ ұнаған.	қайырымсыз	
Әмірің қатты Есім хан, Бүлік салып, бұйырдың	өктем	
Басын бер деп батырдың – Қанын ішіп қанбаққа, Жанын отқа салмаққа.	қатігез	

Дескриптор:

- Есім ханның бейнесін ашатын үзінділер табады;
- Үзінділерге сәйкес мінездеме береді;
- Жасалу тәсілін анықтайды.

ҚБ. Білім алушылар бір-бірінің жауабын бағалайды.

Мұғалімнің бағалауы. Кейіпкер бейнесінің жасалу кестесін көрсету арқылы оқушылар жауабының дұрыстығын салыстырады.

Байқап отырғандарыңыздай, оқушы сабақ барысында шығарма мазмұнымен ғана танысып қоймайды, олардың ойларын дәлелдер келтіру арқылы ауызша еркін жеткізуіне мүмкіндік жасалыналды. «Бұған дейін жасалғандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады», - деп американдық өнеркәсіпші Генри Форд айтқандай, жаңартылған білім мазмұны негізінде әдебиет пәні арқылы мұғалімдер оқушылардың бойына ХХІ ғасыр адамына қажетті білім мен дағдыны меңгерте алады.

Әдебиеттер

1. Уикипедия – ашық энциклопедиясы.
2. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

ФИЛОЛОГИЯДАҒЫ БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢARTУ АЯСЫНДА ТАБЫСТЫ ТҰЛҒАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Гульдана Жапакова, аға оқытушы
«Өрлеу» БАҰО АҚ Филиалы Ақтөбе облысы бойынша
педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Ақтөбе қ.**

Бүкіл әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатына сәйкес бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру саласында түбегейлі өзгерістер жасалуда. Еліміздің халықаралық білімдік кеңістікке кіруі үшін «Өмір бойы білім алу» тұжырымдамасын іске асыруға мүмкіндік беретін, мемлекет және қоғамның талаптарына сәйкес өскелең ұрпақтың құзыреттіліктерін дамытуға бағыттау керек.

Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастыруға жаңартылған білім беру бағдарламасы негіз бола алады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – білім алушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау мен зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тәжірибе жасау дағдыларын дамытуға, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен,

топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерімен (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) жұмыс жасай білуге бағытталған.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі оқушылардың әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда білім алушы – таным субъектісі, ал мұғалім білім алушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады.

Білім алушылар табысты оқуы үшін мұғалімдер үш компонент - білім беру бағдарламасы, оқыту тәсілдері мен бағалау жүйесі қалай үйлесетінін толық білуінің маңыздылығы. Демек, білім беру бағдарламасының мазмұны, педагогикалық тәсілдер және бағалау тәсілдері бір мақсатқа жұмылдырылуы тиіс. Яғни бұл үйлесім оқушылардың табысын арттырады. Мұғалімдер білім беру бағдарламасын тиімді саралау үшін келесі өзгерістерді енгізе алады:

1. Жоғары деңгейлі ойлау дағдылары: Пайдаланылатын әдістер ақпаратты алуға емес, оны пайдалануға айрықша баса назар аудару керек; оқушылар мәліметтерді жаңа жағдайларда қолданып, оларды жаңа идеялар құру үшін пайдалануы, орындылығын бағамдауы және оны жаңа өнім жасау үшін пайдалануы керек.

2. Ашықтық: Жаттығулардың басым бөлігі ашық жаттығудан, яғни жалғыз дұрыс жауабы болмайтын, одан әрі ойланып, зерттеуге жетелейтін тапсырмалардан тұруы керек.

3. Жаңалық ашу: Жаттығулардың басым бөлігі білім алушылардың заңдылықтарды, идеяларды және негізгі қағидаттарды аңғару үшін ойлау үдерісін пайдалана алатын түрлі жағдаяттардан тұруы керек.

4. Ой-пайымдарының дәлелі: Білім алушыларға өз қорытындыларын ғана емес, осы қорытындыны жасауға негіз болған пайымдарын да айтуды ұсыну керек.

5. Таңдау еркіндігі: Білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі берілуі керек.

6. Қарқын және әралуандылық: Жаңа материалды таныстыруда мүмкін болса қарқынды жылдамдату және білім алушылардың қызығушылығын қолдайтын және әр түрлі оқу стильдерін қамтитын әдіс-тәсілдерді пайдаланған дұрыс. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да түсіне алады. Сонымен қатар, Брунер адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды:

- белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу);
 - бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу);
 - таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу).
- Спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

• оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;

• әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;

• жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Білім беру бағдарламасының, оқыту тәсілдерінің және бағалаудың қалай құрылуы қажеттігінің мысалын Хименес-Александренің дәлелдерді құрудың оңтайлы оқу ортасына арналған ұсынысынан көруге болады (2008, cited by Katchevich et al, 2011)

1) Оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Олар білімдерін бағалап, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынуы және бір-біріне сын тұрғысынан қарауы тиіс.

2) Мұғалімдер оқушыларға бағытталған және дәлелдерді құру мен талдауға арналған рөлдік модельдер ретінде әрекет ететін оқыту тәсілдерін қолданады.

3) Білім беру бағдарламасы проблемаларды шешудің тәсілдерін қамтуы тиіс.

4) Оқушылар мен мұғалімдер пікірлерді бағалауда білікті болуы тиіс және оқушылар тек жазбаша тестілеу бойынша ғана бағаланбауы тиіс.

5) Оқушылар өздерінің алған білімдерін қолдана алуы және білімдердің қалай алынғанын талдай білуі тиіс.

6) Оқушыларға диалогке және бірлескен оқуға қатысуға мүмкіндік беру керек.

Педагогиканың барлық осы аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Hattie, 2011). Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың жаңа білімді алдыңғы білімдерімен

ұштастыра отырып игеруін көздейтін тұжырымдамаға негізделеді. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да аспектілерді, алған білімді қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Осы ретте оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға септігін тигізетін жаттығулармен айналысуға мүмкіндік берілуі аса маңызды болып табылады.

Оқытудың үдемелігі оқу жоспарында оқылым, тыңдалым, жазылым дағдыларын және нақты тақырыпты зерттеу үшін айтылым дағдыларын біріктіреді. Белсенді және аудиовизуалды тәсілдерді біріктіре отырып жоспарлау және оқыту моделі жазылым бойынша үлгерімін бағалап, жылдам жетілдіруде, сондай-ақ оқушының көзқарасын өзгертіп, уәжін арттыруда табысты болып шықты, яғни ол тілді жаттап алу қажет грамматикалық құралдар жиынтығы емес, ақпаратқа қол жеткізіп, қарым-қатынас жасау әдісі ретінде қарауға мүмкіндік береді (UKLA, 2014). Оқу үдемелілігін қолдану оқушылардың тіл туралы айту үшін қажетті тілдік қорын (метатіл) ұлғайтатыны дәлелденді, бұл оқылым, айтылым, жазылым және тыңдалым дағдыларының дамуына игі ықпал етеді (UKLA, 2014).

Жаңашыл, өміршең идеялар заманауи қоғамға тың серпіліс әкеледі. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында тәжірибе жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейтуге, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДБҰ, 2015.
2. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары: оқу әдістемелік құрал – 2000ж.
3. Садыков Т.С., Әбілқасымова А.Е. 12 жылдық білім беру методологиясы. Оқу құралы. – Алматы, 2004.

ПРОФЕССОР СЕРІК МАҚПЫРҰЛЫ – САН ҚЫРЛЫ ТҰЛҒА

Гульжамал Казкенова

Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер
университеті, Орал қ.

Ұстаздық – ұлылық символы, даналық белгісі. Ұстазды ұстаз деп мойындау да – бір бақыт. Өзінің ұстаз екенін мойындата білу де – бір ерлік.

Серік Мақпырұлы – сондай тұлға. Ұстаз жолы көпке үлгі. Қазақтың Абай атындағы Ұлттық педагогика университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты С.Мақпырұлы – саналы ғұмырын жоғары мектепте болашақ маман тәрбиелеуге арнап өткен ұлағатты ұстаз, үлкен ғалым болды.

Ғалым-зерттеуші С.Мақпырұлының өз ісіне, ғылымға деген ұстанымы, адалдығы оның бойындағы парасаттылық пен пайымдылық, қарапайымдылық пен кішіпейілділік, салмақтылық қасиеттері арқылы танылды.

Ұстаз тұлғасын тану – қиын да күрделі әрекет. Қиын болу себебі – тәлімі тереңде, күрделі дейтіміз - өнегесі өміршең, болмысы баянды. Тұлғаның тұрпаты – ерен еңбек, қажырлы қайрат, өшпес талант, мұқалмас жігер. Аталған бітім-болмысқа сыйып, танылған азаматты қазақта сегіз қырлы, бір сырлы жан дейді. Серік Мақпырұлы, міне, сондай жан.

Оның *бірінші қыры* – ұстаздық қызметі мен ғалымдық өнері. Серік Мақпырұлы ширек ғасырдан астам уақыт бойы шәкірттерге білім нәрін сеуіп кетті. Жоғары мектепте «Әдебиеттануға кіріспе», [1] «Әдебиет теориясы», «XIX ғасыр әдебиеті», «Қазірі дәуір әдебиеті» [2] курстарынан дәріс оқып, оқу құралдарын жазды. Профессор Мақпырұлының қаламынан сандаған ғылыми еңбектер дүниеге келді. Мысалы, «Әдебиеттануға хрестоматия», «Ботагөз» романының тарихы», [3] «Әдебиеттің тектері мен түрлері» т.б. Бұл еңбектерді бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының қазақ филологиясы мамандықтарында оқитын студенттер пайдалануда.

Тұлғаның *екінші қыры* – ұстаз-әдіскерлігі. С. Мақпырұлы көп жылдар бойы қазақ әдебиетін жалпы орта білім беретін мектептер мен кәсіптік-техникалық лицейлерде оқыту мәселелерімен жүйелі айналысты. Сондай-ақ, өзге ұлт мектептеріне арналған оқулықтар мен хрестоматиялардың да авторларының бірі. Ұзақ жылғы педагогикалық

қызметінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітіруші түлектерге арнап «Педагогикалық Ант» мәтінін жазды. Бұл игі бастама көпшілік қауымнан қолдау тауып, факультетте салтанатты рәсім түрінде өту дәстүрге айналды.

Әдіскер-ұстаздың орта мектеп ұстаздарына арналған еңбектерінің қатарын «Қазақ әдебиетінен шығарма жұмыстары» (1996), 8-классқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы мен «Әдебиет әлемінде» хрестоматиясы, әдебиетті тереңдетіп оқытатын мектептерге арналған «Әдебиеттану» оқу құралы, 8-класс оқулығына арналған әдістемелік талдау, кәсіптік лицейлер мен колледждерге арналған «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясы, орыс, ұйғыр, өзбек мектептеріне арналған б-кластың «Қазақ әдебиеті» оқулығы мен хрестоматиясы сынды құралдары толықтыра түседі.

Сондай-ақ, профессор Серік Мақпырұлы республиканың орта мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған типтік оқу бағдарламасын да жазды. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» (орыс мектебінің 5-11 кластарына арналған), «Қазақ әдебиеті» орта білім стандарты, «Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы» (5-11 кластар), «Әдебиеттану ғылымына кіріспе» (2001), «Әдебиет теориясы» (2003), т.б. Міне, осы аталған іргелі еңбектер С. Мақпырұлының әдіскелік қырын танытатын, аталған саладағы толымды дүниелер қатарынан орын алады.

Тұлғаның *үшінші қыры* деп – ұстаз-журналистік қызметін атасак керек-ті. Егемен еліміздің 1995 жылдан бастап жарық көріп келе жатқан «Қазақстан жоғары мектебі» - «Высшая школа Казахстана» халықаралық ғылыми-педагогикалық журналын ұйымдастырып, алғаш шығарушылардың бірі. С.Мақпырұлының аталған басылымның бас редакторының орынбасары және «Ұлт тағылымы», «Ізденіс-Поиск» ғылыми қосымшаларының редакторы қызметінде де өз биігінен көрінді. Еліміздің білім беру жүйесін өркендетуде орынды жерден табылып, баспагерлік өнерімен еңбектенген журналшы-ғалым Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданып, аталған саланың мықты білгірі, үлгілі ұйымдастырушысы ретінде де танылды.

Ұстаздың шығармашылық айдынында көрікті көрінер және бір *төртінші қыры* оның аудармашылығы дер едік. Студент, аспирант кезінен дағдыланған құштарлы әрекет бірте-бірте көркем аудармаға алып келеді. Шағын сюжетті әңгімелерді аударуды сәтті игерген автордың қаламгерлік қарымында қырғыз, беларусь, эзирбайжан балалар жазушыларының туындыларымен қатар орыс классиктері

В.Шукшиннің, В.Распутиннің көптеген әңгімелері бар. Қарақалпақ, тәжік сатириктерінің біраз әңгіме-фельетондары да С.Мақырұлы аудармашылығымен жарық көрді.

Тұлғаның *бесінші қыры* бұл ақын-лирик есебінде танылуы дер едік. Атақты ақын боп көрінбесе де, өлең-сөздің құдіретін терең сезіммен ұғынған ақын жанды ұстаздың тұшымды дүниелерді өмірге әкелгенін аңғаруға болады. Ақын өлеңдерінің тақырыптық ауқымы өте кең. Пәни дүниенің жер басып жүрген өкілдері – оның туындыларының кейіпкерлер жүйесін құрайды. Туған жер, өскен ауыл, ағайын-тума, құрбы-құрдас, ізбасар ұрпақ сынды қаһармандар шынайы да нанымды сипатта сөз алады. Өмірдің мән-мағынасын ізгілік иірімдеріне сыйғызған ақын толғанысында мәңгілік мұраты айқын да түсінікті қырланған:

Өмір! Өмір, қымбатсың, мәндісің сен,
Адамдық - асқақ арман, мұрат бар да.
Армансыз қанат қағу мүмкін бе екен,
Кеудеде жалынды, ыстық ұят барда.

немесе:

Өмір сүру дегенің – жауап іздеу,
Адамзатты толғантқан сұрақтарға! –

(«Көңіл шуағы» кітабынан) [5] - деп келетін шумақтардың оқырман үшін жылы қабылданар сипаты бары анық.

Ақын-қаламгердің жорналшы, ақындық келбетімен қабысып, салаласып, сабақтасып келетін және *бірқыры (алтыншы)* – публицист-көсемсөзшілдігі. Ол ауызекі сөзде де шешендік шеберлік байқатты. Талай үлкен мәжілістер мен жиындарда, басқосуларда өз замандастары мен әріптестері Серағаң тұрған кезде мәжіліс тізгінін сол кісіге ұстататын.

Ұстаз-ғалымның «Сараланған сөздер» деп аталатын 100-ден аса афоризм, мақал-мәтелдер ектес туындылары қоғам дамуындағы адамзат тәрбиесі үшін аса қажетті мәселелерді қамтуымен, қозғап көтеруімен ерекшеленеді. Адам бойындағы жаманды-жақсылы қасиеттерді екшеп айтқан сара сөздерден қаламгер-ұстаздың және бір қыры – сатириктік болмысын тап басып танимыз. Жылы юмор мен ашы сарказмның найзасына түйрелген типтердің мінез-құлқын өз туындыларында аямай шаншып отырады. Мәселен, «Сөзбен сарай тұрғызып, қабырғасын қаламақ уәдемен», «Қоңыраумен өсті, қоңыраумен өшті», «Қол қоя алмаса да, әкімдіктен тоя алмай жүр», «Қолданып тесті, студенттердің тілін кесті», «Тіршілікте мысық еді, жолбарыс деп жерлегені қалайша» деген тіркестерден жағымсыз тұлғаларды танысақ, «Елім десең – ерінбе сен», «Баладан ылғи шала

сөз күтпе, дана сөз күт», «Бар дәрежесінен ар дәрежесі қымбат» т.б. мағынасы терең тіркестердің тәлімдік мәні қашанда зор болмақ.[6]

Профессор С. Мақыпұлының *жетінші деуге келерлік бір қыры* – мықты мәгінтанушы, терең ойлы текстологтік қасиетін ерекшелеп айтар едік. Зерек те зерделі ғалым осы күнге дейін Ы.Алтынсариндікі делініп келген «Ананың сүюі» өлеңінің М.Дулатовтікі екенін, М.Майшикиндікі деп келген «Бәрінен де сен сұлу» әні М.Жұмбаевтікі екенін алғаш анықтап айтқандардың, танып-зерттегендердің бірі. Ал, Асан Қайғының «Таза мінсіз асыл тас» деп басталатын толғауының Ю.Жадовскаядан аударған А. Байтұрсыновтікі деуі де - әлі күнге қызық пікір күйінде қалуда.

Ұстаздың ең соңғы және *басты қыры (сегізінші)* – тәлімгерлігі. Көп жылдар бойы аспиранттар мен ізденушілерге, жас ғалымдарға қамқорлық жасап, ғылыми жетекшілік етті. Профессор С.Мақыпұлының жетекшілігімен 20-ға жуық ғылым кандидаты даярланса, отызға жуық ізденушіге оппонент болды. Ұстаз тұлғасына толық лайық жанды әріптестері мен әрдайым мақтанышпен еске алып, орынды мақтан етеді.

Ұстаз-ғалымның сегіз қырын, бір сырын сабақтап тарата келе қорытарымыз – тұла бойы адамгершілік қасиетке толы абзал жанның бейнесі мәңгі өшпесі анық екенін және кейінгі ұрпаққа үлгі тұтар тұлғасы барын айтпақ болдық.

Әдебиеттер

1.Мақыпұлы С. Әдебиеттануға кіріспе. Хрестоматия. - Алматы: Ана тілі, 1991. -184 б.;

2.С.Мақыпұлы Әдебиеттің тектері мен түрлері. - Алматы: РБК,1994.

3.Мақыпов С. «Ботакөз» романының тарихы. - Алматы: РБК, 1994.

4.Мақыпұлы С. Көңіл шуағы. - Алматы: Өркениет, 2001.

5.Мақыпұлы С. Көңіл сазы. - Алматы: Арыс, 2009.

THE INFLUENCE OF THE NATIVE LANGUAGE ON THE STUDY OF FOREIGN LANGUAGES

Bagdagul Khamzina, the senior teacher

**Kazakhstan University of Innovation and Telecommunication Systems
Department Of social Sciences and Humanities, Uralsk c.**

Each nation has its own culture and mentality. Throughout the history of the people, who have not lost their originality, have been able to preserve their culture, deep national and ethnic roots and religion. Language is one of

the branches of the powerful tree of culture, thanks to which a written culture of each nation is formed, transmitted from generation to generation.

The expression of feelings, desires and emotions in each language is carried out in a peculiar colorful and amusing way, but if they are conveyed to another language, or expressed in writing, they immediately lose their former attractiveness. Each language is a storehouse of ideas, literature, music, institutions, etc., constituting a valuable part of the cultural heritage and civilization of all mankind.. With the disappearance of the language, this heritage and its valuable experience are deprived of not only the sons and children of that nation, but all of humanity as a whole. In this regard, UNESCO pays special attention to the preservation of the native language, pursuing the following goals and objectives: a. the need to preserve and develop the cultural and linguistic diversity of peoples, the strengthening of the national identity of the cultures of various peoples of the world, the intensification of national types of cultures; b. prevention of negative educational, psychological and social consequences arising from distance learning in non-native language. Classroom activity plays a crucial role in the process of learning a foreign language and increasing the motivation of students to learn it. Considering that the teaching is carried out through communication, the teacher must know what opportunities and training programs he has and how to use them in order for the lesson communication to be as constructive as possible.

This study is devoted to studying the impact of the native language on mastering a foreign language, learning motivation of students, as well as the level of teachers' commitment to communicative methods and their implementation in teaching practice, examines the characteristics of a good and competent teacher, his teaching methods and coordination in teaching.

Before World War II, only the ruling classes mostly spoke in a foreign language: noblemen and aristocracy, but during the Second World War, for intelligence and political considerations, governments began to pay special attention to the study of foreign languages. Thus, in the barracks and military camps began to develop large-scale projects for teaching foreign languages. Since then, and also in view of the rapid progress of the twentieth century, the peoples of different countries began to learn one or more languages.

The study of languages has become such an urgent issue in the life of every nation that Goethe in this connection said “who does not know a single foreign language does not know his own one”. Iran is a multinational state, its integrity lies in the peaceful coexistence of different ethnic groups and nationalities. It is obvious that the main attention of the state is primarily aimed at respecting the equal rights of the ethnic national

composition in all cultural, social and political aspects of the national identity and territorial integrity of the country. Education and training serves as an important foundation in the development of countries, encompassing various social, cultural, political and economic aspects, plays a special role in large and long-term planning of developed countries. It is also obvious that a language that is not a language of instruction will sooner or later be subject to extinction, or, at best, will remain weak and defeated. When a student is able to read and write in his native language, it is not necessary for him, thinking about the space and reality surrounding him, to leave his native language aside and reflect on the language he has learned in textbooks. The system of education and upbringing, as well as representatives of one or another school as representatives of a small social sample, can influence the growth and development of children. Thus, all curricula for which activities involving emotional aspects are envisaged are motivational.

Learning a native language is the first scientific study, after inheriting it from our parents, we pass it on to our children. Thus, in the first year of a child's life, we try to attract his attention and sensitivity to sound units, which in turn is the most important step in learning the native language. According to traditional grammar, students need to learn a certain amount of sentences and words, know in what situations they can be used, and only then use the rules of grammar and spelling to plan and express their thoughts.

However, given that the student does not speak a foreign language as his mother tongue, in practice he is unable to apply these fundamental laws, therefore, in order to express his thoughts, he is influenced by the laws and structures of his native language. The teacher as one of the main elements of the educational system plays an effective role in simplifying learning, thereby influencing the effectiveness of the educational process. Consequently, the success or failure of a particular curriculum depends on its skills and professional skills, and consequently, a decrease or increase in academic motivation, as well as its professional inability can significantly reduce the reliability and quality of the curriculum. In the past, teachers were assigned only one duty to educate people and stabilize their personality and self-determination at the level of this or that society; however, in the modern era, the main task of an educator is to educate a global citizen belonging to the international community.

In fact, the more a teacher possesses educational and scientific competence and the necessary professional skills in teaching, the more the opportunity to achieve the set goals appears. That is why today the focus in the education system is on the quality of teaching and teaching

professionalism. This in turn implies the need to form a new educational paradigm capable of replacing the traditional approach in education, the basic principles and approaches of which are continuous learning aimed at strengthening the professional skills of teachers. In this regard, an important role is played by vocational education and professional training of teachers, especially at the level of secondary stages of education.

The research results in this regard showed that many teachers do not possess the necessary professional skills, therefore, playing their important role as a teacher, they face some problems and their professional skills are at a very low level.

Interaction, being an important and necessary concept for both the teacher and the student, has attracted the attention of many in recent years. For people learning a foreign language (Russian, English, etc.), the audience and the lesson in it play a huge role in the learning process, as they are the environment in which the main part of the interaction takes place. Thus, the method and method of teaching teachers is potentially the most important and may be the only source of input for learning a foreign language. In the mid-1980s, a review was conducted of the teaching and learning methods of teachers, which was launched under the title "Impact Speeches and Foreign Dialogue".

Prior to this, most of the studies of the 80s focused mainly on the simple performance of teachers, but since 2000, the attention of researchers has focused on the experience of interaction between teachers and students as the basis for effective teaching, as well as questions asked by teachers in this regard. This study examined the various strategies used by teachers in the classroom, as well as the level of use of the mother tongue in the classroom.

The teacher is responsible for communication in the classroom, while applying a wide range of strategies that enhance the ability of students to learn. These strategies include teacher requirements for students, repetitions, creating a new construct, changing the tone and rhythm in communication, as well as using the native language. The question of learning a foreign language based on one's native language has always been the focus of attention of the SLA (mastering a second language). A number of studies indicate the need for a balance in the application of the native language in a foreign language class, taking into account the intellectual flexibility of the teacher and his professional and pedagogical culture. Language competence implies mastery of the language means of the native language.

Linguistic competence also refers to a system of structural rules and sets of words that a native speaker has at different stages of mastering a

native language. Teaching in the native language serves as a positive help in mastering other foreign languages. Since it not only does not create obstacles in the study of foreign languages, but also has the potential to positively affect their learning. The role and importance of the native language in kindergartens and primary schools. With the birth of a child, a number of parents prioritize the educational programs of their children for learning a foreign language. Having no relevant knowledge about the age at which the child should learn a second language, and whether there are any contraindications to learning a foreign language from an early age, they prepare an educational program for their child in advance. As a result, the child who has not learned to speak well in his native language, meets another. There are also parents, each of whom communicates with the child in a separate language. However, there are questions that have not lost their relevance to this day: From what age should a child learn a foreign language? How can learning a second language affect a child's abilities?

Finally, what are the advantages and disadvantages of learning a second language? Sometimes, ignorance of the language spoken in kindergarten or school causes the child to not express his thoughts and arguments in a language he does not know.

This leads to a number of contradictions in the child, as a result, in order to express his thoughts and opinions, he loses confidence in himself. According to Snowwa, when learning a language, the main problem is never the inability of a person to master a particular language, the problem lies in the views of others, and these changes in attitudes and beliefs can change a lot. The results of scientific studies have shown that a good command of one's mother tongue can simplify and facilitate the mastery of a second language. The education system should be based on bilateral relations, the main tool of which should be the language.

A healthy and dynamic relationship between teacher and student is a source of developing understanding and emancipation from the student's self-estrangement, which in turn is rooted in the knowledge of the mother tongue upon the arrival of the child at school.

ПРОФЕССОР Е.Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ
(«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы грамматикалық
қолданыстар)

Р.Курбанғазиева, магистрант
С.Байшев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе қ.

Профессор Е.Қ.Жұбанов тілдегі сөздердің әуелгі мағынасының көнеленуімен орайласа, олардың тұлғалық, яки морфологиялық бой-бітімі де сіріленіп, өзінің синтаксистік ортасынан оқшау, «шын сырымды ұға алсаң ғана ұғарсың» деген сынай танытып, мұз қаракөк қалыпқа түседі. Бірақ сонда да болса, құдіреті күшті өлең оның біреуін шетен, шашау шығармайды, іргесін бұзып кетілмейді. Сөйтіп, лингвистика саласында «окаменелости» деп аталатын лексикалық-грамматикалық құрт-кесектер пайда болады да, талай дәуірді кешіп өтіп, өлеңмен өріліп жүре береді. Қолданғы аясы тарылған сөздердің біразы күн озған сайын көмескіленіп, әрі мазмұн, әрі тұлға жөнінен шар тартса да, тіл ішінде, әсіресе, жыр ішінде сол мүжілген, көнерген қалпымен дәстүрлі дәнекер болып қызмет атқарады. Жоғарыдағы үзіндіге тағы бір көз тастайықшы. Осы өлеңнің жүйесін тұтастырып тұрған ең бірінші фактор - өлшем бірлігі болса, тармақ аралық тартылыс күші - аллитерациялық, ассонанстық үндестіктер, яғни, дыбыс қайталамасы, соны жасаушы буын, тұтас сөз қайталамасы. Қазіргі поэзиямызға тән өлең тармағының соңындағы жол мен жолды жымдастырып, тапжылтпай ұстап тұратын ұйқастың бұл үзіндіде кейбір сілемдері ғана бар, бірақ оның өзі де шешуші мәні жоқ, көмекшілік деңгейіндегі компоненттер. Профессор Е.Қ.Жұбанов шылау мәнді сана сөзінің қатысуымен жасалған «қайт сана», «өт сана», «бер сана», «іш сана», «ки сана», «шүй сана» түріндегі ырғақтар тобының сырттай ұқсастығы даусыз болғанымен, өлеңдік қасиетке ие болуы ұйқасушы тармақтардың санаға бітуімен ғана емес, ішкі ұйқас жасаушы негізгі егістіктерге де байланысты. Әйтсе де, сана тұлғасы ақындықтың ежелгі, шартты критерийі деп табылып, қосар ұйқас, редиф іспетті элемент ретінде халық поэзиясы құрамында жиі ұшырасады. Қазақ эпосының жыр өлшемді нұсқаларында *сана* өлең тармағын тұйықтап, ұйқас үшін тұрған тәрізді болса («Кел сана батыр, кел сана, Көзөгімді бер сана» т. б.), жазба әдебиетке жуығырақ деп танылатын, өлең өлшемді «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында *сана* тармақ ішінде, квантитатив мақсатында, буын санын толтырушы дәстүрлі деталь болып та жүре береді: Қашып сала бер *сана* күйеуменен Қарабайдың ауылын көрсет *сана*. Біржола атымды

суытайын. Ал енді жырдың басқа нұсқаларындағы осы мәндес армақтарда сана жоқ, ол лексикалық мағынасы толық сөздермен алмастырылған: Ауылға, алыс болса, жуықтайын, Күренді біржолата суытайын. Сілтей ғой туралап қана енекем-ау, Атымды біржола суытайын.

Профессор Е.Қ.Жұбанов тұлғалық жағынан басқа лексикалық - грамматикалық құрылымдардан оңшау тұратын, ал функциональды семантикасы, яғни атқаратын қызметі мен мағынасы жағынан осы сана тәрізді көмекшілік мәндегі *мыс*, *мыш*, *дүр*, *ғана* сөздері де халық поэзиясынан дәстүрлі колданыс тапқан тіл элементтеріне тоқталады. Етістікке жалғанатын *-мыс*, *-мыш* тұлғалары негізінен түркі тілінің оғыз тобына тән грамматикалық көрсеткіш болып табылады. Қыпшақ, тобындағы тілдерде бұл тұлға *тарамыс*, *жасамыс*, *қартамыш* сияқты сындық мағынаға ие болған бірен - саран есімшелер мен кейбір *Өтеміс*, *Төлеміс*, *Естеміс*, *Бектеміс* болып келетін антропонимдік атаулардың құрамында және стильдік мақсат үшін әдейі қолданылатын *айтылмыш*, *айтыпты* - *мыс* тәрізді сөз-саптауларда ұшырасады. Профессор Қ. Жұбанов оны сырттан келді деп қарамай, қазақ жұртын құраған тайпалардың бағзы біреуі үшін төл формант болған болар деп топшылайды. «Қазақ тілінің қазіргі морфологиясында *-міс* тұлғалы қосымшаның болмауына қарап біз Төлеміс секілді кісі аттарында келетін *-міс* қосымшасынан ада-күде бас тарта алмаймыз. Оңтүстік түркі тілдерінде *-міс* тұлғасында қолданылатын бұл жұрнақ қазақ тіліндегі *-ген* қосымшасының синонимі, яки өткен шақтық есімшенің көрсеткіші бола тұрып, қазақ тілінің ең болмағанда өткендегі бір қабаттарында ұшырасқан болуы ықтимал, - дейді автор бұл турасында. Профессор Е.Қ.Жұбанов бір мақаламызда осы *-мыс*, *-мыш* тұлғасының ауыз әдебиетіндегі қолданыс ерекшелігін сөз етеді. Атап айтқанда «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының бір нұсқасында ол *еміс*, *еміш* түрінде кездеседі. Егер бұл келтірілген шумақтағы *ғана* шылауын өзгертпей қолданса, оған жалғанған қосымшалар алдыңғы *мал*, *жар*, *қол* сөздеріне жалғанып: *малыңа ғана*, *жарыма ғана*, *қолыңа ғана* болып айтылар еді. Алайда ол поэзия талабына сай келмейді, ұйқас жүйесін бұзады. Ал халық поэзиясы үшін дәстүрлі жүйелер — шартты заңдылық тәрізді, олар шәк-күмансыз қабылданады. Сондықтан да тәуелдік, септік жалғаулары арқылы түрленген шылау сөз, тіпті, жыр ішінде басқа толық мағыналы сөздермен терезесі тең ұйқас құрай береді. Салыстырыңыз: Кесір құлдан құдайым жаскана ма? Жақын келші, Баянжан, қас қанама. Еңсем тусіп барады, алла-ау, менің Жастық койшы, аһ Баян, бас қанама!

Осындағы *қас қанама*, *бас қанама* тізбектерінің поэзиядағы атқаратын қызметтері алғашқы тармақтағы негізгі ойға арқау болып тұрған: «Құдай құлдан жасқана ма?» деген риторикалық сұрауды тиянақтаушы ұйқас тобына үйлесу, үндесу, сәйкесу. Олай болмаған жағдайда *қасыма ғана*, *басыма ғана* деп нолдануға да болар еді. Солай дей тұрғанмен де осы шумақтардағы *ғана* шылауына жүктеліп тұрған поэтикалық міндетті жоққа шығаруға болмайды. Шумақ ішінде силлаботоникалық ұйқас жасаушы ой екпіні осы шылауға түсіп тұр. Ал, оны стильдік мақсатпен, басқаша айтқанда, стилизация жолымен айрықша тұлғада беру арқылы поэзия тілінің құнары арта түсіп жырдың жалпы эмо- циялық жағы, демек, эстетикалық әсері күшейген. Бұны анығырақ байқау үшін мына мысалды алып қаралық:

- Мені көрер *көз ғана* осы ма? - деп,

Арқанын тартып тұрып пышақ шанышты.

Бұл жолдарда Баянның Қодарды алдап құдыққа түсіріп, одан өш алғаны сөз болады. Егер алдыңғы мысалдарда *ғана* ұйқас буындардың тобында келіп, өлең ішінде құрылымдық міндет атқарған болса, соңғы мысалда оған ондай міндет жүктелмеген. Әйтсе де ол тек буын санын толтыру үшін тұрған да сөз емес. Төл сөзді тармақ ішіндегі патетикалық екпін тап сол *ғана* шылауына түскендігі сонша, оны аналитикалық жолмен тәуелдемей беруге келмейді. Грамматика тұрғысынан осы тармақтың соңғы екі бунағын («көз ға- на», «осы ма? - деп») «көзің ғана», немесе «осының ғана» деп өзгертуге болар еді. Бірақ онда өлеңнің жіге- рі кайтып, поэзиялық қауқары кемиді. Ал қарапайым сөйлеу нормасынан ауытқушылықты поэзияға тән көтеріңкі стиль кешіріп қана қоймай, кейде, тіпті, заңдылыққа да айналдыратыны мәлім. Жыр ішіндегі осылайша - «заңдасқан» сөздердің бір заманда мағынасы да ұмыт болуы мүмкін. Бірақ ол дәстүр бойынша сол күйі айтыла береді. Біз шылау мәнді сөздердің поэзия тілінде өңі кіріп, кейде, тіпті, заттанып кететін реттерін де солайша түсінеміз. Халық поэзиясы тек шылау мәнді сөздер емес, тіпті, кейбір грамматикалық категориялардың өзіне өзгеше өң беріп, қолданылу барысын өзіндік бір ізге салып алады. Әрине, поэзия дәстүрі форманттарды қаншалық, ойнақшылтықпен де, белгілі заңдылықтан, тіл нормасынан шығып кете алмайтыны белгілі. Алайда халық эстетикасы сол заңдылықтардың тереңінде жатқан тосын мүмкіндіктерді табады, сөйтіп, қарапайым сөй- леу тіліне енгізбеген күнде де, оның шартты түрдегі, шағын аядағы қолданыс жүйесін қалыптастырады. Академик І. Кеңесбаев қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестердің кейбір ерекшеліктерін көрсете келіп «Обыр олжа үшін өледі, күншіл күндеумен бүледі» дейтін мақалдың

құрамындағы соңғы *бүледі* етістігін грамматикалық архаизм деп атайды. Яғни, ... *еді* болып біткен тұлға үшінші жақтың жіктік жалғауы қосылған көсемше. Осы тұлға қазіргі қазақ тілі-нің нормасына әбден сай келе тұра, «бұл» деген өлі морфемаға ерекше тәсілмен тіркелген. Әдетте етістік түбірлі «бұл» сөз ішінде етіс жұрнақтарының біріне жалғанып барып айтылады. Мысалы: бүлдіреді, бүлінеді т. б. Халық поэзиясы үшін етіс жұрнағының бірін түсіріп, не бірінің орнына екіншісін қойып айту көтеріңкі стильдің негізгі бір белгісі болып табылады. Сондай-ақ «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында да: Жиылысып сол араға бәрі келді, Құба-қалмақ сықылды іштен *бүлді*. Не өзгелік, не ырықсыз етіс жұрнақтарының бірі жалғанбай қолданылады. Осылайша «ем», «түс» түбірлі етістіктер де орайлы жерінде етіс жұрнағын түсіріп тастап, жалаң түбірге басқа қосымшаларды жалғай салады. Мәселен, біз атаған жырда бұның мынадай мысалдары бар: Айтайын айт дегейнен *емік ембе*, Бір жері сөйлегеннен кеміген бе. Бұндағы *емік* өзгелік етіс жұрнағын қосып айтқанда емізік болуы тиіс. Оның қазіргі тіліміздегі лексикалану нормасы осылай. Сол сияқты, *түсін* етістігінің негізгі түбірі *түс* болғанымен, етістік ретінде де сол етіс формалы күйінде қолданылатыны молім. Жырда ол жалаң түбір күйінде, етіс формасына ауыспай-ақ басқа қосымшалармен түрлене береді: *Түспеген* айтса сөзге, ойбай, тәңрі-ай, Басымды осы аңқауға қайдан қосты. Қазіргі тіліміз тұрғысынан бұл етістік етіс формасына ауысып *түсінбеген*. болып айтылуы тиіс еді. Тек халық дастаны емес, поэзияның ертедегі аты мәлім өкілдері де осы дәстүрді ұстанған. Мысалы, Бұқар жырау айтыпты деген өлеңдердің ішінде мынадай шумақ бар.

Айтқан сөзге *түспеген* Жаман емей немене? Сұрағанды бермеген Сараң емей немене? Етіс жұрнақтарын мүлдем түсіріп тастамай, олардың орнын ауыстырып қолдануда да әр алуан сыр болады. Салыстырыңыз:

Қодар зиян Баянға *түдіріпті*, Көңілін бермей Қодарды *күйдіріпті*. Аздап қана Қодардың көңілін аулап, Шүберектің сыртынан *сүйдіріпті*. Осы шумақтың алғашқы жолы тигізіпті болып бітсе, тіліміздің айтылу нормасына сай келер еді. Бірақол жағдайда екінші жолдағы күйдіріпті етістігімен ұйқасы әлсірейді. Осының керісінше: Мен елімде көріп ем Не сықылды әр қызды. Бәрінен де көңлімді Жалғыз Баян қалғызды, — деген шумақтағы соңғы жол қалдырды болып аяқталса, грамматикалық қатынас дұрыс болар еді. Алайда онда әр *ғыз - ды* деген бунаққа ұйқаспайды.

Түп негізінде осындай практикалық қажеттілік жатса да, халықтың сөз өнері сол ауытқуларды «буынсыз жерге пышақ салмай»,

ретімен қолданады, тұтас түбірді бөлшектемейді, қосымшаларды саралайды, тілді зорламайды. Зорлау былай тұрсын, практикалық қажеттілік эстетикалық қатынасқа айналады. Профессор Е.Қ.Жұбанов «біреу» шылау сөздің халық поэзиясындағы қолданысы мен кейбір етіс жұрнақтарының өлең - сөздегі эстетикалық қызметін ғана шолып отырмыз. Бұндағы әңгіме болған ерекшеліктердің бәрі халық талғамынан өтіп, өнердің ежелгі қағидаларына айналған тіл құбылыстары. Алайда жалпы халықтық тілдің үлкен арнасы поэзия болса, оның стильдік заңдары мен тілдік-эстетикалық табиғатын тану үшін лингвистикалық поэтика тұрғысынан әлі де терең зерттеулер жүргізуіміз қажет.

RESEARCH OF STUDENTS RELATIONS AT THE UNIVERSITY

G.Kurkbasova, undergraduate

A.Tasimova, Candidate of Pedagogical Sciences, Professor

K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe

Student age is a special period of human life, transitional from youth to maturity. Youth ("student") age, adolescence-is the beginning of an independent, adult life

At a young age are the following ages: 16-17 years old – early youth, 17-20 years – in fact the youth of 20-21 year – late adolescence. These age periods have their own specifics, but, at the same time, have many common characteristics.

A number of other researchers have accumulated considerable empirical and theoretical material that allows us to say that the interpersonal relations of students are conditioned, firstly, by the age characteristics of this social group, and secondly, by the characteristics of its inherent activity. Professional training at the University is based on the involvement of the future specialist in such activities as educational, research and social activities [1; 43].

Educational activity is the main activity of the student, which takes the greatest amount of time in the whole process of training future specialists.

Research activities are carried out in the process of participation in the work of various scientific communities and associations. Social work can significantly enrich the social experience of students in the construction of interpersonal interactions, to form their positive personality traits.

During the period of study at the University, students also manifest themselves in aesthetic and leisure activities, which in case of their positive

orientation have a positive impact on the personal and professional development of young people, can significantly enrich the content of their interpersonal interaction.

This concept is applied in various fields of human activity, where there is a process of information circulation.

The encyclopaedic dictionary defines communication in this way:

1) methods of communication, transport, communications, utilities.

2) communication-the transfer of information from person to person in the process of activity [2].

Russian dictionary also gives a definition of communication:

1) the way of communication, the connection of one place with another.

2) communication, message [3]

More fully defined the concept of "communication" in the "Philosophical encyclopedic dictionary": Communication (lat.-communication, message) - the processes of social interaction, taken in their iconic aspect [4].

A brief psychological dictionary treats communication as a complex multi-faceted process of establishing and developing contacts between people generated by the needs of joint activities, including the exchange of information, the development of a unified strategy of interaction, perception and understanding of the other person.

Sometimes activities and communication are not considered as parallel to the existing interrelated processes, but as two sides of the social life of a person, his way of life. In other cases, communication is understood as a certain aspect of activity: it is included in any activity, there is its element, while the activity itself can be considered as a condition of communication. Finally, communication can be interpreted as a special activity.

Communication is characterized as a communicative activity: Andreeva G.M, Leontiev A.A, Lisina M.A and many other researchers. In their opinion, the aspects of communication are: communicative, including the exchange of information; interactive, providing for the organization of interaction; perceptive, reflecting the processes of perception and formation of the image of another person and the establishment of interaction.

Communication in the process of communication provides that the student and the student in the course of joint activities share different ideas, ideas, feelings, moods and information is not just transmitted, but is formed, specified develops.

Based on different approaches to the definition of communication and based on its functions, we identify those components of communication that

are necessary for us to define the concept of " communication " student-future teacher:

- 1) spiritual and moral values, ideals, norms;
- 2) knowledge, skills, professional activities, which includes communication activities;
- 3) personal qualities, abilities and attitudes of man to nature, to himself and to another [5] .

All three aspects of communication are reflected in training, professional activity and professional development.

We will characterize each aspect of communication in relation to work to the future pedagogical activity of students.

Student group-psychological center of formation of the expert. It is here that moral qualities, attitude to learning are formed, adaptation to future professional activity takes place. But for this it is necessary that the student group became a team, a team where everyone is ready to help a friend, where there is an atmosphere of scientific research. The main features that are inherent in the student group are: social prestige, active interaction with different social formations and the search for the meaning of life, the desire for new ideas and progressive transformations. The study of interpersonal relationships helps to improve the quality of training and efficiency of the education system as a whole [6].

According to Petrovsky A.A, interpersonal relationships are "subjectively experienced relationships between people, objectively manifested in the nature and ways of mutual influences exerted by people in the process of joint activity and communication; it is a system of attitudes, orientations, expectations, stereotypes through which people perceive and evaluate each other" [5]

In the first place in the relationship of students are companionship. The atmosphere of such relations is based on the " code of partnership", which includes respect for the personal dignity of the other person, equality, loyalty, honesty, decency, readiness to help. Especially in student groups are condemned selfishness, greed, violation of the word, treason, conceit, desire to command, unwillingness to reckon with the opinions of comrades. At the heart of interpersonal relationships are certain feelings of people, their attitude to themselves and to another person. While studying at an educational institution, a young person chooses a profession, acquires it and begins to test himself in other spheres of life, independently plans his activities and behavior, actively defends the independence of judgments and actions.

In groups of students, a leadership attitude is usually established. Personal attention from the leader is especially valuable for a

student who is not in the center of peer attention. Personal friendship with the leader, he always cares especially at any price tends to win. Similarity in interests and Affairs is the most important factor of friendly rapprochement of students. Sometimes sympathy for a friend, the desire to be friends with him are the reasons for the emergence of interest in the case, which is engaged in a friend. As a result, the student may have new cognitive interests. Comrade becomes a role model for the student, he has a desire to become the same, to acquire the same personal qualities, knowledge, skills.

In General, the whole system of relationships in early youth becomes more complex than it was in adolescence.

E. Erikson in his epigenetic theory highlights the crisis of adolescence as one of the most important in the development of personality.

This period is characterized as a period of "role moratorium", a period in which a person has a sense of their uniqueness, individuality, dissimilarity with others, or, conversely, there is a diffuse, vague "I", role and personal uncertainty. E. Erikson analyzes the mechanism of formation of social maturity of self-consciousness and argues that only identity can create a psychosocial balance of personality [6].

The intense need for communication turns in many children into an invincible herd feeling: they can not only spend a day, but also an hour out of their own, and if they do not have their own – any company.

When the external contours of social behavior are similar, the underlying motives behind the need for communication are individual and diverse.

One is looking for in the society of peers reinforcements of self-esteem, recognition of their human values. Another important feeling of emotional involvement, unity with the group. The third draws on the missing information and communication skills. The fourth satisfies the need to dominate, to command others. For the most part these motives are intertwined and are not realized [1].

Most of the difficulties in communication among young men associated with violations in the passage of their normative crisis and the formation of ego-identity. Thus, if the result of the crisis is the formation of a young man's weak identity, he will resort to self-isolation and formalization of relationships with peers, or perhaps will enter into a large number of superficial contacts that do not bring him satisfaction, do not give a sense of intimacy.

Very often difficulties in communication appear in young men with uncertain identity. In this case, a young man dissatisfied with himself as a whole, maybe their appearance, feel their difference from their peers. Others seem to him more confident, attractive, full. It is interesting that the

young man sometimes tries to compensate his feeling of inferiority through conflicts with other people in an atmosphere of security to prove his worth. With peers, an insecure young man can manifest himself in two ways.

The first is a demonstration of shy behavior. Outwardly, such students do not show their feelings, they live in their inner world. They may seem absolutely calm to others, but their souls can be filled with the strongest emotions and unsatisfied desires. As a rule, they have a high tendency to introspection and therefore constantly compares themselves with others, feeling that they do not meet the desired standard. The peculiarity of these guys – a tendency to self-destruction.

Second is the excessive desire for leadership, which in this case has a protective nature, through the leadership of young men trying to prove to others, but primarily themselves, their own competence, usefulness, power [6]

Student age, which are members of the group-it's time to achieve rapid accumulation of knowledge, skills, formation of morality, finding a new social position. At the same time, adolescence is characterized by the loss of children's worldview and it is time to doubt their own abilities, capabilities, the assertion of their own "I" in society, and relationships with the environment.

Әдебиеттер:

1. Бoryткo Н. М. В пространстве воспитательной деятельности: монография. – Волгоград: Перемена, 2001. – 181 с.
2. Большой энциклопедический словарь.- 2-е изд., перераб. и доп.-М.: Большая Российская энциклопедия; СПб.: Норинт, 1997.-1456.
3. Ожегов С. И.; Шведова Н. Ю.: Толковый словарь русского языка. – издание 4-е, доп.– М.: ИТИ Технологии, 2006. – с 944 с.
4. Аверенцев С.С. Философский энциклопедический словарь.2-е изд.- М: Советская энциклопедия.1989.
5. Данилова Е. Л. Особенности межличностных отношений в студенческой группе / Е. Л. Данилова // Актуальные вопросы современной психологии: материалы II междунар. науч. конф. (г. Челябинск, февраль 2013 г.). Челябинск: Два комсомольца, 2013. – С. 70–72.
6. Ковалев А. Г. Коллектив и социально-психологические проблемы руководства. – М., Просвещение, 2001. – с. 152

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.Магзымова, Г.Сарыбаева, мұғалімдер
№40 орта мектеп, Ақтөбе қ.

Бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке , дарынды тұлға қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, әдебиеті, мәдениеті, өнері шыққан түп-тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттың байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстамдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілеті, талантын ашу, өзіне өзінің сенімін нығайтып, өзіне өзінің жол ашуына түрткі жасау – міне, бүгінгі білім беру пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «мәнін» ашу, сол мәнді шығармашылық тұлғаға жетелеу.

Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Бұл жерде ұлы, дана Абайдың сөзі еріксіз ойыңа оралады. «Өзіңе сен, өзінді сүйреп шығар».

Дамыта оқыту сабақтарында жаңа материалды игеруге көп көңіл бөлінеді. Өйткені, талданбаған шығарма бала жүрегіне жетпейді. Талдау – бірлескен ізденіс. Ізденіс барысында мұғалім әр баланың көңіл-күйін бақылауға, ой-пікірін байқауға мүмкіндік алады. Интеллект деңгейін анықтай алады. Әсіресе оқу сабақтарындағы материалды талдау арқылы шығарманың айтар ойы, идеясы бала жүрегіне жетіп, талдау арқылы ар, ұят, қайырымдылық, әдептілік т.б. сияқты тамаша адамгершілік бала бойына жұғысты болады [1, 65].

Бұл жүйедегі баланы ойлауға үйрететін тәсілдердің бірі – салыстыру әдісі. Философияда «салыстыру объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтау. Қорытудың алғы шарты» - делінген. Айналаны тануда салыстырудың мәні зор. Бұл туралы К.Д.Ушинский: «Салыстыру ойланудың және қабылдаудың негізі» - деген.

Мұғалім салыстыру әдісімен сабақ жүргізе отырып, оқу материалын оңай, көрнекі етіп ұсынуға мүмкіндік алады. Баланың қиялын дамытады. Салыстыра отырып, оқушы заттар мен объектілердің байқалмай, көрінбей қалатын белгілерін анықтауға үйренеді.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесін дамытпалы оқу технологиясына ыңғайлау қажеттілігі туды. Сол себепті оқытуда мұғалім де, оқушы да субъект ретінде алынуы қажет. Мұғалім мен оқушының бірлесе әрекет

жасауы – Ж.А.Қараев технологиясының түп мақсаты. Қазақ тілін оқытуда бұл технологияның басты тиімділігі:

-Оқушыны үнемі әрекетке қосады;

-Үш кезең арқылы өздігінен үзіліссіз білім алуға ынталандырады;

-Тілдік категориялардың лексика-грамматикалық құрылымын игертіп, ауызша, жазбаша тілде қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді;

-Оқушы әрі талдай, әрі салыстыра отырып, негізгі бөлімді өздігінен меңгеруге әрекеттенеді [2, 47].

Әртүрлі оқыту әдістерін сабақта тиімді пайдалану – білім сапасын арттыру жолының бірі. Бұл сабақтардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Бастауышта оқытатын кез келген пәннің мазмұнына сәйкес шығармашылыққа интеллектіні дамытуға берілген тапсырмаларды тиімді қолдану – бүгінгі мектеп бағдарламасының да өзекті мәселелерінің бірі. Тек қандай тапсырманы сабақтың қай сәтінде енгізу керек екенін мұғалім өзі шешеді.

Мұндай сабақтар балалар үшін өте қызықты сабақтардың біріне айналады. Алған заттарды салыстыру, ұқсатығын, айырмашылығын анықтау сияқты қарапайым тапсырмалардан басталған жаттығулар бірте-бірте баланың тез ойлап, шұғыл шешім қабылдауын талап ететін, оны жан-жақты дамытуға әсер ететін тапсырмалар түріне ауыса бастайды. Әсіресе, дамытушылық мақсаты «жасырын» тұрған, бір қарағанда өте қызықты көрінетін дидактикалық ойындар жоғары эмоциялық жағдайда өтеді. Солардың бірі – «Ол не?» ойыны.

Ойынның шарты мынадай:

Оқушылар үйлерінен өздеріне ұнайтын бір заттарын, ойыншықтарын алып келеді. Бірақ оны ешкімге көрсетпеуі керек. Сабақта сол әкелген затына ауызша сипаттама береді. Қалған оқушылар айтылған белгілеріне қарап әңгіме не туралы екенін анықтаулары керек.

Мысалы: «Менің затым дөңгелек. Ол секіреді. Бір түсті, әр түстісі де болады. Үлкен және кішкентай болады. Резеңкеден жасалады. Балалар өзін өте жақсы көреді.»

Шешімі: доп.

Бұл ойынды әртүрлі вариантта, ұжым боп та, топпен де жүргізуге болады. Ең негізгісі баланы дұрыс меңзей отырып, сипаттама бере білуге үйрету.

Мұнан басқа балаларды қиялдауға арналған ойын түрлері де бар. Соның бірі «Тапқыштар» ойыны. Ойынның негізгі идеясы қарапайым заттарды әдеттен тыс жағдайда пайдалана білу.

Балалар, болжамдау бойынша 2019 жылдан бастап біз қалдықсыз өмір сүретін боламыз. Осыған өзімізді қазірден бастап дайындауысыз керек. Ол үшін мына тапсырмаларды шешіп көрейік.

Тапсырма: -ішіндегі желімі біткен ыдысты тастай салмай, тағы қалай пайдалануға болады?

Жауаптар: - су ішетін ыдыс; су құйғыш ыдыс; қарандаш салатын ыдыс.

Тапсырма: -Енді 10 жылдан соң тақта қандай болады деп ойлайсыңдар?

Жауаптар: -тұратын аяғы болады, оны биіктеп және аласа етіп отыруға болады; шетінде су бүркетін приборы болады, сол арқылы еш қиындықсыз тазартуға болады; тақта орнында компьютер тұратын болады.

Бұл сияқты ойын-тапсырмалар оқушыларды еркін қимылдауға, шығармашылықпен кедергі келтіретін психологиялық селқостықты жоюға ықпал етеді.

Дамыта оқытудың жүйесінде мұғалім мен оқушы арасында қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар ынтымақтастық, өзара сыйластық сияқты қасиеттер. Бала өз ойын қорықпай, сеніммен айта алатындай ахуал болуы басты назарда ұсталынады. Ол үшін оның әрбір жауабы мұқият тыңдалып, дұрысы мақталып, қатесі еппен түзетіліп отырады.

Дамыта оқыту арнайы педагогикалық технологияларды қажет етеді. Ол технологияларға балаға қоршаған ортамен еркін қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі беріледі. Қарым-қатынастар: жоспарлау, ұйымдастыру, мақсаттарды жүзеге асыру, іс-әрекетті талдау кезеңдерінен тұрады. Әр кезең бала тұлғасының дамуына өз үлесін қосады.

Әдебиеттер

1.Науатова О. Жаңа технология әдістерін білім беру жүйесінде ғылыми тұрғыда пайдаланып, дамыта оқыту. // Мектеп журналы №5 2006

2.Оразханова Д. Дамыта оқыту технологиялары. // Бастауыш білім журналы. 2003. №6

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИИ В ИЗУЧЕНИИ ЯЗЫКОВ

**Сауле Накешева, преподаватель
Актюбинский региональный государственный университет
им. К. Жубанова, г.Актобе**

Глобальные изменения во всех уровнях технологии и общества требуют новых подходов в образовании. Телекоммуникационные технологии, обладая потенциалом глобальной интерактивности, обучения в совместной деятельности и неограниченной возможности продолжения обучения в течение всей жизни, являются частью новой структуры образования. Такая структура образования придаёт большое значение международному сотрудничеству, открывает новые возможности работы, обучения и разрешения всевозможных проблем.

Различные формы обучения с использованием технологий будут все больше заполнять образовательные экосистемы благодаря экспоненциальному развитию цифровых технологий. Сами по себе «образовательные технологии» (education technologies, EdTech) – это далеко не феномен эпохи цифровизации: начиная с древнегреческих и древнеримских учебников, и до воинских «симуляторов», используемых для тренировки средневековых рыцарей и шаолиньских монахов, образовательные технологии существуют уже тысячи лет. И несмотря на многочисленные достаточно радикальные инновации в области образовательных технологий, которые возникали на протяжении XX века, смена индустриальной модели образования так еще не произошла. Тем не менее, начавшееся в последние годы ускорение распространения ИКТ, новая волна развития искусственного интеллекта и Интернета добавляют оптимистичных надежд, что «на этот раз все будет иначе». [1]

Современная молодежь очень отзывчива к переменам, все время осваивает что-то новое, ищет и находит оптимальные решения задач. Им не интересно приходить к восьми утра, чтобы послушать лекцию, которую они с тем же успехом посмотрели бы на YouTube в удобное время с компьютера или телефона.

Студенты стремятся потреблять знания в удобном для себя формате. С этим ни в коем случае не нужно бороться, а напротив, стоит использовать по максимуму. Наше классическое образование тяготеет к старомодным порядкам и не спешит эволюционировать вслед за своими слушателями. Но студенты понемногу меняют учебные подходы, сами того не зная. [2]

Видеоконференции, учебные пособия, огромное количество полезного общения и материалов позволяют сделать современное образование особенным.

Жизнь сейчас очень сильно ускорила свой темп, именно поэтому стоит обратить внимание на то, чтобы и образование укладывалось в минимальные сроки и с минимальными усилиями, однако качество и объем знаний должны только лишь увеличиваться.

Различные типы цифровых образовательных решений уже существуют в качестве нишевых продуктов (или прототипов) и, вероятно, будут все больше распространяться по мере роста запросов со стороны «самоуправляемых» учащихся. Электронные учебники станут превращаться в гипертекст и становиться все более интерактивными / интегрированными в различные пользовательские сценарии. Мобильные устройства со встроенной персонализированной функциональностью искусственного интеллекта (примером которой является персональный помощник Siri в iPhone) смогут играть роль персональных тьюторов либо, как минимум, трекеров продвижения в персональном учебном процессе (судя по текущему уровню развития и существующим прототипам, дешевая и доступная технология «персональных автоматизированных наставников» будет доступна в течение ближайшего десятилетия). Симуляторы, игровые приложения в дополненной реальности, а так же образовательные сценарии, встроенные в игровые «вселенные» (напр. MineCraft, SecondLife и др.), позволят сделать обучение более увлекательным за счет игрофикации и обеспечат целостное развитие компетенций (в т.ч. когнитивных, социальных и физических навыков).[3]

Конечно же, огромную пользу мы можем получить от информационных технологий при изучении языков. Существует огромное количество разработок в сфере образовательных технологий. В AppStore и Playmarket доступны всевозможные обучающие мобильные приложения.

Многие начинают учить иностранные языки по песням. Авторы приложения Luriko надеются сделать этот процесс еще интересней и эффективней. В приложении можно не просто слушать песни и читать тексты, но также выполнять связанные с этим упражнения. Например, соединять картинки и слова, заполнять пробелы в тексте или находить ошибки. Таким образом можно пополнить словарный запас, развить навыки слушания и произношения. Luriko поддерживает три языка: английский, испанский и японский. Песен пока немного, но создатели планируют пополнять библиотеку. Конечно, только с помощью

приложения язык так не выучишь, но оно может стать хорошим дополнением к языковому курсу.

Приложение ChatAll для изучения языков встроено в мессенджер. Сообщения, которые вы пишете своим друзьям, автоматически переводятся на любой язык по вашему выбору (то же происходит и с репликами ваших собеседников). Авторы проекта считают, что такой подход позволяет учить языки в течение всего дня. Приложение работает с целой сотней иностранных языков: от исландского до эсперанто. Правда, вести переписку можно только при установленном ChatAll.

Приложение Drops предлагает компактные уроки японского, арабского, иврита и других языков. Сервис позволяет изучать до 14 языков, занимаясь по пять минут в день. Уроки основаны на картинках и скорее напоминают игру: нужно не печатать, а просто выбирать правильные ответы. Правда, осваивать с помощью Drops можно только новые слова, но не грамматику.

Грамматика – то, что нередко приводит студентов в ужас, и при этом является основой любого языка. К счастью, в интернете доступны горы материалов, которые помогают ее освоить. Подборкой проверенных ресурсов по итальянскому делится Екатерина Зубкова, преподаватель и основатель сайта о языках [Lingua Learning](#).

The Earshot App – программа, позволяющая учителям проанализировать свою работу. Учитель записывает урок на диктофон, и программа анализирует полученную аудиозапись. Она показывает учителю, сколько времени он рассказывает материал, сколько тратит на то, чтобы задать детям вопросы и как долго ждет их ответов. Earshot расшифровывает вопросы, озвученные во время урока, выделяет открытые и закрытые формы вопроса и показывает статистику, какие звучат чаще. Цель создателей – дать учителям возможность получать обратную связь о методических подходах, которые они используют на занятиях. Эми Сатин Спинелли, основатель и исполнительный директор [The Earshot App](#), говорит, что Earshot поможет учителям проанализировать свое поведение во время уроков, переосмыслить свою роль в общении с учениками и взять под контроль собственное обучение новым методикам преподавания.

Но изучение любого языка – не просто заучивание правил грамматики и незнакомых слов. Теория без практики бесполезна. Обязательно нужно общаться на иностранном языке и лучше именно с носителями. На этих сайтах можно быстро найти единомышленников из разных частей света:

PenPal World

Всё, что нужно – пройти быструю регистрацию и внести краткую информацию о себе. Предложенный фильтр поможет вам быстро найти друзей, близких вам не только по духу, но и по возрасту или хобби.

Минусы: бесплатная подписка ограничивает время на общение. Плюсы: после обмена контактами вы сможете переписываться в мобильных мессенджерах или разговаривать в Skype.

Letter Writers Alliance

Настоящий динозавр в мире переписки. Платное членство стоимостью в несколько долларов позволит безлимитно вести переписку с найденными друзьями. Причём, настоящую: с бумажными письмами и открытками, штампами и марками. Подходит для всех, кто любит заглядывать в почтовый ящик.

Shared Talk

Для тех, кто предпочитает живое общение. Здесь собрались те, кому нравится учить иностранные языки. Собеседники со всего мира готовы осваивать аспекты межконтинентального общения: как письменного (в удобных чатах), так и устного (голосовые сообщения).

Learning Russian with Russians (Google)

Язык по обмену. Здесь русскоязычные пользователи смогут помочь тем, кто изучает великий и могучий, при этом развивая навыки общения на иностранном.

Клуб друзей по переписке «Эдельвейс»

Создан специально для языковой пары русский/английский. Здесь пользователи смогут пообщаться, поделиться опытом, прояснить вопросы, которые у них появляются по мере знакомства с языком и почувствовать себя своим в компании единомышленников.[4]

Хотелось бы отметить также ресурсы, которые были бы полезны в изучении казахского языка. Ведь сейчас очень много желающих выучить государственный язык. Следующие ресурсы дают возможность не только усовершенствовать свои знания, но и выучить язык «с нуля». Каждый из них содержит огромное количество информации, которая пригодится и школьнику, и студенту, и успешному бизнесмену.

Онлайн-курс казахского языка Soyle.kz

Бесплатный онлайн-ресурс Soyle.kz поможет овладеть разговорным казахским языком даже тем людям, рабочий день которых расписан по минутам. Здесь вы найдете 24 урока, которые доступны для изучения 24 часа в сутки, множество обучающих аудио-

и видеозаписей, словарь, справочник по грамматике, сборник упражнений и прочие полезные материалы.

Курс базируется на элементах традиционной методики изучения языков и новых технологиях, что, по словам авторов проекта, очень облегчает учебный процесс. Чтобы изучать казахский язык с помощью Soyle.kz, не обязательно находиться за компьютером. Мобильный гаджет, интернет и несколько минут свободного времени – вот и все, что понадобится вам для успешного обучения.

Сайт «Казахский язык. Грамматика. Просто о сложном»

Сайт с длинным названием «Казахский язык. Грамматика. Просто о сложном» – это детище программиста, преподавателя, поэтессы и астролога Валяевой Татьяны Владимировны. Она самостоятельно изучила казахский язык, чтобы помогать своим детям с уроками. Татьяна Владимировна разработала огромное количество таблиц и уроков, которые позволяют без проблем запомнить суффиксы глаголов, окончания существительных и прочие сложные вещи.

Uchim.kz

Сегодня игра считается одним из самых эффективных методов обучения, ведь, развлекаясь, человек усваивает гораздо больше, чем на скучных уроках. Наверное, именно поэтому создатели Uchim.kz предлагают изучать казахский в игровой форме. Овладеть языком в совершенстве с Uchim.kz вряд ли получится, но для того, чтобы освежить свои знания и пополнить словарный запас, этот ресурс точно подходит.

Видеоуроки by Maksat Imangazi

Do you speak English? Тогда обязательно загляните на видеоканал Maksat Imangazi. Этот парень успешно обучает казахскому иностранцев. Его лекции позволят тебе «прокачать» оба языка в один подход. Отличное предложение для тех, кто по-настоящему ценит свое время!

Kazakhstan.kz

Название этого сайта подсказывает, что он предназначен для проверки знаний. На Kazakhstan.kz можно бесплатно пройти тестирование по казахскому языку и определить, к каким темам следует вернуться еще раз. [5]

Отдельно стоит поговорить о том, что новые информационные технологии в образовании позволили появиться совершенно новым проектам:

1) Самообучение. Сейчас практически любую область можно освоить самостоятельно благодаря огромному количеству открытой информации. Причем для этого не нужно ходить в архивы и

библиотеки, достаточно просто иметь персональный компьютер с выходом в интернет.

2) Дистанционное обучение. Высшее образование, безусловно, очень важно, однако есть люди, которые живут слишком далеко от институтов, или же у них нет достаточно времени. Дистанционно выполнять задания, проекты и сдавать сессии – это отличная возможность заменить классическую форму образования.

3) Связь с учителем. Это касается репетиторов, которые теперь могут преподавать по скайпу, а также возможности изучить с ними языки или же получить новую профессию, которая не слишком сложная.

Осваивая новые технологии, мы не только совершенствуемся сами, но и даем студентам мощный стимул для усвоения знаний в удобной для них форме. Мы стоим перед историческим поворотом. Пока еще система образования цепляется за прошлое, но внутри этой машины копится критическая масса неизбежных трансформаций. Несмотря на экономический кризис, нехватку кадров и другие проблемы, ситуация понемногу меняется. Образование не может стоять на месте, оно неизбежно будет развиваться, как и все живое на свете.

Литература

1. https://futuref.org/educationfutures_ru

2. <http://www.edutainme.ru/post/kak-podruzhitsya-so-studentami/>

3. Образование для сложного общества. Доклад Global Education Futures Авторы: Павел Лукша, Джошуа Кубиста, Александр Ласло, Мила Попович, Иван Ниненко, а также участники сессий Global Education Futures в 2014-2017 гг. Перевод с английского: Agency for International Cooperation Под редакцией Павла Лукши, Павла Рабиновича, Александра Асмолова

4. <https://advance-club.ru/articles/>

5. http://perevod.nur.kz/articles/2_top-6-polieznykh-riesursov-dlia-izucheniia-kazakhskogho-iazyka.html

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНДИВИДУАЛЬНОЙ РОТАЦИОННОЙ МОДЕЛИ НА ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА КАК ИНОСТРАННОГО

**Татьяна Садретдинова, магистр гуманитарных наук,
преподаватель
Актюбинский региональный государственный университет
им.К.Жубанова, г.Актобе**

В связи с глобализацией общества все более важное значение приобретает язык как средство и орудие организации согласованных действий в различных сферах жизни, как необходимое условие развития общества. Высокая культура речи становится всё более неотъемлемым признаком полноценного человеческого общения. Поэтому для эффективного обучения языку в образовательном процессе начинают применять элементы, которые затем сложатся в концепцию, которая только на рубеже веков будет обозначена термином «смешанное обучение».

Смешанное обучение – это образовательная модель, основанная на использовании в традиционной методике возможностей интернет ресурсов и электронных средств обучения с учетом уровня ИКТ-компетентности и индивидуальных особенностей обучающихся. Такое обучение мотивирует студентов к обучению, способствуя повышению успеваемости и уровня освоения и запоминания материала. Выделены различные модели смешанного обучения: Face-to-face, Rotation model, Flex model, Online lab model, Self-band model, Online driver model [1, 22].

Особый интерес при смешанном обучении говорению на занятиях русского языка как иностранного представляет вид ротационной модели – индивидуальная ротация. При использовании предложенной подмодели на занятиях русского языка как иностранного необходимо составить для учащегося индивидуальное расписание. Такой метод работы предполагает обучение учащихся, пропустивших занятия по болезни; при подготовке к олимпиаде. В основе занятий по данной модели – чередование видов учебной деятельности. При этом этапы работы можно представить следующим образом: 1 занятие – аудиторная работа с преподавателем; 2 занятие – работа с материалами интернета; 3 занятие – самостоятельная работа учащегося [2, 48].

Модель «индивидуальная ротация» может стать основой обучения говорению на уроках русского языка как иностранного по теме

«Казахские национальные традиции». Занятие проводится по индивидуальному расписанию для одного учащегося.

Алгоритм построения занятия по такому принципу можно представить следующим образом:

1 занятие – работа с видеоматериалами из интернета по теме «Казахские национальные традиции – ашамайга мингизу»:

- просмотр видео по ссылке, предложенной преподавателем;
- работа над анализом фрагмента видео;
- подведение итогов занятия.

2 занятие – самостоятельная работа по теме «Казахские национальные традиции – алтыбакан»:

- ознакомление с новой темой;
- выполнение заданий по картинке;
- подведение итогов занятия.

3 занятие – аудиторная работа с преподавателем:

- проверка знаний по пройденным темам;
- подведение итогов занятия.

1 занятие – работа с видеоматериалами из интернета по теме «Казахские национальные традиции – ашамайга мингизу».

1 Просмотр видео по ссылке, предложенной преподавателем.

Учащемуся на первом занятии по теме «Казахские национальные традиции – «ашамайга мингизу» предлагается посмотреть видео по ссылке <https://www.youtube.com/watch?v=5UdUFbYKekc&app=desktop>. Предложенное видео посвящено казахской национальной традиции «ашамайга мингизу». Для того, чтобы снять лексические трудности при просмотре видеофрагмента, преподавателем предлагается словарь новых слов и словосочетаний: **джигит** – молодой парень; **камча** – палка с завязанной на конце верёвкой; **укрощение коня** – сделать коня послушным; **благословлять** – говорить хорошие пожелания; **шашу** – осыпание конфетами; **байга** – состязание на лошадях; **той** – празднование.

После просмотра видео, учащийся записывает новые слова, выражения в тетрадь и должен запомнить их.

2 Работа над анализом видео.

Используя информацию из видео, ответьте на следующие вопросы:

- Для кого проводится обряд «ашамайга мингизу»?
- В чём заключается суть обряда?
- В каком возрасте для ребёнка проводят обряд?
- При проведении обряда что делает бабушка мальчика?
- Как ведёт себя бабушка?

–Чем заканчивается обряд?

Определите ключевые слова проведения обряда, по которым можно было бы воспроизвести рассказ об «ашамайга мингизу»(*мальчик, конь, седло, камча, шашу, байга, той*).

Используя ключевые слова и ответы на вопросы, опишите обряд.

3 Подведение итогов занятия.

2 занятие – самостоятельная работа по теме «Казахские национальные традиции – алтыбакан»

1 Ознакомление с новой темой

Учащемуся предлагается картинка с описанием казахской национальной традиции – «алтыбакан». На картинке представлен текст-описание традиции, а также наглядно показано, как выглядят качели алтыбакан. Для того, чтобы у учащегося выполнение заданий не вызвало затруднений, картинка сопровождается глоссарием незнакомых слов: **озорной** – *склонный к баловству*; **подбадривать** – *придавать уверенность*; **жердь** – *длинная палка*; **перекладина** – *палка, соединяющая две основные жерди*; **треножник** – *три соединенные палки*.

2 Выполнение заданий по картинке

После прочтения текста и ознакомления с рисунком, учащемуся предлагается выполнить следующие занятия:

Раскройте скобки в приведённых предложениях, употребляя, где это нужно, слова в правильной форме.

1Для установки алтыбакан необходимо шесть (жердь).

2На (алтыбакан) катаются поочерёдно (пара).

3Молодёжь поёт (песня), подбадривают друг друга (шутка) и (озорной) замечаниями.

4Участники (игра) упираются в (стопа) друг друга.

5В (лунная) ночь за (аул) устанавливают качели – алтыбакан.

Опираясь на предложенный текст, подберите прилагательные к существительным. Составьте словосочетания.

Перекладина, прочные, замечания, популярные, верёвки, озорные, ночь, крепкая, песни, лунная.

У учащегося должны получиться следующие словосочетания: *лунная ночь; популярные песни; озорные замечания; крепкая перекладина; прочные верёвки.*

Продолжите рассказ о казахских национальных качелях – алтыбакан.

Алтыбакан ежегодно устанавливают в лунные ночи...

3 Подведение итогов занятия

Для закрепления изученного материала учащемуся предлагается домашний просмотр видео по изученной теме. Учащемуся предлагается ссылка на видео, размещённое на официальном канале YouTube (<https://www.youtube.com/watch?v=5UdUFbYKekc&app=desktop>).

3 занятие – аудиторная работа с преподавателем:

- проверка знаний по пройденным темам;
- подведение итогов занятия.

1 Проверка знаний по пройденным темам.

Важной частью занятий по такой модели является проверка знаний учащегося. Поэтому мы предлагаем одно из занятий посвятить проверке усвоенных знаний. Занятия направлены на определение умений связной речи по пройденному материалу.

Дополните предложения по теме «Казахские национальные традиции - ашамайга мингизу» необходимыми словами:

- 1 Маленькому джигиту дарят ... (*коня*)
- 2 Дедушка ребёнка ... своего внука. (*благословляет*)
- 3 Бабушка осыпает ... (*шашу*)
- 4 Дети при обряде проводят ... (*байгу*)
- 5 Возраст маленького джигита... (*6-7 лет*)

Определите правильные предложения, соответствующие описанию казахских национальных качелей – алтыбакан.

- 1 Участники игры упираются в спины друг друга. (*Участники игры упираются в стопы друг друга*)
- 2 Молодёжь поёт песни, подбадривая друг друга шутками и озорными замечаниями.
- 3 Для установки алтыбакан необходимо восемь досок. (*Для установки алтыбакан необходимо шесть жердей*)
- 4 Алтыбакан устанавливают в тёмные ночи (*Алтыбакан устанавливают в светлые ночи*)

Дополните разговор с другом, используя изученные слова и выражения.

- В Казахстане существует много традиций и обычаев.
- Да, а ты какие знаешь?
- Недавно я познакомился с обычаем «ашамайга мингизу»...

По указанным на карточках ключевым словам и словосочетаниям расскажите гостю из России об обряде «ашамайга мингизу» и «алтыбакан».

В своем повествовании используйте следующие предложения: «Я думаю, что чтить эти традиции необходимо, потому что...»; «Думаю, что такие обряды помогают...»

Ключевые слова: мальчик, конь, седло, камча, шашу, байга, той, лунная ночь, жерди, качели, веселье, песни, катание

2 Подведение итогов занятия.

Несомненно, занятия, построенные по предложенной модели позволяют обучать индивидуально тех учащихся, которые в этом нуждаются. Однако такая методика проведения занятий требует от преподавателя не только тщательной продуманности этапов занятия, но и планирования учебного времени с учетом ежедневной нагрузки.

Литература

1. Белозубов, А.В. Система дистанционного обучения Moodle : учеб.-метод. пособие / А.В. Белозубов, Д.Г. Николаев. – Санкт-Петербург, 2007. – 108 с.

2. Бондарев М.Г. Модель смешанного обучения иностранному языку для специальных целей в электронной образовательной среде технического вуза / М.Г. Бондарев // Известия ЮФУ. Технические науки. – 2012. – № 10 (135). – С. 41-48.

3. Мохова, М.Н. Активные методы в смешанном обучении в системе дополнительного педагогического образования: автореф. дис. ... канд. пед. наук / М. Н. Мохова. – Москва, 2005. – 25 с.

4. Никитина, М.С. Модель смешанного обучения в системе высшего образования [Электронный ресурс] / М.С. Никитина // IV Международная студенческая электронная научная конференция «Студенческий научный форум». – 2012. – Режим доступа : <https://rae.ru/forum2012/10/3052>. – 23.10.2018.

5. Просвиркина, И. И. Модели смешанного обучения на занятиях по русскому как иностранному / И. И. Просвиркина, А. М. Фролова, Е. Ю. Чалая // Наука и образование: сохраняя прошлое, создаём будущее: сборник статей XI научно-практической конференции. – Пенза : МЦНС «Наука и просвещение». – 2017. – С. 87-92.

ҮШТІЛДІЛІК - ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жайнагүл Садулова, PhD докторанты
Бақыткүл Құрманова, педагогика ғылымдарының докторы,
профессор
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.

«Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар, қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп Елбасымыз өз жолдауында айтып кеткендей, қазіргі заман ағылшын тілін талап етуде. Ағылшын тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік - экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор. Әлемдегі көптеген елдер ағылшын тілінде сөйлейді. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы маңызы зор.

Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген саликалы үндеуінен бастау алған болатын. Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы: “мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет” [1] - деп ерекше атап көрсеткен.

Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы.

Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз [2].

Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді

байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны - аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Ендеше, аталған компоненттерден тұратын, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе.

Бүгінгі таңда мемлекетімізде үштілділік мәселесін нақты іс түрінде жүзеге асыру керек пе? Әрине, керек. Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі дінгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш дінгек керек емес. Бір дінгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын дінгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалады. Бірақ кейбіріміз үштілділік үдерісі жөнінде басқаша көзқарас танытып жатамыз. Мұның себебі осы бір сөздің мағынасын түсінбеуден келіп шығады. Бірқатары өз қарсылықтарын білдірсе енді бірі осы бағытты ұстануға оң көзбен қарап, құптайды. Атап айтсақ, саясаттанушы Т.Әбдуәлидің: «Мемлекет басшысы жаһандану жөнінде мәселе көтергенде де өре түрегелдік. Жаһандану дегеніміз қарапайым сөзбен айтқанда жоғары деңгейге жеткен елдермен қарым-қатынасымызды нығайту. Соның бірі - тілдік коммуникация. Бұл үшін халықаралық қатынас тілі болып жүрген ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпай-тұрмай баулуымыз керек. Оның қажеттілігін уақыт өткен сайын өткір сезініп келеміз» [3] деген ойын оқытушы Т.Тәңірбергенқызы ары қарай жалғастырады: «Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгірттенбейміз. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білуіміз керек. Себебі, ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес» [4].

Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ.

Ия, расында да, ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды. Қазақстанда тек қазақ тілі ғана билік құра алады. Ағылшын

тілі – қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Үштілділікті үрейлі кейіпте елестететін кейбір ағаларымыз «мұны ең соңғы өлу деп те қорқатындығын» [5] жасырмайды. Жоқ! Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып өзімізді өзгелерге таныта білуіміз қажет. Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік?

Абай атамыз “Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады” деген ғой. Иманы таза адам сөзге қонақ беруі тиіс, ал ғылым баққан адам ғылым сөзін айтса керек. Елбасы ұсынған тілдердің үштілділік құбылысын саралауға, іске асыруға атсалыспақшымыз.

Елбасы үштілділік саясатын жиырма алтыншы бағыт ретінде айқындай отырып былай дейді: “Біріншіден, “Мәдени мұра” бағдарламасының шеңберінде жүргізілген жұмысты жалғастыра отырып, “Қазақстан Халықтарының Рухани Даму Қорын” құру туралы мәселені жете зерделеу керек. Қор тұрақты мониторинг жүргізіп, мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің көмегімен және тиісті қоғамдық ұйымдарды қатыстыру арқылы біздің халықтарымыздың мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін дамытуды қолдап отыруға тиіс.

Екіншіден, “Тілдердің үштұғырлылығы” мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі -мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі”.

Сонда Елбасы “еңбек нарығының даму серпіні мен келешегіне сәйкес келетін білім беру мен кәсіптік қайта даярлаудың халықаралық стандарттарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат” орайында ағылшын тілі жөнінде “мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларын тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып-үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежесіне қол жеткізуіміз міндет”деп атап көрсетті.

Тіл саясаты – қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі. Сондықтан Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында «Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз» дей келе: «Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз» деп нақты айтты. Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға

түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа - әлемдегі жаңа Қазақстан. (Қазақстан халқына жолдауы). «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты /Ана тілі, 21 желтоқсан, 2012 – 4 қаңтар -2013.

2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері,

3. Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008

4. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. 2008

5. Ғабжәлелов Х. // Тасжарған, №18. 2008

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Анаргул Сугурбаева, п.ғ.м., аға оқытушы

«Өрлеу» БАҰО АҚФ Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ, Ақтөбе қ.

Әрбір тарихи дәуір өзіне тиесілі болмысымен айрықша ерекшеленеді. Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басқан шағында жаһандық жаңғырумен қатар рухани жаңғыруды тең ұстауды нақты мақсат ету - бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодты сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», -деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты саяси бағдарламалық еңбегінде басты назарда айтып өткендей, адам баласының рухани дамуы, ұлттық сананың өсуі, еліміздің, ұлтымыздың құндылықтарын дәріптеу, тарихты, мәдениетті, салт-дәстүрді насихаттау, туған жерді сүйуге, Отанға қамқорлық жасауға тәрбиелеуге үлес қосу кез-келген азаматтың парызы.

Қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесіне рухани құндылық бағытта жаңаша көзқараспен қарау, озық мәдениет үлгісіне үйлесімділігін қосу, белсенділікті дамыту, тұлға еркіндігін жан-жақты қалыптастыру жаңа формациядағы жаңашыл педагогтардың басты мақсатына айналуы тиіс. Тұлғаның даму өзегі – рухани-адамгершілік құндылық. Осы орайда, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш деп айтуға болады. Аталмыш бағдарламаның еліміздің болашағы келер ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды

қалыптастыруда алатын рөлі зор. Ал рухани-адамгершілік құндылық дегеніміз - тұлғаның өмірдегі өз орнын табуға, қоршаған ортадағы мәдени тұтастықты қалыптастыратын жиынтық болса, ал құндылық деген - сезім мен ақылдың ұштасуын және сол арқылы іс-әрекетті белгілейді.

Қоғамның дамып өркендеуіне байланысты қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі – оқушылардың бойындағы рухани құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру болып отыр. Ғылым мен техниканың орасан зор жетістіктеріне қол жеткізіп, жаңа технологиялардың қоғам өмірінің түрлі саласында кеңінен еңгізілуіне байланысты жастарды жаңа кезеңнің талаптарына сай тәрбиелеу үшін оларға жаңа мазмұнның жоғары деңгейінде білім беру қажет. Білім мен тәрбиенің егіз ұғым екендігін еске түсіре отырсақ, оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын қалыптастыруда қазақ әдебиеті пәнінің атқаратын ролі зор. Себебі, әдебиет сабағы – рухани құндылықты сіңіртетін, ұлттық сананың кеңеюіне үлес қосатын, өмірлік ұстаным мен өзіндік көзқарасты қалыптастыратын, тәлім мен тәрбиенің қайнар бұлағы іспеттес. Әдебиет - тәрбиені үйрететін, оқушыларды адамгершілік тұрғыда тәрбиелейтін пәннің негізгі өзегі.[1;84]

Рухани-адамгершілік, ұлттық тәрбие берудің маңызды педагогикалық міндеттері – оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық борышқа сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларының ауытқушылығына жол бермеуді қалыптастыру болып табылады. Ал тәрбиенің негізгі міндеті – қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың борыш, намыс, ождан, қадір-қасиет сияқты биік адамгершілік стимулдарына айналдыру болса, әдебиет сол қасиеттерді тұлға бойына қалыптастыруға негіз болатын басты құрал.

Сан ғасырлық тарихы бар туған халқымыздың төл әдебиеті оқушыға еліміздің кешегі өткені мен бүгінгі, болашағыннан сыр шертетін, салт-сана мен әдет-ғұрыпты танытатын, бабалар өнегесін үлгі ететін, оларды дәріптеуге баулитын мол тәрбие көзі болып саналады. Бұл ойымызға халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесінің түйіні, еліміздің тарихы, әлеуметтік тыныс-тіршілігі, ақыл-өнегесі мол көрініс тапқан, ғасыр шежіресі – мақал-мәтелдер, көркем сөздің хас шеберлері, қазақтың би-шешендерінің шешендік сөздері, даналық ойлары, жалпы айтқанда, қазақтың халық әдебиеті (фольклор), сондай-ақ, әдебиеттің көрнекті өкілдері, заңғар жазушылары мен жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар дарабоз ақындарының тәрбиеге, өнегеге толы олең-жырлары мен көркем шығармалары дәлел бола алады. Мысалы,

ауыз әдебиетінің бір үлгісі ретінде мақал-мәтелдерді алсақ, мақал-мәтелдерде халқымыздың ұлттық тәрбиесі, дәстүрі, ой-өрісі, әдет-ғұрыптары бар. Оларды сабақта жиі қолдану арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, сөз қорларын байытып, өнегелі де тәрбиелі болып өсулеріне ықпал жасай аламыз. «Ағаш тамырымен, адам жолдасымен мықты», «Білімді өлмес – қағазда аты қалар, ұста өлмес – істеген заты қалар», «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа», «Көппен көрген – ұлы той», «Жақсыдан – үйрен, жаманнан – жирен», «Білімдіден шыққан сөз – талаптыға болсын кез» және осы секілді т.б. мақал-мәтелдер оқушылардың ойына ой тастайтын, өнегесі мол халқымыздың асыл казынасы іспеттес [2;91].

Оқушыларды адамгершілік-патриоттық тұрғыда тәрбиелеуге ХІХ ғасырда жалынды жырыммен қазақ әдебиетіне өшпес із қалдырған халықшыл ақын – Махамбеттің өлең-жырлары мен оның батыр да нар тұлғасын үлгі етуге болады. Ол бір жағынан егеулі найза қолға алып, егескен дүшпанына атойлап қарсы шапса, екінші жағынан отты жырларымен төңірегіндегі сарбаздарына рухани күш-қуат берді. Мысалы:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебенгі терге шірімей,

Теріге майдай ерімей... [3;38]. Сондай-ақ, ақынның «Толарсақтан саз кешіп» өлеңіндегі:

Толарсақтан саз кешіп,
Токтамай тартып шығарға,
Қас үлектен туған қатепті,
Қаранар керек бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,
Бір-біртіндеп сөксе де,
Қабағын шытпас ер керек,

Біздің бүйткен бұл іске... [3;45], - деген найзаның ұшындай өткір өлең жолдары ұлттық сана сезім мен азаматтық патриотизмді қалыптастыратын рухани қалыптың өміршең өнегесінің үлгісі. Сол сияқты сонау ақын-жыраулар поэзиясындағы Асан қайғы, Ақтамберді, Қазтуған, Шалкиіз, Тәтіғара сынды жыраулардың өлең-жырларындағы рухани-адамгершілік қасиеттерді дәріптеу, ар-намысты әрдайым биік ұстау сияқты тәрбиелік мәні зор мәселелер жан-жақты көрініс тапқан. Мысалы, Асан қайғының:

Мінезі жаман адамға,

Енді қайтіп жуыспа.

Тәуір көрер кісіңмен,

Жалған айтып суыспа...[4;27],- деген өлең жолдары немесе

Майлықожаның ақынның:

Жаман-жақсы әр істі,

Пейілінен табады.

Парасатты ер жігіт,

Жақсыдан ғибрат алады...[4;98],- деген салмақты ойы тыңдаушысына тағылым берсе, Шалкиіз жыраудың келесі сөзінен:

Атаның ұлы жақсыға,

Малыңды бер де басын қос,

Бір күні болар керегі...[4;105],- деп тәлім-тәрбиенің лебі ескендей әсер береді.

Мектептің жоғары буынында оқытылатын жазба әдебиеттің өкілдері М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, С.Мұқановтың «Ботагөз» романы, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» романдары, С.Сейфуллиннің «Қарағанды», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романдарындағы адамгершілік, жақсы мен жаман, адалдық пен арамдық арасындағы қарама-қайшылықтар, әділдіктің ақ туын көтерген, елдің бірлігі мен бүтіндігін ойлайтын адами қасиеттері жоғары азаматтардың образдары арқылы оқушы санасына рухани-адамгершілік қасиеттерді, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға болады. Мәселен, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Ұлжан ананың, Зере әжейдің ақылдылығы, мейірімге, парасаттылыққа толы жүректері, Құнанбайдың жақсы ел билеуші азамат, саясаткер, Абайдың адалдығы, ел жанын ойлайтын азамат кейіпінде берілген образдары, сондай-ақ, «Қан мен тер» романындағы Еламанның, Райдың, Мөңкенің образдары оқушыларға ой салатыны белгілі.

Адам бойындағы асыл қасиеттер – адамгершілік, әділдік, шыншылдық, рухани тазалық, қамқорлық қасиеттері жоғалмаса, келешек ұрпақ та осыны ұғынып өседі деп сенеміз. Сонымен, ойымызды ұлы ұстаз Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз қолға білім салма...» деген даналық ойымен, қазақтың біртуар ұлы Ахмет Байтұрсынұовтың «...Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет...» [5;10], - деген қанатты сөздерімен түйіндегіміз келеді.

Әдебиеттер

1.Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» саяси бағдарламалық мақаласы, Астана 2017 жыл

2.Мақпырұлы С. Қазына. Әдеби мақалалар, зерттеулер. Әдістеме. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004.

3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан», 1997.
4. Махамбет. Жыр – семсер. – Алматы: «Жазушы», 1979.
5. Асыл қазына. – Ақтөбе: «Полиграф-услуги», 2001.
6. Әдістемелік еңбектердегі шығарма жұмысының ерекшеліктері. // Ұлағат журналы, №1.2008.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Гүлжан Тәнірбергенова, Рыскүл Пайпакова
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ.**

Қазіргі білім беру жүйесі жаңашылдық пен ізденісті ұдайы қажет етеді. Оны уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Қазіргі жеделдету, демократияландыру жағдайында еліміздегі басты міндеттердің бірі – ұлттық ерекшеліктерді негізге алып, жастарға терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі дамыту және жетілдіру. Заман ағымын ескерсек, қазіргі оқушыны таңқалдыру, оларды білімнің қажеттігіне сендіру өте күрделі, тіпті қиын десек те болады. Қоғамдағы жағдай, халықтың әлеуметтік тұрмысындағы өзгерістер, рухани құндылықтарға деген көзқарастың төмендеуі орта мектептің оқушысының санасына, дамуына, қай тұрғыдан болса да әсер етері анық. Дегенмен, мұғалім қоғамның, мемлекеттің жарқын болашағының жанашыр тұлғасы болғандықтан, өз қызметіне аса зор жауапкершілікпен қарайтыны ақиқат. Сол себептен де, қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді күтуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкершіл педагог-мамандардың қажеттігін мойындатуда. Себебі, адам тағдырында мектептік кезеңі аса маңызды. Сондықтан да, педагог білікті маман, өз ісінің шебері болуы керек. Яғни, педагог шебер болу үшін: өзінің мүмкіндіктерін жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалап, кәсіби мамандығына қажетті қабілеттер мен жалпы мәдениетті, интеллектуалды іс-әрекетті, мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруіп, дүниежүзілік білім беру кеңістігіндегі қарқынды бастамалардың бел ортасында жүруі тиіс. «Тәрбиешілік мәртебесі қаншалықты маңызды, ұлы, әрі қастерлі десеңізші: оның қолында адам өмірінің тұтас тағдыры тұр», – деп В.Г.Белинский айтқандай, шебер педагог көзі қарақты, құлағы сергек, көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің қашанда куәсі.

Әсіресе, қазақ әдебиетінен білім беретін мектеп мұғалімдеріне қоғам мен елдің артар міндеті зор. Аталған пән көркем туынды арқылы адам тәрбиелеуді, ұлттың бүгіні мен болашағын, яғни әлеуметті қалыптастыруды мақсат етеді. «Әдебиеттің білімділік-тәрбиелік мәнін терең түсінуде мұғалімдер көп ізденіп, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, заман талабына сай оқытуы қажет. Оқушылардың сана сарайын ашуда, адамзаттың рухани дүниесіне ұзақ уақыт қызмет жасай беретін әдебиеттің атқарар міндеті қай кезде де ерекшелене түседі. Әдеби білім берудің басты мақсаты тұлғаны қалыптастыру болса, тұлғаның жан-жақты дамуы оның іс-әрекеті кезіндегі жинақталған тәжірибесіне және біліміне байланысты болмақ [1,13].

Білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың заманға сай талабы мен мүмкіндіктерін еске отырып, қазіргі таңда сабақ мақсатын сан алуан етіп, түрлендіріп отыруға болады. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» пәнінен өткізген сабақтарды талқылай отырып, аталған пәнді оқытуда топтық жұмыстың тиімділігі анағұрлым нәтижелі екендігі байқалды. Сол мақсатта 6-сыныптарда өткізілген сабақтың біріне талдау жасап өтсек. Сабақтың тақырыбы: Абай Құнанбаевтың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі.

Алдын ала бірнеше жұмыс түрлері жоспарланып, ойластырылғанымен, топтық жұмысты жүзеге асыру үшін, оқушының іс-әрекеті алдыңғы орында болуы шарт. Өйткені, олар бір ғана сабақтың өзінде дербес, жұпта, топта жұмыс жасап, өз білім мен дағдысының қаншалықты деңгейде екендігін байқап, бағалай алады. Ол үшін ауызша және жазбаша тапсырмалардың рөлі зор. Әрбір оқушы жұмыс дәптеріне алдымен «Абай мұрасы» атты белгілі сөз мөлшерінде тұратын шағын эссе жазып, оны өзге сыныптастарының алдында қорғап, пікірін дәлелдейді. Аталған жұмысты тексеруде оқытушы әрине өз алдына түрлі әдістерді қолдануына болады. Мәселен, топта отырған оқушылар бір-бірінен сұрау арқылы үй тапсырмасын кім қалай орындағанын, қалай түсінгендігін тексеріп, пікір айтып, бірін-бірі бағалайды.

Аталған тақырыптағы оқушылардың білімін тексеру үшін алдымен топқа ортақ сауалдар қоюға болады: «Абай Құнанбаев кім?», «Оның ақындық мұраты мен мақсаты неде?», «Ақын шығармаларының бүгінгі таңда қандай маңызы бар?» және т.б. Одан әрі оқушылар қамтымай кеткен немесе үстірт айтылған пікірлердің дұрыс, бұрыстығын нақтылау үшін интербелсенді такта арқылы слайд немесе өзге де бейне материалдар көрсетіп, мағлұмат толықтырылады. Оқушы өздігінен білім алуда нендей мағлұматтарды

қамтымағандығын өзі көріп, ізденіс жұмыстарын әлі де арттыру қажеттігін сезінеді.

Қазіргі мектептегі сабаққа берілген уақытты (40 минут) ескерсек, қазақ әдебиеті сабақтарында оқытушы баяндау, түсіндіру, әңгімелеу әдістерінен гөрі, практикалық тапсырмаларға көбірек мән бергені жөн. Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, орта мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты рөл атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Қазіргі сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Баланың іс-әрекеті, ойлауы, сөйлеуі бәрі-бәрі әрбір сабақта қамтылуы тиіс.

Жоғарыдағы тақырып төңірегінде пікірталас ұйымдастырып, онда мұғалім – әрекетті бағыттаушы, ұйымдастырушы рөлінде, ал оқушы – ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші қызметін атқарса, нәтиже үздік болары анық. Өз ойларын білдірген оқушыларға: «Қазіргі заманда Абай өлеңдерінің маңызы мен құндылығы неде?» деген проблемалық сұрақ қойып, өлеңнің мазмұны мен бүгінгі таңдағы жастарға берер тәліміне қатысты айтылған түрлі ұйғарымнан өзекті деген пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға дағдыландырамыз.

Топтық жұмысты жүзеге асыруда алдымен топты құрудың әдісін білген жөн. Негізінен топтар түрлі тәсілдермен құрылуы мүмкін. Кей кездері мұғалім оқушылардан өзара бірге жұмыс істеуін өтінеді, басқа жағдайларда кездейсоқ іріктеп алынған топтар құрастырылады. Ал кейде топтар жекелеген мүшелердің нақты бір мықты қасиеттеріне қарай құрылады. Ол топтан әрі кетсе 3-4 сабақтан ауысып, жаңарып отыруы тиіс. Соның бір мысалы ретінде топтық жұмыстың келесі бір түрін ұсына аламыз. Ол үшін арнайы 3,5,7,8 цифрлары жазылған асықтар ағаш үй формасындағы қорапқа салынып, жасырылады. Оқытушы құпия қорапта «Не болуы мүмкін?», «Мұндағы жасырулы зат біздің қазақы дәстүр, салтымызбен байланысы бар сияқты» деген ықтимал сұрақтарды қоя отырып, жасырылған асықты табуды міндеттейді. Кейін оқушылар ағаш үй формасындағы қораптан асықтарды алып, сандардың ретіне қарай төрт топ болып бөлінеді. Оқытушы осы сандардың «Қандай қасиеті немесе киелі мәні бар?» деп сұрақ қойып, топтың аталу мағынасында да мән барын ұғындырады. Яғни, топты жасақтаудың қаншалықты маңызы болса, оның атауының да ерекшелігіне зер салған дұрыс. Әсіресе, бұл сандардың Абай шығармашылығына қатысты тұстарын бір-екі сөйлеммен болса да

байланыстырған дұрыс («Сегіз аяқ» өлеңі, үш поэмасы, «бес нәрсеге асық болу, бес нәрседен қашық болу» және т.б.) Одан кейін мұғалім оқушыларға «Топ ережесін» құруды тапсырады. Бұл бағалаумен де байланысты екендігі ескеріледі. Осылайша оқушылар оқытушының бағыттауымен бағалаудың бес критерийін жасап, оны арнайы постерге де, өздеріне берілген парақшаға да жазып қояды. Шарттары: уақыт; ынтымақтастық; нақтылық; жүйелілік; белсенділік. Бұл талаптың орындалуын мұғалім де, өзара топтар да бір-бірін бақылау арқылы қадағалап отырады. Жалпы қандай да жұмыс болмасын бала әрқайсының орындалу шарты, мәні, нәтижесі барын ұғынуы тиіс. Бұл шынайы өмірде де кез келген жұмыстың ұйымдастырылуы, барысы, қорытындысы барын білсе артық емес.

Сабақтың негізгі бөлімде ойқозғау мақсатында тақырыпқа байланысты бейнерлоик тамашалатып, оны топтар өз ішінде талқылатып, өзара жұптық, топтық жұмыстар жасатуға болатынын жоғарыда айтып өттік. Бұдан басқа түрлі әдістерді іріктеп қызықты сабақ өткізе аламыз: стикерлі диалог, кемпірқосақ, жүз теңгелік пікір, ғажайып көрме, данышпан үкілер, балалар философиясы және т.б.

Заман ағымымен тең қадам басамын деген әрбір адам, өте көп ақпараттан хабардар болуы қажет дейміз. Алайда мектеп жасындағы баладан кейде жаттанды ақпараттарды ретсіз талап ететініміз рас. Ондай білім, не үшін, қандай мақсатты көздейтіні белгісіз. Шамадан тыс мәліметтерді оқушының қабылдау мүмкіндігін ескерместен талап ету, сапасыз білімге, құлықсыз әрекетке апарып соқтыратынын ескермейтініміз ақиқат. Бұл біздің пікіріміз. Орта мектепте бала қандайда бір пәннен алған мағлұматын ең бастысы нақ өмірде қажетіне іске асыруы тиіс. Қазіргі оқу әдістерін жеке меңгеру де, осы шеберліктің бір қыры. Енді бір қыры – шәкіртпен қарым-қатынасы, оның іс-әрекетін қуаттау немесе тежеу болып табылады. Ұстаз өмір бойы бала тәрбиесіне ықпал етуімен айналысады. Яғни, дәлелдеп сендіру, шәкірттің қызығушылығын дамыту, талап ете білу. Осы ықпал түрлерін іске асыруда ұстаз нағыз шеберге айналады. «Жақсы оқытудың негізгі элементі – мұғалімнің жекеленген оқушылардың пәнді дұрыс қабылдап, меңгеруі мен бағалай алуы. Бұндай тәсіл мұғаліммен қатар оқушының да

әрекет етуін талап етеді. Осылайша оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортадан қабылдайды. Сондықтан мұғалім тән үш белгі – кәсіби түсінік, сабақ берудің тәжірибелік дағдысы, кәсіби тұтастық туралы, олардың бас, қол, жүрек арқылы іске асырылатынын айтады» [2,25].

Қазіргі білім беру саласында күн сайынғы болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер алдыңғы буын мұғалімдерді, тіпті ата-аналардың өзіне түсінбестік тудырып жатыр. Ол қалыпты жағдай. Егер, психологиядағы әрбір 20-25 жыл сайынғы ұрпақтар ауысуын, қазақтың «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген ұлағаттың сөзінің түп төркінінде терең мән жатырқанын ұғынсақ, мектеп партасында отырған балаға берілетін білім мен оның берілу жолдарын түбегейлі болмаса да, көптеген тұстарын жаңартқанның артық емес екендігін қалыпты түрде қабылдар еді. Қазіргі қоғамдағы бәсеке мен талап, әлемдік кеңістіктегі міндеттің күшеюі қазіргі жас буыннан біршама жауапкершілікті талап етуде. Сол себепті де, жаңалықты енгізу, қолдану, тиімділігі мен нәтижесін анықтау біздің де тәжірибемізде жалғаса бермек.

Әдебиеттер:

1. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009.
2. Боранбаев Ж., Омарова Л. Қазақ мектептерінде «Кембридж» тәсіліне негізделген жаңаша оқытудың бүгінгі баспалдақтары. – Алматы: Білім, 2012.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва: Народные образование, 1998.
4. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық/ А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева, Л.К.Жүмекенова. – Алматы: Атамұра, 2018-128 б.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Бисенғали З.-Ф. Сатира көркемдігі және әзіл мен қалжың салмағы	3
Пангереев А. Сатира сардары	11
Манкеева Ж. Профессор А.Мұсаевтың зерттеулеріндегі сөз әлеуетінің коммуникативтік қызметі	16
Қабылов Ә. Профессор А.Мұсаевтың ғылыми зерттеулері қазақ сатирануы контекстінде	20

I. ПРОФЕССОР АЛПЫСБАЙ МҰСАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ САТИРАСЫ МЕН ЮМОРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қоңыратбай Т. Ғылымның кеңейтіп көкжиегін	28
Тегенев Т. Өнегелі өмір өркені	30
Сабыр М. Профессор А.Мұсаев және Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы	35
Ниязова Ф. Саналы ғұмырын сатираға сарп еткен	39
Балтымова М. Профессор Алпысбай Мұсаев – қазақ сатирасының көркемдік ерекшеліктерін зерттеген ғалым	46
Мамыров А. Жанды жүйе – шырақшысы һәм тамыршысы	54
Ұлықпанова Ә. Сатира саясының санлағы	58
Обаева Г. Сан қырлы ғалым (профессор Алпысбай Мұсаевтың ғылыми еңбектерінің бір саласы жөнінде)	63
Тәңірбергенова Г. Ғалым А.Мұсаев қазақ сатирасы хақында	68

II. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПРОЗА, ПОЭЗИЯ, ДРАМАТУРГИЯ БАҒДАРЫ

Бораш Б. Үнді-қазақ рухани қатынастар белгілері	73
Хасанов Ғ. Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы «Дала» концептісі	79
Жоламан Т. Комедия көркі – характер	87
Қамарова Н. Пейзаж – ақын психологиясын ашудың бір тәсілі	93
Мүтиев З., Мұханбетова Ж. Қажым Жұмалиевтің шығармашылық әлеміне тән ерекшеліктер	98
Алиев Б. Ғалым Ә.Дербісалин зерттеулеріндегі жыраулар поэзиясы мәселелері	105
Алиманова Б. Салыстырмалы әдеби сынның кейбір мәселелері	108
Олжабаев Б. Қазақ-татар әдебиетіндегі тарихи романдар	112
Сағнадинова Ж., Мұсаев А. Төлен Әбдіков шығармашылығындағы «костүлғалық»	115
Ұлықпанова Ә., Женисова Б. Ғ.Мүсірепов пен Ә.Несин шығармаларының үндестігі	119
Хасанова М. Қуаныш Жиенбай шығармаларындағы тақырып пен мазмұн тұтастығы	124

III. АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Смағұлова А., Смағұлов А. Ақтан батыр – ел қорғаны	129
Ахметжанова Ғ. Қазақ хандығының тарихы – рухани мұра	136
Әбдіқалық А., Ниязова Ғ. Т.Ахтановтың «Боран» романындағы образдар жүйесі және заман шындығының берілу ерекшелігі	143
Бейбітов Ж. Өнші-ақын Қызыл Тұрдалыұлы туралы	149
Қаназ М. Арықбалық ахиреті	154
Мұхамбетулин А., Асанов Ж. «Сартай батыр» дастанының қаһарманы жерленген жер	167
Умирбаев А. Аймақтық фольклорлық сюжеттерге байланысты ғашықтық дастандар	173

IV. ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКА, ДИСКУРС, ЛИНГВОПОЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Садирова К. Дискурс, пропозиция құрылымы және пресуппозиция	182
Шоқым Г. Мифтік танымның гендерлік тілдік тіндері	188
Тілеуова А. Көркем әдебиеттегі ел мен жер мәселесі	195
Тілеуова А. Жоқтау – рухани мұрамыз	201
Жазықова М. Қазақ жыраулары шығармаларындағы халықтық педагогика идеялары	205
Қобланов Ж., Муратова Д. Мифтік негіздер және фольклорлық шығармалар табиғаты	111
Буранкулова Г., Шоқым Г. Гендерлік әлеуметтану және мәдениеттегі гендерлік репрезентация	215
Жұмағалиева Р. Эпостанудың білгірі	218
Құлтанбаева Н. Фольклорлық дискурс және оның ерекшеліктері	225
Mukhambetova S. Folklore and folklorism in Kazakhstan	231
Мұхан А. Отбасылық ғұрып фольклорындағы космостық ағаштың типологиялық белгілері	235
Наренова А. Фольклордың танымдық сипаты	241
Сисенбаева А. Халық ырымдарындағы «Өсімдік» концептісі (қазақ және орыс тілі негізінде)	246
Pleumuratova J. Discourse: problems and challenges of today	250

**Ү. ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ.
ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК
НЕГІЗІН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Тектіғұл Ж., Қартбаева С. Символдардың тілдік таңбалық сипаты	254
Курманова Б., Максатова Д. Қашықтықтан оқытудың мазмұны мен педагогикалық максаттары	260
Өмірбаева К. Мақал-мәтелдердің тұрақты сөз тіркестеріне ұқсастығы және түркі тілдерінің сөздігінде қолданылу сипаты	269
Раманова А. Сот шешендерінің сөйлеу мәдениеті	276
Балтымова М., Сұлтанғалиева О. Есту қабілеті бұзылған тұлғаларды тілге оқыту жағдайлары	280
Баткенова У. Наименование персонажей в английских и казахских народных сказках	289
Берстенова А. Современные проблемы лингвистики и методики преподавания английского языка	292
Жанұзақова Т. Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың жаңашылдығы	295
Жапакова Г. Филологиядағы білім мазмұнын жанарту аясында табысты тұлғаны оқытудың ерекшеліктері	300
Казкенова Г. Профессор Серік Макпырұлы – сан қырлы тұлға	304
Khamzina B. The influence of the native language on the study of foreign languages	307
Курбангазиева Р. Профессор Е.Қ.Жұбанов және әдеби тіл мәселесі («Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы грамматикалық қолданыстар)	312
Kurkbasova G., Tasimova A. Research of students relations at the university	316
Магзымова Ж., Сарыбаева Г. Қазақ тілі пәнін оқытуда дамыта оқыту технологияларын қолданудың ерекшеліктері	321
Накешева С.Т., Использование информационных технологии в изучении языков	324
Садретдинова Т. Использование индивидуальной ротационной модели на занятиях русского языка как иностранного	330
Садулова Ж., Құрманова Б. Үштілділік - жаңа заман талабы	335
Сугурбаева А. Әдебиет және рухани жаңғыру: оқушылардың рухани құндылықтарын қалыптастыру мәселелері	338
Тәңірбергенова Г., Пайпакова Ы. Қазақ әдебиетін оқытуда топтық жұмыстың тиімділігі	342

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында
әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы,
профессор А.М.Мұсаевтың 70 жылдығына орай өткізілген
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ДӘСТҮР ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ»
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

9 қараша 2018 жыл

Тапсырыс № 1099
Көлемі 21,8 баспа табак
Таралымы 100 дана

Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
«Жұбанов университеті» баспа бөлімі
(Ақтөбе қ., Ә.Молдағұлова даңғылы, 34)